

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ  
БІЛІМ ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ ИНСТИТУТЫ**

**ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ОРТА ТҮРКІ ДӘУІРІ (X-XVІ.) ЖАЗБА  
МҰРАЛАРЫНЫҢ РУХАНИ-МӘДЕНИ КЕҢІСТІГІ**  
атты халықаралық ғылыми конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

27 қыркүйек, 2024 жыл

Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университеті  
Білім және менеджмент институты

ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ОРТА ТҮРКІ ДӘУІРІ (X-XVІ.) ЖАЗБА МҰРАЛАРЫНЫҢ РУХАНИ-  
МӘДЕНИ КЕҢІСТІГІ  
атты халықаралық ғылыми конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

27 қыркүйек, 2024 жыл

Орал

- 1 -

## Жалпы редакциясын басқарған:

**Мамыров А.И** - Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

## Редакция алқасы:

**Қайыров А.Б** – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
**Раманова.А.А** – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
**Әжіғалиев М.Қ** – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
**Бекмашева А.Н** – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

**«Түркі әлемі: орта түркі дәуірі (x-xvғ.) жазба мұраларының рухани-мәдени кеңістігі»** атты халықаралық ғылыми конференция. – Орал: Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің баспа орталығы, 2024. – 287 б.

ISBN 9965-553-26-2

Жинақ 2024 жылғы 27 қыркүйекте түркі тектес халықтардың туыстық байланысын анықтау, осы салада жинақталған ой-тұжырымдарды бүгінгі күн тұрғысынан бағалау, зерттеу мақсатында Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университеті, Білім және менеджмент институты ұйымдастырған «Түркі әлемі: орта түркі дәуірі (X-XVғ.) жазба мұраларының рухани-мәдени кеңістігі» атты халықаралық ғылыми конференция материалдарынан құралған. Жинақта түркология және қазақ руханияты мәселелеріне баса назар аударылады.

Конференция материалдары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Орта ғасыр жазба ескерткіштері тілі – рухани, мәдени құндылықтар әлемі» (AP19679282) атты жоба аясында жарияланды.

Ғылыми жинақ қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы ғалымдар мен оқытушыларға, студенттер мен магистранттарға, докторанттарға және тіл мен әдебиетке қызығатын барша ғылыми көпшілік қауымға арналған.

Ескеру: Мақалалар мен баяндамалардың мазмұны мен мәтініне жинақты дайындап, шығарушы жақ жауап бермейді.

ӨОЖ 82:316  
КБЖ 83. 3 Қаз

**ҒАЛЫМ САБЫР МҰРАТ БӨКЕНБАЙҰЛЫ ЖӘНЕ ОРТА ТҮРКІ ТІЛІ**

**А.С. Қыдыршаев,**

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан  
университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы.

**Н.А. Сәдуақас,**

Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік  
университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты

Қазіргі ғылым дамуы тіл тарихы саласындағы зерттеулердің бағыт-бағдарын жетілдіріп, тіліміздің дыбыс жүйесін жаңа қырынан қарастырудың өзекті мәселелерін алға тартуда. Қазіргі таңда қазақ тіл білімі жан-жақты зерттелген ғылымдар қатарында тіліміздің тарихы мен болашағына бірдей қызмет етуде. Ғылым дамуы қазақ тілі тарихын зерттеуде алдымызға жаңа міндеттер қойып, тіліміздің басқа түркі тілдерімен байланысты ортақ арналарын, түркі жазба ескерткіштер тілін зерттеудің маңыздылығын көрсетіп отыр. Тіл үнемі дамып-жетілу үстінде болатындықтан, ол сапалық өзгерістерге ұшырап, тіл дыбыстары арасында сәйкестіктер түзеді. Сондықтан дыбыстар сәйкестігі сол тілдің тарихи заңдылықтарын, ішкі даму ерекшелігін, туыс тілдермен байланысын көрсететін теориялық маңызы зор дыбыстық өзгерістер болып табылады. Тіл тарихына зер салатын болсақ, оның үздіксіз дамып-жетіліп отыратын динамикалық құрылым екенін байқаймыз. Сондықтан тілдің ішкі даму заңдылықтары мен қалыптасу жолдарын тарихи (диахрониялық) тұрғыда қарастыратын фонетика-лексика саласындағы зерттеу деректерінің маңызы зор. Туыс тілдер арасында бұдан басқа да өзгерістер, өзіндік ерекшеліктер орын алады. Осы заңдылықтарды зерттеу барысында жеке тілдердің табиғатын терең тануға жол ашылады. Қазақтың тарихы өте тереңнен, біртұтас түркі халқының тарихынан бастау алады. Телегей теңіз біртұтас түркі халқынан орта түркі заманында қыпшақтардың қауымдастығы арқылы бүгінгі қыпшақ тілдері де даралана бастаған. Қыпшақтану түркітанудың құрамдас бөлігі болғанмен де, біздер үшін өзіндік ерекшелігі бар сала деп есептейміз. Қазақ тіл білімінде қазіргі таңда қыпшақтану саласын зерттеуші белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор М.Б.Сабыр: «Қыпшақтану - қазақтанудың басты бағыты деп, ал қыпшақтанумен шұғылдану - қыпшақ әлемінің қара шаңырағы Қазақстанның тарихи қасиетті міндеті деп санауға болады» [1,7],- дейді.

Алғашқы түркітанушы орыс ғалымдарының түркі (қазақ) тіліне қатысты айтылған пікірлері қазіргі таңда да әлі өз құндылығын жоймаған, алдағы ізденістерге де көмегі тиетін маңызды зерттеулер деп білеміз. Осы алғашқы зерттеу еңбектерде тіліміз жөнінде сипаттама беріліп, алғашқы ғылыми талдау жасалған еді. Қазіргі таңда осы еңбектердегі көзқарастар одан әрі тереңдетіліп, тіліміздің табиғатына сай бағытта зерттелген еңбектермен жалғасын тапты. Алғашқы түркітанушылар зерттеулерінде түркі (қазақ) тілінің фонетикалық ерекшеліктерін, лексикалық байлығын танытуға назар аударылғаны, қазақ тілі лексикасының дыбыстық құрамы, дыбыстар сәйкесі жөнінде талдау жасалғаны байқалады. Алғашқы зерттеуші ғалымдар арасында В.А.Богородицкий түркі тіліндегі ерін үндестігін, оның ерекшелігін көрсетуге талаптанса, Н.Ф.Катанов екпін түркі тілдерінде сөздің үнемі соңғы буынында болады деген пікір айтқан еді. Ф.Корш, Б.Я.Владимирцев сияқты ғалымдар дауыс екпіні алғашқыда сөздің бас буынында болды дегенді айтқан-ды. Бұл ғалымдар түркі тілдерінің табиғи заңдылығын жете тануға ұмтылыс жасап, екпін, сингармонизм заңдылығын көп сөз еткен. Түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстар сәйкесімі, сөз басындағы қатаң дауыссыздардың ұяндау үрдісі, сөз соңында ұяң дыбыстардың қолданылуы, жеке дауыссыз дыбыстардың тарихи өзгерісі, дыбыс алмасулары, сингармониялық варианттар т.б. мәселелер жөнінде ғылыми көзқарастарын білдірді.

Тілдің дыбыс жүйесіндегі дыбыс сәйкестігі мен дыбыс алмасуы деген құбылыстарды өз кезінде академик Ә.Қайдаров тіліміздегі бір буынды түбірлерді зерттеу барысында былайша

түсіндірген еді: «Бір буынды түбірлер мен негіздердің тіларалық варианттары немесе дыбыстық рефлекстері әр тілде өзіндік бейнесі бар және туынды сөздердің құрамында консервантты қолданылады. Олардың пайда болуына дыбыстардың ауысуы немесе сәйкестігі себеп болады. Дыбыстардың ауысуы немесе сәйкестігі дауыстылар арқылы да және дауыссыздар арқылы да іске асады. Соған қарамастан дыбыстардың сәйкестігі олардың ауысуынан принциптері бойынша ажыратылады. Біз дыбыстардың ауысуында белгілі бір фонологиялық факторлардың әсер етуін түсінеміз, ал дыбыстардың сәйкестігінде мұндай факторлар тіпті жоқ, бір буынды түбір – негіздердің құрамында бұл спонтанды түрде болады. Бұл нақты бір түркі тілінің құрылымдық дамуымен анықталады» [2, 74].

Қазақ және түркі тілдері дыбыс жүйесіндегі тарихи өзгерістер жөнінде толымды пікір айтылған еңбектердің бірі - белгілі ғалым Б.Сағындықұлының зерттеулері. Ол түркі тілдері фонологиялық жүйесінің даму барысына терең барлау жасап, тарихи дыбыс өзгерістеріне, фонемалардың генезисіне, олардың айтылым, жасалым ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жасады. Түркітанушы Б.Сағындықұлы түркі тілдері дыбыс жүйесіндегі қазіргі жалаң фонемалардың кезінде аффрикаттардан пайда болғаны, дауыссыз дыбыстар сәйкестіктерінің қалыптасуы аффрикаттардың, дыбыс тіркестерінің екіге бөлінуінен байланыстылығы туралы пікір айтқан. Ғалым аффрикат құрамындағы фонемалардың тектес және әртектес екендігін көрсете келіп: «...Тектес, әр тектес дыбыстар қалай болса солай ауыса салмайды: бірде тікелей кедергісіз ауысса, бірде жанама жолмен ауысады. Осы себепті сәйкестіктерді екі шағын топқа бөліп қараған жөн: 1) аффрикат құрамындағы тектес дыбыстардың ауысуы; 2) аффрикат құрамындағы әр тектес дыбыстардың сатылы ауысуы» [3, 31], - деп тұжырымдаған. Ғалымның түсіндіруі бойынша, дауыстылардың ең көне формалары (архетиптері) «а, у, и» дыбыстары да, дауыссыздардың ең көне формалары «ц, ч» аффрикаттары, «н, р» сонорлары, «һ» көмей дауыссызы екен. Сонда «ч» (тш) аффрикатынан «т, ш» қатаңдары, «дж» аффрикатынан «д, ж» ұяңдары, ал «у» дауыстысы бір бағытта дамығанда «у» соноры, екінші бағытта дамығанда «у-о-ө» дауыстылары, үшінші бағытта дамығанда «у-ұ-ы-і» дауыстылары тілдік өмірге келгенін дәлелдейді. Б.Сағындықұлы өзінің ұзақ жылғы зерттеулеріне сүйене отырып, тіл-тілде өзімізге белгілі бес түрлі тілдік бөлшек формасы фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлемнен тыс алтыншы тілдік бөлшек бар екендігін анықтағанын, бұл бір ғана дауысты дыбыс пен бір ғана дауыссыз дыбыстың тіркесуінен тұратын тілдік бөлшек ретінде түбірлердің түбірі, негіздердің негізі болып есептелетіндіктен оны түбіртек деп атағанын айтқан. Ғалым түбіртек және оның айырым белгісін былай түсіндіреді: «Түбіртек бір ғана дауысты мен бір ғана дауыссыздың тіркесуінен тұрады да, я лексикалық, я грамматикалық мағына береді. Лексикалық немесе грамматикалық мағынасы анықталмаған жағдайда, дауысты мен дауыссыздың жай тіркесі түбіртек болып есептелмейді» [3, 147]. Кез келген сөзде қанша дауыссыз болса, сонша түбіртек болатынын, мысалы, «өрт» сөзі қазіргі тіл білімі тұрғысынан бір буынды түбір ретінде одан әрі бөлшектеуге келмейтін болса, ал түбіртек теориясы тұрғысынан құрамында екі дауыссыз болғандықтан ол екі түбіртекке бөлінетінін дәлелдеп көрсеткен. Сонда тарихи даму барысында бізге белгісіз себептен «өр», «от» түбіртегінің екіншісі құрамындағы дауысты дыбыс қысқарып кеткен [4, 145].

Қазіргі ғылым дамуы қазақ тілі тарихын зерттеуде алдымызға жаңа міндеттер қойып, тіліміздің басқа түркі тілдерімен байланысты ортақ арналарын, түркі жазба ескерткіштер тілін зерттеудің маңыздылығын көрсетуде дедік. Сол себептен де дыбыстар сәйкестігі сол тілдің тарихи заңдылықтарын, ішкі даму ерекшелігін, туыс тілдермен байланысын көрсететін теориялық маңызы зор дыбыстық өзгерістер де. Туыс тілдер арасында бұдан басқа да өзгерістер, өзіндік ерекшеліктер орын алады. Қыпшақтанушы ғалым М.Б.Сабырдың «Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде)» атты зерттеуінде орта ғасырда түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің сөздік қоры ғасырлар бойы қандай жолмен қалыптасып, бүгінгі күнмен қалай жалғасып дамып келе жатқандығына ғылыми терең ғалым М.Б.Сабыр түркітану, әсіресе, орта түркі тілі лексикасы, қыпшақтану саласын зерттеуде еліміздегі бірден-бір белгілі ғалым танылуда. Зерттеуде түркі жұртына ортақ мұра саналатын XIV ғасырдың белгілі жазба

ескерткіштері Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэтикалық романы, Сейф Сарайидің «Гүлстан би-түрки» проза, өлең аралас поэмасы, Хорезмидың «Мұхаббат-наме» лирикалық дастаны, Махмуд бин - Алидің «Нахдж әл-Фарадис» прозалық шығармаларының лексикасы мен оның қазіргі қазақ тіліндегі көрінісі жайы таразыланады [5, 5]. Қазақ тілінің сөздік қорының ұзақ уақыт бойы қандай жолмен, қалай дамығандығын көрсету үшін ескерткіштер лексикасының қазіргі қазақ тілі лексикасымен ұқсастықтарын, айырмашылықтарын саралап, сонымен бірге көнеден қолданылып келе жатқан сөздердің басқа да түркі тілдеріндегі тілдік қолданыстарына назар аударылған. Тілімізде әбден қалыптасып кеткен бірсыпыра сөздердің осы қазіргі дәрежеге жетіп, қалыптасу жолын анықтаудың ғылыми әдістерін көрсетеді.

Сөз мағынасын өзгерте алатын тілдің ең кіші бірлігі фонема екендігі белгілі. Қыпшақтану саласының белгілі маманы М.Сабырдың сөз мағынасынан бұрын орта түркі жазбаларының дыбыстық ерекшеліктеріне назар аударып, орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығын анықтау жолында олардың дыбыстық ерекшеліктеріне талдау жасауы – зерттеу жұмысының ұтымды тұсы. Сондықтан тарихи фонетикалық зерттеулерге сүйенген автор орта түркі жазбаларының дыбыстық ерекшеліктеріне, түрлі дыбыс сәйкестіктеріне тоқталып, көне мен қазіргі сөздер аралығындағы сингармониялық варианттар мен параллельдерді талдау арқылы көрсетеді. Сөздердің фонетикалық тұлғасы мен семантикалық болмысы тығыз байланысты, сондықтан орта түркі тілі лексикасының осы екі тұрғыдан өзгеруі қатар келтірілген. Ғалымның бұл талдаулары тарихи фонетика-фонология саласына да сүбелі үлес қоса алады. «Орта түркі тілі мен қазақ тілінің лексика-семантикалық байланысы» деп аталатын екінші тарауда автор ескерткіштерде кездесіп, тарихи тілдік сабақтастықты білдіретін лексемалар туралы айтып, оларды: 1) мағынасы мен тұлғасы толық сай келетін сөздер; 2) мағынасы сай, тұлғасы ішінара фонетикалық өзгеріске түскен сөздер; 3) тұлғасы толық сәйкес келген, бірақ ішінара семантикалық өзгеріске түскен сөздер; 4) мағынасы да, тұлғасы да өзгеріске түскен сөздер деп бөліп көрсетеді [5, 23]. Сөз мағынасының дамуы, кеңеюі мен тарылуы, осы құбылыстардың әр түрлі сипатта өтіп жатқаны нақты талданған. Зерттеудің бір тарауын «Табиғат», «Адам», «Қоғам» тұрғысынан қарауы көңілге қонымды, себебі ол зерттеу жұмысының жан-жақты да терең болуына жағымды жағдай жасаған [5, 30]. Ғалым Табиғаттың Адамға, Адамның Қоғамға, Қоғамның Адамға және бұл үшеуінің Тілге ықпалын әрі Тілдің осы үшеуіне кері ықпалын сезіне отырып, салмақтап, саралап, орта түркі ескерткіштері лексикасы этимологиясын ежелгі түркілік тілден іздеп, байыпты талдау жасаған. Ғылыми еңбекте қазіргі заманғы мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерін көне нұсқаларымен салыстыра зерттеуге ерекше назар аударылған. Мұнда зерттеуші ретроспективтік тәсілді пайдаланудың артықшылығын орынды танытады. Жазба ескерткіштер тіліндегі фразеологизмдердің түркі халқына ортақ және қазақы нұсқалары туралы, мақал-мәтелдердің қазіргі қазақ тілімен семантикалық байланысы туралы нақты деректермен талданған. Сөздің тұлғасы мен мағынасының тарихын жақсы түсіну үшін оның құрамын айыра білудің маңызы зор [6]. Сондықтан ғалым өзінің кезекті талдауын морфологияға - түбірлер мен олардың өзгерісіне, жұрнақтарға арнайды. Түркі тілдерінде өлі түбір мен өлі жұрнақтарды ажырата білу, жұрнақтардың тілдік эволюциясы жайында нақты деректер берілген [5,41]. Автор көрсеткендей, «Орта ғасырларда әртүрлі диалектілік белгілер болғанымен, негізінен біртұтас түркі тілі қалыптасқан», сондықтан осы кезеңдегі жазба ескерткіштер лексикасы, оның лексика-семантикалық топтары, тілдің сөзжасам-морфологиялық ерекшеліктері жүйелі зерттеліп, орта түркі лексикасы мен қазақ тілінің сабақтастығы ғылыми тұрғыда жан-жақты талданған. Ғалым зерттеуінде көне жазбаларды кешенді зерттеудің әдіс-тәсілдерін терең пайдаланғандығын байқатады: зерттеу нысаны болған жазу мұраларының әрқайсысы статистикалық тұрғыдан байыпты зерделеніп, орта түркі тілі лексикасынан қазіргі қазақ тілінде нақты қанша сөз қолданылатындығы көрсетіледі.

Түркітанушы ғалым М.Б.Сабыр қазақ әдебиеті тарихындағы белгілі ақын-жыршылардың тілін, өлең-жырлар мәтінін зерттеуге де ерекше мән беріп, осы бағытта ғылыми мәнді мақалалар жазады. Солардың бірі қазақ әдебиетінің төрінен орын алатын жыр дүлдүлі,

жауынгер ақын Махамбеттің аузынан от болып төгіліп, ұран болып өріліп, елім деп егіліп, қалың қазақты азаттық үшін күреске шақырған өлеңдерінің тілін талдап, «Махамбет поэзиясының бастау бұлағы қайда» деген күрделі сұрақ төңірегінде ғылыми мәнді ой қозғайды [7]. «Алтын Орда жазба мұралары – қазіргі қазақ тілінің қайнар көзінің бірі. Бұл бұлақтан мұсылманша өте сауатты болған, орысша да хат таныған Махамбет те сусындағаны, нәр алғаны анық» [7, 264],-дейді М.Б.Сабыр. Махамбет өлеңдерінде мағынасы мен формасына зер салатын сөз айшықтары көп екендігін де талдап көрсетеді. «Адыра қалған Нарынның, Жайық деген суы бар» деген өлең шумағындағы «адыра қалған» сөзі «ажырап артта қалған, айырылған» деген мағына береді. Осы сөздің азыр/айыр варианттары XIV ғасыр мұраларында қолданылады: «сени мендин азырмасун уганым» «сені менен айырмасын құдайым». Зерделеп қарасақ, бұл сөздің тілімізде бірнеше варианты бар екен: «азыра// адыра//айыр//ажыра//атырау». Мұның бәрі бір мағынада, бірақ сөз болғанымен «з-д-й-ж-т» сәйкестігі бойынша бір-бірінен сәл ерекшеленіп тұр. Ең көне нұсқасы - «азыр». Өйткені «з (і)» белгісі- көне элемент, қазіргі башқұрт тілінен басқа түркі тілдерінде қолданылмайтын дыбыс екенін айтып тереңнен талдау жасайды [6,264]. Махамбет ақын тіліндегі жай (садақтың оғы), жасыл (найзағай) сөздері жазба ескерткіштерінде «йа» және «йашын» тұлғаларында ұшырасатынын, мұндағы ерекшелік сөз басындағы «й-ж» сәйкестігі екендігін көрсетеді [7, 265]. «Айырдан туған жампоз бар, Нарға жүгін салғысыз» дегенде «жампоз» деп айыр өркеш асыл тұқымды бурадан туған көнбіс, күшті түйені айтқанын, «шан, жам» сөздері ортағасырлық қыпшақ-оғыз тілінде жазылған ескерткіштерде жиі қолданылатынын, ал екі сөздегі «- доз/-поз» жұрнақтары «әсемпаз, өнерпаз» дегендегі сирек қолданылатын «-паз» жұрнағының көне варианты болуы мүмкін деген пікір білдіріп, сонда «шандозым» «намысын бойына жинаған, намысты» деген, ал «жампоз» сөзі «бар асыл қасиетті бойына жинаған, намысты» деген мағына беретінің айтады [6,266]. Ғалым М.Б.Сабыр «Дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлы поэзиясы тілі ортағасырлық қыпшақ-оғыз тілінде жазылған жазба мұрағаттармен тығыз сабақтас деп айтуға болады. Ақын Махамбет тілін XIV ғасырда көне қыпшақ тілінің жаңа, ұлттық сипат алған заңды жалғасы, мирасқоры деп танығанымыз абзал. Қазақ әдеби тілі тарихында Махамбет ақын шығармаларының тілі - сол кезеңді танытатын мәдени мұрамыздың бірі» [6,268],- деп тұжырым жасайды.

Қорыта айтқанда, қыпшақтанушы ғалым М.Б.Сабырдың ғылыми еңбектерінің тақырыбына зер салсақ, зерттеу алаңының кең екенін көреміз. Ол тіл білімінің әр саласына үн қосып, отандық түркітанудағы және әлемдік лингвистикадағы мәшһүр ғалымдар Э.Наджиб, Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықұлының заңды ізбасары болып, түркітанушы ретінде қалыптасты. Сондықтан түркітанушы ғалым М.Б. Сабырдың зерттеу еңбектері тіліміз тарихына терең барлау жасалған, тіл табиғатын дөп басқан ғылыми мәнді ойларға толы, қазақ тіл біліміндегі тіл тарихына қатысты жазылған зерттеулердің алдыңғы легінде тұрғанын атап көрсетуге болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сабыр М. Қыпшақтану. Оқу құралы. -Алматы: «Қазақ университеті, 2019.-250 бет.
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы: Ғылым, 1998.-304 бет.
3. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, -1994. -168 бет.
4. Сағындықұлы Б. Түбіртек – тілдік бөлшек. Бес тілдік бірлік өмір сүруде, алтыншысы бар ма? // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №4. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. - 145-148-б.б.
5. Сабыр М.Б. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). Филол. ғыл. док. дис. авторефераты.-Алматы, 2004.-58 бет.

6. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Оқулық. 5-басылым. – Алматы, «Болат Медиа» мекемесі, 2024. – 600 бет.

7. Сабыр М.Б. Махамбет өлеңдері тілінің орта ғасыр жазбаларымен сабақтастығы // «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы Жайық алқабы ақындарының әдеби мұрасы» аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Ақтөбе: 2012. -264-268-б.б.

**ӘОЖ 81.272**

**ТУҒАН ТЕЛДӘРЗЕ ҒАКЛАУЗА ҒӘМ ҮСТЕРЕҮЗӘ ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИК  
КОНЦЕПЦИЯНЫҢ РОЛЕ (ПОЛИЭТНИК МӘХИТЛЕ БАШКОРТОСТАН  
РЕСПУБЛИКАҒЫ МИҒАЛЫНДА)**

**Сәмситова Л.Х.**, ф.ф.д., профессор,  
«Башкортостан Республикаһы Фәндәр  
академияһы» дәүләт бюджет ғилми  
учреждениеһы Стратегик тикшеренеүзәр  
институтының баш ғилми хезмәткәре, Өфө к.

**Аннотация.** В данной статье раскрыта роль «Лингвокультурологической концепции обучения башкирскому языку и родным языкам в образовательных учреждениях Республики Башкортостан» в сохранении и развитии родных языков в полиэтнической среде. Автором отмечено, что данная концепция предполагает теоретическое знание языков и культур и умение наилучшим образом использовать свои знания в профессиональной деятельности. Утверждается, что на основе данной концепции в современной методике преподавания башкирского языка активизируется антропоцентрически ориентированный подход к обучению языку.

**Ключевые слова:** Республика Башкортостан, башкирский язык, родные языки, лингвокультурология, лингвокультурологическая концепция, полиэтническая среда

**Annotation.** This article reveals the role of the "Linguistic and cultural concept of teaching Bashkir and native languages in educational institutions of the Republic of Bashkortostan" in the preservation and development of native languages in a multiethnic environment. The author notes that this concept assumes theoretical knowledge of languages and cultures and the ability to make the best use of their knowledge in professional activities. It is argued that on the basis of this concept, an anthropocentric approach to language teaching is being activated in the modern methodology of teaching the Bashkir language.

**Keywords:** Republic of Bashkortostan, Bashkir language, native languages, linguoculturology, linguoculturological concept, multiethnic environment

XX быуат азағында тел менән мәзәниәтте бәйләп өйрәнәүсә фән – лингвокультурология әүзем үсеш кисерә. Бында тел мәзәниәт күрһәткесе генә түгел, ә менталлекте сағылдырыусы ла.

Бөгөнгө көндә телде лингвокультурологик аспектта өйрәнәү төп мәсьәләләрзең береһе булып тора, сөнки телде мәзәниәт, тарих, халықтың психологияһынан айырым өйрәнәп булмай. Укытыу сфераһында Башкортостан Республикаһы, Рәсәй, ил өсөн актуаль булған полилингваль белем биреү әүземләшә, укытыу милли һәм рус телендә алып барыла. Башкорт һәм башка туған телдәрзе укытыу яңы йүнәлештәр талап итә. Шул максаттан сығып, беззең тарафтан «Башкортостан Республикаһы укыу йорттарында башкорт теле һәм туған телдәрзе укытыузың лингвокультурологик концепцияһы» төзөлдә.

Нигезен тел менән мәзәниәтте бәйләп өйрәнәү булған лингвокультурологик йүнәлеш башкорт һәм башка туған телдәрзе укытыузың перспективалы йүнәлештәрәнең береһе. Бөгөн телдәрзе өйрәнәү укыусыларзы тел аша милли мәзәниәткә ылықтырыуға йүнәлтелгән. Башкорт теле предметының бер өләшә булып мәзәниәт аша телде өйрәнәү тора. Башкортостан Республикаһы укыу йорттарында, беренсенән, юғары кимәлдә белем биреү



булһа, икенсенән, аралашыу мазәниәтенә, телмәр мазәниәте нормалары һәм культура-аралаш коммуникацияға өйрәтеү тора.

Туған тел – тәрбиә сығанағы, ул халықтың рухи киммәттәренә ылықтырыу, әхлаки-патриотик тойғолар формалаштырыу, икенсе милләттәргә карата толерантлы булырға булышлык итә. Милләт-ара толерантлык тәрбиәләп, күп педагогик коллективтар, һәр укыусы телен, әзәбиәтен, мазәниәтен, тарихын, үз халкының йолаларын белһен, халык тарафынан тыузырылған бар якшылыкты кабул итеп алһын һәм киләһе быуынға еткерһен тип, тырыша.

Лингвокультурологик концепция тел системаһы саралары ярзамында шәхес мазәниәтен формалаштырыуың максаты һәм бурыстарын тормошка ашырыуы күз уңында тота (максат итеп куя), сөнки тел – кешелек цивилизацияһының төп байлығы һәм мәңге һаклана торған киммәте! Тап телдә халықтың мазәниәте, тарихы, йолалары һәм менталитеты сағыла. Тел укытыуың йөкмәткеһен төзөгәндә лингвокультурологик йүнәлеш контексында йолаларза, традицияларза, көнкүреш мазәниәтендә, нәфис әзәбиәттә һ.б. сағылыш тапқан туған телдән милли үзенсәлеген иһәпкә алырға кәрәк. Туған телдә өйрәнәп, укыусылар уның лексик һәм грамматик байлығын, образлылығын, тасуирлылығын, тәһсирләлеген, матурлығын, аһәңлеген үзләштерә.

Рәсәй Федерацияһының «Мәғариф тураһында»ғы (2012) Законы белем биреүзе кеше, ғаилә, йәмғиәт һәм хөкүмәт мәнфәғәтен тормошка ашырыуы бер максатка йүнәлтелгән берзәм укытыу һәм тәрбиә процесы, шулай ук белем, оғталык, күнекмәләр йыйылмаһы, эшмәкәрлек тәһрибәһе һәм кешенәң белемгә булған кызыкһыныуын һәм белем алыу ихтяжын кәнәғәтләндереүсе, интеллектуаль, рухи-әхлаки, ижади, физик һәм профессиональ үсеше максатындағы билдәле күләм һәм катмарлыктағы компетенциялар тупланмаһы икәнән билдәләй.

Конституция, «Мәғариф тураһында»ғы, «Башкортостан Республикаһы халыктары телдәре тураһында»ғы Закондарға ярашлы мәктәптәртәзә лә, юғары укыу йорттарында ла бай этномәзәни мөхит булдырыу, укыусыларың һәм студенттарың аңында рухи-әхлаки киммәттәр формалаштырыу, толерантлык принциптары нигезендә тәрбиәләү, тәл һәм мазәниәттәр диалогына кызыкһыныу уятыуға йүнәлтелгән. Һәм беззәң бурыс – белем биреү системаһын юғары белемле, төрлө яклап үсешкән толерантлы шәхес формалаштырыуға короу.

Лингвокультурологияның иғтибар үзәгендә тел һәм мазәниәт вәкиле буларак кеше тора. Лингвокультурологик концепцияның нигезендә лә ике үзәк төшөнсә – тел шәхесе һәм тел картинаһы тора.

Лингвокультурологияның объектын тел һәм мазәниәт бәйләнеше тәшкил итә, предметын кешелек тарафынан барлыкка килтерелгән һәм телдә сағылыш тапқан материал һәм рухи мазәниәт йәки донъя тел картинаһы билдәләй.

Үрзә һаналған документтарға ярашлы бөгөн юғары укыу йортонда белем биреү эшмәкәрлеге яңы мәғәнә төсмөрә ала. Юғары укыу йорттарының белем биреү йөкмәткеһе һәм моделенәң методологик нигезе булып буласак белгестәң профессиональ компетентлығының формалашыуын күз уңында тотқан мөһим компетенциялар йыйылмаһын билдәләүсе компетентлы караш тора. Был өлкәлә проблемалар за юк түгел. Мәсәлән: йәмғиәттәге төрлө катламдарың, шул иһәптән укытыусыларың да, бөгөнгө көндә телдә грамоталы белеү кимәле һәм телмәр мазәниәтенәң үсеше зур борсоу тыузыра. Тел шәхесенәң мазәни кимәлен камиллаштырыуың белем биреүзәң бөтә баскыстарында ла мөһим булыуы шикһез. Дәүләт стандарттарына ярашлы укыу программалары, буласак белгестәң телмәр мазәниәтен үстерергә мөмкинлек биргән дәрәсләктәр һәм укыу әсбаптары булдырыу – заман талабы.

Ошондай етди проблемаларзы хәл итеү, нигеззә, укытыуыға йөкмәтелә. Был аңлашыла ла. Тыуған илдәң, икдисади сәйәсәттең, ижтимағи процестарың һәм фәндең, хәрби көстәртәң һәм һаулык һаклауың киләсәген билдәләүсе шәхескә рухи һәм әхлаки тәрбиә биреү, уның тел грамоталылығын формалаштырыу нәк укытыуынан башлана. Белем биреү өлкәһендә барған әүзем үзгәртеп короулар за укытыуынан башлана.

Билдәле Рәсәй тарихсыһы Василий Осипович Ключевский: «Ысын мәғариф аң һәм әхлаки тойғоларзың берзәм үсешенә нигезләнгән булырға тейеш,» – тигән. “Әхлаки тойғолар” тураһындағы күзаллаузы һәм уларзы үстөрөүзе тәмин итеүзе, тәү сиратта, сикһез рухи-әхлаки мөмкинлектәргә эйә булған эзәбиәт һәм телдәрзе өйрәнәүгә йүнәлтелгән филологик дисциплиналар зур роль уйнай. XX һәм XXI быуат киәселешә кешеләрәненә нимә укыуы һәм нимә карауы, классик һәм заманса әсәрзәрзең мәғәнәләре нисек асылыуы йәмғиәттең дөйөм һәм айырым кешенәң, бигерәк тә буласак укытыусының, шәхсән рухи-әхлаки торшон билдәләй.

Анна Ахматова һүззәре менән әйткәндә, традицион рухи-әхлаки константаларзың емерелеүенә килтерәүсә «акыл имгәнәүе» – беззең дәүерзең «кара афәте». Сөнки, бөгөнгө көндә үткәрелгән төрлө һорау алыузарзың һөзәмтәләре күрһәтеүенсә, заман йәштәрәненә күбәһә эзәби аңдың нигезә булған «рух», «әхлак», «выждан», «шәфкәтлелек», «мәрхәмәтлелек» һымак төшөнсәләргә бөтөнләй аңламай. Бына ни өсөн заман кешенәң киммәттәргә дөрөс билдәләргә өйрәтәү иң мөһим мәсьәлә булырға тейеш.

Заманса эзәбиәттең иң лайыклы үрнәктәре лә тәрбиә һәм аң-белем бирәүгә булышлык итә ала. Әммә студенттарзың кайһы берәүзәре, бигерәк тә филология факультетында укымағандары, бөгөнгө көндә, ысынлап та, ниндәй әсәрзәр укырға була һәм ярай икәнән, ниндәй әсәрзәр XX һәм XXI быуаттың бөйөк классик йолаларына лайыклы булыуын белеп бөтмәй. Мәсәлән, республикалағы һәр ғаилә, М. Кәрим әсәрзәрәненә сығып, беззең ата-бабаларзың каһарманлыктары тураһында исләй. М. Кәрим әсәрзәрәненә геройзары көн һайын, сәғәт һайын ерзәгә барлык кескәй һәм өлкән йәштәгә китап укыуыларға бәхәт өләшә, киң күңеллә, мәрхәмәтлә, тоғро, кыйыу йөрәклә, намыслы булырға өйрәтә. Китап кешенә тәрбиәләй, тарих, мәзәниәт, йола, халык рухы һәм үзәң менән таныштыра. Мостай Кәримдән 2003 йылғы сығарылыш укыуыларына әйткән һүзән искә төшөргө килә: «...Мин үземдәң хафаланыуым менән бүләшкәм килә. Кыскараҡ әйтәм. Барлык өлкәләргә электрон укыу әсбаптарының индерәләүе менән китапка кырка иғтибар кәменә. Иң боронғо бөйөк мәғәнәлә китапка. Китаптың кешеләк донъяһы хәтерән мәңгә һаклаусы, унда иң акыллы фекерзәр, иң матур һүззәр, иң якшы уйзар тупланғанын һезгә аңлатырға түгел. Минәң башыма ошондай сағыштырыу килдә. Төрлө орлоқ-емештәрзе асык һауала қояш астында, теплицаларза ла үстөрәргә мөмкин. Эсендә қояш яктыһы булмаған теплица үсентеләрәнә окшаған электрон мейә аша алынған белем һәм мәғлүмәттән баш тартырға кәрәк. Уларза ижадсының күңел йылыһы юк. Мин консерватив кешә. Бәлки, тейешенсә аңлап та бөтмәйәмдер. Әммә бер нимәнә белем: кешенә китаптан айырыу – уның рухи донъяһы қоролошона зарарлы эш. Был осрақта буласак Эйнштейндар скрипкала бөтөнләй уйнамаясақ. Йәл. Скрипканы көйләргә һәр вақыт китап ярзам иткән. Үзегеззе китаптан айырмағыз...».

Хәзәргә көн укытыусыһы туған халкының һәм башка халыктарзың мәзәниәтен хөрмәт иткән, мәзәниәт-ара диалогка әзәр толерантлы шәхес тәрбиәләргә тейеш. Конкрет телдә һәм эзәбиәттә өйрәнәү процесында буласак укытыусының дөйөм мәзәниләген һәм тел грамоталылығын формалаштырыу – студенттарзың йәки буласак һөнәр әйәләрәненә мәзәниәт-ара һәм фәнни бәйләнештәрзе булдырыуға әзәр булыуы, төрлө социумда тыуған иленәң һәм укыу йортоноң вәкилә буларак сығыш яһай алыуы, башка илдәрзең һәм башка халыктарзың рухи киммәттәрәнә хөрмәт менән карауын тәриәләү ул. Был йәһәттән М. Акмулла исемендәгә Башкорт дәүләт педагогия университетының барлык факультеттарында ла Башкортостан Республикаһының дәүләт теле буларак башкорт телән укытыу ыңғай баһаға лайык. Был күренеш буласак укытыусының дөйөм мәзәниләген һәм тел грамоталылығын үстөрәүгә йүнәлтелгән. Башкорт телән укытыу программалары һәр факультеттың үзәнсәлегән йәғни буласак һөнәр әйәләрәненә эшмәкәрлегендә булырға мөмкин булған ситуацияларзы исәпкә алып төзәлә. Төрлө факультетта укыған студенттар башкорт теле дәрестәрәндә зур теләк менән шөгөлләнә, улар башка милләт вәкилдәре менән мәзәни бәйләнешкә инергә әзәр, тирә-яктағыларға ихтирамлы, иғтибарлы.

Полиэтник регион шарттарында иң мөһим проблемаларзың берәһә булып туған һәм башка телдәрзе өйрәнәү процесында күп теллә (полилингваль) шәхес формалаштырыу

проблемаһы тора. Бында төп игтибар лингвокультурологик компетенция формалаштырыуға һәм мәзәниәттәр диалогына йүнәлтелә. Был һәр айырым телде аралашыу коралы буларак кына түгел, ә уны мәзәни мирасты булдырыусы һәм таратыусы корал итеп карарға кәрәк. Башкортостан Республикаһының беренсе Президенты Мортаза Ғөбәйзулла улы Рәхимов үзенең мөрәжәғәтендә бик дөрөс фекер әйтә: «Туған, рус һәм сит телдәрҙе белеү XXI быуат Башкортостан гражданының донъя киммәттәре менән генә түгел, ә халкыбыздың быуындан-быуынға күсә килгән тәрән ақылын һәм милли йолаларын кабул итеүгә һәләтле милли мәзәниәт менән байытылған рухи донъяһын формалаштырыуға асҡыс булып тора». Академик Марат Вәли улы Зәйнуллин билдәләүенсә, «...күп тел белгән кешеләр төрлө халықтың мәзәниәтен, тарихын, тормош-көнкүрешен, милли йолаларын яҡшы белә һәм башка этностарға ихтирам менән карай».

Студенттардың тел һәм мәзәниәт-ара компетенцияларын формалаштырыу максаты менән республика райондарында фольклор, диалектологик экспедициялар, мәктәптәрҙә педагогик практикалар ойшторола. Студенттар педагогик колледж, мәктәп, лицей, гимназияларҙа практика үтә. Шулар рәүешле туранан-тура бәйләнеш барлыкка килә: мәктәп – колледж – юғары уҡыу йорто.

Лингвистик дисциплиналар уҡытыу процесында тел грамоталылығын булдырыуға, тәрбиәүи максаттарҙы тормошҡа ашырыуға уҡытыу материалы буларак мөһим профессиональ тематикаға яҡын әзәби әсәрҙәр яҙам итә; инша, эссе, шәжәрә конкурстары, олимпиада, театрға, кала музейларына йөрөү, студенттар әүзем катнашкан башкорт телендә электрон ресурстар булдырыу; нәфис һәм документаль фильмдар карау һәм әңгәмә ойштороу; кытай, ғәрәп, төрөк, инглиз телендәге нәфис текстарҙы рус һәм башкорт теленә тәржемә итеү – былар барыһы ла бакалавр һәм магистранттардың ижади һәләттәре, үз аллы фекерләү, әхлаки йүнәлешә үсешенә килтерә.

А.С. Макаренко һәм В.А. Сухомлинский кешенең шәхес буларак формалашыуында хезмәт тәрбиәһе роленә зур игтибар бүлә. Донъя халкы хезмәттә яҡшылык һәм бәхет нигезен күрә. Мәсәлән, башкорт халыҡ мәкәле: *Ағасты япрак бизәй, кешене хезмәт бизәй*. Афоризмдарҙа хезмәттең милли мәғәнәһе сағылыш тапкан. Президентыбыҙ Владимир Владимирович Путиндың тапкыр һүзҙәре йәштәрҙә тәрбиәләүҙең нигезен тәшкил итергә тейеш: «Хәҙер иң мөһиме: уҡыу һәм хезмәт тыуған ил хакына». Тик хезмәт яратыусы кеше генә яҡшы уҡырға, тәрбиәлә, кешелекле һәм кеселекле булырға, рухи яктан үсешкән шәхес, тыуған илен яратырға, батырлыҡтар эшләргә, үзен һәм башкаларҙы хөрмәт итергә һәләтле, шунлыктан мәктәп, урта профессиональ һәм юғары уҡыу йорттарының иң мөһим йүнәлештәренәң береһе булып хезмәт тәрбиәһе торорға тейеш, заман йәмғиәте һәм өзлөкһөз белем биреү шарттарында хезмәт культуын яңынан тергезергә кәрәк.

Шулай итеп, лингвокультурологик концепцияның нигезен билдәләгән төп берәмектәр – тел шәхесе, полилингваль тел шәхесе, донъя тел картинаһы, милли-мәзәни аспекттағы лексика (эквивалентһыз, коннотатив, фонлы), концепт, константа, мәкәл һәм әйтемдәр, фразеологик берәмектәр, афоризмдар, нәфис әзәбиәт һ.б. нигезендә дәрәслектәр язылһа, белем биреү ойшмаларында уҡытыу алып барылһа, үз халкының һәм башка халыҡтардың телен, әзәбиәтен, мәзәниәтен, тарихын, халыҡ ижадын, йолаларын белгән, үз Ватанының лайыҡлы улы һәм кызы булған, тәрбиәлә шәхестәр тәрбиәләнер, телебез йәшәр, үсешер, илебез сәскә атыр!

### Әзәбиәт

1. Зайнуллин М.В. Родной язык и национальная культура // Башкирская духовная культура древности и средневековья: проблемы изучения: Материалы Всероссийской научной конференции, посвященной 70-летию проф. Р.Н. Баимова. – Уфа: БГУ, 2007. – С. 167 – 171.

2. Самситова Л.Х. Лингвокультурологическая концепция обучения башкирскому и родным языкам в образовательных учреждениях Республики Башкортостан. – Уфа: Китап, 2010. – 24 с.

3. Самситова Л.Х., Иксанова Р.М., Самситова Р.И. Роль лингвокультурологической концепции обучения языкам в профессиональном становлении будущего учителя полилингвальной школы // Теоретико-методические основы подготовки студентов к профессиональной деятельности: Коллективная монография. Книга 7 / Отв. ред. Л.Б. Абдуллина. – Стерлитамак: СФ БашГУ, 2022. – С. 8 – 22.

4. Саяхова Л.Г. Лингвокультурологическая концепция обучения русскому языку и учебники нового поколения: Методическое руководство для учителей русского языка (5 – 11 классы). – Уфа: Китап, 2006. – 224 с.

5. Саяхова, Л.Г. Методология и методическая система формирования лингвокультурологической компетенции тюркоязычных учащихся на уроках русского языка: Монография. – Уфа: РИЦ БашГУ, 2010. – 294 с.

**ӘОЖ 81(42)**

## **ПРОФЕССОР МҰРАТ САБЫР ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚЫПШАҚТАНУ МӘСЕЛЕСІ**

**Ғ.Қ. Хасанов,**

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан  
университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

Профессор Мұрат Бөкенбайұлы Сабыр көптеген жылдар бойы түркітану ғылымымен айналысып келеді. Соның ішінде Алтын Орда дәуіріндегі көне қыпшақ ескерткіштері мәселесімен айналысып келеді. Аралас, яғни оғыз-қыпшақ тілдерінде жазылған осы кезең тарихи жәдігерлерінде қыпшақ тілі элементтері басым екенін байқап, зерттеуші сол көне дәуірлерде қыпшақ тілін зерттеу тақырыбына айналдырды. Осыған орай, соңғы кезде М. Сабыр өз зерттеулерінде қыпшақтану пәні, оның барлық жай-жапсары туралы өз зерттеулерін жүргізуде.

Жалпы қыпшақ туралы алғашқы деректі сегізінші ғасырдан бастаймыз. Бұл этноним Селенгі тасында алғаш рет жазылғаны тарихтан белгілі. Білге қағанның құлпытасында «түрік-қыпшақ» деген этноним алғаш рет жазылды. Содан кейін М. Қашқари сөздігінде алғаш қыпшақ тілінің басты ерекшеліктері көрсетілгені белгілі. М.Б. Сабыр бұған тоқталады: «Атап айтқанда, *й* дыбысының орнына сөз басында *дж* (*жс*) дыбысын қолданады, мысалы: йанджу емес, джанджу (шуда). Сосын *ш* дыбысының орнына *с* дыбысын айтады. Мысалы: талыс. *Д* дыбысының орнына *т* дыбысын айту: дәуә емес тәуә (түйе). Сөз ортасында *д* дыбысының орнына *й* дыбысын айтады. Мысалы: қадық емес, қайық, сосын *г* дыбысының түсіп қалу дерегі кездеседі» [1, 8]. Ендеше көне қыпшақ тілінің ерекшеліктері қазіргі қазақ тілінің барлық ерекшеліктерін толық көрсетеді. Осы ерекшеліктерді негіздесек, көне қыпшақ тілі сонау XI ғасырда толық дамығанын байқаймыз. Осы кезеңдерде тарихшылардың көрсетуі бойынша қыпшақтар Орта Азияда басты халық болып орнығады.

Жалпы Б. Сағындықұлы көне қыпшақ тілінің негізінде көне түрік тілі жатқанын мынадай тілдік деректермен нақтылайды: «Бүкіл түркі халықтарына ортақ жүйеге түскен алғашқы тілдік деректер V VI ғасырлардан, яғни Орхон, Енисей, Талас өзендері алқабынан табылған жазба ескерткіштерден басталады. Бұл ескерткіштерде бір дыбысы, екі дыбысында ғана айырмашылықтары бар сөздерді былай қойғанда қазақ тілімен салыстырғанда, ешқандай фонетикалық өзгешелігі жоқ сөздер де молынан ұшырасады. Мысалға бір дауысты мен бір дауыссыздан тұратын *ай* (түнде жерге жарық сәуле беріп тұратын планета), *ақ* (қараға қарама-қарсы қардың, сүттің, бордың түсіндей түс), *ат* I (балаға қойылған есім, ныспы), *ат* II (үйірге түспейтін, піштірілген, ақталған жылқы), *ел* ( халық, жұрт, қауым), *ең* (өте-мөте, тіптен, нағыз барып тұрған), *ер* (адамның еркек жыныстылары, еркек азамат), *не* (сұрау мағынаны білдіретін есімдік), *он* (тоғыздан кейінгі есептік сан), *оқ* (садақ жебесі), *ол* (сілтеу есімдігі), *от* I (түрлі материалдарды: ағаш, көмір, газ, мұнай т.б. жарық пен қызу шығарып жануы), *от* II (малға азық боларлық шөп), *өз* (есімдік, іс-әрекетті, затты нәрсені меншіктеуші, иеленуші жақ), *үз* (бүгін, тұтса заттың, нәрсенің бір бөлегін қолмен жұлып алу, бөлектеу), *үн* (кұлаққа естілетін

дауыс), *іс* (еңбек, жұмыс, қарекет, шаруа) сияқты сөздермен қатар тұйық буынды *бай* (иелігінде көп мал-мүлкі бар феодал), *бар* (жоқ емес, бар болушылық), *боз* (ақшыл қылаң түс), *бел* (дененің кеуде мен бөксе аралығын жалғастыратын бөлегі), *күн* (әлемге жарық, қызу беретін планета), *қан* (дененің барлық клеткаларына қорек беріп тұратын, тамырларды қуалап ағатын қызыл сұйық зат), *қар* (қыста жапалақтап жауатын түсі ақ атмосфералық жауын-шашын), *қой* (күйіс қайыратын, тығыз жүнді, уақ мал; төрт түлік малдың бірі), *қыз* (күйеуге тимеген, бойжеткен; әйел бала), *көз* (көру мүшесі), *көл* (айналасы табиғи не жасанды түрде тұйықталған, дөңгелек не сопақша біткен айдын-шалқар су), *сөз* (заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін белгілі бір мағынасы бар тілдің негізгі бірлігі), *таң* (күн шығар алдындағы кезең) сияқты сөздер біршама дәрежеде кездеседі. *Азық, алты, ара, арқа, ата, қалың, қара, қорған, қызыл, сана, сыңар, ана* сияқты екі буынды сөздер де аз емес. Осындай сөздердің арасында қазақ тілінде өзгеріске ұшырамағанымен, өзге түркі тілдерінде өзгеріске ұшыраған сөздер де бар: *ақ > ағ, көз > гөз, теңіз > деңіз* т.б.

Бұл фактілер нені көрсетеді? Қазақ тілінің де өзге түркі тілдерімен бірдей тең дәрежеде атам заманнан бері өмір сүріп келе жатқанын байқатады. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштерінен кейінгі дәуірлердегі жазба мұраларда өзгеріске түспеген қазақ сөздерінің үлесі үлкен» [2, 14-15].

Орта ғасырларда атақты «Дешті Қыпшақ» даласы тарих сахнасына шығып, қыпшақ тілі ең басты тіл болғанын білеміз. Мурат Аджи былай дейді: «Итог Великого переселения – это государство Дешт-и-Кипчак. Самое большое в истории человечества. Оно росло трудно и долго, границы его ширились вслед уходящим отрядом всадников» [3, 14]. Еуропалықтар бұларды «Кумандар» деп атады, күні бүгінге дейін осы атау қолданылып келеді. Бұл ойларды Ю. Немет, И. Қоңыр Мандоки, Дэуит Қара еңбектерінен көреміз. Осы деректерге сүйенген және көптеген зерттеушілер еңбектерін қараған профессор М. Сабыр қыпшақтану ғылымын негіздеді. Ол орта ғасырларда көне қыпшақ тілінің дамып, Азия, Еуропа былай тұрсын, Африка құрлығына тарағанын жазады. Әрине, оның негізінде көне түрік руна, яғни күлбіздік жазулары жатты. Қыпшақ тіліндегі ескерткіштерді ол мынадай топтарға бөледі:

1. Готикалық көне шрифтімен жазылған ескерткіштер (XIII-XIV ғасырлар).
2. Араб әрпімен жазылған мұралар (XI-XIV ғасырлар).
3. Армян жазуымен берілген мұралар (XV-XVI ғасырлар).
4. Орыс әліпбиімен жазылып қалған деректер (XI-XIII).
5. Шығыс Еуропа айтағын мекендейтін кейбір халықтардың тілінде сақталып қалған және сол елдердің өзіндік жазу үлгілерімен берілген сөздер (адам аттары мен жер-су аттары т.б.)» [1, 38].

Зерттеуші бұл еңбектердегі тілдік ерекшеліктерді есепке алып, басқа зерттеушілердің жазғандарын негіздейді. Осы кезеңдердегі тілдік ерекшеліктерді ескере отырып, көне қыпшақ тілін екіге бөледі:

- 1) Көне қыпшақ ауызекі сөйлеу тілінде жазылған ескерткіштер.
- 2) Көне қыпшақ жазба ескерткіштері» [1, 39].

Жазба ескерткіштердің ішінде ірі еңбек «Кодекс Куманикус» еңбегін қазақтан алғаш зерттеген ғалым Ә. Құрышжановты атаймыз. Оның «Язык старокыпчакских памятников» атты зерттеуі – аса құнды еңбек. Осының негізінде Ә.Қ. Құрышжанов бастаған қазақ ғалымдары «Куманша-қазақша жиілік сөздік шығарып, 2940 сөзді тізеді [4, 277].

Осы лексика зерттеуші М.Б. Сабырдың ойынша, көне қыпшақ сөздері, сондықтан көне қыпшақ тілі сол он үшінші ғасырда толық кемеліне келгенін байқаймыз. Осы ғасырларда жазылған көне қыпшақ сөздерінің молынан кездесетін еңбектер баршылық. Мысалы: «Түрік тілі туралы жазылған түсіндірме кітап, (Абу Хайян сөздігі)», «Түркі туралы жазылған ерекше сыйлық» (Китаб ат-тухфат)» еңбектерін М.Б. Сабыр ерекше атайды.

Көне қыпшақ жазба ескерткіштерінің ішінде ерекше тұратын еңбек Рабғузидың «Қисса-ул әнбийа» ескерткіші. Осы еңбектегі көне қыпшақ лексикасын ғалым он сегіз топқа бөледі де ескерткіштің қазақ тіліне өте жақын екенін көрсетеді. Профессор М.Б. Сабыр Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» дастаны оғыз-қыпшақ, яғни аралас тілде жазылған деген Әмір Нәжіптің

пікірін қолдай келе, Сейф Сарайидың «Гүлстан бит-түрки» поэмасы, таза қыпшақ тілінде жазылған деген Әмір Нәжіптің пікіріне қосылады. Ол былай дейді: «Мұрағаттың лексикасы өте қарапайым. Араб-парсы элементтері өте аз кездеседі» [1, 59].

Көне қыпшақ тілі зерттеушінің ойынша, орта ғасырларда өзгеріп дамып, қазақ тіліне ұласады. Ол «Жамиғат-тауарих» еңбегін зерттеген акад. Р.Ғ. Сыздықтың пікіріне қосылады. «Академик Р.Ғ. Сыздықова «Жамиғат ат-тауарих» шығармасын тілдік тұрғыдан зерттеп, шын мәнінде, қазақ тіліне қатысын дәлелдеп, ескі қазақ жазба әдеби тілі деп тұжырым білдірді» [1, 63]. Сонымен қатар, зерттеуші армян жазулы қыпшақ ескерткіштеріне тоқталып, А.Н.Гаркавец пен С.Ж.Құдасов еңбектеріне зор баға береді. Шын мәнінде, бұл жазулардың графикасы басқа болғанымен, тілі қыпшақ, тіпті, қазақ лексикасымен бірдей екендігін айтқымыз келеді.

Профессор М.Б. Сабыр зерттеулеріннің ішінде көне түрк тілі мен көне қыпшақ тілінің тікелей байланысы айқын көрсетіледі. Көптеген ғасырлар өтсе де өзгермеген лексиканы жеті тақырыптық топқа бөліп, көп өзгеріске түспегенін жазады. Мысалы: «б) Жан-жануарлар аттары: адғыр (айғыр), ат (ат), буқа (бұқа), тай (тай), інгек (сиыр), йылқы, йонт (жылқы), учук (күс), бичін (мешін) т.б. Мұндай сөздерді көне қыпшақ тілінен де, қазіргі қыпшақ тілдерінен де таба аламыз. Көне қыпшақ тілінде *адғыр* сөзінің *айғыр*, *азғыр* варианттары да көрініс береді. Әсіресе, «Хұсрау уа Шырын» ескерткіштерінде дж мен й тілді дыбысының жарыса қолданылуы байқалады. Сонымен қатар, «Хұсрау уа Шырында» *йылқы* сөзінің көне түркіде кездеспеген «жылдық өмір» деген мағынасы да кездеседі. Мәселен, *бу еклик йылқы йашқа болма мағрур* – елу жылдық жасқа мақтанба» [1, 73].

Осы мәселемен айналысқан ғалымның тағы бір жетістігі – көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің семантикалық байланысын зерттеуі деп білеміз. Осы байланысты дәлелдеу үшін Алтын Орда дәуіріндегі тарихи ескерткіштері тіліндегі лексиканы салыстырады. Мағынасы да тұлғасы да дәл келетін лексиканы салыстырып, олардың санының бірқатар екенін анықтайды. Мәселен: «адым, азық, ай, алма, алмас, ана, ант, арық, арпа, ел, ала, ақсақ, сары, кең, тар, қара, қызыл, ұзақ алты, төрт, он, тоқсан, күл, кет, сайра, қайна, т.т. Сонымен қатар, дыбыстық, мағыналық өзгеріске түскен лексиканы да салыстыра отырып, олардың өте көп екенін жазады. Осы дәлелдер негізінде ғалым мынадай пікір білдіреді: «Біздің ойымызша, қазақ тілі лексикасы үш қабаттан тұрады: 1) жалпы түркілік қабат; 2) қыпшақтық қабат; 3) таза ұлттық қабат. Әр қабатты мөлшерлесек, V-X ғасырлар, (жалпы түркілік), X-XV ғасырлар (қыпшақтық), XVI-XX (таза ұлттық қабат). Әрбір кезеңнің грамматикалық құрылысы мен сөздік құрамы бір тілдік ұжымдағы ата ұрпақ пен бала ұрпақтың тіліне тән элементтерді бойына сақтайды» [1, 88].

Тұлғасы бірдей, бірақ мағынасы кеңейген және тарылған сөздерді ғалым тілдік тұрғыдан талдап береді. Алғаш қазақ тіл білімінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы жазған ғалым Р. Барлыбаев былай деп жазады: «Ол былай дейді: «Сөздің ішкі мағыналық структурасында сөздің заттық, ұғымдық жақтарының көрінісі тең бола бермейді. Мәселен, «сый, сыйлық» деген сөздердің ішкі мағыналық структурасында логикалық (ұғымдық) жағы бірінші орында, заттық екінші орында. Өйткені сөздердің затпен тура (тікелей) қатынасы, байланысы жоқ, бұл сөздердің мағынасы сый, сыйлыққа жататын заттарды нақтылы көрсетпей, оларды жалпы көрсетіп тұр. Сыйлық алтын сағат, жеңіл сақина, костюм, ат, түйе де болуы мүмкін. Олай болса, бұлардың ешқайсысы сыйлық сөзінің мағынасынан тікелей көрініп тұрған жоқ. Сондықтан да бұндай сөздің мағынасында ұғымдық жағы бірінші болып, заттық жағы екінші қатарға ауысатын сияқты» [5, 7]. Мағынасы кеңейген сөздерді талдай отырып, былай деп жазады: «Мәселен, «күлүк» сөзі ескерткіштерде бір ғана «қашыр» мағынасын береді: кулук бар йокму тартсун йа тәғирмән «қашырлар жүк көтеріп, диірмен айналдыруға міндетті ме?» (ХШ, 46 б 21). Күлүк, яғни көлік сөзінің мағынасы қазіргі қазақ тілінде кеңіген. Ол барлық көлік малын (ат, есек, өгіз, түйе) және жалпы транспорт дегенді білдіреді. *Көлік* сөзінің түп төркіні – «жегу» мағынасындағы көл сөзі. Көне түркі тілінде осы түбір көрініс тапқан: еки окузуг бир буқашықа көлміш «екі өгізді бір арбаға жекті» (ДТС, 314)» [89].

Жазба ескерткіштер негізінде қазақ тілі тарихын жүйелеу мәселесін назардан тыс қалдырмаған зерттеуші кейбір ғалымдардың қате пікірлерін де көрсетіп, түзеп отырады. Мәселен, «Құтадғу біліктің тілі ұйғыр емес, арғу-чығыл вариантында жазылған деп санайды. Әмір Нәжіптің ескі өзбек әдеби тілі дегеніміздің «шағатай» тілі екендігін, ауыстырылғанын ескертеді. Осыны айта келе, байырғы қазақ жазба әдеби тілі сүйенетін жазба ескерткіш деп Әбілғазы Баһадур хан жазған «Шежіре-и түрік» шығармасын атайды. Осының негізінде ғалым мынадай қорытынды жасайды: «Осындай мұралардың тілінен нәр алып, ресми тіл болып, XVI ғасырларда қалыптаса бастаған байырғы қазақ жазба әдеби тілі XIX ғасырдың екінші жартысында жаңа жазба әдеби тілге ұласты» [1, 107]. Бұдан байқайтынымыз зерттеуші М.Балақаевтың «әдеби тіл – жазба тіл» деген пікірін ұстанатынын байқаймыз. М.Балақаев былай деп жазады:

Қазақ тілі тарихын жүйелеу мәселесін талқыла келе, профессор М.Б.Сабыр тіл тарихын жүйелеудің өзіндік ойын ұсынады. «Жазба ескерткіштердің тіліне сүйене отырып, тіл тарихының ұзын жолында мынандай тілдік кезеңдерді көрсетуге болады:

- 1) V-X ғғ. – ежелгі түркі әдеби тілі
- 2) X-XV ғғ. – орта түркі әдеби тілі
  - а) орта түркі әдеби тілінің арғу-чығыл варианты
  - б) орта түркі әдеби тілінің қыпшақ варианты
- 3) XV-XVI ғғ. – шағатай әдеби тілі
- 4) XVII-XIX ғғ. – байырғы қазақ жазба әдеби тілі
- 5) XIX-XX ғғ. – жаңа қазақ жазба әдеби тілі.

Сонымен, қазіргі қазақ тілі сонау көк найзалы, жарау атты көк түріктер тасқа қашап жазған Орхон-Енисей бітіг жазуларынан бастап бірнеше тілдік кезеңдерді бойынан өткізіп, орта түркілік қыпшақ тілінің заңды жалғасы ретінде фоно-морфо-семантикалық жағынан барынша жетілген ғылыми тіл болып қалыптасты» [1, 107].

Сонымен қатар, М.Б. Сабыр ресми іс қағаздарының тілінде сақталған көне қыпшақ сөздерін де назардан тыс қалдырмайды. Ол сол кездегі Алтын Орда хандарының жарлықтары ұйғыр жазуымен жазылса да, қыпшақ тілінде жазылғанын көрсетеді. Мысалы, М. Казем-бек бастаған көне жарлықтарды зерттеген ғалымдардың еңбектерін зерттей келе, сол кездегі тілдің қыпшақ тілі болғандығын көрсетеді. Ол былай деп жазады: «Жалпы хан жарлықтарының мәтіндері түсінікті тілмен жазылған. Мәтін құрамындағы барлық сөздерді жіктеп, сараласақ, 80 пайыз түркі сөзі, 10-15 пайыз араб-парсы, 10-15 пайыз монғол сөздері бар. Түркі сөздерінің дені аздаған фонетикалық өзгерістермен дәл бүгінгідей тұлғада келген» [1, 99].

Қыпшақтану мәселесінде бүгінгі қыпшақ тілдерін сөз етпеу мүмкін емес, осы себепке орай М. Сабыр жалпы түркі тілдері тобындағы қыпшақ тілдерінің тілдік ерекшеліктерін зерттейді. Алдымен, түркі тілдерінің жалпы классификациясын таратып түсіндіреді. Әсіресе, қыпшақ тобындағы тілдердің басты жүйелік ерекшеліктерін көрсетеді. Атап айтқанда, былай деп жазады:

«Қыпшақ тобына жататын тілдердің басты ерекшеліктері мынадай:

Фонетикалық құрылымында:

1. Сегіз-тоғыз дауыстының болуы, олардың ішінде ы, и, і, (у, ұ, ү) қысаң дауыстыларының өзіндік нақышы болады;

2. ағ>ау, ег>ей, үг>үй т.б. дауысты мен дауыссыздың ежелден белгілі тіруестеріне сәйкестіктің болуы, мысалы: тағ>тау, «тау», тег>тей – «тию жанасу» ү (ө) грен - > үйрен – «үйрену» т.б.

3. Түркі тілдерінің ішінде қыпшақ тілдерінде сөз соңындағы дауыссыздың түсіп қалуы тән. Мысалы, оғыз және қыпшақ тілдеріндегі лексемаларды салыстырыңыз: сулук-сулу – (сұлу) чистый, красивый; серук-серу – тоқыма станогі; табақ-таба – (жайпақ/жалпақ табақ); бураук-бурау – (бураушы/бұрғы), бурав; тірік-тірі – (тірі).

4. Сондай-ақ, қыпшақ тілдері морфологиясы мен лексикасына тән кейбір ерекше белгілері бар. Олар оғыз және қарлұқ тілдерінің белгілерімен қарама-қарсы қойылады» [1, 113].

Қыпшақ тілдерін толық қарастырып, Б. Сүйерқұл көрсеткен жіктемемен М.Б. Сабыр келесіп, өз еңбегінде толық көрсетеді.

Қыпшақтанушы М.Б. Сабыр көптеген қыпшақ тобындағы тілдерге зерттеу жүргізіп, бұрын толық зерттелмеген алтай тіліне сипаттайды. Сонымен қатар, алтай халқының өміріне, этнографиясына тоқталып өтеді. Ол былай деп жазады: «Алтай халқының қазақтарға қандық және туыстық жақындағы мол. Оған халқының құрамында қазақ, сондай-ақ, басқа бірқатар түрік жамағаттарынан табылатын көптеген рулардың кездесетіндігі айғақ.

Біздің белгілі ғалымымыз Рахманқұл Бердібай осы алтайлар құрамында қазақ, өзбек, ноғай, қарақалпақ, қырғыз халықтарында ұшырасатын қыпшақ, найман, жетісары, далмат, мұндыз, көбек, жүз, меркіт, төлеңгіт, тассақал, мерет, ұранғой, ошы, тоңжан, төлеуіт, еркіт, күзен, қомдош, орғоншы, төлес, баят, алмат, тодош, кергіл, үйліп, чапты, сағал, ара сынды рулар мен сүйектер бар екендігін жазады. Қазақта мұндағы қыпшақ, найман, төлеңгіт, төлеуіт атауларының бар екендігі рас» [1, 249].

Қыпшақтану мәселесіндегі көптеген түйткілді сұрақтарды өз зерттеуінде қамтыған зерттеуші өзінің көздеген мақсатын жетіп, қазақ қыпшақтану деңгейін жоғары деңгейге көтерді.

Қорыта келгенде, профессор М.Б.Сабыр көптеген қазақ түркітанушыларының ізімен қыпшақтану ғылымын дамытуға өз үлесін қосып жүр.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Сабыр М.Б. Қыпшақтану. – Алматы: «Liber» баспасы, 2021. – 256 б.
2. Қазақ тілінің шығу тарихы: фонетика. Т.І. (Ұжымдық монография). – Алматы: «Алдоңғар» мәдениетті дамыту қоры). – 2013. – 236 б.
3. Мурат Аджи. Кипчаки, огузы. Средневековая история тюрок и Великой Степи. – Москва, 2001. – 216 с.
4. Құрышжанов Ә.Қ., Жұбанов А.Қ., Белботаев А.Б. Куманша-қазақша жиілік сөздік». – Алматы: Ғылым, 1978. – 277 б.
5. Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы. – Алматы, 1968. – 71 б.

#### **ӘОЖ 81(42)**

#### **ТҮРКІТАНУШЫ**

**А.И. Мамыров.**

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

Түркітану тегінді тану, түп атаны тану, айналып келгенде ұлттық болмысыңа бойлау. Түп қияннан желісі үзілмеген түркілік руханиятты насихаттау және мойындату. Осы жолда талмай, болдырмай, қас үлектен туған қатепті қара нардай түркітанудың кіресін тартып жүрген біз білетін Батыс Қазақстан облысындағы бір адам – филология ғылымдарының докторы, профессор, түркітанушы ғалым Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы.

Ғұлама-ақын Шәкәрімнің «Қазақтың түп атасы – батыр Түрік, «Арапсың» деген сөздің түбі шірік» дейтін тәмсіл сөзі бар. Бұл араб басқыншылығы қалыптастырған теріс түсінікке қарсы ақынның тарихи жақты ояту мақсатында шығарған өлеңі болатын.

Тұран даласы, Орта Азия халықтары ислам өркениетін орта ғасырларда өз топырағында қайта түлетті. Байырғы түркілік дүниетаным мен ислам дүниетанымы араға жылдар салып барып осылайша тоғысты. Алтын орда тұсында мұсылмандықты қабылдаған қазақ жұрты түркілік болмысын, рухани әлемін сақтап қалды және түркілік құндылықтарды, далалық өркениетті бойына жинақтап тұрған қара шаңыраққа айналды. Міне осының ұңғыл-шұңғылын



білем деушілер болса түркітанушы ғалым, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры Мұрат Бөкенбайұлы Сабырдың еңбектерін оқығаны ләзім.

Мұрат Бөкенбайұлының ғылыми ортада түркітанушы ғалым ретінде мойындалуын 1992-1995 жж. ҚР ҰҒА Шығыстану институтының аспирантурасын тәмәмдап, «Хұсрау мен Шырын поэмасының тіліндегі реликті тұлғалар (XIV ғасыр)» тақырыбына кандидаттық диссертациясын, 2001-2003 жж. эл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті филология факультетінің докторантурасын аяқтап, 2005 жылы «Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде)» атты тақырыпта докторлық диссертациясын табысты қорғауынан көруімізге болады.

Ғылыми дәрежеге қол жеткізген ғалымның бәрі бірдей жыл өткен сайын еңбегін еселей түспейді, көбі тоқмейілісіп тоқырауға ұшырайды. Мәкең мұндайлардың қатарынан емес, керісінше шапқан сайын тынысы ашыла түсетін қазанаттың өзі. Ғылымның михнатынан ләззат алатын бірегейлер сойынан. Мұны ғалымның келесі еңбектерінен анық көре аламыз: «Қазақ тілі»(2002), «Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасы және оның тілі» (2003), «Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде)» (2004), «Көне түркі тілі» (2007), «Көне қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілі» (2008), «Таным таразысы» (2010), «Түркілік мұра: дәстүр және сабақтастық» (2012), «Қазақ тілінің шығу тарихы (фонетика)» (2013), «Құтыптың Хұсрау мен Шырын поэмасының лексика-грамматикалық сипаты» (2013). «Орта ғасыр жазба ескерткіштерінің фразеологиялық және паремиологиялық қорының этномәдени сипаты» (2014), «Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы» (2021), «Көне қыпшақ ескерткіштерінің лексикасы» (2021) және т.б. монографиялар мен оқу құралдарының, 500 ден астам ғылыми мақалаланың авторы.

Өткенге ой жүгіртіп, бір мезгіл шегініс жасасақ Мәкең сонау тоқсаныншы жылдары (1990-2004) М.Өтемісов ат. БҚМУ-да оқытушы, кафедра меңгерушісі қызметтерін, 2005-2013 жж. Батыс Қазақстан инженерлік гуманитарлық университетінің (қазіргі Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті) оқу жұмысы, ғылыми жұмыс және халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры қызметтерін атқарды. Қазіргі таңда осы университеттің Ғылыми бөлім басшысы, Түркітану және Алтайтану орталығының жетекшісі.

Осы отыз жылдан астам уақыт ішінде Мұрат Бөкенбайұлын біз білгенде байқағанымыз ұстаздықпен қатар ғылымға адалдығы. Бұл көп кісиде бола бермейтін мінездегі беренділік. Тұнығы лайланбаған түркілік тектілік. Бәлкім бұл түркітанушыға түркі әлемінен жұғысты болған кемелдік пе?

Түркітану ғылымы күрделі сала. Мұның күрделілігі ескі жазулардың тілін тауып сөйлете білуінде. Тарихи ұлы көштің тылсым сарынының тілдік сырын ұғып, оқырманмен қауыштыра, қисынын қабыстыра зерттеуінде. Бұл талап пен таным ұштасқанда ғана нәтижелі болмақ. Кейіпкеріміздің ғылым жолында осы үдеден шыға білгендігін көзіқарақты ғалым, белгілі түркітанушы Ә.Құрышжанов дер кезінде аңғарып, осыдан отыз жыл бұрын оң бағасын бергендігін мына бір пікірінен көреміз: «Бұл еңбек қазіргі қазақ тіл білімі мен түркітану ғылымына өз жаңалығын ала келген айтулы жұмыстардың қатарына жатады, оның өзіндік ғылыми жаңалықтары дау тудырмайды. Қазіргі қазақ тіліндегі қалай қалыптасқандығы белгісіз толып жатқан сөздердің структурасын (қаңқасын) осы диссертацияда көрсетілген әдістер арқасында ғана айқындап біліп алуға болады» - деп, жас ғалымға сенім артады.

Осы сенім үдесінен шыққан Мұрат Бөкенбайұлы бүгінгі күні түркітану ғылымында есімі алыс-жақын шетелге танымал ғалымдар тобында. Ғалымның бастамашылығымен алыс-жақын шетелдік және отандық түркітанушылардың басын қосып, түркітану мәселелеріне арналған халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялар өткізу дәстүрге айналған. Өзі де білікті маман, түркітанушылар арасында мойындалған ғалым ретінде ғылыми жиындарының төрінен табылып жүр. Атап айтар болсақ Якутск, Бішкек, Уфа, Қазан, Ыстанбұл қалаларының ғылыми қауымымен шығармашылық байланысы, университеттерде дәріс оқуы осының көрінісі.

Ғалым қазақ тілінің, қазақ ұлтының бастауларын көне түркі заманынан бастап, орта ғасырларда дәуірлеген қыпшақтар қауымдастығынан іздейді. Кешенді зерттеу барысында алынған нәтижелердің маңыздылығы зор. Зерттеуші «Орта ғасырлардағы жазба ескерткіштер тілі аралас сипатта болды, бір ескерткіштерде қыпшақ элементі басым болса, енді бірінде оғыз элементі көбірек. Бірақ олар тұтас бір тілдің әртүрлі көріністері ғана. Яғни орта ғасырларда біртұтас көне қыпшақ тілі қалыптасты (XIII-XV ғ.)», - деп тұжырымдайды. Ғалым мұрағаттар тілін жекелеген қыпшақ тілдерімен салыстыра зерделей отырып, көне қыпшақ әдеби тілінің бүгінгі мұрагері қай тіл екенін анықтауға ерекше көңіл бөледі. Нәтижесінде, қазір ғылыми қауымдастықпен қабылданған төмендегідей пікірін қалыптастырды: «Қыпшақтану – далалық көшпелі өркениеттің қыпшақтық тарихын, ділін, этнографиясын, мәдениетін т. б. қырларын тұтас зерттеуді көздейді». М.Б.Сабыр елімізде бірінші рет 2015 жылдан «Қыпшақтану» ғылыми курсын ЖОО-на енгізіп, дәріс оқып келеді. «Қыпшақтану» оқу құралы Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің шешімімен 2019 жылы баспадан жарық көрді.

Профессор М.Б.Сабыр ҚР Білім және ғылым министрлігі гранттық қаржыландыратын ғылыми жобалардың белсенді орындаушысы. Атап айтсақ, 1. Түркі лингвомәдени бірліктеріндегі аялық білімнің ұлттық сипаты (қыпшақ-оғыз тобы тілдері бойынша); 2. Алтын Орданың әдеби ескерткіштері: әлемнің тілдік және көркемдік бейнесі т.б. Сонымен қатар Ресей Ғылым академиясы Тіл білімі институты, Б.Б. Городовиков атындағы Қалмақ мемлекеттік университеті ұсынған «Монгольские-тюркское языкознание: традиции и инновации (2021-2023)» халықаралық жобасының Қазақстан тарапындағы ғылыми жетекшісі.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің ғылыми-зерттеу тобы М.Б.Сабырдың жетекшілігімен ҚР ҒжЖБ министрлігі, Ғылым комитеті жариялаған 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша конкурстан гранттық ғылыми жоба ұтты. Бүгінгі таңда «Орта ғасыр жазба ескерткіштері тілі – рухани, мәдени құндылықтар әлемі» (2023-2025 жыл.) атты кешенді тақырыпты зерттеу үстінде.

2023 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің арнайы бағдарламасы бойынша М.Б.Сабырдың «Алтын Орда дәуірі: Құтыптың Хұсрау мен Шырын поэмасы (XIVғ.)» атты ғылыми еңбегі 3000 данамен «Liber» баспасынан жарық көрді. Бұл еңбекті ғылыми қауым үлкен қызығушылықпен қабылдады.

Отандық түркітану мен әлемдік медиевистикадағы мәшһүр ғалымдар Э.Наджиц, Б.Сағындықұлы, Ә.Ибатов, Ә.Құрышжановтардың заңды ізбасары ретінде ұлылар салған түркітану ғылымының сан тарауын індете ізерлеп, қазақ ғылымына олжа салып жүрген әріптесіміз Мұрат Бөкенбайұлына, 60 жас мерейтойы қарсаңында деніне саулық, отбасына амандық, жұмысына шығармашылық табыс тілей отырып, ғылымың көбейсін демекпіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 6 том Алматы: ҚАЗАҚАРАТ, 2005 ж.
2. Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы. - Алматы: Атамұра. 2018 ж.
3. Сабыр М. Қыпшақтану. Оқу құралы. -Алматы: «Қазақ университеті», 2019.-250 бет.
4. Мамыров А. Түркітанушы. «Орал өңірі» газеті.

## ФИЛОСОФИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ТҮРКІТІК БАСТАУЛАРЫ

**Тайжанов Алтай Тайжанұлы**

философия ғылымдарының докторы, профессор

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе қаласы

**Аннотация.** *С исторической точки зрения тюркский мир внес значительный вклад в мировую цивилизацию и культуру, особенно велики достижения этносов тюркского происхождения и духовной сфере. В современную эпоху глобализации тюркский мир стремится к взаимной интеграции и взаимодействию. А главная ценность, объединяющая тюркский мир – это духовные ценности: общие традиции, обычаи, религиозные верования, общий язык и т.д.*

*Исходя из этих позиций, в статье рассматривается значение тюркского мира в истории философии и тюркские истоки казахской философии. Автор описывает преемственность и особенности «тюркской философии» и «казахской философии» в нетрадиционных образах и способах философского мировоззрения. Сделан вывод, что отличительной чертой развития философии в Казахстане в настоящее время является расширение базы данных казахской философии, берущей начало от тюркской философии.*

**Ключевые слова:** *тюркский мир, тюркская философия, казахская философия, духовная преемственность, духовная целостность, идентичность, целостность познания.*

Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуі бірегейлік мәселелеріне, ұлттың өзінің шығу тегі мен өткен рухани-мәдени тарихын түсінуге және білуге деген заңды қызығушылығын туғызды. Осы тұрғыдан алғанда қазақ ғалымдарының философиялық зерттеулерінің осы уақытқа дейін жеткіліксіз зерттелген бағыты «түркі философиясы».

Тарихи тұрғыдан түркі философиясының дербес мәртебесі туралы мәселе бір кездері КСРО құрамына кірген түркі тілдес мемлекеттердің саяси тәуелсіздігіне алып келген қазіргі әлемдік тарихтағы әлеуметтік-мәдени және саяси оқиғаларға байланысты туындады. Қазақ халқы, оның мәдениеті, тарихы, құндылықтары мен дәстүрлері, дүниетанымы қазақстандық мемлекеттілікті айқындау мен бірегейлікті іздеуде, ұлттық құрылыс пен этносаясат мәселелерін талқылауда басты назарда болғандықтан, оның түркілік көзін негіздеу және ашу мәселелері заң жүзінде өзекті болып отыр.

Ғылыми зерттеулер үшін қазақ халқының дүниетанымы мен рухани мәдениетіндегі осы дереккөздің рөлі мен маңыздылығын терең және жан-жақты түсінбестен, жаңа тарихи жағдайларда қазақ дүниетанымының идеялық түрленуін зерттеу нәтижелі болмайтыны белгілі болды. Қазақстандық философтардың зерттеулерінде "түркі философиясы" адам-ғасыр бітімгершілік байланыстарының философиялық рефлексиясының нақты тарихи түрі ретінде айқындалады. Өзінің терең қайнар көзіне қайта оралу деп түсінген дәстүр осылайша түркі рухани мұрасын зерттеуге түрткі болды.

«Түркі философиясы» деген ұғымның болмауы, сондай-ақ кеңестік кезеңдегі қазақ философиясында бұл тақырыптың дамымауының саяси-идеологиялық астары бар, бұл түркілердің тарихы мен мәдениетінің үнсіз қалуына да әсер етті. Бір ғажабы, кәсіби қазақ түркологтары арасында түркі философиясы туралы әңгіме болған жоқ. Түркологияның жалпы кемшілігі – түркілердің рухани өміріндегі құбылыстарды, ауызекі халық шығармашылығының өмір сүруін тежеу болды. Нәтижесінде Кеңестер Одағында филологиялық зерттеу парадигмасы басым болды. Философия кәсіби білімнің бір саласы ретінде идеологиялық бұғауларға көбірек түсіп, оған тәуелді бола отырып, «түркі» проблематикасынан барған сайын алыстап, сайып келгенде, оны мүлдем жоққа шығарды.

Қоғамда түркі тілдес халықтар философиядан бұрын пайда болған және «қоғамдық ой» деп аталатын рухани өндіріс түріне ие болды және иелік етті деген жалаң түсінік қалыптасты. Бұл философияға айналып үлгермеген, бірақ соған баратын жол ретінде өзіндік қызметті атқара отырып, шындықты рухани, практикалық және теориялық меңгерудің бір түрі болды. Оның толық қалыптасқан және дамыған категориялық аппараты болмады, ол концептуалды анықтамалардың анық еместігімен және олардың бейнелеуге бейімділігімен ерекшеленді.

Тарихтағы түркі мәдениетінің жетістіктерін өшіру және кемсіту позициясы да ғылымда ұзақ уақыт бойы үстемдік етіп келе жатқан еуроцентристік көзқарасқа негізделді, оның квинтэссенциясы философия болып табылатын рухани мәдениеттің жоғары үлгілері шығармашылықтың нәтижесі болып табылады. өркениетті деп аталатын халықтарға тән рухтың қызметі. Концепциялық тұрғыдан алғанда, философия тарихында бұндай дүниетаным мен идеологиялық ұстанымды Гегель дәйекті түрде білдірді.

Философия мен оның тарихына мұндай баға екі ғасырдан астам уақыт бұрын берілсе де, бұндай көзқарастың жақтастары өз ұстанымдарын осы уақытқа дейін сақтап қалды. Бірақ қазіргі уақытта ол белгілі бір идеологиялық ұстанымды білдіргендіктен емес, «философия дегеніміз не, оның мәні мен мақсаты қандай?» - деген пікірталас өзекті болып қала бергендіктен сақталды. Онда философия феноменінің пайда болуы көбінесе түркі мәдениеті мен оның тарихы сәйкестендірілетін көшпелі емес, отырықшы өмір салтының жемісі ретінде қарастырылады. Көшпелі өмір салты, бұл көзқарас бойынша философияның пайда болуына жағдай туғызбайды. Көшпенділік философияны тудыратын интеллектуалдық әрекетпен үйлесімді бола алмайды. Әрине, бұл мүлде қате, еуроцентристік көзқарас. Оның жақтастары Дала өркениетінен хабарсыз және адамзат дүниетанымын, ұлт болмысын бір арнаға бағыттап, бір қауызға сыйғызуға болмайтындығын қаперге алмаған. Шын мәнінде Батыс пен Шығыс, Еуропа мен Азия халықтарының өз менталитеттері, әлемді тану мен бағалау ерекшеліктері де бар екендігін ескергеніміз абзал. Бұл түркі тектес этностарға да қатысты.

Көшпелілік жағдайындағы философиялық дүниетанымның даму формалары туралы мәселе қазақстандық зерттеушілерінің жіті назарында. Олардың еңбектерінде философияның дербес теориялық білім және ойлау дәстүрі ретінде тек отырықшы өркениеттерде ғана пайда болып, дамитындығы айтылады. Философиялық дүниетанымды дәстүрлі емес тәсілдермен көрсетуге болады, өйткені адамдардың санасында әртүрлі деңгейлер мен қабаттар бар және олар өзара тоғысады. Шындықты философиялық тұрғыдан түсіну жасырын түрде де дамуы мүмкін.

Тарихи тұрғыдан философияның көптеген түрлері белгілі, оның Батыс Еуропа мәдениетіндегідей тек ғылыммен ғана емес, поэзиямен, фольклормен, музыкамен, халық даналығымен жақындасуы. Сондықтан қазақстандық ғалымдар көшпелілер өркениеті, дала мәдениеті жағдайында пайда болған философия – оның өзіндік санасы және адам өмірі мен дүниені ерекше поэтикалық дүниетанымымен, сезімімен өзіндік әмбебап ғарышын жасайды деген қорытындыға келеді.

Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ философиясы үшін ең алғашқы әрі маңызды оқиға «қазақ философиясының» жаңаша пайымдалуы мен ашылуы болды. Оны зерттеуге жаңа зерттеу парадигмасы қолданылды, оның дүниетанымдық аспектісі қазақ философиясының шығу тегінің түркілік тамырларына тікелей нұсқайды, оның әдіснамалық аспектісі оны қазіргі философиялық герменевтика мен философиялық салыстырмалы зерттеулердің, экзистенциалдық ізденістердің көкжиегінде қарастыруға мүмкіндік береді. Соңғы кездерде Қазақстандық ғалымдардың бірқатар жаңа еңбектері пайда болды. Соның арқасында қазақ философиясының көптеген аспектілері мен мәселелері объективті түрде және жаңартылған идеялық-әдістемелік ұстанымдарда ашылды.

Оларда қазақтың рухани-интеллектуалдық мәдениеті көне түркі дәстүріне негізделген күрделі, көп қырлы және көп деңгейлі құбылыс ретінде көрінді. Қазақтың рухани тарихы мен қазақ ғылымына бұрыннан белгілі болған Қорқыт Ата, Ясауи, Баласағұни, Қашқари, т.б. идеяларын жаңаша оқуды ғана емес, сонымен бірге қазақ философиясының тарихи шығу тегі мен әртүрлі мәдени әлемдерге әсер етуі тұрғысынан біртұтас білім ретінде қайта қарастыруды, жаңаша түсінууді талап етті. Бұл тұрғыда елеулі еңбектер пайда болды. Нәтижесінде 4 кітаптан

тұратын «Қазақ даласының ойшылдары» атты іргелі зерттеулер, 5 томдық «Қазақ философиясының көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихы» атты жоба, т.б. еңбектер жарыққа шықты.

Қазақ философиясында осы саладағы зерттеулер қазіргі таңда басымдыққа ие. Қазақ философиясы Батыстың белсенділік үлгісін де, Шығыстың толғаныс үлгісін де жаңғырта алмайтын онтологияның және сәйкесінше антропологияның өзіндік ерекше түрі бар көшпелі мәдениеттің рухани квинтэссенциясы ретінде қарастырылады. Қазақ философиясы тұтастық пен толеранттылық принциптерін қамтып, ақыл мен жүрек арасындағы алауыздықты болдырмай, руханилық пен имандылық өлшемдерін басшылыққа алады.

Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі философияның дамуының айрықша белгісі түркі философиясына да, қазақ философиясына да қатысты деректік базаның кеңеюі. Елімізде қабылданып жүзеге асырылған «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының арқасында шет елдерде – Қытайда, Иранда, Моңғолияда, Ресейде қазақ халқының тарихы мен мәдениеті туралы жаңа дереккөздер іздестіру жұмыстары жүргізілді. Бұрын белгісіз дереккөздер табылып, олар жүйеленіп аудармалары жүргізілді, ғылыми объективтілік тұрғысынан бұрынғы еңбектердегі кеткен ағаттықтар қалпына келтіріліп, олардың жаңа аудармалары жасалды, сөйтіп өткеннің мәдени құбылыстарын зерттеу ауқымы мен аясы кеңейді.

Түркі әлемінің көрнекті ойшылдарының көзқарастары қазақ философиясының дискурсына компаративистік (*салыстырмалы*) зерттеулер аясында енгізілді. Олардың идеялары қазіргі философиялық антропологияның, аксиологияның, этика мен эстетиканың зерттеу мүдделеріне сәйкестендірілді. Соның арқасында Әл-Фарабидің, Қорқыт Атаның, Баласағұнидің, Қашқаридың, тағы басқалардың өзекті идеялары жаңа заманмен үндесіп бүгінгі заман сұраныстарын қанағаттандыратын рухани құндылыққа айналды.

Қазақстандық философияның елу жылдан астам тарихында тұрақты дамып келе жатқан бағыттардың бірі – Әбу Насыр әл-Фараби мұрасы. Тарихи-философиялық зерттеулердің бұл саласында қазақстандық фарабитану елеулі нәтижелерге қол жеткізді: әл-Фараби шығармаларының қазақ және орыс тілдеріне аудармалары жарық көрді; мемлекеттік тілде ойшылдың 10 томдық шығармалар жинағы жарық көрді; көптеген ұжымдық және жеке монографиялар жарық көрді. Бұл еңбектерде қазақ ғалымдары оның мұрасын түркілік және исламдық дүние мен адам көзқарасының синтезі аясында түркі мәдениетінің дүниетанымдық әмбебаптарымен, оның құндылықтарымен және өмірдегі мән-мағыналық мәселелерімен сабақтастыра түсіндірді. Бұл тәсіл монотеистік айқын тенденцияға ие болған Тәңіршілдікті ежелгі діни дүниетаным ретінде қарастыруға, белгілі бір түрде ислам дүниетанымы мен оның идеологиялық кешенін қабылдауға мүмкіндік берді.

Қазақ философиясындағы тарихи-философиялық зерттеулердің тағы бір маңызды бағыты Қожа Ахмет Ясауидің сопылық көзқарастарын зерттеу болды. Түркістандағы монументалды мәдени-тарихи орталықтың қайта жаңғыртылуы тек ғибадат ету орнына ғана емес, сонымен бірге Ясауидің рухани-адамгершілікті мұрасын ғылыми зерттеу мен насихаттауда да үлкен жұмыс атқарған Ясауитану орталығына айналды.

Ясауи мұрасын сопылық көзқарастар мен халықтық наным-сенімдердің трансформациялануына (*түрленуіне*), дәстүрлі түркі мәдениеті мен ислам мәдениетін синтездеу бағытында түсіндіру қазақ философиясына «Ясауи Хикметтерінің мәнін түсінудің кілті ежелгі түркі мифологиясы мен Қорқыт туралы аңыздардың терең қойнауында жатыр» - деп тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Бұрынғы түркі ойшылдарының философиялық дүниетанымдарын объективті тұрғыдан, атеистік ұстанымдардан ажыратып, идеологиялық тұрғыдан қайта қарау олардың көзқарастарының дүниетанымдық негіздерін түсіндірудің күрделі мәселелерін ашып берді. Қазақстанда фараби және йасауитану ғылымының даму мысалдарында атап өтілгендей, олардың үйлесуі, бірігуі орын алды.

Бұл жаңаша қарау түркі және ислам философияларын нақтылау, олардың мәні мен бір-бірінен айырмашылығын анықтау мәселесін қиындата түсті. Ол рухани-мәдени ықпалдар мен өзара әрекеттесу мәселесін жаңартып, мынадай сұрақтар қойды: Түркі философиясы исламның

ықпалымен қалай өзгереді және онда не сақталады? Ислам дінін қабылдаған кезеңнен бастап түркі философиясы тарих сахнасынан ығыстырылып, тек ислам философиясы дамып келеді - деп айта аламыз ба? Әртүрлі мәдениеттер тоғысқан кезде философияның осы, немесе, басқа да бір формасын анықтайтын шекара қайда?

Ислам философиясын қарастыратын болсақ, оның интенционалдық концепциясын таухид деп атаймыз, түркі философиясында мұндай концепция бар ма? Ислам мәдениеті мазмұнын ислам философиясы объективсіздендіретін Кітап мәдениеті болса, онымен салыстырғанда түрік философиясының деобъективтілігі адамға қажетті мазмұны қалай объективтіленеді? Мәдени-тарихи құбылыстар мен процестерде бізге түркі философиясын нақты философиялық дискурс ретінде көрсететін оның бастауы неден тұрады?

Қазақ философиясындағы ақиқатты іздеудегі талпыныстар мен тәсілдер өзін дәлелдеп үлгергенімен, бұл мәселеге әлі адекватты және өзекті жауап тапқан жоқ. Солардың бірі ретінде А.Нысанбаев пен Т.Ғабитовтің «Түрік философиясы. Он сұрақ-жауап» еңбегін атауға болады. Осы және басқа да мәселелерді шешу қазақстандық зерттеулерді ең алдымен түркі тілдес мемлекеттер ғалымдарының мәдениетаралық байланысы мен халықаралық ғылыми ынтымақтастығының жаңа деңгейіне шығарады.

Халықаралық кооперация мен ынтымақтастық аясында түркі философиясын зерттеудің перспективалық бағыттары көптеген мәселелер мен проблемаларды қамтиды. Бұл «Түркі философиясы» гуманитарлық жобасын оның дүниетанымдық, құндылық, танымдық және эстетикалық аспектілерінің бірлігінде жүзеге асыруға қабілеті барабар әдістемелік құралдарды іздестіру; әлемдік философия тарихындағы және мәдениеттердің қазіргі диалогтық кеңістігіндегі оның орнын ашу; Орталық Азия, Түркия, Әзірбайжан елдеріндегі философияның дамуымен салыстырмалы талдау жасау арқылы түркі философиясының құрамдас бөлігі ретінде қазақ философиясының мәні мен маңызын тұтас ашып көрсету.

Қазақстандық ғалымдардың басқа түркі тілдес мемлекеттердің ғалымдарымен шығармашылық қарым-қатыста болуы мен ынтымақтастығы дәстүрлі ұлттық мәдениет пен оның дүниетанымдық әмбебаптарын, түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымдарын жан-жақты зерттеуге айтарлықтай серпін береді. Халықаралық ынтымақтастық түркі философиясының тұтас дүниетаным ретіндегі теориялық мәселелерін, оны кезеңге бөлу мәселелерін, философиялық тілін дамыту мен әлемдік философиядағы орнын кеңейтіп, тереңірек зерттеуге ықпал етеді деген ойдамыз.

### Әдебиеттер

1. Қазақтың тарих философиясы. 6-шы том // Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана, 2006. – 512 б.
2. Нұрмұратов С. Қазақ руханияты және түркілік дүниені пайымдау // IV Халықаралық түркология конгресі материалдары (13-14 мамыр, 2011). – Түркістан, 2011. –536-540 бб.
3. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. 5-ші том // Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана, 2005. – 528 б.
4. Рахманалиев Р. Империя түрков. Великая цивилизация. – Москва, 2009. –576 с.

## ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКІ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Бекежан Өмірбек Қадырханұлы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің кафедра меңгерушісі,  
Философия ғылымдарының докторы, профессор, Атырау қаласы

**Ключевые слова:** тюркская литература средних веков, философские аспекты литературы Средневековья, морально-этические проблемы, аксиология

### Резюме

В статье освещаются основные философские, этические проблемы поэтического творчества Средневековья. Анализируется творчество ведущих авторов средневековья Ахмед Июгнеки, Насреддина Рабгузи, Кутыпа, Хусам Катиба, Сайфи Сарайи. Выявляются основные социально-философские термины литературы средних веков и ее мировоззренческие особенности. Тюркские литераторы высоко ценили идеалы разума, человечности, гуманизма, составившие содержание общечеловеческих ценностей.

Қазақ халқының философиясы қалыптасу тарихында орта ғасырлық түркі философиясының орны ерекше болып келеді, себебі ол бүкіл түркі жұртына ортақ дүниетанымдық, ділдік, лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени мұра болып табылады. Демек, ортағасырлық түркі мәдениеті, түркі мәдени космосы қазіргі қазақ халқының рухани алғышарттарының бірегейі болуы заңды құбылыс. Бұл жөнінде белгілі философ М.Орынбеков былай деген еді: «Қазақтың ататегінің арғы философиясынан бастап діни сенімінде, Тәңірге табынушылығында және сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылардың мифологиясында алдыңғы орынға философиялық дүниетанымдық зәру мәселе ретінде көшпелілердің (ғұндар), малшы-егіншілердің және отырықшы тайпалардың тіршілік бағыттарының, жолдарының арақатынасы шығады. ...Бұның өзі көне түрік жазу мәдениетінің дүниеге келуімен белгілі» [1, 5]. Қазақ және түркі халықтарының философиялық дәстүрін қарайтын болсақ, дүниені бейнелеуде тек қана ұғымдық-категориялық аппарат емес, әсіресе, көркем образды қолданудың ерекше орын алғанын байқаймыз. Бұл жалпы шығыс дүниетанымы мен менталитетіне тән құбылыс екенін білеміз. «Жалпы философиялық ойды поэтикалық сипаттама арқылы жеткізу біздің халқымыздың түркілік тарихы мен одан кейінгі қазақтың ақын-жыраулар тарихындағы ерекшелігіміз болып табылады. Жалпы поэзия философиядан алыс дүние емес. Поэтикалық формадағы философиялық ойдың тұжырымдалуы көбіне терең даналық ойларды халықтың санасына жақындатуға ықпал етеді» [2]. Осындай өзгеше философиялық таным жүйесі қалыптасуының тағы бір ерекшелігі философиялық ойдың көркем әдебиетте үлкен орын алуымен байланысты деп пайымдаймыз. Сондықтан осындай әдеби философиялық таным ортағасырлық қолжазбаларда кеңінен көрініс береді. Әрине, тек түркіәлемі емес, әлемдік философия тарихынан берік орын алған философиялық шығармалар да жетерлік. Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастаны, Қожа Ахмет Ясауидің шығармашылығы, соның ішінде «Диван-и-Хикмет» («Даналық кітабы»), ерекше маңызға ие. Жүсіп Хас Хажиб Баласағұнидің «Құтты білік» дастаны да ортағасырлық ұлы туындылардың бірі. Осы философиялық еңбектердің поэзия форматында болып дастан аталғанын білеміз.

Мысалы, Ахмед Иүгінеки философиялық идеясының негіздері адамның білім алуы, еңбек этикасы, адам баласына тән мінез ерекшелігі, білім шырағы мен нағандық, қоршаған әлемнің үнемі өзгерісте, дамуда болуы сияқты әлеуметтік философиялық проблемалар еді. Білім мен адам бақытының өзара тығыз байланысы, білім бақыттың кілті екендігі жайлы ақын былай дейді:

«Айтайын білім жайын, құнты бар бол,  
Ей, досым, білімдіге ынтызар бол.  
Ашылар білімменен бақыт жолы,

Білім ал жолға түсіп бақыт жолы»

Білімнің күшін былай деп суреттейді:

«Білімді білімсіздің мыңын жеңер,  
Ол біліп білім ізін, теңін теңер,  
Көр байқап, оқы, сына: білім – пайда,  
Білмесең – басқа не бар, сенің нең ер?»

Ақын дүниені үнемі өзгеріп тұратын диалектикалық заңдылық ретінде қарайды:

«Бұ дүние – бір керуен сарай-ды,  
Кететіндер түсіп, содан тарайды;  
Алғы тізбек көшіп ұзап кеткенде,  
Келіп түскен соңы соған қарайды  
Осы пікірін ол былай деп жалғастырады:

«Құр күйбеңі бұ жалғанның ез етер,  
Шадыман шақ ескен желдей тез өтер,  
Жас қартайып, жаңа ескіріп, күш қайтып,

Қуатты бел бүгілетін кез жетер»,- деп, адам өмірінің тұрақсыздығын тұжырымдайды. Ал осындай тұрқсыз өмірдегі адам өмірінің мәні адам болу, еңбек ету деп еңбек этикасын алға тартады[3].

Ортағасырлық «Оғызнама», «Махаббатнама», «Кодекс куманикус» сияқты туындыларда, атақты Рабғузи, Құтып, Хұсам Кәтиб, Сәйфи Сарайи шығармаларында жалпытүркілік даналық ойлар, этикалық тұжырымдар, философиялық көзқарастар молынан кездесіп, түркі халықтарына ортақ дүниетанымның озық үлгілерін көреміз. Қандай ортақ құндылықтар мен дүниетанымдық негіздерді көреміз дегенде мынандай тұжырымдарды алға тартуға болады.

Бұл әрине, біріншіден, ежелгітүркілік дәстүрлі дүниетаным көріністері. Көк Тәңіріне деген сенім, Ұмай ананы пір тұту, әруаққа, жер-суға табыну сияқты ежелгі наным сенімдер, сонымен қатар шаманизм элементтері кеңінен көрініс береді. Ежелгі түркілердің осы нанымдары түркі дүниесіне сонау Қараханидтар дәуірінде ислам діні ресми енгенге дейін және одай кейін де ислам дінімен сабақтаса, симбиоз құрып, дәстүрлі ислам атанған сенім түріне ие болды. Сонымен қатар ежелгі түркі халықтарының дәстүрлі этикалық, имандылық жүйесі, философиялық-даналық ойлары жергілікті менталитетте ұзағынан сақталып көркем әдебиетте ойып орын алғаны сөзсіз. Кейін осының бәрі исламдық діни қағидаттармен ұштастырылып, ол да әдеби жанрда өзіндік көрініс тапты. Екіншіден, түркілік әдебиеттегі шығарманың оқиғалық желісі міндетті түрде философиялық түсінік, ой-толғаммен сабақтасып жатыр. Соның ішінде этикалық тұрғыдан қайырымдылық, біліктілік, әділеттілік, адалдық, қанағат, сабырлық, философиялық тұрғыдан ақиқат, ақиқатты іздеу, ізгілік пен зұлымдық, өмір мен өлім, адам өмірінің мәні, уақытша өмір мен о дүниедегі мәңгілік рухани өмірдің диалектикасы жан-жақты қаралып, тұтас дүниетанымдық-философиялық концепцияға айналды. Түркілік дүниетанымның тағы бір ерекшелігі батыстың философия дәстүріндегі қағидатқа айналған рационализмнің сезімдік таныммен, жүрек компонентімен толықтырылуы болды. Жүрек ұғымы көптеген халықтардың поэзиясында, дінінде әсіресе мистикалық дәстүрлерде үлкен орын алатыны белгілі. Бірақ, тарихи – философиялық желі тарапынан келетін болсақ, оның «жүрегінің» Шығыстың философиялық – діни ойымен, оның ішінде мұсылман мистикасы – суфизммен (сопылықпен) терең тамырлас екенін көреміз. Араб - ислам мәдениетінде ақиқатты тануда фәлсафа ақылға сүйенсе, сопылық ағым жүрекке табынады. Суфизмнің белгілі зерттеушісі Т. Степанянц те жүректің осы роліне үлкен назар аударады. «Суфистік символикада жүрек – бір мезгілде әрі құдайдың тұрған жері, әрі мистикалық танымның өзіндік бір органы. Атақты «құдси» хадисі бойынша Алла былай депті: менің орным көкте де емес, жерде де емес, сенімді құлымның жүрегінде» [4, 27 б.]. Түрік мистигі Юнус Эмреннің де осыған ұқсас сөзін келтірсе болады. «Егер сен құдайды іздесең өз жүрегіңнен ізде, ол Иерусалимада да емес, Меккеде де емес, қажыда да емес». Осылайша



түркі дүниетанымындағы иррационализм ұстанымдары көркем әдебиетте ерекше поэтикалық, эстетикалық таным деңгейіне көтеріледі және оқиғалармен бейнелі көрініс табады.

Міне, осы айтылған дүниетанымдық ерекшеліктердің жарқын мысалдарын біз ортағасырлық түрік жазбаларынан таба аламыз. Мысалы, С. Бақырғанидің шығармашылық өмірінің басты идеясы - адамның рухани кемелденуі жайлы ілім болды. Кейін бұл ілім жалпы түркі философиясының, соның ішінде қазақ ойшылдарының зерттеу өзегіне айналғаны белгілі. Ал ортағасырлық әдебиеттің озық өкілдерінің бірі Ахмет Йүгінеки өзінің «Ақиқат сыйы» дастанында адамға қажетті ақылды, білімді, әдептілікті, кішіпейілділікті, парасаттық-сабырлықты адам баласының құндылықты ұстанымдарының маңыздысы ретінде көрсетті. Ислам дінінің этикалық нормалары түркі халықтарының діни-моральдық құндылықтарымен сабақтастырыла қаралды. Атақты Ясауи сопылық бағытты негізге ала отырып ислами құндылықтарды жалпы халыққа түсінікті және рухани бастау ретінде өз шығармаларына арқау етті, кейін ол Түркі халықтары үшін орны ерекше діни танымдық, философиялық, дидактикалық еңбекке айналды.

Бұл жерде назар Қожа Ахмет Ясауидің діни тұжырымдамасының негізінде мейірімділік, әділеттік, адамгершілік принциптерінің жалпыадамзаттық моральдық-этикасы жатырғанын айтқан жөн болар.

Философиялық даналық ойдың түркі әлеміне тән өзіндік сипаттарын Рабғузидің «Қисса-сұл-әнбийя-й» хикаялар жинағынан, Құтыптың «Хұсырау-Шырын» дастанынан, Хусам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтан», Сәйф Сарайидің «Жәдігернама», «Суһаил ме күлдірсін», Хорезмидің «Махаббатнама» сияқты ортағасырлық әдебиеттің жауһарларынан көреміз.

Ортағасырлық әдебиеттің көрнекті шығармаларының бірі Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасы(ХІҮғ.) екені белгілі. Бұл поэмада ортағасырлық қоғам мен мәдениеттің өмірі жан-жақсы суреттеледі. Ортағасырлық әдебиеттің діни танымдық сипатын осы шығарманың тілдік ерекшелігін зерттеген ғалым, профессор М.Сабыр өз зерттеуінде нақты лексикалық талдау арқылы көрсетеді: «діни наным-сенімдерге байланысты сөздер: уған(құдай), таңры (тәңірі), ужмах(жұмақ), жаннат (пейіш), тамуғ (тозақ), йалаваш (пайғамбар), тумар (тұмар), йарлықа, бутхана (табынатын орын) т.б.» [5, 77б.]. Бұл мысалдар ортағасырлық мәдениетте ислам дінімен қатар ежелгі наным-сенімдердің қатар жүргенін көрсетеді. Автор келесі бір жерінде таза ислам дініне тікелей қатысты сөздердің тізбегін келтіреді: «құрбан, шарифат, шайтан, дұға, қағба, дузах» [5, 88б.].

Осы еңбегінде профессор Мұрат Сабыр сонымен қатар сол кезде қолданыста болған абстрактілік ұғымдарды да келтіре кетеді: «ашық (ғашық), фирасат, мақсұт, мухаббат, жан, бахт (бақт) т.б. » [5, 88б.]. Ғалымның келтірген лексикалық мысалдары ортағасырлық әдебиетте әлеуметтік философиялық ұғымдардың кеңінен тарап, сол тарихи уақыттың дүниетанымынан берік алғанын айқындайды.

Мысалы, Насреддин Рабғузи шығармалары әртүрлі мысал әңгіме, әфсана яғни притча жанрына жақын болып келеді. Қиссалардың денін ислам дініне тән сюжеттер құраса да олардан жалы адами моральдық тәрбиелік үлгілерді анық көреміз. Оны зерттеген филолог ғалым А.Қыраубаева: «Кітапта табиғат, дүние құбылыстары, жаратылыстың пайда болуы жайындағы мифологиялық әңгімелер, халифтар, пайғамбарлар туралы аңыз-қиссалар, ертегілер, өлеңдер бар» -дейді [6, 185 б.]. Осы кітаптағы арғы жағындағы араб, парсылық сюжеттер түркі дүниетанымына кірігіп, дүниетанымдық тұтастық құрып, түркілердің де төлтума этикалық ұстанымдарына сәйкес келіп отырды. Рабғузи хикаяттарындағы құдай құдіретінің әрбір адами әрекетте орын тауып, адам баласының ақиқат саналатын құдіреттің алдындағы жауапкершілігі деген мәселені көтереді. Осы жауапкершілік адам мен әлем, адам мен табиғат арасындағы гармонияны тудырады. Топан су туралы аңыздан осы идеяны көреміз. Хикаяларда жалпыадамзаттық этикаға тән жақсылық пен жамандық, күнә мен парыз, қиянат пен жаза, жалған құндылықтар мен шынайы құндылықтар тартысы сияқты аксиологиялық сұрақтар да сюжет желісі арқылы философиялық тұжырымдарға әкеледі. Сүлеймен пайғамбардың құмырсқалар патшасы Манзурадандан сөзден ұтылуы да терең философиялық ойға жетелейді. Тіпті ең құдіретті деген (пайғамбар) адамның өзі аңғармайтын, пайымы жетпей

қалатын тұстары болады екен деген ой осы әфсананың тобықтай түйіні. Бұл дүниеде барлық құбылыстың, заттың ішкі сыры, мәні бар, адам соған зер салып және олардан да үйрену керек деген танымдық қағидат осы әңгіменің арқауы десек те болады. Бұл әу баста Құдай жаратқан әлемдегі жаратылғанның бәрінің берілген өз мәні бар дегенге саяды. Белгілі ғалым С. Нұрмұратов бұл хикаяның айналасына зер салып қарайтын адам баласына әрбір нәрсе ұстаз деген ойды білдіріп тұрғанын айтады. Тағы бір жерде (Харут пен Марут хикаясы) нәпсіқұмарлық пен руханилық мәселесі қаралады. Адам баласының нәпсі алдындағы әлсіздігі, құмарлықтың тылсым, жойқын күші неде деген сұрақтар хикая арқылы беріледі. Сонау заманда, З. Фрейдке дейін ортағасырлық ойшыл иррационалдық, бейсаналық либидо күшінің алдында кейде періштелер де түзу жолдан таяды деген ойды келтіреді және олардың міндетті түрде жазаға тартылуын көрсетеді. Адам бойындағы Құдайлық пен пенделік (инстинкт) тартысы діни-этика аясында қаралады. Адам үшін руханилықтың маңызы, адам қалпын сақтау үшін иманның беріктігі сөз болады. Осылайша ортағасырлық ойшыл Рабғузи философияда әлі күнге күн тәртібінен түспеген тіпті қазіргі жаһанданған әлемде күрделі проблемаға айналған сұрақтарды діни аспектіде, хикаят форматында қарай отырып оқырманды өзіндік ой түйіндеуге шақырады.

Ортағасырлық ақын Хұсам Кәтиб шығармаларында этикалық сұрақтар әртүрлі аспектіде қаралып, дүниенің өтпелілігі, өмірдің мәнін іздеу сияқты сұрақтар қаралады. Ол адам өмірінің мәні жақсылық жасау деген ұстаным айтады:

Келдің дүниеге -кетпек керек,

Бар күшің жеткенше жақсылық етпек керек.

Осындай ұлы мақсатты өмірмәндік, дүниетанымдық бағдар етіп алған адам көп болған сайын қоғамның өмірі әділетті бола түседі дейді. Осы қысқа өмірінде жамандық жасаған адамды о дүниеде тозақ күтіп отырады деген діни тұжырым беріледі. Оның «Жұмжұма сұлтан» дастанында материалдық байлық пен рухани құндылықтарға байланысты адам таңдауы, тән қызығы мен рух талабы сияқты сұрақтарды Ғайса пайғамбар мен Жұмжұма диалогы арқылы көрсетеді. Діни аспектіде өзімшілдік, менмендік сияқты теріс пенделік қасиеттер сынға алынады. Жұмжұманның өз менмендігі, тәкәппарлығы үшін тартқан жазасын, тамұқта көрген азабын өз аузымен айтуы арқылы оқырман имандылық пен адамгершіліктің тартар азабы ауыр екенін түсінеді.

Ақын бұрынғы өмірінде күнәлі, қиянат жасағандар ауызына мынандай сөздер салады:

Сұлтан едік әрбіріміз,

Әрбіріміз бір мәлік едік ұлық,

Енді осында болды тұрағымыз.

Азғын және алдамшы еді ісіміз бұрын,

Енді шаяндар мекенінде орнымыз.

Хәліміз мұндай боларын білсек едік,

Разы болар едік кедей болсақ та.

Кешер едік дүниені болып пақыр,

Бұрын сұлтан болып, мұндай болғанша ақыр [4, 494б.].

Осындай азап тарту, өткендегі, ұлық, бек, сұлтан болғандағы істеріне өкінуді көрсету моральдық-этикалық тұрғыдан қазіргі заманғы басшыларға, билік адамына сабақ алатын ескерту болып көрінеді. Ақын поэзияның, діни сюжеттік желіні қолдана отырып, ел басқарған адамдарға ескерту жасайды. Бұл да ортағасырлық ақындардың батылдығын, тек ақын болып қоймай билік тарапына да сыни көзқарас айта алатын азаматтық көзқарасын білдіреді. Жалпы бұл үрдіс бүкіл ортағасыр ақын, шайырларына тән ұстаным болып табылады.

Аскеттік жолға түсіп, өзін өзі шектеп, руханилық жолына түскен адамның қадір қасиеті сипатталады. Жалпы ақын адам болуы жолдары деген дәстүрлі гуманистік-философиялық сұрақты өзінше шешуге ұмтылыс жасайды.

Жалпы, ортағасырлық түркі тілдес халықтардың әдеби мұралары көркем поэтикалық тілімен қатар терең мәнді әлеуметтік, діни, этикалық - философиялық сұрақтарды

өзектендірген және сол дәуірдің тарихи-мәдени аясында негіздеген шығармалар болып табылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Орынбеков М. Қазақ философиясына кіріспе//ҚР Ұлттық ғылым академиясының хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сеиясы.1993.№3.16-24 бб.
2. Нұрмұратов Кіріспе./Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. Жиырма томдық.5-том.Астана: Аударма,2005.-528
3. Иүгінеки А. (2006). Ақиқат сыйы// Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Т.10. Астана: «Фолиант»
4. Степанянц М.Т.Философские аспекты суфизма. — М.: Наука, 1987. — 192 с.
5. Сабыр М.Б.Алтын Орда дәуірі: Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасы(ХІҮғ.)-Алматы: «Liber»,2023-320 б.
6. Қыраубаева А.Ғасырлар мұрасы [Мәтін] : [5 томдық шығармалар жинағы] / А. Қыраубаева ; [басп. әзірл.: Л. Мұсалы ; ред. алқасы: Т. Кәкішев [ж. б.] ; ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі] .- Алматы : Өнер , 2008. –
7. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. Жиырма томдық.5-том.Астана: Аударма,2005.-528

### ӘОЖ 808. 5: 35

#### МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІН ДАМУ

Д.С. Исапова

Алматы қаласы, Халықаралық білім беру корпорациясы п.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

Бүгінгі заман талабына сай рухани құндылықтар әлемі де жаңарып, келешек жас маманның интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудағы білімнің мазмұны мен маңызы өзгерді. Сондықтан ЖОО-нда келешекте кәсіби маманның мемлекеттік тілді жетік меңгеріп, қалыптасуында, қабілеттерін дамытуға мүмкіндіктер бар. Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту мен дамытуда, оның ғылымда, елдің өндіріс және ауыл шаруашылық салаларында, халықаралық байланыстарда қолдану аясының дами түсуі студенттердің болашақ мамандығымен тығыз байланысты. ЖОО бітірген жас маман-әрі болашақ маман, әрі экономиканы ілгері дамытатын кәсіпкер.

Тілдік білімді студенттің саналы әрекетін дамытатын, өмірлік қажеттігіне жаратын тетікке айналдыру-біріншіден, өзіндік көзқарас, дүниетаным мен сенім қалыптастыратын, екіншіден, кәсіпке бейімделу, жаңа кәсіби мамандық саласына қатысты мәселелерді түсіну, қабылдау, тілдік қарым-қатынас жасай алу қабілеттерін дамыту бүгінгі күн талабынан туындайды. Бұл мемлекеттік тіл-қазақ тілі пәнін оқытуда студенттің кәсіби лексикасы мен терминдік қорын қалыптастыруға басымдылық беруді талап етеді. Заманауи білім беру үдерісі ең алдымен жеке тұлғаға бағытталған, тіл үйренушінің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасады.

Қазіргі таңда мемлекеттік тіл-қазақ тіліміз өміріміздің әр түрлі саласына батыл енгізіліп келеді. Жоғары оқу орындарындағы қазақ тілінің практикалық курсы мемлекеттік тілде кәсіби тілдесімге негізделген. Тілдесімді ресми тілдесім, бейресми тілдесім, қалыптасқан тілдесім, кәсіби тілдесім, әлеуметтік тілдесім, дербестік тілдесім деп өз ішінде 6 топқа бөледі. Кәсіби тілдесімнің практикалық дағдылары оқыту процесінде мамандықтарына байланысты қамтылған терминдермен жұмыс жасау арқылы, мазмұны сол мамандыққа сай, қызығушылығы арттыратын кәсіби мәтіндерді меңгеру арқылы қалыптасады. Мектептен келген оқушылардың мемлекеттік тілді меңгеру сапасы жылдан-жылға жақсарып келеді. Дегенмен, өзінің таңдаған мамандығы айналасында әңгіме құру, еркін сөйлеу әлі де болса

өзекті үлкен проблемаға әкеледі. Сондықтан бүгінгі біздің оқу процесіміз студенттердің кәсіби сөздік қорын молайтып, сауатты жаза алатындай дәрежеге жеткізуге, пікірлесуге бағытталған. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, құқықтану мамандығы бойынша берілетін материалдарға тоқталсақ.

Мемлекеттік тілді білу деңгейін дамыту үшін, қызмет барысында өзара қарым-қатынасты қазақша ресми түрде жүзеге асыру мақсатында жиі кездесетін терминдер мен сөздер, терминдік сөз тіркестерін береміз.

Мысалы, термин сөздерді орыс , ағылшын тілдеріне аудару.

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Айыптаушы		
Айғақ		
Жауапкер		
Тәртіп		
Әлеуметтік		
Тергеуші		
Заңдылық		
Бекіту		
Азаматтық		
Шағым		

Терминдер мен жаңа сөздерді меңгерткенде, сөздік жұмысын сабақта түрлендіріп беруге болады. Мысалы, студенттердің өздеріне аудармасын сөздіктен тапқызу, студенттердің білгендеріне сүйену, сөз тіркестерімен сөйлемдер құрату, синоним, антонимдерін табу т.б



**Мәтінді мәнерлеп оқыңыз.**

Қоғам дамуының жаңа кезеңіне көтерілгенде, халық тұрмысына, ғылымға, салалық өзгерістер енгенде көптеген жаңа атаулар, соны ұғымдар пайда болып, соған байланысты тілдегі бұрыннан бар сөздердің мағыналары көбейеді немесе мүлдем жаңа сөздер, терминдер туады. Осындай жолмен туындайтын, халық тұрмысына өзгерістер болған сайын жетілдіріп отыруды қажетсінетін терминология саласының бірі – заң терминдері.

Республикамызда заң мамандарын дайындау ХХ ғасырдың 20-жылдарының аяғында басталды. Демек, сол кезден бастап қазақ мемлекетінде заң саласындағы терминдер қалыптаса бастады.

Ғылым мен мәдениеттің шарықтай өскен заманында басқа терминдер сияқты заң терминдерінің құрамында да көптеген өзгерістер болды. Бұрынғы терминдер құрамындағы бірқатар атаулар ескіріп, оның есесіне жаңа ұғымды білдіретін соны атаулар пайда болды.

Мысалы, болыс, би, қазы, ұлық т.б осы сияқты көне атаулар архаизмге: кеңес, сот, прокурор, қорғаушы, тергеуші т.б. сөздер осы кездегі әлеуметтік меншік пен мемлекетті қорғаушы субъектілердің мазмұнын білдіретін терминдік мәнге ие болды.

Заң терминдерінің негізін халықтың әдет-ғұрыптарынан, заңдарынан, жол-жолдарынан, қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдарынан, заң кодекстерінен, қылмыстық істер кодекстерінен кездестіруге болады. Мысалы, күә, халық соты, заң, шағым, бас бостандығы, қоғамдық тәртіпті қорғау, бап, құқық, еңбек тәртібі, борыш, жауапкер, талап арыздары, айыпкер, жаза, қылмыс, азаматтық істер, меншік, сот үкімі, сот билігі, қарсы талап, айғақ, куәлар, айыптаушы, аса ауыр қылмыс, тағы басқа сөздер бірер жылдың жемісі емес, халықтық қолданыста бар, кейбірі бұрыннан-ақ терминдік мән алған сөздер.

Осы кезге дейін бізге мәлім болып келген заң терминдерінің шығу тегі, жасалу жолдары да түр-түрлі болып келгенін білеміз. Бірқатар терминдер жалпытүркілік негізде жасалса, енді біреулері қазақтың жалпыхалықтық төл лексикасының негізінде, ал бірсыпырасы басқа тілден ауысқан кірме сөздердің терминдік қызмет атқарып қалыптасуынан пайда болды. Мысалы, әкімгершілік ұғымды білдіретін "хан", "тархан", "бек" сөздері көне түркі дәуірінен белгілі. "Жала", "құн", "айғақ", сияқты қылмыстық құқыққа қатысты сөздер байырғы қазақ тілінде бар атаулар. Ал "адвокат", "компетенция", "күә", "шара", "айып" сөздері – басқа тілден ауысқан кірме атаулар. Осындай пайда болу төркіні әртүрлі сөздердің де қай-қайсысының термин ретінде қалыптасу жолы, өз тарихы бар. Бұлардың бәрі де дүниенің әлеуметтік тынысымен, халық шежіресімен астасып жатады.

### Мәтін мазмұнын ашатын тірек сөздерді табыңыз

- А) Ұғым, ынтымақтастық, келісім
- В) Халық шежіресі, серіктестік, одақ
- С) Термин, кірме сөздер, заң маманы
- Д) Пайда, сыртқы, төл лексикасы

### Мәтінге ат қойыңыз

- А) Құқықтанудың терминдері
- В) Халық шежіресі
- С) Заң мамандарын дайындау
- Д) Заң кодексі

### Мәтінге сай сөйлемдерді анықтаңыз

1. Заң мамандарын дайындау ХХ ғасырдың 20 жылдарының аяғында басталды.
2. Жаңа ұғымды білдіретін жаңа атаулар пайда болуда.
3. Заң терминдерінің негізін халықтың әдет-ғұрыптарынан кездестіруге болады.
4. Заң терминдерінің құрамында көптеген өзгерістер болды.

### Сөздердің сәйкес қатарын анықтаңыз.

Қоғамның дамуы	Общественный порядок
Халық тұрмысы	Быт народа
Заң терминдері	Заемствованные слова
Заң саласы	Состав юридических терминов
Заң терминдерінің негізі	Юридические кодексы
Қылмыстық істер	Уголовные дела
Заң кодекстері	Основа юридических терминов
Заң терминдерінің құрамы	Юридическая сфера
Кірме сөздер	Юридические термины
Қоғамдық тәртіп	Развитие общества

### Қазақ тіліне аударыңыз

Юридические термины обычно подразделяют на три вида: а) общеупотребительные термины, которые используются в обыденной речи и понятны всем; б) специально юридические термины, которые обладают особым правовым содержанием (аккредитив, исковое заявление и т.п.).

Такие термины служат для обозначения юридических понятий, выражения юридических конструкций, отраслевой типизации и т.д.) технические термины, которые отражают область специальных знаний, например правила техники безопасности, техническое обслуживание оборудования, проведение экспертизы технических решений и т.п. Однако общеупотребительные термины могут стать и юридическими. Так, термин

"правовое пространство", появившийся несколько лет назад в процессе парламентских и журналистских дебатов, превращается из общеупотребительного в специально-юридический.



### Тест сұрақтарына жауап беріңіз

Термин сөзін көрсетіңіз

- a) мемлекет
- b) жетілдіру
- c) шағым
- d) атау

Тілдегі бұрыннан бар сөздердің мағыналары.....

- a) қорғайды
- b) көбейеді
- c) белгілейді
- d) жетілдіреді

Дұрыс тіркесті көрсетіңіз

- a) қоғамдық тәртіпті қорғау
- b) қоғам тәртіпті қорғау
- c) тәртіпті қоғам қорғау
- d) қоғамдық тәртіп қорғау

Собственность сөзінің аудармасы.

- a) құрал
- b) ұғым
- c) мазмұны
- d) меншік

Әрине, тапсырмалар жүйесін түрлендіріп, жалғастыра беруге болады. Бұл жерде, ең бастысы, оқытушының кері байланысты ұйымдастыра білуі. Оқытушы студенттердің жұмысына баға берсе, студенттер өз кезегінде сабақ барысының қалай ұйымдастырылғанына баға береді.

Әрбір оқытушының міндеті-студенттердің білім жүйесін меңгеруге деген қызығушылығын туғыза білуі, студенттің дүниетанымын кеңейтуге, ойлау дербестігін дамытуға жағдай жасай білуі мақсатына бағындырылған әдіс-тәсілдерді дұрыс, тиімді таңдай алуы болып табылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.-Алматы: «Мұрагер», 2005.-176 б.
2. А. А. Сейтбекова Кәсіби қазақ тілі. «Заңтану» мамандығына арналған оқу құралы. - Алматы, 2015ж
3. Ғ. Сапарғалиев. Қазақстан мемлекеті мен құқығының негіздері. - Алматы: «Атамұра» баспасы, 2003ж.

### ӘОЖ 811. 512

### МАҚМҰТ ҚАШҚАРИДЫҢ «ТҮРКІ ТІЛІ СӨЗДІГІНІҢ» (ХІ Ғ.) ЗЕРТЕЛУ ТАРИХЫ

### Жалмаханов Шапағат Шарапатұлы

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті  
Филология ғылымдарының докторы, профессор  
Қазақстан, Қарағанды

Мақалада 1072-1074 жылдары жазылып, еңбектің түпнұсқасы емес, 1266 жылғы жалғыз көшірмесі 1914 жылы Стамбулда табылған М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігінің

(XI ғ.) бір ғасырлық зерттелу тарихына шолу жасалады. Ол зерттеулердің кезеңдері, қарастырған елдер мен ғалымдар, сөздікті зерделеу мақсат-міндеттері, ғалымның өмірбаянын, сөздікті, сөздік қосымшасы географиялық картаның түркі тілдері мен халықтарына қатысы жайлы талдаулар жасалады.

Сөздік табылып, бір ғасырдан астам уақыттан бері ізденіс нысаны болып келе жатқанмен, әлі де зерттеу өзекті екеніне көз жеткізуге болады.

*Тірек сөздер:* «Түркі тілдері сөздігі», түркі тілдеріне қатысы, географиялық карта.

В статье дается обзор столетней истории изучения словаря М. Кашгари «Дивани лугат ит-турк» (XI в.), написанного в 1072-1074 годах и единственной копии произведения 1266 года, найденной в Стамбуле в 1914 году. Анализируются этапы исследований, рассматриваемые страны и ученые, цели и задачи изучения словаря, биографию ученого, словарь, приложение к словарю, отношение географической карты к тюркским языкам и народам. Хотя словарь был найден и уже более века является предметом исследований, все же можно убедиться, что исследования актуальны.

*Ключевые слова:* «Дивани лугат ит-турк Словарь», отношение к тюркским языкам, географическая карта.

Ғаламдық ғұлама ғалым Мақмұт Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігінің» (XI ғ.) 1072-1074 жылдары жазылғанына 950 жыл толғанын әлем білім-ғылымы ЮНЕСКО деңгейінде атап өтіп жатуы – заңды құбылыс. Себебі – М.Қашқари сөздігі сөздік қана емес, орта ғасырдағы түркі тайпаларының энциклопедиясы, демек адамзат өркениетінің ұлы мұрасы.

Орта ғасырлық еңбектің зерттелу сипатын 4 типке жіктеп қарастыруға болады.

Олар: I. 1) М.Қашқаридың өмірбаянына арналған, 2) М.Қашқаридың «Сөздігіне» арналған, 3) М.Қашқаридың өмірбаяны мен «Сөздігіне» арналған, 4) М.Қашқаридың географиялық картасына арналған; II. М.Қашқаридың «Сөздігінің» 1) жалпы грамматикасын (фонетикасын, лексикасын, морфологиясын, синтаксисін), 2) жеке және жалпы фонетикалық, лексикалық-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік категорияларын қарастыру; III. М.Қашқаридың «Сөздігін» 1) көне, ерте және орта түркі жазба ескерткіштермен салыстыру, 2) жазба ескерткіштерді қазіргі түркі тілдерімен салыстыру; IV. М.Қашқаридың «Сөздігінде» қолданылған әдіс-тәсілдерге байланысты ғалымды 1) лексикограф, 2) диалектолог, 3) салыстырмалы-тарихи әдісті негіздеуші, 4) ареалдық лингвистиканың бастамашысы ретінде зерттейді [35]<sup>1</sup>.

М.Қашқаридың «Сөздігі» туралы алғашқы деректер XIV ғасырдан басталады. Мәселен, Андалузиядан шыққан көрнекті ғалым Әбу Хайанның белгілі еңбегіндегі кейбір үзінділер осы М.Қашқари шығармасынан алынған. Мысыр елінің әйгілі тарихшысы Б.Айни өзінің Европа, Сирия және Үндістан тарихына арналып жазылған бір еңбегінің «Түрік қауымының тарихы» деген бөлімінде қашқарлық ғалым ибни Мухаммедтің кітабынан алынған үзінділерде ондағы оғыз руларының таңбалары жөнінде, түркі тілдері мен ұйғыр жазуы жайында және түрікпен тілінің кейбір сөздері туралы бірсыпыра мәліметтер жариялайды. М.Қашқаридың еңбегі туралы азды-көпті деректер шығыс елдеріндегі басқа зерттеушілердің кітаптарында да кездеседі.

Европаға тараған алғашқы хабарлардың бірі, әзірге белгілісі 1904 жылы Венгер Академиясы жариялаған «Лингвистикалық жинақтағы» мәлімет. Онда түркі тілдері жайында XI – XV ғасырларда жазылған еңбектерге шолу жасай отырып, бір мақаланың авторы араб-түркі тілдерінде дайындалған еңбектердің ең бір ескісі деп «Диуан лұғат ат-түркті» атап көрсетеді. Ол, әрине, М.Қашқаридікі болу керек. Бұл өзі мәмлүк сұлтандарының түркі тілдерін

---

<sup>1</sup> *Басқа деректерді әзірбайжан ғалымы Р.Әскердің «М.Қашқаридың 1 000 жылдық мерейтойына 1 000 библиографиялық көрсеткіш» атты еңбегінен (Баку: МБМ, 2008. – 96 б.) алуға болады.*

оқып үйренуі үшін негізгі оқу құралы болып танылғанға ұқсайды [36:183].

«Сөздікті» зерттеуге деген ғылыми әлемнің халықаралық қызығушылығы 1915-1917 жылдары еңбекті А.Рифаттың Стамбулда басып шығаруынан басталады. М.Қашқаридың өмірбаяны мен оның «Сөздігінің» зерттелуін ХХ ғасырдың 20-жылдарынан қазіргі кезеңге дейін әрбір он жылды жеке бір кезең етіп алып қарастырған жөн. Бұл тақырыптың зерделенуі түрлі деңгейде, түрлі мақсатта болды. Зерттеулерді М.Қашқаридың өмірі мен заманына, М.Қашқаридың «Сөздігіне» арналған және «Сөздік» пен автор өмірбаянын, заманын байланыстыра қарастырған еңбектер деп 3 топқа біріктіруге болады.

Алғашқы зерттеуші көрнекті неміс шығыстанушысы К.Брокельманн 1918 жылдан бастап, «Сөздіктің» грамматикасы, мақал-мәтелдер, түркі тайпаларының өмір салты және тілдік ерекшеліктері жайлы 3 мақала жазып, 1928 жылы «Словарь среднетюрского языка» деген еңбекте «Сөздіктен» іріктеп алынған түркі сөздерінің томын жариялады. Бұл сөздіктің басылымында барлық сөз қамтылмаған, сөздік әліппелік ретпен тізбеленген. Келесі бір неміс шығыстанушысы Г.Бергштроссер 1921 жылы «Сөздіктің» құрылымына мақала арнап, оның құрылымын Әл-Фарабидің «Диван әл-әдәп» сөздігімен салыстырады.

Ірі орыс шығыстанушысы В.В.Бартольд 1921 жылы «Турецко-арабский словарь XI века» атты баяндамасын Петроградтың Орыс археологиялық қоғамының шығыс бөлімшесіне дайындап, 1926 жылы Стамбул университетінде түркілер тарихының концепциясын қалыптастырып, Орта Азия түркілерінің тарихы жайлы дәріс оқыды.

ХХ ғасырдың 20-жылдарында «Сөздік» жайында алғашқы ғылыми ізденістер жасау түркі тілді халықтардың ғалымдарының да зерттеу нысанына айнала бастады. Түркітанушыларға мәлім болмағандықтан назардан тыс қалып келе жатқан еңбектің бірі - «Түркі тілдері сөздігі» туралы түркі халықтарының өкілдері арасында алғаш мақала жазған Алашорда ардагері, қазақ зиялысы, ұлы ағартушы дәрігер Халел Досмұхамедұлы. Ол 1923 жылы [1] «Диуани лұғат ат-түрк» деген мақала жазды. Мақаласында «Сөздіктің» 1913-1915 жылдары басылғаны белгілі, ол жөнінде 1914 жылы, I дүниежүзілік соғыс алдында, естіп, соғыстың кесірінен көпке дейін бейхабар қалғанына өкінеді. М.Қашқари «Сөздігін» қай жылдары жазды, халифке сыйға тартқан ба, тартпаған ба, сыйласа, қай жылы тарту еткен деген сауалдар төңірегінде пікір таластырады. Бұған Х.Досмұхамедұлының өзі М.Қашқари «Сөздігін» 1072-1074 жылдары жазған, әл-Мұқтади Бағдатқа 1075-1094 жылдары халифтік жүргізген, оған «Сөздік» 1076 жылы сыйланған, халиф 1094 жылы қайтыс болған деген нақты жауаптар береді. М.Қашқари «Сөздігінде» Бұхара әмірінен және Нишапур әмірінен естіген хадистен келтірілген: «Аллах Великий Всемогущий сказал: У меня есть войско, которое Я назвал ат-турк и расположил на Востоке. Если Я разгневаюсь на какой-либо народ, Я подчиню его им» [2:25] деген хадис жолдарына Х.Досмұхамедұлы: «XII – XVII ғасырларда исламға дұшпан болған... (Крест жорығы)... хандары һәм найман хан Күшлүктердің ислам елін... туралы көп әфсаналар (легендалар) түзгені сияқты сасани Иранға дұшпан болған арабтарда да өз заманындағы түркілік түрік хакандары туралы көп хабарлар болған болса керек. Бірақ түрік қауымын мақтап көтеріп айтқан хадистер [1:22] ...оғыз селжүк Сабектакин сұлтандарының Мұқтасым халифе уақытында-ақ халифе қызметіне Бағдатқа барған түрік әскерлерінің һәм ерлерінің көңілін көтеру үшін парсы (Иран) ғалымдары түзеген. М.Қашқари һәм басқа түрік ерлері бұл хадистерге сеніп жүрген. Осыған қарағанда М.Қашқари құран мен араб әдебиатын жете білсе де, дін һәм хадис ғылымын өте білмеген» [1:23] деген күдік келтіреді. Мұндай құтба (мешіттегі жұма намазда және кейбір діни мерекелерде оқылатын құран) мәтініне ел билеушілерінің атын қосу – тарихта кездесетін оқиға. Мәселен, Селжүк сұлтандары Ғазнауи сұлтаны Масудты жеңген кезде, тағы бір Селжүк сұлтаны Мәлікшахтың мұрагері Санжардың есімін Ауғанстан, Үндістанда құтбаға қосып оқыған [3:80,85]. Х.Досмұхамедұлының бұл пікірін арабтанушы З.А.Әуезованың М.Қашқари және оның заманы туралы айтқан: «Для тюрков, относительно недавно принявших Ислам, по-видимому, важным являлось проявление лояльности и сопричастности к новой религии и ключевым для нее духовным ориентиром» деген түйіні [2:40-41] дәйектей түседі. Бұл құбылыстың түп-төркінінің қайда жатқанын, қайдан пайда болғанын зерттеуші Р.С.Мухитдинов ғалымдардың пікіріне сүйене отырып,



дәйектеп түсіндіреді. «Негізі Мұхаммед пайғамбардың айтқан бүкіл хадистері жинақталып, кітапқа түсіп, ғұламалар оларды Мұхаммед пайғамбардың айтқандығы нақты анықталған (сахих), анықталғаны онша нақты емес (хасан), Мұхаммед пайғамбарға телінгендігінде күмән бар (дағиф) және нақты Мұхаммед пайғамбар айтпаған (маудуғ) деп үлкен төрт топқа бөлген және осы аталған әр топқа арнайы жинақтар да жасаған. Біз жоғарыда аталған хадисті осы жинақтардың барлығынан іздедік (шамамен он мыңға жуық қоры бар «әл-Мәктәбә әш-шәмилә» деген электронды кітапханадан), әзірге нәтиже жоқ. Түрік ғалымы Басим Аталай «Диуан луғат әт-турккә» жазған кіріспесінде бұл хадистің жалған екендігін, оны Мұхаммед пайғамбардың айтпағандығын ескерте келе, бұл хадисті маудуғ (жалған) хадистер қатарына жатқызған және ол хадистің сахих екендігіне М.Қашқаридың да күмәнданғандықтан, оның дұрыс не бұрыстығын әлгі естіген екі адамға жүктегендігін айтқан» [4:34-35]. Х.Досмұхамедұлы М.Қашқари өз «Кітабын атақты араб филологы (тіл ғылымына жетік кісі) Халильдің «Кітап әл-Айн» деген кіл ескі (үлгі) кітабына ұқсатып жазғанын [1:23] М.Ю.Крачковскийден көп бұрын зерделеген, Қашқаридың «дін ғылымы емес, таза дуниеауи (светский) ғалым болған» [1:23] деп баға береді. Жерді дөңгелек күйінде карта салып, түркі елдерінің қайда, қалай орналасқандығын дүниеге таныстырды. Жағрафияны тіл ғылымына қолдану ислам тарихында болмаған қызмет дейді. М.Қашқари «Сөздігі» туралы Еуропаның түркі тілінің мамандарының пікірін есіткеніміз жоқ. «Кітаптың бір нұсқасы академик Бартольдқа берілген екен, бірақ Бартольдтың бұл кітап туралы бір нәрсе жазып-жазбағанын оның білмедік» [1:24-25] дейді. «Ескі түркі Орхон «бітік тастары» қандай ахмыты болса, М.Қашқари кітабының да ахмыты сондай» [1:25] деген көрегендік баға берді. Автордың мұндай түбегейлі талдауларына қарап, еңбектің баспа бетін көрген нұсқасымен толық болмаса да танысқандығына күмән келтіруге болмайды.

М.Қашқаридың «Сөздігі» турасында әзірбайжан тіл білімінің өкілдері 1924 жылы газет-журналдарда, мәселен, Дж. Эфендизаде, М.Мохсун бір-бір мақаладан, П.К.Жузе 3 мақала жарияласа, 1926 жылы I түркологиялық съезде академик В.В.Бартольд, проф. С.Е.Малов, проф. Б.В.Чобонзаде, түрік ғалымы, проф. М.Ф. Көпрүлү баяндамалар жасады. Осы 1926 жылы орыс түркологы С.Е. Малов көне түркі әдебиетінің хрестоматиясына «Сөздіктен» бірнеше өленді орысшаға аударып басып, татар ғалымы Дж.Велидов, өзбек ғалымы А.Фитрит еңбектерін арнады [5].

Махмұт Қашқаридың «Сөздігі» әрбір он жыл сайын, яғни XX ғасырдың 30-жылдарында әр қырынан жаңа бағыттарда зерттелуі мен зерделенуі молая берді. 1931 жылы неміс ғалымы К.Миллер ұлы ғұламаның «түркі әлемінің картасын» расшифровка жасауға арналған алғашқы талпыныстар жасалды. Түрік шығыстанушысы М.Ф.Көпрүлү 30-жылдары өзінің түркі тілдерінің тарихына арналған еңбектерінде негізінен Махмұт Қашқаридың «Сөздігінің» материалдарына сүйенді, ал келесі бір түрік ғалымы А.З. Валиди Тоған 1932 жылы «Сөздіктің» жазылған мерзімі туралы, М.Қашқаридың өмірбаянын сипаттауға арналған мақалалар жазды. 1935 жылы тағы бір неміс ғалымы А.Германн «Сөздікке» қосымша ретінде енген түркі тайпаларының картасы туралы мақала жариялады. 1936 жылы Х.С.Ходжаев «Сөздік» және оның авторы, еңбектің тарихи маңызы жалпы сипатталған мақала шығарды. Ал 1939 жылы В.И.Беляевтың М.Қашқари және оның «Сөздігі» жайында деректері бар жинаққа жазған кіріспесі, осы жинақта «Сөздіктегі» түркімен-оғыздарға қатысты фрагменттерді орысшаға аударған И.Н.Лемановтың туындысы шықты. Осы жылы Білге Рифат Килислидің еңбегі жарияланды [5].

1940 жылы И.И.Умняковтың «Сөздіктегі» әлем картасының жасалауында араб картографиясы дәстүрінің схематизм және геометризм әдістері сақталған деген пайымдағы ойлары бар мақаласы, оған жазылған С.А.Волиннің сын пікірі баспа бетін көрді [5].

Қашқаритану ілімінің ерекше қарқынмен дамуы «Диуан луғат ит-турк» туындысын Бесим Аталайдың 1939-1941 жылдары түрік тіліне аударуы және 1941 жылы қолжазбаның факсимилесін, 1943 жылы «Сөздікке» индексін басып шығаруы араб тілін біле бермейтін, бірақ түркі тілдерінің көрнекті мамандары үшін ерекше оқиға болды. Қайраткер кеңес түркологы А.Н.Кононовтың сөзімен айтқанда, Аталайдың аудармасы «сыграл особую роль в

развитии тюркологии, дав в руки тюркологов глубокий по суждениям и важный по заключающимся в нем материал труд» [6:4].

XX ғасырдың 40-жылдары адамзаттың тарихында II дүние жүзілік (1939-1945 жж.) және Ұлы Отан (1941-1945 жж.) соғыстарының болғаны, білім-ғылымды ғана емес, өркениеттің дамуын тежегені, өркендеуді ширек ғасырға шегінткен кезең болғаны белгілі. Сондықтан да бұл кезеңде М. Қашқари туралы да, оның «Сөздігі» жайлы да ешқандай да жарияланым болған жоқ десе де болады.

Ел ес жинаған 50-жылдары бұл мәселелі тақырып қайта жаңарып, жаңғыра бастады. Мәселен, О.Прицактың Қарахан тарихы мен М.Қашқаридың өмірбаянының даулы мәселелеріне арналған мақалалары жарық көрсе, 1951 жылы С.Е. Маловтың «Памятники древнетюркской письменности» атты зерттеуінде «Сөздікті» зерделеуге арналған көлемді материал енгізілді. Италиян ғалымы А.Бомбачи «История тюркской литературы» атты еңбегінде «Сөздіктен» алынған өлеңдерге бір бөлімін арнады. Академик И.Ю.Крачковский өзінің 1957 жылғы таңдамалы шығармалар жинағында «Ал-Бируни и географы в XI в. на Востоке» атты мақаласында «Сөздіктің» түркітануда тілдік және географиялық тұрғыда теңдессіз шынайы еңбек екенін атап өтеді [7:267-270].

1958 жылы түркімен лингвисті С.Ахаллы «Сөздікті» жекелеген қазіргі түркі тілдерімен, оның ішінде түркімен тілімен салыстыру, тарихи салыстыру жасаған еңбек жазып шықты, С.К.Ибрагимов, В.С.Храковскийлер М.Қашқари «Сөздігіндегі» тайпалардың қазіргі Қазақстан жерін мекендегені жайлы, қазақ тілінің қалыптасу тарихына шолу еңбектері баспа бетін көрді [5].

XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап М.Қашқариды, оның «Сөздігін» зерттеу Кеңестер одағында мақсатты да жоспарлы түрде қолға алынып, түрлі ғылым салаларында, әсіресе тіл білімінде, ғылыми шығармашылықтың әр алуан жанрларында ізденістер нысанына айнала бастады. Өзбек ғалымы Х.Хасанов М.Қашқаридың «Сөздігі» мен қосымша ретінде берілген географиялық картасын сабақтастыра баяндап талдаған еңбегі, А.М.Демирчизаденің М.Қашқари лингвистикада салыстырмалы әдістің негізін салушылардың бірі екендігі турасында, А.Көфөроғлының түркі тілінің тарихын қозғаған (Turk dili tarihi, cilt N, Istambul, 1964, sr 256), М.Томановтың ұлы ойшылдың өмірбаяны мен еңбегі жайлы, А.Н.Кононовтың мақалалары, Т.А.Боровкованың «Сөздіктің» грамматикасына арналған диссертациясы, Г.А.Байрамовтың фразеологиялық бірліктерді талдаған, И.Д. Велиевтің өткен шақ формаларын саралаған, М.Қашқари өмірбаянына бағытталған Ғ.Мұсабаевтың еңбектері баспа бетін көрді [5].

Махмұт Қашқаридың «Түркі тілі сөздігінің» ең көп зерттеліп, ізденіс нысанына айналған кезеңі – XX ғасырдың 70-жылдары, яғни ұлы лингвистің ұлы еңбегінің жазылғанына 900 жыл толуы қарсаңына арналған сол дәуірдегі Кеңестер Одағында да, алыс, жақын шетелдерде де жазылып жарияланған еңбектер. «Сөздіктің» Кеңестер Одағында зерттеліп-зерделенуі жайлы академик А.Н.Кононовтың «Изучение «Дивану лугат ит-турк» Махмуда Кашгарского в СССР» еңбегінде тұжырымдалып баяндалғандықтан, жұмыстың библиографиясында тізбелетіндіктен, бұл мәселеге кеңінен тоқталып жатпаймыз. «Сөздікке» арналған шетел ғалымдарының 70-жылдардан бергі еңбектеріне қысқаша шолу жасаймыз.

70-жылдары американ ғалымдары Р.Дэнкофф пен Дж.Келли «Сөздік» жайлы бірнеше мақала жариялап, ал 1982-1985 жылдары оны ағылшын тіліне аударып басты [5]. Зерттеушілер «Сөздікті» баспаға дайындау барысында түпнұсқаның түсініксіз, түзетілген, үстіне жазылған және көпе-көрнеу қате фрагменттерін талдап, көне қолжазбамен жұмысқа қажетті мәтіннің ғылыми негізделген түзетулерін жасаған. Аударма жасар алдында түпкілікті ізденістер жүргізіп, «Сөздіктің» жазылу мерзімін, қолжазба мәтініне кейіннен жасалған қыстырмалар мен түзетпелерді айқындаудың әдістемесін ойластырған, еңбектің тарихын қалпына келтіріп, әрбір 8 кітаптағы лексикондардың құрылымы мен мазмұнын, лексикографиялық терминология мен фонологияны Қашқаридың түсіндірулеріне түсініктеме береді. Олардың аудармасы түркі сөздерінің индексімен, атауыштық, заттық көрсеткіштерімен берілген [2:8-12].

80-жылдардағы жарияланымдардан Х.Короғлының «Сөздік» мәліметтерін көне түркі әдебиеті материалы ретінде қарастырған мақаласын, ал петербургтық шығыстанушы А.Б.Халидовтың «Диуан лұғат ат-түркті» әл-Фарабидің «Диуан әл-әдәб» еңбегімен салыстырған мақаланы атауға болады.

XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың басында нидерланд шығыстанушысы Р.Эмерстің түркі лексикографиясының тарихын араб тіл білімінің категорияларымен түсіндіреді, «Сөздіктегі» фонологиялық және синтаксистік талдауларға ерекше назар аударылып, оның түркі тіл білімін дамытуға қосқан үлесін бағамдайды. И.Хавеншильд «Сөздіктегі» жануар атауларын талдайды [5].

«Сөздікке» қатысты зерттеулердің ізденіс нысандары мен материалдарын қарап отырсақ, «Сөздік» мәліметтерін, яғни лексикасын, грамматикасын қазіргі түркі тілдерімен салыстыра, тарихи салыстыра зерделеудің түркімен, өзбек, қырғыз, әзірбайжан тілдерімен ғана жүргізілгендігін көреміз. Ал қазіргі әрбір түркі тілін, оның ішінде қазақ тілін, «Сөздікпен» салыстыра қарастыру белгілі бір тілдің жалпы тарихын, тарихи фонетикасын, тарихи лексикологиясын, тарихи грамматикасын бағамдауға, сөздік қордағы лексиканың кейбір бірліктерінің фонеморфологиялық, сөзжасамдық және этимологиялық төркіні мен тарихын айқындауға мүмкіндік береді. Махмұт Қашқаридың «Түркі тілдері сөздігін» қазақ тілімен салыстырудағы негізгі мақсат-міндеттер де осы болмақ.

М.Қашқаридың өмірбаяны мен оның «Түркі тілдері сөздігін» Қазақстанда зерттеу 1923 жылғы Х.Досмұхамедұлының мақаласынан бастау алып, С.Аманжолов, Б.Кенжебаев, Ғ.Мұсабаев, Ә.Қоңыратбаев, Ғ.Айдаров, К.Мұсаев, Ә.Құрышжанов, М.Томанов, Ә.Қайдаров, Р.Сыздықова, Қ.Өмірәлиев, М.Жолдасбеков, Ә.Дербісәлиев әлемге және бүкіл Одаққа әйгілі ғалымдардың монографияларында, ғылыми зерттеулерінде, ғылыми грамматикаларында, оқулықтарында, мақалаларында ізденіс нысаны болды. Көрнекті түрколог Ә.Құрышжанов 1963-1987 жылдар аралығында М.Қашқаридың түркі тілдерінің ең алғашқы зерттеушісі, оның «Сөздігінің» орта ғасырлардан XX ғасырдың II жартысына дейін зерттелуі жайында түбегейлі талдама шолу жасап, еңбектегі мақал-мәтелдерді жинақтарға аударып басып, оның өмірбаяны, қыпшақ тілі жөніндегі пікірлерін Одақтық басылымдарда, энциклопедияларда мақала етіп, ғылыми грамматика оқулығында жариялады. Қазақ тілінің тарихи грамматикасының негізін салушылардың бірі, танымал қазақ түркологы М.Томанов 1971-1989 жылдары М.Қашқаридың өмірбаяны мен шығармашылығы, XI ғасырдағы түркі тілдерінің фонетикалық және грамматикалық сипаттарын мақалаларында, ғылыми грамматикасында тарихи дереккөз ретінде еңбектерін арнады. Н.М.Ысқақова 1972-1986 жылдарда тұңғыш түркологиялық еңбектің материалы бойынша морфологиялық, синтаксистік, морфологиялық-синтаксистік талдауларды септік жалғаулы сөз тіркестері, сөз тіркестерінің синтаксистік сипаттары деңгейлерінде өз пайымдауларын он шақты мақала көлемінде жарыққа шығарды. Р.С.Қайырбаева 1978-1980 жылдары М.Қашқари еңбегін еуропалық ғалымдар ішінен алғаш зерттеуші К.Броккельманның еңбектері жайлы, түркі тайпалары тіліндегі сын есім, етістік тудыратын жұрнақтар, дауысты, дауыссыз дыбыстарды талдаған он шақты мақаласы, ұйғыр ғалымы В.Ұ.Махпировтың 1980-1984 жылдарда «Сөздікте» қамтылған ономастикалық атаулардың тарихи-географиялық, әлеуметтік-саяси және мәдени-лингвистикалық табиғаты, тарихы мен төркіні туралы ғылыми-теориялық, тәжірибелі талдаулар мен тұжырымдар жасап, нәтижесінде «Имена далеких предков» атты монографиясы 1997 жылы, Р.С.Мухитдиновтің «Диуан лұғат ат-түркке» арналған монографиялары 2010, 2011 жылдары жарық көрді. Сонымен қатар А.Хасенова, Т.Арынов, Ә.Ибатов, К.Бекетаев, Ә.Әбдірахманов, Ә.Керімов, С.Қасиманов, У.Шәлекенов, Б.Сағындықов, М.Оразов, А.Салқынбай, М.Жүнісова, Ш.Жалмаханов секілді ғалымдардың мақалалары баспа бетін көрді. Қашқаритануда қазақ ғылымы мен мәдениеті үшін ерекше оқиға болған ғалым, ақын, сыншы А.Егеубаевтың «Сөздікті» қазақ тіліне тұңғыш рет толық аударма жасап, оның алғысөзінде өмірі мен шығармашылығы туралы очерк және докторлық диссертациясының бір нысаны ретінде зерттеуі болатын. Келесі бір ғылыми-мәдени оқиға – ол З.-А.Әуезованың қайталанбас туындыны араб тілінен орыс тіліне әлемде тұңғыш рет тікелей, толық аударма жасап, кіріспе

және қосымша ретінде М.Қашқаридың өмірбаяны мен шығармасының сан қырлы сипаттары жайлы ғылыми очерктер жазуы [8].

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Досмұхамедұлы Х. «Диуани лұғат ат түрк». «Сана» журналы, 1923.-№67.-Б.23-26.
2. Ауэзова З.-А.М. Диван лугат ат-турк» в исследованиях XX века// Махмуд Кашгари «Диван лугат ат-турк». Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 1288с.-С.8-12.
3. Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын, 1993. – 192 с.
4. Мухитдинов Р.С. «Диуан лұғат әт-турк» - түркітану темірқазығы. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 147 б.
5. Офэндизадэ Ч. Азери турклэринэ вэ азери туркчэсинэ бир нэзэр. «Маариф вэ мэдэиддэт» журналы, сады 7-8, август 1924. -С.4; Мохсун М. Мабмуд Кашгари, дахуд милади 11-нчи эсрдэ бедук бир турк филологу.- «Маариф вэ мэдэиддэт» журналы, 1924, №7-8.-С.16-18; Жузе П.К. Китабе Диван лугат-эл-турк. -«Маариф вэ мэдэиддэт» журналы, 1925, №3.-С.32-38; Турколожи хаггында эрэб мэхэзлэри.-«Маариф ишчиси» журналы, 1925, №4-5.-С.71-75; №6-7.-С.35-38; Чобонзаде Б.В. О близком родстве тюркских наречий // Первый Всесоюзный тюркологический съезд. 26 февраля – 5 марта 1926 г. Баку, 1926. – С. 96-102); Малов С.Е. Образцы древнетюркской письменности с предисловием и словарем. Ташкент, 1926; Велидов Дж. О словаре турецких языков Махмуда Кашкарского // Вестник научного общества татароведения. Казань, 1927.-т.7.-С.107-112; Фитрит А. Образцы древней тюркской литературы. Ташкент, 1927; Koprulu M.F. Turk dili ve edebiyati hakkında ara- stirmalar. Istanbul, 1934. С. 33-34; idem İlk Turk dilcisi Kasqarli Mahmut, Ankara, 1938; idem, Ha literature de lepoque des Karakhanides // Philologiae Turcicae fundamenta, ii. Wiesbaden. 1964. С. 267-175; idem, Kasqarli Mahmut, Istanbul, 1970; Validi Тоған А.З. Divan-i huqat ut-Turk un telif senesi hakkında // Atsiz mecmuasi, ii, no. 16 (1932). С. 77-78; Validi Тоған А.З. Mahmud Kasqari'ye ait notalar // Atsiz mecmuasi, ii, no.17(1932).С. 133-136; Herrmann A. Die alteste turkisohe Weltkarte (1076 h. Chr.). Im aqo Mundi I (1935). С. 21-28; Ходжаев Х.С. «Дивани лугати тюрк» Махмуда Кашгарского // Труды Азербайджанского филиала АН СССР. Лингвистическая серия, XXXI. – Баку, 1936.– С. 274-278); Беляев В.И. Введение. Арабские источники по истории туркмен и Туркмении IX-XIII. // Материалы по истории туркмен и Туркмении. т. I. М.-Л., 1939, С. 12-40; Леманов И.Н. Материалы по истории туркмен и Туркмении. т. I. М.-Л. 1939. С. 31-37, 309-313; Килисли А.Р. Диуан лугат алзинун телифи тариhi. «Turkiyat mecmuasi», cilt VI, Istanbul, 1939.-С.358-360; Умняков И.И. Самая старая турецкая карта (XI в.)//Труды Самаркандского государственного педагогического института им. А.М. Горького. I вып. 1. Самарканда, 1940. С. 103-132; Волин С.А. Рецензия на статью И. Умнякова «Самая старая турецкая карта мира» // Известия ВГО. т. 73, 1941, вып. 3; Прицак О. Karachanidische streitfragen 1-4, Oriens, iti (1950).С. 210-228; idem, Mahmud Kasqari kimdir?// Turkiyat Mecmuasi X (1951-1953). С. 243-246); Bombaci A. Storia della letteratura turca. Milan.1956. С. 81-106) [35]; Ахаллы С. Махмуд Кашкарынын «Сэзлугу» ве туркмен дили. Ашгабат,1958; Ибрагимов С.К., Храковский В.С. М.Кашкари о расселении племен на территории Казахстана // Вестник АН Каз. ССР. 1958, №11. С. 93-98; Ибрагимов С.К., Храковский В.С. Материалы из истории образования казахского языка // Известия АН КазССР. Серия истории, археологии и этнографии. 1959. Вып. 2 (10). – С. 94-100; Хасанов Х. Махмуд Кошгарий (хаети ва географик мероси). Т., 1963; Демирчизаде А.М. Сравнительный метод лингвиста XI века Махмуда Кашкари // Изв. АН Азерб. ССР (серия общ-х наук), 1964, №4. –С. 89-97; Көфероғлы А. Turk dili tarihi, cilt II, Istanbul, 1964, sr 256; Томанов М. Махмуд Кашгари // Великие ученые Ср. Азии и Казахстана (VIII-XIX вв.). А., Казахстан, 1965. –С. 104-118; Кононов А.Н. Махмуд Кашгарский и его «Словарь тюркских языков» // Филология и история стран зарубежной Азии и Африки. Л., 1965.- С. 25-27; Боровкова Т.А. Грамматический очерк языка «Диван лугат ит-тюрк» Махмуда Кашгари, АКД, 1966, Л.,15 с.; Байрамов Г.А. Фразеологические единицы тюркских языков в словаре Махмуда Кашгарского

«Диван лугат-ат-турк» // Ученые записи АГУ им. С.М. Кирова (серия языка и литературы). – Б., 1966. - №3. С. 3-12; Велиев И.Д. Формы выражения прошедшего времени в «Дивану лугат ит-турк» Махмуда Кашгари // Ученые записи АГУ им. С.М. Кирова (серия языка и литературы). – Баку, 1968. -№5-С. 89-97; Мұсабаев Ғ. Некоторые сведения о жизни Махмуда Кашгарского // Исследования по тюркологии. – А.: Н., 1969. – С. 48-62; Dankoff R. Kasghari on the Tribal and Kinship Organization of the Turks// Archivum Ottomanicum IY (1972). С. 23-43; idem, The Alexander romance in the Diwan Luqhat at-Turk // Humaniora Islamica I (1973) С. 233-244; idem, Kasghari on the Beliefs and Superstitions of the Turks // Jornal of American Oriental Society 95.1 (1975). С. 68-80; Kelly J. On defining Dhu al –‘Arba’ a // Jornal of the American Oriental Society 91.1 (1971). С. 132-136; Короглы Х. Древнетюркская литература //СТ.1988.№5.–С.16-21; Халидов А.Б. Диван Лугат ит-Турк» в сравнительном освещении с его арабским прототипом // СТ. 1984. - №4-С. 85-90; Ermers R. Arabic Crammars of Turkic. Heiden/Koln. 1999; Хавеншильд И. Die Tierbezeichnungen bei Mahmud al-Kaschqari. Eine Untersuchung aus sprachund kulturhistorischer // Wiesbaden, Harrassowitz. 2003.

6. Кононов А.Н. Изучение «Дивану лугат ит-турк» Махмуда Кашгарского в Советском Союзе. – Советская тюркология, 1973.-№1.- С. 3 – 9.

7. Крачковский И.Ю. Ал-Бируни и географы в XI в. На Востоке// Избранные произведения. Т.IV. – Москва – Ленинград: Наука, 1957. – С. 267 – 270. – 915с.

8. Каирбаева Р.С. Карл Броккельман о согласных звуках в языках тюркских племен XI века (по данным М.Кашгарского)// Қазақ тілінің мәселелері. – Алматы: ҚазМУ, 1980. – С. 112 – 113; Ақбаев Н. Кәусар бұлақ (М. Қашқаридың «Диуани луғат ит-түрк» кітабындағы мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер)// «Жұлдыз» журналы, 1983. - № 3. – Б. 203 – 206; Дербісәлиев Ә. Өшпес ескерткіш (Ж. Баласағұни мен М. Қашқари шығармаларының аудармалары туралы)// «Қазақ әдебиеті» газеті, 1981, 24 шілде; Құрышжанов Ә., Қайырбаева Р. XI ғасырда жасаған түркі тайпаларының тіліндегі сын есім тудыратын жұрнақтар (М.Қашқари еңбегінің материалдары бойынша)// Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы, 1980. - № 9. – Б. 47 – 53; Каирбаева Р. К.Броккельман как исследователь «Диван лугат ат-тюрк» М.Кашгари// Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 1978. – вып.9. – С. 106 – 110; Каирбаева Р. К изучению девербальных аффиксов имен существительных в языках тюркских племен XI века// Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. – Алматы, 1981. – С. 169 – 177; Махпиров В. Историко-географические данные в «Дивану лугат ит-тюрк» Махмуда Кашгарского// Известия АН КазССР. Серия филологическая, 1982. - № 3. – С. 16 – 21; Махпиров В. «Дивану лугат-ит-тюрк» Махмуда Кашгарского и вопросы тюркской топонимики// Тюркская топонимика. – Алматы, 1984. – С.154 – 163; Махпиров В.У. Вопросы этнической истории тюркских племен в «Дивану лугат-ит-тюрк» Махмуда Кашгарского// Исследования по киргизскому и казахскому языкознанию. – Фрунзе, 1984. – С.84 – 87; Махпиров В.У. Смысловые модели этнонимов «Дивану лугат ит-тюрк» М. Кашгарского и их типологическая классификация // Известия АН КазССР. Серия филологическая, 1980. – Вып. 2. – С. 41 – 46; Махпиров В.У. Некоторые этимологии антропонимов, этнонимов и топонимов по Махмуду Кашгарскому// Вестник АН КазССР, 1980. - № 11. – С. 72 – 74; Махпиров В.У. «Дивану лугат ит-тюрк» М. Кашгарского (XI в.) и вопросы тюркской антропонимики. – Алматы, 1981. – С. 204 – 205; Махпиров В.У. Тюркские топонимы в «Дивану лугат ит-тюрк» М. Кашгарского// Советская тюркология, 1983. - № 1. – С. 34 – 39; Махпиров В.У. «Дивану лугат ит-тюрк» М. Кашгарского и проблемы тюркской антропонимики// Актуальные проблемы современного уйгуроведения. - Алматы, 1983. – С. 105 – 108; Кенжебаев Б. «Дивани луғат-ит түрік»// «Қазақстан мұғалімі» газеті. – 1964, 16 шілде. - №29. Махмұд Қашқаридың «Дивани луғат-ит түрк» атты кітабындағы мақал-мәтелдер// «Қазақстан мектебі» журналы. – 1966. - №3. – Б. 63-64; Махмұд Қашқаридың «Дивани луғат-ит түрк» атты кітабындағы мақал-мәтелдер // «Қазақстан мектебі» журналы. – 1966. - №4. – Б. 76; Өмірәлиев Қ. М.Қашқаридың «Дивани луғат-ит түрк» атты кітабындағы мақал-мәтелдер// «Қазақстан мектебі» журналы. – 1966. - №7. – Б. 78-79; Арынов Т. М.Қашқари туралы жаңа дерек// «Қазақ әдебиеті» газеті. – 1973, 14 желтоқсан. - №50; Диван луғат-ат түрк// Қазақ совет энциклопедиясы. III т. – Алматы, 1973;

Қоныратбаев Ә. М. Қашқари – ұлы ғалым («Диван лұғат-ат түрк» сөздігінің 900 жылдығына)// «Қазақстан мұғалімі» газеті. – 1975, 7 ақпан. - №6; Құрышжанов Ә. Түркі тілдерінің ең алғашқы зерттелуі жайында (М.Қашқаридың еңбегінің 900 жылдығына)// Қазақ ССР ҒА-сы хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. I шығуы. – 1972. - Б.79-81; Томанов М. Қашқари XI ғасырдағы түркі тілдерінің фонетикалық сипаты туралы// Қазақ тілі мен әдебиеті. I шығуы. – Алматы : ҚазМУ, 1971; Томанов М. Ғылыми мәні зор мұра (М.Қашқари мұрасын зерттеуге арналған мәжіліс туралы)// «Қазақ әдебиеті» газеті. – 1971, 8 қазан. - №41; Хасенова А. Махмұд Қашқари «Сөздігінің» қазақ тілі грамматикалық категорияларын зерттеудегі мәні// Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. – Алматы, 1975. – Б.65-80; Ысқақова Н. Бағалы еңбек (М.Қашқаридың «Дивани лұғат-ат түрк» атты еңбегі туралы)// «Қазақ әдебиеті» газеті. - 1972, 15 қыркүйек. - №37; Ысқақова Н. М. Қашқари еңбегіндегі тура толықтауышты меңгеру//Қазақ ССР ҒА-сы хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы.– 1972. - №2. - Б.69-72; Ысқақова Н. М. Қашқари «Диванындағы» барыс септікті сөз тіркестері// Қазақ ССР ҒА-сы хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. – 1974. - №3. – Б. 53-55; Ысқақова Н. Көне мұраның бүгінгі маңызы (М. Қашқари еңбегіндегі мақал-мәтелдер туралы)// «Қазақстан мектебі» журналы. – 1973. - №6. – Б. 88-89; Ысқақова Н. «Диван» тіліндегі толықтауыштар сипаты//«Қазақстан мектебі» журналы. – 1972. - №10. – Б. 86-88; Ысқақова Н. Тура толықтауышты сөз тіркестері (М.Қашқари сөздігі бойынша)// Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. Мақалалар жинағы. – Алматы, 1975. – Б.177-190; Қашқари М. Түрік сөздігі. 1- том. Қазақ тіліне аударған А.Егеубаев. – Алматы:ХАНТ.-1997.- 590 б.; Қашқари М. Түрік сөздігі. 2- том. Қазақ тіліне аударған А.Егеубаев. – Алматы:ХАНТ.-1998.- 570 б.; Қашқари М. Түрік сөздігі. 3- том. Қазақ тіліне аударған А.Егеубаев. – Алматы:ХАНТ.-1999.- 582 б.; Бекетаев К., Ибатов Ә. Махмұт Қашқари. Түбі бір түркі тілі (Диуани лұғат-ит-түрк). Алматы: 1993, 192 бет; Әбдірахманов Ә. Махмұд Қашқари және ономастика мәселелері// Қазақстан мектебі.- Алматы, 1971. - № 10.- Б. 88-91; Керимов Ә. Х.Досмұхамедұлы М.Қашқаридың «Диуанын» тұңғыш зерттеуші.- Алматы: Қазақ ССР ҒА-сы хабарлары. Филология сериясы, 1992.- № 6. – Б. 31-43; Құрышжанов Ә. М.Қашқари еңбегінің зерттелу тарихынан (қысқаша шолу)// Қазақ және ұйғыр тіл білімі мәселелері. – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1963. – Б. 182 – 189. – 183 б.; Махпиров В.У. Имена далеких предков. – Алматы: Институт востоковедения АН РК, 1997. – 302 с.; Томанов М. Махмұт Қашқари//Сөнбес жұлдыздар.-Алматы Қазақстан.1989.–Б.225-237; Дербісәлиев Ә. Әл-Фарабидің замандастары//Сөнбес жұлдыздар.-Алматы:1989.-Б.103-122; Досмұхамедұлы Х. «Диуани лұғат ат түрк»// «Сана» журналы, 1923.– №67.– Б.23-26; Ауэзова З.-А.М. Диван лугат ат-Турк» в исследованиях XX века// Махмуд Кашгари «Диван лугат ат-турк».-Алматы: Дайк-Пресс, 2005. –С.8-12.–1288 с.; Құрышжанов А.К. М.Кашгарский о кипчакском языке// Советская тюркология, 1972, №1. –С. 52 – 60; Ибрагимов С., Храковский В. М. Кашгари о расселении племен на территории Казахстана\\ Вестник АН Каз ССР, 1958. – № 11. – С. 93-98; Мусабаев Г.Г. Некоторые сведения о жизни Махмуда Кашгари// Исследования по тюркологии.–Алматы: Наука,1969.–С.48-62. – 48 с.; Джолдасбеков М. Древнетюркские литературные памятники и их отношение казахской литературе. –АКД, Алма-Ата: 1969. –26 с.; Егеубаев А. Идеино-художественное влияние поэмы «Кутадгу билиг» Юсуфа Баласагунского на развитие казахской литературы. – АКД, Алма-Ата: 1989. – 24 с.; Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. –Алматы: Абай ат. АПИ, 1959. –452 с.; Мусаев К. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении (западнокипчакская группа). – Москва:Наука, 1975. – 356 с.; Шарапатұлы Ш. Жалпы тіл білімі. Тіл білімінің тарихы. – Қарағанды: Болашақ-баспа, 2005. – 186 б.; Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. –Алматы: Мектеп, 1988. – Б. 262; Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. –Алматы: Мектеп, 1971. –272 б.; Мусаев К.М. Лексикология тюркских языков.–Москва: Наука,1984.– 228 с.; Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы:Санат. –1994; Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Мектеп, 1988. –126 б.; Жалмаханов Ш.Ш. Қашқаританудың келелі мәселелері//Түркі өркениеті және тәуелсіз Қазақстан. I кітап. –Астана, 2011. –Б.372-375; Жалмаханов Ш.Ш. Қашқаритану қандай деңгейде? //Қазақстан Республикасының

тәуелсіздігіне 20 жыл: жетістіктері мен даму келешегі.-Қарағанды: Қарағанды академиясы, 2011. –Б.52-57; Жалмаханов Ш.Ш. М.Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігінің» зерттелуі // Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл: жетістіктері мен даму келешегі. – Қарағанды: Қарағанды академиясы, 2011. –Б.145-149; Жалмаханов Ш.Ш. М.Қашқаридың кейбір морфологиялық пайымдаулары. Үш тұғырлы тіл: бүгінгі мен ертеңі.-Қарағанды: ҚарМУ, 2011.-Б.18-29; Жалмаханов Ш.Ш. М.Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігінің» тарихи тағдыры мен тағлымы// Алтайстика және түркология. –Астана, 2011. –№3. –Б.42-49; Жалмаханов Ш.Ш. Түркі лексикасының семантикалық деривациясы. – Алматы: Кантана-пресс, 2011. – 552 б.; Жалмаханов Ш.Ш. М.Қашқари – ареалдық лингвистиканың негізін салушы// Алтайстика және түркология. – Астана, 2012. –№3. –Б.112-121.; Жалмаханов Ш.Ш. М.Қашқаридың “Түркі тілі сөздігі” мен қазіргі қазақ тіліне ортақ лексиканың семантикалық деривациясы// Ер есімі ел есінде. –Қарағанды: ҚарМУ, 2002. – Б. 215-225; Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Мақалалар жинағы («Дивани лұғат-ит түрік» бөлімі). – Алматы, 1973. – 167 б.; Қайырбаева Р. М.Қашқари еңбегіндегі мақал-мәтелдер// «Білім және еңбек» журналы, 1979. –№12. – Б.27; Қайырбаева Р. Махмұд Қашқари және Карл Броккельман// «Қазақстан мектебі» журналы. – 1980. – №8. – Б. 78-80; Қасиманов С. М.Қашқари еңбегіндегі мал туралы мақал-мәтелдер //«Қазақстан мектебі» журналы. – 1976. - №5. – Б. 95-96; Құрышжанов Ә., Қайырбаева Р. XI ғасырда жасаған түркі тайпаларының тіліндегі сын есім тудыратын жұрнақтар// Алматы: Қазақ ССР ҒА-сы хабаршысы, 1980. – №9. – Б. 47-53; Ысқақова Н. М. Қашқари «Сөздігіндегі» жатыс жалғаулы сөз тіркестері// Қазақ тілі мен әдебиеті. 7-шығуы. – Алматы, 1975. – Б.94-99; Ысқақова Н. «Диван» тіліндегі көмектес септікті тіркестер// Қазақ ССР ҒА-сы хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы, 1980. - №4. – Б. 5-10; Исақова Н. Винительный падеж в словосочетаниях «Дивана» Махмуда Кашгари// Советская тюркология, 1977. –№1. – С. 94-97; Каирбаева Р. Глаголообразующие аффиксы в языке «Диван лугат-ит тюрк» Махмуда Кашгарского// Известия АН КазССР. Серия филологическая, 1979. – №4. – С. 43-50; Каирбаева Р. К.Броккельман о словообразующих формантах в языках тюркских племен XI века (по материалам «Диван лугат-ит тюрк» Махмуда Кашгари). АКД. – Алма-Ата, 1981. – 27 с.; Барсығандық Мухаммедтің ұлы Құсайынның пензенгі Махмұт Қашғари. Түркі тілдері сөздігі// «Жалын» журналы, 1987. – №2. – С. 64-72; Қайырбаева Р. М. Қашқари – ескі түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстар жайында// Қазақ тілі теориясы мен тарихының мәселелері. – А.: ҚазМУ, 1986. – Б. 132 – 142; Қашқари М. Көне түркі халықтарының Мақал-мәтелдері. Аударған Қ. Бекетаев// «Өркен» газеті, 1988, 20 тамыз. – № 97 – 99; Оразов М. М. Қашқари сөздігінде етістіктің шақ көріністері// Қаз. ССР ҒА-сы хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. – Алматы, 1985. – 128 б.; Құрышжанов Ә. Махмұд Қашқари және оның «Диуаны» туралы// Қазақ тарихы. – №4. – Б.56-60; «Диуану лұғат-ит-түрк» (Түркі тілдерінің жинағы)// Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – Б.98-99; Махмұд Қашқари// Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – Б.267; Сөз атасы. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер (У – ХУІІ ғасырлардағы жазба ескерткіштердің материалдары бойынша құрастырылған жинақ). Құрастырушы ф.ғ.д., профессор Ә.Құрышжанов. – Алматы: Жазушы, 1987; Жүнісова М.Ә. Ескі түркі тілдеріндегі етіс категориясы (М.Қашқаридың «Диуану лұғат-ит-түрк» деген еңбегі бойынша, XI ғ.). ҚДА, 1998. – 26 б.; Шәлекенов У.Х. У–ХІІІ ғасырлардағы Баласағұн қаласы. 2-басылуы. Алматы: Жібек жолы, 2007. – 248 б.;

## ОРТА ТҮРКІ ДӘУІРІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІН АНТРОПОӨЗЕКТІК БАҒЫТТА ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**М.Б.Сабыр**

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық  
университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

Түркітану ғылымында орта түркі (X-XV ғғ) дәуірі айшықталатын кезеңде телегей теңіз түркі халықтарының арасынан қазақ ұлтының қалыптасу, тұтастану, бірігу, басқалардан даралану үдерісі басталған болатын. Орта түркі дәуірі – маңызды әлеуметтік оқиғаларға толы кезең. Орта түркі дәуірінде түркі тайпаларының бірде қосылып, бірде ыдырауы, әртүрлі саяси оқиғалар түркі халқының тарихи даму үдерісіне және соның негізінде оның тілінің дамуына өзінің әсерін тигізді. Шартты түрде Орта түркі дәуірі Қарахандықтар дәуірі (X-XIIғғ.) және Моңғолдар дәуірі (XIII-XVғғ) деп екі кезеңге бөлінеді. Белгілі ғалым Н.А.Баскаков X-XV ғасырлардағы тарихи жағдайларды жинақтай келіп, түркі тайпаларының бір-бірімен араласу деңгейін, осы дәуір үлесіне жататын ескерткіштердің жазылу ортасы мен тілдік ерекшеліктерін ескере отырып, бұл дәуір ескерткіштерін шартты түрде 4 топқа бөліп қарастыруды ұсынады:

- 1) Қарахандықтар дәуірі ескерткіштері;
- 2) Алтын Орда дәуірі ескерткіштері;
- 3) Орта Азияда жазылған ескерткіштер;
- 4) Мамлүк қыпшақтарының ескерткіштері.

Дегенмен дәл осылай жіктеудің өзі орта түркі дәуірінің барлық ескерткіштерін бірдей қамти алмайды. Мысалы, жоғарыдағы топтастыруға әзербайжан жеріндегі оғыздардың көне ескерткіштері мен Анатолия түріктерінің жазба дүниелері енбей қалған. Демек, Орта түркі дәуірін күрделі кезең деуге себепші болған факторлардың бірі де – осы [1, 12].

Орта түркі дәуірінде жазылған жазба мұралар түркі дүниесінің ортақ дүниетанымынан мол хабар береді. Қазақстан мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 2022 жылғы 11 қарашада Түркі мемлекеттері ұйымының саммитіне қатысып, «Осы орайда мен Түркі халықтарының ортақ жазба мұрасын зерттеуге арналған «жол картасын» әзірлеуді ұсынамын. Ол үшін елдеріміздің мұрағаттары өзара ашық болуын қамтамасыз ету қажет. Келешекте соның негізінде Түркі мемлекеттері ұйымының «Цифрлық кітапханасын» құруға болады», - деді. Болашақта Түркі мемлекеттер ұйымының кітапханасында тұратын басты ескерткіштер Махмуд Қашқаридың «Диуан лұғат ит-түрік» сөздігінен бастап, Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік», Ахмет Яссауидің «Диуани хикмет», Алтын орда дәуірі ескерткіштері: Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасы, Хорезмидің «Мұхаббат-наме» шығармасы, Сейф Сарайидың «Гүлстан бит-түркі» дастаны, Махмуд бин Али әл-Кердерінің «Нахдж әл-Фарadis» жәдігерлігі т.б.

Орта түркі дәуірі ескерткіштерінің басында тұрған түркілердің тұңғыш лексикографиялық еңбегі «Диуан лұғат ит-түрік». Ал оның авторы «М. Қашқари – түркі халықтарының тілі мен халық әдебиетіне, тарихы мен тағдырына, жағрафиясы мен мифологиясына, әдет-ғұрпы мен тұрмыс- салттарына жіті ден қойып, қоғам дамуын, кезең көріністерін, әлеуметтік- мәдени ортасын, саяси құрылымдарын кеңінен зерделеген энциклопедиялық еңбек қалдырып, түркітану ғылымының негізін қалаған жалпытүркілік тарихи- тілдік тұлға [2, 35].

Орта түркі дәуірінің жарқын бір белесі -Алтын Орда дәуірі. Алтын Орда – ортағасырларда едәуір жылдар бойы Еуразия халықтарының өмірінде аса маңызды орын алған және тарихи даму үдерісінде ерекше аталатын мемлекеттердің бірі. Феодалдық



бытыраңқылықтан гөрі этникалық және географиялық тұтастыққа негізделген қоғамдық-саяси құрылым болған мемлекеттік жүйенің кейінгі қазақ халқы үшін тарихы үшін маңызы зор.

Жошы Ұлысы, Алтын Орда тарихын зерттеуде әртүрлі ғылыми тұжырымдар қалыптастырған Еуропа, Ресей ғалымдарының еңбегі зор. Дегенмен, В.Н.Татищев, М.М.Щербатов, П.И.Рычков, А.Н. Голицын сияқты зерттеушілер Алтын Орданы жабайы, басқыншы тайпалық құрылым ретінде қарастырған. Сондай-ақ, Кеңестік тарихнамада Алтын Орда тарихына қатысты мәселелерді жүйелі түрде зерделеген Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовскийдің еңбектерінде Алтын Орда саясатының басқыншылық, қиратушылық рөлін көрсетумен шектелген. Осындай зерттеулердің ықпалымен тарихта татар-монғол шапқыншылығының нәтижесінде бағындырылған халықтардың (әсіресе, орыс халқының) тарихи дамуында Алтын Орда саясатының регрессивтік рөлін ғана көрсететін көзқарас қалыптасты. Дегенмен кеңестік тарихнамада Жошы Ұлысы туралы «Распад Золотой Орды» атты М.Г.Сафарғалиевтің классикалық монографиялық еңбегінің (Саранск, 1960, Вып XI) маңызы зор. Еңбекте Алтын Орда мемлекетінің тарихы кеңінен қарастырылған. Ғалым Алтын Орданың қалыптасуын, XIII-XVI ғасырларда мемлекеттің нығаюын, өркендеуін, әлеуметтік-экономикалық құрылымын, 1360-1370 жылдар арасында билік басындағылардың тақ үшін қан төгіскен талас-тартысын, Тоқтамыс пен Едіге заманын жан-жақты зерделеген. Алтын Орда ыдырағаннан кейін оның орнынан бас көтерген хандықтарға да көңіл бөлген. Зерттеу еңбекте Алтын Орданың хронологиялық тарихы тыңғылықты берілген [3].

Кеңес үкіметінің ыдырауына байланысты Ресейде Алтын Орда тарихын зерттеуде позитивті тұрғыдан қарастырған көзқарастар қалыптасуының жаңа кезеңі басталды. Ресей зерттеушілері В.В. Трепавлов, Е.П. Миргалеев, Р.Ю. Почекаев, Р.П. Храпачевский, М.С. Гатинн және тағы басқа көптеген зерттеушілердің еңбектерінде Алтын Орданың әлемдік геосаясатта алатын орны мен тарихи маңызы, саяси, экономикалық және дипломатиялық қарым-қатынастары жөнінде маңызды пікірлер мен тың қорытындылар жасалған [4]. Отандық тарихнамада Алтын Ордаға қатысты қазақ зерттеушілері XX ғ. бас кезінен- ақ, ішінара қарастырды. Қазақ халқының ұлттық рухани сана-сезімінің өркендеу кезеңінде қазақ зиялылары (М. Тынышпаев, С. Асфендияров және т.б.) өз еңбектерінде кейбір жекелеген мәселелерге қатысты біршама ой-пікірлерін айтып өткен [5, 122].

Кеңес үкіметінің ыдырауына байланысты, тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңнен бастап, отандық тарихнамада моңғол билігі дәуіріндегі Қазақстан тарихының шеңберінде тақырыпқа қатысты тың серпіліс кезеңі болғаны анық байқалады. Отандық зерттеушілер арасында Б.Е. Көмеков, З. Қинаятұлы, Т. Жұмағұлов, Т. Омарбеков, Б. Батыршаұлы еңбектерінде Алтын Орданың хандары мен ішкі-сыртқы саясатына байланысты мәліметтер берілген.

Алтын Орда империясының бүгінгі мұрагері кім деген өзекті мәселе соңғы кездері ашық көтеріліп жүр. Еуразияның кең жазира далалық кеңістігінде XIII- ғасырдың басынан өмір сүрген империя саяси-әлеуметтік мәселелердің ықпалымен, қырғи-қабақ ішкі және сырты тартыстардың кесірінен XVI ғасырдың басында толық ыдырады. Ұлық Ұлыстың жұртынан 6-7 мемлекет бөлініп шықты. Бірінші болып о баста Орда Ежен билік құрған Ақ Орда бөлінді, одан кейін Әбілхайыр хандығы, оның ішінен Қазақ хандығы дараланып дербес билігін құрды. Сонымен қатар ұлы жұрттың орнынан Сібір хандығы, Қырым хандығы, Қазан хандығы, Ноғай ордасы және Қажытархан хандықтары бой көтерді. Осы хандықтарда өмір сүрген қыпшақ текті ұлт пен ұлыстардың қай-қайсы да Алтын Орданың мұрагеріміз деп айтуға құқығы бар. Ал қазіргі XXI ғасыр биігінен қарарастырсақ мемлекеттік құрылым болып отырған Алтын Орданың мұрагерлері Қазақстан мен Татарстан. Ал Алтын Ордадан тамыр тартып, бүгінгі заманға жеткен елдердің ішінде тек Қазақстан ғана тәуелсіз мемлекет екенін ескеріп, Алтын Орда мемлекетілігінің нағыз мұрагері біздер деп айтуға толық мүмкіндігіміз бар. Ол үшін Орта түркі дәуірінде, Алтын орда тұсында жазылған жазба жәдігерліктердің тілінен түркі халықтарының дүниетаным тарихын, рухани-мәдени құндылықтарын, тағылымды ой түйіндерін, қоршаған материалдық дүниеге ат қою дәлдігін антропозектік деңгейде зерделеу қажет.

Тіл білімі тарихында XIX-XX ғасырлардағы дәстүрлі тарихи-салыстырмалы және XX ғасырдағы жүйелік-құрылымдық парадигмалардан кейін, XXI ғасыр тіл білімінің басты парадигмасы болып табылатын антропоэлектік парадигма пайда болды.

Заман талабы тіл феноменін тілдің өз ішінде, тілдік жүйенің өзіндік заңдылықтары тұрғысынан зерттеудің тым жетімсіздігін көрсетті. Қазіргі заман тілді «Табиғат-Адам-Қоғам» үштігі контекстінде, адам болмысымен этнос, ұлт, халық сияқты тілдік қауымдастықтың тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік өмірімен, ұлттық менталитетімен, дүниені тану ұстанымдарымен бірлестікте, сабақтастықта қарастыруды талап етеді.

Антропоцентризм (гр. *anthropos* – «адам», лат. *centrum* – орталық) – адам феноменін ғаламның басқа да феномендеріне қарсы қоя отырып, адамды ғаламның орталығы ретінде танытатын, дүниедегі болып жатқан процестердің мақсатын адам факторымен байланыстыратын ғылыми бағыт [6, 8]. Ал тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы зерттеулердің нысаны таным объектісінен (тіл, сөзден) сол тілді тудырушы, қолданушы, жарыққа шығарушы адам – субъектіге ауыстырылып, тілдік конструкциялар дүниені «адам призмасы» арқылы көрудің, танудың дәйектемелік негізіне алынады, «тіл мен адамның» аражігі бөлінбей, біртұтастықта сипатталады. Басқаша айтқанда, қазіргі заманғы лингвистикалық зерттеулер объекіден субъектіге қарай бетбұрып, тіл – субъектінің ең басты конститутивтік белгісі ретінде қарастырылады [7, 17]. «Тіл мен адамның біртұтастығы» жайлы И.А. Бодуэн де Куртенэ былай дейді: «Язык существует только в индивидуальных мозгах, только в душах, только в психике индивидов или особей, составляющих данное языковое общество» [8, 44]. Тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағыттардың қайнар көзі, шығу арнасы Еуропада В. Гумбольдтың лингвофилософиялық концепцияларынан, ал Америкада Ф. Боас, Э. Сепир, Б.Л. Уорфтың көзқарастарынан бастау алатынын атап өткен жөн. Тіл мен мәдениет, тіл мен халық, тіл мен таным арасындағы байланысты қарастыруда В.Гумбольдтың «Тіл – халық рухы, халық рухы оның тілінде. Ұлт нышанын танытатын мәдениет өз ізін халық тілінде қалдырады. Халықтық рух пен мәдениет тілдің ішкі формасына тән» [9, 32 б.] деген тұжырымдамасы мен Э. Сепир мен Б. Уорфтың тілдің ойлауға тигізетін ықпалын негізге алған «лингвистикалық ықтималдық» концепциясы басшылыққа алынады [10, 34]. Ф. Соссюр, В. Штейнталь, Э. Сепир, Б.Уорф, Л. Вайсбергер зерттеулерінде көрініс тапқан «әр халықтың танымдық ерекшелігі оның тілінің табиғатынан туындайтындығы», «тіл тарихылығы мен мәдениет тарихы жапсарлас дамитындығы», «адам баласының образды ойлауы, дүниені тануы тіл құрылысымен тығыз байланысып жататыны» туралы ой-пікірлер мен Ф.И. Буслаев, А.Н. Афанасьев, А.А. Потебня, Р. Якобсон сияқты орыс ғалымдарының тілдің конструктивтік рөлі және оның халықтық мәдениетті, халықтық психологияны, халықтың мифологиялық таным түсініктерін қалыптастыруға тигізетін әсер ықпалы мәселесіне арналған іргелі зерттеулері антропологикалық ізденістердің ғылыми іргетасы етілуде.

XX ғасыр тіл білімі «тіл және адам» мәселелерінің сабақтастық теориясын қалыптасуымен, тілді адаммен, оның ой-санасымен, рухани-практикалық іс-әрекетімен тығыз байланыста зерделеуді, яғни антропологиялық ұстанымды басшылыққа алуымен сипатталады.

Тілді зерттеудің антропологиялық бағдарламасы адам және оның тілі арасындағы байланысқа қатысты мынадай мәселелерді ғылыми зерттеудің ең маңызды проблемалары етіп ұсынады: 1) тіл және адамның рухани белсенділігі; 2) тіл және адамның ой-санасы; 3) тіл және адам физиологиясы; 4) тіл және индивидтің психикасы; 5) тіл және мәдениет; 6) тіл және адамның мінез-құлық, жүріс-тұрысы; 7) тіл және қарым-қатынас; 8) тіл және қоғам; 9) тіл және адами құндылықтар; 10) тіл және таным т.б. Осы тұрғыдан алғанда, антропологиялық ұстанымды тілді зерттеуге негіз ету тіл болмысының алуан түрлі қырларын теориялық тұрғыдан біріктіруге, байланыстыруға мүмкіндік берері сөзсіз [6, 9].

Қазақ тіл білімінде антропоэлектік бағдардағы алғашқы зерттеулер этнолингвистикалық сипатта болды. Қазақ тіл біліміндегі этнолингвистикалық зерттеулердің мән мазмұны мен зерттеу мақсатын профессор М.М. Копыленко «...этностың тұрмыс-тіршілігі, қазіргі

болмысы мен өткен тарихы, материалдық және рухани мәдениетінің тілдік көріністері анықталады» деп көрсетті [11, 17]. Академик Ә.Т.Қайдардың және шәкірттерінің зерттеулері негізінде «қазақ этнолингвистикалық мектебі» қалыптасты.

Қазіргі қазақ этнолингвистикасының дамуына үлестерін қосып жүрген Н.М.Уәли, Ж.А.Манкеева, Г.Смағұлова, Е.Керімбаев, Р.Н.Шойбеков, М.Ержанов, С.К.Сәтенова, Қ.Қ.Рысберген, Ш.Сейітова, М.С.Атабаева, А.Жылқыбаева, Қ.Аронов, Ж.Ағабекова, Т.Б.Жаубасова сынды ғалымдардың еңбектерінің маңызы зор.

Этнос болмысы – терең ұғымды, мазмұны кең болғандықтан оны танып - білуге өзіндік үлесін қосушы қоғамдық ғылым салаларының бірі – мәдениеттану. «Мәдениет» жеке адамның басына өзіне тән қасиеттен бастау алып, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, ұлттық менталитетті, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықты түгел қамтитын өте күрделі ұғым екені белгілі. Ал этнос мәдениетіне ғылыми тұрғыдан мынадай анықтама беріліп жүр: «Этнические культуры – это особые исторически выработанные способы деятельности, благодаря которым обеспечивалась и обеспечивается адаптация народов к условиям окружающей их природной и социально-культурной среды» [12, 48]. Әрбір этносқа тән өмір-тіршілік салтын, ортақ тіл, дүниетаным басқа да рухани құндылықтар жүйесін этнос мәдениеті көрсетеді. Ал соның барлығын танып білудің ең басты құралы – тіл екені анық. «В языке народ выражает себя полнее и многостороннее, чем в чем-либо другом – не только в последнем своем положении, но и исторически. Все что есть у народа в его быте и понятиях, и все, что народ хочет сохранить в своей памяти, выражается и сохраняется языком» [12, 55].

Этнос болмысын мәдени құндылықтар тұрғысынан зерттеу қажеттілігі антропоэзектік парадигма аясында этнолингвистикамен қатар лингвомәдениеттанудың дүниеге келуіне түрткі болды. Лингвомәдениеттану – ұлттық сипаты бар әлеуметтік, рухани және тұрмыстық қатынастар мен заңдылықтарды тілдік бірліктер мен амал тәсілдер арқылы қарастыра зерттейтін тіл білімінің бір бағыты. Орыс ғалымы В.Н.Телия: «Лингвомәдениеттану – тілдің корреспонденциясы мен мәдениеттің өзара қатынасының синхронды түрін зерттейтін және сипаттайтын этнолингвистиканың бір бөлшегі», – деп ой түйеді [13, 217]. Кең көлемде этнос мәдениеті мен дүниетанымның оның жалпы болмысын қарастырғанда лингвомәдениеттану мен этнолингвистика бір саладағы ғылымдар ретінде қарауға болады. Ә.Т.Қайдардың этнолингвистикалық зерттеулерге негіз болатын тілдің қызметі туралы: «Этнос және оның тілін біртұтас, өзара тығыз байланысты құбылыс деп қарасақ, тіл қоғамда тек сол этностың қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар оның (этностың) бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті барлық болмысы мен өмір-тіршілігінің, дүниетанымның мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасы, асыл қазына ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қызметі тағы бар» деген пікірі этнолингвистика мен лингвомәдениеттану сабақтастығының белгісі [14, 34].

Бұл тұжырымдарға жүгінсек лингвомәдениеттану мен этнолингвистиканың теориялық арқауы, зерттеу нысаны мен мақсаты өзектес, тамырлас, сабақтас. Теориялық-әдіснамалық негізі қалыптасқан осындай ғылымдар тоғысында Орта түркі жазба жәдігерліктерінің тілін антропоэзектік деңгейде зерделеу, рухани-мәдени құндылықтарын қарастыру жаңа заман талабы.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бүркіт О. Түркітану, Алматы: «Арыс» баспасы. 2003.
2. Қосыбаев М. М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі әлемнің тілдік бейнесі. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Астана. 2014.
3. Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды. –Саранск: Мордовское книжное издательство, 1960-279.)

- 4.Ыбырайым Ә.О., Байдалиев Д.Д. Алтын Орданың жаңа қырынан зерттелуі тарихы// Алтын Орда жазба ескерткіштері – ұлт руханиятының негізі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 29 қазан 2020 жыл. – Алматы: – «Қазақ университеті»
5. Абдимомынов Н.Т. Алтын орданың сыртқы саясатының өзекті мәселелері. –Тараз: Тигу баспасы, 2014. –309б
- 6.Философия. / құрас. Т.Ғабитов. – Алматы: Раритет, 2005.– 400 б.
- 7.Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М., 1987. – 245 б.
- 8.Манкеева Ж.А. Абайдың шығармалары тілін «тілдік тұлға» тұрғысынан зерттеу мәселелері // Қазақ филологиясы: егіз негіз (ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы: Арыс, 2010. – 352 б.
- 9.Pritsak O. Mahmud Kaşgari kimdir?// Türkiyat Mecmuası. – İstanbul, 1953. –С.10. – S. 244-246.
- 10.Kâşgarlı Mahmud. Dîvânü Lûgati`t-Türk: Tıpkıbasım // Facsimile. – Ankara: Türkiye Kültür Bakanlığı, 1990. – 320 s.
- 11.Наджиб Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. –М.: Наука, 1989. –120 с.
- 12.Ülkütaşır M.Ş. Büyük Türk Dilçisi Kaşgarlı Mahmut: Hayatı. Şahsiyeti. Dîvanü Lugat'ı. – İstanbul: Cumhuriyet Matbaası, 1946. – 138 s.
- 14.Кэшкэри Мэхмут. Туркий тиллар дивани (Дивану лугати т-турк) /Мэс'ул мухэррири Ибраһим Мути'и. – Үрүмчи: Шинжаң хэлк нэшрийати, 1981 – Т.1; 1984. – Т.2; 1984 – Т.3.
- 14.Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы:Мектеп, 1989. – 280 б

**ӘОЖ – 80/81**

## **ТІЛІМІЗДЕГІ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР ҚҰРАМЫНДАҒЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР**

**Б.Н. БИЯРОВ**

*филология ғылымдарының кандидаты, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры*

Фразеологизмдерді қай уақытта, кімдер жасағанын біз анықтай алмаймыз және бұл тұрғыдан алғанда, олар ауыз әдебиеті мұраларына жақын келеді. Сол себепті, уақыт өткен сайын, тұрақты тіркестердің құрамындағы кейбір сөздердің мағынасы қазіргі ұрпаққа түсініксіз бола бастайды. Біз оларды жаңа сөзбен ауыстыра алмаймыз, өйткені олар – «тұрақты тіркес». Бірақ ондай сөздердің мағынасын ашып, түсіндіруге болады. Біздің мақала осы мәселені шешуге талпыныс жасайды.

Тіліміздегі тұрақты тіркестер құрамындағы мағынасы көмескіленген сөздерді қарағанда, олардың біразы көне түркі, орта түркі тілдерінен бері келе жатқанын байқаймыз. Енді бір тобы кірме сөздерден (оның ішінде басым бөлігі араб, парсы тілдерінен енген) тұратыныны анықталады. Мақалада кірме сөздер емес, қазіргі кезде қолданыстан қалған немесе мағынасы күңгірт тартқан төл сөздердің қатысуымен жасалған фразеологизмдер ғана қамтылды.

**Айдарлысын құл, тұлымдысын тұл етті (қылды).** «Қанады, езді, тепкіге алды, қор етті, құлдыққа, күндікке түсірді» деген жалпы мағына беретін тұрақты тіркес (Кеңесбаев,2007,22). Фразеологиялық сөздікте «айдарлы» деген ер кісі, «тұлымды» деген әйел кісі мағынасында айтылып тұр» деген қосымша дерек келтірілген (сонда). Расында да, «Түркі халықтарына, соның ішінде қарақалпақтарға да, ежелден ер адамдардың маңдай тұсына, қарақұсқа немесе екі самайға ұзын шаш – ғұлпақ (айдар – Б.Б.) қалдырып отыру тән болған»

(Айтмуратов,1986,33). *Ғұлтақ* сөзі «Көне түркі сөздігіне» еңбегіне қарағанда, түркі халықтарының кейбірінде ғана қолданылса керек немесе араб тілінен енген *айдар* < *хайдар* «төбеге қойылатын бір шоқ шаш» (ҚТТС,1974,91) сөзі оны ерте ауыстырып үлгерсе керек. Мәселен, М.Қашқари сөздігінде *күжік* «кекіл шаш (арғулар тілінде)» деген анықтама кездеседі (Қашқари,1997, 1-т.,450). Қазақ тілінде *күлте* «шоқталып түйілген бір буда жіп, қыл, шаш т.б.» (ҚТТС,1980,301) сөзі де бұл мәннен алыс кетіп жатқан жоқ. Қарақалпақстан ғалымы Д.Айтмуратов ғұлпақ/құлпақ сөзі «кекіл, бұрым, тұлым» мағынасында қарақалпақ, түркімен тілдерінде сақталып қалғанын айта келіп, қарақалпақ этнонимін қара+ғұлпақ сөздерінің бірігуінен шығарады (Айтмуратов,1986,33). Мысал ретінде Ажинияз ақынның: «Бенде болып түсти ғұлпақлы уғлан...» деген жыр жолын келтіреді (сонда). Осындағы *ғұлпақлы уғлан* қазақтың *айдарлы ұл* тіркесімен бірдей мәнде айтылып тұрғаны, ғұлпақ/құлпақ сөзін кейінгі айдар сөзі ығыстырып шығарғанын дәлелдейді.

*Тұлым* сөзі, көбінесе, қыз балаларға қарата айтылады: *тұлымды қыз, тұлымшағы селтиген қыз т.б.* (ҚТТС,1986,271). *Тұлұм* сөзі көне түркі. *тұлұн* «жүгеннің оң және сол жақтары; екі шекелігіндегі нәрселерді де (моншақ, шашақ, тұмар т.б.) солай атайды» сөзінен шығатындай (Қашқари,1997,461). Ендеше *тұлым* «адамның екі самайынан өсіріліп, өрілетін шаш» деген ұғым тудырады. Көне түріктерде қыздарының шашын екі самайына қарай қос бұрым етіп, ал ұлдарын артына қарай бір бұрым етіп өру салты болды ма екен?..

**Ай (эй) дейтін ажа (эже) жоқ, қой дейтін қожа жоқ.** «Бассыздық, тәртіпсіздік туралы айтылады, ешқандай ұйымшылдық жоқ, басалқы айтар кісісіз өскен» деген мағынада қолданылады (Кеңесбаев,2007,22). Мұндағы *ажса* сөзі көне тілімізде «ауылдың сыйлы, құрметті үлкен адамы» деген мағына берген (ҚТТС,1974,70). Түркі тілдерінің тарихында *еже/ече/ажса/ача/эже* нұсқаларында келетін бұл сөз «эже, ана, апа, аға, эке, ата» мәндеріндегі туыстық атауларда қолданылып келген (Севортян,1974,232-233). Тұңғыс тілдерінде *ачы* «рудың үлкені» деген мәнде кездесетіне қарағанда, түркі тілдерінде де «ата, ру басы» мағынасында жүрсе керек (сонда). Енисей қырғыздары өз билеушісін *ажо* деп атаған деген дерек те кездеседі (Қайыржан,2013,9).

«Ай дейтін ажа жоқ...» тіркесі тіліміздің көне дәуірінде қалыптасқаны осыдан көрініп тұр және «эй дейтін эже жоқ» нұсқасы оның жіңішке айтылуы ғана деп ұққан жөн.

**Айдынды/айдын шалқар көл.** «Фразеологиялық сөздікте» «байтақ көл; кең, тұнық, үлкен, жалтыр көл; мөлдір, жалпақ көл» деген кеңейтілген анықтама берілген (Кеңесбаев,2007,23). «Түсіндірме сөздікте» *айдын* сөзіне «теңіз, көл сияқты көлемді су беті» деген анықтама жазылса, *айдын көл* тіркесіне «үлкен шалқар көл» деген қысқа ғана түсінік беріледі (ҚТТС,1974,93).

«Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» *айдын* сөзінің мағынасын профессор А.М.Щербактың жазғанына сілтеп, «айдын (айлы түн) > ай + түн» сөздерінің бірігуінен шығарады (ҚТҚЭС,1966,23-24). Э.В.Севортяның этимологиялық сөздігінде де көптеген түркі тілдерінде *айдын* сөзі «ай сәулесі, ай сәулесі түскен орын, судың жалтыраған беті» сияқты мәнде қолданылатыны келтірілген (Севортян,1974,108-109).

Термеленген пікірлердің барлығы М.Қашқаридың *айдың* «ай жарығы, ай сәулесі» деген пікірінен бастау алатындай (Қашқари,1997,1-т,147). Автор мұнда *айдын* сөзінің соңғы дыбысын *ң* түрінде береді (*айдың*). Осыған байланысты Э.В.Севортян *айдың* сөзі туынды сөз деген тұжырым жасайды: *айды* (етістік) + *ң* (іс-әрекет иесін білдіретін жұрнақ). Сонымен бірге, Дж.Клоусонның талдауын да келтіреді: *ай* «ай» + *д* + *ы* + *ң* (қызметі анықталмаған жұрнақ) (Севортян,1974,109).

Келтірілген анықтамаларға талдау жасағанда, *айдын* сөзінің мағынасын *ай + түн* сөздерінің бірігуінен жасалған деген тұжырымға күдік туады, түбі халықтық этимологияға тартатындай. Ал *айдын/айдың* сөзін туынды сөз деп тапқан авторлар да сөз тудырушы қосымшалардың нақты мағынасын ашып бере алмаған. Біздің ойымызша, бұл сөз *ай+дың* деген екі сөзден біріккен және түркі тілдерінде *дын/дың/ды:ң/диң* тұлғалы жеке сөз бар. *Дын/дың* сөзінің негізгі мағынасы «басылу, демалу, тынышталу, тұну, тыну» болып келетіні анықталған (Севортян,1980,341-345). Сонымен бірге, *ды:н/диң* етістігінің «қабылдамау,

қайтару» деген бір мағынасы шағатай тілдерінде сақталып қалғанын автор атап өтеді (сонда, 344-бет). *Айдын/айдың* сөзінде дәл осы мағына қатысады: «ай сәулесінің шағылысуы, қайтарылуы (орыс. отражение – Б.Б.)». Қорыта келгенде, *айдын/айдың* сөзі «ай сәулесінің шағылысуы» мәнін береді және, көбінесе, су, көл беттері айлы түнде жарқырап жататындықтан, «айдын көл» тіркесін туғызады.

**Айқай-сүрен салды.** Тұрақты тіркеске «қым-қуыт шабуылдады» деген мағына берілген (Кеңесбаев,2007,24). Автор Ж.Болатовпен бірге жазған тағы бір анықтамасында Л.Будаговтың мынадай пікірін келтіреді: «*Сурэн* – қорқынышты, жаман айқай, көбінесе қарама-қарсы тұрып бірін-бірі соғысқа шақыратын жағымсыз, ащы айқай» (ҚТҚЭС,1966,178). «Қазақ тілінде о баста осы әскери мағынада айтылған болу керек. Қазіргі қазақ тілінде *сүрен* сөзі дербес тұрып «айқай» мағынасында қолданылмайды» деп қосады авторлар (сонда, 178-бет).

Біздің ойымызша, *сүрен* сөзі – біріккен сөз: *сү+рен*. Бірінші сыңары көне түркі. *сү* «әскер, қол (армия)» сөзі екенін аңғару қиын емес (ДТС,2016,547), ал екінші сыңары көне түркі. *ұран* «әскери ұран» (ДТС,2016,651) сөзінің ілгерінді ықпалға ұшыраған түрі деп білеміз. Сонда, *сү+ұран > сүүрен > сүрен* «әскери ұран» мағынасын береді. Ал *айқай-сүрен салды* тіркесі «айқайлап әскери ұран салды» деген мәнде қолданылады.

**Алаңғасар адам.** «Алды-артын абайламайтын есерсоқ кісі» деген мағына береді (Кеңесбаев,2007,40). «Істің алды-артын онша байыптамайтын аңғал, аңғырт адам» (ҚТТС,1974,193). Тұрақты тіркестегі *алаңғасар* сөзі көне қазақ. *алаң* + *қасар* сөздерінен біріккен деп ойлаймыз. Мұндағы *алаң* сөзі *алаң-бұлаң* «алаң-құлаң, көмескі, күңгірт, бұлғыр, бұлынғыр» және *алаң-құбаң* «ала-қуаң, шала-шарпы, шалағай» (Қайыржан,2013,22) қос сөздерінде сақталған да, «толық емес, шала, жартылай, аңғал» деген ұғым тудырады. Ал *қасар* сөзі «жолбарыс, қабылан, қасқыр сияқты жыртқыш аң» және ауыспалы түрде «жаужүрек» деген мағына береді (Қайыржан,2013,246). Сонда *алаңқасар/алаңғасар* сөзі алғашында «шалағай, аңғал, аусар батыр» деген мағынамен пайда болған. Кейін, тек батыр адамға ғана емес, «не болса соған түсе кететін» барлық адамдарға қарата айтыла бастаған.

**Алаштың азаматы.** «Қазақтың баласы, қазақ» («Алаш» сөзі ескі дәстүрде кей уақыт «қазақ» сөзінің ұғымын білдірген) (Кеңесбаев,2007,41). Алаш сөзіне «Түсіндірме сөздікте» кеңірек анықтама беріледі: 1. «Ежелгі қазақ тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы, «қазақ» деуден бұрынғы елдің жалпы аты». 2. «Қазақ руларының ерте замандағы ұраны». 3. «Жау, дұшпан, жат, бөтен». 4. «Ел, халық, жұрт» (ҚТТС,1974,1-т.,203).

Сонымен бірге, *алты сан алаш, алты алаш* деген тұрақты тіркес те бар. Оған: «Алаш қауымына кірген ірі-ірі алты тайпаның атымен байланысты қалыптасқан атау» деген түсінік жазылған (сонда, 204-бет).

«Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінің» (1966,29) авторларының бірі А.Махмұтов мынадай деректер келтіреді: 1) Академик В.В.Бартольдтың «Ахмед хан қалмақтарды екі рет шапқанда, қалмақтардың *алашы* «өлтіруші» деп атаған лақап атынан пайда болған» деген бұрыннан белгілі пікірі. Бұрыннан белгілі дейтініміз ол деректі кезінде Мұхамед Хайдар Дулати өзінің «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде жазып кеткен болатын. 2) Абай Құнанбайұлының дәл осы оқиғаны жазып қалдыруы: «...Қалмақ рақымсыздығына қарай, мынау бір *алашы* болды ғой депті. ...Сондықтан *Алаша хан* атаныпты...». 3) С.Сейфуллинның «...*алаш, алашы, алаша* деген сөздер бір сөз, қалмақ, моңғол тілінде «кісі өлтіргіш», «қан құмар», «жау» деген сөз екендігі дұрыс және «алаш» деген сөз қазақ атанған рулар қазақ болмай жүргенде қолданылған...». 4) В.В.Радловтың «...*алаш* бүкіл қазақ халқының ұраны түбірі – *ал* деген етістік» (ҚТҚЭС,1966,29-30).

Жоғарыда келтірілген мысалдардың барлығы дерлік М.Х.Дулатидың еңбегіне сүйенеді. Ал «Тарих-и Рашиди» не дейді? «... (Сұлтан Ахмет хан – Б.Б.) Екі рет Исан Тайшымен соғысып, екеуінде де жеңіске жетті. Бұдан былай қалмақтар одан қатты сескеніп, онымен есептесетін болды. Олар оны «Алашы хан» деп атады. Ал моғолша «алашы» - «өлтіруші», яғни «кісі өлтіруші хан» деген сөз. Ханды осы лақап атпен атай бастады.Қазіргі кезде моғолдар оны Сұлтан Ахмет хан десе, басқа тайпалар оны «Алаша хан» дейді. Мирхонд пен

Хондамир Харави тарихында және басқа кітаптарда «Алаша хан» деп жазылған (Дулати,2003,144).

Ал енді Сұлтан Ахмет хан деген кім? М.Х.Дулати оны Жүніс ханның баласы екенін айта келіп, шежіресін былайша таратады: «... Жүніс хан ибн Уәйіс хан ибн Шир Әлі Оғлан ибн Мұхамед хан ибн Қызыр қожа хан ибн Тоғлық Темір хан ибн Есенбұға хан» (Дулати,2003,112). Сонда Сұлтан Ахмет хан Шағатай ханның ұрпағы және Моғолстанның ханы болып шығады. Қазақ хандығына қатысы жоқ, керісінше қазақтарды үш рет шапқыншылыққа ұшыратқан: «... Осы оқиғадан кейін ол (Сұлтан Ахмет хан – Б.Б.) өзбек-қазақтарға қарсы ұрыс салды. Оған мына нәрсе себеп болды. ...Сұлтан Махмұд хан екі рет өзбек-қазақтармен соғысып, жеңілгенін еске алғанбыз. Осы себептен Сұлтан Ахмет хан өзбек-қазақтарға үш рет шабуыл жасап, үш рет оларды талқандады. Олар мұның ағасы Сұлтан Махмұд ханға не істесе, бұл да солай өшін алды» (сонда, 144-бет).

Осыдан келіп, өз елін шапқыншылыққа ұшыратқан ханның лақап атын (Алаша хан) қазақтар ұран етіп, ел аты етіп алуы мүмкін бе деген сұрақ туындайды. Әрине мүмкін емес. Ендеше *алаш* сөзінің мағынасы аталып өткен оқиғаларға қатысты емес. Біздің ойымызша, *алаш* көне түркі. *алашұ* «баспана, кепе (шатыр)» сөзінен шығады (Қашақари,1997,166). Әбілхайыр ханның ұлысынан бөлініп шаққан рулар өздерін *алашұ/алаш* «отау үй, бөлек шыққан шаңырақ, жеке хандық» деп атауы бек мүмкін. Ол атау *қазақ* «қазақыланып бөлек кеткен, бөлінген ел» этнонимімен бір мезгілде шығып, оның синонимі ретінде қолданысқа енген. *Алаш* сөзінің «қазақ елі» деген мәнде қолданылатыны осы себепті. Ал *алты алаш* тіркесі Қазақ хандығын құруға негіз болған алғашқы алты руды атайтын болған.

**Қазақы салт (қазақыланып жүру).** *Қазақыланып жүрді* тарихи мәнді тұрақты тіркесі «Фразеологиялық сөздікте» кездеспейді, бірақ тарихи шығармаларда бар. Осы тіркес *қазақ* этнонимінің этимологиясына жол ашады.

*Қазақыланып жүрді* тұрақты тіркесі «Бабыр-наме», «Тарих-и Рашиди» жәдігерлерінде жиі қолданылады. Мәселен, Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің «Тарих-и Рашиди» кітабында *қазақылану* сөзін бірнеше жерде қолданады: «Сұлтан Уәйіс хан әкесі Шир Әлі оғлан қайтыс болған соң, немере ағасы Шир Мұхаммед ханның жанында болды. Алайда кәмелетке толған соң немере ағасынан кетіп *қазақылық салт* бойынша әртүрлі жерлерде жүрді» (Дулати,2003,95). «Ал Сұлтан Саид хан жеңілгеннен кейін ол Моғолстанда *қазақы салтпен* тіршілік кешпек болды, бірақ қым-қуыт оқиғалардан соң Моғолстанда тұру мүмкін болмады» (сонда, 153-бет). «...Себебі Тубра білімсіз кісі болатын және ешқашан хандарға қызмет жасамаған еді, үнемі Моғолстан мен Өзбекстан даласында *қазақ салты* бойынша шекараны қарауылдап тіршілік етті» (сонда, 299-бет).

«Тарих-и Рашиди» жәдігерінің соңында берілген «Кітапта кездесетін кейбір ұғымдарға түсіндірме» қосымшасында мынадай анықтама бар: «*Қазақы салт* – Орталық Азияда XV ғ. таққа бүлікшіл үміткерлерді «қазақ» деген, олар өз жақтастарымен қауіп-қатерге толы тіршілік кешкен, өзінің патшасына мойынсұнбай бөлініп, онымен қақтығыс жағдайында болған көшпелілер тобын да «қазақ» деп атаған» (Дулати,2003,567).

Барлық мысалдан *қазақ, қазақылану, қазақы салт* сөзінің «қашып жүру, еркіндікте жүру» мағынасын анық байқаймыз. Тіпті ол сөздің түбірінде де *қаш+ақ/қасақ/қазақ* етістігі жатқанын жоққа шығара алмаймыз. Оны М.Х.Дулати тағы да растай түседі: «Әбілқайыр хан дүние салғаннан кейін өзбектердің ұлысында алауыздық пайда болды. Әркім мүмкіндіктеріне қарай қауіпсіз һәм дұрыс өмір сүру үшін Керей хан мен Жәнібек ханды паналады, олар осылай күшін нығайтты. Басында өстіп елден қашып, олардан бөлініп жырылып қалып, біраз уақыт тарығып әрі сергелденде болғандықтан оларды «қазақ» деп атады. Бұл лақап ат қазақтарға осылай таңылды» (Дулати,2003,306).

Қорыта келгенде, *қазақ* сөзі этноним ретінде Керей мен Жәнібек сұлтандар Әбілқайыр ұлысынан бөлініп (қазақыланып) шыққан кезде ғана пайда болды. Оған дейінгі тарихта ол сөз *қазақыланып жүру, қазақы салт* түрінде іс-әрекетті білдіретін сөз, сөз тіркесі болып келген. Этноним ретінде одан бұрын еш жерде қолданылмаған.

Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер сан жағынан мол, мағынасы жағынан бай, аса бағалы тілдік құбылыс екені анық. Оларды көздің қарашығындай сақтап, тілімізде қолдана білу, тек тілші-ғалымдардың, ақын-жазушылардың міндеті ғана емес, сол тілді тұтынушы әрбір жеке адамның парызы.

*Мақала 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP19678010).*

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Айтмуратов,1986,33: Айтмуратов Д. Тюркские этнонимы:каракалпак, черные клобуки, черкес, башкурт, кыргыз, ұйғыр, тюрк, печенег, сак, массагет, скиф. – Нукус, «Каракалпакстан» 1986. – 236 с.
2. Дулати,2003,144: Дулати М.Х. Траих-и Рашиди. – Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2003. – 616 б.
3. Кеңесбаев,2007,14: Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 бет.
4. Қайыржан,2013,84: Қайыржан К., Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2013. – 480 бет.
5. Қашқари, 1997,1,343: Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы/ауд. А.Егеубай. Алматы: ХАНТ, 1997. – 1353 б.
6. ҚТҚЭС,1966: Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі (ҚТҚЭС). Алматы: «Ғылым» баспасы, 1966. – 240 б.
7. ҚТТС,1-10т,257: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А-Я. – Алматы: Ғылым, 1976, -том – 695 б.
8. Севортян, 1974,643: Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. (Общетюркские и межтюркские основы на гласные). Москва: «Наука», 1974. – 767 с.
9. Севортян, 1980,341: Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. (Общетюркские и межтюркские основы на буквы «В», «Г», и «Д»). Москва: «Наука», 1980. – 395 с.

### **ӘОЖ 82 (574)**

### **ТЕҢІЗ ТАУҚЫМЕТІНІҢ ЖЫРШЫСЫ**

**Алпысбай Мұсаев,**

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.Орал қаласы.

*Трагедия Арала, человеческий фактор, экологическая катастрофа, своеобразная стиль.*

Жиырманшы ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдары әдебиет атты киелі әлемге имене еніп, бүгіндері даңғайыр қаламгер атанған Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, Д.Исабеков, Ә.Тарази, Қ.Ысқақов, Т.Әбдіков сияқты жазушылар екендігі қаншалықты ақиқат болса, солардың ізін баса өзіндік үнімен ұлттық сөз өнеріне сексенінші жылдары араласып, бүгінде айтар ойымен, өзіне тән «Менімен» танымал болып жүргендері қатарында Қуаныш Жиенбай да бар десек ешкім дау айта қоймас. Қазақ халқында ғасырлар бойы өмір сүру дағдысынан тәжірибе бар. Соған сенсек, өнерді, яғни руханиятты жасаушы тұлғаның бағын ашатын ерекше жайттар болады. Ол жайттардың жазушы дүниетанымы мен өмірлік көзқарасынан туындаған, негізгі авторлық ұстанымға айналуы тақырып пен идея атты ұғымдармен тығыз байланысты болып келетіндігі ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома.



Орыс сыншысы В.Белинский: «Ешбір қаламгер өздігінен, өз басының көрген азабын да, қуанышын да айтумен ұлы адам болып табылмайды. Әрбір ірі тұлғаның азабы мен қуанышы қоғамдық және тарихи мәні бар халықтың азап, қуанышымен біте қайнасып жатады. Сондықтан да ол қоғамның, уақыттың адамзаттың өкілі болып сөйлейді!» деген.

Жазушы Қ.Жиенбайдың да жанын ауыртқан түн ұйқысын төрт бөліп, жүрегін сыздатқан, қаламгер ретінде қалыптасуына алғы шарттар жасаған бір тақырып бар. Ол Арал трагедиясы. Арал қасіреті. Арал тақырыбы. Арал экологиясы ғана емес, сол жердің тұрғындарының тұрмыс- тіршілігі, мінезі мен мақсаттары да қаламгер назарынан тыс қалмаған. Адамзатты ғарышпен байланыстырып отырған «Байқоңырдың» да адам мен табиғатқа тигізіп отырған зияны да көркемдікпен шебер суреттеген. Соның ішінде біздің зерттеу еңбегімізге негіз болып отырған ауыл адамдарының бейнесін жазушы боямасыз, асқан дәлдікпен жеткізе білген.

Оның «Елде жоқ ережелер», «Қашқын», «Өгей», «Ақмойнақ», «Сатқын», «Елден жолдаған жеделхат», «Күде», «Ұры», «Жиделі тоғайдағы жеті күн», «Құлпытастағы қос жол өлең», «Кешіріңіздер», «Қарғаның сыңғырығы», «Кемпірлер мен кептерлер», «Айың тусын оңынан» әңгімелері, «Ай, Бөрібай, Бөрібай» повесі және «Даңқ түрмесінің тұтқыны», «Ән салуға әлі ерте» атты романдары мен тағы да басқа көптеген шығармаларын оқи отырып, өзіндік стилі қалыптасқан қаламгер екенін айтуға болады.

Жазушының өзі де «...Біздің балалық шақ ұлы теңіздің жағалаудан қаша бастаған, тартыла бастаған өкінішті кезеңімен тұспа тұс келді. Ертегі дегеннен шығады-ау, мен қазір сол теңіздің бір кездері үйді жығар түйе өркеш дәу толқындарының болғанын да, жойқын дауыл тұрғанда үлкен кемелерді табалдырық алдына әкеп тастайтынын да балаларым мен немерелеріме сендіріп айта алмаймын. Біртүрлі қиял-ғажайып ертегі айтып тұрған секілдімін, дей келіп...Шығармаларымның тақырыбы, көтерген мәселесі, арқалаған жүгі Аралға байланысты болғаны рас. Табиғат пен адамның ара қатынасы дегеніміз өмірі таусылмайтын мәңгі тақырып. Тек майдан қыл суырғандай жүйесін тауып жаза біліңіз»- дейді автор.

Жазушы Қуаныш Жиенбайдың шығармаларының дені теңіз тақырыбына арналған делік. Жағалау жайлаған жерлестерінің сан қилы тағдыры, олардың қайсар мінездері және жан драмасындағы арпалысты сезімдері жинақталып, аса дәлдікпен көркем суреттелген. Автор түрлі жанр арқылы адам психологиясын ашуға толықтай мүмкіндік барын дәлелдейді. Және осы орайдағы ешкімге ұқсамайтын өз қолтаңбасын да анық аңғартады.

Осы жағдай туғызған түрлі өзгерістерге халықтың, соның ішінде ауыл адамдарының соған сәйкес бейімделуі және олардың мінез-құлықтары мен ішкі күйлерін тың ой, тосын шешімдердің оқушыны бей-жай қалдырмайтын өзіндік қуаты бар. Қ.Жиенбай өз туындыларында қазақтың қайсар, төзімді, қонақжай, қой аузынан шөп алмас момын, әрі бір сөзге тоқтаған тектілігін шебер бейнелеген.

Қаламгердің сонау 1984 жылы тырнақалды туындысы «Жалғыз желкен» кітабынан бері жарық көрген «Теңіздегі бір тамшы», «Құлан жанарындағы ғұмыр», «Жер сілкінісінен бір жұма бұрын», «Қателесесің, қымбаттым», «Күн түспейтін терезе» сияқты әңгіме, повесть, романдардан тұратын прозалық жинақтары соған куә.

Жазушы Жиенбайды оқырманға танымал еткен шығармасы - «Құлан жанарындағы ғұмыр» повесі еді десек, ақиқаттың ауылынан тым алыстап кете қоймаған шығармыз. Бұл туындыда да Арал аймағындағы оқиғалар суреттеледі. Бірақ жазушы осы өңірге төне бастаған экологиялық апатты публицистикалық сипаттағы сарында айқайлатып жазбай, жасандылықтан бойын аулақ ұстайды.

Түрлі ситуациялар мен нанымды суреттелетін шығарманың желісінен табиғат апатының адам баласына тартқызып жатқан тауқыметі мен тақсыретін көзіңмен көргендей әсер аласың. Шебер өрілген әр эпизод, повестің бас кейіпкері Әбдімомын мен оның отбасының, Арал тұрғындарының образын ашуға қызмет етіп тұр. Повесті оқып шыққан соң, жазушы шығармашылығының жанарындағы өмірді көріп, қаламгердің жанайқайының себебін түсінгендей боласың. Дәл осы шығармадан жазушының басқа ешкімге ұқсамайтын стиль даралығын да мен мұндалайды.

Романның басты кейіпкері Әбдімомынның толыққанды образы да шытырман оқиғалы шырғалаң мен шымыр тартысқа салынбай-ақ шынайы ашылған.

Әсіресе, адам жанының қарама-қайшылығы мен күрделілігі жазушының шоқтығы биік шығармаларының бірі - «Ән салуға әлі ерте» романында тереңірек қаузалып, әдебиетіміздегі бұрын-соңды болмаған жаңа өріске шығады. Дәл осы пікіріміздің шындығын, ағынан жарылып роман туралы салмақты пікір айтқан, әдебиетіміздің ақсақалы, классик жазушымыз Әкім Тарази да мойындаған. Осының бәрі, бұрын қазақ әдебиетінде болмаған жаңа тыныс. Бұрын әдебиетке келмеген, жазылмаған тақырып. Қазақ жазушысы бұлай үңіліп жазбаған тақырып. Маған тағы бір ұнағаны ауыл адамдарының ауызекі әңгімесі, интонациясының жымдасып, қосылып, бірігіп кетуі еді. Біз кейіпкерімізге жоғарыдан менсінбей қараймыз ғой, ал қай кейіпкерді алмаңыз, Қуаныш солардың ішіне кіріп кетеді. Кейін ойладым, бұл бұрын кездеспеген тақырып қана емес, бұрын кездеспеген стиль де еді»-деген еді.

Барлық істің байыбына барсақ, барлық мәселенің тетігі адамда, адам факторынан көрінеді. Ал адам факторының әдебиет пен өнер саласында алатын орны алабөтен өзгеше, себебі адам танитын ғылым деп атанған әдебиетте адамсыз өмір жоқ екені өз алдына, әдебиеттің адамға тигізетін ықпал серінде тіпте шек жоқ.

Ал жазушы Қ.Жиенбай оқушының көз алдына кейіпкерлердің жан әлемі, ой азабы, адамшылдық, кісілік болмысы жан-жақты көрініс табатын соны дүниелерді әкелді. Оның ойын түсіну қаламгердің тұлғалық табиғатын қаншалықты дәрежеде жете танып білгенімізге тікелей байланысты. Бұл тұрғыдан шығарма міндеті орындалған. Ауыл адамдарының тұлғасын жасау жолында автор тек әдебиетке байланысты емес, өнер, живопись, философия салаларын да білуге талпынғаны, ол көп жағдайда кейіпкерлер ойымен өзектестіре өрнектеуге күш салғаны көрінеді. Ой ағымы, ішкі монолог, ара кідік қылаң беретін шымыр диалогтары Қ.Жиенбай шығармаларының негізгі сүйегін қалап тұрғандай.

Бұндай шығармалар – деректілік, сыршылдық негізі, материал молдығы, жазушының жан әлеміне оқу әдісі жағынан әдебиетіміздің қорына өз тынысы, өзіндік жүрек дірілімен қосылар соны құбылыс. Жазушының сөз саптау мәнері, сөйлем құрылысы кейіпкердің ойлау, сөйлеу мақамымен барынша үндес шыққан. Қалам тартып отырған сол болмыстың, сол кезеңнің өз шындығынан өсіп-өнген көркемдік кестесі мен келісімі, сөз жоқ, автордың елеулі табысы.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Белинский В.Г. Собрание сочинений. 6 том.-М.,1986.-10 стр.
2. Жиенбай Қ. Ән салуға әлі ерте.- Астана, 2008.- 400 б.
3. Жиенбай Қ. Таңдамалы. 2 томдық. 1 том.-Астаан: «Фолиант», 2012. - 480 б.
4. Тарази Ә. Кең тыныста туынды // Егемен Қазақстан.-2012.- 1 тамыз.- (№42)

**ӘОЖ - 821. 512**

#### **ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР ЖЫРЫНЫҢ ТОПОНИМДІК КЕҢІСТІГІ**

**Пангереев Абат Шамұлы**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік

университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы,

**Нұрлыбаева Оксана Нұрлыбайқызы**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік

университеті «6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 3 курс студенті

«Қобыланды батыр» жыры тарихи шындықпен астасып жатқан қазақ халқының рухани болмысын, тұрмыс-тіршілігін, ұлттық құндылығын дәріптейтін батырлар дастанының озық үлгісі.

Қобыланды батыр – XV ғасырда өмір сүрген, қыпшақтардың ғана емес бүкіл ұлы даланы мекен еткен тайпалардың қолбасшысы. Ол дұшпандармен күресте қайсарлығымен,

өжеттігімен, ерекше батырлығымен танылған. Елін, жерін көзінің қарашығандай қорғап, жеңістерге жетелеген ерлік істерінің нәтижесінде ел ықыласына бөленген. Аты аңызға айналған, халық құрметіне ие болған батыр туралы жырлардың ұрпақтан-ұрпаққа таралып сақталу себебі де сондықтан. Халық ауыз әдебиетінің жауһары саналатын «Қобыланды батыр» жырының дәріптейтін негізгі идеясы – елді сыртқы жаудан қорғау, батырдың ерлік істерін жырлау.

Қалың Қыпшақ жағалап,	Қалмақтан алған көп олжа,
Қараспан тауға қоныпты.	Әділдікпен батырың,
Жылаған қыпшақ баласы,	Бөліп берді еліне,
Бұрынғыдан екі есе,	Пақыр, кедей, кеміне.
Бақ-дәулетке жолықты.	Кедейі байға теңеліп,
Келіп қонды көп қыпшақ	Риза болды бәрі де
Азаулы деген көліне.	Қобыланды сынды еріне.
Бұрынғыдан көп артық	Ешкі малдың серкесін,
Дәулет бітті еліне.	Ақсақал жер шекесін. /1,121/

Келтірілген үзіндіде жырдың негізгі идеясы анық көрсетілген.

Жалпы эпостың бізге жеткен жиырма тоғыз нұсқасы бар, оның ішінде үшеуі батырдың ұрпақтары Бөкенбай мен Киікбай батырлар жайлы. Ең алғашқы нұсқасын Ыбырай Алтынсарин Марабай жыраудан жазып алған. Барлық жырлар секілді «Қобыланды батыр» жыры да оны орындаушылардың өңдеуінен өтіп, толықтырылып, түзетіліп бірақ негізгі мазмұнын сақтай отырып, ауыздан-ауызға таралып бізге жеткен. Бұған дәлел ақын, жырау Нұрпейіс Байғаниннің «Мен, «Қобыландыны» он жеті жасымнан жырладым. Сол кезде тұқымы жыршы Махует деген ақыннан осы «Қобыландыны» үйрендім. Маухеттің әкесі Ділмағамбет, Ділмағамбеттің әкесі Бітеген, Бітегеннің әкесі Терлікбай, Терлікбайдың әкесі Бақы, Бақының әкесі Жаскелең, Жаскелеңнің әкесі Текберген деген атақты жыраулар өтіпті. Атадан балаға мен айтатын «Қобыландының» осы желісі қалған екен. Мен мазмұнын бұзбай, ертегісін сол күйінде жырладым. Ожырай деген елден шыққан асқан ақын Қонақберген де, Кенжеқара жыршы да «Қобыландыны» осылай жырлады.» /2, 201-202/, -деген сөзі айғақ бола алады. Эпостың жалпы желісінде – көшпелі халық өмірі, бір перзетке зар болған батырдың ата-анасы – Тоқтарбай мен Аналық, таңдап қосылған жары – Құртқа, елін басқыншылардан қорғауы, сенімді сергі – Тайбурыл туралы және басқа да оқиғалар баяндалады. Тарихи деректерге сүйенсек, батыр Жошы ханның ұрпағы Шайбанидың (Шибан) ұлы Әбілқайыр ханның тұсында өмір сүрген. «Шығыс Еуропаны жаулап алу кезінде ерліктерімен көзге түскен Жошының бесінші ұлы Шибанға (Шайбани) басыбайлы жер иеліктері беріледі. Оның бірі Еуропа жеріндегі Карель жері болса, екіншісі бүгінгі Қазақстанның батыс өңірлерінен тиеді. Бұл жерлерді Бату ханның Шибанға енші етіп бергені жөнінде Әбілғазы Баһадүр хан былай деп жазады:

«Юрт, в котором ты будешь жить... будет между юртом (Бату) и юртом старшего брата моего Орда-Ичена, летом ты живи на восточный стороне Яика по рекам Иргиз, Савук, Орь, Илек до горы Урал, а во время зимы в Аракуме, Кара-Куме и побережьях реки Сыр в устьях Чу и Сарису», және де қарамағына найман, құсшы, қарлық, бұйрақ рулары беріледі.»/3, 9/

Әбілғазы Баһадүрдің дерегіне сүйенсек, қазіргі Ақтөбе облысының толық аумағы, Қостанай облысының оңтүстік-батыс бөлігі және Қызылорда облысының жерінің жартысынан көбі Шайбанидың билік еткен жерлері болып табылады. Осы деректе Жайық, Ырғыз, Ор, Елек, Шу, Орал, Сыр, Сарысу сияқты топонимдер шоғыры аталып, жырдың географиялық кеңістігіне біраз айқындықтар енгізеді. Жоғарыда айтып өткен рулардың қатарына кейіннен қыпшақ руы қосылады. Бұл жөнінде зерттеуші Бөрібай Ахмедов: «По слову Махмуда ибн Вали, в войске Абу-л-Хайр-хана были ополчения племен уйратов, маджаров и кипчаков.»/4, 16/ деп жазады. Бұл дерек негізінде Қобыланды Жошы ханның ұрпағы Әбілқайыр ханның қол

бастаған батыры болғанын аңғара аламыз. Қобыланды батырдың Әбілқайыр хан тұсында өмір сүргеніне тағы бір дәлел Шәкәрім шежіресі. «Түрік, қырғыз, һәм хандар шежіресі» атты еңбегінде «Біздің осындағы арғындардың атасы Дайырқожа Әбілқайыр ханның сүйікті қазысы екен. Билікті әділ айтқандықтан Ақжол би атаныпты. Және Қара Қыпшақ Қобыланды да ханның сүйікті адамы екен. Екеуі іштей жауласып жүргенде, бір күні Қобыланды Дайырқожаны далада өлтіріп кетіпті. Мұны Жәнібек хан біліп, Қобыландыны шарифат бойынша қысас қылып өлтіруге сұрапты. Әбілқайыр берейін десе, көп қыпшақ бұзылатын болған соң, бере алмай, үш кісінің құнын ал деген соң, бұған Жәнібек өкпелеп, бөлініп кетеді»./5,54/ Осы шежіредегі дерекке сүйене отырып Ә.Бөкейханов «Қобыландының» өмір сүрген уақыты деп екі кезеңді көрсетеді Қобыландыны «Тоқтамыс, Едігенің замандасы» және «Әбілқайыр, Жәнібек хандардың замандасы» дейді. Алайда «Қобыланды батыр Ақжолға тұстас болса, оның жорықтары 15-інші ғасырда болған» деген қортындыға келеді./6,313/

Сейіт Қасқабасов «Ойөріс» кітабында «Қобыланды батыр» жырында нақты тарихи оқиға суреттелген:«1901 жылдың 31 наурызында басылып шыққан «Торғай» газетінде «Ақша ханның тұсында қазақ даласында атақты бай Тоқтарбай өмір сүрген. Ол ноғайлы руынан шыққан, әйелінің есімі Аналық. Олар қартайған шақтарында ұлды болып, атын Қобыланды қояды. 13 жасында Қобыланды Құртқаға үйленеді.»делінген. Қобыланды батырдың Әбілқайыр хан тұсында өмір сүргеніне, тарихи тұлға екендігіне тағы бір дәлел ретінде Шәкәрім шежіресін айта аламыз /5, 22/-деген дерек беріледі. Оқиғаның тарихи шындық екенін Дайырқожаның әкесі Қытан (Қодан) жыраудың өлген ұлының денесіне қарап, қайғыдан қан жұтып жүріп:

"Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным,  
Сексен асып таянғанда тоқсанға,  
Тұра алмастай үзілді ме, жұлыным?!  
Адасқанын жолға салдың,  
Бұл ноғайлы ұлының.  
Аққан бұлақ, жанған шырақ,  
Жалғыз күнде құрыдың.  
Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным?!-  
деп айтқан ішкі мұң-шерін жеткізуі дәлел бола алады.

Жалпы қазақ халқының жыр-дастандарының қайсысын алып қарасақ та онда өрбіп отырған оқиғаның нақты тарихи-географиялық орны болады. Қобыланды батыр – тұтас Батыс Қазақстан үшін, соның ішінде Ақтөбе жеріне қатысты кейінгі орта ғасырдағы танымал, ортақ тұлға. Ұзақ уақыт бойы оның өмірі мен қызметі, кең танымал эпос арқылы аңыз ретінде танылды. Бұл қаһармандық жыр көркем шығарма болғанымен, онда тарихи негіз бар. Ондағы жер-су және кісі аттары осыны айғақтайды. «Қобыланды батыр» жырындағы жер-су аттарына келсек...

Жырдың басталуында:

Жаз жайлауы Көздікөл,  
Көздікөлді жайлаған  
Қалың Қыпшақ жағалай.

Қыс қыстауы Қараспан,  
Қараспан көкке таласқан. /1, 4/

-деген топонимдер кездеседі.Жырдан Қобыланды батырдың қыпшақ руы қоныстанған жайлауы Көздікөл болса, қыстауы Қараспан екенін көреміз. Көздікөл атауы жырда үш рет кездессе, Қараспан тауы отыз үш рет аталған. Қараспан тауы Қазақстанның Оңтүстігінде кездесетін таудың аты. Дегенмен,

Қобыландымен байланысты Қараспан тауы Арал теңізінің шығыс, оңтүстік шығысындағы қыстаудың атауы болуы мүмкін. Себебі жырда Қараспан топонимі ғана Оңтүстік өңірдің жер атауы ретінде кездеседі. Ал, жыр сюжетіндегі басқа топонимдердің басым бөлігі еліміздің Батыс өңірінің атаулары. Қобыландының бейіті де осы аймақта (Ақтөбе

облысы, Жиренқопа елді мекені) екендігін айта кету керек. Бұл тұжырымның дұрыстығын алға тарту үшін «жаз жайлауы Көздікөл» деген жолдарды келтіре аламыз. Алайда қазіргі таңда Көздікөл ел есіне жайлау емес қыстақ ретінде таныс. Себебі көлдің суы тартылып ойпатқа айналған екен. Көздікөл Ақтөбе облысының Ойыл ауданына қарасты Қаратал аумағында орналасқан. Бұл топоним жөнінде Серікбол Қондыбай «Қобыланды батырдың үш ғұмыры» мақаласында: «Зерттеушілер жырдағы «Қараспан» топонимін қарастырғанда оны Түркістан өңіріндегі аттас топонимге телиді. Бірақ уақыт мәселесіне келгенде осы атауды тым көнелетіп, Шыңғысхан шапқыншылығына дейінгі «қыпшақ заманына» телуге әуес. Мұнда XVII ғасырдың өне бойы мен XVIII алғашқы ширегінде барша қазақтың тұтасымен Қаратау-Түркістан, Ташкент-Жизақ Нұрата-Кермине аймағына шоғырлануы тұсындағы тарихи ахуалға мән берілмейді. Міне, көрсетілген уақытта қазақ арасындағы қыпшақтар Түркістан маңындағы Қараспан өңірінде тұрған деп жорамалдауға болады. Тек XVIII ғасырды, ортасына таман ғана қыпшақтар Торғай-Қостанай аймағына қоныстана бастаған. Сондықтан, XVIII ғасыр болмаса да, XIX ғасырдағы қыпшақ арасында «өздерінің бұрын Қараспанда тұрғандығы» жөнінде «аңыздық факт» қалыптасты. Осы аңыздық айғақты жыраулар «Қобыланды» жырына кіргізіп жіберді де, нәтижесінде «Қараспан – Қобыландының қыстауы» деген тұрақты эпостық аксиомаға айналды.» деген./7,143/

Жырдың көптеген нұсқаларында Қобыландының алысатын жаулары қызылбастармен күресін суреттеуге құрылған. Тек жырдың кейбір нұсқаларында Қобыландыны қалмақтармен күресуші етулік бар. Қалың Қыпшақтың қас жауы болған «Қызылбас елі» нақты елді-мекен ретінде он жеті рет көрсетілген, қызылбастан шыққан батырлар мен халқын көрсету мақсатында да бірнеше рет қолданылған. XVI ғасырдың басында Иран мен Әзербайжанның 12 түркі тілді тайпалары құрған Сефевид мемлекетін қазақтар «Қызылбас елі» деп атап кеткен. Тарихи деректерге сүйенсек, XVI-XVII ғасырларда қызылбастар қазақтармен жиі шайқасқа түсіп отырған. Жырда қызылбастың елінен шыққан Қазан атты батыр Ноғайлының жері Қырлы қаласы мен Сырлы қаласын тартып алып, Қырлы қалаға бектерін, Сырлы қалаға жендеттерін қоныстандырады. Қобыланды батырдың бастапқы ерлігі осы қалаларды жаудан азат етуімен басталады.

«Сырлы, Қырлы қала» дегеніміз – бүгінгі Шетпеден солтүстікте 10-15 км. Жердегі Иір ойында дүңкиіп тұрған Шерқала мен Айрақты монолит төрткүлдердің біреуі болып табылады. Сырлы қала деген атау Қазақстан жерінде жалғыз болмаса керек. Дәл осындай, Сырлы қала деген жер атауы Повлодар облысының Ақсу ауданы жерінде ұшырасады. Сырлы қала елді-мекені Ертіс өзенінің сол жағалауында орналасқан.»/3, 72/

Қобыланды батыр жырындағы өзге жер-су атаулары батырдың жүріп өткен жерлеріне байланысты.

Камыстыны қазды көл,	...Түйе мойнақ иіртау,
Қоғалының қулы көл,	Қыз емшекті сүйір тау,
Шегендігің желді көл,	Атасу мен Манащы
Шағалалы шалқыр көл,	Мал оттауға оты ащы,
Қызғыштың қызды көл,	Мұнандағы жол шекті.
Құмыра, Қотан қос көлден	Қампай-күмпей қасынан,
Айналасы бес көлден,	Жем, Темірдің басынан.../1,44-45/
Бәрінен өтіп жөнеледі.	

Бұл жыр жолдарынан Шегенді, Шағалалы, Құмыра, Қотан көлдері мен Атасу, Манащы, Жем, Темір, Жайық, Елек өзендерінің атауларын ұшырастыра аламыз. Эпоста кездесетін жер-су атауларының басым бөлігі Ақтөбе облысында болғанымен, басқа да өңір атауларын кездестіруге болады. Мәселен, Шегенді – Атырау облысы Құрманғазы ауданындағы қыстау атауы, Шағалалы – Ертіс алабындағы өзен, Құмыра, Қотан көлдері Ақтау жотасындағы микротопонимдер болса, Атасу мен Манащы өзендері Қарағанды облысының Жаңарқа мен

Шет аудандарының аумағында орналасса, Жайық – Ресей (Башқұртстан, Челябин, Орынбор облыстары) мен Қазақстан (Батыс Қазақстан облыстары Атырау, Орал қалалары) аумағындағы өзен атауы, Елек өзені – Ақтөбе облысындағы Жайық өзені алабында орын тепкен, ал Жем және Темір Ақтөбе облысының Мұғалжар тауларынан бастау алатын өзендер. Жырдағы нақты тарихи-географиялық орындардан бөлек:

Хан жайлаған Қаратау,

Би жайлаған Алатау,-

сынды жырға үстеме әсер мен мағына қосу үшін айтылатын жер атаулары да ұшырасады.

Қорыта келе, жоғары да келтірілген бірнеше фактілерге сүйене отырып, көне дәуірден басталып ХІХ ғасырға дейін жеткен халық ауыз әдебиетінің баға жетпес мұрасы «Қобыланды батыр» эпикалық жыры нақты тарихта болған оқиға деп айта аламыз. Оған жырда кездесетін жер-су атаулары айғақ болып есетеледі. Жалпы Қобыланды батыр жыры қазақ халқының көрнекті мұрасы, ұмытылмай сақталып ұрпақтан-ұрпаққа жете беретін асыл қазынасы болып қала бермек. Жырдың топонимдік кеңістігі осыны аңғартады.

Сөзіміз нақты болуы үшін жырда қолданысқа түскен топонимдерді, олардың аталу жиілігін кесте арқылы беріп отырмыз:

Р/С	Топонимдер	Аталу жиілігі
1	Көздікөл	3
2	Қарааспан	33
3	Қызылбас елі	17
4	Ноғайлы жері	7
5	Қырлы қала	10
6	Сырлы қала	10
7	Шегенді көлі	1
8	Шағалалы көлі	1
9	Қызды көлі	1
10	Құмыра көлі	1
11	Қотан көлі	1
12	Қоскөл көлі	1
13	Қаратау	1
14	Алатау	2
15	Атасу	1
16	Манащы	1
17	Жем	1
18	Темір	1
19	Азаулы көлі	4
20	Құба көлі	1
21	Сары өзені	1
22	Ақсай	2
23	Жайық	3
24	Есіл өзені	1
25	Елек өзені	2

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Батырлар жыры, 1 том, - Алматы: Жазушы, 2000.-256б.
2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. -Алматы: Санат, 1996. -368б.
3. Смаилов Ж.Е., Ошанов О.Ж. Қобыланды батыр кесенісі (археологиялық және этнографиялық ізденістер қортындысы). -Алматы: Комплекс, 2007.-108б.

4. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. -Москва: Наука, 1965.-194б.
5. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз, һәм хандар шежіресі. -Алматы, Санат, 1991.-80б.
6. Бөкейханов Ә. Шығармалар. -Алматы: Қазақстан, 1994.-384б.
7. «Қобыланды батыр: аңыздар мен шындықтар тоғысында» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2007.-290б.

ӘОЖ – 81. 572

## ТІЛ ҚИСЫНЫ ЖӘНЕ ТІЛ БОЛМЫСЫН ТАҢУ, САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Жексенғалиев Болат Өтеғалиұлы**

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы»

Астана қалалық филиалының кеңесші-сарапшысы.

*В статье обсуждаются актуальные проблемы реформы казахского письма, казахского правописание, использование инородных слов и терминов в казахском языке. Проблему в свое время подняли А.Байтұрсынов и другие деятели Алашорды. Проблема актуально и сейчас. Главное утверждение автора – для сохранения вековых норм произношения и природы языка письменность должен опираться на законы языка, нужен национальный алфавит.*

*Ключевые слова:* логика языка, закон языка, сингармонизм, нормы языка, сингармоалфавит

Биылғы жыл қазақ руханияты үшін, оның ішінде ұлттық тіл үшін ерекше жыл екендігі белгілі. Бұл тұрғыдан біз, ең алдымен, ХХ ғасыр басындағы қазақ ұлтының ғылым-білімге ұмтылысының тамаша көрсеткіші ретінде 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздардың тұңғыш съезіне 100 жыл толуын атаймыз. Съездің басты тақырыбы тіл мәселелері болды. Өкінішке орай, бұл тарихи жиынның 100 жылдығы бізде мемлекеттік деңгейде әлі аталған жоқ. Ал «Алаш ардақтылары көтерген тақырыптар олар қуғынға ұшыраған соң уақытша «жабылғанымен», білімпаздар жиынында көтерілген мәселелердің шешімін тапқан-таппағанын талдап-таразылау бүгінгі ұрпақтың, яғни біздің мойнымызға артылған жауапкершілік екенін ұмытпасақ керек-ті!» [1]. Өйткені арада ғасыр өтсе де сол жиында көтерілген мәселелер күні бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ, тіпті ұлт тілінің болашағы тұрғысынан алғанда бүгінгі күні ең маңызды мәселеге айналды десек те болады.

Қазіргі жаһандану заманында ұлттың рухани болмысын сақтаймыз десек, сол ХХ ғасыр басында ұлттың рухани оянуына көшбасшы болған Алаш идеясы мен Алаш рухын ту ету, Алаш жолына түсуіміз керек деген ойды қазақ зиялылары жиі айтып жүр. Ал қазақ тіл біліміндегі Алаш мұрасы туралы айтқанда біз ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы ұлағатына, тағылымына тағы да тоқталатынымыз, тағы да еске алатынымыз анық

Қазақстан халқы тілдері мерекесін ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының туған күні (5 қыркүйек) өткізіп, тіл мерекесін Ахметтану оқуларымен ұштастыру, түрлі шаралар ұйымдастыру - елімізде соңғы жылдары қалыптасқан оң үрдіс және бұл ең алдымен ұлт ұстазының ұлт алдындағы ұлы еңбегін лайықты бағалау бағытындағы қадам екені анық. Биыл да осы мерекеге байланысты ел бойынша 300-ден аса шаралар ұйымдастырылды деген ақпарат бар. Бірақ бізге бұл бағытта ең алдымен, сан емес, сапа қажет, өйткені Ахметтану дегенді біз тек ұстаз атын жәй ұлықтау емес, ұлт ұстазының ұлағатты ойларынан тағылым алу, ол ұлағатты ой-тұжырымдарды бүгінгі тірлігімізде ұстану, басшылыққа алу деп түсінеміз. Бұл тұрғыдан алғанда ойланатын тұстар бар.

А.Байтұрсынұлының туған күні «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған Д.Қамзабектің «Ұлттың рухани ұстыны» мақаласында (5.09.2024) осы бағытта көптің көкейінде жүрген өзекті мәселелер көтерілген. «Соңғы отыз жылда Алаш мұрасы біршама жарияланды, халыққа жетті. Алайда мұраны тану, бүгінгі өмірде қолдану, олардан тағылым алу жағынан тәуелсіздіктен кейінгі буынға үлгі көрсете алдық па?» [2].

Бұл сауалдар неге қойылып отыр? Жалпы біз осы өз тарихымыздан өзіміз сабақ алатын өрелі қоғам деңгейіне жеттік пе? Жауап беру оңай емес. Осы тұрғыдан алғанда Ұлт ұстазының ұлағатты ойларынан қаншалықты тағылым алдық, ол ұлағатты ой-тұжырымдарды бүгінгі тірлігімізде қаншалықты ұстанып жүрміз, ол арнайы сараптау мен талқылауды қажет ететіні анық. Тұтас ұлтқа ақ жол көрсеткен Ұстаздың болуы сол ұлт үшін Жаратқанның берген бағы десек, Ақаңдай Ұлт ұстазы болған Алаш баласында не арман бар?

90-жылдардан тілші-ғалымдар ортасында «Ақаңның ақ жолы», «Байтұрсынов қисыны» (Ә.Жүнісбек) деген тіркестер жақсы таныс. Аты айтып тұрғандай, ақ жол – ең таза, ең дұрыс жол екені анық. Ал *«Тіл қисыны дегеніміз – асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым»* [3.223].

Ұлттың басты рухани қазынасы тілі бәсекеге қабілетті болмаса, ұлттың өзі де ұлттық сипатынан айрылатынын, тілдің табиғи болмысы сақталуы үшін тіл өзінің заңымен өмір сүруі керек екенін пайымдаған А.Байтұрсынұлы *«Тіл болса, оны- заңы боларға керек»* [3.323] деп сол XX ғасыр басында бұл бағытта жүрер жолымызды анықтап, айқындап кетті. Ақаң тұжырымдары *«Ұлттық тіл біліміне түпкілікті Темір қазық болар мәңгілік үлестер»* [4] екеніне ешкім таласа қоймас. Өйткені ол түркі тілдері дыбыстық жүйесін *«асыл сөздің асыл болатын заңдарымен»* сипаттап, жалпы әлем тілдері ғылымы, түркология ілімінде тұңғыш рет үндесім (сингармонизм) негізінде ұлттық әліпби мен үндесімдік орфография жасады.

XX ғасыр басында *«түріктің тұнық тілі, тұзу емлесі қазақта»* болса [3.300], бүгінде жағдай басқа, қазақ тіл білімінде сол XX ғасырдың *30-жылдардың орта шенінен»* бас алған тіл бұзар зиянкестік әлі күнге жалғасып келеді» [5]. Бұл кезеңді профессор Ә.Жүнісбек *«ғасырлық адасу»* [5] деп атады. Басқасын айтпағанда, мектеп оқулықтарынан бастап қазақ тілінің дыбыс құрамы әр оқулықта әр түрлі түсіндірілгені адасудың адасуы болды ғой.

Тіліміздегі «ғасырлық адасу» туралы айтқанда біз, ең алдымен, қазақ тілі дыбыстық жүйесі мен жазу жүйесіндегі жат тілдік нормалар мен жат тілдік заңдылықтардың тіл бұзар ықпалы туралы айтамыз. 1940 жылдан бері тіліміздің жазу, айту жүйесінде қос тілдің нормалары қатар қолданылып келді, әлі де қолданылып отыр. Жалпы бір тілде екі тілдің нормалары қатар қолданылуы мүмкін емес, ал бізде ол нормалар қалыпты болып есептеліп келді «Батпандап кірген ауру мысқалдап шығады», әлі де жат теория ықпалынан толық шыға қойған жоқпыз. Генеологиялық, типологиялық тұрғыдан мүлдем бөлек түркі тілдері дыбыс жүйесін жат теориямен түсіндіру әрекетінің қаншалықты қисынсыз болғандығы қазір әбден айқын болып отыр. Бұл үрдісті қазақ тілінің өз табиғи болмысынан алыстауы немесе қазақ тілін оқытуда қазақ тілінің дыбыстық жүйесін ескермеу деп те атауға болады. Тілдің табиғи нормалары бұзылды. Шұғыл шара алынбай, осы үрдіс жалғаса беретін болса, тіл болашағына қауіп төнбек.

*«Қазақ тілі бір кезде бұлақ суындай таза да тұнық болды, ал бүгінде ол ластанды, көз алдымызда өзінің үнділігі мен саздылығынан айырылып, жұтаң тартып бара жатыр»* (Г.Бельгер)

Ұлттық жазу мен әліпби, терминология мәселесі, ономастика саласындағы атауларды жазу, қолдану, тіл мәдениеті, қазақ тілін оқыту мен әдістеме, этномәдени оқыту мен тәрбие, оқулық мәселелері. Бұлардың қай-қайсысы да ұлт үшін, оның болашағы үшін бүгінгі күні аса маңызды. Осы мәселелердің қай-қайсында болса да біз қазақ тіліндегі *«ғасырлық адасу»* (Ә.Жүнісбек) зардабын әлі сезініп отырмыз.

Қазақ тілші-ғалымдары тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ дабыл қақты, жанайқай ой-пікірлерін жеткізді (Ә.Қайдар, Р.Сыздықова, Ә.Айтбайұлы, Ә.Жүнісбек т.б). 1993 жылы академик Ә.Қайдардың «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» атты еңбегі жарық көргені белгілі. Біз осы еңбектің кіріспесінде айтылған автордың төмендегі пікірінен туындаған ойды ортаға салғанды жөн көрдік.

*«Мемлекеттік мәртебеге ие болып отырған қазақ тілінің де төрт құбыласы тең емес екені белгілі. Ең алдымен, оның тірек болар үш тағаны – 1) жазу-сызуы (ұрпақ арасын жалғастыратын алтын көпірі), 2) ономастикасы (жер бетіндегі ескерткіші), 3) терминологиясы (оның баю, жаңару көзі) берік емес екендігін мойындаған жөн».* [6].



Ақиқатына келсек, тілдің осы үш тірек тағаны бүгін де мықты еместігі баршаға аян. Жазу-сызу жүйемізде басталған реформалар аяқсыз қалуда, ономастика саласында басқаны айтпағанда ұлты қазақ азаматтарының аты-жөнін жазудың бір үлгі стандарты қабылданған жоқ, сол сияқты терминология саласында да ортақ тұжырым, қағида жоқтығынан, тілдік ережелер бекітілмегендіктен топан судай қаптаған жат сөздер легі толастар емес.

Академик Р.Сыздықова *«Тіл заңдары - әркімнің жекешеленген меншігі емес, жылдар, ғасырлар бойы қалыптасатын, жүйелі, тәртіпті дүние»*, қазіргі қазақ тіліндегі **«тілдік нормаларды кодификациялау, яғни ережелерді түсіндіріп, тіркеп, бекітіп отыруды жолға қою»** [7] қажет деген ойын талмастан айтты. Ал бізде бұл тұстағы қалыптасқан ахуалды жақсы білесіздер. XVII ғасырда өмір сүрген француз драматургі Мольер «Грамматиканың әмірі патшаларға да жүреді» десе, бізде бүгінгі күні тіл заңдылығы, тілдік нормалар түрлі оқулықтарда түрлі түсіндірілетін жайға куә болып отырмыз.

*«Қазақ тілінің Ахмет Байтұрсынұлы белгілеп берген 28 дыбысы қай тілден енген кірме сөзді айтуға да, жазуға да құдіреті келеді. Бірақ тілдің бұл қасиеті кирилл әліпби қабылданған жылдардан бері ескерілмеді, қасақана бұзылды. Кірме сөз де, термин сөз де қазақ тілінің заңдылығына, дыбыс жүйесіне бағынып жазылады деген заңды қабылдамай, іс түзелмейді. Түзу емлеге ұлттық әліпбисіз қол жеткізе алмаймыз»* [8].

Шынында да тәуелсіз елміз деп қанша айтсақ та, сол тәуелсіздіктің басты белгісінің бірі ұлт тілін, қазақ жазуын өзге тілдің тіл бұзар ықпалынан босатуда жайбарақаттық танытып келгеніміз, әлі де тәуекел қадам жасай алмай отырғанымыз рас. Оған мына бүгінгі әліпбиге қатысты сәтсіз «реформаларымыз» дәлел.

Қазіргі қазақ тілі кешегі XX ғасырдың 40-шы жылдарынан етекке жармасып, дендеп енген, *«тіл болашағына зауал болып төнген»* (Ә.Кекілбай), жат тілдік, *«тіл бұзар ережелерден»* толық тазарғанда ғана өз заңымен даму, өркендеу мүмкіндігіне ие болмақ. Ол үшін тілдің табиғи заңына сүйенген ұлттық әліпби мен ұлттық емле керек. Ұлттық әліпби жоқ жерде толық мағынасындағы ұлттық тіл де жоқ. Ал ұлттық әліпби ұғымына тоқталсақ, ол - жазудың сол тілдің төл заңдылығынан туындаған үлгісі. Мәселе жазудың түрі мен төркінінде емес, жазуда қолданылатын қағидат-ережеде. Біз осы тәуекел қадамды жасасақ, жат тілдің ықпалынан тынысы тарыла бастаған қазақ тіліне өз заңымен өмір сүруге мүмкіндік берер едік.

*«Жат сөздерді қалай қолданудың ұлы бағытына түсінген соң, әрбір сөзді дұрыстап жазу қиын емес»* [9.25]. Ал ол *«ұлы бағыт»* – қазақ тілінің сөздік қорындағы барлық сөздерді (кірме сөздерді, терминдерді қоса) үндесім нормалары бойынша қолдану, айту және жазу. Қазақ тіл біліміндегі *«Ақаңның ақ жолы»* дегеніміз – осы, яғни тілімізді жат сөздерге қарай ыңғайлау емес, керісінше, ол сөздерді тілімізге қарай ыңғайлау. Ақаңның ақ жолына оралсақ, қазір көп сөз болып жүрген сөйлеу мәдениеті, дұрыс сөйлеу нормалары, емле мен әліпби, термин сөздер, кірме сөздердің айтылымы, жазылымы, тіл әдістемесі (әсіресе бастауыш мектепте) мәселелері өз шешімін табар еді, қазіргідей қиыншылықтар мен түсініспеушіліктер, бетімен кетушілік болмас еді. Өкінішке орай, әліпби туралы әңгімеде осы басты шарт көбіне назардан тыс қалып келді. Сондықтан да әліпби реформасын ұлттық тіл мүддесіне сай жүргіземіз десек, біз ұлттық жазуға қатысты ең негізгі деген осы мәселелерді бүгін шешіп алуымыз керек.

Ұлттық әліпби, емле мәселесінде әңгіме аяқталған жоқ. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев *«Мен бұрын бұл мәселе бойынша талай рет айттым: біз, ең алдымен, осы сәтті пайдалана отырып, қазақ тіліне реформа жасауымыз керек»* [10] дегенді босқа айтып отырған жоқ. Ұлт тағдырына, тіл болашағына қатысты жалпыұлттық маңызы бар ұлттық жазу, оның емлесі туралы мәселеде бізге енді қателесуге болмайды. XX ғасыр басында қазақтың ұлттық жазуын қалыптастырған ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының жазу, әліпби, емлеге байланысты қағидаттары – бұл бағыттағы біздің басты ұстанымыз болғанда ғана ұлттық әліпби қалыптасатыны сөзсіз. Сондықтан да Ұлт ұстазы алдындағы басты парызымыз – ұлттық жазу жүйемізді (әліпби, емле) Ақаңның қағидаттары негізінде қайта құру. Бұл сонымен бірге *«ұлы тұлғаның ұлағатты жолы ешқашан үзілмейтіндігінің»* (ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Алматыда Ұлт ұстазы ескерткіші ашылуындағы сөзі) нақты көрсеткіші болар еді.

Осы қордаланып қалған мәселелерге қатысты қазақ ғалымдары айтпады десек, шындыққа қиянат болар, естір құлақ пен ұғар жүрек болса кешегі өткен тіл абыздары Ө.Қайдар мен Р.Сыздықова, Ө.Айтбайұлы мен Ә.Жүнісбектер айтты да, жазды да, бүгінде Е.Қажыбек, Ш.Құрманбайұлы, М.Сабыр, А.Салқынбай, Б.Қапалбек т.б. ғалымдар айтып та жүр, жазып та жүр. Ал ол пікірлер қаншалықты ескерілді?

Бұл бір жағынан, біздің қоғамда шын ғылым мен ақиқат ілімге, ғалым сөзіне құлақ асу дағдысы әлі қалыптаспағанын білдіріп тұр. Екінші жағынан, сол зиялы қауым мен ғалымдар арасында да тіл қисынын қабылдау мен мойындау, ақиқат ілім төңірегінде топтаса білу, тіл мүддесін қорғауда ынтымақ пен бірлік жетпей келгені де, әлі жетпей отырғаны да рас.

Ғалым сөзімен түйіндесек, *«Тағы қайталайық, жазу аз болып жатқан жоқ, айту одан да көп, бірақ айтылған сөз айтылған, жазылған сөз жазылған жерде қалып жатыр»*

*«Сонда да болса айтыла бермек, жазыла бермек. Бұл – бос салғыласу емес, кирилл мен латын арасындағы өліара мезгілде бейамал күн кешіп отырған көпшіліктің (мүмкін биліктің) бірінің болмаса, бірінің құлағына жетер, көзіне ілігер деген үміт қана.*

*Төл жазу (төл әліпби мен төл еміле) сөзіміздің айтылым-естілім тұрқын бұзбай келесі ұрпаққа табыстайтын аманатымыз болу керек. Ендеше аманатымызға адал болайық, ағайын» [10].*

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ш.Құрманбайұлы «Білімпаздар мұраты немесе «жат сөздерді қазақ тіліне ұқсату», «Ана тілі», 13.06,2024 ж.
2. Д.Қамзабек «Ұлттың рухани ұстыны», «Егемен Қазақстан», 5.09.2024 ж.
3. А.Байтұрсынұлы, «Тіл-құрал», Алматы, «Сардар» баспа үйі, 2009 ж.
4. Ө.Кекілбай «Ұлағатты ұстаз», «Қазақ әдебиеті», 16.10.1998 ж.
5. Ө.Айтбайұлы
6. Ө.Қайдаров, Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас, Алматы, 1993 ж.
7. Р. Сыздықова Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Алматы: «Ел-шежіре», 2014ж.
8. М.Сабыр, «Жас Алаш» сайты, 20.09.2024
9. Х. Досмұхамедұлы «Қазақ -қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», Павлодар, 2009 ж.
10. ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында сөйлеген сөзінен, 12.04.2023 ж.
11. Әлімхан Жүнісбек «Тіліміздің үндесім әуезіне сақ болайық», «Қазақ үні», 4.09. 2020 ж.

## **ӘОЖ 81'1:811.512.1**

### **ТҮРКІ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІНІҢ ГЕНДЕРЛІК ТАПТАУРЫНДАНУЫ**

**Г.Т. Шоқым**

филология ғылымдарының докторы, профессор,

**Э.Т.Буранкулова**

Phd Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Мақалада түркі тілдеріндегі әйел бейнесінің гендерлік таптаурындануының тілдік-әлеуметтік және лингвомәдени мәні ашып көрсетіледі. Сонымен қатар гендерлік таптаурындар түркі лингвомәдениетінің гендерлік концептосферасын айқындайтын категория ретінде фразеологиялық жүйеге негізделіп сипатталады.

**Тірек сөздер:** гендерлік таптаурындар, түркі фразеологиясы, әйел бейнесі, гендерлект, мәдени код.

В статье описывается социально-языковая природа и лингвокультурная характеристика гендерных стереотипов в образе «эйел» («женщина») тюркских языков. Вместе с тем, гендерные стереотипы исследуются как категория, репрезентирующая традиционный лингвокультурный феномен гендерной концептосферы тюркских народов в системе фразеологии.

**Ключевые слова:** гендерные стереотипы, тюркская фразеология, образ женщины, гендерлект, культурный код.

The article describes the socio-linguistic nature and cultural characteristics of gender stereotypes in the image of "ayel" ("woman") Turkic languages. At the same time, gender stereotypes are studied as a category representing the traditional linguistic and cultural phenomenon of the gender conceptual sphere of the Turkic peoples in the system of phraseology.

**Keywords:** gender stereotypes, Turkic phraseology, image of a woman, gender identity, cultural code.

Қазіргі қоғам өміріндегі гендерлік мәселелердің өзектілігі гендерлік лингвистикалық зерттеулер жүргізудің тиімділігін арттыра түседі.

Гендер ұжымдық және жеке адамдық сана компоненті ретінде тілде таптаурындар арқылы көрініс табады. Гендерлік таптаурындардың тілдік-әлеуметтік мәнін ашу, лингвомәдени сипатын зерделеу маскулиндік (еркектік) пен феминдік (әйелдік) концептуалдандырудың ұлттық және мәдени ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді [1, 192].

Әлемнің гендерлік тілдік бейнесінде көрініс тапқан гендерлік таптаурындарды динамикалық зерттеу – түркі тілдерінің заманауи идеяларын зерделеуге, диахрониядағы ұжымдық тәжірибенің нәтижелерін көрсететін мәдениеттің концептуалдық көзқарастарын вербализациялау тәсілдерін анықтауға көмектеседі.

Жалпы сөздік қор, көркемдік қана емес, гендерлік тұрғыдан алғанда да бұл тілдің асыл қасиеттері бірден танылады. Себебі, қазақ тілінде көптеген тілдердегі сияқты әлеуметтік жікке бөлінушілік мүлдем жоқ. «Бұл ерекшелік түркілік менталитетке, тіл логикасына да тікелей ықпал еткен. Мысалы, басқа тілдерде кездесетін «средний род, мужской род, женский род» сияқты айырмашылық жалпы түркі (қазақ) тілдерінде кездеспейді. Өйткені түркілік дүниетанымда әлем біртұтас үйлесімділікте қабылданады.

Осы орайда белгілі ғалым-түрколог, профессор М.Сабырдың пікіріне назар салсақ, «Түркологияда бірінші кезекте тіл тарихы сөз етілсе, ол сөз жоқ ұлт тарихымен өзектес өріледі. Түркітаным ғылымындағы тарихилық болмыс түркі халықтарының тарихына үнілу ғана емес, бүгінгі түркі халықтарының мәдени, рухани ортақтығын тіл деректері арқылы зерделеу болып табылады» [2, 342]. Олай болса, гендерлік факторларды зерттеу арқылы түркі лингвомәдениетінің бірегей деректеріне, ұлттық-мәдени құндылықтарына да терең қарап, екі сала үшін де – түркі тіл білімі мен гендерлік лингвистика үшін тың ғылыми мәліметтерді алуға болады.

Гендерлік таптаурындар тілдің барлық деңгейін қамтиды. Түркі тілдеріндегі гендерлік таптаурындар көбінесе халықтың атадан балаға көшіп отыратын әдет-ғұрып, мінезқұлық, салт-дәстүрлері арқылы үлгіленген. Ол әсіресе өмір құбылыстарын жанжақты қамтып, қоғамдағы әр түрлі қарымқатынасты нақыштап жеткізетін тіл қазынасы фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерде айқын көрініс табады.

Қоршаған дүниені танып-білуде, оны танымдық тұрғыдан таптастыруда, ұлттық менталитет болмысын қалыптастырып сипаттауда, өзге тілдік құралдарға қарағанда, фразеологиялық бірліктердің орны – басымды тілдік қызметі туралы зерттеуші

Г.Ш.Унарокова да дәл көрсетіп кеткен болатын: «Изучение фразеологии как отражения менталитета определенного этноса имеет огромное значение, поскольку становится важнейшим средством концептуального членения и освоения мира» [3, 96].

Өзбек, қазақ және қарақалпақ фразеологиясындағы гендерлік таптаурындардың лингвомәдени ерекшеліктерін зерттеген ғалым Г.М. Исмаилов әр тілдің фразеологиялық бейнеленуінде өзгешеліктер болатынын көрсетеді. Зерттеуші "Түркі тілдерінің фразеологизмдерінде гендерлік оппозиция этностың танымы оның әлем туралы бейнелі идеясының нәтижесі ретінде көрінеді, яғни, мағынасы, тақырыбы, семасы, белгісі фразеологиялық бейненің мәнін құрайды. Фразеологизмнің ішкі формасы халықтың ұлттық танымында, оның әлемге деген көзқарасында, әлемнің фразеологиялық бейнесін жасауда шынайы мәнге ие" [4, 86] деп, фразеологиялық мағынадағы образдылыққа этномәдени бірегейлікті, ұлттық менталды сипатты жүктейтіні байқалады. Сонымен қатар, *әйел* мен *ер* концептілерін бейнелейтін гендерлік маркерленген фразеология мен гендерлік таптаурындардың әмбебап болуы мүмкін емес деп ойын былай түйіндейді: "әйел" және "ер" концептісін сипаттайтын фразеологиялық бірліктердегі гендерлік таптаурындар әртүрлі мәдениеттерде бірдей емес және әртүрлі түсіндіріледі. Бұл, әрине, этникалық дәстүрлер, өмір салты, тарихи даму, географиялық орналасу, ерлер мен әйелдердің әлеуметтік-саяси рөлі сияқты мәдени компоненттермен байланысты" [4, 87]. Г.М. Исмаиловтың бұл пайымдауларымен толықтай келісуге болады, өйткені талданған фразеологизмдер де тілдік емес (экстралингвистикалық) факторлардың фразеологиялық мағынаны қалыптастырудағы басымды рөлін байқатады және солар арқылы тұрақты сөз тіркестерінің этномәдени, лингвомәдени тұрғыдан ерекшелендіреді.

Гендерлік компоненті бар татар фразеологиясын салғастырмалы талдау тұрғысынан зерттеген ғалым Р.Й. Мухтарова бұл тұрақты сөз тіркестері семантикасында ұлттық-мәдени, ұлттық-концептуалдық және ұлттық-коннотативтік ерекшеліктерді ажыратып қарастырады. Оның көрсетуінше, фразеологиялық мағына ерекшелігі гендерлік компонент семантикасына байланысты емес, фразеологизмнің жалпы образдылығына байланысты болады. Татар тілінің гендерлік фразеологиясын талдай келе, Р.Й. Мухтарова келесі тұжырымдар жасайды: "Біз фразеологизмдегі ұлттық танымының үш түрін бөліп көрсетеміз: 1) семантиканың ұлттық-мәдени ерекшелігі, яғни фразеологизм құрамындағы белгілі бір жағдайға, шындыққа, баламасыз бірліктерге нұсқау; 2) фразеологиялық бірліктердің бейнелеу жүйелерінің айырмашылығына негізделген семантиканың ұлттық-тұжырымдамалық ерекшелігі; 3) семантиканың ұлттық-коннотациялық ерекшелігі, бұл фразеолексемалармен салыстырылатын бағалау өрістерінің айырмашылығында көрінеді" [5, 190].

Зерттеуші А.С. Мурзинова ұлттық-мәдени стереотиптің әдіснамалық негіздерін түсіндіру барысында фразеологияға қатысты анықтама береді. Автордың пікірінше, «стереотип – тұрақты тілдік бірліктерде (фразеологизм, теңеу, метафора, паремия, т.б.) менталды бейне түрінде бекіген және вербалданған таңба» [6, 16]. Демек, бұл тұрғыдан келгенде, зерттеушілердің пайымдауына қосыла отырып, гендерлік таптаурындар – түркі халқының ұлттық санасында сәулеленген, фразеологиялық жүйесінде таңбаланған этномәдени және лингвомәдени ұғым ретінде қабылдануы тиіс деп есептейміз.

Жалпы фразеологиялық мағына ерекшелігін зерделегенде, оның ұлттық және мәдени жағын ғылыми талдауға алады. Әйелді номинативтік тұрғыдан түркі тілдерінде келесі лексемалардың синонимдік қатарымен беретіні белгілі, мысалға: *әйел*, *қатын*, *ханым* (қазақ т.), *ayol*, *xotin* (өзбек т.), *аял* (қырғыз т.), *kadın*, *bayan*, *hanım* (түрік т.), *хатын* (татар т.), *khayal* (қарақалпақ т.), *катын*, *катын-кыз*, *катын кеше* (башқұрт т.). Сонымен қатар «әйел» тұрақты сөз тіркестерімен де образды түрде аталатыны белгілі, әсіресе, өзге тілдермен салыстырғанда түркі дүниетанымының ерекшелігін байқатады.

Фразеологизмдердің лингвомәдени талдауы көрсеткендей, әйелге қатысты гендерлік таптаурындар түркі фразеологиясында оларға (әйел адамға) тән сыртқы сипаттарына қарай бейнеленеді – *бұраң бел*, *шүйке бас*, *сарыкідір әйел*, *сары қарын әйел*. Сонымен қатар, әйелге

қатысты сипаттама-атаулар вестонимдік атау-компонентті қолданатын тұрақты сөз тіркестері арқылы берілетіні анықталды – *ұзын етек, ақ жаулық, салпаң етек* және т.б.

Қазақ гендерлік тіл білімі проблемаларына қатысты зерттеуімізде [7, 122-123] *әйел* бейнесіне қатысты *гендерлектілік фразеологизмдерді* өз ішінен *әйел – ана, жұбай, келін, қатын* лексемаларына жіктеп, келесі таптаурындық жіктелім үлгісін ұсындық;

1. Әйелдің *ана болу, дүниеге сәби әкелу* рөлімен байланысты гендерлектілік фразеологизмдер. Мысалы: *аманесен қолаяғыңды бауырыңа алдың ба? ақ сүт берді, айыкүні жақындады, аяғы ауыр, бір кіндіктен, бала тапты, бедеу болды, жылы құшақ, (ана құшағы), құрсақ шашу, құрсақ көтерді, құрсақ той, қалжа жседі, толғағы жетті, шілдехана күзетті* т.б.

2. Әйелдің *кескінкелбеті, жүрістұрысы, мінез ерекшелігін (жағымдыжағымсыз) сипаттайтын* гендерлектілер: *ару шешей, жаңадан туған ай секілді; алтын басты әйел, мініскер әйел; ер жанды; майлы қолтық, салпы етек, сарыкідір әйел, ошақтың үш бұтынан шықпады* т.б.

3. Әйелге қарата айтылатын *алғыс (тілек, бата) және қарғыс сөздерді* қамтиды: а) алғыс мәнді гендерлік фразеологизмдер: *менің қолым емес, Бибіфатиманың (Бибатпаның) қолы (толғатып жатқан әйелге айтылатын тілек), ұл тап (бататілек)*; ә) қарғыс мәнді гендерлік фразеологизмдер: *Ақша бетің тілінсін! Жүзі қара! Қара шашы жайылсын! Тұл қалғыр! Салдақы қар! Шұнақ қар! Ақша бетің тілінсін!* т.б.

4. Әйел – атаенесіне, ауылына *келін*. Гендерлік фразеологизмдердің бірқатары келінге (келіншекке) қатысты: *босаға аттады, бет ашар, жас жауқазын сарымсақтай (уыз келіншек), желегі желкілдеді (жаңа түскен келінге айтылады), келіншек көші, келіншек түсті, шашу шашты, қайын сіңлі* т.б.

5. Қазақ әйел жынысының ішінде *қатынды* төмендеу қойған. Әйел бойындағы жағымсыз қылықтар мен әрекеттерді қатынға балаған, қатын ұғымымен түсіндірген: *күндес қатын, қатын өсек, қатынның қырық жаны бар, қара қазан бұрын пісе ме, қара қатын бұрын таба ма? төмен етекті қатын* т.б.

6. Әйелдің *сөйлеу әрекетінде жиі кездесетін кинемалар* (ымишара, дене қозғалысы т.б.) тұрақты сөз тіркестеріне негіз болған, гендерлік айырмашылықтар тудырған, мысалы: *беті ише болды (ерін жоқтап, бетін жыртып қан етті), бетін шымшыды, ернін шығарды, ернін шүйірді, жоқтау салды, шашын жайды* т.б.

7. Әйелге тән гендерлік фразеологизмдердің бір тобы «*етек*» образымен сабақтастырылған. Олар көбінесе *әйел* жынысының жағымсыз ісқылығын, мінезқұлқын бейнелейді: *етегі ашылды, кең балақ, жалпы етек, сары ала етек сарпылтаң, салпы етек* т.б.

Гендерлік таптаурындар проблемасының фразеология саласында қарастырылуы идиомалық мағынамен сипатталатын тұрақты сөз тіркестерінің (фразеологиялық бірліктердің) семантикалық құрастырушы компоненттерімен байланысты екенін ескерсек, түркі дүниетанымындағы гендерлік таптаурындар фразеологияда *ер* мен *әйел* концептілері және тікелей гендерлік атаулар мақсатында бейнеленетіні айқындалды. Ендеше, гендерлік фразеологиялық тілдік бірліктерді шартты түрде екі топқа ажыратуға болады:

- бірінші топқа гендерлік маркерленген сыртқы таңбаланушы жағымен (план выражения) сипатталатын фразеологизмдер енетін болса – *сарыкідір әйел, жан жары, ақ жаулықты ана, жесір әйел, жалмауыз кемпір*; қарақалпақ т.: *үй бийкесі* ‘үй шаруасындағы әйел’, *өмирлік жолдас* ‘жан жары, жұбайы’; қырғыз т.: *аялдар күнү* ‘әйелдер күні’, *жүрөк айымы* ‘жүрегінің ханымы, сүйіктісі’ т.б.;

- екінші топқа гендерлік маркерленген ішкі мазмұн-мағынасымен (план содержания) сипатталатын фразеологизмдерді жатқызуға болады – *ақ жаулық, шәй құяр, он екіде бір гүлі ашылмаған, ақ сұңқар, сары ала етек*; қарақалпақ т.: *ақ орамал* ‘ақ жаулықты әйел’; қырғыз т.: *өмүрлүк жар* ‘жолдасы, жұбайы’.

Түркі тілдерінде әйелдің сұлулығын, шырайлығын, сүйкімділігін, тартымдылығын, келбеттілігін, жалпы жағымды/жағымсыз образын бейнелеуде вестонимдік, астронимдік, гастронимдік, соматикалық, түр-түс, тұрмыстық зат мәдени коды түрінде сипатталатын

фразеологиялық компоненттердің жиі қолданылатынын атап өтуге болады [8, 125-134]. Солардың бірқатарына тоқталып өтейік.

Түркі фразеологиясы әйел сұлулығын бейнелеуде оның келбетіне қатысты дене мүшелерін сипаттап, бағалау мәнінде метафоралық образдарды қалыптастырған. Астронимдік мәдени код көбінесе метафоралық образ негізінде ай, күн, жұлдыз деген астронимдік компоненттермен беріледі, мысалы, өзбек фразеологиялық картинасында – *юзи ойдек* ‘жүзі айдай’, *юзидә ой кұринади* ‘бетінде ай көрінеді’, *ай десе аузы бар, күн десе көзі бар* ‘айдай сұлу’; қазақ тілінде де – *ай десе аузы бар, күн десе көзі бар* ‘өте сұлу, айдай сұлу’, *жаңадан туған ай секілді* ‘сүйкімді, шырайлы’ т.б.

Соматикалық таптаурындар әйелдің дене қимылына, ым-ишарасына қатысты оның жағымды/жағымсыз қимылдарын, мінез-құлқын, әрекеттерін, әйелдік әдеттерін бейнелеген: мысалы: *беті шиіе болды (ерін жоқтап, бетін жыртып қан етті), бетін шымшыды, ернін шығарды, ернін шүйірді, шашын жайды, аузы-аузына жұқпайды* т.б. Жоғарыда келтірілген астронимдік атаулар соматикалық компоненттермен біріктірілгенде әйелдің жағымды – сұлу әйел таптаурыны қалыптастырылатынын анықтадық: *юзи ойдек* ‘жүзі айдай’, *юзидә ой кұринади* ‘бетінде ай көрінеді’, *ай десе аузы бар, күн десе көзі бар* ‘айдай сұлу’; қазақ тілінде де – *ай десе аузы бар, күн десе көзі бар* ‘өте сұлу, айдай сұлу’. Сонымен қатар соматикалық гендерлектілік тұрақты тіркестерін атап кетуге болады: қазақ т.: *алақанға салу* ‘еркелету, мәпелеу’, түрік т.: *Ellerinize saglık!* ‘қолыңыз дерт көрмесін’(әйелдің дәмді тағамына қатысты ғана айтылады); башқұрт т.: *теле татлы* ‘тілі тәтті, айласы бар’, *аяк тузаны булыу* ‘бастан-аяқ иілу, барлығына көну’ (тікелей аудармасы *аяқтың шаңы болу*), *ауыр аяклы* ‘аяғы ауыр, бала көтерген’.

Әйелдің жағымды образдарымен қатар *алтын басты әйел* ‘ақылды әйел’, әйелдің баланы дүниеге әкелу (ұрпақ жалғастыру ерекше гендерлік миссиясына) реалитетіне қатысты қолданылатын соматизмдер немесе *әйелге тән – фемининдік* мәндегі гендерлектілік фразеологизмдер – *аяғы ауыр, қол-аяғын жинау, бауырына басу, омырауға алу/салу/басу* және т.б. келтіруге болады.

Түр-түс мәдени коды түркі гендерлік фразеологиясында көбінесе *қызыл, ақ, қара* түстер палитрасымен суреттеледі – қазақ т.: *ақ дидар, ақ маңдай, ақ жаулық; қызыл бет* ‘шырайлы, сүйкімді’, *қызыл шырайлы* ‘әдемі қыз бала’, *беттің қызылы, шаштың ұзынында* ‘бетінен қаны тамған, өз әдемілігін сақтаған’; қарақалпақ т.: *қызыл яңаклы* ‘қызыл реңді’, *қызыл битле* ‘қызыл шырайлы’, *ақша бет* ‘ақша мандайлы қыз, әйел әдемілігін белгісі’, *ақ тамақ* ‘мойыны ақ’; өзбек т.: *ак йөзле*; татар т.: *кара елан* ‘арам ойлы, зұлым, жауыз әйел’; қырғыз т.: *кыздын көзү кызылда* ‘кыздың көзі қызылда; әйел заты әдемілікті, көзге түсетінді ұнатады’ т.б.

Мысалдардан көріп отырғанымыздай, *қызыл* түсі түркі халықтарының гендерлік дүниетанымында ‘әдемілік, жастық, сұлулығы сақталып қалған, шырайлы’ мағынасында қолданылады. *Қызыл* түр-түс мәдени коды *әйел* түркі гендерлік таптаурынын осындай жағымды образ негізінде бейнелейді. *Ақ* түр-түс мәдени коды да *әйел* үшін әдемілік пен сүйкімділіктің белгісі – аққұбаша, ақ келін (Жұмыртқадан ақ келін – беташар жырынан), жүзі ашық. *Ақ* түр-түс мәдени кодының түркілер үшін жақсылықтың белгісі екенін фольклордан, тарихтан, салт-дәстүрлерден, наным-сенімдерден, этникалық киім-киістен де білеміз. Бұл фактор *әйелдің* жағымды, сұлу, шырайлы болу белгісін сипаттау үшін де қолданылғанын түсінікті етеді. Қара түр-түс мәдени коды түркі тілдес халықтары үшін жағымсыз фактордың белгісі, қара теріс қабылданатын феноменге айналған. *Қара торы, қара басқан* деген тұрақты сөз тіркестері сүйкімсіз, тартымсыз, сенімсіздік тудыратын, жағымсыз гендерлік таптаурындарды қалыптастырған.

Тұрмыстық зат мәдени коды қатысатын фразеологизмдерге тоқталатын болсақ, қазақ т.: *оймақ ауыз* ‘кішкене ауыз, сүйкімді ерін’, *қара қазан бұрын пісе ме, қара қатын бұрын таба ма?* ‘ұзақ толғату барысындағы көңіл аулау мақсатымен өткізілген қара қазан жарысы салты’, *ошақтың үш бұтынан шықпады* ‘үй шаруашылығымен айналысты, үйбасты’, *есік көрген* ‘беті ашылған, күйеуде болып келген’; өзбек т.: *эркак супурги* ‘сорайған сыпыртқы’ (әйелді жағымсыз сипаттау); татар т.: *чиләгенә күрә капкачы* ‘шелекке қақпағы сай’ «бір-біріне сай

әйелі мен ері»; карақалпақ т.: *аузы сулыу оймақтай* ‘ерні оймақ сияқты әдемі’; башқұрт т.: *иләк ауыз* ‘сөзшең, сөзге үйір’ (тікелей аудармасы «елек ауыз»), *уймак ауыз* ‘оймақ ауыз, кішігірім, сүйкімді ауыз’ т.б.

Тұрмыстық зат мәдени коды *әйел* гендерлік таптаурынын әйел адамның өзіне жақын, тұрмыста қолданатын заттар образы негізінде метафоралық сипаттаманы қалыптастырады. Түркі мәдениеті кеңістігіндегі әйелдің эталондық келбеті осындай. «*Шәй-суын ала жүгіру*» ‘қызмет қылу’, «*отымен кіріп, күлімен шығу*» деген тұрақты сөз тіркесі де әйел таптаурынымен байланыстырылады, яғни ‘*үй бейнетін, түз бейнетін арқалау*’ дегенді сипаттайды. Дегенмен, заманауи өмірлік реалиялар өзгеруде, әйел адам тұрмыстық өмір міндеттерімен қатар іскер, білікті маман, көшбасшы, қоғам өміріне араласушы деген жаңа ұрпақтың дүниетанымында қалыптасып жатқан гендерлік таптаурындар да орын алуда. Сонымен қатар, тұрмыстық зат мәдени кодына қатысты мынадай тұжырым орын алады – әйел өзін қоршаған тұрмыстық өмір салты құндылықтары жүйесін қолдану негізінде концептуалды дүние бейнесін қалыптастырған [9, 816-827].

«Әйел» гендерлік таптаурынын бейнелеуде сирек қолданылатын *мәдени кодқа хрематонимдік* атауларды жатқыздық. Фразеологиялық материалды талдау барысында байқағанымыздай, хрематонимдік мәдени код, негізінен, әйелдің жағымды образын сипаттайды, яғни асыл тастардың этникалық мәдениеттегі орны (қол өнері, әшекей тағу, мұраға қалдыру, гендерлік мәртебесін белгілеу сияқтылар) мен құндылықты мәні негіз болды деп ой түйеміз. Мысалы, қазақ т.: *алтын басты әйел* ‘ақылды әйел’; карақалпақ т.: *ҳинжи тисли, пери түсли* ‘маржандай тісі бар, періштедей’, *алтын киби пуўланған* ‘алтындай буланып кетеді’ т.б. Хрематонимдер мақал-мәтелдерде жиірек кездеседі.

«*Әйел*» гендерлік таптаурыны құрылымын сипаттауда түркі фразеологиясында оның ұқсастықтарымен қатар айырмашылықтары да бар екеніне көзімізді жеткіздік – олар ұлттық-мәдени өзгешеліктер мен лингвомәдени құндылықтар негізінде қалыптасады.

Қорыта келгенде, түркі фразеологиясындағы әйел бейнесінің гендерлік таптаурындануы түркі әлемінің концептуалды дүние бейнесін сипаттап, оның ұлттық-мәдени өзгешелігінің қалыптасуына тарихи-мәдени, әлеуметтік, тұрмыс-салттық факторлардың әсерін негіздейді.

Түркі халықтарының дәстүрлі мәдениетінде қалыптасқан гендерлік ұстанымдарын, тіл жүйесі мен лингвомәдениетінде көрініс тапқан деректерін ғылыми тұрғыдан зерделеп, оларды құнды деректерге айналдыру түркі лингвомәдениетінің гендерлік концептосферасын қалыптастыруда маңызы зор.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шоқым Г.Т. Қазақ тіл білімінің гендерлік тұғыры. Монография. Алматы, 2007. – 312 б.
2. Сабыр М.Б., Тулекова Г.Х. Қазіргі түркі тілдерінің лексикалық сабақтастығы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №10/2. 2019. Б. 340-343.
3. Унарокова Г.Ш. Фразеологическая репрезентация концепта насып «счастье» в адыгейской языковой картине мира // Вестник Адыгейского государственного университета. Сер. Филология и искусствоведение. – Вып. 3. – 2013. – С. 95-99.
4. Исмаилов Г.М. Лингвокультурологическое исследование гендерного стереотипа в тюркской фразеологии (на материале узбекского, казахского и каракалпакского языков) // Вестник РУДН. Серия: Вопросы образования: языки и специальность. – № 1. – Т. 14. – 2017. – С. 85-92.
5. Мухтарова Р.Й. Специфика семантики фразеологических единиц с гендерным компонентом в английском и татарском языках // Известия ВГПУ. – №2 (106). – 2016. – С. 187-191.
6. Мурзинова А.С. Ұлттық-мәдени стереотиптердің ерекшелігі мен коммуникативтік сипаты (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің ұлттық-мәдени құндылықтары негізінде): PhD филос. дәрежесін алу үшін ... дисс. – Алматы, 2021. – 257 б.

7. Шоқым Г.Т. Гендерлік лингвистика негіздері: оқулық. – Алматы: Экономика, 2012. – 190 б.

8. Gulzhan Shokym, Burankulova E., Yessenova K., Sarbassova A., Yerzhanova G. Bauyrzhan N. Representation of the “kyz” Gender Concept in the Turkic Linguistic // International Journal of Society, Culture and Language // Volume 10, Issue 1, March 2022, pp. 125-134.

9. Бакытжанова А. К., Шоқым Г.Т., Буранкулова Э. Т., Муратбек Б. К., Есбергенова Г.И., Кушкарова Г.К. Особенности фразеологического моделирования гендерных стереотипов в тюркских языках // Oriental Studies. “Калмыцкий научный центр Российской академии наук”. 2023. Т. 16. № 5. С. 816–827.

## **ӘОЖ 321.01**

### **ТҮРКІ РУХАНИЯТЫ ЖӘДІГЕРЛЕРІ ӘДІЛЕТТІЛІКТІҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ\***

**Нұрмұратов Серік Есентайұлы**

ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты Философия орталығының директоры, философия ғылымдарының докторы, профессор

**Түйіндеме.** Мақалада қазақ халқының түркілік заманнан бері қордалаған рухани өмірінің қалыптасуында түркілік рухани қайнарлар мәселесі ерекше маңызға ие болатындығы көрсетілді. Сондықтан осы тақырыпқа арналған әдебиетте және қоғамдық өмірде қазақ халқының тарихы, мәдениеті, руханилығы мәселелері өзектендіріледі. Кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте пайда болған тәуелсіз мемлекеттерде өздерінің дербес бастауларына және рухани-мәдени тамырларына деген қызығушылығы көбейді. Осы уақыттың тарихи және мәдени жетістіктерін жоққа шығармай қазақ халқының ішкі күшін қуаттандырғанын және еркіндік рухын бекіткені өрнектеледі. Бұрын ұмытылып келген көп қырлы рухани әлемнің, мәдениеттің және тарихтың мәселелерін ашық және батыл қоюға мүмкіндіктер беріле бастағандығы атап көрсетілді.

**Тірек сөздер:** адам болмысы, мәдени мұра, руханият әлемі, тарих

**Резюме.** В статье было показано, что особое значение в формировании духовной жизни казахского народа имеет вопрос тюркских духовных истоков. Поэтому история, культура и духовность казахского народа занимают центральное место в литературе и общественной жизни по этой теме. В независимых государствах, возникших на постсоветском пространстве, возрос интерес к их историко-культурному происхождению, духовным и культурным корням. Не отрицая исторических и культурных достижений этого времени, выражается, что оно укрепило внутреннюю силу казахского народа, укрепило дух свободы. В работе подчеркивается, что в настоящее время предоставлены возможности открыто и смело ставить ранее не затронутые проблемы многогранного духовного мира, культуры и национальной истории.

**Ключевые слова:** человеческое бытие, культурное наследие, мир духовности, история

\* Мақала BR20280977 «Қазіргі жаһандық өзгерістер жағдайындағы әділеттілік мазмұнына және оны қазақстандық қоғамда іске асырудағы заманауи концептуалды тәсілдер» іргелі ғылыми зерттеулер ауқымында орындалды.

Біз үшін «рухани дәстүр дегеніміз не?», өткен мен қазіргі кезеңнің «рухани-құндылықтық сабақтастық идеясының мәні неде?» деген сауалдар бойынша ойлана бастағанымызда тарихи даму барысында шындалған жалпыадамзаттық құндылықтар ерекше



онтологиялық мәртебеге ие болатыны анық. Сондықтанда болар олар адам мен қоғамның мұраттарының қалыптасуына ықпал етуі мүмкін, тәрбие, оқыту және білім беру үдерістерінде қатысады және ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырылуы мүмкін. Белгілі қазақстандық ғалым Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы өзінің шығармашылығында жоғарыдағы өзекті мәселелер жөнінде табысты зерттеулер жасап келе жатқаны белгілі.

Қайта оқылған және ашылған түркілік мұра көптеген мәселелер бойынша тек теориялық қана емес, сонымен қатар практикалық сипаттағы пікірталастар туындатуы мүмкін және ол кезегінде қазіргі саясаттың жаһанданған әлемнің геосаясаты мен геостратегиясы деңгейіне дейін көтерілуі мүмкін. Түркілік әлемді игерудің мәні, мағынасы және мазмұны бойынша көптеген мәселелер ғалымдардың назарында болып отыр. Қазақ халқының рухани өмірін тарихи ретроспективасын зерттеу барысында талданатын мәселе түркілердің протоконфессионалды дискурсы және қазақ Даласының құндылықтық әлемін қалыптастырудағы рөлі, қазақ қоғамының дүниетанымының рухани-адамгершілік мазмұны тақырыптары болып табылады. Түркі мәдениеті мен тарихы бойынша зерттеу бағдарламаларының жаңа аккорды - үлкен еуразиялық суперконтиненттің түркі халықтарының барлық тарихы түркі руханилығы мен оның тарихи дамуының өткен жолы деп қарастыруға болады.

Тек ұзақ уақыт бойы бұрмаланған түркілердің тарихы ғана емес, сонымен қатар олардың мәдениеті зерттеудің пәніне айналып, қайта зерделеулерден және «қайта форматтаудан» өтіп жатыр, бұрынғыдан өзгеше әдіснамалық және құндылықтық өлшемдерден бағалауларға түсуде. Бұл үдерісте біз үшін түркі руханилығы мен түркі дүниетанымының жүрегі сипатындағы рухани-адамгершіліктік кемелдену туралы парадигмасы өзектенуі маңызды. Түркілік руханилық аясында түркілердің тарихы аймақтық және әлемдік тарихқа ықпалын тигізді деген өмірсүйгіштік идеясы туындады. Саясатта, дәстүрлерде, халықтық ауызша шығармашылығында, күнделікті өмір практикасында көрініс берген бұл идеялар өзінің негізгі мәнділігі бойынша қазақтардың рухани әлемін қалыптастырып қана қоймай көрші жатқан халықтардың рухани мәдениетіне әсерін тигізді. Бұл дерек өзінше алғанда өте маңызды, бірақ әлі кезге дейін толықтай ашыла қоймаған күйінде болып тұр.

Осылардың барлығы зерттеуші ғалымдар корпусының алдына түркілердің рухани дәстүрлерінің мәні мен мазмұнын ашу үшін қажет етілетін қазақ халқының рухани өмірінің түркілік қайнарларын тиімді, объективті және толықтай зерттеуге бағытталған жаңа дүниетанымдық және әдіснамалық мәселелерді қойып отыр. Бұл үдерісте философия ерекше тағайындылыққа ие пен ерекше рөл атқарады. Сондықтан философияның бойындағы сипат, мазмұн және құндылықтар идеологиялық маңызға ие болады және қоғам дамуы үшін ерекше маңызды. Қоғам қандай философияны мойындағанына қоғамдағы рухани-адамгершіліктік ахуал тәуелді және оның сыртқы рухани-әлеуеттік әсерлерді қабылдау тұрақтылығы байқалады. Әсіресе, бұл әділеттілік қағидатын орнықтыру қоғамдағы тұрақтылық пен орнықтылықты күйретуге бағытталғандарға қатысты болады.

Бұл ұлт-мемлекеттерінің қалыптасу үдерісіне қатер төндіріп тұрған жаһаншылдық үдерісі өршіп бара жатқан кезеңде, өз тәуелсіздіктерін алып отырған түркі тілдес халықтар үшін үлкен маңызға ие. Қоғамдық жүйенің тұтастай өзгеруі кезінде, дәстүрлі өмір салттары мен кеңестік кезеңнен мирас болып сақталған қазіргі өмірге енген демократиялық құндылықтар мен нарықтық қатынастар мәдениеті өзара әсерлесуі жағдайында, өзіндік даму жолын таңдаудың күрделі міндеті пайда болады. Ол бірінші кезектегі мәселе болып табылады. Өзіндік жолдың қандай болу керектігін сезіну мен түсіну, қоғамдағы түбегейлі өзгерістер кезеңінде пайда болады: Өткеннің рухани мұраларына қалай қарауға болады? Оны қабылдаймыз ба, немесе ескірген деп лақтырып тастаймыз ба? Өткеннің рухани сабақтарын қалай ескеруге болады?

Барлық алдыңғы Қазақстанның тәуелсіз дамуына дейінгі тарихта философия ғылымдарында «түркілік философия» оның табиғи бөлігі ретіндегі «қазақ философиясы» ұғымының ақтаңдақтары, түркілік тақырып бойынша үнсіздіктің болуымен және оның зерттелмегендігімен сипатталатыны белгілі. Олардың қалыс қалуына саяси және

идеологиялық желеулер себепкер болды, ол кәсіби түркологтардың арасында түркілердің рухани өмірінің құбылыстарын редукциялау немесе жалпылама түр ретіндегі тіл болмысына, не болмаса халықтың ауызша шығармашылығы болмысына назар аудару ретінде көрініс берді. Оларда филологиялық зерттеу парадигмасы басымдық танытты. Кеңестік түркология тіл, салт, діни практика, белгілі бір кезеңдердің тарихы мен мәдениеті мәселелерін зерттеуде қомақты жетістіктерге жетті.

Ғылыми зерттеулердің үздік дәстүрлерін дамытушы тамаша түркітанушы саңлақтар белгілі. Солардың ішінде – В.В. Бартольд, В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, Б.А. Серебренников, Н.К. Дмитриев, Н.А. Баскаков, Л.Н. Гумилев, Н.Т. Сауранбаев, М.Б. Балақаев, А.И. Ысқақов, С.А. Аманжолов, С.Г. Кляшторный және көптеген т. б. ғалымдар бар. Олар түркі халықтарының тарихы, тілі, дәстүрлерін, сонымен қатар түркілік мәдениеттің үздік өкілдерінің дүниетанымын зерделеуге мол үлес қосты.

Алайда, ол идеологиялық құндылықтық өлшемдері мен таптық пен партиялық сияқты параметрлері бар тұтастай алғандағы кеңестік философияға және Қазақстандағы философиялық зерттеулердің дамуына ықпал етпеді. Философия кәсіби білімдердің саласы ретінде, біртіндеп идеологиялық құрсауға түсті, бағынышты бола отырып «түркілік» мәселелерден алыстап, тіптен ақыр соңында оны жоққа шығарды. Оның түсіндіруінше, түркі тілдес халықтар философияның алдындағы «қоғамдық ой» деген атқа ие болған, кейде «қоғамдық-саяси ой», «әлеуметтік-философиялық ой» және т.б. атауларға ие болған рухани өндірістің түрін игергендердің қатарына қосылды. Бұл әлі философия бола қоймаған, бірақ соған жақын келген, соның алдында тұрып өзінше қызмет атқарған, шындықты рухани-практикалық және теориялық игерудің түрлері болатын. Бұнда әлі категориялық аппараттар түпкілікті орнығып дамымаған, ұғымдық анықтаулар әлі бұлдыр болуымен, жоғалып кету мүмкіншілігімен ерекшеленген, онда көбінесе мәселелік-мазмұндық тәсіл баяндаулармен, үстірт-сипаттаулармен ауыстырылады.

Түркілік мәдениетті, тарихты, философияны зерттеудегі әдіснамалық және дүниетанымдық жағынан орны толмас олқылықтарды еуроорталықтық бағыттағы рухани мәдениеттің ең жоғары үлгілері, оның квинтэссенциясы болып табылатын философия «өркениетті» халықтар деп аталатындардың шығармашылық іс-әрекетінің нәтижесі деген ұсыныстарға сәйкес болды. Бұл дүниетанымдық-идеологиялық бағыт тұжырымды түрде Гегельдің «Философия тарихының лекцияларында» және «Тарих философиясында» айтылғаны белгілі. Оның нақыл сөздерін еске алар болсақ: «Философия нақты мағынасында Батыстан бастау алады», «...біз Батыста нағыз шынайы философияның ортасындамыз», «осылайша, Шығыстық ойларды философиядан шығарып тастау керек...», «... бұл жерде философиялық танымға орын жоқ» және т.б. айтылғандар жатады [1, 146, 147 бб.]

Философия құбылысына және оның тарихына осындай бағалаулар бұдан екі ғасыр бұрын берілгеніне қарамастан, ол белгілі бір шекараларда өзінің бағытын жоймай әлі де өмір сүруде. Ғылыми қауымдастықты ол туралы сөз етуге қазіргі геосаяси шындық қана емес, жаңа тарихи жағдайларда ойлау мен көзқарастар үшін күрес жалғасып отырған әлемге батыстық көзқарасты білдіретін, бірақ «философия дегеніміз не, оның тағайындылығы мен мәні неде?» деген өзінің өзектілігін жоғалтпаған сұхбаттасу мәжбүрлеп отыр. Осындай күрделі мәселелер, философияның ұлттық бейнесін жоққа шығаратындарға және кім оларды мойындайды деген тұрғыдан философтардың көзқарастары жіктелді. Сонымен қатар, философияның шығу тегі туралы мәселеде жіктеледі. Біреулер, философия – белгілі жағдайларға байланысты ежелгі Грекияда, Үндістанда, Қытайда пайда болып, содан кейін басқа аймақтар мен мәдени әлемдерге тарихи таралған ғажайып құбылыс деп пайымдаулар жасайды. Басқалары, «философия әрбір мәдениетке тән және әрбір халықтың дамуында орын алады» деп тұжырымдайды. Осы мәселелермен қабаттасқан басқа да алауыздықтар аз емес. Сөйтіп, қазіргі гносеологиялық жағдай философияны осылайша түсінуді мойындай отырып, оның келесідей «африкандық», «индонезиялық» және басқа да олардың қатарына кіретін түркілік философия сияқты түрлерін жоққа шығарушы философияның мәнін, деңгейін, сипаты мен тағайындылығын түсінудегі әртүрлі бағыттармен ерекшеленеді.

Онда философия құбылысы, түркілік мәдениет пен оның тарихы теңестірілетін көшпелі өмірде пайда болған жоқ, ол отырықшылық өмірдің жемісі деп қарастырылады. Осы көзқарасқа сәйкес, көшпелі өмір салты философияның пайда болуына жағдай жасай алмайды. Қоғамның рухани өмірінің жоғары түрі – философияны туғызатын зияткерлік іс-әрекетпен көшпенділіктің сәйкес келуі мүмкін емес. Қазіргі кезде кейбір мамандар бұл көзқарасты жоққа шығаруда [2].

Қазіргі және өткен жүзжылдықтың философиялық тәжірибелері көп түрлі өмірлік және философиялық практикадан философияның өнердің, ғылымның, поэзияның, діннің шекаралық аймағына шығуға, психологияға килігіп, күнделікті өмір контексіне енуге талпынғанын тауып көрсетті. Жаңа заман философияның көптүрлі, көпбейнелі тарихи әртүрлі болатындығын байқайды. Сондықтан да көшпенділік жағдайдағы әлемді қабылдаудың философиялық түрлерінің дамуы жайлы мәселе, қазіргі кездегі Қазақстандағы және түркі тілдес елдердегі философиялық зерттеулердің өзегі болып табылады. Осы тақырыпқа арналған жұмыстарда, қазіргі кезең әдіснамасы тұрғысынан философия өз алдына теориялық білім және ойлау дәстүрі ретінде тек қана отырықшылық өркениетте пайда болып, дамымайды деген тұжырымдар жасалады. Философиялық әлемді қабылдау дәстүрлі емес тәсілдермен игерілуі мүмкін, өйткені адам санасында әр түрлі деңгейлер мен қабаттар өмір сүреді және өріледі.

Батыс Еуропа мәдениетіндегідей философия ғылыммен ғана емес, оның поэзиямен, фольклормен, музыкамен, халық даналығымен байланысқаны тарихтан белгілі. Сондықтан біз түркілік философия түркі халықтарының өзіндік санасы және әлемді қабылдау ерекшелігімен және әлем мен адам өмірін сезінумен өзінің әмбебап ғарышын жасайды деп есептейміз. Түркілік философияда әлемге және адамға жеке өзіншілдік және тұтынушылық қатынастан ада, адамның басқа адамдарға сыйластықты, қонақжайлылық қатынасына негізделген тұрақты рухани-адамгершілік концептілері сақталады. Онда қазіргі кезең үшін өзекті болып отырған әлем мен адамның бірлігі, оның табиғат әлемімен және басқа адамдармен гуманды және төзімді бейбіт қатар өмір сүруі, табиғи әмбебаптылықты достастықпен қабылдауы идеялары әртүрлі үлгіде айтылған.

Философия әртүрлі нақты-тарихи кезеңдерде және әртүрлі мәдени-тарихи жағдайларда қордаланған адамзаттың көпқырлы рухани тәжірибесінің әмбебап-жалпыланған формасы. Сондықтан оның тәжірибесі бүкіл адамзаттың игілігі, ол адамзатқа берілген адамның әлемге күлдебадам емес, нағыз шынайы қатынасының қалыптасуының мүмкіндігі, адам мен қоғамның шынайы болмысының жүзеге асуы. Бұл тек рефлексивтілік тәжірибесі ғана емес, ол сонымен қатар терең сезінудің, басынан өткерудің, өмірге және әлемді мәдени игеру дүниесіне араласудың түрі. Түркі философиясы тәңіршілдіктің рухани тәжірибесін қайта жаңғырта отырып оның тәжірибесін және адам мен қоғамның кәдеуілгі өмірін трансценденттейді.

Біз оған назар аударып отырып түркі руханилығының қойнауынан туындаған терең онтологиялық байланысты аңғарамыз. Өйткені ол біздің ұжымдық бейсаналығымыздың бастауы бола отырып бізге қоршаған ортаның барлығымен, яғни табиғатпен, адамдармен, ғаламмен үйлесімділікте өмір сүруді аманат етіп қалдырды. Түркі руханилығында табиғат пен қоғамды құрметтеуге, үлкендер мен аруақты құрметтеуге арналған керемет мағынасы бар құндылықтар орын алады және о бастағы дүниендегі бірлікті болмыстандыратын өзарабайланыстылық ұстанымын, бір-бірімен өзара қатыстылықты көрсетеді.

Түркі философиясы философиялық дәстүрде және әлемдік тарихи-философиялық үдерісте өмір сүруге толық құқығы бар. Түркі мәдениетінің дамуындағыдай оның дамуында белгілі бір кезеңдеуді айқындауға болады. Ол төмендегідей кейіпте көрініс беруі мүмкін: ежелгі, ортағасырлық және қазіргі кезеңдер. Олар, өз кезегінде, жіктеліп қарастырылуы мүмкін. Онда біз қазіргі кезеңді бірнеше кезеңге бөліп, кеестік дәуір, тәуелсіздік алған кезең деп әрі қарай жалғастыруға болады. Осындай бөлшектеуді ортағасырлық кезеңге де жасауға болады және оның ішінде түркі философиясының дамуының классикалық кезеңі айшықтауға болады. Кезеңдеу мәселесі ашық жіне пікірталастар тудыратын болып қала береді және ол

нақтылана түседі, өзгертіледі, түркі философиясы философиялық білімнің тереңірек зерттелген саласына айналған сайын толықтырыла түседі.

Қазіргі Қазақстанның оңтүстігінде дүниеге келген Әбу Насыр әл-Фараби ортағасырлық Таяу және Орталық Шығыста зияткерлік қозғалысының ірі өкілдерінің бірі болып қалыптасып, антикалық философияның идеяларын, бәрінен бұрын көне грек классиктері Аристотель мен Платонның, ислам дүниетанымы мен антикалық философия жетістіктерін жемісті түрде синтездей отырып дамытты. Әл-Фараби философиясы арқылы ислам, антикалық және түркілік мәдениеттерінің жемісті сұхбаты ғана жүргізілген жоқ, сонымен бірге жалпыәлемдік мәденет, ғылым, философия дамуына әсер еткен энциклопедиялық мұра да қалды. Әл-Фараби заманының еркін ойшылдыққа ұмтылысын білдірген идеялары [3, 196-208 бб], қазақстандық ғалымдардың көзқарастары бойынша, оның дүниетанымдық әмбебаптарына, түркілік діл мен дүниетүсініктердің әсерімен астасып жатты [3, 33-38 бб].

Түркілік руханилыққа әл-Фараби дәуірінде ислам бойлап енді, бірақ оны түгелдей жоғалта алмады. Тәңіршілдік те, ислам да әрқайсысы өзінше діннің сакралды тәжірибе түріндегі кейіпінде орныққан әмбебап принципті, мүмкін деген әмбебап ақиқатты игеру нұсқасын танытты. Титус Буркхарттың «діни формалардың көптүрлілігі тотальді Ақиқат алдындағы кез келген формалды көріністің адекватты емес екенін көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар әрбір форманың жанама түрде рухани шынайылығын, оның жалпы принципінің қайталанбас, ұқсамайтын екендігін паш етеді» дегені орынды [4, 8 б.].

Түркі руханилығы адамның әлемге деген жасампаз өмірсүйгіштік қатынастарының табиғи қуатын әкелді және соның арқасында, Ш.Ш.Уәлиханов көрсеткендей, табиғатқа таңқалуға, құрметтеуге ұмтылдырды, оны қасиеттендіруге мүмкіндіктер берді [5, 49-51 бб.]. Адамның қоршаған ортаға барынша іңкәрлікпен қарауы, оның қанша қауіпті болса да табиғи әлеммен бірлікте және үйлесімділікпен өмір сүре білуі оған деген құрметпен қараушылықты ғана туындатып қоймай, сонымен қатар онымен бірігіп кетуден бақытты болу қабілетін тапқызды. Бақыт, сонымен материалдық жетістіктен, денсаулықтан, бейбіт өмірден құралған күнделікті өмірлік тәжірибе әлеміндегі игілікті ғана қамтымады, ол сонымен қатар Тәңірі сыйлаған рухани болмыстың толыққандылығына бағытталды.

Түркі әлемінің тағы бір ойшылы Жүсіп Баласағұнидің шығармашылығы жалпыадамзаттық идеалдардың, мейірімділік, әділеттілік, ақыл-ойдың дамуына өз үлесін қосты. Ол ортағасырлық ислам философиясындағы ойтолғаулардың едәуір бөлігінен орын алатын бақыт тақырыбын дамытуды жалғастырады. Ол көптеген ортағасыр Шығысы ойшылдарының солардың қатарында, шығыс перипатетиктері – әл-Фарабидің, Ибн Синаның, Ибн Руштың философиялық шығармаларында орын алады. Ж. Баласағұнидің «Құтадғу білігінің» («Құтты білімі») мазмұны оның шығыс перпатетиктерінің философиялық-адамгершіліктік ізденістері дәстүрінде жазылғандығын көрсетеді [6]. Бақыт деген не, адам бақытты бола ала ма, адамның жетілуі неде, жетілген адам қанадай болуы керек және әділетті қоғам және т.б. сұрақтарға жауап іздейді.

Жүсіп Баласағұн философиясы әл-Фараби философиясы сияқты өзгерістер дәуірінде және түркі қоғамы дамуының мәдени болашын таңдауы жағдайында қалыптасқан шығыс перипатетизмі, неоплатонизм, ислам және түркі руханилығы идеяларының өзара байланысы мен астасуын паш етеді. Персоналийлердің ұстанымдарын салыстыра отырып Баласағұнның «Құтты білік» поэмасының мәтінін талдау осы дәстүрлердің поэтикалық аллегориясы болып табылатын дүниетанымдық және аксиологиялық «қақтығыстарға» шығарады. Айтолды – «Бақыт» түркі руханилығын білдіреді; Күнтолды – «Әділеттілік» болса «Сенімнің қорғаушысы», мұсылман дәстүршілдігінің өкілі болып келеді; Оғдөлмеш – «Зерде» өзінің тұжырымдарын рационалды түрде дәйектейді және прагматикалық рационализмді танытады; Оғдырмыш – «Көнбістілік» сопылық даналықтың үлгісі болғанын байқаймыз. Әртүрлі және өзекті тақырыптарға сұхбат жасай отырып, адамзаттың мәңгі сұрақтарына жауаптарды ашықтай іздей отырып бұл рухани практиктер және ұстанымдар қауымдасатын және әр қилы болатын тұстарын аңғарады, бірақ олар адамды асқақтатуға ұмтылуда және оны адамның шынайы болмысы мен тағайындылығына жақындатуда біртұтас бола түседі.

XI ғасырдағы түркі тайпаларының рухани өмірі келесі түркі зерттеушісінің шығармаларында, яғни Махмұт Қашқаридің «Диван лугат-ат-түрк» («Түркі сөздерінің сөздігі») көрсетілген. Бұл еңбек түркі әлемі терминдерін зерделеуде ғана емес, ол түркі тілдес халықтардың әдет-ғұрыптары мен тұрмыс ерекшеліктерін, сонымен қатар тарихтың сол кезеңіндегі жаратылыстану ғылымдарының пайымдауларын тамаша ашып берді [7]. Түркі әлемінің көптүрлілігі терминологиялық мағынада игілікті және тынымсыз жұмыстың арқасында ашылып көрсетілді. Махмұт Қашқари балалардың ойынынынан бастап мифтар мен тарихтың батырларымен аяқталғанға дейін түркілік дәстүрлі өмірінің ұғымының көптеген қырлары көрсетті, әлеуметтік-басқару иерархиясында лауазымды кісілердің аттарын атап берді. Ол түркілік табиғаттың жануарлары мен өсімдіктері және үй шаруашылығы, тамақ, тіл, материалдық дүниелер, әр қилы ақпараттарды берді және үлкен территорияны паш еткен түркінің «әлемдік картасын» ұсынды.

Түркі әлемінің ұлы философтарының шығармашылығы арқылы түркі руханиятының және ислам философиясының жетістіктері, оның руханилығы ашылып көрсетіледі [8]. Қазақ ойшылдарының дүниетанымын, әсіресе Қазақстан аймағына исламның таралуынан кейін, жалпы тарихи-мәдени және рухани саладан бөлек қарастыруға болмайды. Исламды тарихи тұрғыдан зерделеуге және түркі мәдениетіндегі философияға әсерін, сонымен қатар мәдениеттің рухани тамырларының ортақтығы XII ғасырда (қазіргі Түркістан қаласы) Яссы қаласында тұрып қызмет еткен ұлы ойшыл, дана Қожа Ахмет Ясауидің шығармашылығы ерекше маңызға ие. Оның басты еңбегі «Диван-и-Хикмет» («Даналық кітабы») діни-этикалық құндылықтарға арналған. Сонымен қатар жұмыста түркі тайпаларының сол тарихи кезеңдегі рухани және әлеуметтік өмірі жайлы көптеген ақпараттар бар. Қожа Ахмет Ясауи исламдық құндылықтар әлемі аясындағы сопылықты насихаттайды және осы негізде бүгін бір діни-дүниетанымдық мектеп ашты. Оның көптеген шәкірттері болды, соның бірі Сүлеймен Бақырғани еді.

Түркі әлемінің ұлы ойшылдарының көзқарастары қазіргі кезеңде қазақстандық философиялық дискурста, компаративистикалық зерттеулер контексіне, заманауи философиялық антропологияға, аксиологияға, этикаға және эстетикаға енгізілуде. Бұлар олардың ізгілікті идеяларына жаңа үн беріп, адамзаттың мәңгілік құндылықтарын өзектендіріп және оларды қазіргі тәрбие мен білім беруде жүзеге асыруға бағыттайды. Осындай және басқа мәселелерді шешу қазақстандық зерттеулерді мәдениетаралық байланыстың, бәрінен бұрын түркі тілдес ғалымдардың халықаралық ғылыми ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтереді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- Гегель Г.В.Ф. Лекции по истории философии. – СПб: Наука, 1993. – 350 с.
- 1 Сагадеев А.В. Свободомыслие мусульманского средневековья // Свободомыслие и атеизм в древности, в средние века и в эпоху Возрождения. – М.: Мысль, 1986. – С. 152-211.
  - 2 Идеалы аль-Фараби и социогуманитарное развитие современного Казахстана. Коллективная монография / под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014. – 232 с.
  - 4 Буркхарт Т. Введение в доктрину суфизма. Таганрог: Ирби, 2009. 144 с.
  - 5 Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 4 – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 462 с. – С.48-70.
  6. Кононов А.Н. Поэма Юсуфа Баласагунского «Благодатное знание» // Юсуф Баласагунский. Благодатное знание. – М., 1983. – С. 495-517.
  - 7 Қожа Ахмет Иасауи «Диуани хикмет» Баспаға әзірлеген Қ. Қари, Ғ. Қамбарбекова, Р. Исламзаде. Тегеран: «Әл-Хұда», 2000. – 198 б.
  - 8 Тюркская философия: десять вопросов и ответов. – Алматы, 2006. – 142 с.

## МОДЕЛИ ДВУХАКТАНТНЫХ СИНТАКСЕМ С ИМЕННЫМ ПРЕДИКАТОМ В ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ

**Абдуллаев Сайфулла Нурмухаммедович<sup>1</sup>**,  
доктор филологических наук, профессор, Иссык-Кульский государственный университет им.  
К. Тыныстанова, Кыргызская Республика, 722200, г. Каракол, ул. Абдрахманова 103,  
sayfulla.abdullayev@list.ru, ORCID ID: 0000-0003-2873-6397

**Аттокурова Сюита Абдыбековна<sup>2</sup>**,  
старший преподаватель, Нарынский государственный университет им. С. Наматова,  
Кыргызская Республика, 722600, attokurovas@gmail.com,  
ORCID ID: 0000-004-7394-3895

**Абдуллаева Гюзаль Сайфуллаевна<sup>3</sup>**,  
аспирант, Иссык-Кульский государственный университет им. К. Тыныстанова, Кыргызская  
Республика, 722200, ул. Абдрахманова 103, g1u3al@gmail.com,  
ORCID ID: 0000-0002-8296-2806

**Аннотация.** Предлагаемая статья посвящена описанию одного из фрагментов синтаксического строя тюркских языков. В работе обсуждается грамматическая природа двухактантных синтаксем (элементарных простых предложений) с именным предикатом. Именные предикаты в составе синтаксем детерминируют наличие двух актантов. Такие синтаксемы выражают определенный тип грамматической обобщенной семантики. Синтаксемы представляют собой единство структурной схемы и пропозиции. Пропозиция обращена к объективной реальности и к языку. На основе синтаксем могут быть образованы другие синтаксические конструкции. Данное обстоятельство открывает возможности для выражения любой информации в языке. Статья предназначена для тюркологов и специалистов по методике преподавания тюркских языков.

**Ключевые слова.** Синтаксема, модель, структурная схема, пропозиция, вариант.

## ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕСІМДІ ПРЕДИКАТЫ БАР ЕКІ АКТАНТТЫ СИНТАКСЕМАЛАРДЫҢ МОДЕЛЬДЕРІ

**Аңдатпа.** Ұсынылып отырған мақала түркі тілдерінің синтаксистік құрылымының бір үзіндісін сипаттауға арналған. Жұмыста номиналды предикаты бар екі актантты синтаксемалардың (элементар жай сөйлемдер) грамматикалық табиғаты талқыланады. Синтаксема құрамындағы номиналды предикаттар екі актанттың болуын анықтайды. Мұндай синтаксемалар грамматикалық жалпылама семантиканың белгілі бір түрін білдіреді. Синтаксемалар құрылымдық схема мен пропозицияның бірлігін білдіреді. Пропозиция объективті шындыққа және тілге бағытталған. Синтаксема негізінде басқа да синтаксистік құрылымдар жасалуы мүмкін. Бұл жағдай кез келген ақпаратты тілде жеткізуге мүмкіндіктер ашады. Мақала түркітанушылар мен түркі тілдерін оқыту әдістемесінің мамандарына арналған.

**Кілт сөздер.** Синтаксема, модель, құрылымдық схема, пропозиция, вариант.

## MODELS OF TWO-ACTANT SYNTAXEMES WITH A NOMINAL PREDICATE IN TURKIC LANGUAGES

**Abstract.** The proposed article is devoted to the description of one of the fragments of the syntactic structure of the Turkic languages. The work discusses the grammatical nature of two-actant syntaxemes (elementary simple sentences) with a nominal predicate. Nominal predicates in the syntaxemes determine the presence of two actants. Such syntaxemes express a certain type of grammatical generalized semantics. Syntaxemes represent the unity of a structural scheme and a proposition. The proposition is addressed to objective reality and to the language. Other syntactic constructions can be formed on the basis of syntaxemes. This circumstance opens up opportunities for expressing any information in the language. The article is intended for Turkologists and specialists in the methodology of teaching Turkic languages.

**Keywords.** Syntaxem, model, structural scheme, proposition, variant.

**Введение.** Актуальной задачей современного тюркского языкознания является обращение к единицам синтаксиса как к единицам языка, а не речи. В данной статье это синтаксемы, или элементарные, монопропозитивные простые предложения (ЭПП). Они не поддаются непосредственному восприятию, их нельзя видеть, однако они существуют. На уровне языкового подсознания носители тюркских языков их «знают» и автоматически выбирают из этих единиц нужные при порождении мыслей и их выражении в речи [5, с. 42].

В отличие от бесконечного числа предложений-высказываний в речи синтаксемы можно задать конечным списком, и это является важной задачей при системном описании тюркского синтаксиса [1, с. 36-47; 4]. Чтобы отобразить синтаксемы в научном описании мы прибегаем к помощи моделей, являющихся тем средством, которое позволяет сделать синтаксемы «видимыми» [2].

Синтаксемы (ЭПП) в тюркских языках системно организованы. Они объединяются по признаку их ведущих компонентов в группы и подгруппы, которые взаимно противопоставлены друг другу. В данной статье рассматривается блок моделей двухактантных синтаксем с именным предикатом.

**Материалы и методы исследований.** Материалом исследования послужила выборка из текстов художественной и публицистической литературы, а также данные, полученные в ходе наблюдения над разговорным языком. Основными методами являются описательный метод и метод синтаксического моделирования.

**Результаты и их обсуждение.**

Модели квалификации.

**N1 – N3 - Adj (cop) «кто/что - (к) кому/чему - склонен».** Общая семантика «Выражение квалификации субъекта по признаку его «склонности» к чему-либо». Валентность именных предикатов данной модели детерминирует постановку имени в дательном-направительном падеже – позиция именного участника (N3). Например.

*Бу йигит эткэн чайга амрак икэн* [газ.].

бу йигит эткэн чай=га амрак икэн

этот джигит аткан-чай=DAT склонный оказывается=MOD

‘Этот молодой человек, оказывается, питает слабость к аткан-чаю’

*Гүлбахар Халидамга йеқин* [ХА, ОЧ, 173].

Гүлбахар Халидам=гэ йеқин

Гульбахар Халидам=DAT близкая

‘Гульбахар близка к Халидам’

**N1 – N6 - <N6 kore, N3 qarighanda> - Adj (cop) «кто/что - кого/чего (по сравнению с кем/чем) - каков».** Общая семантика «Выражение квалификации-оценки субъекта путем его сравнения с некоторым объектом». Примеры.

*Бизниң Чарвагму Маливайдин кам эмэс* [Әһ, НА, 83].

Биз=ниң Чарваг=му Маливай=дин кам эмэс

Мы=GEN Чарбаг=PART Маливай=ABL дефектный не

‘Да и наш Чарбаг не хуже Маливая’

*Маңа қариганда сән зерәгирәк* [ЙТ, ТКА, 49].

Ма=на қариганда сән зерәги=рәк

Я= по сравнению с ты умный=COMP

‘Ты смышленей, чем я’

Модели оценки.

**N1 – N3 – Adj (cop) «кто/что кому/чему каков».** Общая семантика модели «Выражение оценки субъекта с точки зрения некоторого объекта». Например.

*Мана әмди бизгә үмид-арзу, һәтта һаятму ят* [ЗС, ЕТЙ, 125].

мана әмди биз=гә үмид-арзу, һәтта һаятму ят

вот теперь мы=DAT надежда-мечта даже жизнь=PARTICLE

‘Вот теперь нам чужды надежды и мечты, даже сама жизнь’

*Нур ана бизгә қиммәт* [Әһ, НА, 183].

Нур-ана биз=гә қиммәт

Нур-ана мы=DAT дорогой

‘Нур-ана нам дорога’

Модели обладания.

**N2 ⇔ N// - Var (cop) «чье - кто/что - есть».** Общая семантика «Выражение наличия или отсутствия у некоторого субъекта как обладателя (в широком смысле) некоторого объекта как обладаемого». Вполне вероятно, что в данном случае мы имеем дело с вариантом более глубокой синтаксемы с предикатами наличия, отсутствия и количества. Обратимся к примерам.

*Шамалниң күчи бар* [ЙТ, ТКА, 85].

шамал=ниң күч=и бар

ветер=GEN сила=POSS3 есть

‘У ветра есть сила’

*Тәмбирим йоқ* [Әһ, НА, 49].

тәмбир=им йоқ

тамбир=POSS1 отсутствует

‘У меня нет тамбира’

**N1 – N6 – kheverdär/kheversiz (cop) «кто/что – о чем – осведомлен/не осведомлен».** «Выражение наличия или отсутствия у субъекта информации о некотором объекте». Связанность структуры посредством изафета и специфика наполнения позиции предиката свидетельствуют о близости данной синтаксемы к фразеологизированным синтаксическим единицам.

*Биз сизниң әһвалиңиздин, қилмақчи болған ишлириңиздин толук хәвәрдармиз* [ЗС, ЖС, 281].

биз сиз=ниң әһвал=иңиз=дин, қил=мақчи болған иш=лир=иңиз=дин толук хәвәрдар=миз

мы вы=GEN дела=POSS2=ABL делать=IMP дело=PL=POSS2=ABL полностью осведомленный=1PI

‘Мы полностью осведомлены о ваших делах и намерениях’

*Гайит униң [Хевирниң.-С.А.] ички кәчүрмилиридин хәвәрсиз еди* [ЙТ, ТКА, 69].

Гайит у=ниң [Хевир=ниң.-С.А.] ички кәчүрми=лир=и=дин хәвәрсиз еди

Гайит он=GEN [Хевир=GEN.-С.А.] внутренний переживание=PI=POSS3=ABL не осведомленный быть=PAST

‘Гайит не был осведомлен о его [Хевира.-С.А.] переживаниях’

**N1 – N3 – N1 (cop) «кто – кому/чему – владелец».** Общая семантика «Выражение факта обладания субъектом некоторым объектом». Например.

*Мана мән һазир сағидиган сийирға, сойидиган қойға егә* [Әһ, НА, 92].

мана мән һазир сағи=диган сийир=ға, сойи=диган қой=ға егә

вот я сейчас доить=PASTP корова=DAT резать=PASTP овца=DAT

хозяин



‘Вот теперь я владелец коровы, которую можно доить, овец, которых можно заколоть’

Здесь задействованы базовые «бинарные» именные предикаты *бай – гадай* «богатый – бедный», *сехи – ач көз* «щедрый – жадный» и коррелирующие с ними глагольные предикаты [3, с. 86-92]. Именные предикаты ориентированы на выражение отношения между предметными участниками ситуации. Рассмотрим примеры:

*Абдукерим талантқа бай иди* [УА].

Абдукерим талант=қа бай иди

Абдукерим талант=DAT богатый быть=PP

‘Абдукерим был богат на таланты’

*Турпан дияри үзүмгә бай иди* [Т, 61].

Турпан дияри үзүм=гә бай и=ди

Турпан земля=POSS3 виноград=DAT богатый быть=PP

‘Земля Турпана была богатой на виноград’

Приведенные примеры являются манифестациями следующей двухактантной модели:

**N<sub>1</sub> N<sub>3</sub> Adj (cop) – «кто – кому/чему [на что]- богатый»**

Еще примеры:

*Мениң оғлум машиңиларға бай* [ХА, ОЧ, 285].

Ме=ниң оғл=ум машина=лар=ға бай

Я=GEN сын=POSS1 машина=PL=DAT богатый

‘Мой сын богат на машины’

*Мэзкүр коча эхлэткә бай* [Т, 188].

мэзкүр коча эхлэт=кә бай

данный улица мусор=DAT богатый

‘Данная улица богата на мусор’

В составе структурной схемы в позиции именного предиката типичны случаи употребления адъективов *бай* ‘богатый’, *сехи* ‘ щедрый’, *март* «щедрый». Поскольку мы полагаем, что данный синтаксический концепт (пропозиция) противопоставлена семантике бедности, обратимся к модели с соответствующим синтаксическим концептом:

**{N<sub>1</sub> N<sub>3</sub> N|Adj (cop)} «кто кому/чему [на что] бедный»**

Например:

*Хошна Сейит ахчига гадай* [АТ, КО, 81].

хошна Сейит ахчи=га гадай

сосед Сейит деньги= DAT бедный

‘Сосед Сейит беден на деньги’

*Беширниң тәрәпдарлири малларга пишиқи* [Т, 57].

Бешир=ниң тәрәпдар=лир=и мал=лар=га пишиқи

Бешир= GEN сторонник=PL=POSS3 товар=PL=DAT скупой

‘Сторонники Бешира скупы на товары’

*Гүләйшәм ахчига ач көз болуп чиқти* [П, 125].

Гүләйшәм ахчи=га ач көз бол=уп чиқ=ти

Гүляйшам деньги=DAT голодный глаза быть=CV выходить= PST

‘Гүляйшам оказалась ненасытной на деньги’

В позиции именного предиката часты такие близкие по значению предикативы, как *гадай* «бедный», *пишиқи* «прижимистый», *пиңсиқ* «скупой», *ач көз* «ненасытный», *кәмбәгал* «бедный» и др.

**Выводы.** Таким образом, двухактантные синтаксемы с именным предикатом представляют один из блоков системы базовых предложений тюркских языков. Они специализируются на выражении грамматической семантики квалификации и обладания. Выделяется восемь базовых синтаксем, которые в тексте статьи представлены формулами моделей, отражающих как структуру, так и грамматическое содержание синтаксем. Ведущим компонентом рассмотренных синтаксем является именной предикат, валентность которого предполагает наличие двух актантов.

#### Список литературы:

1. Абдуллаев, С.Н. Модели простого предложения в современном уйгурском языке [Текст] / С.Н. Абдуллаев // Предложение в языках Сибири.-Новосибирск: Наука, 1989.- С. 36-47.
2. Абдуллаев, С.Н. Драгоценности тюркского синтаксиса [Текст] / С.Н. Абдуллаев. - Алматы.: Мир, 2024. - 234 с.
3. Абдуллаева, Г.С. Модели простых предложений со значением свобода и богатство в уйгурском языке [Текст] / Г.С. Абдуллаева // Вопросы моделирования коммуникативных единиц монгольских и тюркских языков.-Элиста, 2023.- С. 80-92.
4. Тыбыкова, А.Т. Исследования по синтаксису алтайского языка. Простое предложение [Текст] / А.Т. Тыбыкова.- Новосибирск: Изд-во Новосиб. гос. ун-та, 1991.

5. Черемисина, М.И., Озонова, А.А. Синтаксис тюркских языков Южной Сибири. Простое предложение [Текст] / М.И. Черемисина, А.А. Озонова.-Новосибирск: Изд-во Новосиб. гос. ун-та, 2005.

#### REFERENCES

1. Abdullaev, S.N. "Modeli prostogo predlozheniya v sovremennom uygurskom yazyke." Novosibirsk, (1989):- (In Rus)
2. Abdullaev, S.N. "Dragotsennosti turkского sintaksisa." Almaty, (2024):- (In Rus)
3. Abdullaeva, G.S. "Modeli prostykh predlozheniy so znacheniem svoboda i bogatstvo v uygurskom yazyke." Elista, (2023):- (In Rus)
4. Tybykova, A.T. "Issledovaniya po sintaksisu altayskogo yazyka. Prostoye predlozheniye." Novosibirsk, (1991):- (In Rus)
5. Cheremisina, M.I., Ozonova, A.A. "Sintaksis tukskikh yazykov Yujhnoy Sibiri. Prostoye predlozheniye." Novosibirsk, (2005):- (In Rus)

#### Источники примеров:

АТ, ҚӨ - Абдулла Талип. Қайнам Өркиши. Шинжаң яшлар нәшрияти, 1983.

ЗС, ЕТЙ - З. Сабир. Ен, топилик йол // Пәрваз, 1985.

ЗС, ЖС, - З. Сәмәдий. Жиллар сири.- Алмута, 1983

ЙТ, ТКА - Й. Тайиров. Тар кочидики ай.-Алмута 1986.

П - литературно-художественный альманах «Пәрваз»

Т - Тарим.-Алмута: Жазушы, 1989.

УА - газета «Уйғур авази».- Алмута, 1992.

ҺА, ОЧ – Һезмәт Абдуллин. Отлуқ чәмбәр.- Алмута: Жазушы, 1986. – 336 б.

Һаширов 1988 - Һаширов Ө. Нур ана.- Алмута, 1988.

ӘОЖ 811.11-12

#### ТҮРКОЛОГИЯ САЛАСЫНА АЙРЫҚША ҮЛЕС ҚОСҚАН ҒАЛЫМ БЕРІКБАЙ САҒЫНДЫҚҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҮРАСЫ

Ғ.Е. Имамбаева<sup>1\*</sup>, А.Б. Ахметова<sup>2</sup>, Б.Б. Ахметов<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Инновациялық Еуразия университеті, Қазақстан, Павлодар қ.,

<sup>2</sup>Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Қазақстан, Павлодар қ.,

<sup>3</sup>ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі,

Қазақстан, Астана қ.

\*e-mail: {[lady.gaysha@mail.ru](mailto:lady.gaysha@mail.ru)}

*The article is devoted to the consideration of the richness of linguistic sources in the research works of the scientist Berikbai Sagyndykuly as well as their widespread usage in the modern conditions.*

**Keywords:** *Kazakh language, literary significance, Turkic language, historical monuments, literature.*

*Статья посвящена рассмотрению богатства языковых источников в научно-исследовательских трудах ученого Берікбая Сағындықұлы и широкому их использованию в условиях современной коммуникации.*

**Ключевые слова:** *Казахский язык, литературное значение, тюркский язык, исторические памятники, литература*

*Мақалада ғалым Берікбай Сағындықұлының ғылыми еңбектеріндегі тіл көздерінің байлығы мен олардың қазіргі жағдайда кеңінен қолдануы қарастырылған.*

**Түйін сөздер:** қазақ тілі, әдеби жәдігерлер, түркі тілі, тарихи ескерткіштер, әдебиет.

Ғалым Берікбай Сағындықұлының ғылыми- зерттеу еңбектері қазақ тілінің тарихына, қазақ тілінің шығу тарихына арналған. Нақтырақ айтатын болсақ, ғалымның көптеген ғылыми мақалаларында байырғы сөздердің түп-төркіні, фонетика, морфология, лексикология салаларына қатысты тақырыптар сөз етіліп, тіл бірліктеріне жан-жақты ғылыми - зерттеулер жүргізілгендігін байқаймыз. Ғалым Б. Сағындықұлының ғылыми еңбектері тек қана біздің елімізде ғана емес, шет елдерінде де кеңінен таралып, ауқымды баспа беттерінде жария етілгендігін мақтан етеміз. Осыған қоса, бір қуантарлық жайт - 2011 жылы Берікбай Сағындықұлының Павлодар қаласындағы Инновациялық Еуразия университеті әкімшілігі тіл білімі саласы бойынша жоғарғы курс студенттеріне дәріс оқуға арнайы шақырып, соның нәтижесінде бірсыпыра облыстық, аудан, қала мектептерінің мұғалімдер қауымы, жас ғалымдар, магистранттар өткізілген ғылыми- тәжірибелік семинарлар барысында жаңа ғылыми мәліметтермен танысқан еді. Осындай ел аймағы арасында жүргізілген ғылыми еңбегі үшін Берікбай Сағындықұлы 2011 жылы ҚР БЖҒМ Инновациялық Еуразия университетінің құрметті профессоры академиялық атағы берілді. Берікбай Сағындықұлының ғылыми – зерттеулері мен оқу-әдістемелік жұмыстарының негізгі бағыты-қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, қазақ тілі тарихы, тарихи фонетика және түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы лексикасы, түркі тілдерінің тарихи салыстырмалы грамматикасы, көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеу, теология мәселелері. Ғалым Б. Сағындықұлының аталған тіл білімінің ауқымды салаларына қатысты көптеген ғылыми-зерттеу еңбектерінің авторы.

«Мен қазақ тілі тарихының маманымын. Өз мамандығыма деген сүйіспеншілік мені түркологияда бірқатар жаңалықтар ашуға жетеледі», -деп, Берікбай Сағындықұлы «Әлем тілдерінің түбі бір» атты ғылыми мақаласын бастайды.

Ғалымның алғашқы жаңалығы 1994 жылы жарық көрген «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» деген монографиялық еңбегінде баяндалды деп айтылса, кейінірек қазақ- орыс тілдерінде басылып шыққан «Түркі тілдері лексикасы дамуының фонологиялық заңдылықтары» атты еңбегінде ғалымның ізденіс жаңалығы жалғасын тапты. Берікбай Сағындықұлының ғылым саласындағы айрықша жетістіктері қоғам ішінде кең таралып, тіл білімі саласында бекім алған танымдық қажеттілігімен құнды. Кереку өңірінде өткен ғылыми- тәжірибелік семинардағы «Әлем тілдерінің түбі бір» атты мақаласында сөз басындағы й- дж- ж- т- д -ч –ш- с- з сәйкестігі туралы тарихи мәліметтер берілгеннің нәтижесінде, осындай сәйкестігінің түпкітегін (архетипін) табу үшін, түркі тілдерінде қолданыс тапқан үш бірдей заңдылығы бар екендігін тіл оқытушы мұғалімдер қауымы тыңдап, біліп алып, өздерінің сабақ беру барысында сөз басындағы айырмашылықтардың қалай шыққандығын болашақ ұрпаққа, тіл меңгерушілерге, түсіндіре алатындай болды. Осындай игі іске арқау болып тұрған, бірнеше жылдар бойы оқылып келе жатқан, Б. Сағындықұлының басшылығымен орныққан - «Түбіртек теориясы» деп аталатын арнаулы курстың нәтижесі. Себебі, түбіртек теориясы кез- келген сөздің этимологиясын түп төркінін ғылыми жолмен ашуға көмектеседі. Сөйтіп, тіпті түбіртек бірлігінің табылуы әлем тілдерінің түбі бір екендігіне дәлелдеме болып есептеледі.

Ғалым Берікбай Сағындықұлының ғылыми- зерттеу еңбектеріндегі тілдік мұра- тілдік қазына болып саналатын орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің тілі жөніндегі құнды пікірлерін жатқызуға болады.

Қазіргі таңда «Рухани жаңғыру» аясында қоғам ішінде, әсіресе, тіл білімі саласында көптеген өзгерістер ендіріліп жатқандығы рас. Солардың ішінде басты мәселелерді шешу жолдарын іздестірудің бір бағыты - жас ұрпақтың тіл білімі саласының дамуына үлес қосқан зиялыларымыздың әдеби мұра- тілдік қазынасын оқып білуге, меңгеріп алуға парыздық бетбұрысы. Шынын айту керек, Берікбай Сағындықұлы тіл біліміне қатысты еңбектерін оқи

келе, бірсыпыра тәлім - тәрбиелі мәліметтер жайлы хабарда болуымен қатар, пікір жинақтауға, сол пікірді түйіндеуге түрткі болып жақсы істердің бастауына баршамызды жетелейді.

«Белгілі ғалым, білікті тіл маманы Б. Сағындықов «һибат-ул хақайиқ» - «XII ғасыр ескерткіші» деп аталатын еңбек жазып, көне дәуір жәдігерлігіне тілдік тұрғыдан жан-жақты талдау жасады. Мұнда дастанның транскрипциясы, аудармасы, зерттеу тарихы, ғылыми сипаттамасы, лексика-грамматикалық ерекшеліктері, «түрікше–орысша-қазақша», «арабша-орысша-қазақша», «парысша-орысша-қазақша» сөздіктері тұңғыш рет жарияланды. Ғалым XI-XVI ғасырлар арасындағы түркі әдеби жәдігерліктерінің тілі туралы айта келіп, аса құнды тұжырым жасайды», - дейді, Берікбай Сағындықұлының еңбегін бағалап, әдебиеттанушы Немат Келімбетов «Ежелгі дәуір әдебиеті» оқулығының авторы [1, 217]. Бұл жерде ғалым Берікбай Сағындықұлының ғылыми тұжырымдамасы бойынша: «Дұрысы – әр нәрсені өз атымен атаған орынды. XI- XVI ғасырлар аралығында халық арасында тараған жазба әдебиеттің кез келген үлгісін көне түркі әдеби тілінде жазылған деп есептесек, қателеспейміз. Бұдан былай «ана әдеби тіл», «мына әдеби тіл» деп бірнеше әдеби тілге бөлуді тоқтатқанымыз дұрыс. Қай жерде, қай кезеңде пайда болғанына қарай, көне түркі әдеби тілінің оғыз варианты, көне түркі әдеби тілінің қыпшақ варианты, көне түркі әдеби тілінің түрікмен варианты, т.б. деп атаған жөн», - деген ұсыныстар айтылады [2, 4-5].

«Ақиқат сыйы» дастанының қазақ тіліндегі прозалық және поэтикалық аудармасын жасағандар Ә. Құрышжанов пен Б. Сағындықов болды», - деп айта келе, Н. Келімбетов бұл дастанның композициялық құрылысына, сонымен қатар, идеялық мазмұнына сипаттама береді.

«Ақиқат сыйы» - дидактикалық сарында жазылған шығарма. Дастан сюжетке құрылған емес. Шығарманың әрбір тарауында белгілі бір мәселе жөнінде әңгіме болады, автор оқушысына тиісінше ақыл-кеңес беріп отырады. Бұл дастан өзінің көтерген тақырыбы мен идеялық мазмұны жағынан ақын өмір сүрген қоғамдағы моральдық ұғымдар мен мінез-құлық нормаларының жиынтығы болып келеді» [1, 218], - деген әдебиеттанушының сыни пікірімен таныса отырып, қазіргі қоғамдағы орын алып тұрған: «Адам қалай өмір сүру керек?» дейтін сұрақтарға жауапты жастар қауымы тарихи мәліметтерден ғана таба алатындығын білеміз. Ғалым Берікбай Сағындықұлының «Ақиқат сыйы» атты дастанның аудармасы арқылы оқырман қауымы да, шығарманың ақыны сияқты, жоғарыдағы қойылған сауалдарға жауап іздейді. Аударманың көпшілікке түсінікті тілінің арқасында тарихи дастандағы ақынның дидактикалық сарында оқушысына айтқан өсиет- уағызы жайлы, сонымен қатар, тарихи шығарманың авторы шәкіртіне: адам адал өмір сүруі тиіс, сараң болмауы керек, жомарт жанды, білімді кісіні қадірлеуі қажет, жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесапат сияқты берген ғибрат кеңестерін білеміз.

Берікбай Сағындықұлының «һибат- ул хақайиқ» - XII ғасыр ескерткіші» тілі мен қазіргі қазақ тілі арасындағы ортақ сөздердің өзге түркі тілдерінен қандай өзгешеліктері бар екендігі туралы мәліметтерді алумен бірге, аударма тілі арқылы дастанның негізгі идеясы жайлы, ақын білімінің пайдасы мен надандықтың зияны туралы жырлайтынын, тілді тыйып сөйлеу – әдептілік пен тәртіптіліктің шарты екендігін, өмірдің өзгеріп тұратындығын, дүниенің құбылмалылығы жайында, сол кезден- ақ, қоғам ішінде сөз болғандығын байқауға болады. Әдеби мұраға жататын дастан тілі адам бойындағы: жомарттық пен сараңдық қасиеттерді сипаттаумен, түрлі моральдық-этикалық мәселелер туралы дидактикалық мазмұнда уағыз-өсиет айтумен құнды.

Берікбай Сағындықұлы зерттеуінде Ахмет Йүгінеки – әрбір сөзді ажарлап та, құбылтып та шебер пайдалана білетін сөз зергері екендігін көреміз. Дастан тілінің аудармасында тарихи шығарма дидактикалық сарындағы ақыл-өсиет, уағыз, ғибрат сөздерінен тұрады. Білімді адам – таза алтынға, надан кісі – құны жоқ, жалған ақшаға, білімді әйел – ер жігітке, ал білімсіз еркек – әйелге, шын сөз – балға, жалған сөз пиязға теңелетіндігін көрдік. Сондай-ақ, дастан сараңдық – ем қонбайтын дерт, жеміс бермейтін ағаш, ал жомарттық – алқызыл роза гүлі секілді теңеулерге толы. Бұл жерде Берікбай Ағамыздың тарихи дастан мазмұнын ғылыми

тұрғыдан зерттеп, қазіргі ұрпаққа түсінікті етіп жасаған аудармасының өзіндік тәрбиелік мәні бар екендігін айтуды жөн көрдік.

Демек мәтінмен таныса, оқырман ақынның әдеби тілдің әсерлілігін арттыра түсу үшін екі бірдей ұғымды, құбылысты, сезімді, т.б. қатар қойып жұптап суреттеп, сөзді айшықтап қолданудың бір түрі – параллелизм яки егіздеу әдісін зор шеберлікпен пайдаланғандығын бір сәттен аңғарады. Мәселен, дастан мәтінімен танысқан оқырман: білімді – надан, жомарт – сараң, тәкаппар – момын, атлас шәйі – бөз, адал – арам, ұзын – қысқа сияқты ұғымдар бір-біріне қарсы қойып шеберлікпен суреттегенін байқайды:

Өмір тәтті, бүгін қолың жеткенде,  
Удай ашы, ертең тастап кеткенде.  
Қайда балы – сонда арасы бір жүрер,  
Балдан бұрын татып көрші зәрінен.

«Аударма ісі- өнер» -, деп айтқандай, Берікбай Сағындықұлының зерттеуінен «Ақиқат сыйы» авторы белгілі бір құбылысты айна-қатесіз дәл бейнелейтін нақыл сөздер, мақал-мәтелдер секілді теңеулер, қанатты сөздер тауып айтуға шебер екендігін көреміз. Мәтін көлемінде: ақымақтың тілі – өзіне жау болып жармасады, сараң адам – өзі жинаған байлықтың құлы, жомарттық – сараңдықтың айнасы, білім – сарқылмас тауар, т.б.

Білімге қатысты өлеңнің жолма-жол прозалық аудармасы төмендегідей болып келеді:

Білімнің сөзі – үгіт, насихат, үлгі-өнеге,  
Білімдіні азиат та, араб та мақтады.  
Малы жоққа – білім түгесілмейтін мал,  
Қаржысы жоққа – білім таусылмайтын қаржы.

Қазіргі қоғамдағы жас ұрпақты тәрбиелеу ісінің үлгісі ретінде Ахмет Йүгінекидің әрбір сөзді ажарлап, айшықтап, құбылтып пайдаланғандығын алуымыз керек. «Ақиқат сыйы» дастанның мазмұны қазіргі заманның көптеген мәселелерімен ұштасып, өзіндік байланысымен ерекшеленеді. Сол кездегі адамдар арасында болып тұрған күрделі сұрақтар қазір де, жаңаша қырымен, қоғам ішінде орын алып отыр.

Қарахан мемлекеті тұсында жергілікті халықтар, яғни түркі ру-тайпаларынан шыққан зиялы қауым өкілдері бүкіл түркі жұртын оқу-білімге шақырғандығы- бүгінгі таңда қоғам ішінде ең өзекті мәселелер қатарында екендігін мойындауға тура келеді. Жаңадан құрылған мемлекеттің іргетасын нығайтып, күш-қуатын арттырудың өзі, ең алдымен, ақыл-парасатқа, оқу-білімге байланысты екенің жырлау – ислам дәуірі әдебиетінің қалыптасқан дәстүрі. Сөз жоқ, түркітанушы ғалым Берікбай Сағындықұлының еңбектерінің арқасында ислам дәуірінің игі дәстүр негізінде тәрбиеленген ақын Ахмет Йүгінеки дастанының негізгі бөлімі «Білімнің пайдасы мен надандықтың зияны туралы» деп аталатын жырдан басталатынын білдік. Дастанның жолма-жол аударма жасалған прозалық нұсқасынан бірнеше мысалдар келтіруге мүмкіншілік туып отыр, онда:

Білімді кісі қымбат бағалы динар сияқты,  
Білімсіз надан – құны жоқ бақыр.  
Білімді мен білімсіз қашан тең болып еді.  
Білімді әйел – ер, надан еркек – әйел.

Ахмет Йүгінекидің өз дастанында білімді адамның қоғамға берері мол деп, айтқан сөздері- қазіргі кезде де өзектілігімен құнды:

Білікті білім жинап кәсіп етер,  
Білімнің дәмін татып, өсіп өтер.  
Білдірер білім елге білім сырын

Біліксіз білімді аттап, басып өтер.  
Өнеге, білген сөзі – насихат жол,  
Араб пен азиаттың сүйгені сол.

Ахмет Йүгінеки дастанындағы оқу білімге қатысты мәліметтерге сипаттама жасай отырып, белгілі әдебиеттанушы Н. Келімбетов осылайша өз ойын түйіндейді: «Сөйтіп, Ахмет Йүгінеки бүкіл әлемнің сырын ашатын кілт көкірек көзі ашық, оқыған, білімді адамдардың қолында деген түйін жасайды. Бір қызығы – ақын ғылым мен ашу-ызаны бір-біріне қарсы қойып суреттегенін көреміз. Сол арқылы ол білім іздеген адам өз бақытын өнер-білімнен табады, ал ашу-ызаға тізгін берген кісі қашанда надандықтың қара түнегіне қамалады деген пікір айтады» [1, 221].

Дастан мәтініне үңілген сайын, бұл тарихи шығармада адамның мінез-құлық мәселелеріне моральдық, этикалық әдептілікті жырлауға ерекше назар аударылғанын көреміз. Данышпан ақын баршамызды абайлап сөйлеуге, тілге сақ болуға шақырады. Сонымен бірге, ол өз оқырманын қысқа да нұсқа сөйлеуге, артық сөз айтпауға, сыр сақтай білуге жетелейді.

Ахмет Йүгінекидің тіл жайындағы жыр жолдарын оқи отырып, қазақтың «Басқа пәле - тілден», «Аңдамай сөйлеген – ауырмай өледі», «Тіл -тас жарады, тас жармаса – бас жарады» деген сияқты мақалдарын еске түсіреміз. Қазіргі тіл жанашырларының адам арасында болатын қарым-қатынасқа қатысты ауқымды ой - пікірлері де, Ахмет Йүгінекидің тіл жөніндегі тұжырымымен үйлесіп жатқанын аңғаруға болады.

Ахмет Йүгінеки өз дастанында адамдарды бір-біріне мейірімді болуға, өзара көмектесіп отыруға уағыздай келіп, жомарттық қасиетті адам мінезіндегі ең жарқын, ізгілікті құбылыс ретінде көкке көтере мадақтайды. Ал сараңдықты ақын адам бойындағы ең жиіркенішті қасиет деп біледі. Жомарттық пен сараңдықты бір-біріне қарама-қарсы қойып суреттеу арқылы ақын «Алланың нұры жауған» адамның бейнесін жасайды:

Өмірде жақсы мінез – «жомарт» деген,  
Жаман ат – «сараң», тәуір сөз ермеген.  
Берген қол бәрінен де құтты болар,  
Сол жаман – ала біліп, түк бермеген.  
Сақылық – ел ішінде бір төбе де,  
Абырой, атақ сонда, мәртебе де.  
Бол жомарт, халықты сол сүйсіндірген,  
Кейін де, бүгін де, ертеде де.

Бүгінгі сәтте қоғамның ойшыл жас тұлғаға зәру болып тұрған жағдайда, бұндай бейне көрінісінің құндылығы арта түсетіндігі сөзсіз.

Жалпы, адам баласына тән қасиеттерді сипаттай келе, ғалым Н. Келімбетов: «Ахмет Йүгінекидің айтуы бойынша, жомарттық тұрған жерде алынбайтын асу жоқ, жылынбайтын жүрек жоқ. Ақын жомарт жандарды жан жүрегімен тебірене жырлайды. Дастанның авторы үшін жомарт болу – әдеттегі мінез-құлық нормасы ғана емес, жомарттық жалғыз адамның ғана емес, бүкіл қоғамның имандылығын, адамгершілігін, мейірімділігін айқын көрсететін айна деп біледі. Сол себепті ақын адамдардың мінез-құлқын жақсарту арқылы, оларды жомарт әрі білімді ету жолымен бүкіл қоғамды да жақсартуға болады деп түсінеді», - деп ақын ойшылдығын философиялық және психологиялық тұрғыдан сипаттайды [1, 223].

Қазіргі білім беру саласында қазақ тілінің шығу тарихын зерттеген тілшілердің арасында ұстаз - ғалым Берікбай Сағындықұлының орны ерекше деп, айтуымыз артық болмас. Себебі ғалымның ХІІ ғасырдың орта кезі мен ХІІІ ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Ахмед Йүгінекидің «һибат ул- хақайық» («Ақиқат сыйы») атты дастанның қазақ тіліне жасаған аудармасы арқылы бұл дастанның түркі дүниесінің рухани қазыналарының жарқын туындысы деп білеміз. Берікбай Ағамыздың «Ақиқат сыйы» түпнұсқасының фотокөшірмесін, транскрипциясын қазақ тіліне қара сөзбен жолма- жол және өлеңмен аударған ауқымды еңбегінің арқасында тарихи мұра мазмұны бізге жетті. Ғалымның 1985 жылы жарық көрген

бұл ғылыми -зерттеу еңбегімен танысқан жас ғалымдар қауымы «Ақиқат сыйы» дастанында «Алла кішіпейіл жанның абыройын асыратынын, тәкаппардың құтын қашыратынын», «дүниеқор жан ақырында мақрұм болып қалатынын», «жақсы адам әрқашанда сабырлы болу керектігін» зор шеберлікпен жеткізгендігін көреді. Бастысы-Ахмет Йүгінекидің өз халқын сол заманның әдет-ғұрпын сақтап, түрлі заңдарын орындап отыруға, қара қылды қақ жаратындай әділетті болуға, әлсіздерге күш көрсетпеуге, кемтарларға қолғабыс тигізуге, нысапты болуға шақырғандығын оқырман қауымы біле тұра, өзінің жақсы қасиеттерін дамытуға тырысады, «Ақиқат сыйы» дастанында, сондай-ақ тәкаппар, паң, өркөкірек жандарды жер-жебіріне жеткізе сынайтынын байқаймыз. Автор оқырманын қарапайым, момын болуға үндейді. Шығармада ақын тәкаппарлықты қарапайымдылыққа қарсы қойып суреттейді. Менмендік, өркөкіректік жақсы адамның табиғатына, мінез-құлқына мүлдем жат, адамды адамгершіліктен жұрдай қылатын қасиет деп көрсетеді. Ал қарапайымдылық кез келген жанға жарасатын, оның бедел-мәртебесін асыра түсетін киелі қасиет ретінде бейнеленеді. «Қатты ашуын баса білген жанға, адамдардың қатесін кешіре білген кісіге Алланың нұры жауады», - дейді ақын.

Адамға құт әкелетін мінездің бірі – сабырлылық, көнбістік деген пікір айтады:

Адамдық – бір биік үй мұнарасы,  
Алқызыл алау өскен гүл арасы.  
Бай мінез – сол гүл өскен жасыл алқап,  
Сол үйдің не болмаса іргетасы.

Сабыр ет, қуаныш күт, бәле келсе,  
Күте тұр – қайғы, реніш ала келсе.

«Ақиқат сыйы» дастанында жомарттық пен сараңдық, қарапайымдылық пен тәкаппарлық, ұстамсыздық пен сабырлылық жайында айтылған ой-пікірлер қазақтың ақын-жыраулары поэзиясында өзінің көркемдік дәстүр жалғастығын тапқандығын көреміз. Дастанда сөз болған мәселе – «дүниенің бір қалыпта тұрмай, өзгеріп тұратындығы» туралы ойлы пікір қазір де өзекті. Ақын бұл өмірдің адамдар келіп, кететін керуен сарай сияқты екенін жырлап, осы өмірден бай да, кедей де, патша да, құл да тұрақ таппай, өтіп кететінін адамдардың есіне салады. Танымал әдебиетші Н. Келімбетовтің «Ежелгі дәуір әдебиеті» оқулығында бұл тарихи дастан мазмұнына сипаттама беріп, өз ойын өлең жолдарымен дәлелдейді: «Ахмет Йүгінеки өмірдің өзін - керуен сарайға теңейді. Өйткені тура керуен сарайдағы сияқты, өмірде де мына «жалған дүниеге» біреулер енді ғана дүниеге келіп жатса, екінші біреулер тіршілікпен қоштасып, өмірден кетіп жатады:

Бұл дүние – бір керуен сарай-ды,  
Кететіндер түсіп, содан тарайды,  
Алғы тізбек көшіп ұзап кеткенде,  
Келіп түскен соңы соған қарайды.

Бүгін барын ертең жоқ қой жалғанда,  
Игілігің әлде кімге қалғанда.  
Көрікті өмір – көмір болып өтеді,  
Түгел тасып төгіледі толғанда.

Түйіндеп айтсақ, ислам дәуірі әдебиетінің көрнекті өкілі Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастаны – өз заманының көкейтесті мәселелерін – ақыл-парасатты, білімділікті, қарапайымдылықты, әдеппен сөйлеуді, кішіпейілділікті, сабырлықты, т.б. ізгі қасиеттерді этикалық-дидактикалық сарында жырлаған көркем туынды.



Содан шағатын қорытынды: «Ақиқат сыйы» дастаны - өз заманының көкейкесті мәселелерін жырға арқау еткен, көркемдік дәрежесі биік, дидактикалық сарында жазылған, бүгінгі түркі тілдес халықтардың бәріне бірдей ортақ мұра болып табылады» [1, 225].

«Әдеби мұра» – халықтың көпғасырлық өмірінің поэтикалық жинағына халық-ауыз әдебиетінің үлгілері енген ауқымды ұғым есебіне жататыны рас. Демек, әлі де зерттеу жолындағы VI-XIV ғасырлар аралығындағы тарихи дастандар мәтіндері – қазіргі қазақ тілінің әрі қарай дамуының қайнар көзі.

VI-XIV ғасырлар кезеңінің әдеби мұралар мәтіндері тілдік құрылымды қалыптастыруға негіз болып, олардың қазіргі тілге тигізер ықпалы туралы аз зерттеліп, осы мәселеге арналған ғылыми еңбектер жоқтың қасы.

Рухани мәдениетке сана-сезіммен бірге, адам болмысының интеллектуалдық, эмоционалды-психологиялық жақтарына қатысты: тіл, салт-дәстүр, дін, білім, басқа да, өнермен байланысты құбылыстар жатады. Адамның рухани дамуында көркем мәдениеттің рөлі ерекше. Көркем мәдениеттің, немесе өнердің, адамның ой-санасына, оның ішкі әлеміне ықпалын тигізетіндігі сөзсіз.

Тіл тарихына көз жүгіртіп, назар аударарлықтай, қазіргі тілді тарихи тілмен салыстыра, қазақ халқының VI-XIV ғасырлар кезеңінің әдеби мұраға жататын дастан мәтіндерінің түпнұсқаларын талдау негізінде, тілдік құрылымдар арасында бірізділік пен айырмашылықтарды табуға болады. Соның нәтижесінде қазіргі уақыттың талабына сай, өзге де тілдерді меңгеріп алуға да жол ашылады.

Әдеби мұра есебіндегі тарихи дастандар тілі – қоғам дамуының келешек ұрпаққа жеткізетін, тиісті ақпарат қазығы, соның нәтижесінде, жоғары дамыған ел қатарында болудың рухани байлығы.

Сөйтіп, орта ғасырлардағы қыпшақ тайпаларының сөйлеу тілі мен әдеби нұсқаларын, жалпыхалықтық қазақ тілінің қалыптасу тарихын зерттеуде ғалым Берікбай Сағындықұлы еңбектерінің маңызы зор. Ерекше назар аударарлықтай, тарихи дастандарға арналған ғылыми-зерттеулері қазақ тіл білімінің дамуына үлес қосуымен бірге, жас ғалымдар қауымын XII-XIV ғасырлардың түркітілі ескерткіштеріндегі көнетүркі тілінің кейбір ерекшеліктерінің жойылып немесе өзгеріп кетуінің тарихи құбылыстарын зерттеп, меңгеруге жетелейді.

Сонымен қатар, олардың лексика-семантикалық және құрылымдық-типологиялық ерекшеліктерін тапқызуға бағыт береді.

Рухани жаңғыру аясында халық шығармашылығының асыл үлгілері мен жазбасы қазіргі ұрпақтың ұлттық саналарын оятып, белсенді болуға, игі істерді атқаруға ықпалын тигізеді.

Жоғарыдағы айтылғандарды түйіндей келе, ғалым Берікбай Сағындықұлының ғылыми-зерттеу еңбектеріндегі тілдік мұра- тілдік қазынаға жататын көнетүркі жазбалар мәтіндерінің мазмұны қазіргі қоғамдық мәселелерді қарастыруда ықпалын тигізіп, өзіндік ғылыми-танымдылығымен құнды.

Қазіргі таңда елімізде атқарылып жатқан игі істерді жүзеге асыруға және де жас ұрпақтың азаматтық отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруға әдеби мұра - тілдік қазынамыз тиісті үлесін қосатындығы сөзсіз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті (Қазақ әдебиеті бастаулары) .Жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттеріне арналған оқулық.- Алматы: Атамұра, 2005.-336 бет.

2. Б.Сағындықұлы. «һибат- ул хақайық»-XII ғасыр ескерткіші, А.,2002,4-5- бет.

3. Қалиұлы Б. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін (Мақалалар жинағы) Байынқол Қалиұлы. -Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012.-246 бет.

4. Ахметжанова З.К. Қазақ тіліндегі посессивті құрылымдар.- Алматы, 2010.-170 бет.

5. Хасанов Б.Х. Қазақ – орысша екітілдік.- Алматы -1987.- 111 бет.

6. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. –368 б.
7. Насилов В.М. Орхоно-Енисей ескерткіштерінің тілі. – М., 1960. –21 б.

### References

1. Kelimbetov N. Ancient Literature (Kazakh Literature Initiatives) .Education for students of the Faculty of Philology in Higher Education Institutions - Almaty: Atamura, 2005. - 336 pages.
2. B. Sagyndykuly. "Hijab-i Khakaiik" - the monument of the twentieth century, A., 2002, p.4-5.
3. Kaliuly B. New directions of linguistics: concept, pragmatics, discourse, text (Collection of articles) Bainkol Kaliuly. -Almaty: Institute of State Language Development, 2012.-246 pages.
4. Akhmetzhanova ZK Polaristic structures in the Kazakh language. - Almaty, 2010.-170.
5. Khasanov BH Kazakh - Russian bilingualism. - Almaty - 1987. - 111 pages.
6. Amanzholov S. Fundamentals of the theory of the Kazakh language. - Almaty: Science, 2002.- 368 p.
7. Nasilov VM The language of Orkhono-Yenisei monuments. - M., 1960. -21 p.

**ӘОЖ 811.512**

## ҚАЗІРГІ ТҮРІК ТІЛІ МЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ОРТАҚ СӨЗДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

<sup>1</sup>**Мұратбек Бағила Құрманбекқызы**

<sup>1</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе

<sup>2</sup>**Әмірғали Жанар Орынбасарқызы**

<sup>2</sup>“Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі” ММ “Қаракөмер негізгі мектебі” КММ, Ақтөбе

### Аннотация

Мақалада көп мағыналы сөздердің мағыналық құрамы мен байланыстырушы және саралайтын белгілері қарастырылды. Қазіргі түрік тілі мен қазақ тіліне ортақ сөздердің лексика-семантикалық жүйесі мен құрылымы берілген. Кейбір ортақ сөздердің семантикалық моделі ұсынылды.

**Кілт сөздер:** интегралсема, дифференсема, полисема, семантика, модель, құрылым

### Аннотация

В статье рассмотрены смысловый состав и связывающие и дифференцирующие признаки многозначных слов. Дана лексико-семантическая система и структура слов, общих для современного турецкого языка и казахского языка. Предложена семантическая модель некоторых общих слов.

**Ключевые слова:** интегралсема, дифференсема, полисема, семантика, модель, структура

Көп мағыналы сөздердің мағыналық құрамы,оның мағыналық түрлерге жіктелуі, түрлердің бір-бірімен ұқсастығы, олардың арақатысы, айырмашылықтары белгілі бір реттерге, жүйеге негізделеді. Жүйеліліктің, мазмұндық тұтасықтың табиғатын түсіну үшін оны құрамдық жіктерге, мағына түрлеріне талдау қажет.

Көп мағыналы сөздердің мағыналық құрамына комплестік синтез, компоненттік анализ әдістерін қолдану – көп мағыналы сөздер семантикасының мәселелерін шешудің бірден-бір жолы. Түсіндірме сөздік жасауда сөз мағыналарын түсіндіру, оны мағына, мән түрлеріне жіктеу белгілі дәрежеде компоненттік анализ болып табылады. Сондықтан көп мағыналы сөздерге семалық талдау жасау барысында негізінен түсіндірме, этимологиялық сөздіктердегі сөз анықтамасына сүйенетін боламыз.

Көп мағыналы сөздер жалпы мазмұнды, біртұтас мағыналық құрам болғанмен, оның құрамындағы мағыналарды байланыстыратын (интегралсема) және саралайтын

(дифференсема) белгілер бар. Ал сема сөздің ең кіші мағыналық бөлшек екені белгілі [Шарапатұлы, 2011, 257].

- *Таш* – 1. Тас 2. Асыл тас 3. Мед. Бүйректің тасы  
*Тас* – 1. Таудың қатты жынысы 2. Асыл тас 3. Мед. Бүйректің тасы 4. Ауыс. Ауыр, зілдей 5. Ауыс. Қатыгез, қатал

Бұл сөз тілімізде зат есім ретінде қолданылуынан басқа етістік, сын есім, үстеу сияқты сөздердің алдында келіп, заттық ұғымда емес, үстеулік мәнде қолданылады: тас керең, тас жетім, тас түйін, тас қараңғы, тас қып байлау, тас табандау, тас төбе т.б. Бұл тіркестердегі тас сөзінің тау-тас, тас көмір дегендердегі тас сөзіне қатысы жоқ. Тас сөзі монғол тілінде «мүлдем, әбден, мықты» деген мағынаны білдіреді. Жоғарғы келтірілген тіркестердегі тас осы ұғымда қолданылған. Демек, бұл да бір кезеңдерде түркі-монғол тілдеріне ортақ сөз болғанға ұқсайды. Қазақ тілінде өзге сөздермен еркін тіркесу қабілетінен айырылған бұл көне сөз тек белгілі тіркес құрамында тұрып қолданылу құқығын сақтап қалған [ҚТҚЭС, 1966, 162-163]. Түрік тілінде таудың қатты жынысы ретіндегі мағынасын сақтап, геологиялық тау жыныстардың жекелеген атауларына қатысты қолданылады.

- *Ев* – 1. Үй 2. Отбасы, үй-іші  
*Үй* – 1. Баспана 2. Ауыс. Үй-іші 3. Ауыс. Отбасы, шаңырақ 4. Ауыс. Орын, ғимарат 5. Жерг. Түрме

Сөздің бастапқы тұлғасы оба/обак болса керек. Бұрын монғол тілінде төмпешіктің үстіне жын-перілер үшін тастан, ағаштан салынған баспананы обон//овоо деп атапты. Ертеде монғолдар осындай үйлерге келіп құдайына құлшылық ететін болған. Бұл сөз монғол тілінен түркі тілдеріне ауысып, «төбе, төмпешік», кейбіреулерінде «моласы бар төмпешік» деген мағынада қолданылып кеткен. Қазіргі қазақ тіліндегі оба сөзі осы мағынада жұмсалады. Бұрын түріктер оба деп көшпелі елдердің киіз үйін атапты. Осы мағынада оба сөзі В. В. Радловтың сөздігінде де кездеседі. Сонымен, бұл сөз ғасырлар бойы қолданылу үстінде обон>обоо>оба//ов//ев>ой//өй/ /үй болып өзгерген. Қазақ тілінде революцияға дейін үй сөзі кең қолданылған, кейін тас үйлердің салынуымен байланысты кейбір оңтүстік-шығыс және солтүстік-шығыс аудандарда там сөзі пайда болған. Бұдан басқа кейбір зерттеушілер үй сөзі қытай тіліндегі чэн//ин//и — «қала, қоныс» деген сөзден шыққан деп жорамалдаса, екінші біреулер үй сөзін үю етістігімен түбірлес деп шамалайды[ҚТҚЭС, 1966, 203]. Екі тілдегі ев//үй сөзі дыбыстық өзгешелікке ұшыраған, бірақ мағыналық жақындығы сақталған.

- *Оджак* – 1. Ошақ, пеш 2. Камин 3. Кен, кен ошағы 4. Отбасы, үй-іші 5. Ошақ, орталық  
*Ошақ* – 1. Тамақ пісіруге арналған үш аяқты қоршау темір 2. Ауыс. Үй-іші, бала-шаға 3. Ауыс. Бір нәрсенің шоғырланған жері

*Ошақ* сөзі түркі тілдерінде кездесетін *от* пен *жақ* (жағу) сөздерінен құралған болар. Сөз ішінде қатар келген *т* және *ж* дыбыстары біріне-бірі әсер етіп, екеуі де өзгеріп *ш* (кейбір түркі тілдерінде *ч*, *ж*, *с*) дыбысына ауысқан. Сонымен бұл сөз *от* (*од + жақ*)+*жағ*> >*отжақ+оджағ*>*ожақ//ошақ//очақ* болып өзгерген тәрізді. Кейбір ғалымдардың айтуынша, бұрын түрік әмірі мен сұлтандарының жанында әдейі *от жағушы* кісі болған, оның аты *ожақы* болған. Қазір *ошақ* сөзі түркі тілдерінің көбінде кездеседі. Кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша, *от* сөзіне кішірейту мағынасын білдіретін *-жақ/жағ* жұрнағы қосылу арқылы *ошақ* сөзі пайда болған. Бірақ бұл күмәнді түсіндірме сияқты [ҚТҚЭС, 1966, 155].

*Алданмақ* – 1. Жаңылу, қателесу 2. Алдану, алданып қалу

*Алдану* – 1. Сеніп қалу, нану 2. Алданыш ету 3. Тоқтау, бөгелу, айналып қалу

Бұл сөздің түбір форманты *ал* — өз алдына жеке тұрып қолданылмайтын өлі түбір. Ғ.Мұсабаевтың пікірінше, *ал* сөзі *о* баста «алдау» деген мағынада қолданылған. *Ал* тілім емес, шын тілім, *Ал* тілге алданба дегендерді салыстырыңыз. Сөйтіп, *ал* сөзі «айла, алдау» деген мағынада қолданылғандығын М. Қашғаридың сөздігіндегі мына мақалда дәлелдейді. Аушы неше *ал* білсе, адығ (аю) сонша жол біледі. Бұл, әрине, аю аулап, оны кәсіп еткен кезде туған

мақал. Кейбір көне түркі жазуларында және осы күнгі кейбір түркі тілдерінде ал сөзі жеке, дербес қолданылып « алдау , қулық, өтірік айту» деген мағыналарда жұмсалады [ҚТҚЭС, 1966, 52]. Көне түрік тілінде ал сөзі – алдау, қулық, айла мағынасында жұмсалғаны ойымызды дәлелде түседі.

- *Балчық* – балшық, батпақ, лай  
*Балшық* – батпақ, лай, шөкпе тау жынысы

Балшық сөзі көне түркі тіліндегі бал деген түбірден жасалған. Бұл түбірлес сөздердің бәрі де жұмсақ, сұйық, тез езілетін, жайылып кететін нәрселермен байланысты ұғымда жұмсалады. Бұрын шағатай тілінде «саз» мағынасында балықы/балқ сөзі қолданылған көрінеді. XI ғасырдағы кейбір түркі елдері (ұйғырлар т. б.) үйлерін көбінесе саздан салғандықтан, кейбір зерттеушілер бұрынғы Орта Азияда болған Іле-балық, Біш-балық, Янгі-балық тәрізді қалалардың аттарын осы сөзбен байланыстырады. Қазақ, қырғыз т. б. түркі тілдерінде бал сөзінен туған «қатты нәрсенің еруі» мағынасын беретін балқу етістігі бар, одан «лай, батпақ» мағынасындағы балқыч сөзі пайда болған (Балқаш көлінің атауы осы сөзбен байланысты тәрізді). Сөз ортасындағы метатезалық құбылыстың (қатар дыбыстардың орын алмасуы) нәтижесінде кейбір түркі тілдерінде (соның ішінде қазақ тілінде де) балқыч/балқыш деудің орнына балчық/балшық болып қалыптасқанға ұқсайды [ҚТҚЭС, 1966, 55].

- *Өзренмек* – 1. Оқу, үйрену 2. Ұғып алу, үйреніп алу 3. Білу, сұрастыру, анықтау

*Үйрену* – 1. Бір нәрсені біліп алу 2. Біреудің ісіне еліктеу, үлгі алу 3. Ауыс. Бір нәрсеге дағдылану, машықтану 4. Білу, жаттығу 5. Үлгі, өнеге ету 6. Бойы үйрену, бауыр басу

Бұл етістік *ой* деген есім сөзге етістік тудыратын *-pa/-pe* жұрнағы жалғануы арқылы жасалған, *-н* — етіс жұрнағы. Көне түркі нұсқаларында «*ойлау, түсіну*» мағынасында ө етістігі қолданылған, сол ө түбірінен өрбіп, бұл сөз *ө<өг//өгрән//өгрен < өйрән//өйрен//үйрен* болып өзгерген [ҚТҚЭС, 1966, 204].

Қазақ тіліндегі тап//дәп//дәл//дөп сөздерінің мағынасы «тура, нағыз, дәл». Бұл жарыспалы түбірлерді түрік тіліндегі араб тілінен енген там сөзімен салыстырсақ, мағыналық сәйкестілік көрінеді. Тіліміздегі дәл сөзін жуандатсақ тал. Қазақ тіліндегі дәл сөзінің араб тілінде дал вариаты бар. «Тал түс» фразеологизмінің құрамында нағыз, шаңқай мағынасы ұшырасады. Там сөзі – дәл, тура мезгілдік мағынасын беріп, жоғарыдағы сөздермен байланысады.

- *Бакмак* – 1. Қарау, назар аудару, көз жіберу 2. Іздеу, қарастыру 3. Күту, баптау 4. Асырау, бағу, қарау 5. Шұғылдану, айналысу  
*Бақ* – 1. Малды күту, өсіру 2. Тәрбиелеу, өсіру 3. Күту, қарау 4. Байқау, аңғару 5. Қадағалау, тексеру 6. Анду, байқау 7. Қору, күзету

Түрік тіліндегі бакмак етістігімен тіліміздегі *бақ* етістігін салыстырсақ, «*қарау, күту, баптау, байқау*» мағынасын беретін екі тілдегі сөздің түбірі ба екенін аңғарамыз. Осы түбір тіліміздегі «*аңғару, бақылау, тексеру*» мағынасын беретін байқа, «*байқау, қарау, бақылау, аңғару*» мағынасын беретін абайла сөзінде де кездеседі. Түрік тіліндегі «*қарасу, назар аудару*» мағынасындағы *бакышмак, бактырма* сөздері де *ба* түбірлі сөздер қатарына кіреді.

Түбегейлі талдауды қажет ететін сөздің бірі – көне, орта түркі жазба ескеркіштерінен бастап, қазіргі қазақ және түрік тіліндегі «*от*» түбірлі сөздер.

Кесте 1. «От» түбірлі сөздер

Р/с	ҚТТ	ҚҚТ	Жалпы мағынасы
1	От	От	Малға азық боларлық шөп
2	Отаджы	Оташы	Емші, тәуіп
3	Отчул		Шөп қоректі
4	Отлак		Жайылым, өріс
5	Отламак	Отта	Жайылу
6	Отлатмак	Оттау	Жаю, бағу, оттату
7	Отлу	Отты	Шалғынды, шөбі қалың

8	Отлук		Шабындық, шалғын, жайылым
9		Оттық	Малға шөп салатын ақыр
10		Отай	Шөп қаулап шығу, құнарлану
11		Отамалы	Орылатын арам шөп
12		Отар	Жайылым
13		Отақ	Егін арасына шыққан арам шөпті құрту шарасы
14		Отық	Төлдің шөп жеуге бейімделуі
15		Отын	Жағылатын зат

«От» зат есімінен туындаған етістіктер мен зат есімдер 2 жолмен жасалған: алғашқысы от түбірінен жасалған туынды негіздер, екіншісі ота негізінен жасалған сөздер. Түрік тіліндегі от сөзі шөп мағынасында және дәрілік шөп деген қолданыста жұмсалады. Туынды сөздердің мағыналары «от» сөзінің «шөп» деген негізгі мағынасы мен «дәрі» деген туынды мағынасынан таралады. «Шөп» семантикалық өрісінен «ору», «жайылу», «астау» мағыналары, «дәрі» семантикалық өрісінен «емші», «емшілік», «емдеу» мағыналары туындаған. Туынды сөздердің түрік тілінде 2, қазақ тілінде 1 мағынасы «от» сөзінің «дәрі» семантикалық өрісіне байланысты да, 13 мағынасы «шөп» семантикалық өрісінен туындаған. Танылушы зат адамның өмір-тіршілігінде қаншалықты қажет болса, соншалықты жан-жақты танылады. Жан-жақты танылған сайын күнделікті өмірде, шаруашылықта көп қолданылып, соған байланысты ұғым-түсініктер кеңейіп, аталатын зат-құбылыстар көбейе береді. Демек көбірек, кеңірек танымал құбылысқа, оның атауына байланысты сөздер де біршама болады. ҚҚТ-індегі туынды сөздердің 1 мағынасы ғана «от» сөзінің «дәрі» семантикалық өрісінен, қалған мағыналары «шөп» семантикалық өрісінен туындаған. Демек ҚҚТ-інде оттың шөптік қасиетінің көптеп танылуы қазақ халқының негізгі кәсібі- мал шаруашылығымен айналысуымен байланысты.

«Шөп» деген негізгі, «дәрі» деген туынды мағыналардан туындаған 15 сөздің семантикалық құрылымы:

Бұдан туынды сөздер негізінен «шөп» деген негізгі, бастапқы мағынадан жасалатынын көруге болады. Қазақ тіліндегі «от» сөзінің жағылатын зат, жалын мағынасы синкретті түбір болуының басты себебі – әуел баста жанатын зат, отын – өсімдік атаулы болғандығы.

Сөздердің қазіргі кезеңде көп мағыналы болуының басты себебі – зат-құбылыстардың, олардың қасиет-қалып, қызмет-қимылдарының кең, көп танылуымен байланысты. Кейбір объектілердің танылуы шексіз, мағыналары тұрақсыз күйін жалғастыра беруі мүмкін. Бұл, біріншіден, экстралингвистикалық фактор атаулының бәрінің тіл элементтеріне жаппай, тез әсер ете бермейтіндігінен, екіншіден, адам қоғамы, адамзат өркениетінің деңгейлес дамып, тұрақтылық орныққандығынан.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Раева Г. Түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктері. Монография. – Алматы: LP-Zhasulan, 2019. – 154 б.
- 2 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері – Алматы: Сардар, 2014. – 256 б.
- 3 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы: Ғылым, 2010. - 264 б.
- 4 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.

- 5 Шарапатұлы Ш. Түркі лексикасының семантикалық деривациясы (түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің материалдары бойынша). Монография. – Алматы: Кантана-пресс, 2011. – 552 б.
- 6 Қайдаров Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе: Оқу құралы. – 2 бас. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 248 б.
- 7 Түркі тілдері: Ұжымдық монография / «Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы» РМҚК. – Астана, 2015. – 456 б.
- 8 Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.// <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=22>
- 9 Садирова К. Түркі тілдері синтаксисінің зерттелуі (қазақ, башқұрт, татар тілдері материалдары негізінде): Монография/жауапты ред. Ж.А.Манкеева. Алматы: Үш қиян, 2013. – 86 б.
- 10 Сартқожаұлы Қ. Байырғы түркі жазуының генезисі. Лингвистикалық ғылыми әдебиет. – Алматы: Арыс, 2007. – 304 б.

УДК 373

## ДИАЛОГ КУЛЬТУР В ПРЕПОДАВАНИИ ЯЗЫКОВ

Абдуллина Л.Б., Сулейманова Ф.М.

Стерлитамакский филиал Уфимского университета науки и технологий  
город Стерлитамак, Россия

*Ключевые слова:* культура, диалог, взаимодействие, духовные ценности, поликультурность, полиэтничность.

*Түйіндеме:* бұл мақалада білім беру процесінде «мәдениеттер диалогы» ұғымы қарастырылады. Бұл мәселе мәдениетаралық коммуникация саласындағы қақтығыстардың жиі болатындығына байланысты өзекті. Толеранттылық, басқа мәдениеттер мен ұлттардың өкілдеріне құрметпен қарау сияқты дағдыларды қалыптастыру жолдары көрсетілген.

*Summary:* This article discusses the concept of «cultural dialogue» in the educational process. This issue is relevant because conflicts in the field of intercultural communication occur quite often. The ways of developing skills such as tolerance, respectful attitude towards representatives of other cultures and nations are shown.

Сегодня поликультурное образование становится реальностью нашего времени. В условиях, когда проблема межнационального взаимопонимания все более актуальна, диалог культур играет ключевую роль в формировании толерантности уважения и понимания разнообразия духовного и материального мира. В связи с этим учитель должен помнить, что успешное осуществление диалога культур в современной школе требует учета этнокультурных традиций народов.

Национально-региональный компонент образования учитывает особенности и потребности различных этнических групп. Он включает в себя содержание, отражающее национальное и региональное своеобразие культуры, такие как родной язык, литература, история, география и культура региона.

Представители разных этнических групп живут по своим правилам, нормам, обычаям и традициям, которые проявляются в их языке, поведении и системе взглядов. Только через диалог и взаимодействие с другими людьми проявляется истинная сущность человека. Однако из-за индивидуального восприятия окружающего мира каждая личность воспринимает культурные особенности представителей других групп по-своему. В этих условиях необходима интеграция народов для гармонизации межэтнических отношений.

«В диалоге культур «встречаются» русская культура и культура других народов. Каждая культура открывает свои новые стороны и в то же время раскрывает то общее, что объединяет культуры разных народов и людей, говорящих на разных языках» [1, с. 66]. Нельзя не согласиться с четким и ясным определением диалога культур, данным известным философом В.В. Мироновым в его книге «Философия и метаморфозы культуры»: «Диалог культур – это познание иной культуры через свою, а своей через другую путем культурной интерпретации и адаптации этих культур друг к другу в условиях смыслового несовпадения большей части обеих. Главным средством этого выступает язык, знание которого является важнейшей предпосылкой понимания другой культуры. Зная иной язык, я необходимо адаптирую (перевожу) смыслы другой культуры. Сопоставляя же иную и свою культуры, я необходимым образом понимаю ценность и своеобразие собственной культуры...» [2, с. 150].

Термин «диалог» в преподавании русского языка имеет два значения. Во-первых, это реальный процесс встречи двух культур, который происходит в сознании учащихся-носителей этих культур. Во-вторых, это дидактический термин, обозначающий моделируемый процесс взаимодействия культур в учебных целях. Моделируемый в учебных целях диалог позволяет учащимся глубже познать свою собственную культуру и лучше понять культуру других народов. Этот процесс подготавливает учащихся к реальному диалогу в межкультурной коммуникации, обеспечивая изучение языка и национальной культуры.

Проблема диалога культур в преподавании языков не нова, но в современной школе она становится особенно значимой. Ученики должны уметь взаимодействовать с представителями других культур, поэтому важно, чтобы процесс изучения языка включал в себя элементы межкультурного диалога.

В современной многоязычной Республике Башкортостан важную роль играет культурологический подход к изучению языка. Здесь отмечаются тенденции формирования языка не в изоляции, а в контексте диалога между различными культурами. Этот подход позволяет не только сравнивать два языка и культуры, но и обнаруживать общие черты и национально-специфические особенности. Такой подход способствует глубокому пониманию как собственной, так и чужой культуры и языка. Изучение языка и культуры как двух народов в контексте диалога позволяет глубже понять их психологию, характер, обычаи, обряды и историю. Это дает возможность увидеть своеобразное воплощение их мировоззрения.

Обучение русскому, башкирскому и иностранным языкам должно осуществляться в едином лингвистическом пространстве, во взаимосвязи языков и культур, их универсальных и специфических признаков, «с применением сопоставительно-типологического метода на уровне языковых картин мира» [3, с. 129].

Д.С. Лихачев писал: «Язык является не просто способом общения, но неким концентратом культуры – культуры нации и ее воплощения в разных слоях населения вплоть до отдельно личности. Язык нации является сам по себе сжатым, если хотите, алгебраическим выражением всей культуры нации» [4, с. 4].

В современных условиях, когда проблема межнационального взаимопонимания приобретает особую значимость, диалог культур играет важную роль. Он помогает формировать не только толерантность, но и уважение к разным культурам, понимание разнообразия нашего мира. Диалог культур является средством формирования умения жить и общаться в многонациональной стране. Позволяя понять и уважать друг друга, он способствует укреплению связей между представителями различных национальностей и создает основу для гармоничной совместной жизни.

В современных условиях, когда проблема межнационального взаимопонимания приобретает особую значимость, диалог культур важен как средство формирования не только толерантности, но и уважения друг к другу, понимания многообразия нашего духовного и материального мира, в конечном счете, средство формирования умения жить и общаться в многонациональной стране. Диалог культур – это не только способ познать другую национальную культуру, но и возможность глубже понять собственную. Взаимодействие

культур способствует социализации личности, помогает осознать язык и его этнические особенности.

В условиях межкультурного диалога личность сталкивается с различиями в ценностях, культурных установках и стереотипах поведения. Это требует не только знаний о другой культуре, но и толерантного отношения к иным нормам поведения, адаптации к новой культурной среде. Для успешного взаимодействия в межкультурной среде личность должна обладать межкультурной компетенцией. Это понимается, как умение применять фоновые знания о другой культуре в соответствии с культурным контекстом, сравнивая различия между двумя и более культурами.

Современное общество ставит перед собой задачу развития личности, способной адаптироваться к разнообразным культурным средам. В этом контексте возникает понятие «сверхзадачи» – стремление к вхождению в мир языков и культур, к становлению человека будущего, человека, способного к духовному росту. Человек будущего, реализуя «сверхзадачу», должен быть открыт к межкультурному диалогу, уметь преодолевать границы между родной и другими культурами, находить точки соприкосновения. Он должен постигать и понимать суть других культур, принимать полифоничность культурного наследия, овладевать духовными ценностями и стремиться к гармонии мира. Для осуществления «сверхзадачи» необходимо ориентироваться в системе национальных и нравственных ценностей, отдавая предпочтение общечеловеческим ценностям. Человек будущего должен видеть в себе и других средство совершенствования, стремиться к гармонии с миром и окружающими.

В современных условиях особую важность приобретает проблема межнационального взаимопонимания. Диалог культур становится неотъемлемым инструментом формирования умения жить в многонациональном обществе, позволяющим развивать терпимость, уважение и гармонию в национальных отношениях. Этот диалог не только помогает изучать и понимать культуру других народов, но и погружаться в собственную культуру на более глубоком уровне.

Понимание собственной языковой картины мира особенно ярко проявляется в контрасте с языковой культурой других народов. Изучение неродного языка помогает увидеть особенности и структуру своего родного языка с новой, необычной для нас точки зрения. Благодаря встрече культур учащиеся начинают более глубоко осознавать уникальность своей культуры, ее сходства и различия с другими. Они начинают ценить и любить свой родной язык еще глубже и осознаннее.

Диалог культур играет важную роль в осознании собственной ментальности и ценностей личности. Через него отражаются смыслы и убеждения, заложенные в глубинах нашего сознания. Этот процесс позволяет объединить интеллектуальные, духовные и волевые качества национального характера в типичных его проявлениях.

С помощью диалога культур личность становится более социализированной, она учится взаимодействовать с окружающим миром как носитель своего языка и культуры. Для этого необходимо понимание и уважение к этническим особенностям других народов. Важно умение найти общий язык и увидеть ценности других культур. Диалог культур способствует созданию гармонии и взаимопонимания между различными народами. Признание многообразия культур и умение находить общие точки соприкосновения помогает строить мосты, а не стены. Только через открытость и диалог можно достичь истинного взаимопонимания и духовного обогащения.

Сравнительно-сопоставительное изучение народно-педагогических знаний различных народов позволяет избежать принуждения к принятию определенных ценностей и раскрывает важность диалога культур для проявления духовности и гуманистических ценностей этносов. Выявление общих духовных корней различных этносов и понимание взаимосвязи национальных духовных культур способствуют формированию у учащихся аналитического мышления и принятию общегуманистической позиции. Сравнение категорий «частное» и «общее», а также понимание взаимосвязи между «национальным» и «межнациональным»



помогает развивать толерантность и уважение к различиям. Исследование народно-педагогических знаний различных народов провоцирует к обсуждению и диалогу, способствуя тем самым развитию уважительного и толерантного отношения к разнообразию культур и ценностей.

Исторический путь развития образования, методов воспитания и педагогических знаний оказывает огромное влияние на формирование современной модели образования и новых педагогических концепций. Этот опыт прошлого помогает более полно раскрыть содержание образования, выявить основные направления его развития, определить средства и методы непрерывного духовного роста и обновления общества.

Современная образовательная модель не может быть построена в вакууме, она должна учитывать региональные особенности, опираться на историческую память различных народов, национальный опыт обучения и воспитания в семье. Коренные культурные и образовательные традиции необходимо учитывать при создании эффективных образовательных программ и методов работы с учащимися.

Поэтому важно сочетать передовой педагогический опыт с инновационными методами, основываясь на лучших традициях прошлого. Только так можно создать современную, адаптированную к современным условиям образовательную среду, способную эффективно развивать личность каждого обучающегося.

Внедрение инновационных технологий в поликультурные образовательные учреждения с полиэтничным составом учащихся имеет большое значение. Это позволит каждой личности лучше понять и самоидентифицироваться как представителю той или иной национальной культуры. Также это создаст условия для равноправного диалога с этнокультурным окружением. Внедрение инновационных технологий также поможет вовлечь учащихся в глобальные процессы современности. Они смогут лучше усвоить национальные и общечеловеческие ценности, основанные на принципах равенства и значимости культур. Это откроет для них новые горизонты и возможности для развития как личности.

Применительно к нашей республике диалог культур осуществляется путем знакомства обучающихся с русским и башкирским фольклором, бытом, кухней. Они погружаются в декоративно-прикладное искусство, обряды, обычаи, традиции, праздники двух народов. Изучают игры, развлечения, одежду, украшения, литературу, изобразительное искусство. Знакомятся с русской и башкирской музыкой, песней, оперой, искусством танца, балетом, театром. Они изучают славные страницы истории Российского государства и Республики Башкортостан, узнают о великих русских и башкирских полководцах. Осваивают новые языки и традиции, совмещая свои знания и опыт. Этот процесс взаимного обогащения культур способствует пониманию, уважению и толерантности между представителями различных этнических групп. Диалог культур открывает новые горизонты, помогает лучше узнать друг друга и создать гармоничное общество.

Национально-региональные компоненты играют важную роль в обеспечении потребностей и интересов каждого субъекта России. Они определяют особенности развития учащихся, нормативы, связанные с компетенцией регионов и учебных заведений. Также они утверждают интересы регионов и этносов, способствуют формированию регионально-культурной и этнокультурной идентичности.

Включение в учебную программу информации о культуре, истории, традициях народов, проживающих в Республике Башкортостан, а также о местных достопримечательностях и окружающей природе, способствует целостному обучению, восприятию и развитию личности. Это помогает ученикам проявить интерес к истории, культуре и развитию своего региона.

В многонациональном и поликультурном обществе достижение мира и согласия возможно только через укрепление взаимоотношений между людьми на основе различных норм и ценностей. Силовые методы и оружие не способствуют укреплению связей и уважению к разнообразию культур. Сегодня человечество нуждается в новых подходах к социализации и воспитанию личности, а также в развитии толерантности и уважения к

достижениям различных национальных и религиозных культур. Необходимость развития культуры толерантных отношений, формирования целостной картины мира, уважения к духовным, культурным и нравственным ценностям как на национальном, так и на общечеловеческом уровне становится актуальной задачей нашего времени. Образование играет ключевую роль в этом процессе, поскольку оно способствует расширению кругозора, развитию эмпатии и пониманию разнообразия мировоззрений. Только благодаря образованию можно сформировать новое поколение, способное воспринимать многообразие культур с уважением и толерантностью. Сотрудничество и диалог между представителями различных этнических и культурных групп являются необходимыми условиями для укрепления мира и согласия в обществе. Взаимное уважение и понимание могут быть достигнуты только через открытость к диалогу, готовность выслушать и принять точку зрения других. Только через сотрудничество и уважение к разным культурам можно создать гармоничное и мирное общество, где каждый чувствует себя принятым и уважаемым.

#### Список литературы:

1. Быстрова Е.А. Культуроведческий аспект в преподавании русского языка в национальной школе // Русская словесность. 2001. № 8. С. 66-74.
2. Миронов В.В. Философия и метаморфозы культуры. М., 2005. 424 с.
3. Саяхова Л.Ф. Язык и культура // Углубленное изучение русского языка как родного. Уфа, 2001. 230 с.
4. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Известия ОЛЯ. Серия литературы и языка. М., 1993. Т. 52. № 1. С. 4.

ӘӨЖ 94 (574)

#### ТҮРКІСТАН - ТҮРІК ӘЛЕМІНІҢ АСТАНАСЫ

Д.Д.Сүлейменова

Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры  
Мемлекеттік тарих институтының жетекші ғылыми қызметкері  
Астана қаласы

**Түйіндеме:** Қазақстан Республикасы тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы, Түркістан өлкесінің тарихы, Түркі әлеміне «Түркістанды халықаралық деңгейдегі рухани орталыққа айналдыру.» Түркістанның кешегі тарихын таразылай отыра, қазіргі кезеңдегі жаңаруын саралап, болашағын болжау және жаңа перспективаларды нақтылау.

**Тірек сөздер:** ХІХ-дағы Түркістан, «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» трансконтинентальді дәліз салу, Батырлар елі, Түркістан-түркі әлемінің мәдени астанасы, Қазақстан халқымен Түркістан қаласының тағдыры біртұтас.

**Аннотация:** Концепция формирования исторического сознания Республики Казахстан, история Туркестанского края, Туркестан- как международный духовный центр в Тюркском мире, взвешивая вчершнюю историю Туркестана, дифференцируя обновление на современном этапе, прогнозируя будущее и уточняя новые перспективы.

Ключевые слова: Туркестан в XIX веке, строительство трансконтинентального коридора Западно-Европа и Западно-Китай, Туркестан – культурная столица турецкого мира, народы Казахстана и город Туркестан в единый судьбе.

Ұлттық тарих қоғамымыздың саналы бөлігі үшін әрқашан үлкен қызығушылық тудыратыны белгілі. Бұл ең алдымен, адамның өз Отанының тарихына деген табиғи қажеттілігімен түсіндірілсе, екінші жағынан өткенімізді білсем, соны зерттесем деген ұмтылыс деп айтуға болады.

Қазіргі кезде тарихи жад өткен туралы ақпараттарды қазіргі кезеңмен және болашақпен тығыз байланыста ерекше маңыздылығымен көрсетуге бағытталуы керек. Бүгінде тарих ғылымының алдында тұрған мақсат - қазақстандықтардың ұлттық бірегейлігін қалыптастыру мен тарихи сананың ролін арыттыру.

2021 жылдың басында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында тарихи сананы қалыптастырудың маңыздылығын атап өтіп, Қазақстан аумағында тарихи үдерісті жалпыұлттық бейнелеу қажеттілігіне назар аударудың керектігін айтқан болатын. Қазақстандықтардың тарихи санасының қалыптасу үдерісіне әсер еткен алғашқы және маңызды құжаттардың бірі 1995 жылы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес қабылдаған «Қазақстан Республикасындағы тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы» болды[1].

Қазіргі кезде Қазақстанда интеллектуалды және саяси элитаның алдында тұрған міндет тәуелсіздік жағдайында ұлттық тарихымызды жан-жақты зерттеп, зерделеу және жаңа тұжырымдар жасау, оны насихаттап жариялау.

Барша қазақтың Атамекені – Қазақстанның соңғы жылдардағы бүкіл тыныс-тіршілігі Тәуелсіздік атты қайнар бастаудан нәр алады. Сан ғасырлық тарихы бар Қазақ елі әлемдегі үлкенді-кішілі мемлекеттер қатарынан терезесі тең дәрежедегі мемлекет ретінде танылды. Дербес мемлекет болсақ деген ұлы ата-бабаларымыздың асыл армандарының орындалуы біз өмір сүріп отырған XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басына тура келді. Тәуелсіз Қазақстанның әлемдегі өркениетті мемлекеттер қатарынан табылуына үлес қосу қазақстандықтардың бүгінгі ұрпағына бұйырыпты.

Тәуелсіз жас мемлекеттің алдында көлденең түсіп, қадам аштырмайтын кедергілердің көп болуы да заңды. Саяси және әлеуметтік теңдікке, экономикалық еркіндікке негізделген мемлекет пен тұрақтылықты сақтау, барлық салаларға жаңа экономикалық-саяси реформалар жасау оңай бола қоймады. Экономиканың ілгерлеуі халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына, жаңа жұмыс орындарының ашылып, мемлекеттік және жеке секторларды ұлғайтуға, қалаларды абаттандыру мен жолдарды жөндеуге, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдардың дамуына жол ашты. Дегенмен экономикалық даму бағынында қателіктерде орын алды.

Егемендік қазақ халқына ұлттық тарихын жаңаша көзқараспен қарастыруға мүмкіндік туғызды. 1991 жылдың желтоқсанынан бастап қоғамдық ғылымдар алдына өткен тарихқа қатысты бірқатар өзекті мәселелер қойыла бастады. Идеологиялық штамптардан азат, кеңестік стереотиптерден арылған тарих ғылымын зерттеуге жаңа концептуалдық ережелерді жасауды қажет етті.

Қазақ елінің егемендігімен қатар тәуелсіздігі ұлғайған сайын еліміздің ұлттық тарихын зерттеуге үлкен мән берілуде. Халықтың ұзақ жылдардан кейінгі өзін-өзі танудың жаңа кезеңі ұлттық ғылыми ортаға қоғамның дамуының жаңа жолдары мен бағыт-бағдарына өзгерістер әкелді. Осындай тарихи тұрғыда жаңарған, жаңа мүмкіндіктерге ие болған өлке - Түркістан.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей және Түркістан өлкесінің тарихында елеулі оқиғалар орын алды. XIX ғасырдың екінші жартысында патша өкіметі жүргізген саяси-әкімшілік реформалардың нәтижесінде Түркістан өлкесінде отарлық басқару аппараты жетілдіріліп, нығая түсті. Түркістан өлкесінде Ресейдің билік жүйесінің орнығуы отарлық басқару аппаратының қалыптасуымен қатар жүрді. Түркістан өлкесінің патшалық Ресей

тарапынан басып алынуы, оның бодандық елге айналуы жөнінде бірқатар орыс ғалымдарының жазған тарихи еңбектері бар. Атап айтсақ: В.В.Григорьев, П.П.Иванов, Я.Г. Гулямов, А.Н. Куропаткин, М. Тереньтев т.б. Бұл авторлардың еңбектерінде Ресейдің Түркістан өлкесін басып алуға дайындығы және жорықтың ұйымдастырылуы, оның жүзеге асырылуына қатысты әртүрлі сипаттағы деректемелік материалдарды айқын жазған.

Еліміз егемендігін алып, отандық тарихты тарихи шындық тұрғысынан зерттеуге мүмкіндік туды. Тәуелсіздік жылдарында Түркістан өлкесінің, оның ішінде қазақтардың Ресей бодандығына айналған ХІХ ғасырдың жартысына қатысты бірқатар мақалалар, еңбектер жарық көрді. Сондықтан Отандық тарихтың деректік негіздерін кеңейтіп, жаңа мұрағат қорларын ғылыми айналымға қосу жұмыстары жүріп жатыр. «ХХ ғасыр басындағы Түркістан өлкесі туралы деректемелердің жалпы сипаты» атты мақалада Ауанасов М., Алимбекова А. Түркістан өлкесі туралы мол мағлұматтар берген [2, 91-92 б.].

Түркістан өлкесінің бай және әр түрлі табиғаты, тарихы, оны мекендеген халықтардың тұрмысы мен мәдениеті зерттеушілерді ертеден-ақ қызықтырған болатын. Зерттеу жұмыстар Орта Азия Ресейге қосылғаннан кейін қарқынды жүре бастады. Орыс ғалымдары: Н.А.Северцев, П.П.Семенов-Тянь-Шанский, Н.М. Преживальский, В.В. Бартольд, А. Архангельский т.б. көптеген зерттеулерін жүргізді және өлкені зерттеуге үлкен үлес қосып қана қоймай, сонымен бірге Орта Азияның дамуына зор ықпал жасады [3]. Сонымен қатар Орта Азияға келген ғалымдардың негізгі назары жағрапия, топография, картография, геодезия ғылымдарына бағытталды. Жалпы алғанда ғылымның қоғамдық өмірге, материалдық өндіріске ықпалы өте аз болды.

*Тұжырымдамасы:* Түркістан ежелден халық көп қоныстанған өлке, тоғыз жолдың торабы болса бүгін де «Түркістанды Рухани астанаға (орталыққа) айналдыру» мәселесі халықаралық қауіпсіздікке қарай жасалған жаңа қадам болып табылады.

*Негізгі мақсат:* Түркі әлеміне «Түркістанды халықаралық деңгейдегі рухани орталыққа» ірі (мегаполиске) айналдыру арқылы халықаралық қауіпсіздікке жаңа қадам жасау. Сол арқылы тарихымызда тұңғыш рет бір аймақ мысалында екі аса ірі түбегейлі мәселені ұштастырып, яғни бір жағынан, адамзаматтың рухани дамуына ықпал етсе, екінші жағынан жаңа технологиялық укладтарды үйлестіру арқылы, инновациялық даму мүмкіндігінің Қазақстандық жаңа үлгісін дүниежүзіне көрсету болып табылады.

*Тақырыптың өзектілігі:* Оразалы Сәбденің «Түркістан-өңірі» рухани-жаңа технологиялық кластерін құру туралы мега жобасында «Әлем елдерінің дамуы, қай бағытқа бара жатыр деген сұраққа жауап жазады. Қазіргі кезде дүниежүзі үлкен күзелістерден шығып келеді, 2020-2022 жылдардағы короновирус мыңдаған адамдардың өмірін қиып кетті, экономикалық дағдарыс күшейді, дүниежүзілік климаттың жылынуы, табиғаттық апаттар, Украинадағы соғыс т.б. » түрлі-түрлі күрделі әлеуметтік-саяси өзгерістерге алып келгенін баяндайды. Соның ішінде Қазақстанды алсақ қаңтар оқиғасының келеңсіз жағдайлары, көптеген жылдан бергі әлеуметтік мәселелерінің қордаланып қалуының, рухани, діни азғындықтың тамыр жаюының, сыбайлас жемқорлықтың дендеп кетуінің көрнісі болды. Осының бәрі мемлекетіміздің қауіпсіздігін сақтауға түбегейлі мән беру керек деген мәселе. Сыбайлас жемқорлық қоғамызды жегідей жеп, тоздырып отыр. Ал онымен күрес әзірше өз нәтижесін күткен деңгейде бере алмай келеді. Қоғам рухани жағынан да күйзеліске түсуде, әсіресе бетімен кеткен әртүрлі діни ағымдар мысалы: 2011 жылы олардың саны 4500 асып жығылды жастар түгел, ересектердің де ақыл-ойын жаулап алып жатыр. Осының бәрі мемлекеттік идеологияның тиісті деңгейде жұмыс жасамай тұрғаны қатты сезіледі. Сондықтан алдағы уақытта мемлекетіміздің идеологияны дұрыс таңдап, күшейтіп жүзеге асыратын кезі келді. Осындай аса күрделі жағдайда Қазақстан мемлекеті өзінің тәуелсіздігін, әлем қауымдастығында орнын сақтап қалуымен қатар, нығайта түсуі тиіс.

Негізгі бөлім - Түркістан қаласы: кеше, бүгін және ертең

Түркістан қаласы: **Кеше** - Түркістан – Тұран аймағы деп аңыз болып қалған, «тарихи түркілер елі» деп аталып, Қазақ хандығының тұңғыш астанасы болған қала. Ежелгі Ұлы Жібек жолы бойындағы сайын дала төсіне орналасқан қаланың даңқы XII ғасырда, әсіресе бұл жерге Қожа Ахмет Яссауи қоныс тепкеннен кейін шыға бастады. Ол қайтыс болған соң бейіт басына мазар салынып, әулиелі мекенге айналды. Түркістан қаласы шығысында - тарихи қала Отырармен, солтүстігінде - Кентау қаласы мен Созақ ауданы, батысында Қызылорда облысының Жаңақорған ауданымен шектесіп жатыр. Түркістан қаласының әкімшілік аумағы 9,4 мың шаршы шақырымға жетеді. Халқы көп ұлт өкілдерінен құралған.

«Тұран» сөзінің арғы түбірі- «tura». «Авеста» және тағы басқа да еңбектерде ол VI ғасырда Түркілер мекендейтін елдің тұтас алғандағы атын білдіреді. Ежелгі Тұран елінің мекен-қонысы Иран, Қашқария, Қытай, Монғол Ресей елдерінің бүгінгі аймақтарына ішкерілей еніп жатқан.

X ғасыр жазбаларында «Шауғар», «Иасы» деген атпен белгілі болған қала кейіннен «Түркістан» деп аталыпты. «Түрік» сөзінің мағанасы – «батылдық», «ержүрек» дегенді білдірсе, «стан» - ел, халық атаулары жалғасып келетін парсы тілінен келген қосымша. Сондықтан «Түркістан» атауы – «**Батырлар елі**» ұғымын білдіреді[4].

Ахмет Яссауи кесенесінің салынуына байланысты XIV ғасырда Иасы қаласының көлемі тез арада батысқа және оңтүстікке қарай ұлғайып, аймақтың саяси орталығына айналды. Жазба деректерде қала жаңа атаумен – «**Әзіретті Түркістан**» деп атала бастады. XVI ғасырдан бастап «Түркістан» атауы қалаға мықтап бекиді. Қазіргі күні қаланың орталық бөлігі – цитаделі және оны қоршаған шахаристаны сақталған. 1997-1999 жылдары жүргізілген зерттеулер нәтижесінде қаланың цитаделі мен шахаристаны XV ғасырдың басында қалыптасқаны анықталды. Екеуі де бекініс қорғанымен қоршалған, цитаделінің екі, шахаристанның төрт қақпасы болғандығы анықталды.

Жалпы, қазақ даласында қалалар аз болмаған. Сол қалалардың ішінде баяғы заманғы Иасының, одан берідегі Түркістанның жалпы түркі жұрты, соның ішінде қазақ халқы үшін қадір-қасиеті де, ұлт тарихынан алатын орны да ерекше. Ол өткеніміз бен бүгінімізді жалғап тұрған, кешегіміз бен келешегіміз арасындағы алтын көпір іспетті, «Ер түріктің бесігі, екінші дүние есігі» мен жақсы-жақыбайының ордасы болған бас қала. Иmandылықты қастерлейтін, дінді сыйлайтын жұрт басына келіп тәуіп етуді «кіші қажылық» деп бағалайтын, әділет пен ақиқаттың атасы, пір тұлға Қожа Ахмет Яссауи осында. Бабалар әруағын айрықша қастерлейтін қазақ жұрты үшін Түркістанның жолы мен жөні өзгеше болуының басты сыры - бұл арғы-бергі тарихымызда есімдері ерекше құрметпен аталатын талай ел билеген атақты хандарымыздың қабірі жатқан қасиетті қала.

Ұлы Жібек жолы - сан ғасырлар бойы Батыс пен Шығысты байланыстырған күретамыр. Оның өзегі Алтайдан Сарайшыққа дейінгі қазіргі Қазақстан территориясы арқылы өтетін күре жол. Бұл өзге елдердің мәдениетімен танысуға, шетелмен сауда - экономикалық және рухани байланыстарды дамытуға оң ықпал жасады. Ежелден келе жатқан осындай тарихи қарым-қатынастар мен өзара ықпалдастық бүгінгі халықаралық байланыстардың берік негізін қалауда.

Түркістан қаласы: **бүгін** - Қазақстан 2008 жылдан Ұлы Жібек жолының заманауи баламасы ретінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» трансконтинентальді дәлізін салу туралы ұсыныс білдірген болатын. Бүгінде жүзден астам мемлекет пен халықаралық ұйымдар бұл идеяға қолдау білдіруде. Бұл жөнінде Қытай мемлекетінің төрағасы 2017 жылғы мамыр айында өткен жоғары деңгейдегі халықаралық ынтымақтастық форумында Ұлы Жібек жолы екі мың жыл бұрынғы мән-маңызы мен өзектілігін XXI ғасырда да жоғалтпағанын атап айтқан болатын[5]. Қытай халқының ғұламасы Конфуций, ұлы грек философы Аристотель, әйгілі ғұлама Әбу Насыр-әл Фараби және қазақтың ұлы ақыны Абай қайырымдылық, ізгілік, әділдік және парасаттылық сияқты адами қасиеттерді дәріптегені баршаға белгілі. Ұлы Жібек жолын

жаңғырту идеясы да бүкіл адамзатқа ортақ. Қазақстанның Түркістан қаласы осы Ұлы Жібек жолы қалаларына енгізілуі, біз үшін үлкен мақтаныш. Тарихи құндылықтарды қастерлеу қағидасын өскелең ұрпақтың санасына сіңірудің маңызы зор. Сондықтан бүгінде Түркістан қаласын әлемдік мемлекеттердің туристік орталыққа айналдырудың маңызы ерекше, достас Қытай елінің игі бастамасына қолдау білдіруіміз қажет. Бұл көрші екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікті, мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға септігін тигізеді. Түркістанның Ұлы Жібек жолындағы тарихи-жағырапиялық орны ерекше. Түркістанды дамыту барысында оның халықаралық аренадағы абырой-беделі артатыны белгілі. Түркістан облысының құрылуы, тарихи шаһардың өңір орталығына, түркі әлемінің мәдени-рухани астанасына айналуына мол мүмкіншілік беретіні сөзсіз. Түркі дүниесінің тарихы да, тағдыры да түйіскен жер Түркістан қаласы. Бұл этностардың, мемлекеттердің, халықаралық ауқымдағы ағыстардың, арналардың ұласар ұлағатты торабы - Түркістан. Бұл жерде экономика, саясат, мәдениет, әдебиет, тіл, діл, діннің тоғысқан жері. Ұлы Жібек жолы арқылы Түркістан біріншіден, Қытай мен Еуропа, екіншіден, Орталық Азияны ұлы дала елімен жалғастырады[6]. Түркістан мұраттары мен мақсаттарына сәйкес 2018 жылғы 19 маусымда Түркістан қаласы хақындағы тарихи Жарлық осы жағдайлардың баршасын ескере отырып қабылданған болатын. Түркістанға тағзым еткен осы сапар барысында Президент ең кезек күттірмейтін мәселе Түркістан қаласы мен өңірін өркендету деген еді. Президент Түрк: сабақтастық істан сапарында өзінің негізгі үш ұстанымын анық айтқан еді. Олар: сабақтастық, әділеттілік, іргерлеу перспективаларын ұсынған болатын. Түркістан облысы құрылғаннан бері оның басшылық жұмыстары Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевқа тапсырылған болатын. 2017 жылы «Түркістан – түркі әлемінің мәдени астанасы» атанып, елуге тарта ерекше шаралар өткен еді.

Ұлы Жібек жолының жарқын шаһары болған, болашағы жаңаша жобаланған Түркістанның түлеуі жасампаз жылдамдықпен қарқын алды. Түркістан өңірі алып құрылыс алаңына айналды. Көне шаһардағы отызға жуық нысанның құрылысы өңірлер, ұлттық компаниялар мен бизнес өкілдері тарапынан жүргізіліп жатқаны туралы мәліметтер баспасөзде жарияланып жатты. Атап айтсақ: облыс әкімдігінің, басқармалар мен департаменттер ғимараттары, Конгресс және Медия орталықтары, Оқушылар сарайы мен Орталық стадион т.б. Сондай-ақ, Музыкалы субұрқак, Шығыс моншасы, Неке сарайы, «Ұлы дала елі» орталығы, Драма театры, Қабылдау орталығы, Ахмет Ясауи мұражайы, Ғылыми-эмбебеп кітапхана, «Ұлы Жібек жолы» қолөнер шеберлері орталығы, Амфитеатр сияқты құрылыс нысандары салынды. Сонымен қатар екі жарым мыңдай адамға 52 тұрғын үйдің кілті табысталып, тағы да 610 пәтерлік 19 үйдің құрлысы аяталуға жақын. Көше бойында гүлзарлар көбейіп, саябақтар мен аллеялардың сандары артты. «Жасыл белдеу» жобасы бойынша жоспарлы, жүйелі жұмыстар жүріп жатыр. Бұл белдеудің аумағы 800 гектарға жуықтайды. Бүкіл Түркістан облысы бойынша жаңа межелер нақтыланды[7]. Облысты 2024 жылға дейін алқапта азық-түлік белдеуін дамытудың кешенді жоспары кестеленді. Азық-түлік белдеуін қалыптастыру және суландыру жөніндегі жұмыстар жүйелі түрде жолға қойылуда. Өңір бойынша аграрлық салаға баса көңіл бөлінуде, Түркістан қаласының төңірегінде 11 мың гектар алқапта азық-түлік өндіруге жер бөлінуде, су нысандарына басымдылық берілмек. «Түркістан-агро» инвестициялық жобасы аясында облыс аумағында егінжайларды жаңбырлатып суару мәселелері қолға алынуда. Осындай игілікті атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесінде халықтың әлеуметтік жағдайы жақсаруда, облыстың экологиялық ахуалыда артуда. Кешенді жоспар бойынша 70 миллиард теңгелік сегіз ірі инвестициялық жоба жүзеге асуда. Жыл сайын қосымша 30 миллиард теңгенің өнімі өндірілуде, 2500-ден астам жаңа жұмыс орны ашылуда. Түркістан облыс аумағында 9 индустриалдық аймақ құрылған. Түлкібас, Қазықұрт, Мақтаарал, Түркістан, Кентау, Созақ, Шардара т.б. аудандарындағы индустриалдық аймақтарға инфраструктура тартылған. Облыстың индустриалдық аймақтарында 41 миллиард теңгелік, 3600-ден астам жұмыс орны

ашылатын, 60-қа жуық жоба жоспарлануда. Оның 24 миллиард теңгеге жуықтайтын 30-ға тарта жобасы іске асырылып, 2000-дай жұмыс орны ашылған. Түркістан облысында өнеркәсіп өнімінің көлемі 400 миллиард теңгеге жақындап, өсе түсуде. Сонымен қатар Түркістан қаласында автовокзал ашылғанын, теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өткенін, Халықаралық әуежайдың іске қосылуын айтуымызға болады.

Туризмді дамыту - Түркістан қаласын дамытудың басты бағдары болып табылады. Өткен жылы Түркістанға бір миллионнан жарым турист келсе, алдағы жылдары бұл есеп ұлғаяды деген ойдамыз. Бүгінде Орта Азияның Ташкент, Бұхара, Самарқан, Хиуа т.б. қалалар мен тарихи мәні терең Түркістанды тығыз байланыстыру жолдары қарастырылуда. Туризмді жандандыруда мұның әсері үлкен екені түсінікті. Қаланың сәулеттік стиліне ерекше мән беріледі. Келбет-көркінде тарихи сабақтастық басты орынға қойылады. Заманауи қызық, жаңа архитектуралық айшықтар түркілік және қазақы дәстүрлермен жарасым табуда. Көнеден жалғасып, үйлесіп келе жатқан ұлттық қолданбалы қолөнер мұралары жаңғыртылып пайдалануда.

Бүгінде Түркістан қаласының төрт түрлі мәдени-рухани бағдарын белгілеген. **Біріншісі** : қазақ халқы мен түркі елдерінің зияраттық, өзге де көршілес және басқа елдердің туристік орталығы ретіндегі Түркістан. **Екіншісі**: Түркістан – дүниежүзілік деңгейдегі қолөнер және шеберлер орталығы. **Үшіншісі**: Түркістан – Ұлы Жібек жолының қазіргі «Бір белдеу – бір жол» бойындағы ірі сауда орталығы. **Төртіншісі**: Түркістан – Қожа Ахмет Ясауидің асыл мұралары мен өз тұлғасын зертте-зерделеу және меңгеріп-игеру, насихаттау орталығы. Міне, осы және тағы басқа бағыттардағы жұмыстар жан-жақты қолға алынуда. Түркістан облысы құрылғаннан бері бірнеше іс-шаралар, форумдар, кездесулер, дөгелек үстелдер, «Түркістан – жастар қаласы» фестивалі, конференциялар, сыр-сұхбаттар ұйымдастырылып өткізілуде. Түркістан тұрғындарының зияткерлік деңгейін биіктету, текті төрге, мәдени-рухани астанаға лайық болуға ынталандыруда. Қайырымды қала, мейірімді мекен болмақ мақсаттың орындалуына ат салысуда[8].

Түркістан қаласының бас жоспарын бекіту оңай болған жоқ. Бас жоспар бойынша Түркістан қаласының құрылысы мен сәулет көркі негізгі үш бағытта жоспарланды. **Біріншісі**- тарихи аймақтарды реттеу, **екіншісі**- рухани-мәдени орталықты, **Үшіншісі**- әкімшілік-іскерлік орталығынан басталатын негізгі аумағын дамыту мәселелерін жүзеге асыру керек болды.

Түркістан қаласы: **ертең** – бас жоспардың біріншісі, тарихи орталықтың тыныс-тіршілігі- Өзірет Сұлтанның, яғни Яссауидің кесене-кешенін сақтап, қорғап, көркейтуге байланысты жұмыстардан басталды. Тарихи нысандар адам танымастай қайта жаңғыртылды, реставрациялық шаралар мұхият мәнерлі түрде жаңарды. Рухани-мәдени орталықта бастапқыда 100 гектарға жуық жер игерілді. Ахмет Ясауи кесенесіне апаратын арнайы жол бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген ескерткіштерге тән талаптарға сай жөнделді. Кесене-кешеннің үйлесімдеріне сәйкестендірілетін, оның маңызын арттырып, үлгілерін үстейтін жаңа нысандар салынды.

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы ұлы оқиғалар қатарына Еуразия жүрегінде Қазақстан астанасының асқақтауының айрықша маңызы бар. Әрине, Ұлы дала еліне жаңа астана салу оңай болған жоқ, бұл Елбасының бүкіл халықтың ерен еңбегі еді. Қазір Түркістан бүкіл әлем қызыға қарайтын әсем қала. Юнеско Түркістанды «Әлем қаласы» деп атаса, «Астана – қазіргі әлемнің ғажайыбы, Еуроазияның ең заманауи қалаларының бірі», - дегенді Ресей президенті В.Путин айтқан. Қытай Халық Республикасының төрағасы Си Цзиньпин: «Астана - халқының еңбексүйгіштігі мен гүлденуінің нышаны болды», - дейді. Түркия Республикасының қоғам қайраткері Мұса Йылдыз: «Астана – түркі әлемнің жүрегі, ал Түркістан оның рухани тірегі», - деп баға берген болатын. Енді міне, Түркістан туралы дәл солай айтатын боламыз. Түркістан қаласы жаңарып, көркейіп жатыр. Түркістан – түркі әлемінің бесігі[9].

Түркістан шаһарының да, өңірінің де келешеге кемел, ертеңі еңселі екені айқын. Бұл мекеннің кешегісін еске алмай, бүгінгісіне көз жүгіртпеу мүмкін емес. Қазіргі таңда Түркістан адам танымастай өзгерді. Осы іске бас болып ат салысқан азаматтарға шексіз алғыс. Түркістан қаласының бүгінгі келісті келбетіне, сәнді салтанатына, оның рухани бағыт-бағдары мен ізгі дәстүрлеріне көз қуанып, көңіліміз марқайып, тарих тереңіне бой алдырамыз. Ашық аспан астындағы көптеген ескерткіштері арқылы қаланың ауасына тұнып тұрған халықымыздың тарихи жады санамызға сіңіп, өткен күннің сырлы да мұңды, асқақ та айбынды шежіресіне жетелейді. Түркістан тарихи-тамыры терең тарих.

ЮНЕСКО шешімімен ежелгі Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойы әлемдік деңгейде атап өтілді. «Қазақстан және түркі әлемі: тарихы мен рухани дүниесіндегі Түркістан мен Қожа Ахмет Яссауи» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда Елбасы «Түркістан мен оның ұлы ғимаратын бүгінгі ұрпақ қазақ мемлекеттілігі тағдырымен тығыз бірлікте қарастырады. Ұлттық бостандығымыз бен іргелі елдігіміздің ақ ордасы, асыл көзі», - деп баға берген еді[10].

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Тоқаев Қ.Ж. Тәуелсіздік бәрінен де қымбат // Егемен Қазақстан. 05.01.2021ж.
  2. Ауанасов М., Алимбекова А. ХХғ. б. Түркістан өлкесі туралы деректемелер. // Қазақстанның ғылым әлемі. № 6, 2012ж.
  3. Тухмаров Ш.К. Түркістан өлкесінде ғыл. зерттеу мекемелерінің құрылуы Қызылорда қаласы. // Хабаршы № 3, 2012 ж.
  4. Тәжиев Қ. Қазыналы Оңтүстік. Алматы - 2011ж. 5-6 б.
  5. Байғұт М. Шежірелі шаһарлар. Астана – 2023 ж. 3-5 б.
  6. Байғұт М. Түркістан. Астана-2023 ж. 336 б.
  7. Байғұт М. Елдостың әңгімелері. Астана - 2023 ж. 382 б.
  8. Байғұт М. Түркістан. Елдостың эсселері. Астана- 2023 ж. 385 б.
  9. Мұса Йылдыз. Елдостың эсселері. Астана - 2023 ж. 389 б.
  10. «Қазақстан және түркі әлемі: тарихы мен рухани дүниесіндегі Түркістан мен Қожа Ахмет Яссауи» халықаралық конф. жин. 2000 ж. 170 б.
- ӘОЖ 1(091):811

## **А. СЕЙДИМБЕК ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЭТНИКАСЫ МЕН ЭТНОЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

### **Симұқанова Гүлдарига Серікқызы**

«Философия және әдеп» мамандығының 2 курс докторанты,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы

**Аннотация:** За годы независимости ряд преставителей общественных и гуманитарных наук стали проявлять интерес к истории страны и национальной самобытности нашего народа. Среди них особое место занимает ученый-этнограф, профессор Акселеу Сейдимбек. Профессор А.Сейдимбек известная личность в Казахстане своими научно-просветительскими и публицистическими статьями. Диапазон его научных исследований очень широк. Он глубокий исследователь, целостно изучавший мир кочевников, населявших Великую Степь, духовно-культурное, социально-экономическое пространство древних казахов, этнографию, легенды и предания, систему родства, генеалогические свидетельства - одним словом все казахское бытие. В данной статье мы говорим о познавательных аспектах казахской этники и этнолингвистики в исследованиях профессора А.Сейдимбека.



**Ключевые слова:** этнолингвистика, этничность, тюркские языки, генеалогия, устная история, традиция, этнокультура, духовное бытие.

Қазақ халқы, оның ішінде тарихпен әуестенушілер Тәуелсіздік жылдарында ел тарихына, ұлтымыздың өзіндік ерекшеліктері мен ұлттық болмысына деген қызығушылық таныта бастады. Бұл үрдіс әлі де жалғасуда. Соның арқасында әдебиет пен өнерге жақын қазақ зиялылары дәстүрлі тарихымыздың кейбір маңызды бағыттарында айтарлықтай ғылыми – танымдық ізденістер жасап үлгерді. Солардың арасында этнограф-ғалым, көшпелілер болмысын жан-жақты зерттеген зерделі зерттеуші профессор Ақселеу Сейдімбектің орны бөлек.

Профессор А.Сейдімбек өзінің ғылыми-танымдық мақалаларымен, прозалық шығармаларымен, көптеген публицистикалық мақалаларымен Қазақстанға танымал адам. Оның ғылыми ізденістерінің диапазоны өте кең. Ол Ұлы Даланы мекендеген көшпелілер әлемін, көне қазақтардың рухани-мәдени, әлеуметтік-экономикалық тынысын, этнографиясын, күй-аңыздарын, қария сөздерін, туыстық жүйесін, шежірелік айғақтарын – бір сөзбен айтқанда қазақ болмысын тұтастыра зерттеген зерделі зерттеуші. Біз өз мақаламызда А.Сейдімбектің зерттеулеріндегі қазақ этникасы мен этнолингвистикасының танымдық аспектілерін сөз етеміз.

Ғалым-зерттеушінің қазақ халқының этникалық болмысын жан-жақты зерттеген еңбегі «Қазақтың ауызша тарихы». Бұл еңбек оның өзіне дейін жазылған және сол уақытқа дейін өзі жазған еңбектерге ұқсамайтын жаңа да, жаңашыл еңбек. Онда қазақ этнографиясына және этнологиясына байланысты, немесе, тікелей қатысты, кең ауқымды, өзекті мәселелер қозғалған.

Зерттеу іргелі-іргелі бес тараудан тұрады. Оның алғашқы тарауы «Шежіре және тарих» өзіндік тың да, жаңа көзқарастарға толы. Онда елтану мектебі, тарихнама, этнология және ру-тайпа жүйесі, түркі ру-тайпалары және тарихи кезеңдер, қазақ шежіресіндегі уақыт табы және тағы басқа маңызды мәселелер нақтылана зерттелген. Егер Ақселеу Сейдімбекке дейінгі этнографтар, мысалы, дәлірек айтар болсақ, В.П.Юдин «далалық ауызша тарихнама» деген ұғымды пайдаланған болса, ал осы негізде А.Сейдімбек те шежірелік деректерді зерттеу барысында өзінің шежіре ішіндік зерттеу бағыттарын осы ДАТ-тың (*далалық ауызша тарихнаманың*) аясына сыйдырған болса, енді автор жаңа тұжырымдарға барып «қазақ шежірешілдігін» (*шежіресін*), шын мәнінде, «Қазақтың ауызша тарихы» («ҚАТ») деп атауға болады деген тың қорытындыға келеді. Автор бұл жерде этнология ғылымындағы мүлде тың, жаңа пікірді ұсынып отырғанын аңғармау мүмкін емес. Шындығында да, қазақ шежіресі тарихи айналымға адами тұлғаларды нақты енгізетіндіктен және бүкіл шежірелік хикаялар нақты тарихи тұлғалардың ұрпақ жалғастығын бейнелейтіндіктен және мұның өзі әрқашан да ауызша тарих айту жолымен жүзеге асырылатындықтан, мұндай жаңа ұсыныс негізінен қисынды.

Профессор А.Сейдімбектің қазақтың ауызша тарихы (ҚАТ) бүгінде қағазға түскен жазба тарихымызды жаңа деректермен толықтыратын және тарихтағы адам тұлғасының айшықты орнын айқындай және нақтылай түсетін, әсіресе, ежелгі және орта ғасырлық тарихымыз үшін аса қажет. Осы тұрғыдан алғанда зерттеушінің «қазақтың шежірешілдік зердесінде адам – тарихтың ең басты тұлғасы, ал адам сапасы – тарихтың қозғаушы күші» [1, 26 б.] деген қорытындысы, шынында да, бүгінгі тарихымыз үшін аса өзекті және маңызды. Мұны қазіргі кезеңде бізден гөрі ресейлік ғалымдар айқынырақ түсінгендей. Өйткені олар коммунистік жүйенің тарих сахнасынан келмеске кеткенін ескеріп, бұрын тарих ғылымында қалыптасқан «тарих – таптар күресі» деген принциптің орнына «тарих – адам қызметі» деген жаңа ұстанымды орнықтырып үлгерді.

А.Сейдімбек мұндай жаңа методологиялық ұстанымның маңыздылығын жақсы түсінген, қазақ шежірешілдігінің қыры мен сырын жетік меңгерген, өзі де – осы салада нақты зерттеулерді көптеп өмірге келтірген зерттеуші; ұзақ жылдар бойы зерттеу жұмысында шежірелік деректерді жан-жақты талдап, жүйелеп, жинақтап, осы саланың ыстығы мен

суығына төзіп, әбден академиялық дәстүр аясында іздене жүріп қалыптасқан шежіретанушы ғалым. Осыған байланысты оның шежіре мәселесінде қазақ халқының дәстүрлі тарихы туралы өзіндік пікірлер білдіруге толық құқы бар.

Қазақ шежіресінің тарихымыз үшін аса бағалы, адам айтқысыз құнды тұстары көп. Жазба тарихымыздың жүйелі қалыптаспауы қазақ тарихының кейбір маңызды тұстарын құнды деректерден құралақан қалдырды. Осындайда қазақ тарихшылары қаласа да, қаламаса да ауызша тарих деректеріне жүгінуге мәжбүр. Кезінде тоталитарлық жүйе қасақана назардан тыс қалдырған оларды, зерттеуші оқырман есіне қайта салып, қазақ шежіресін қастерлей көтермелеуге баса көңіл бөледі. Бұл – әрине, барынша құптарлық маңызды нәрсе. Өйткені, біз шежіретанудың ауызша тарихымызда кенже қалғанын да мойындауымыз керек.

А.Сейдімбек рушылдық пен жүзшілдік көзқарасты қазақ протекцияшылдығының жағымсыз көрінісі деп есептейді. Ол рулық-тайпалық жүйенің ғана емес, қазақ тарихындағы жүздік бөліктердің де маңызын дұрыс айқындай білген ғалым. Оның «жүздік бөліктің өзі этникалық бөлік емес екендігіне, ең алдымен әкімшілік-аумақтық және әлеуметтік-саяси бөлік екеніне, қазақтың тілі мен діліндегі біртұтастық олардың рушылдық бөлектігінің емес, ұлттық бүтіндігінің нәтижесі екендігіне көз жетер еді» [1, 46 б.] деген пікірі ғылыми тұрғыдан ұстанымды. Бұлардан шығатын қорытынды – қазақтың рулық-тайпалық құрылымы және жүздік бөлінісі кеңестік жүйе тұсындағыдай біржақты айыпталып, орынсыз қараланбауы тиіс. Қалай десек те, бұл біздің тарихымыз және басқаларға ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі бар ұнамды тарихымыз екенін ұмытпағанымыз жөн. Біздің ойымызша, қазақты үш жүзге бөліп басқару реформасы «Есімханның ескі жолын» жүзеге асыру барысында қалыптасты. Ал Есімханды осындай маңызды шараға баруға мәжбүрлеген сол тұстағы Қазақ хандығының ішкі-сыртқы жағдайындағы объективті ахуалдар еді [2, 519 б.]. Аталған еңбекте А.Сейдімбек «Этнология және ру-тайпалық жүйе» тақырыбы бойынша теориялық және методологиялық мәселелерді де тереңдете қозғаған. Сөйтіп, қазақ этногенезінің күрделі мәселелерін көшпелі дәстүрлі өмір салтымен байланыстыра қарастыру этникалық тарихқа тың да, жаңа көзқарастарды алып келді.

Профессор А.Сейдімбек Қазақ хандығы тұсында етек-жеңі жинақталған қазақ шежіресінің бүге-шігесін ғана емес, қазақты құраған ежелгі түркі ру-тайпаларының тарихи тамырларынан да және олар бастан кешкен күрделі тарихи кезеңдердің өзіндік ерекшеліктерінен де мол хабардар зерттеуші-ғалым. Ол қазақ ру-тайпаларының түркілік тек-тамырын нақты көрсетіп, олардың басынан өткен байырғы заманнан бері қарайғы кезеңдерді жікке бөле отырып талдайды. Осы орайда зерттеуші түркі дүниесінің тарихын терең этникалық тамырларын жаңа, тың қорытындылармен белсенді түрде толықтырған әлемге танымал татар ғалымы М.З.Закиевтің «Происхождение тюрков и татар» деп аталатын әйгілі еңбегіне сүйене отырып, өзіндік топшылаулар жасайды.

Түркілер тарихына әрқашан жанашыр болған әйгілі ғалым М.З.Закиев түркі тарихын бірнеше этникалық кезеңдерден өткізе отырып талдайды. Оның пікірлері нақты ғылыми тұжырымдар мен шынайы шындық іздеген ғалымдарды жаңа тарихи белестерге шақырады. Қазақ ғалымының осындай түркі дүниесі құрметтеген белгілі ғалыммен пікірлес болуы оның бұл мәселені жоғары деңгейде игергендігінің көрсеткіші.

Профессор А.Сейдімбек түркі ру-тайпаларының тарихын төрт кезеңге бөліп қарастырады. *Бірінші кезең* – байырғы заманнан басталып, Түркі қағанатына дейін қалыптасқан ру-тайпалар тарихын қамтиды; *екінші кезең* – Түркі қағанатынан басталатын Шыңғыс хан шапқыншылығына дейін созылатын кезеңде қалыптасқан ру-тайпалардың өткенін бағамдайды; *үшінші кезең* – Шыңғысхан шапқыншылығынан бастап Алтын Орданың ыдырауына дейін созылатын түркі ру-тайпаларының әлеуметтік-этникалық тұрғыдан едәуір өзгерістерге ұшыраған, «түркі тектес халықтардың жеке-жеке ұлт болып ұйысу алдындағы тарихи толғақты кезеңі»; *төртінші, соңғы кезең* – Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі ру-тайпалардың төл этнонимдерін орнықтырған жаңа топтарының қалыптасу кезеңі ретінде көрініс береді. Мұнда қыпшақ тобы, қыпшақ-ноғай тобы, қыпшақ-қырғыз тобы, оғыз тобы, қарлық тобы, шуаш тобы, сақа тобы тәрізді тілдік-этникалық тұрғыда жаңадан қалыптаса

бастаған түркі тектес халықтардың одақтары тұжырымдалып, нақты сипатталады [3, 54-56 бб.].

Қазақ шежіресін уақыт аясында бажайлау А.Сейдімбекке дейін болған емес. Әрбір қазақ зиялысына түсінікті нәрсе - қазақ шежіресінің көп сатылы ата-баба тарихын қамтып көрсететіндігі. Өкінішке қарай, шежіре деректеріндегі осындай ғажайып құндылық бұрын әкімшіл де, тапшыл кеңестік-тоталитарлық жүйе тұсында қаперге алынбады. Әсіресе, қазақ шежіресінде уақыт табы бар екендігі, соның негізінде белгілі бір тарихи тұлғаның өмір сүрген кезеңін айқындауға нақты мүмкіндіктер бар екендігі ескерілмей келді. Ал аты аңызға айналған тарихи тұлғалар қазақ шежіресіне сәйкес өмір сүрген. Ғалымның қазақтың басын құрауға негіз болған «Алаш» немесе «Қазақ» деп аталатын этнотұтастық идеяларын «ұлы бірлік идеясы» ретінде мойындауы осы уақытқа дейін тарихшыларымыз айта алмай келген тың да, жаңа қорытынды болып табылады. Зерттеушінің қазақтың шежірелік ру-тайпалық атауларын халық санасында орныққан «шежірелік кейіпкер» ретінде қарастыруды ұсынған пікірі де тарихи дерек үшін де, этникалық ерекшеліктерімізді ажырату үшін де жаңаша тұжырым болып табылады. Осы жерде зерттеушінің Оғыз қағанның, Ноғай ханның, Өзбек ханның есімдерінің тұтас бір халықтың этнонимін қалыптастыруға себепкер болған тарихи тұлға екендігін байқататын ерекшелік ретінде қарастыратын өзіндік көзқарасы да тарихи шындыққа барар жолды нұсқайды және бұрын соңды бұл салада айтылмаған соны ой [3, 62-63 бб.].

Ғалымның әртүрлі қазақ аңыздарының түпнұсқа үлгілерін үш жүзге таратып, нақты деректер түрінде беруі де жаңа бастама. А.Сейдімбек қолданатын «қазақтың қария сөздері» деген түсінік қалыптасқан этнология ғылымында ғылыми айналымға қосыла қоймағанымен күнделікті әңгімеде қазақ жиі қолданатын баршаға түсінікті ұғым. Алайда қазақ тарихына тереңнен толғап қараған әрбір зерттеуші А.Сейдімбектің мұндай халықтық түсініктер мен ұғымдарды өзінің зерттеуінде қолдану себебі басқаларға ұқсай бермейтін өзіндік қазақ этнологиясын қалыптастыру әрекеті екенін де айқын аңғарар еді. Әбден еуропаланған және орыстанған қазақ этнографиясының тың ұлттық атаулар мен түсініктерге мұқтаж екендігін ескерер болсақ, ғалымның мұндай тың қадамдарына түсіністікпен қарауға болады. Бәлкім, дәл осындай талпыныстар ұлттық бояуы қанықты, толыққанды қазақ этнографиясын қалыптастырар.

Профессор А.Сейдімбек зерттеулерін тарихи аңыздардан ақиқатты іздестірген зерттеушілер үшін баға жетпес аса құнды деректер топтамасы деуге болады. Ол шежірелік айғақтар негізінде қазақ ру-тайпаларына кіретін әрбір атаның, ру атауының қазақтың өзі ішіндегі, немесе, басқа түркі тайпаларындағы қандай рулармен, аталармен сәйкес келетіндігін нақты деректер негізінде талдап көрсетеді. Қазақтың әрбір руының таралу ауқымы мен қазақ халқының біртұтас ұлт ретінде шырмалған этногенетикалық тамырлары, олардың басқа түркі халықтарымен түбегейлі жақындығы да ғалым назарынан тыс қалмаған. А.Сейдімбек өзіндік этникалық мәселелер бойынша зерттеулерінде: тектес-аттас ру-тайпаларға, қазақ ішіндегі сіңісті рулар мен аталарға, кірме рулар тарихына т.б. рулық шектеумен қарамай, кең көлемде, оның ұлтымызға қажетті этнология ғылымының ары қарай дамуы үшін аса маңызды екендігін ескере отырып, талдап таразылайды.

«Қазақ этнопонимдеріне» арналған зерттеулерінде А.Сейдімбек өзінен бұрынғы Г.Е.Грум-Гржимайло, Г.Н.Потанин, Н.А.Аристов, М.Тынышбаев тәрізді тарихи географияға да тереңдеп барып, жергілікті мәліметтермен қатар, монографиялық зерттеулерден алынған жер, ел атауларын нақты және терең талдайды. Сол арқылы тарихи географияның кенже қалған тұстарын дамытуға да өз үлесін қосады. Біздің тарих ғылымында әлі күнге дейін сонау М.Тынышбаевтан және Н.А.Аристовтан кейін қазақ ру-тайпаларының рулық ұрандарын арнайы қарастырған зерттеушілер жоқтың қасы. Соны ескерген ғалым осындай өзекті мәселені қозғап қана қоймай, оны тереңдете нақтыландырып, ру-тайпаның ұранына айналған аналар есімдерін арнайы талдауын қазақтың этнология ғылымындағы алғашқы қадам деуге болады.

Профессор А.Сейдімбек қазақ болмысына да ерекше назар аударған. Ол этнографиялық түйін және тұжырымдар арқылы қазақ халқына тән кейбір түсініктерді нақты екішелеген. Оның қазақтың дәстүр-салтын ұмытып бара жатқан қазіргі ұрпаққа ғана емес, қазақ этнографиясын зерттеумен айналысатын мамандарға да жаңа идеялар мен терең ой-толғамдар ретінде үлгі болары күмәнсіз. Соңғы жылдарда жаһандану үдерісінің арқасында ұлт тарихы мен ұлттық құндылықтар қайта қарала бастады. Соның бір дәлелі, лингвистикалық және этникалық факторлардың өзара әсер-ықпалын тіл әлемі аясында зерттейтін микролингвистиканың бір саласы – этнолингвистика ғылымы дүниеге келді. Бұл пән қазіргі қазақ қоғамындағы ұлттық сананың жаңғыруы, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне байланысты қызметінің жандануына қатысты ұлттық мүддеге сәйкес тілдің этномәдени және әлеуметтік қызметін айғақтау қажеттігін дәлелдеп отыр.

Қазақ тіл білімі бүгінгі күні жаңа арнада толығып, танымдық, логикалық-философиялық бағыттағы өзіндік бет алысымен тілдің қызмет аясын және қуатты әлеуетін барынша айғақтай түсуде. Қазақ тіл біліміндегі ұлт пен тіл, ұлт пен мәдениет сабақтастығын қарастыратын зерттеулер де жаңа сапаға көтеріліп келеді. Тіл тарихы мен тіл иесі халықтың этникалық тарихын ұштастыра зерттеуді мақсат тұтқан тіл біліміндегі жаңа сала – этнолингвистика пәні жетілу үстінде. Филолог ғалымдардың пікірінше: «профессор Ақселеу Сейдімбек зерттеулері – қазақ тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағыт этнолингвистиканың мақсат-міндетіне толық жауап бере алады, әрі осы пәннің оқу құралы қызметін де атқара алады. Оның халқымыздың сан ғасырлық мәдениеті мен болмысындағы құндылықтарды танып-білуге бағытталған, тарихи деректерге сүйенген зерттеулері – олқылықтың орнын толтыра алмақ» [4, 496 б.].

Айтса айтқандай ғалымның зерттеу еңбектерінде қазақ этносының ұлттық бейнесі, өзіндік ерекшеліктері мен мәдениеті, «тіл әлемі» арқылы жан-жақты танып білуге керекті деректер ғылыми тұрғыда жүйеленіп берілген. А.Сейдімбек еңбектері – мәдениеттің мұрагерлік табиғатына сәйкес, оның сақталуы, кейінгі ұрпаққа жетуі, игерілуі, жаңғыруы тіл арқылы ғана іске асатынына, осы бағыттағы зерттеулер арқылы дәйектелетініне нақты дәлел бола алады. Осы сұранысты толық өтей алатын ғылыми зерттеудің бірі оның «Қазақ әлемі» атты еңбегі [5]. Автор аталған еңбегінде ұлтымыздың төл тарихына, дәстүрлі мәдениетіне, этнографиясына қатысты мол деректер келтіріп, ғылыми баяндау, нақты ой-тұжырымдар жасау арқылы дәйектейді. Ғалым зерттеулеріндегі этно лексиканы қоғамдық ой, этникалық сана аясында алып, тілдік бейненің этникалық дереккөзі ретінде қарастыра отырып, қазақ мәдениеті туралы өте мол мәліметтер ала аламыз.

Этнолингвистика тілді этносқа қатысы тұрғыдан алғанда, қоғамдық-әлеуметтік пәндермен де (*этнография, өлкетану, мәдениеттану, мифология*), лингвистикалық пәндермен де (*психоллингвистика, паралингвистика, диалектология, ономастика т.б.*) сабақтастыра зерттейді. Осы пәнаралық байланыстың басты мақсаты этнос табиғатын ашу болса, этнограф-ғалым А.Сейдімбек зерттеулері де – мәдениеттанымдық, этнологиялық, мифологиялық, психоллингвистикалық, ономастикалық, фольклорлық, тарихи-өлкетану бағытындағы зерделі-зерттеудің синтезі іспетті, кешенді, толымды, ғылыми пайым.

Белгілі жазушы Қ.Салғара сөзімен айтқанда «халықтың рухани дәулетін сабақты жібіне дейін түгендеуді мұрат тұтқан ұлтжанды азаматтың» зерттеу еңбегі қазақтың төл тарихы мен дәстүрлі мәдениетінен аса мол ақпарат жеткізіп, деректері ғылыми тұрғыда дәйектелуімен де аса құнды. Тілдің этнолингвистика саласы үшін бұлар – таптырмас құндылық, баға жетпес байлық. Кең мағынада алғанда, бұл еңбектер – ұлт руханиятының бағалы, бай қазынасы, сондықтан аталған ғылым салаларының қайсысының болсын зерттеу өзегіне айналып, әрі-қарайғы тың зерттеуге бағыт-бағдар сілтеп тұр деуге болады. Этнос болмысына қатысты небір құнды дерек, танымдық мағлұматтарды таба да аламыз.

А.Сейдімбектің «Қазақ әлемі» еңбегінің төртінші тарауы «Халықнама» деп аталып, «Мақал-мәтелдер», «Қазақтың дәстүрлі тыйымдары», «Қазақтың дәстүрлі ырымдары», «Ел аузынан», «Ұлттық өнер», «Табиғат тынысы» және т.б. халықтық қалыпқа айналған қастерлі рәсімдер мен өмір-салтқа қатысты, өнер туындылары жайлы терең толғаулар келтірілген. Ғалым оларды әрбір тарихи-әлеуметтік кезеңнің өз талғам-танымына лайық дәстүрі ретінде

бағалап, ғылыми таным жүйесіне айналдырады, сөйтіп, көшпелілер әлемнің қасиет-болмысына айғақ болар эмпирикалық мысалдар ретінде ұсынады.

Профессор А.Сейдімбек өз зерттеулеріне сүйене отырып: «Қазақ халқының өмір салты көшпелі болғанымен, рухани болмысы көшпелі болмаған», - деп ой түйе келе, «ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысатын тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-тәжірибелік дәстүр сабақтастығы болмаса, адамзаттық прогресс те болмақ емес» [5,141 б.], - деген тұжырым жасайды. Адамзат қауымына тән дәстүр сабақтастығына баса мән береді.

Ғалым халықтық салт-дәстүрлерді бір ғана ұлттың, бір ғана рудың, тіпті тұтас елдің ғана таным-түсінігі деп қарамайды. Этнографиялық деректерге ғылыми ойдың «сәулесін» түсіре зерттеуді мақсат етеді. Ол деректерді жеке халықтардың мәдениетін, моральдық-этикалық қасиетін, халықтың жалпы адамзаттық этникалық тегін танытатын дерек көз деп қарайды: «Адамның парасаттылығы сол адамның өзгелерге деген қарым-қатынасы арқылы ғана анықталады. Түптеп келгенде, қоғамдық өмірдің парқын да адамдардың парасат-пайымына қарап бағалауға болады. Қазақ қоғамында адам өміріндегі қуаныш та, қайғы да жекелік сипат алмаған» [5,150 б.].

Біз ментальдық қасиетімізді жай ғана салт-сана көрінісі деп қабылдаймыз, ал А.Сейдімбек кең ауқымда алып қарап, адам өміріндегі қарапайым ғана қуаныш белгілері – «сүйінші», «шашу», «көрімдік» деген жөн-жоралғыларды – «көшпелі өмір салтындағы этникалық арман-аңсардың (*идеалдың*) ортақ болуы», - деп, оны моральдық-этикалық, ғылыми пайыммен таразылайды. Қазақтың қонақ күту дәстүрін: «Көшпелі қазақтың қонақжайлық дәстүрі, түптеп келгенде, этносты біртұтас әлеуметтік жаралым ретінде іштей үйлестіре реттеп отыратын ең пәрменді тетіктердің бірі болған» [5,143], - деп пайымдайды.

Ғалым-этнограф ырым-наным, тыйым-табу сияқты ұлтымызға тән ұғымдардың да этикалық негіздемесін дәлелді келтіріп, ғылыми-философиялық сипатын айқындап береді. «Кез-келген қоғамдағы этиканың, діннің, заңның, мәдениеттің негізі тиым арқылы қалыптасады, тиым да әрбір әлеуметтік ортаны реттеп отыруға қызмет етеді» [5, 157], - деп бағалайды. Адам қоғамы мен табиғи орта арасындағы қарым-қатынасты үйлестіріп отыруда тыйымның атқарар рөлі айрықша екені белгілі. Ғалым барша өмір-тіршілігі экожүйемен кіндіктес көшпелілер әлемінің ақыл-парасатының биіктігін де дәлелдейді, ұлттық құндылықтардың ғылыми таным-түсінігін былайша зерделеп береді: «Ғасырлар бойы табиғатпен етене болу арқылы өмір салтын қалыптастырған көшпелі қазақ мифтік қиял-елес пен әлеуметтік-экономикалық ақиқаттың ара жігін ажырата білген. Өмір талабы соқыр сенімнен гөрі нақтылы өмірмен санасын айыруды қажет етеді» [5,194 б.].

Халқымыздың көнеден келе жатқан наным-сенімдерінде, ұстанымдарында ұлттық болмысымыздың нақты көріністері бар. Айталық, «Отты шашпа», «Отты баспа», «Ошақтағы отты су құйып өшірме» деген тыйым түрлерінде мифтік-діни сенімнен де бұрын, таза практикалық мән бар: яғни отты шашса өрт кететіні, өртке күйетіні, отты қайтып тұтату қиын болатыны – көшпелі қазақтың нақтылы өмір тәжірибесі ғана емес, одан кісілігі де айқын аңғарылады. А.Сейдімбек өзінің ұлт болмысына қатысты бір мақаласында мынадай мысал келтіреді... Алдыңғы көштің адамдары әрбір қоналқадан ілгері аттанарда өзінен кейін келе жатқандарға ошақтағы отты күлмен көміп, сөндірмей кетеді. Бұл кейінгілері шаршап-шалдығып жеткенде қиналмай от жағып, тамағын демдеп, ертерек тынықсын деген қамқорлықты танытады. Немесе, «Малды ноқтамен ұрма» деген қарапайым тыйымның түпкі мәні – адамның мейірім-қамқорлығына саяды: тіршілігіне тірек болған төрт түлікке кісілік қарым-қатынас орнату мәні басым. «Бесікті ашық қалдырма», «Жерошақтан аттама», «Босағаға сүйенбе», «Көгенді аттама», «Сүтті үрлеп ішеп», «Түнде суға барма», «Мойынға белбеу салма» тәрізді адамға, табиғатқа, қоғамға қатысты тыйым, ырым-наным-сенімдердің барлығы да әлеуметтік ортаны реттеп отыруға, табиғат пен әлеуметтік өмір арасындағы үйлесімге қызмет ететініне дәлел бола алады.

Этнограф-ғалым өз зерттеулерінде тілдің жинақтаушылық, (*кумулятивтік*) функциясын жете пайдаланады. Ұлт тарихы мен ділін, өзіндік болмысын, рухани құндылықтарын өз бойында сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізер тілдің қызметін танытар этнолингвистикалық

факторларға ғалым еңбегінде өте мол орын берілген. Сондай лингвомәдени деректердің бірқатарына назар аударып көрелік: Мысалы, «*Көнишарық*», «*талқы*» сияқты этномәдени лексиканың мәнін жете түсінеміз бе? Этномәдени лексика, яғни этнос мекен еткен аймаққа тән табиғат құбылыстары мен заттық мәдениет атаулары, «астарына талай сыр бүккен»... Ал, тілдің сөздік құрамы сол тілді тудырған қоғамның материалдық және рухани мәдениетін айқындап беретіні белгілі.

Ғалымның этнографиялық зерттеулерінен қазақтың қолөнеріне байланысты заттық мәдениет лексикасынан көптеген танымдық этнолингвистикалық деректерді таба аламыз. Мысалы, «Шарық – теріден тігілген қарадүрсін аяқкиім. Шарықты үш түрлі теріден жасайды: 1) иленген қайыстан тігеді; 2) терінің түгі сыртына қаратыла тігіледі; 3) иленбеген шикі теріден жасалады. Оны *көн шарық* деп атайды [7, 233б.]. Осыған орай, «Білімдінің беті – жарық, білімсіздің беті көн шарық» деген мәтелдегі *көн шарық* талдап – түсіндіруді қажет етпейді деп есептейміз. Ал тіліміздегі *талқыға түсті*, *талқыға салды* деген фразеологиялық тіркестің мәнін мына мәнмәтін толық ашып береді: «Талқы дегеніміз – теріні керіп, созып, иін қандыра жұмсартатын ағаш аспап. Талқымен тері илеуді «талқыға салу» дейді» [5, 231 б.].

Сөз мағынасының астарында жасырын жатқан өзге де этнолингвистикалық мәліметтерді «Халықнама» тарауынан зердемізге тоқып, (*ат құйрығын кесісу; тарамысша тырысу; жүні жығылу; үйірімен үш тоғыз; ит – жеті қазынаның бірі т.б.*) фразалардың пайда болу уәжіне көз жеткіземіз. Оның дәлелі этностың тілдегі бейнесін ашатын этнолингвистикалық факторлармен тікелей байланысты. Көшпелі қоғамның жоқтаушысындай әсер қалдыратын зерделі ғалым көзбен көрген деректерін қат-қатымен баяндайды, халықтың рухани дәулетін сабақты жібіне дейін түгендеуді мұрат тұтады, әрі сол кемер білімін асқан тереңдікпен, биік парасатпен ұрпағына табыстайды.

Қорыта айтқанда, профессор А.Сейдімбек зерттеулерінде қазақтың этникалық тарихын және этнолингвистикасының танымдық аспектілерін қамтитын көптеген жаңа мәселелер көрініс тапқан. Көрнекті этнограф-ғалым, білгір мәдениеттанушы А.Сейдімбек этнология, этнография, тарихи география, қазақ тіл біліміндегі этнолингвистика бағытының танымдық аспектілерін зерттеген қарымды зерттеуші ретінде ғылыми ортада танымал тұлға. Ғалымның бұл саладағы еңбектерін зерттеп, зерделеу өз жалғастығын табады деген ойдамыз.

### Әдебиеттер тізімі

1. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: шежірелік деректерді пайымдау. Астана, 2017.– 728 б.
2. Ұлы Даланың Ақселеуі (А.Сейдімбек туралы естеліктер мен ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы, 2005. – 660 б.
3. Сейдімбек А. Шығармалары. Алты томдық. – Астана: Фолиант, 2010. – Т.4. – 728 б.
4. Ұлы Даланың Ақселеуі (А.Сейдімбек туралы естеліктер мен ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы, 2005. – 660 б.
5. Сейдімбек А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.

### БАЛОН ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ЖОО-ДАҒЫ В016-ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**А.М.Абасилов,**  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры,  
филология ғылымдарының кандидаты,

Әлемдік тәжірибеде әр ел өзінің әлеуметтік-саяси және экономикалық даму мүмкіндіктерін жетілдіру мақсатында мемлекеттік деңгейде білім беру жүйесін таңдап, қалыптастырады. Онда дүниежүзілік білім беру жүйесінің озық үлгілері теориялық-әдістемелік тұрғыдан сараланып, тиімділігі бойынша таңдалады және ғылыми-тәжірибелік жағынан сыннан өткізіледі.

Қазіргі білім берудің біршама озық үлгілеріне кеңестік, еуропалық, америкалық, жапондық және т.б. жүйе түрлерін жатқызып жүр. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері ұлттық білім беру жүйесіне осы үлгілердің қай түрін алу керектігін күн тәртібіне қойды. Осы бағытта білім берудің, оның ішінде жоғары білім жүйесін халықаралық деңгейде интеграциялау бағытында жұмыстар жүргізіле бастады.

Жоғары білім беру жүйесіне қатысты жүргізілген реформалаудың нәтижесінде 2010 жылғы наурыз айында Қазақстан ресми түрде Болон декларациясына қосылып, Жоғары білім берудің еуропалық аймағының 47-мүшесі және еуропалық білім беру кеңістігінің толық құқылы мүшесі болды [1].

Еліміздің қазіргі жоғары білім беру осы Болон үдерісінің негізгі қағидалары мен кредиттік технологиясына сәйкес жүзеге асуда. Болон үдерісі дегеніміз – жоғары кәсіби білімде біртұтас жалпыеуропалық білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған жаһандану үрдісінің көрінісі [2].

Білім беретін кеңістік үшін ұлттық білім беру жүйесінде әлемдік деңгейдегі осы сияқты үрдістерден бөлініп жеке қалып қоюдың келешекте теріс зардабы болуы мүмкін. Сондықтан міндетті түрде ұлттық жетістіктер мен дәстүрді сақтай отырып, білім мен ғылымның дамуына байланысты бұрыннан қалыптасқан ең жақсы тәжірибелерді бірлестіре отырып, халықаралық ықпалдастықты үдету керек. Бұл Қазақстандық жоғары білімнің бәсекеге қаблеттілігін арттыруға барынша мүмкіндік береді [3, 7-11].

Осы орайда білім беру ісінің, білім беретін ұйымдар мен мекемелердің қандай болуы керектігі туралы Алаш зиялыларының ұстанымын басшылыққа алғанымыз жөн. Бұл Алаш партиясы бағдарламасынның «Ғылым-білім үйрету» деп аталатын 9-тарауында берілген. Онда: *«Оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болу; жұртқа жалпы оқу жайылу. Бастауыш мектептерінде ана тілінде оқу; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу; оқу жолы өз алды автономия түрінде болу; үкімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылу; ел ішінде кітапханалар ашылу»*, - делінген [4].

Осындағы *«Оқу жолы өз алды автономия түрінде болу, үкімет оқу ісіне кіріспеу, мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылу»* дегендері қазіргі жоғары білім беру жүйесіндегі Болон үдерісіндегі *«Кредиттік технология», «Академиялық еркіндік»* ұғымдарымен сәйкес келеді.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген, кейін ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.04.2023 № 145 бұйрығымен жаңа редакциямен жарияланған Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларында академиялық еркіндікке мынадай түсінік берген: *«Академиялық еркіндік - білім беру процесінің субъектілеріне таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы»* [5].

Бұл анықтамада академиялық еркіндік төмендегідей 3 өкілеттіліктің жыйынтығын көрсетеді:

1.Әрбір ЖОО таңдау компоненті пәндері мен оқытудың қосымша түрлері бойынша білім мазмұнын дербес анықтау өкілеттілігі.

2.Білім алушылар мен оқытушылардың шығармашылық дамуынның өкілеттілігі.

3. Оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесінің өкілеттілігі.

Еліміздегі қазіргі білім беру жүйесінде академиялық еркіндіктің осы аталған өкілеттіліктерінің әзірге біріншісі жүзеге асуда. 2020 жылы ҚР Білім және ғылым вице-министрі Мирас Дәуленов жоғары білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен жоғары білім беру сапасын арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы былай дейді: «100 нақты қадам» ұлт жоспарының 78-қадамын орындау мақсатында 2018 жылғы 4 шілдеде заң қабылданды, оның шеңберінде жоғары оқу орындарына мына бағыттарда дербестік берілді:

- 1) МЖМБС-дан төмен емес білім беру бағдарламаларының мазмұнын анықтау;
- 2) оқытушыларға қойылатын біліктілік талаптарын айқындау;
- 3) оқу жүктемесінің дербес әзірленген нормалары, еңбекке ақы төлеу формалары мен мөлшерлерінің негізінде білім беру қызметін жүзеге асыру;
- 4) білім алушыларды қабылдау, ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 5) кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту.

Бұдан өзге жоғары оқу орындарына шет елдерде филиалдар құру, эндаумент-қорлар құру, стартап-компаниялар ашу, сондай-ақ, жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін қосымша қаржы және материалдық қаражат көздерін тарту құқығы берілді.

Соның нәтижесінде, ЖОО-ның академиялық дербестігі 85%-ға жетті, ал білім беру бағдарламаларының тізіліміне ЖОО-лар дербес әзірлеген 9 999 білім беру бағдарламасы енгізілді. Экономика мен адами капиталды дамытудың серпінді өзгермелі жағдайлары жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігін одан әрі кеңейтуді талап етеді» [6].

Бұл берілген жауаптан еліміздегі білім беру жүйесіндегі Балон үдерісі бойынша еніп жатқан оқытудың кредиттік технологиясы мен академиялық еркіндіктің қалай жүзеге асып жатқандығын байқауға болады. Қазіргі таңда оқу орындары өздерінің миссиясына сай және қоғамдық дамудың қажеттіліктері мен жұмыс берушілердің сұранысына қарай өздеріндегі мамандықтарды түрлендіріп, жаңа пәндер қосып, жеке білім беру бағдарламаларын жасауда. Басқаша айтқанда, еліміздегі әрбір білім ордасы өзінің оқу траекториясын өзі таңдап жатыр. Бұл бір оқу орындары үшін, олардағы кейбір мамандықтар үшін тиімді әрі дұрыс болса, екінші бір оқу орны мен ондағы мамандықтар үшін тиімсіз, қате болуы да мүмкін. Айталық, журналистика мамандығын салалық тұрғыдан қажеттілікке қарай бейімдеп жасауға болатын шығар. Сол сияқты жергілікті жердегі өндіріс орнының сұранысын қамтамасыз ететін мамандар даярлау керек болар. Ондай мамандарды жұмыс берушінің талабына сай даярлау ЖОО-ның даму мүмкіндігін, танымалдығын арттыруға мүмкіндік жасар. Бірақ осыны негізге алып, барлық оқу орындары өздері жеке мамандық ашып, сұраныс болып тұр деп жаңа пән енгізіп БББ жасай беруіне болмайды. Айталық, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын (барлық педагогикалық мамандықтар да солай) алар болсақ, ол жергілікті жерлердегі жұмыс берушілердің қажеттілігіне немесе сұранысына сәйкес өзгеріп, құбыла салатын мамандық емес, оған жұмыс беруші айтты екен деп немесе сол жоғары оқу орнындағы ПОҚ-тың зерттеу бағыттарына сәйкес келеді екен деп жаңа бір пәнді енгізе салуға болмайды. Сондай-ақ қоғамның сұранысы екен деп қазақ тілі білімінің не әдебиеттанудың жеке бір саласы немесе бағыты бойынша тереңдетілген білім, ал басқа салаларынан азырақ білім беруге бола ма? Біздіңше, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына қойылатын біліктілік талаптары да, ондағы оқылатын пәндер де барлық қазақстандық ЖОО-да бірдей болуы керек сияқты. Өйткені қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының жұмыс берушісі – мемлекет, мемлекеттік білім беру мекемелері.

Ал автономды болу мен академиялық еркіндік сол пәндер бойынша білім мазмұнын, білім берудің әдіс-тәсілдерін таңдауда немесе студенттің сол пәнді оқу жылының қай жартыжылдығында оқуын жоспарлауда және сол пәннен сабақ беретін ПОҚ-таңдауында жүзеге асуы қажет. Бұл жоғарыда айтылған Балон үдерісіндегі академиялық еркіндік түсінігі



үшін де, Алаш зиялыларының көрсеткен білім беру ісінің, білім беретін ұйымдар мен мекемелердің автономды болуы туралы ұстанымына да сай келеді. Демек оны мамандық ерекшелігіне және ұлттық білім беру ұстанымымызға сай жасауымыз керек.

Біздің зерттеуіміздің негізгі сұрағы ЖОО-дағы В016-қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау мамандығының Балон үдерісіне ену жағдайында қандай өзгерістер бар, академиялық еркіндік қалай жүзеге асуда және ондағы басты бағыт – ұлттық ұстаным ерекшелігі қалай шешілуде деген мәселелерге байланысты болды.

Қазіргі таңда univision.kz сайтында Қазақстанда 121 жоғары оқу орны бар деп көрсетілсе, оның 11-і акционерлік, 27-сі мемлекеттік, 11-і ұлттық, 66-сы жеке меншік және 6-ы халақаралық оқу орындары болып бөлінеді. Осы білім ордалары 12 білім саласы бойынша мамандар даярлайды. Ондағы бакалавриат мамандықтарының саны – 173 [7].

Осының ішінде еліміз бойынша В016-қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлайтын ЖОО-лар саны – 38, олардағы Білім беру бағдарламаларының саны – 56 екен. Оған туыстас болып саналатын В037-филология мамандығын еліміздегі 28 ЖОО 49 БББ бойынша даярлап келеді [9].


Біз ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан алдымызға қойған зерттеу сұрағымыз бойынша жүргізген сапалық және сандық зерттеуімізде жоғарыда көрсеткен еліміздегі жоғары оқу орындарын *ұлттық, өңірлік және жеке меншік* деп үшке бөліп қарастырдық.

Зерттеуге 2 *ұлттық*, 3 *өңірлік* 2 *жеке меншік* оқу орны қамтылды. Зерттеуде *сапалық әдіс бойынша сұқбат* алынды. ЖОО-дағы В016-қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау мамандығының қазіргі мәселелерін талқылауға жоғарыда көрсетілген университеттер бойынша 17 сұқбат беруші қатысты. Сұқбатқа қатысушылар этикалық қағида бойынша түсінік хатпен танысты және келісім парағына қол қойды. Ал *сандық әдіс бойынша* 115 респондентке *сауалнама* жүргізді. Сауалнама Google forms арқылы алынды.


Зерттеу бойынша алынған мәліметтерді мақала көлеміне қарай қысқартып, негізгі дегендерін ғана ұсынбақшымыз. Сұқбаттағы «Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасындағы базалық және бейіндеуші пәндердің таңдау компоненттерін ЖОО өзі анықтайтыны туралы не айтасыз?» деген сауалға университеттердің БББ жетекшілері мен профессор-оқытушыларының жауаптары екіге бөлінді. Бір тобы базалық және бейіндеуші пәндерді ЖОО өзі анықтағаны дұрыс десе, екіншісі бірдей оқығаны жөн деп санайды.

Осы мәселені зерттеудің екінші түрі *сандық зерттеу әдістемесі* бойынша жүргізген әлеуметтік сауалнамамызда төмендегідей нәтижелер алдық. «Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасындағы базалық және бейіндеуші пәндердің таңдау компоненттерін ЖОО өзі анықтауы академиялық еркіндікке жата ма?» деген сұрағымызға респонденттердің 70,8% иә, академиялық еркіндікке жатады десе, 24,6% жоқ, академиялық еркіндікке жатпайды деп жауап берді (қараңыз: 1-диаграмма).

Ал «Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасындағы базалық және бейіндеуші пәндер барлық ЖОО бір типтік бағдарламамен және бірдей кредит көлемімен оқытылуына қалай қарайсыз?» деген сауалға респонденттердің



50,8 пайызы «Бір типтік бағдарламамен, бірдей кредит көлемімен оқытылғаны дұрыс» десе, 47,7 пайызы «Әр ЖОО өз мүмкіндігімен, жаңашылдығымен оқытқаны дұрыс» деген жауапты таңдады (қараңыз: 2-диаграмма).



ЖОО-дағы В016-қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау мамандығының ҚАЗІРГІ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ үш цикл пәндерінен тұрады. Барлығы – 240 кредит.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР (ЖБП) ЦИКЛІ (56 кредит)	БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР (БП) ЖӘНЕ БЕЙІНДЕУШІ ПӘНДЕР (БЕП) ЦИКЛІ (176 кредит)	ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ (ҚА) (8 кредит)
1.Міндетті компонент (МК) (51 кредит)	1.Жоғары оқу орны компоненті	
2.Жоғары оқу орны компоненті (ЖК) (3 кредит)	2.Таңдау компоненті	
3.Таңдау компоненті (ТК) (2 кредит)		

### ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖАҢА ҰСЫНЫС. Барлығы – 240 кредит

Білім беру бағдарламасын әзірлеу бойынша топ:

Жетекші университет - Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қатысушы университет - Павлодар педагогикалық университеті,

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Білім беру бағдарламасының мазмұны үш компоненттен тұрады:

1.Міндетті компонент (56 кредит)	2.Педагогикалық компонент (педагогикалық практиканы қоса алғанда) (60 кредит)	3.Пәндік компонент (8 академиялық академиялық кредит қорытынды аттестаттауды қоса алғанда) (124 кредит)
<p><b>1.Тарихи және философиялық құзыреттіліктер модулі (10 кредит):</b></p> <p>1.Қазақстан тарихы (5). 2.Философия (5).</p> <p><b>2.Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология) (8 кредит):</b></p> <p>1.Әлеуметтану (2). 2.Саясаттану (2). 3.Мәдениеттану (2). 4.Психология (2).</p> <p><b>3.Аспаптық және коммуникациялық модуль (25 кредит):</b></p> <p>1.Орыс тілі (10). 2.Шетел тілі (10). 3.Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (5). 4.Денсаулықты нығайту модулі (8 кредит). Таңдау бойынша компонент (5)</p>	<p><b>1.Болашақ мұғалімдерді тұлға ретінде қолдау (17 кредит):</b></p> <p>1.Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация тұжырымдамалары – 4. 2.Білім беру туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары – 3. 3.Балалардың жас ерекшелік және физиологиялық даму ерекшеліктері – 3. 4.Инклюзивті білім беру ортасы – 3. 5.Оқытуды жоспарлау және оқытуды дербестендіру – 4.</p> <p><b>2.Оқыту және үйрету үшін бағалау (9 кредит):</b></p> <p>1.Оқыту әдістері мен технологиялары – 5. 2.Бағалау және дамыту – 4.</p> <p><b>3.Мұғалім-рефлексиялық практика несі (9 кредит):</b></p> <p>1.Педагогикалық зерттеулер – 4.</p>	<p><b>1.Қазіргі қазақ әдеби тілі: теориялық негіздер (31 кредит):</b></p> <p>1.Қазақ тілінің фонетикалық жүйесі және оқыту негіздері – 5. 2.Қазақ тілінің лексикологиясы және оқыту негіздері – 5. 3.Қазақ тілінің сөзжасамы – 6. 4.Қазақ тілінің морфологиясы және оқыту негіздері – 5. 5.Қазақ тілінің синтаксисі және оқыту негіздері – 10.</p> <p><b>2.Әдебиет теориясы мен тарихы модулі/әдебиеттану модулі (34 кредит)</b></p> <p>1.Қазақ фольклоры және оны оқыту негіздері – 4. 2.Ежелгі және хан дәуірінің әдебиеті және оқыту жүйесі-5. 3.XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті - XX ғасырдың басы және оқыту негіздері – 5 кредит 4.Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті және оқыту жүйесі – 3. 5.Қазіргі қазақ әдебиеті және оқыту жүйесі –</p>

<p>кредит).</p>	<p>2.Зерттеулер, даму және инновация – 5.  <b>4.Мұғалім – оқу фасилитаторы (педагогикалық практика) (25 кредит):</b>  1.Мұғалім кәсібіне кіріспе (педагогикалық практика, 1-курс) – 2.  2.Психологиялық және педагогикалық бағалау (педагогикалық практика, 2-курс) – 2.  3.Педагогикалық тәсілдер (педагогикалық практика, 3-курс) – 6.  4.Білім берудегі зерттеулер мен инновациялар (педагогикалық практика, 4-курс) – 15.</p>	<p>4.  6.Әлемдік әдебиет және оқыту негіздері – 6.  7.Әдебиет теориясы – 4.  <b>3.Пәнаралық және тіл мәдениеті модулі/тілдік қарым-қатынас модулі (24 кредит):</b>  1.Оқу сауаттылығы және оқыту негіздері – 5.  2.Қазақ тілі емлесі мен тыныс белгілері – 5.  3.Салыстырмалы грамматика – 5.  4.Қазақ жазу тарихы – 5.  5.Қазақ тілінің тарихи грамматикасы – 4.  <b>4.Әдістемелік мамандану модулі/оқыту әдістемесі мен технологиясы (13 кредит):</b>  1.Қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ үлгілерін жасау негіздері – 5.  2.Қазақ тілін оқыту теориясы мен технологиясы – 4.  3.Қазақ әдебиетін оқыту теориясы мен технологиясы – 4.  <b>5.Кәсіби мамандану модулі/біліктілік модулі (14 кредит):</b>  1.Академиялық сауаттылық негіздері – 5.  2.Мәтін және лингвистика талдау негіздері – 5.  <b>Таңдау компоненті (4 кредит)</b>  1.Көркем шығарманы герменевтикалық талдау  2.Аталым теориясы және мәтін құрастыру негіздері  3.Тілдік кеңістік және қазақ тілі экологиясы</p>
-----------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БІЗДІҢ  
ҰСЫНЫСЫМЫЗ**  
**Барлығы – 240 кредит**

Жалпы білім беретін пәндер (56 кредит)	Базалық педагогикалық пәндер (46 кредит)	Базалық теориялық пәндер (50 кредит)	Бейіндеуіш кәсіби пәндер (70 кредит)	Кәсіби мамандану пәндері (10 кредит)	ҚА (8 кредит)
<p>1.Қазақстан тарихы - 5  2.Философия -5  3.Әлеуметтану-2  4.Саясаттану -2  5.Мәдениеттану-2  6.Психология-2  7.Орыс -10  8.Шетел тілі-10  9.Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар -5  10.Дене тәрбиесі -8</p>	<p>1.Білім берудегі психология -4  2.Педагогика және оқытудың негізгі теориялары-3  3.Балалардың жас ерекшелік және физиологиялық даму ерекшеліктері-3  4.Инклюзивті білім беру ортасы-3  5.Оқытуды жоспарлау және оқытуды дербестендіру-4  6.Оқыту әдістері мен технологиялары-4  7. кәсібіне кіріспе (педагогикалық практика, 1-курс)-2  8.Психологиялық және педагогикалық бағалау (педагогикалық практика, 2-курс) -</p>	<p><b>Қазақ тілі – 25 кредит:</b>  1.Тіл біліміне кіріспе – 5  2.Жалпы тіл білімі – 5  3.Тіл білімінің жаңа бағыттары – 5  4.Тарихи грамматика және жазу тарихы – 5  5.Қазақ әдеби тілінің тарихы – 5  <b>Қазақ әдебиеті – 25 кредит</b>  1.Әдебиеттану негіздері – 5  2.Әдебиет теориясы – 5  3.Әдебиеттанудың жаңа бағыттары – 5  4.Әлем әдебиеті – 5  5.Түркі халықтарының әдебиеті – 5</p>	<p><b>Қазақ тілі - 35 кредит:</b>  1.Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы және оны оқытудың әдістемесі – 5  2.Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы және оны оқытудың әдістемесі – 5  3.Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы және оны оқытудың әдістемесі – 5  4.Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы және оны оқытудың әдістемесі – 5  5.Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі және оны оқытудың әдістемесі – 5  6.Қазіргі қазақ тілінің стилистикасы және оны оқытудың әдістемесі – 5  7.Мәтін лингвистикасы және оны оқытудың әдістемесі – 5  <b>Қазақ әдебиеті – 35 кредит:</b>  1.Халық ауыз әдебиеті және оны оқытудың әдістемесі – 5  2.Ежелгі дәуір әдебиеті және оны оқытудың әдістемесі – 5  3.Хандық дәуір әдебиеті және оны оқытудың әдістемесі – 5</p>	<p>1.Академиялық жазылым теориясы мен практикасы -5  2.Қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ үлгілер жасау негіздері – 5</p>	

	<p>2 9.Педагогикалық тәсілдер (педагогикалық практика, 3-курс) - 6 10.Білім берудегі зерттеулер мен инновациялар (педагогикалық практика, 4-курс)- 15</p>		<p>4.19-ғасыр әдебиетіжәне оны оқытудың әдістемесі – 5 5.Алаш әдебиеті және оны оқытудың әдістемесі – 5 6.20-ғасыр әдебиеті және оны оқытудың әдістемесі – 5 7.Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті және оны оқытудың әдістемесі – 5</p>		
--	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	--

Осы айтылғандарды қорытындыласақ, білім беру жүйесін халақаралық білім беру кеңістігіне еніп, оның қағидаттары мен талаптарын өзіміздің ұлттық ерекшегімізге қарай икемдеп алу мәселесіне бей-жай қарауға болмайтындығы анық байқалады. Біз қабылдап отырған Балон үдерісі де ұлттық ерекшеліктерді енгізуге тыйым салмайды. Сондықтан оған байыппен қарауымыз керек. Соның ішінде, әсіресе, орта мектепте және арнаулы орта оқу орындарында баршаға тегіс білім беріп, дұрыс сөйлеу мен жазуды үйрететін «қазақ тілі мен әдебиеті» деген мамандықты барлық ЖОО бір мақсатпен, бірдей талаппен және мемлекеттік сұранысты қамтамасыз ететіндей бағытта оқытуымыз керек.

ЖОО-дағы В016-қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау мамандығының өзекті мәселелері бойынша төмендегідей **тұжырым** жасауға болады:

1.Қазіргі таңда оқу орындары өздерінің миссиясына сай және қоғамдық дамудың қажеттіліктері мен жұмыс берушілердің сұранысына қарай өздеріндегі мамандықтарды түрлендіріп, жаңа пәндер қосып, жеке білім беру бағдарламаларын жасауда. Басқаша айтқанда, еліміздегі әрбір білім ордасы өзінің оқу траекториясын өзі таңдап жатыр. Бұл бір оқу орындары үшін, олардағы кейбір мамандықтар үшін тиімді әрі дұрыс болса, екінші бір оқу орны мен ондағы мамандықтар үшін тиімсіз, қате болуы да мүмкін. Айталық, журналистика мамандығын салалық тұрғыдан қажеттілікке қарай бейімдеп жасауға болатын шығар. Сол сияқты жергілікті жердегі өндіріс орнының сұранысын қамтамасыз ететін мамандар даярлау керек болар. Ондай мамандарды жұмыс берушінің талабына сай даярлау ЖОО-ның даму мүмкіндігін, танымалдығын арттыруға жаңа серпін әкелуі мүмкін. Бірақ осыны негізге алып, барлық оқу орындары өздері жеке мамандық ашып, сұраныс болып тұр деп жаңа пән енгізіп БББ жасай беруіне болмайды. Айталық, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын (барлық педагогикалық мамандықтар да солай) алар болсақ, ол жергілікті жерлердегі жұмыс берушілердің қажеттілігіне немесе сұранысына сәйкес өзгеріп, құбыла салатын мамандық емес, оған жұмыс беруші айтты екен деп немесе сол жоғары оқу орнындағы ПОҚ-тың зерттеу бағыттарына сәйкес келеді екен деп жаңа бір пәнді енгізе салуға болмайды. Сондай-ақ қоғамның сұранысы екен деп қазақ тіл білімінің не әдебиеттанудың жеке бір саласы немесе бағыты бойынша тереңдетілген білім, ал басқа салаларынан азырақ білім беруге бола ма? Біздіңше, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына қойылатын біліктілік талаптары да, ондағы оқылатын пәндер де барлық қазақстандық ЖОО-да бірдей болуы керек сияқты.

2.Ал автономды болу мен академиялық еркіндік сол пәндер бойынша білім мазмұнын, білім берудің әдіс-тәсілдерін таңдауда немесе студенттің сол пәнді оқу жылының қай жартыжылдығында оқуын жоспарлауда және сол пәннен сабақ беретін ПОҚ-таңдауында жүзеге асуы қажет. Бұл жоғарыда айтылған Балон үдерісіндегі академиялық еркіндік түсінігі үшін де, Алаш зиялыларының көрсеткен білім беру ісінің, білім беретін ұйымдар мен мекемелердің автономды болуы туралы ұстанымына да сай келеді. Демек оны мамандық ерекшелігіне және ұлттық білім беру ұстанымымызға сай жасауымыз керек.

3.Білім беру жүйесін халақаралық білім беру кеңістігіне еніп, оның қағидаттары мен талаптарын өзіміздің ұлттық ерекшегімізге қарай икемдеп алу мәселесіне бей-жай қарауға болмайтындығы анық байқалады. Біз қабылдап отырған Балон үдерісі де ұлттық ерекшеліктерді енгізуге тыйым салмайды. Сондықтан оған байыппен қарауымыз керек. Соның

ішінде, әсіресе, орта мектепте және арнаулы орта оқу орындарында баршаға тегіс білім беріп, дұрыс сөйлеу мен жазуды үйрететін «қазақ тілі мен әдебиеті» деген мамандықты барлық ЖОО бір мақсатпен, бірдей талаппен және мемлекеттік сұранысты қамтамасыз ететіндей бағытта оқытуымыз керек.

4. B016-қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлауды басқа мамандықтар сияқты жергілікті жердің қажеттігімен не ЖОО-дағы ПОҚ-тың ғылыми бағытымен немесе жұмыс берушілердің сұранысымен оқытуға болмайды. Өйткені қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының негізгі жұмыс берушісі – мемлекет, яғни мемлекеттік білім беру мекемелері. Ал олардың сұранысы – дүниетанымы мен бітім-болмысы ұлт тілінде қалыптасқан тұлға тәрбиелейтін және ұлттық әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білетін, еркін сөйлеп, сауатты жаза алатын маман даярлау.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. <https://iqaa.kz/kk/zhogary-zhane-zhogary-oku-ornynan-kejingi-ilm/bolon-protsezi/kazakstandagy-bolon-protsezi>

2. Әділханова Л. Жаһандану жағдайында ұлттық білім беру жүйелерінің дамуы және интеграциялануы. III Халықаралық ғылыми “Алтынсарин оқулары” конференциясының материалдары. Астана 27-27 қазан 2010 ж.

3. Дәулетбақов Б. Болон үрдісінің негізінде білім беруді дамытудың бағыттары мен болашағы // Қазақстанның жоғары мектебі-Высшая школа Казахстана. №2(18)2017. 7-11-беттер.

4. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

5. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100006976>

6. ЖОО-ның академиялық дербестігі 85%-ға жетті // <https://baq.kz/zhoo-lardyn-akademiyalyk-derbestigi-85-ga-zhetti-237433/>

7. <https://univision.kz/kk/edu-program/group/B016-kazak-tili-men-debieti-mgalimderin-daarlau.html>

**ӘӨЖ: 821.512.122. «18»**

#### **ЖЫЛҚЫБАЙ БАЙШОПАНҰЛЫ АҚЫННЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨМІРБАЯНЫ (1833-1901)**

**С.Д.Өмірзақов**, ф.ғ.к., доцент, Халықаралық «Тұран» академиясының академигі, М.О.Әуезов ат. ОҚУ «Абайтану» ҒО басшысы, Шымкент қ. Қазақстан.

**Б.Насирдинов**, РgD 2 курс докторанты, ОҚУ «Абайтану» ғылыми орталығының қызметкері. Шымкент қ. Қазақстан.

**Нұрлыбек Омаров.**, ф.ғ.к., М.О.Әуезов атындағы ОҚУ «қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, Шымкент қ. Қазақстан.

**Аннотация.** В статье рассказывается о выдающемся представителе импровизационного подхода Жылқыбай акыне, освоившем не только традиции устного пения, но и письменные

традиции. Поэт является эпическим эпосом, глубоко проникнутым приемами пения, а также искусством, созданным литературной школой.

**Ключевые слова:** Жылқыбай - учитель поэт, Байдибек, қисса-дастан, Италмас поэт, сердце, нравственность, поэтические традиции, ученики, суфизм, Боралдай.

Біздің қолымыздағы бірнеше қолжазба дәптерлерінде қайталанып жазылғанына қарағанда Жылқыбай ақын 1833 жылы туылып, 1901 жылы қайтыс болған [1.6п,1]. Руы – Ұлы жүз ішіндегі Сіргелі аталығынан. Жылқыбайдың әкесі Байшопан кедей шаруа, момын адам болған сыңайлы. Өйткені, қолжазба деректе «Байшопан момын шаруа кісі екен. Әкесі кедей, Жылқыбай жиырмаға келгенше әркімнің қосын айдап жүрген» деген дерек берілген [1.6п,2]. «Байшопанның ұлдары: Сақыбай, Жылқыбай, Қален, Кәрібай, Кербалақ. Ауыл молдасынан сауат ашқан Жылқыбайды Үмбет деген өз ағайыны, молда кісі он бір жасынан бастап, алты жыл оқытады. Сонда он бір жасынан бастап, он жеті жасқа дейін оқыған кітаптары XIX ғасырдағы оқыту жүйесіндегі дәстүрлі: «Әптиек», «Құран», «Шар кітап», «Сопы Аллаяр», «Сопы ишан», «Пікайдан», «Мұхтасар» секілді мұсылман кітаптары болады. Бойында бар ақындық ұшқыны Жылқыбайды өте жас кезінен бастап, ауыл арасындағы қыз бен жігіт айтысына қатысуға жетелейді. «Ол Өтебике, Қалым деген қыздармен айтысып, әріптес болған» [1.6п,2].

«Ақындар» кітабында және Қазақ кеңес энциклопедиясында жарияланған деректер бойынша Оңтүстіктен шыққан елу үш ақынның тізімі, еңбектерінің атауы ғана берілген [2].

Соңғы таным аясында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде әдебиеттану ғылымы үшін тарихы өміршең, әдебиет тарихында аса бағалы һәм құнды дүниелер табылып отыр. Олардың барлығы дерлік қолжазба мұралар. Ал кейінгі жылдары жүргізілген зерттеулер аймақ мектебі өкілдерінің бұл айтылған саннан әлде қайда көп екендігін және ақындық қайнары көне дәуірлерден суат тартатындығын тағы да бір дәлелдеп берді. Оған ғылыми негіз де бар. Б.з.д. дәуірлерді айтпай-ақ түркілік, ортағасырлық әдебиет әлемінде шайырлық пен ғылыми еңбектердің негізін ғылыми тұрғыдан кестелеп берген А.Ясауи, С.Бақырғани, Н.Рафғұзи, Кердери, Уафи, Сопы Аллаяр, А.Ясауи шәкірттерінің хикметтері мен қисса жанрының қалыптасып дамуына өзек болған Құтып, С.Сараи, Харазми, Атай, А.Жүйнеки мен Шәрифидің хикмет, назымдарын, Шымыр-би Алты Бармақ, Бабыр, М.Х.Дулат, Шайх Таразидың, Бекасыл әулиенің мұралары, Ерімбет, Икрам ишан, Аппақ ишан, Құлымбет, Қосым ишан т.б. XIX ғасыр шайырлары мен ишан назымдарының Шығыс ғұламаларының еңбектерінен нәр алған, дәстүрі өлке ақындарының мектебінің қалыптасуына іргелі негіз болды. Тамырсыз ағаш көктемейтінін ескерсек, аймақ мектебі өкілдерінің ақындық іргетасының болмысы ғылыми-теологиялық, дидактикалық поэзиядан мол нәр алғанын аңғарамыз.

Жалғыз Жылқыбай емес Кеңес дәуіріне дейінгі Оңтүстіктің талай саңлақ ақыны өз туындыларын баспа бетіне шығаруға талаптанбаған. Мұның біздіңше, бірнеше объективті себептері бар деп санаймыз.

Олар: 1. XIX ғасыр ақындарының шығармашылық қалыптасу ортасы, даму тенденциясы арысы бұрыннан қалыптасқан ислам дінімен қабысқан Ата жолымен (салт-дәстүр, әдет-ғұрып өлшемдері), қасиетті Құраннан бастау алатын исламияттың XII ғасырдан бастап қолданысқа түскен сопылықтың мағрифатымен терең таныстығы бар медреселік оқыту бағдарламасын меңгерген, сопылықтың төрт негізгі қағидатымен біте өріліп, күнделікті өмір тіршілігіндегі қарым-қатынасы, тәлім-тәрбиесі терең суарылған кісілік пен кішіліктің қатты әсері болғандығы;

2. Таза импровизация өкілдерінің өз шығармаларын дер кезінде жинап алмауы немесе басқалар тарапынан жиналмауы әрі баспаға ұсыну жұмыстары жүйеге түспегендігі;

3. Көпшілігінің өз шығармаларын баспадан шығаруға мүмкіндіктері бола бермеген секілді;

4. Жазба ақындық дәстүрді қатар меңгерген деп санауға мүмкіндік берер Жылқыбай, Нұралылардың өз мұраларын көзі тірісінде баспа бетінен шығуына келісім бермегендігі яки ықылас танытпағандығы. Бұл пікірімізге дәлел: біздегі қолжазбада Нұралы ақынның көзін көрген адамдардан алынған (1916 жылы Ә.Диваев арнайы келіп Нұралыға жолыққан) «Егер көзім тіріде менің дастандарым жарыққа шықса, онда менің қадірім кетіп қалады» секілді таным-түсініктің де қатты ықпалы тиген секілді [Зп,9]. Міне, осындай орта тудырған таным Жылқыбай ақын мұрасының бізге толық жетпеуіне де әсер еткен деп шамалап айтуға негіз береді. Бірақ ең негізгісі, фольклорист У. Далгат айтқандай: «...суырыпсалма ақындар поэзиясы, сөзсіз көркемдік қасиетіне сәйкес фольклор мен жазба әдебиетін жалғастырушы буын» екендігі рас [4,8]. Бір өкініштісі, ақынның термелерінің, толғау, арнау, жоқтауларының көпшілігі жоғалған.

Жылқыбай ақын мұрасын талдап-танытуда мынадай мәселелерге назар аударғанды жөн санаймыз. Ең алдымен, әдебиет тарихында зерттелуі кенжелеу қалып келе жатқан Оңтүстік аймақтық әдеби мектебі, қалыптасу, даму тарихы және оның өкілдері кім деген мәселеге тоқталып өту, бұрын белгісіз ақындар мұраларын «әдебиеттану ғылымының талаптарына сай қарастыра отырып, қайта айналып, қайырыла соғар мәселелер дейміз. Бұл ретте Жылқыбай ақын мұрасымен қатар Майкөт, Италмас, Сүйіндік, Кейкі, Кенжебай, Оңғарбай шешен, Ұлбике секілді т.б. белгілі, белгісіз ақындар мұраларын соны талаптар деңгейінде пайымдау жөн болмақ. Өйткені, қазақ жерінің үш аймақтық жүйе негізінде отарлануы ел әдебиетінің қалыптасуына қатты әсері болған.

Осы негізде біз жүйелеп жүрген Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдеби мектебінің өзіне тән үрдістері, дара бағыттары туғаны мәлім. Оңтүстік аймақтық мектебіне тән сондай бағыттың негізгісі – терме-жыршылық, қисса-дастаншылдықтың дара һәм биік көрінісін тудырған эпикалық дәстүр еді. Айтылған екі бағыттың да түпнегіз бастауларында Тәңірлік һәм Ислам қағидаттарына негізделген инсанияттың терең белгілері жатқаны анық. Майлықожа, Жылқыбай, Нұралы, Шәді секілді ірі ақындардың өзіндік мектебі қалыптасқандығы кейінгі қолжазбалар, зерттеулер аясында айқындала түсуде. Осындай іргелі мектеп қалыптастырған ақындардың бірі – Жылқыбай ақын болатын. Оған әл-әзірге ақынның біздің қолымыздағы көлемді бірнеше толғауы, үш дастаны дәлел бола алады. Әрине ақынның әдеби мұралары бұдан да көп болуы заңдылық. Біздің қолымыздағы қолжазба мұралардан Жылқыбай және онымен замандас шайырлардың шығармалары бұдан да көп болған. Түрлі жағдайларға байланысты, ортаның қажеттілігіне қарай табан астында шығарған көп мұралары уақыт өте келе ұмытылған. Мұның Нұралы секілді ақындардың «тірі кезімде дастандарым жарияланса қадірім қалмас» секілді таным-пайымы жылдар өте жоғалып кететінін сезбегендіктен.

Қандай әдеби мектеп болмасын оларға тән ортақ желі, ортақ тақырып болады. Күнге ақындарына тән ортақ тақырыптарға: адамның туылғанынан қайту аралығындағы жас кезеңін суреттеу, ахлақ мәселелері, психотехникалық сезім, жақсы әйел мен жаман қатын, Ясауи іліміндегі «бенденің кәмалаттығы» яки кемелділікке жету жолдары, зарығып жүріп ұл көру т.б. Міне осы қалыптасқан дәстүрлі бағыттық тәсілден Жылқыбай да озып кете алмаған.

Жүрегім отты шоққа қарылғандай,

Тынысым бітіп өкпем тарылғандай, – деп басталатын поэтикалық қуатты толғауларынан ақындықтың әдемі үлгісі аңғарылады [5,12]. Екінші бір толғауында өлке ақындарына тән дәстүрлі «өмір кезеңдерін» тізбектей жырлау, адам өмірінің эволюциялық өсу кезеңдеріне үнілу Жылқыбайға да тән. Басқа көптеген ақындарда (Мәделіқожа, Майкөт, Сүйінбай, Жамбыл, Сүйіндік, Нұралы т.б.) адам баласының дүниеге келгенінен бастап суреттелер реттік қатар бір жастан басталса, Жылқыбайдың бұл толғауы тоғыз жас кезеңінен басталады. Бәлкім, алдыңғы парақтары жоғалып кетуі де кәдік.

Онан соң тоғыз жасқа келді ынталы,  
Сол шығар балалықтың толған шағы.  
Тоғызда талаптанып атқа шауып,

Онан соң басқа қонды онның бағы, – деп [5,13] басталып, әрі қарай сатылап өсіп, реттік тізбек құрайды. Ақынның адам жасының өсу эволюциясын беруі де таза қарапайым, қазақи ұғыммен, табан астында шығарып салу стилімен, қарапайым дәстүрлі тілмен өрнектеледі. Мұның өзі ақын болмысын танытып қана қоймайды, біріншіден, ауызша жырлау стилі мен жазба ақындықтың ұштасқан түрін көрсетеді. Ақынның шығару тәсілі суырыпсалмалық әдісі екендігін, кейіннен хатқа түсіріп отырғанын дәлелдейді.

...Онан соң оннан ауып, он бір келді,  
Түсіндік осы жаста оң мен солды.  
Әр істі ата-анамен ақылдасып,  
Байқадық жаңылмастан жүрер жолды.  
Онан соң тағы келді он екі жас,  
Ата-ана, ағайынға болдық сырлас.  
Баланың өкімі – ойын дегенменен,  
Көрмесен арылмады құрбы-құрдас.  
Қыздармен жасырынбақ, үйшік ойнап,  
Қылушы ек оңашада көп ілтипат.  
Ілндік сөйтіп жүріп он үшіне,  
Қосылдық балалықтың дәл күшіне.  
Шомылып күнде суға, құмға аунап,  
Түсіндік бұл жұмыстың мәнісіне.  
Тақымға үйіп алып, құмды тесіп,  
Үйрендік бұл жұмыстың әдісін де...[5,13]

деп тізбектелген үлгі-қалыпқа қоса сопылықтың қайнарынан еркін сусындаған белгісін де көреміз. Бұл өлке ақындарының көпшілігінің шығармашылығына тән жырлау стилі екендігі байқалып тұрады. Мәселен, Жылқыбайдағы:

...Жиырма екі, жиырма үш, жиырма төрт жас,  
Басыңа бақ қонар кез, *нұрға шомып*. Немесе,

...Жиырма бес барлық жастың алтыны еді,  
Жайнатқан жігіттіктің *нұр кемелін*.

...«Құры» деп кемпір айтар түріңменен,

Табыстың жетпіс деген *піріңменен*, – секілді шайырлықтың шыңында шалқыған тіркестерінен-ақ көруге болады [5,14]. Ақынның келесі бір толғауында Оңтүстік әдеби мектебіне тән тағы бір ерекшелік: толғаудың он сегіз мың аламды (әлем) таныстыруынан яки кәміл пірлеріне сыйынудан басталатын болса, Жылқыбай толғауларында жоғарыда айтылған «таныстыру формасының» яки кіріспесінде бірінші жол тандалса, дастандарында екінші жол-әдісті таңдағаны сезіледі. Ал «дүние – кәрі жолбарыс» секілді тұрақты тіркестерінің басқа толғау, дастандарында кездесуі қалыпты жәйт.

...Халыққа баян айлайын.  
Он сегіз мың әлемді.  
Дүние – кәрі жолбарыс,  
Шығарар бір күн параңды.  
Дастан қылса таусылмас,  
Әртүрлі өткен заманды.  
Дүниенің не кезі,  
Жау қылады далаңды.  
Әмір, Иса пайғамбар,  
Темір тамға қамалды.



...Әуелгі дүние дос болып,  
Ақыры қылды залалды [5,15].

XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ ақындарының шығармашылық қызметінің тууы туралы профессор М.Мырзахметұлы: «Шоқындырып, орыстандыру саясатының қазақ елінің тағдырына құрылған тұзақтары мен қақпандарын алдымен қазақ ақындары сезіне бастады. Сезіне бастауының елеулі бір көрінісі ұды умен қайтару үшін қиссашыл кітаби ақындар ислам дінін насихаттауға ерекше мән беріп, араб, парсы тіліндегі діни тақырыптағы әңгіме, дастандарды аудару, не өзінше жырға қосу немесе нәзиралық жолмен жарыса жырлау тәсілдерін қолдану жолына түсті» – деп жазған-ды.

Дүниенің тұтқасы – ислам діні, оқ пен суды, пейіш пен тозақты қатар алып параллель әдісімен суреттеу, тіршілік тұтқасы бір Алла деген таным Жылқыбайға да тән.

...Әмбені Құдай сақтайды.  
Оқыған молда шарифат,  
Қоныстан іскен қағаз қап.  
Кітаптың сөзі анық-ты,  
Ұстамандар қалыпты.  
Жанғыратқан біреу бар,  
Жаратты суда балықты.  
Сегіз бейіш жаратты,  
Ортасынан ағызып,  
Ауызы кәусәр арықты.  
Жеті тозақ жаратты,  
Бір парасы су дейді,  
Бір парасы оқ дейді,  
Бір параның ішінде,  
Жылан мен шаян көп дейді.  
Соның бәрін сұраған,  
Бір періште Мәлік-ті,  
Бірзығыңа Алла қарыздар [5,16].

Ақынның келесі бір толғауы XIX ғасырдағы дәстүрлі тақырып: ақындық өнер, жақсылық пен жамандық, жақсы пен надан секілді дәстүрлі ахлақ тақырыбындағы мәселелерді қозғайды. Қалыпты теңеулер мен тыңдаушыға лайық сөз саптау әдісімен, көпшіліктің алдында орындалған толғау екендігі сезіліп тұрады.

Ақынның келесі толғауы – өмір мен өлім шекарасындағы адам болмысының қасиетіне арналады. Бұл пішін-әдіс күңгей ақындарының барлығына тән әдіс.

...Жая десең жал берген,  
Шекер қосып бал берген.  
Бір күні өтсең бектерім,  
Шешең бармас басыңа.  
Ауылын алыс қалдырған,  
Сүйсең мейірің қандырған.  
Тұла бойы балдырған,  
Бір күні өлсең бектерім,  
Балаң бір бармас басыңа.  
Құйрық-жалың, қанатың,  
Күш-куатың, ыждаһатың,  
Алатаудай айбатың,  
Бір күні өлсең бектерім,

Ата-анаң бармас басына.  
Мыңды көріп, бірді алған,  
Бір күні өлсең бектерім,  
Қатының бармас басыңа.  
Құрбы-құрдас, қатарың,  
Жақының бармас басыңа.  
Дүние деген осы ма?  
Бір күні тастап кетеді,  
Қара жердің астына [5,18].

Ақын мұрасының келесі қомақты бөлігін – дастандары құрайды. Жылқыбайдың дастандары туралы қолжазба деректерде «Ақындыққа бет қойған алғашқы кезеңінде ақын өзіне жол көрсетер ұстаз іздей бастайды. Осы талаптың қабатында Нұралы ақындықты ерте бастаған, «молда» атанған Байшопанұлы Жылқыбай ақынға ұшырасады. Жылқыбай – ақындарға ұстаз болған, шәкірт баулыған, өзі жазып шығарған термелерін, дастандарын шәкірттеріне жаттатып жүретін дағдысы болған, әдебиет тарихында тиісті зерттеліп, бағасын ала алмай келе жатқан ақындарымыздың бірі. Жылқыбайдың мұндай жақсы қасиеттерінен әсер алып үйренген Нұралы оның өз қолжазбаларынан «Орақ-Тағай», «Заман хан», «Арша хан», «Жәнібек-Мақпал», «Асқарбай-Сарыбек», «Ораз молда», «Салиқа қатын» сияқты дастандарын үйренген», – деген аса құнды мәлімет бар [2.6п,14]. Бұл мәліметтен Оңтүстік шайырларының ішіндегі аса үлкен әдеби мектебі қалыптасқан Нұралы ақынның тәлім алған алғашқы ұстаздарының бірі Жылқыбай ақын екендігі анықталады.

Әзірге әдеби айналымға түсе қоймаған «Орақ-Тағай», «Асқарбай-Сарыбек», «Зияда-Шахмұрат» секілді дастандарының сюжеттік желісі Шығыс мотивтерінен алынған. Ақынның дастан жанрындағы еңбегі ХІХ ғасырда қатты дамыған қиссашылдықтың айқын белгісі. Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдеби мектебінің белді өкілінің бірі – Жылқыбай ақынның дастан жырлау дәстүрі де басқа ақындарға ұқсас. Мәселен, ақынның «Орақ-Тағай» дастаны:

Бисмилла деп айтайын,  
Кеуліме алып Алланы.  
Кеткен шығар пенденің,  
Бар болсақ таба алғаны.  
Құданың өзі бейайып,  
Мақұлық асы тамғаны.  
Ерлерден дастан бастайын,  
Жар болсын бізге әруағы.  
Жылқыбайдың сөзі еді,  
Кітапқа осы салғаны.  
Есітпекке мәртебе,  
Бұлардың ұрыс-жанжалы.  
Баяғы өткен заманда,  
Күн сайын болған таланда... – деп басталады [5,19].

Бұлайша әр туындының кіріспесінде өзін таныстыра кету тек Жылқыбайда ғана емес, Қазығұрт-Қаратау аймақтық мектебіне тән дәстүр-белгі екендігі де анықталып отыр.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. «Қазығұрт» ҒЗО қолжазбалар қоры, №1 п.6, 1, 2, 3 бб;
2. Ақын-жыраулар. – Алматы: «Ғылым», 1979;
3. Өмірзақов С. ХІХ ғасыр әдебиеті (нұсқалық) – Шымкент: «Нұрлы бейне», 2007, 9 б;
4. Далгат У. Б. Литература и фольклор. – Москва: 1981, с. 8.

5. Жылқыбай Байшопанұлы. Шығармалары. «Қазыналы Оңтүстік» көптомдығы, – Алматы: «Нұрлы әлем», 2013, 95 том, 12, 13, 14, 15, 16, 18 бб.

ӘОЖ 9.433

## МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ ЕҢБЕГІНІҢ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

А.М. Балыкова,

БҚИТУ қауымдастырылған профессор, тарих ғылымдарының кандидаты, Орал

*Резюме.* В статье анализируется произведение Мухаммеда Хайдара Дулати «Та'рих-и Рашиди», об истории государства Могулистана и Казахстана в начале XIV-XVI вв. «Тарихи-Рашиди» - является первостепенным источником для изучения истории Казахского ханства.

*Ключевые слова:* История тюркских народов, культура, цивилизация, тюркская цивилизация

Түркі дүниетанымы-өте күрделі мәдени-тарихи кеңістік және қазақ өркениетінің төл арнасы. Түркілік дүниетаным негізінде қалыптасқан түркі халықтары бүгінгі таңда ұлттық ерекшеліктері мен тарихы туралы зерттеулер жүргізуде. Әрбір ұлттың өзіне тән мәдениеті мен өркениеті болатынын ескерсек, қазақ өркениетінің де жалпы мазмұнын тануға болады.

Түркі өркениеті мазмұны әрбір түркі халықтарының мәдениеті мен өркениетіне бастау болған. Сондықтан да, қазақ өркениетінің әлемдік өркениетке қосқан үлес салмағын бағдарлау барысында да жаңа мазмұнға ие болып, толығыны даусыз.

Өз философиялық көзқарастарымен дала өркениетіне қомақты үлесін қосқан тұңғыш ұлт тарихшысы Дулати оны адамзаттың рухани мәдениетінің деңгейін көрсететін ғалым деп санады. М.Х.Дулатидің философиялық тұжырымдарын талдау арқылы түркі өркениетінің мәдени-тарихи құндылықтары мен даму негіздерін, ұлттық болмысын танып-білуге болады.

XVI ғасырдағы белгілі тарихшы және әдебиетші Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың «Та'рих-и Рашиди» деген шығармасы XIV-XVI ғасырлардың басында Қазақстан аумағы мен көрші аумақтарда өмір сүрген ірі мемлекеттердің бірі Моғолстан тарихына арнайы арналған. Бұл еңбек- Қазақ хандығының тарихын зерттеу үшін де аса маңызды бастапқы деректеме. Онда тоқсан жыл ішіндегі қазақ хандарының тарихы тым қысқа болғанымен, дәйекті түрде баяндалған.

Шонжарлардың жоғары топтарына жататын Мырза Мұхаммед Хайдар ибн Мұхаммед Хұсайын Дуғлат (1499-1551 жж.) Моғолстанның аса ірі тайпаларының бірінен шыққан. Мырза Мұхаммед Хайдардың ата-бабалары –дуғлат тайпасының әмірлері мен бектері-Моғолстан мемлекетіне кірген Оңтүстік Шығыс Қазақстанның, Қырғызстанның, Шығыс Түркістанның саяси тарихында зор рөл атқарған; олар аса маңызды мемлекеттік қызметтер атқарып, ұлыбектер болған.

Мырза Мұхаммед Хайдар хижра бойынша 905 жылы (1499/1500 жж.) сол кезде моғол хандарының билігінде болған Ташкентте туған. Оның анасы Моғолстан ханы Сұлтан Жүністің кіші қызы болған, ал Сұлтан Жүніс белгілі мемлекет қайраткері, тарихшы және ақын Захир ад-дин Бабыр мен Моғолстан ханы Сұлтан Сайидтың немере туысы еді. Мырза Мұхаммед Хайдар 1512 жылдан 1533 жылға дейін Сұлтан Сайид ханның сарайында болып, билеушінің мұрагері Абд ар-Рашид сұлтанды тәрбиеледі. 1533 жылы Абд ар-Рашид хан дуғлаттардың жоғарылауынан қауіптеніп, оларға жазалау шараларын үйіп-төкті. Мұхаммед Хайдар Кашмирге қашып барып, Үндістан, Ұлы Моғолдар билеушілері атынан 1551 жылы шайқастардың бірінде өлтірілгенге дейін билік етті [1;14-15бб].

Мырза Мұхаммед Хайдар жақсы білім алған, өз дәуірінің саяси оқиғалары мен қайраткерлерінен хабардар болды. Ол түркі тілінде әдеби шығармалар жазғанымен де,

мұсылман тарихнамасына тарихи «Та'рих-и Рашиди» еңбегінің авторы ретінде енді. Шығарма 1542-1546 жылдары Кашмирде ортаазиялық парсы тілінде жазылған. Екі бөлімнен – дафтарлардан тұрады.

I дафтар моғолдың Шағатай ұрпақтарынан шыққан хандардың тарихынан тұрады, онда әмір Болатшы дуғлат 1348 жылы Тоғлық-Темір ханды хан тағына көтерген уақыттан бастап, Мұхаммед Хайдар мырза Абд ар-Рашид ханның құрметіне арнаған өз шығармасы 1533 жылы Қашғарияға (Моғолияда) оның билік ете бастағанына дейін Моғолстанда болған оқиғаларды баяндаған.

II дафтар автор 1541 жылға дейін жеткізген мемуарлар болып табылады. Бұл бөлімде өз өмірбаяны және сол дәуірдің көптеген тарихи адамдары туралы өмірбаяндық материалдармен қоса, бірінші бөлімде баяндалғандарына қосымша Сұлтан Сайид ханның Моғолстандағы билік үшін күресі, оның 1514 жылы Қашғарияның дуғлат әмірлерін басып алып, Моғолия мемлекетінің негізін қалағаны, Моғолстанның бұрынғы аумақтарында-Жетісу мен Тянь-Шань өңірінде Шағатай ұрпақтарының билігін қалпына келтіру әрекеттері туралы мәліметтер бар [1;16 б].

Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашидиінде» Қазақ хандығының XV-XVI ғғ. тарихы жай тарихи фактілердің жиынтығы түрінде емес, нақты бір мәселені ғылыми принциптерді сақтай отыра, арнайы түсіндіруге бағытталған түрде беріледі. Сол себепті де Мұхаммед Хайдар Дулатиды Қазақ хандығы тарихының алғашқы кезеңдерін алғаш зерттеген ғалым деп саналады [2;16 б].

«Тарих–и Рашидидің» басқа мағлұматтардан ерекшелігі, мұндағы оқиғаның көбін автор өз көзімен көріп жазған. Және мұнда басқа түрлі тарихи жазулар сияқты ешбір шұбалаңдық жоқ, бұл тек белгілі бір дәуірді алып, соны әдемі тілмен айқын суреттеген. Шығарманың екінші қасиеті - бұл қазақ тарихы туралы жазылған бірінші кітап. «Тарих – и Рашиди» негізінде жүз жыл ішінде (1450–1546) болған оқиғаны суреттейді. Бұл кез бұрынғы Алтын орда мен Шағатай ұлысының әбден ыдырап, оның орнына жеке хандықтар құрыла бастаған кез. Мұхаммед Хайдар «Тарих– и Рашиди» кітабында осы Шағатай ұлысы мен Алтын орданың қалай азыптозғанын суреттеп, ол екеуінен тарап шыққан қазақ халқының саяси тіршілігін баяндайды [3; 95]. М.Х. Дулати қазақ қауымының ең алғаш ұйымдасуы туралы былай деп жазады: «Әбілқайыр хан Дешті–Қыпшаққа түгелдей билігін орнатқан кезде Жошы әулетінен шыққан кейбір тіміскішіл сұлтандар одан келер бір пәленің исін сезіп қалып, оны орнынан тайдырмақ болды. Керей хан, Жәнібек сұлтан сияқты кейбір сұлтандар мен басқалар аз ғана топпен Әбілқайыр ханнан қашып, Моғолстанға келеді. Сол уақытта Моғолстан хандығын билеу кезегі Есенбұға ханға жеткен еді. Есенбұға хан оларды қатты құрметтеп, оларға Моғолстанның бір шетін бөліп берді. Олар осы жерден қауіпсіз жайлы қоныс тапты. Сөйтіп, тыныш өмір сүріп жатты. Әбілқайыр хан дүние салғаннан кейін өзбектердің ұлысында алауыздық пайда болды. Әркім мүмкіндіктеріне қарай қауіпсіз хәм дұрыс өмір сүру үшін Керей хан мен Жәнібек ханды паналады, олар осылай күшін нығайтты. Басында өстіп елден қашып, олардан бөлініп жырылып қалып, біраз уақыт тарығып әрі сергелденде болғандықтан, оларды «қазақ» деп атады. Бұл лақап ат қазақтарға осылай таңылды» [4; 305–306].

«Тарих-и Рашидиде» қазақтың алғашқы хандарының көрші елдермен қарым-қатынасы кең көлемде сөз болады. Сондай-ақ мұнда Керей ханның баласы - Бұрындық хан, Жәнібек ханның баласы - Қасым хан, т.б. туралы құнды деректер бар: «Керей хан қайтыс болғаннан кейін хандық таққа оның ұлы Бұрындық хан отырды... Қасым хан Жәнібек ханның баласы болатын әрі әкесі сияқты барлық іс жағынан Бұрындық ханды тындап, соған бағынатын еді. Керей ханның Бұрындық ханнан басқа да көптеген ұлдары болған. Жәнібек ханның да Қасым ханнан басқа балалары бар-ды. Соның бірі Әдік сұлтан-тын. Жүніс ханның төртінші қызы Сұлтан Нигар ханымды Мырза Сұлтан Махмұд бин Сұлтан Әбу Саид мырза қайтыс болған соң, Әдік сұлтанға берді. Ташкент ойрандалған кезде Әдік сұлтан Шаһибек ханның әскерінен қашып шығып, қазақтарға кірді. Сұлтан Нигар ханым да оның соңынан ілесті. Әдік сұлтан көп ұзамай дүние салды. Содан Сұлтан Нигар ханымды Қасым хан некелеп алды. Әдік сұлтаннан кейін Қасым хан билікке қол жеткізді. Сөйтіп, Бұрындық ханға хандықтың атынан басқа

ештеме қалған жоқ. Ең ақырында Қасым хан Бұрындық ханды қуып жібереді. Сонымен, Бұрындық Самарқанға кетіп, жат өлкеде өлді» [4;306].

«Тарих-и Рашидиде» ой бөлетін нәрсенің бірі - Қасым хан дәуіріндегі (1443–1520) қазақ халқының әлеуметтік шаруашылық күйі. Бұл мәселені Мұхаммед Хайдар көбінесе Қасым хан атымен байланыстыра айтады. Өйткені ол қазақ халқының өсіп-өнуіне үлкен қамқорлық еткен адамдардың бірі болды. Бұл жөнінде Хайдар Дулати былай дейді: «Саид хан да Ахсиге оралды әрі Фергана уәлаятының қамалдарын бекемдеп, қазақтарға қарай бет алды. Ондағы ойы Ташкентті алуға тағы да қазақтарды көтеру болатын. Мен ол сапардан сырқаттануыма байланысты қалып қойдым. Хан жолға шығып, Моғолстанның мәшһүр жері - Шуға (Жудке) келіп жетті. Қасым ханның сол уақытта жасы алпыстан асып, жетпіске таяп қалған кезі. Ал ханның қылшылдаған шағы болатын - жасы отызға жете қойған жоқ еді. Әзірше талай қажет деген жерге жаяу жүріп жететін. Қасым хан жасының ұлғаюына байланысты ханды қарсы ала алмайтынына кешірім өтініп, Жошы әулетінен тараған кейбіреулерінің жасы елу мен алпысты алқымдап қалған отыз-қырық сұлтанды, солардың ішінде Жаныш хан, Таныш хан, Мамаш хан, Жан Хайдар сұлтан, Қарыш сұлтан және тағы басқаларға тізе бүгіп құрметпен қарсы алсын деп бұйырды. Соның ішінде Жаныш хан мен Таныш хан жас жағынан [Саид] ханнан көп үлкен болатын. Олар тізе бүккен кезде хан орнынан тұрды. Қалған сұлтандардың бәрі де тізе бүккен уақытта хан өз орнына отырып, сәлемін қабылдады. Қасым хан [Саид] хан алдына келгенде жылы жүздесіп құрметтегені сондай, хан өмірінің соңғы сәтіне шейін оның кішіпейілділігін ұмытқан емес. Әрқашан сырласа қалғанда хан оны еске алып, «Алланың нұры жаусын оған»: Қасым хан асқан мәрт адам болған деп отыратын және онымен қалай танысқанын баян ететін-ді» [4; 308–309]. Мұхаммед Хайдар Қасым ханның тәрбие беретін кеменгерлік ісін суреттеумен бірге, оның саясатқа жүйрік адам болғанын да баяндайды: «Қасым хан Дешті-Қыпшақты түгелдей өзіне қаратып алғаны соншалықты Жошы ханнан кейін ешкім де ол сияқты мұндай билікке қол жеткізген емес. Мысалы, әскерінің саны мың-мыңнан (миллион) асатын еді» [4; 306].

Мұхаммед Хайдардың айтуынша, Қасым ханнан кейін қазақ қауымы зор апатқа ұшырайды. Бұларды, бір жағынан өзбектер мен Рашид ханның бірлескен күші әлсіретсе, екінші жағынан - халық бұқарасы Тайыр мен Мамаш сияқты тоғышар хандардың басшылығына разы болмай, тоз-тоз бола бастайды. Белгілі ғалым Немат Келімбетовтың пайымдауынша [5; 404], жанрлық тұрғыдан келгенде «Тарих-и Рашидиді» ғылыми еңбек әрі түркі тілдес халықтардың шынайы шежіресі, сондай-ақ тарихи тақырыпқа жазылған көркем туынды деуге болады: 1. «Тарих-и Рашиди - көне түркі, шағатай, араб, парсы, латын, ежелгі грек, үнді тілдерінде жазылған, есімдері әлемге мәшһүр Шығыс пен Батыс ғұламаларының тарихи зерттеулеріне негізделіп жазылған нағыз ғылыми еңбек. 2. Хайдар Дулати еңбегі сан ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ауызша айтылып келген тарихи деректерді, аңыз-әфсаналарды, хандар мен сұлтандардың генеалогиясын (ататегін) өз ішіне қамтыған шынайы шежіре кітап деуге болады. 3. Қазақ зиялылары шежіре кітаптарды тарихи тақырыпқа жазылған көркем туынды ретінде таныған. Тіпті алғашқы ресми тарих ретінде жазылған шежіренің өзін айтушы жыршы-жыраулар оған көркем теңеулер қосып, бірте-бірте шежіре мәтінін тарихи тақырыпқа жазылған көркем туындыға айналдырып жіберетін болған. Міне, Хайдар Дулати өзінің «Тарих-и Рашиди» атты еңбегін жазу барысында осы жайттарды мықтап ескере отырып, оны жоғарыда айтылған үш талапқа да жауап беретіндей етіп жазған.

Мұхаммед Хайдардың шығармасы медиавистикада кеңінен мәлім. Оны XVI-XVII ғасырлардағы көптеген шығыс авторлары мен соңғы орта ғасырлардағы Орталық, Орта Азия тарихын қазіргі зерттеушілер түпнұсқа ретінде пайдаланады [6;58 б].

«Та'рих-и Рашиди» қолжазбасы парсы тіліндегі көптеген тізімдерде, түрік тіліндегі аудармаларда сақталған.

М.Х.Дулати Орта Азиядағы мемлекеттер мен халықтардың XV-XVIII ғасырлар аралығындағы екі жүз жылға жуық тарихына шолу жасап, соның негізінде сол дәуірдегі қоғам өміріне, ондағы болған тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалардың іс-әрекеттеріне рухани

және адамгершілік құндылықтар тұрғысынан баға беріп, терең әлеуметтік – философиялық ақыл-ой жүйесінде тарих философиясының бастамасын қалаған деп айтуға толық негіз бар.

Ойшылдың «Тарихи Рашиди» шығармасында туған жерге, халқына деген ыстық сезімдері, толғаныстары жазылып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып жалғасып отыр. Сондай-ақ, жастарды ерлікке тәрбиелеудегі арман-тілектері айқын байқалады. Бұл туралы «Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің шығармаларында батырдың тұлғасын сомдап, жауына қаншалықты қатал мейірімсіз болса, бауырларына, еліне халқына, отбасына соншалықты мейірімсіз болып суреттеледі. Ойшылдың шығармаларында барлық тәрбие негіздері қарастырылады. Яғни патриоттық тәрбиемен қатар дене тәрбиесі, имандылық пен адамгершілік тәрбие негіздері де беріледі. Мұның өзі халқымыздың ерлікпен қатар адамгершілікті жоғары бағалағанын, яғни балаға тән тәрбиесі мен жан тәрбиесін қатар беруді мақсат еткендігі байқалады» [7;98-101бб]-деп түйеді зерттеуші Б.Қалыбекова.

М.Қозыбаев: «Мұхаммед Хайдар Дулати кешенді түрде көшпенділерді динамикада қарап, олардың көшуден отырықшылыққа ауысуын, даладан қалаға орнығуын, тайпалық одақтан мемлекетке өтуін қарастырумен бізге қымбат» [8; 369 б.]–десе, « Мұхаммед Хайдар өз еңбегінде көшпелілердің отырықшылыққа ауысуын, даладан қалаға орнығуын, тайпалық одақтан мемлекетке өтуін тұңғыш рет қарастырған ұлы тұлға. XV-XVI ғасырлардағы Шыңғыс хан, Әмір Темір шапқыншылығына ұшырап күйреген ел, құлазыған дала көрінісін шынайы суреттейді.

Шындығында да, адамзат тарихында талай мәдениеттердің жаугершілік замандарда өзін-өзі қорғай алмай, дәрменсіздік көрсетіп, ассимиляцияға ұшырағандығы немесе мүлде жойылып кеткендігі қолың көпшілікке белгілі тарихи-мәдени фактілер болып табылады. Ал сындарлы кезеңдерде тағдыр талқысына қанша ұшыраса да әлемдік философияда, мәдениетті бүгінгі таңда да, өзінің өміршеңдігін танытып отыр.

Қазақ халқы-басқа да түрік халықтары секілді қиын да бай тарихты бастан кешірді. Қазіргі таңда өз ұлттық тарихымызды терең танып-білуде ең алдымен рухани байлығымыздың қайнары болған тарихи тұлғалар өмірі мен шығармашылығын зерттеу қажет.

М.Х.Дулатидің шығармашылық мұрасы-қазақ ұлтының өз шаңырағын құрып, жеке хандық құрған, аса ауыр да дүрбелең уақытындағы түркі тілдес халықтардың мәдени-тарихи өмірін шежірелеуден туған, өмір философиясына тұнған, болмыс пен таным туралы, адам тұлғасы жайлы жан-жақты сыр шертетін философиялық мазмұнымен ерекшеленеді. М.Х.Дулати өзінің «Тарихи Рашиди» мен «Жаһаннаме» секілді еңбектері арқылы түркі тілдес халықтарға ортақ рухани тұлға болып қана қоймай, бүгінгі таңда да жоғары деңгейдегі рухани көшбасшы болуда.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) бес томдық. 2-том. Алматы: Атамұра, 1998.
2. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. Алматы: Сардар, 2014.
3. Мұсылман ғалымдары / Баспаға әзірл. Д. Тоқмырза. - Алматы: «Шапағат-Нұр», 2006. - 104-б.
4. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. - Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2003. - 616-б.
5. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. - Алматы: Раритет, 2011. - 432-б
6. Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. Ташкент, 1925.
7. Қалыбекова Б. Адам өмірінің мәні- М.Х.Дулати шығармашылығының философиялық өзегі// ҚазҰУ хабаршысы.-Алматы, 2006.-№1.
8. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. -Алматы: Сөздік-словарь, 2001.

**ҒТАМР 17.01.45**

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАЛАРЫНДАҒЫ ИНТЕРМӘТІНДІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

**Бекпенбетова Сандуғаш Серікқызы**

Әл Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, 2-курс докторанты  
Алматы, Қазақстан

**Ержанова Сауле Баймырзаққызы**

Әл Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, ф.ғ.д., профессор  
Алматы, Қазақстан

**Андатпа.** Әрбір көркем туындыны түсіну, қабылдау, талдау қаламгер интенциясына және оны оқырмандардың қабылдауына байланысты. Осыған орай көркем мәтіннің стилистикасы автор және оқырманның тілдік тұлғасытұрғысынан, бірақ бірлікте қарастырылуы тиіс. Қазіргі қазақ прозалары – жазушылардың терең интенциясына құралған әдебиеттің көркем жанры. Ал, мұндай прозалардағы интермәтін мәселелері білім алушыларға кеңінен түсіндіруді қажет ететін күрделі тақырыптардың бірі. Мақалада әдеби білім беру мәселеріне талдау жасалып, қазіргі қазақ прозаларындағы интермәтінді оқытудың тиімді әдістері көрсетілді. Осы бағытта сыни ойлау технологиялары мен деңгейлік оқыту, ұжымдық технологиялардың артықшылықтары қарастырылды.

**Кілт сөздер:** әдебиет, проза, интермәтін, әдістеме, сыни ойлау технологиясы, ұжымдық технология, деңгейлік оқыту

**Аннотация.** Понимание, восприятие, анализ каждого художественного произведения зависит от интенции писателя и восприятия его читателями. В связи с этим стилистика художественного текста должна рассматриваться как языковая личность автора и читателя, но в единстве. Современная казахская проза-художественный жанр литературы, созданный для глубокой интенции писателей. Ну а вопросы интертекста в такой прозе-одна из самых сложных тем, требующих широкого разъяснения обучающимся. В статье проведен анализ вопросов литературного образования, продемонстрированы эффективные методы интертекстового обучения современной казахской прозе. В данном направлении рассмотрены преимущества технологий критического мышления и уровневого обучения, коллективных технологий.

**Ключевые слова:** литература, проза, интертекст, методология, технология критического мышления, коллективные технологии, уровневое обучение

Қай қоғамда болмасын әдебиеттің көтерер жүгі ауыр. Өйткені ол – қоғам айнасы. Ал кез келген қоғам әлеуметтің, яғни сол қоғамда өмір сүруші адамдар тобының мүдделері мен қажеттіліктерінің жиынтығын құрайды. Адамзаттық өркениет дамыған сайын мүдде мен қажеттіліктің материалдық сипаттан гөрі рухани көрініс тапқаны белгілі.

Әдебиет пәнінің оқу пәні ретіндегі құрылымы күрделі болып саналады. Себебі оның ішкі мазмұнына көркем әдебиет шығармалары, олардың тарихы мен теориясына қатысты ұғымдар, әдебиеттен ауызша, жазбаша тіл дамыту жұмыстарының жүйесі, оқушының оқырмандық мәдениетін қалыптастыру мәселелері қоса қамтылады.

«Әдебиет — өнердің бір саласы. Ол – сөз өнері. Белгілі әдіскер Қ.Бітібаева: «Әдебиет — адам тану құралы» болса, әдебиет пәні — «адам тәрбиелеу құралы» [1], – деген пікір айтады.

«Әдебиет – адам қалыптастырушы құрал» деген әдебиетті оқытудың жаңа жүйесін ұсынған ғалым Е.Н.Ильиннің пікірінше: «Әдебиет пәні арқылы оқушы адам болмысын тануды үйренеді, сол арқылы өзін-өзі тануға талпыныс жасайды. Қоршаған орта туралы ұғымдарын кеңейтеді, рухани дүниесі байиды, туған тілі мен еліне деген құрмет сезімі қалыптасады» [2]. Сонда әдебиет арқылы жасөспірімдер туған елінің тарихы мен ғасырлар қойнауындағы сөз

маржанын оқып, сол арқылы туған елінің арманы мен қиялын, болашақтан күтер үміті мен сенімін көреді.

Әдеби білім берудің басқа пәндерден айырмашылығы, күрделілігі де осында. Басқа пәндерге қарағанда сезім, эмоция, әсер, шабыт, қиялдау, армандау, еліктеу – әртүрлі психологиялық күй әдебиет пәнінде ерекше көрінеді. Яғни, әдебиет жеке тұлғаның үйлесімді дамуына қызмет атқаратын негізгі эстетикалық пән.

Әдебиетті оқыту әдістемесі – күрделі ғылым. Оқыту заңдылықтарын қарастыратын дидактикамен, адам әрекетінің психикалық заңдылықтарын қарастыратын психологиямен, көркем әдебиеттің даму заңдылықтарын қарастыратын әдебиеттану ғылымымен әдебиетті оқыту әдістемесі тікелей қатысады, жетістіктеріне сүйенеді, алайда өзіндік міндеттерін көздейді. Әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымының қиындығы барлық уақытта да болып келді. Оның себебі әдебиетті оқыту әдістемесі адамға қатысты, жеке тұлға қалыптастыруға қатысты ғылым екендігінде. Ал адамтану, адам қалыптастыру қоғамдағы ең маңызды да күрделі істердің бірі. Әдебиетті оқыту әдістемесінің әдіснамалық негіздеріне педагогика, әдебиеттану ғылымдарынан басқа әлеуметтану, қоғамтану ғылымдары да кіреді.

Әдебиеттің жанрлары көп және олар өзіндік сипаттарымен ерекшеленіп тұрады. Әдебиетіміздің өзге жанрларына қарағанда өзінің кең құлаштығымен де, көркемдік-эстетикалық қуатымен де халқымыздың рухани өмірінде ерекше орын алатын жанры – қазақ прозасы.

Әсіресе қазіргі қазақ прозасының тақырып аясы кең, образдар жүйесі жаңа бейнелермен толыққан. Образ жасаудың жаңаша тәсілдеріне ие. Бүгінгі күн тақырыбын көтерген жазушылар замандастарымыздың ішкі жан әлеміне оның моральдық, этикалық сипаттарына тереңірек үніле отырып, сан алуан қасиетке ие бейнелер жүйесін жасады. Сондықтан жоғары оқу орындарында прозалық шығармаларды оқытудың дидактикалық маңыздылығы жоғары. Өйткені, тұлғалық құзыреттіліктерді дамыту бағытында көркем шығармалармен жұмыс жасау студенттің танымын кеңейтіп қана қоймайды, ізденушілік қабілеттерін де қалыптастырады.

Дегенмен, оқытуда тек дәстүрлі технологияларға сүйену сабақтың уәждемесін төмендетеді. Сол себепті, орта мектепте де, жоғары оқу орындарында да оқытушының ізденісі маңызды.

Е.Жұматаеваның пікірінше: «Әдебиетті құр технология құрылымына вербальді әдіспен бағдарлап өткізуге болмайды. Ол үшін әдеби нысаналардың құндылық деңгейін, парадигмасын шығарып алу көзделеді. Бір сөзбен айтсақ, әдебиеттің қисынын, әдебиеттің тарихын, әдебиеттің сынын бірлікте алып, дидактикалық пәлсапасының тағылымын сұрыптау қарастырылады. Осы мұратты айқындау мақсатында әдебиетті оқытудың дидактикалық пәлсапасы жай әдістерге бағынбайтыны аңғарылады» [3].

Олай болса, мұның теориясы – педагогикалық технология мен бүгінгі модернизацияны өмірге әкелуге басты қозғаушы күш. Аталған тағылым мен қисынның моделі тек әлемге әйгілі педагогтардың еңбектерінде ғана емес, ол ұғым-пайымдарды, дидактиканың пәлсапалық негізіне бағындыра отырып, өз шығармашылығымен бүкіл әлемге мәшһүр болған, ата мұра – асыл мұра бабаларымыздың еңбектеріне технология қағидасымен аналитикалық тәсілмен талдау жасалып, әдістемелер мен педагогикалық технологиялар нысаналардың дидактикалық пәлсапасынсыз тұл екеніне оның ешбір мәнінің жоқтығына көзімізді жеткізеді. Былайша айтқанда, субъектінің құр технологиялар мен әдіс-құрамдардың әдістерін прагматикалық мақсатта қолданғанымен, нәтижеге жете алмайды.

Әсіресе, интермәтін мәселелері әдебиеттануда да, лингвистикада да өзекті тақырыптардың бірі. Сондықтан интермәтінді студенттерге үйретуде көптеген жаңа технологияларға жүгінуге болады.

Ғылыми айналымға интермәтіндер постмодернистік әдебиетке қатысты еңсе де, олар барлық әдеби ағымда жазылған шығармаларда кездесіп, түрлі қызмет атқарады: хабарлау, ойды дамыту, қорыту, бағалаушылық, модальділік тудыру, мәтін түзу сияқты қызметтері



оларды тек жазба мәтіндерде ғана емес, сөйлеу тілінде де қолдануға мүмкіндік береді. Бұл автордың күзiретi болса, интермәтiндер оқырмандар үшiн де аса маңызды.

Себебi оқырман көркем шығарманы оқып отырғанда онда келтiрiлген басқа мәтiндер мен олардың таңбаларына назар аудармай қала алмайды, яғни маркерленген түрлi келтiрiндi мәтiндер де, маркерленбеген мәтiн үзiндiлерi де оқу үдерiсiнде формальдық тұрғыдан да, семантикалық тұрғыдан да көркем шығарманың тұтастығына, тиянақталуына ықпал етiп, оны экстралингвистикалық факторлармен байланыстыруға, нәтижесiнде дербес интерпретация жасауға жәрдемдеседi.


Студенттерге интермәтiндi түсiндiру барысында бiрiншi кезекте жүйелiлiк ұстанымына жүгiнемiз. Өйткенi, интермәтiндi «мәтiн iшiндегi мәтiн» деп, мысалдармен көрсету жеткiлiксiз болады. Мәселен, қазiргi қазақ прозаларында интермәтiн цитата, цитата сөз, аллюзия, реминисценция, пародия, символика, мәтiндi аяқтау арқылы көрiнедi.

Қазақ көркем мәтiндерiнде, мәселен, мынадай интермәтiндер жиi кездеседi: А.Сүлейменовтың «Адасқақ», Д.Исабековтың «Гауһар тас» туындыларының тақырыптары халық әндерi атауларына (цитатасына) негiзделсе, Ғ.Жайлыбайдың «Бiр қыз бар Жезқазғандасы» Естайдың бiр жолының өзгертiлген цитатасы; А.Сүлейменовтiң «Ситуация» повесiнiң эпиграфы орыс тiлiнде: «Нельзя стремиться к цели, пренебрегая средствами». Грэм Грин «Суть дела»; ашық цитация: «Қара жер –өлсең, орның сыз болады, Өткiр тiл бiр ұялшақ қыз болады». Iзгiлiк жасағанның бұл фәниде, Артында өшпейтұғын iз қалады» (Әбдiраштың Жарасқаны); жасырын цитация: «Қазақы көзқарас: Оқ жона алмадым! Мендегi азаптың салмағын, Iшiмде тұншықты Көтере алмаған талай жас арманым!..» (Е.Жүнiс); аллюзия: «Мұқым қайғы. Таяз бақыт. Күз. Қала. Сықырлайды аяз уақыт сыздана. Жын-ғасырдың жүгiн жеңiлдетем деп, Қап арқалап бара жатыр қыз бала» (Ғ.Жайлыбай); реминисценция: «... О, Мұқа, осындайда өзiң келiп, Замананың жiберсең сөзiн бөлiп, Мүмкiн, сен өлеңменен қоштасар ма ең, Бүгiнгi тiлдiң сиқын көзбен көрiп... Нысаны жоқ ұлы көш – iргелi iстiң, Бекер зарлап «жартасқа», құр керiстiм. «Қазақтың жiгiтiнен дос таба алмай» Өзiңнiң рухыңмен сыр бөлiстiм» (Д.Мәсiмхан).

Бұлардың бәрi де мәтiндер арасындағы семантикалық құрылымдық байланыстарды көрсетiп, көркем мәтiндегi позициясы әр қилы болып келедi, яғни эпиграф түрiнде немесе мәтiн iшiндегi мәтiн ретiнде, сондай ақ құрылымдық цитата ретiнде кездеседi. Интермәтiн теориясының аспектiсiнде дәйексөздер, реминисценция, аллюзия, назирагөйлiк, нарратив, мотив, дискурс, гипермәтiндiлiк, қосүндiлiк қарастырылады.

Сонымен, интермәтiннiң түрлерiн, берiлуiн түсiндiру барысында, төмендегiдей технологияларды қолдануға болады.

Кесте – 1. Қазiргi қазақ прозасындағы интермәтiндi инновациялық технологиялармен



Негізінен жеке пәндердің ғылыми әдістемелік жүйесін жетілдіруде *деңгейлеп оқыту технологиясының* орны ерекше. Әдіскер ғалым, профессор Т.Жұмажанова ол туралы былай дейді: «Деңгейлік оқыту бойынша әр деңгейдің әдістемелік мақсаты, міндеті көрінеді, оқу материалына қатысты тапсырмалар бір деңгейден екіншіге қарай күрделене түседі».

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясының дидактикалық, педагогикалық, психологиялық негіздемесін С.Рубинштейн, Л.С.Выготский, В.В.Давыдов, Л.В.Занков, Ю.К.Бабанский, Б.П.Беспалько, В.М.Монахов т.б. ғалымдар өз зерттеулерінде жүйелеген. Ал әдіскер-ғалым Ж.А.Қараевтың «деңгейлеп саралап оқыту технологиясының» [4] негізгі идеясы оқытуды ізгілендіру мен демократияландыруға құрылған, яғни мұнда білім алушы өздігінен дұрыс шешім қабылдап, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға ретінде қалыптастыра алады.

Деңгейлік саралау технологиясы білім алушы мен ұстаздың белсенді шығармашылық қызметін дамытумен қатар, білім алушыларға өз білімін жаңа әдіс-тәсілдермен бағалауға мүмкіндік береді. Мәселен, әр деңгейдің өз бағалауы бар. Олардың барлығы білім алушының көз алдында тұрады. Мұның өзі білім берудегі негізгі тетіктер болып табылады.

Интермәтінді деңгейлік технология арқылы оқытуда студенттерге төменлегідей деңгейлік тапсырмалар әзірлеуге болады.

1. Цитата дегеніміз не?
2. Цитата мен реминиценцияның ортақ ерекшеліктері қандай?
3. Назирагөйлік дәстүрдегі шығармалар бір-бір қайталау ма? (Пікірталас)
4. Мотив, нарратив, реминиценция, гипермәтінді интермәтін теориясымен байланыстыра отырып, мысал келтіріңіз

Мұндай тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай ұйымдастырыла отырып, студенттердің үздіксіз білім жинақтауына әсер етеді.

Ал, *ұжымдық оқыту* білімді жеке тұлғаға қарай бағыттап беру технологиясына жатады. Оны кейде «ұйымдастырылған диалог», «ұжымдық оқыту» деп те атайды. Ұжымдық оқыту тәсілдерінің басты белгілері: әр студенттің жеке қабілеті, дарынын дамыту, ұжымдағы әрбір мүшені оқыту және әркімге ортақ жұмыстағы бір-біріне көмегі, ынтымақтастық болып табылады. Ұжымдық оқыту тәсілдерінде оқытушы мен студенттің іс-әрекеті алмасып келіп отырады. Оқытушы іс-әрекеті, қызметін ұжым атқарады, яғни жаңа білімді меңгерту, тапсырмаларды орындауда, бір-бірінің жұмыстарын саралау, бағалауда, талдауда өздері жетекшілік етеді.

Ұжымдық оқытудың бір түрі – *топтық жұмыс*. Негізінен дәстүрлі оқытуда топтық жұмыстар тұрақты болып келеді, яғни берілген тапсырмаларды топ болып орындайды. Ұжымдық оқытуда тұрақты топ болмайды, олар жиі ауысып отырады.

Топтағы студенттердің әрқайсысы басқа топқа барып, жұмыстарын ортаға сала алады, үнемі қозғалыс, ауысып отыру бұл оқытудағы топ жұмыстарының өзіндік ерекшелігін даралайды. Топқа студенттер өз еркімен де, оқытушы нұсқауымен де кіре алады. Мұндай жұмыстарды орындау барысында «Броундық қозғалыс», «Галереяға саяхат» тәсілдерін пайдалану өте тиімді. Студенттерге жаңа тақырып туралы ақпарат берместен бұрын «Броундық қозғалыс» әдісін пайдаланып, «Қазақ прозасындағы интермәтін» деген тақырып беріледі.

Мәселен, Асқар Алтайдың «Кентавр», Айгүл Кемелбаеваның «Қоңырқаз» әңгімелеріндегі көне аңыздар мен мифтердің мазмұнын құрайтын адам мен табиғаттың бірлігі, тепе-теңдігі көркемдік ойлау жүйесінде түрлі символдық мәнге ие поэтикалық бейнелердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін талдай отырып, осы әңгімелердегі интермәтін мәселелерін тани алады.

Осы секілді Т. Әбдіктің «Парасат майданы», А. Алтайдың «Туажат», К. Сегізбаевтың «Арасан», Н. Қамидың «Шал», Д. Батырдың «Тілеп алған қасірет» сынды прозалық шығармаларды талдату арқылы студенттерді ұжымдық белсендіру арқылы, тақырыптың мәнін ашуға болады.

Әдіскер – ғалымдар: «Ұжымдық оқыту әдісінде барлық студент белсенді түрде жұмысқа тартылады, олар жұп құрап, кезекпен алмасуы арқылы бірін-бірі үйретіп, бірі үйреніп әрқайсысымен тілдік қатынасқа түседі [5]. Яғни, ұжымдық оқытуда топтағы студенттердің ортақ мақсаттары болады, алынған білімді бір-біріне сол сәтте жеткізеді, өзара әрекеттестік пен ынтымақтастық қалыптасады, тақырыптар мен тапсырмалар әртүрлі болады. Сол себепті ұжымдық оқыту технологиясы студенттің өз ойын еркін айта білуіне, басқалармен теңдей тілдік қарым-қатынас жасай білуге негізделген. Түйіндей келе, оқытудың ұжымдық түрі оқытушының бақылаушы және бағыттаушы қызметімен айқындалатын, білім алушыға көп міндет жүктелетін технология.

Сондай-ақ, қазіргі кездегі кеңінен тараған технологиялардың бірі – *сын тұрғысынан ойлау технологиясы*. Аталған технологияны пайдалану арқылы студентті тыңдай білуге, бір-бірінің пікірін бағалауға, өз ойларын анық жеткізуге дағдыландырамыз, оларды өз бетімен жұмыс істеуге бағыттаймыз.

Сыни ойлау технологиясын пайдалануда студенттерге лирикалық прозаларды беру арқылы, сонымен қатар, лирикалық шығармалардағы портреттердің берілуін салыстыра талдату арқылы интермәтіндік белгілерді ажыратуға болады. Лиризм әдебиеттің ең кең қолданыстағы жанры болғандықтан, мұндай шығармаларда реминисценциялық шегіністердің жиі берілуі, мотив, аллюзия сынды интермәтінді талдауда маңызды.

Қорыта келгенде, дүние жүзіндегі инновациялық үдерістердің барлығы кез-келген мемлекеттің экономикалық дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз етумен бірге, ғылыми-техникалық ілгерілеуін де едәуір жылдамдатады. Өйткені, мемлекет дамуының негізі болып табылатын инновациялық саясат кез-келген бәсекеге қабілетті мемлекеттегі ғылым дамуының бағытын анықтайды. Инновациялық үдеріс жаңа бір өнімнің алынуын білдіреді де, ол идеяның пайда болуынан бастап, оның коммерциялық тұрғыда жүзеге асырылуына дейінгі ұзақ жолды қамти отырып, әр түрлі қарым-қатынастар кешенін өз қарамағына алады.

Сыни ойлау технологиялары болсын, деңгейлік оқыту, ұжымдық технология болсын инновациялық үдерістердің өнімі деп есептеледі. Көркем прозаларды оқытуда жаңартылған үдерістерге ілесу студенттердің жеке тұлға ретінде қалыптасып, дамуын қамтамасыз етеді. Сондықтан, әдебиеттің теориясын да, әдістемесін де ғылым мен білімнің шеңберінде қарастыра отырып, студенттердің терең қабылдауын қамтамасыз ете алатындай дидактикаларға сүйенеміз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі.– Алматы: Рауан, 1997.
2. Педагогикалық ізденіс. – Алматы: Рауан, 1990. Б. 215-290.
3. Жұматаева Е. Жоғары мектепте әдебиетті білімденудің инновациялық технологияларымен оқыту. – Павлодар: Кереку, 2012. – 224 б.
4. Қараев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологий обучения: дис. ... док.пед.наук. – Алматы, 1994. – 345 с.
5. Көшімбетова С. А Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары: Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Алматы, 2004. – 270 б.

**ӘОЖ:821.512.122.**

#### **ЕГІСТІКТІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Есенова Нарима Борibaевна,**

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты

Сонымен фразеологиялық тіркестер сөздерден тұратын болғандықтан, сол сөздердің құрылысын, грамматикалық ерекшеліктерін осы тарауда қарастырдық.

Грамматика – о баста грек тілінің *gramma* /жазу, жазу өнері/ деген сөзі. Келе-келе сөздің бастапқы мағынасы мүлдем кеңейген. Қазір грамматика – лингвистиканың негізгі терминінің бірі; тілдің грамматикалық құрылысын зерттейтін дербес ілім.

Ұлттық фразеологиялық қордағы фразеологизмдердің мағынасы, синонимдік қатары, варианттарды зерттеу елегінен өтіп, едәуір ғылыми нәтижелерге қол жеткізді. Міне, бұл бағыттағы зерттеулер фразеологизмдерді таза құрылымыдық тұрғыдан тексеруге жатады.

Фразеологизмдерді құрылымдық тұрғыдан зерттеу кезінде оның құрамындағы сөздің мағынасын ашу, этимологиялық талдау жасау, варианттарын көрсету, синонимдік қатарын анықтау тәрізді маңызды жұмыстар атқарылды. Біздің еңбегімізде етістікті фразеологизмдерге грамматикалық семантикалық, мағыналық топтарына мән бердік, жазылған ғылыми-зерттеу жұмыстарын шама-шарқымыз жеткенше бір жүйеге топшыладық.

Сондай-ақ жалпы халықтық тілдегі фразеологизмдерді етістікті фразеологизмдер негізінде қарастыру арқылы олардың тілдік табиғатын тілдік тұрғыда тереңірек түсініп, қазақ фразеологиясы саласында теориялық зерттеулердің пайымдаулардың шеңберін кеңейте түстік, сонымен бірге әр типтегі фразеологиялық бірліктерді қарастырудың тәсілі мен әдісін нақтылай түсуге мүмкіндік жасадық. Диплом жұмысын жазу барысында әдеби тіл үлгілеріндегі тұрақты сөз орамдарын қарастырудың теориялық мәселелерін айқындай түсуге септігін тигізуі мүмкін.

Тұрақты сөз орамдарын немесе фразеологизмдерді тілдік құрылымдық жүйе ретінде күрделі бірлік ретінде лингвистикалық деректерді молынан пайдалана отырып жан-жақты қарастырдық.

Тұрақты сөз орамдары әдетте сөйлеу кезінде жасалмайтындығын. “даяр” күйінде қолданылатынын, тұлғасы жағынан сөз тіркесі немесе сөйлемге, мазмұн жағынан дара сөзге ұқсас тиянақты тілдік бірліктердің қатарына жататындығына тоқтала келе олар фразеологиялық мағынасынан басқа мәдени ұлттық мазмұнға, өзге тілдік бірліктерге қарағанда аса бай болатындығы ескерілді.

“Фразеологизмдердің грамматикалық ерекшеліктері” деп аталатын алғашқы тарауда қазақ тіліндегі фразеологиялық тұлғалар, олардың сөз табына қатысы лексикалық құрамы мен грамматикалық сипаты, компонент құрамы, морфологиялық құрылысы, синтаксистік қызметі жиналған материалдармен талданды. Сонымен бірге қазақ тіл білімінде фразеология мәселелері 40-жылдардан бастап зерттеушілер назарына ілінгендігі, олардың зерттеу объектілері болды.

Екінші тарауда етістікті фразеологизмдердің бір мағынада жұмсалыуымен қоса, бірнеше мағынада жұмсалатындығы да тілдік тұрғыда қарастырылды. Алайда фразеологизмдердің бәрі бірдей емес, идиомалық түрлері әрдайым дара мағыналы болады, ал фразалық тіркестердің кейбіреулері ғана көп мағыналы болатындығы байқалады. Сондай-ақ етістік фразеологизмдерінің варианттылығы етістік фразеологиялық синонимдер, етістік фразеологиялық антонимдер өз ішіндегі компоненттермен салыстыру арқылы байқалады.

Үшінші тарауда етістікті фразеологизмдерді мағыналық топқа жіктеу үшін анықтауды бірінші кезекте қажет ететін етістіктің семантикасы мәселесіне тоқталдық. Түркі және қазақ тіл біліміндегі тәжірибелерге сүйене отырып, етістікті фразеологизмдерді былай топтастырып қарастырдық. Топтастыруда лексика-семантикалық топ мүшелерінің жалпылауыш семалар арқылы байланысуын, парадигмалық қатар жасау мүмкіндігін, мағыналық жағынан ұштасып жатуын, а/ актив әрекет, іс-қимыл етістікті фразеологизмдер, ә/ сөйлеу етістікті фразеологизмдер, б/ қарым-қатынас етістікті фразеологизмдер деп бірнеше топқа бөліп қарастырдық.

Мәселен, аударманың көркемдік қасиетіне, эмоциялық, эстетикалық әсеріне айрықша мән беріп, алдымен тек соның жеткізілуін қадағалайтын зерттеушілер, кейде еріксіз, сол көркемдік ерекшеліктерді жасауға тікелей қатысты тілдік құралдарды талдап кетеді. Ал,

керісінше, тіл мамандары әлгі тілдік факторларды талдай келе, бұлардың көркем құрал есебінде атқаратын қызметін саралайды. Осылай болуы заңды. Өйткені, біздің ойымызша, көркем аударма әдебиет пен тілге тікелей қатысты. Егер мұны құсқа теңеп бейнелеп айтсақ, құстың қос қанатсыз ұша алмайтыны сияқты, көркем аударма да әдебиет пен тіл қағидаларынсыз дами, өркендей алмақ емес.

Аударманы творчестволық процесс деп оның эстетикалық мәніне, әсеріне баса назар аударатындар мен лингвистикалық мәселе ретінде тексеретін тілшілердің екеуі де бұл проблеманы бір жақты ететін тәрізді. Өйткені аударма мәселесінде бұл екеуін бөліп, олардың екінші тілдегі көрінісін жеке-жеке іздестіру жарамайды. Бұлай аударма проблемаларын түбегейлі тексеру мүмкін емес.

Шындығында аударманың творчестволық процесс екеніне ешкім дау айта алмаса керек. Ал сол творчестволық процесс екінші тілде қалай, немен жеткізілуге тиіс? Егіздің сыңарындай, тіпті бірінен-бірі туып, біріне-бірі жалғасып жатқан құбылыстың жігін ажыратып байланыссыз қарастырудың қажеті қанша. Ал аударманың творчестволық процесс екеніне дауымыз болмаса, мұның тек тіл құралдары арқылы іске асырылатыны тағы анық. Сонда, теориялық топшылау жасағанмызда мұның «эмоциялық мәселелері» немесе «лингвистикалық мәселелері» деп бөлек-бөлек қарастыруға негіз бар ма?

Аудару процесінде де, теориялық анализ жасау барысында да лингвистикалық құбылысты эстетикалық-эмоциялық әсерден бөлуге тіпті болмайды. Өйткені әдемілік дегеніңіз лингвистиканың функциясына жатады. Көркем контексте лингвистикалық құбылыстың осындай қызметі байқалмайтыны белгілі. Лингвистикалық элементтегі эстетикалық қызмет (функция) дегеніміз көркем туындыға бір сөзді жазған замат немесе оны аударған бойда көрінеді.

Осы айтып отырған эстетикалық әсер дегеніңізді алсақ, ол тіл құралдары арқылы жасалады. Сөйтіп, аудармада бұл екі процестің екеуі де қатынасады. Онсыз аударманың жасалуы мүмкін емес.

Тілдің әрбір элементі көркем контекстке ене отырып, сапалық өзгеріске ұшырайды. Яғни лингвистикалық құралдардың қабілеттілігі көркемдік мән-мағынаға айналып жатады. Сондықтан да: «В диалектическом единстве лингвистического и художественного, в способности отмеченного качественного превращения и состоит возможность преодоления основного противоречия, выраженного в формуле — перевод прекрасного с одной лингвистической системы на другую», — деген теоретик О. Кундзичтің пікіріне қосылуға тура келеді.

Сонымен қатар жағымсыз эмоциялы етістікті фразеологизмдерді жылау, қорқу етістікті фразеологизмдер деп қарастыра отырып, шылау етістікті фразеологизмдерді оны бейнелейтін етістікті фразеологизмдердің образдылығы да ерекше екендігіне мән бердік.

Бір тілдегі грамматикалық мағына мен сол мағынаның берілу амал-тәсілдері – сол тілдің грамматикалық құрылысы деп те аталады. Ал ондай амал-тәсілдер тілдегі жеке-жеке сөздердің басын қосып біріктіріп, бір-бірімен байланыстырады. Соның нәтижесінде айтылмақшы ой-пікір мағыналы сипатқа ие болады. Екінші сөзбен айтсақ, тіл атаулының негізгі коммуникативтік функциясы, яғни тілдің қарым-қатынас, пікір алысу, адамдардың бір-бірімен өзара түсінісу құралы болу қызметі, сол тілдің грамматикалық құрылысы арқылы атқарылады.

Бұдан шығар бір қорытынды: грамматика – тілдің негізгі функциясын, қарым-қатынас құралы болу функциясын, жүзеге асыру жолдары мен амал-тәсілдері туралы ілім. Грамматиканың, дәлірек айтқанда, тілдің грамматикалық құрылысының, осындай мән-маңызын ескере отырып, грамматиканы – лингвистика, яғни тіл туралы ғылым деген ұғымның бір синонимі ретінде қолданылып жіберушілік те кездеседі.

Қысқасы, лингвистикада грамматика деген ұғымның мағынасы өте кең. Осыған байланысты лингвистикалық әдебиеттерде грамматикаға, сайып келгенде, мән-мазмұны, түп-төркіні бір, түрлі-түрлі анықтама беріледі:

Грамматика – тілдегі сөздердің өзгеруі мен сөйлемдегі сөз тіркестері ережелерінің жиынтығы; сол ережелерді сипаттайтын оқулық “грамматика” деп аталады /С.И. Ожегов/.

Грамматика – сөз формаларының жасалу, қолданылу жолдарымен сөйлемдегі сөз тіркестерінің өзгерілу заңдылықтары /ережелері/ туралы ілім /Н.И. Кондаков/.

Грамматика – тілдің құрылысы туралы ілім; тіл білімінің сөз формаларының өзгеру жолдарын, сөз тіркестері формулаларын және сөйлем типтерін зерттейтін тарауы /О.С. Ахманова/.

Тілдің грамматикасы дегеніміз, сайып келгенде, грамматикалық құрылысы. Дәлірек айтсақ, тілдің грамматикасы дегеніміз – тілге тән грамматикалық категориялар жиынтығы мен жүйесі /Б.Н. Головин/.

Жоғарыда келтірілген анықтама-түсініктемелерді қысқаша бір қорытындыласақ: грамматика – лингвистиканың үлкен бір тарауы; грамматика – тілдің негізгі коммуникативтік қызметін жүзеге асырушы амал-тәсілдер туралы ілім; грамматика – сөз формаларының жасалу, өзгерілу жолдары мен заңдылықтары, сондай-ақ, сөз тіркестері формулаларының заңдылықтары, олардың сөйлемге тіркесу амал-тәсілдері туралы ілім; грамматика – тілдегі сөз құрылысы мен сөз тіркестері, сөйлем типтері туралы ілім.

Грамматиканың негізгі объектісі – тілдің морфологиялық және синтаксистік жүйесі; оның ішінде грамматикалық форма, грамматикалық мағына, грамматикалық категория, бір тілдегі грамматикалық формалардың көріну амалдары сол арқылы айтылмақшы мағыналардың берілу тәсілдері, олардың байланысу, тіркесу жолдары мен типтері.

Осыған орай, грамматика үлкен-үлкен екі салаға бөлінеді: морфология және синтаксис.

Морфология – гректің *morphe* /форма/ деген сөзінен алынған термин.

Морфология – тілдің морфологиялық категориялары туралы ілім. Ол белгілі бір тілге тән сөздердің грамматикалық категориялары мен сөз формалары грамматикалық категорияларының жиынтығы мен жүйесі.

Морфология – сөздердің өзгеру жолдары мен амалдары, грамматикалық формалары мен грамматикалық мағыналарының берілу тәсілдері туралы ілім; морфология – сөздердің формасы туралы ілім.

О.С. Ахманова морфологияны тілдің сөз түрлендіру жақтарын қарастыратын, сөз жасау жақтарын қарастыратын, сөз тіркестерін қарастыратын деп үш түрге бөледі. Бұлардың бірінші сөздердің грамматикалық формаларын жасауда тілдің тиісті бір единицаларының грамматикалық құралдарына көңіл бөледі; екінші тілдің сөз жасау тәсілдерін зерттейді; үшіншісі сөз тіркестерінің морфологиялық жақтарын, дәлірек айтқанда, сөз тіркестерінің құраушы элементтердің морфологиялық белгілерін қарастырады.

Синтаксис – гректің *syntaxis* /құрастыру, түзу/ деген сөзінен алынған термин. Синтаксис тілдегі сөздерді байланыстырып, сөйлеу құрылысын зерттейді. Ол – сөйлеудің негізгі единицаларын, яғни сөз тіркестері мен сөйлемді зерттейтін ілім. Өзінің осы объектісіне сай, синтаксис өз ішінен негізгі екі салаға бөлінеді: бірі – сөз тіркестері синтаксисі, екінші – сөйлем синтаксисі. Сөйлем синтаксисі өз ішінен жай сөйлемдер синтаксисі, құрамалас сөйлемдер синтаксисі болып тағы да екі салаға бөлінеді.

Біздің қарастырып отырған мәселеміз фразеологизмдердің грамматикалық ерекшеліктері болып табылады.

### **Пайданылған әдебиеттер:**

1. Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. Алматы, Мектеп, 1988.
2. Қожахметова Х. Фразеологизмнің көркем әдебиетте қолданылуы. Алматы, Мектеп, 1972.
3. Нұрғазиева Г. Етістік фразеологизмнің қазақ тілі түсіндірме сөздігінде берілуі // Қазақ тілі түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. Алматы, Ғылым, 1989.
4. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы /өңделіп және толықтырылып 2-басылуы/ Алматы, Санат, 1994.

Пангереев А.Ш  
 ф.ғ д., профессор, [pan.abat@mail.ru](mailto:pan.abat@mail.ru)  
 Дауылова Ж.Т  
 докторант, [jak9292@mail.ru](mailto:jak9292@mail.ru)  
 Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ.,  
 Ақтөбе, Қазақстан

**Аңдатпа.** Мақалада Шернияз Жарылғасұлының ақындық шеберлігі, тіл қолданысы, импровизатор ақын ретіндегі өзіндік сөз өрнегі қарастырылады. Шернияздың арқалы ақын болуымен қатар сауаттылығы негізінде ел ішінде молда атануы, билік жүргізуі жөнінде деректер беріледі. Сонымен бірге Исатай, Махамбет бастаған көтеріліске қатысуы, өзі өмір сүрген дәуірі туралы толғаныстары талданады.

**Кілт сөздер:** ақын, ақындық шеберлік, шешен, отаршылдық саясат, дәуір, импровизация.

### Шернияз и его эпоха

**Аннотация.** В статье рассматривается поэтическое мастерство, языковые словоупотребления, особенности выражений поэта-импровизатора Шернияза Жарылгасулы. Приведены сведения о том, что Шернияз был известным поэтом, а также был грамотным и властвовал. Вместе с тем анализируются его мысли о своей эпохе и об участии в восстаниях под предводительством Исатая и Махамбета.

**Ключевые слова:** поэт, поэтическое мастерство, оратор, колониальная политика, эпоха, импровизация.

### Sherniyaz and his era

**Annotation.** The article deals with poetic mastery, language usage, features of expressions of the poet-improviser Sherniyaz Zharylgasuly. Information is provided that Sherniyaz was a famous poet, and was also literate and dominated. At the same time, his thoughts on his own era and on participation in the uprisings led by Isatay and Makhambet are analyzed.

**Keywords:** poet, poetic skill, orator, colonial policy, era, improvisation.

Шернияз Жарылғасұлының атағы үш жүзге бірдей мәлім. Оның себебі Шернияздың өткір сөзінің, уытты тілінің халық көкірегіндегі айтылмақ ойды дөп басып жырлауында. Әр өлке Шерниязды өзінің ақыны тұтып, оның айтқан сөздерін жаттап айтып, өлеңдерін ауыздан – ауызға таратқан. Шернияздың атағының алысқа кетуі осыдан.

Шернияз 15 жасар шамасынан - ақ кішкене ділмар шері атанады. Сол он бес шамасында Шернияз адайдың атақты ақыны домбырашы Абылмен кездеседі. Абыл кіші жүз елін аралап жүріп, кете еліне келеді. Осы кезден бастап Шернияз Абылды ұстаз тұтып, қасына ереді.

Шернияз ел ісіне де белсене араласады. Исатай Тайманов бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісіне қатысады. Исатай-Махамбет көтерілісінің ұраншысының біріне айналады. Нұртуған ақынның айтуынша, Жаман жыраудың аузынан жазылып алынған бір мәліметте: «Аққете Шернияз жиырмаға келгенде Исатайдың дабысына құмартып, сонымен таныс болуға әдейі іздеп барыпты» делінеді. Бұл 1836-1837 жылдар шамасы болуы керек, өйткені Жайықтың бергі бетіне Исатайдың атағы шыққан жылдары осы кез. Бұл деректен ақынның қоғамдағы өзгерістерге бей-жай қарай алмайтындығы, сөйтіп Исатай-Махамбет бастаған халық көтерілісіне қатысқандығы мағлұм болады. Халық атынан сөйлеп өзін сол

ұлттың төл баласы санайтын ірі ақындар дәуір тынысынан шет тұра алмайтындығы осыдан байқалады.

Шернияз өмір сүрген дәуір Ресей патшалығының қазақ даласына отаршылдық саясатын жүргізген дәуір. Елді басқарудың хандық жүйесінің шегесі босап «бөлшекте де билей бер» деген патшалы Ресейдің жымысқы саясаты қазақ жұртын шеңгелдеп қысып келе жатырған кезең болатын.

Міне,осындай алмағайып кезең ежелден қалыптасқан жыраулық дәстүрді ұстанған, сөйтіп ұлт идеологтарына айналған ақындарды тарих сахнасына шығарды. Жыраулық дәстүрді ұстанған деп тұрғанымыз бұл кезең ақындары әрі жырау әрі ақындық функция атқарды.Себебі олар өз заманының бейнесін ақынша толғап, мұңын жырауша жырлаған.

Исатай қазаға ұшырап, көтеріліске қатысқандар жазаға тартыла бастағаннан кейін, Шернияз Баймағамбет сұлтанның құдалауына түседі. Бас сауғалап лажсыздан Баймағамбетке бағынышты болып, онымен татуласса да, Исатаймен жолдас болған кезін аңсауын, қуғында жүрген Махамбет ақынмен кездесуін қоймаса керек.

Баймағамбет Шерниязды өз сынынан өткізеді. Шернияздың Баймағамбетке, оның үй - ішіне қарата айтылған мақтау, даттау өлеңдерден тұратын атақты арнаулары осы кезде туған.

Шернияздың туған, өлген жылы туралы дәл мәлімет әртүрлі. Кейбір деректерге қарағанда, Шернияз 1817 жылы туып, 1881 жылы қайтыс болған. Бұдан басқа да деректер бар. Олардың ішіндегі ең маңыздысы, әрі нақтылысы Шернияздың туған жылын дәл көрсететін дерек деп патшалы Ресейдің Айрықша тапсырмалар жөніндегі шенеунігі Лазаревскийдің Орынбор шекара комиссиясының төрағасы В.М.Ладыженскийге жолдаған рапортында көрсетілген мәліметті атау керек. Бұл рапорт (донесение) 1850 жылдың 26 маусымында жазылған екен. Бұл жазба құжатта Шернияз 42 жаста деп көрсетілген. Осы факт бойынша Шернияз 1808 жылы туған болып шығады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін ол рапорт мәтінін толықтай келтіре кетейік.

Ярлыкaшев Ширнияз (Шернияз Жарылғасұлы) –мулла, бий, 42 лет. Небольшого роста, плотен; с рябоватым лицом выражение которого чрезвычайно изменчиво и совершенно повинуется произволу; живыми умными глазами; маленькой черной бородою и усами. Сын известнейшего в алимулинском поколении своей ученостью и влиянием муллы. Айдарова отделения, малаева потоотделения. Место кочевания: летнее – по Уилу, Киилу, Большой и Малой Хобдам, Илеку и Чингирлау; зимнее – на Тайсугане, иногда на р.Уил. Имеет одну жену и четырех сыновей. Состояние: посредственное. Весьма умен, очень способен и хорошо грамотен (по -татарски); прекрасно говорит. Общее мнение признало в нем первого в Западной части импровизатора: сложенные им песни известны в орде и повторяются многими. Характера живого, извилистого, вкрадчивого, изменчивого, непостоянного; чрезвычайно честолюбив; искателен и, смотря по обстоятельствам, служит то тому, то другому; отлично усерден, ежели захочет служить, и усерден с весьма большой пользой для того, кому он служит. Способностью убедительно говорить он приобрел замечательное влияние на однородцев; в орде его все знают и отличают. Предан. За преданность г.бывшим председателем Комиссии, с разрешения г. военного губернатора, награжден большим золотым перстнем с печатью в 30 руб. серебром. Под судом и следствием не состоит, в неблагонамеренных и неприличных поступках изобличае не был, предосудительных страстей я за ним не замечал. [1.280]

Тіл-әдебиет институтында Шернияздың 1925 жылы Москвада басылған Алыш ақынның варианты, Омарбек, Мәшһүр-Жүсіп жинаған варианты [2]– жалпы үш түрлі вариант бар («Шернияз ақын» өлеңдері, «Шернияз», «Шернияздың Баймағамбетке айтқаны»). Бұлардың аттары әр басқа болғанмен, желісі бір. Өлеңдер Шернияздың Баймағамбетке келіп кездесуінен басталады да, өзінің кім екенін таныстыру, Баймағамбеттің бұйрығы бойынша, оның қызын, әйелін, өзін мақтау, Исатайды мақтау,Медебаймен (бір вариантында Марабай делінеді) айтысып жеңуімен аяқталады.



Алыш ақынның вариантында Шернияз өлеңдерінің аяғы Байғара болыстан зорлық көрген Шернияздың арыз айтуымен тынса, Мәшһүр-Жүсіп варианты Шернияздың Баймағамбеттің қызының тойын бастауы, Баянасқа айтқан өлеңімен аяқталады.

Нұржігітұлының «Шернияз тарихы» және Жәмет жыраудың «Аққете Шернияз өлеңі» атты қолжазбалары тағы бірнеше ұсақ өлең бар. Әсіресе құнды материал деп Нұржігітұлының қолжазбасын айтуға болады. Мұнда Шернияздың өмірімен байланысты оның әр жағдайда айтқан ұтымды қысқа-қысқа бір ауыз, екі ауыз өлеңдері мен бұрынғы баспа, жинақтарда болмаған «Шернияздың Қазы би мен Әлен төреге айтқан сөзі», «Терме», «Өмір туралы айтқаны» дейтін бірнеше жаңа өлеңі бар. Бұл өлеңдері Шернияздың көзқарасын айқындау үшін бағалы материалдар деуге болады.

Шернияз ақын - оқыған, хат білген адам. Оны бір жағынан жоғарыда көрсетілген рапорттан байқасақ, екінші жағынан Шернияздың әкесі Жарылғас ел ішінде көзі қарақты адам, молда деп аталынады. Кейбір мәліметтерде Шернияздың өзін де әйелдер «молда қайын аға» деп атаушы еді дейді.

Шернияз өлеңдерінің құрылысы мен қолда бар материалға қарағанда, ол өлеңдерін жазып шығарған адам емес, ауызша, керегінде жанынан тез шығарып айтуға бейім ақын екендігі аңғарылады. Өйткені өлеңді тез шығаруы жағынан алсақ та, тілі жағынан алсақ та немесе айтыстарында қолданған әдіс жағынан қарасақ та, Шернияз өлеңдерінде суырыпсалмалық дәстүр берік сақталады. Бұл өнер түрінің өзіне тән сан алуан ерекшеліктері бар. Соның бірі - жепелдеме сөз тапқыш, әзір жауаптылық. Бұл қасиет Шерниязда анық байқалады. Баймағамбет шабамын деп, қылышын суырып алғанда айтқан «Хан қолында ұстаған, қысқа қылыш» дейтін өлеңін импровизаторлықтың тамаша үлгісі деп айта аламыз. Табан астында сөз тауып, өлең шығару – Шернияз ақынның өзіне тән ерекшелігі.

Бұл суырыпсалмалық қасиет Шернияздың халық ақындарының дағдылы салтын берік сақтағандығын айқындайтын жайттың бірі. Алайда Шернияз халық ақындарының әдістерін берік сақтайды деп тұрсақ та, оның өзіне тән, өзінің ақындық бетін көрсететін ерекшелігі де жоқ емес. Қай кезде болсын, тарихтан орын алған ақындардың бірінен екіншісінің айырмасы болмай қоймайды. Осы тұрғыдан қарағанда Шернияздың өз кезіндегі, не өзінен бұрынғы ақындардан айрықша бір ерекшелігі - оның өмір құбылысын шебер суреттеуі, поэтикалық тілінің аса қуаттылығы.

Қазақ әдебиетіне Шернияздың әкелген бір жаңалығы да осы, яғни ертеден келе жатқан импровизация өнерін кемелдендіре, жетілдіре түсіп, оны өзіне қарсыласушылардың міндері мен кемістіктерін, оғаш мінездерін көрсетуге, әжуа етуге шебер пайдалануында демекпіз. Бұған үлгі ретінде, Шернияздың Баймағамбет төремен кездескендегі айтқандарын атаса жеткілікті.

Шернияз өлеңдеріндегі сыншылдық қуаттың қайнары оның шындық пен әділдік жолындағы өршіл күрескерлік рухында жатыр. Ақынды Исатай мен Махамбет бастаған кескілескен бітіспес күрес аренасына алып келген де осы қасиеті еді. Бұл күресте ақын ретінде оның жырларындағы өршілдік пен өткірлік қасиеттер ұтқырлық танытты. Халықты күреске үндеп, Исатайға жалынды жырымен дем берген ақын соқтықпалы, астан-кестен тағдырдың сынағынан өтті. Күрес жеңіліске ұшырап, амалсыздан Баймағамбеттің қасынан табылғанымен, ол осы өршілдігінен айныған жоқ. Жеңіліс оның жігерін жасыта алмады. Исатай бастаған күрескерлік қозғалысқа тілеулестігін бәсеңдетпеді. Адамдық болмыс, тіршілік тілегі шегініс тапқанмен, өршіл рух қашан да үстем тұрды.

Көл қылып құйдым талай судай ағын,

Сөйлей көр өлмей тұрып тіл мен жағым.

Дүниенің машақатын шектім талай,

Алмасын тірлікте елдің бағын! –

дегендей, Шернияз көтерілісшілер қуғынға ұшырап, халықтың дағдырған талайы мен өз басының өкінішін айқын аңғартады.

Тіл өткірлігі – терең сыншылдықтың құралы, оны ақын өлеңдерінен айқын көреміз. Шындықты бетке ұстап, дұрыстық жолынан тайсалмаған ақын қашан да тура сөйлеп, бетке

айтады. Шайырдың өтімді пікірі, әсіресе, оның Баймағамбетке айтқан сөздерінен айқын көрінеді.

«Ақынның шын сырын, шын көңілін Исатай туралы айтқан өлеңдерінен көруге болады, – дейді Қ.Жұмалиев, Исатай жөнінде қолданған әр сөз, әр образында үлкен махаббат, терең сүйіспеншілік жатқаны аңғарылады». [3, 74]

Шынында да, Исатай образы – ақын шығармаларындағы орталық идеялық тұғыр, көркемдік-идеялық тұрғыдан идеалды образ деңгейіне көтерілген бейне. Ақын батыр бейнесін ерекше шабытпен, көркемдік қуатпен жырлайды. Оның адамдық қасиеттерін, батырлығын, ел қамқоры болған қайраткерлік қимылдарын үлгі етеді. Елді Исатай секілді әділ де адал, халық үшін жанын аямайтын адамдар билеуін армандайды. Ақынның бүкіл шығармашылығында желі тартып отыратын батырдың асыл тұлғасы әр қырынан көрініп, ақын армандаған ел басшысының біршама жинақтық образы беріледі.

От ауызды, орақ тілді шешен, ділмар ақын Шернияз әрі би, әрі молда болған кісі дедік. Соған қарағанда ақын басынан өткен оқиғалар мен өлең-жырларын өзі жазып таратуы да мүмкін. Шынында да Қазан төңкерісіне дейін-ақ, Қазақстанның барлық өлкесіне даңқы жайылған Шернияз шығармаларын қазақтың көптеген ақындары жаттап алып, елге таратып жүрген.

Бұл ретте Х.Сүйіншәлиев: “Шернияз аты үш жүзге мәлім. Оны әр облыс ақындары сүйсіне жырлайды. Көкшетауда – Алыпш, Жетісуда – Сүйінбай мен Омарбек, Балқашта – Шашубай күні кешеге дейін Шернияз өлеңдерін жырлап келген-ді. Бұлардың әрқайсысы оның жырын өз естулерінше айтып жүрген. Бірақ, олар Шернияз өлеңдерінің негізгі арнасын бұзбай сақтап отырған” [4.29]– деп байыпты пікір білдірген. Бұлардан басқа Баянауылдағы Мәшһүр Жүсіп, Бесқаладағы Шәйіп, Қазалыдағы Базар, Нұртуған т.б. ақын-жыраулар да Шернияз толғауларын өзінше өрнектеп, елге өнеге ретінде ұсынған. Әсіресе, Базар мен Сүйінбай сынды жыр жүйріктерінің өлеңдерінен Шернияз сарынын айқын аңғаруға болады. Сүйінбайдың Тезек төреге арнаған толғауларындағы бір қатар мотивтер (кәрі ат, кәрі атан, Абылай, Айшуақ, Нұралы хан т.б.) Шернияздың Баймағамбет сұлтанға айтқан атақты толғауларын еске салатындай. Сондай-ақ, 1925 жылы Ташкентте жарық көрген “Терме” жинағында Шернияз, Базар, Сүйінбай өлеңдерінің қатар басылуы да бұл ақындардың ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінде елеулі орын алғанын байқатады. Шернияз бен Базардың шығармашылық стилінде өзара ұқсас тұстар жеткілікті. Екі ақынға ортақ басты қасиеттердің бірі – олар нені жырласа да жеріне жеткізіп, тауыса айтады, кімді сынаса да өлтіре мінеп, масқаралап шеней айтады. Әсіресе, екеуінің адамның жақсы-жаман образын ашудағы теңеу, салыстырулары мен қағытпа сөздері қайталанбас айшықтылығымен қалың қазақтың есінде қалған.

Сондағы Шернияздың сөзі:

Көк үйрек көлде отырған жергілікті,

Ғалымдар шарифаттан жол біліпті.

Жолдасы ер Исатай - ер Махамбет,

Сөз барма тыңдайтұғын ескілікті? - деп қоштасарда қимас ағадан ескере жүрер есті сөз айтуды сұрайды. Оған жауап ретінде ақын ағасы жұмбақпен ой жасырады. «Тар жерде сөйле дедің, бол әзір деп. Осыдан өзім қайтып келгенімше, Би Шернияз, жауабын қой әзірлеп», - деген жолдарымен аяқталатын 17 жолдық «Махамбеттің жұмбағы» беріледі. Бұл өлеңнің бір құндылығы «Шернияз шешен болсаң, бұл сөзімді желдей болжа», «Би Шернияз, жауабын бұл сөзімнің қой әзірлеп» - деген жолдарда «Шернияз шешен», «Би Шернияз» деген сөздердің тұңғыш рет ақын Махамбеттің аузынан шыққандығында. Шернияздың кіші жүздің биі екендігі патша шенеунігі Лазаревскийдің рапортында айтылғандығын жоғарыда көрсеттік. Бұдан Шернияздың тек қана ақын емес, сонымен бірге би, шешен болғандығын да көреміз. Түптеп келгенде бұл сол дәуірдің бейнесін де танытады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. ЦГА РК. Ф. И-4. Оп. 1.Д. 2512. Л. 164-171. Подлинник // «Ойыл» Энциклопедиясы. - Ақтөбе: «Полиграфкомбинат» ЖШС, 2010. -337б.
2. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры. 1010 – бума.
3. Жұмалиев Қ. XVIII -XX ғасырлардағы қазақ әдебиеті.-Алматы: Мектеп, 1967. -436
4. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасуы кезеңдері. - Алматы: Қазақстан, 1997.- 388 б.
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991.- 240 б.
6. Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. –Алматы: ҚМКӘБ, 1960.- 998 б.
7. Досмұхамедұлы Халел. Таңдамалы (Избранное). - Алматы: Ана тілі, 1998. -384 б.

УДК 821.811.512

## РЕВЕРСИВНЫЙ МОТИВ ПРОТАГОНИСТА ПОВЕСТИ Т. АБДИКОВА "ОРАЛУ".

К.М.Гакрама,

к.ф.н., ассоциированный профессор кафедры социально-гуманитарных наук ФОС, КазГАСА  
МОК г. Алматы

### *Түйін сөздер:*

*Әңгіме, заманауи проза, автор бейнесі, кейіпкер бейнесі, мотив, сюжет.*

### *Аңдатпа*

*Бұл мақалада оқиганың басты кейіпкерін туған жерлеріне қайтару мотиві қарастырылады. Әңгіме барысында өзінің алғашқы сүйіспеншілігін бейнелейтін таныс қызына барған адамның бейнесі ашылады. Сюжеттің атауы жазушы шығармашылығының жетекші тақырыбын білдіреді-оралу, достық, махаббат, туған өлке бейнесіне үндеу, адамның балалық шақпен үздіксіз байланысы.*

### *Keywords:*

*Story, modern prose, image of the author, image of the hero, motive, plot*

### *Summary*

*This article considers the motive for the return of the main character of the story to his native land. The image of a man who rode to his familiar girlfriend, personifying his first love, is revealed throughout the plot. The title of the story denotes the leading theme of the writer's work - the return, appeal to the image of friendship, love, native land, the continuous connection of a person with childhood.*

Персонажную сферу литературы составляют обособленные индивидуальности. Разнообразие видов персонажа вплотную подводит к **вопросу о предмете художественного познания**: персонажи выступают носителями нравственных качеств; существование собирательных героев выявляет интерес писателей к общему в разных лицах. Как бы широко ни трактовать **предмет познания в художественной литературе, его центр составляют человеческие сущности**, т. е. прежде всего герои произведений.

Имя казахского писателя Т. Абдикова занимает значительное место в ряду выдающихся мастеров современной прозы. Толен Абдиков зачислен в ряд известных писателей и общественных деятелей Казахстана. Общественная и творческая деятельность Т. Абдикова, личность писателя оказали воздействие на современную отечественную литературу, искусство и культуру нашего народа [1]. Ему принадлежит большое количество художественных произведений. Среди которых мы рассмотрим повесть "Оралу". Эта повесть о возвращении

героя в прошлое, детство, связанное с родными краями, о теплых воспоминаниях, благородной душе и благодарной памяти сердца.

Мотив возвращения в художественной палитре произведений восходит к мотиву путешествия, он является одним из самых распространенных и древних в мировой литературе. Как оказалось, это далеко не случайность. В древние времена не было современных средств коммуникации и связи, путешествие было одним из немногих способов расширить свой кругозор. Описание жизни художественного персонажа — это тоже своего рода путешествие. Внимание же авторов художественных произведений всегда было направлено на человеческую судьбу, на развитие личности и событий, влияющих на нее. Мотив возвращения домой считается излюбленным приемом авторов, герои произведения возвращаются после путешествия, чаще всего он выступает в роли развязки, однако нередко он выступает и в роли развития действия. Существует целая классификация мотивов реверса: мотив-возвращение из путешествия, мотив возвращения в родные края, мотив возвращения наяву и во снах, воспоминание-реверс и т.д.

В произведениях Т.Абдикова довольно часто используется лейтмотив возвращения в прошлое, к примеру – встреча после долгих лет Абдукарима с Батимой (из повести «Оралу»), встреча и прощание Сайлау с отцом (из повести «Әке») или воспоминания известного врача Эдуарда Бейкера и его возвращение к своим истокам в повести «Тозақ оттары жымындайды». Воспоминание – основная мысль, заложенная в повестях и рассказах Т.Абдикова, поскольку человек любит и ценит на протяжении всей жизни свою родину, ее природу, мать и отца, он навсегда прикован к своему детству и юности, к счастливым минутам, к добру и теплу, которые он снова и снова постигает в момент возвращения. И это всегда притягивает его, напоминает о себе, поскольку ощутив связь с детством, человек обретает душевный покой и необыкновенную радость.

В повести «Оралу» автор с нежностью описывает прилив чувств, которые испытывают сыновья в объятии матери. По сюжету у главного героя нет матери, ухаживает за ним и помогает ему выздороветь тетя Магрипа, мать Батимы. И когда он нуждается в материнской ласке, она обнимет и согреет его, а он почувствует любовь и тепло: «Менің жүрегім тарс-тарс соғып, қорқынышымды әлі баса алмай жатқанымда, өмірімде мұрным тығып көрмеген ана көкірегінің жанға жайлы, жұпар ісінен жүрегіме жан кіргендей денем балқып, рақатқа шомып, бір қиял дүниесіне еніп кеткендей болдым» [2, с. 80]. «Оралу» – это повесть о немолодом человеке, который на протяжении всего сюжета ехал к своей знакомой девушке, олицетворяющей его первую любовь, о воспоминаниях, связанных с детством и юностью, с девочкой по имени Батима. Эта повесть о детстве и юности главного героя Абдукарима, который окутывается в прошлое по дороге к своей первой возлюбленной Батиме. Тема детства в мировой литературе – одна из вечных тем, в течение своей эволюции подвергавшаяся пересмотру и получавшая различные интерпретации. Особенно громко она стала звучать с освоением художественным творчеством воспитательных теорий просветителей и прочно утвердила свои позиции в качестве приоритетной на протяжении двух столетий.

Абдукарим считал Батиму и сестрой, и той доброй подругой, школьной напарницей, соратницей, олицетворяющей в своем образе нить, связывающую его с родиной и детством. Она и он были свидетелями тяжелой жизни казахского аула в военные и послевоенные годы. В детстве они играли в семью, играли и в войну, вместе делили парту и хлеб, вместе смеялись и поддерживали друг друга в болезни.

Главный герой представлен в повести в качестве мужчины средних лет, имеющего свою семью, супругу и двоих детей, желающего повидаться со своей первой возлюбленной. Внешность Абдукарима не описывается, все повествование о нем направлено на его отношение к Батиме. Раскрывается его стремление к чистоте и честности, надежности в их дружбе. Так, например, автор описывает детскую шалость главного героя, который делает себе татуировку с ее именем, что означает его особую духовную близость к ней: «Теріге кірген иненің ұшы кіршілдеп, жанымды шығарып барады. Сонда да ернімді тістеген күйі «Бәтима» деген сөздің денемде мәңгі-бақи қалып қоятынына ішімнен риза болып, көптен

аңсап жүрген ерлік сезімдер денеме шымырлай күйылды» [2, с. 84]. В повести «Оралу» Толеном Абдиковым достигается одна из главных целей творчества – дать возможность читателю осознать собственную уникальность, ощутить себя полноценным человеком, способствовать обретению чувства ответственности за себя и за мир. [3] Название повести обозначает ведущую тему творчества писателя — обращение к изображению дружбы, любви, родного края, непрерывной связи человека с детством. Причем возвращение здесь происходит не только в буквальном, но и в переносном смысле. Изменения, произошедшие с героем, нашли свое отражение не только во внешней стороне его жизни, но и в его душе. Приехав в родные края, увидев Батиму, Абдукарим в этот момент возвращается к себе самому, прежнему и юному.

За время прожитой жизни многое изменилось, прежде всего, сам Абдукарим, его мироощущение, его внутреннее «я». Его встреча с Батимой — своеобразное «возвращение» героя, основной результат всех душевных переживаний Абдукарима мы встречаем в этой развязке. Роль «возлюбленной героя» играет Батима, навеки соединиться с которой ему помешали, появившиеся по мере взросления, родственные чувства. Как видим, мотив возвращения реализуется в сюжетной схеме повести благодаря двум описаниям Батимы, выполняющим ту же самую функцию — роль «возлюбленной героя», описание в воспоминании и портрет во время встречи. «Возвращение» — это радостное воспоминание, возвращение к детству, появление положительных эмоций. «Возвращение» же Батимы - это преобразование чисто внешнее, не требующее каких-либо душевных движений, не затрагивающее сущности ее характера. «Возвращение» героини — это «узнавание» ее героем, возвращение ее к юности. Батима является самым дорогим и любимым человеком для него в юности. Когда ему предлагают жениться на Батиме, то он испытывает чувство стыда, поскольку он относится к ней со всею чистотой высокой любви: «Үйлену, сөйтiп, кәдiмгi әйелге айналдыру. О, тоба, мынау масқара қорлық емес пе?! Мен Бәтиманы сәби күйiнде сүйiшпiн де, сол сәби күйiнде жүрегiмде сақталып қалыпты. Және ол махаббат адамдардың перiштенi, пайғамбарды сүйгенi тәрiздi болды» [2, с. 91].

В описании внешних данных Батимы автор особое место уделяет ее прическе, к примеру, он описывает ее детскую привычку поправлять спадающие волосы в юности, при этом он оттеняет ее стройную фигуру: «Серiкбайдың Бәтима деген жалғыз қызы менiмен шамалас. Шашы жалбыраған, талдырмаш, ақсары қыз. Шашы көзiне түсе берген соң, басын әлсiн-әлсiн кейiн серпiп, сiлкiп тастай берудi әдет қып кеткен» [2, с. 72]. То же самое мы наблюдаем и во время встречи через много лет: «Сыртқы есiк ашылып, iштен жеңсiз сұр халат киiп, шашын төбесiне түйген, орта бойлы әйелдiң әсем тұлғасы көрiндi. Әйел маңдайына түскен шаштарын самайына жүре қыстырып, сыртқа шыққанда оның Бәтима екенiн анық таныдым» [2, с. 97]. Таким образом автор подчеркивает внешнюю красоту, которую она не утратила и в последствии.

С теплотой автор рисует образ родного близкого человека, словно сестренки, сравнивая ее с мягким котенком, которого он готов прижать и приласкать: «Мысықтың баласындай жып-жылы, жұп-жұмсақ. «Сүйгенi сұлұ болады» дедiм iшiмнен. Оның өзi де осы кезде керемет сұлу едi. Қызығып кетiп, бетiнен, мойнынан иiскедiм де, ақырын ғана шашынан сипадым» [2, с. 82]. Показывая внутренние качества героини, автор создает образ женственности, спокойствия, миловидности, надежности, уверенности и привлекательности: «Сiз жұртқа өте ұнайсыз. Сiз әрi сыпайы, салмақты, әрi жұрт пiкiрiн қостай бiлетiн, достарыңызды қиыншылыққа қалдырмайтын адамсыз. Бiрақ сiздiң сенiмiңiзге ие болу аса жеңiл емес» [2, с. 103].

**Средствами раскрытия характера выступают в произведении различные компоненты и детали предметного мира: сюжет, речевые характеристики, портрет, костюм, интерьер и пр.** При этом восприятие персонажа как характера не обязательно нуждается в развернутой структуре образа. **Литературный персонаж — это человек**, степень конкретности его представления может быть разной и зависит от многих причин: от места в системе персонажей, от рода и жанра произведения и пр. Но более всего принципы

изображения, само направление детализации определяются замыслом произведения, творческим методом писателя.

Ее отношение к главному герою проявляется в заботе и поддержке, в уходе за ним: «Алдында бір аптадай жөтеліп жүргем. Сабақ үстінде ыстығым көтеріліп, буындарым дірілдеп, салқын қардың үстіне қисайып, ұйықтағым келді. Бәтима бір қолымды иығына асып, сүйретіп, өз үйіне кіргізді. Пеш үстіне жатқызып, қымтап тастады. Сөйтуім мұң екен, Бәтима бетін басты да, жылап қоя берді» [2, с. 79].

Ее переживания и сочувствие к другу проявляются в описании чувствительности этого женского персонажа, она не только плачет, но и борется за его здоровье. С помощью слез автор усиливает и сцену расставания двух молодых людей: «Бәтима бірдене айтқысы келіп, алдыма келді де, үндемей төмен қарап, көйлегінің етегін ұзақ қысты. Бәтима басын көтергенде су екені, әлде көзінің жасы екені белгісіз, бетінде ірі-ірі тамшылары ілініп тұрды» [2, с. 93]. Эта эмоциональность применена и в описании их встречи в зрелом возрасте: «Бәтима менің кеудеме басын сүйеп, дыбыс та шығармай, тіл де қатпай, анда-санда екі иығы селкілдеп, үнсіз жылады. Ұзақ жылады» [2, с. 97]. Женские слезы, как считает автор, очень сильно действуют на сознание мужчины и особенно влияют на его отношение к ней. Так, например, автор описывает ответную реакцию Абдукарима на слезы Батимы: «Жүрегім жып-жылы сезім билеп, өзімнің де тамағыма бір ыстық түйіншек тіреліп қалды», «Жүрегімді біреуі жұлқып қалғандай болды» или «Кенет Бәтиманың аққұба жүзінен сорғалап тұрған жасты көргенде селк ете түстім». Итак, слезы в качестве эмоции использованы автором в пору болезни Абдукарима, в момент расставания и во время встречи после долгих лет.

В повести характер главного героя и пояснение типа через другие персонажи становится явным. Все персонажи, так или иначе оттеняющие главного героя, введены в сюжет очень естественно: – Батима, подруга детства, – Магрипа апай, хозяйка дома и мать Батимы, – Мурат, шофер, который вез главного героя к Батиме и т. д. Все они составляют ближайшее окружение главного героя – Абдукарима.

В произведениях Т. Абдикова основная тема – духовный рост, нравственное совершенствование человека, не забывающего свои истоки. Духовно совершенный человек должен быть честным не только в своих поступках, но и в своих помыслах, внутренних мыслях, сохраняя в себе эту чистоту с детства и юности. Талантливые художественные произведения, написанные автором в русле темы возвращения, неоднозначны, так как каждое из них сохраняет свою самостоятельность и актуальность. Таким образом, мотив возвращения варьируется во многих сюжетах повестей и рассказов Т. Абдикова. Мотив возвращения реализуется и в сюжете повести «Тозақ отары жымындайды», где описываются воспоминания главного героя. Иногда он воспроизводится непосредственно внешним действием персонажа, в событийной цепи произведения. Иногда мотив этот реализуется только в духовной жизни героя, в его сложной внутренней работе. Порой мотив «возвращения» проявляется в замене описаний персонажа, выполняющего одну и ту же сюжетную функцию.

### Литература:

1. Сидихменова Т.И. Традиции Абая в повести Толена Абдикова «Разума пылающая война» /Алтай – золотая колыбель тюркского мира, 2013. Усть-Каменогорск.
2. Төлен Әбдікұлы. Оң қол. Повестер мен әңгімелер. – Алматы, Атамұра, 2002. - 352 бет.
3. <https://articlekz.com/article/11484>

## ҒЫЛЫМ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАР

Қ.Т. Алтайбекова

Қ. Құлажанов ат. технология және бизнес университетінің қауым.проф. фил.ғ.к., Астана

Мақалада ғылым тілінің қалыптасуы туралы көзқарастар анықталып, негізгі ұстанымдар жан-жақты талданған. Ғылым тілінде қазақ тілінің бар байлығын, оның ішінде, архаизмдер, кәсіби және термин сөздерді пайдаланудың ерекшеліктері айтылады.

В статье определены взгляды на формирование языка науки, всесторонне проанализированы основные принципы. В языке науки выражено все богатство казахского языка, включая архаизмы, особенности употребления профессиональных и терминологических слов.

**Тірек сөздер:** тіл, ғылым тілі, термин, стиль, метатіл.

Ғылымның тілі – ХХ ғасырда көтерілген үлкен ғылыми мәселелердің бірі болды. Философиялық, логикалық зерттеулерде ғылымның логикалық аппараты қарастырылған болса, тіл білімі ғылымында жүргізілген зерттеулерде ғылыми тілді құрайтын негізгі бірліктер ретіндегі терминдер және олардың байланыстары мәселесі қаралады. Аталған ғылым салаларының зерттеу алаңы ортақ мәселеде – *ғылымның семантикалық құрылымы* мәселесінде тұтастып кетіп отырады [1, 3б.; 10]. Алғашқы, кең мағынадағы философиялық түсінік бойынша *ғылым тілі* – жүйесі мен құрылымы бар жалпы *ғылыми білім* ұғымын қамтиды. Ғылым тіліне семантикалық талдау жасау мәселесін арнайы зерттеген ғалым С.Е.Никитинаның қолданған жіктемесін қабылдай отырып, *ғылыми білімді* шартты түрде *1а ғылым тілі* деп аламыз. Ғылым тілінде: *категориялық – ұғымдық аппарат, терминдер жүйесі* және *ұғымдық аппарат* пен *терминдерді жасаудың жолдары* мен *құралдары* болады. Олардың өзі іштей бөлінеді. Жеке ғылым тіліндегі категориялық – ұғымдық аппарат үш деңгейді қамтиды: бірінші деңгейге – философия, логика және табиғи тіл кіретін болса, екінші деңгейге – жалпы ғылыми ұғымдар мен түсініктердің жиынтығы, ал үшінші деңгейге – нақты ғылым саласындағы ұғымдар мен түсініктер жүйесі жатады... Терминдер жүйесі нақты ғылым саласының төл терминдерінен және математикалық терминдер мен символдар қабатынан құралады [2; 10]. Екінші, тар мағынадағы логикалық түсінік бойынша, ғылым тілі – формалды таңбалық жүйелердің жиынтығы болып табылады (оны шартты түрде *1б ғылым тілі* деп атаймыз – Қ.А.). «Тар мағынадағы түсінік кең мағынадағы түсініктің құрамына кіреді... Екінші, тар мағынадағы, формалды логикалық тіл (1б) бірінші, яғни кең мағынадағы ғылым тілін (1а) бейнелеудің, сипаттаудың тәсілі болып табылады. 1б ғылым тілі әдетте екі қабаттан құралады: нысан-тіл және көмекші тіл (метатіл). Терминдердің анықтамаларын құрау, ол анықтамалардың (дефинициялардың) типтеріне сипаттама жасау да осы 1б ғылым тіліне қатысты мәселелер аясына кіреді» [1, 11б.; 10]. Тіл білімі ғылымында қарастырылатын лингвистикалық түсінік бойынша, кең мағынадағы ғылым тілі – ғылыми мәтіндердің тілі (*2а ғылым тілі*). Тар мағынадағы ғылым тілі – ғылыми пәннің өзіне тән салалық метатілі (*2б ғылым тілі*). Ғылыми мәтіндерді зерттеушілер оларды: *а) функционалдық стиль* ретінде және *ә) функционалдық тіл* ретінде қарастырып келеді. Ғылым тілін алғашқы зерттеу кезеңінен бері келе жатқан ескіше көзқарас бойынша, ғылыми мәтіндерді функционалдық стиль ретінде қабылдайтын ғалымдар оны стилистиканың нысаны ретінде түсінеді. Осы мәселені арнайы қарастырған ғалымдардың бірі С.Әлісжанов «ғылыми тіл – адам қызметіндегі ғылыми аяны қамтамасыз ететін тілдің бір түрі, осы саланы сипаттайтын мәтіндердің жиынтығы. Ғылыми стиль функционалды, бұл термин тілдің ғылыми мәтіндердегі синтезделу заңдылықтарын қарастыру үшін қолданылады. Ғылым тілі ұғымы ғылыми стильдің ядросы мен шеткері аймағын құрайтын таңбалық бірліктердің, қолданыстардың грамматикалық және

семантикалық құралдарының тұтас жүйесі. Бұл ұғымдар өзара байланысты, сондықтан контекстік синонимдер ретінде қолданыла береді» деген пікірді ұстанады [1, 386.].

Ал ғылымның семантикалық құрылымын, терминдер мен олардың жүйеішілік байланысын зерттейтін ғылым тілі философтар мен лингвистердің ортақ нысаны болды. Әр ғылым саласының өзіндік тілін құрайтын номинативті бірліктер арасындағы семантикалық қатынастарды ашып, айқындау ісінің түбінде сол бірліктердің өздерінің табиғатын анықтауға алып келетіндігі белгілі болды.

Ғылым тілі бойынша ХХ ғасырдың соңғы ширегінде жүргізілген зерттеулер жаңа нәтижелер әкелді. Мәселен, ғылымның жеке саласы бойынша жазылған ғылыми мәтіндер тілін зерттеу мәселесіне қатысты алғанда, оның жалпыхалықтық тіл құрамына кіретіндігіне және когнитивтік, коммуникативтік қызметтерді қатар атқаратындығына байланысты стиль ретінде емес, жеке тіл ретінде қарастырылатындығы айқындалды. Ғылыми қолданысқа алғаш ХХ ғасырдың 60-жылдары енген «кішігірім тіл» (sublanguage, подязык) термині жалпылама қолданымға кірді. Оның *жалпыхалықтық* тілдің функционалдық бір түрі екендігі, әрқилы кәсіби қызмет аясында қолданылатындығы белгілі болды.

Ғылым тілінің дербестігі, оның «шағын тілдің» бір түрі болып табылатындығы туралы кеңінен сөз бола бастады. Мысалы, С.Е.Никитина ғылыми мәтін тілі мағынасындағы «ғылым тілі» терминінің синонимі ретінде «екінші қатарлы тіл» терминін қолданады [1, 256.]. Жалпыхалықтық тілдің негізгі бөлігін құрайтын әдеби тіл мен жалпылама қолданымға тән емес салалық ғылым тілдерінің арақатынасы айқындала бастады. Әдеби тілдің ең басты белгісі – нормативтілік. Тілдік норманы жалпылама қолданыстағы тілдің құрылымдық, жүйелік негіздеріне сәйкестендіріп жасау ісі тілдік дамудағы басты үрдіс екендігі баршаға аян. Ғылым тілін зерттеуші мамандар ХХ ғасырдың 70 – жылдары ғылым тілінде термин жасау және терминді қолдану процесінде әдеби тіл нормаларынан өзгеше үрдістердің байқалатынын жазған болатын [4]. Мұның өзі *норманың кәсіби варианттары* ұғымын енгізуге мүмкіндік жасады [5, 76.].

Ғылым тіліне жасалатын семантикалық талдауда оны (ғылыми тілді) өзіне тән арнаулы терминологиялық сөз құрамы болатын таңбалық жүйе ретінде, *ұғымдық-логикалық тілмен сәйкес* түсінуді кездеседі. Ғылым тілін бұлайша түсіндірудің «химия тілі», «математика тілі» ұғымдарымен, яғни түрлі ғылымдарда жасалған символдық тілдерді бейнелейтін ұғымдармен сәйкеседі. Мұндай тілдер ғылыми мәтіндер тілінің бір бөлігін құрайды. *Ғылым тіліне* символикалық тілдермен бірге өз терминологиясы бар кез келген ғылым тілінің кіретіндігі анық.

Терминологиялық жүйені құрып, реттеу мәселелерімен қатар ұлттық және халықаралық (ұлтаралық) деңгейдегі терминологиялық қызметтің негіздерін құрайтын терминологиялық, лексикографиялық ұстанымдарды (терминдерді лексикографиялаудың ұстанымдарын) анықтау міндеттерін алғашқылардың бірі болып қолға алған маман австриялық ғалым Э.Вюстер болған еді [6]. Бұрынғы Кеңес Одағында Д.С.Лотте, Т.Л.Канделаки, т.б. ғалымдар терминологияның ғылыми пән ретінде қалыптасуына, орнығуына атсалысты. Қазақ терминологиясының қалыптасып, дамуына А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедов, Қ.Жұбанов, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Ә.Абдрахманов, Ә.Айтбайұлы, Б.Қалиұлы, Ш.Құрманбайұлы, т.б. ғалымдардың қосқан үлесі мол болды.

Жалпы терминологияның нақты ғылым салалары бойынша дамуы ол саланың елдің әлеуметтік-экономикалық өміріндегі алатын орнына, қажеттілік пен сұранысқа байланысты болатыны анық. Жеке ғылым салаларының терминологиялық жүйелерін салыстыра зерттеген кезде ұлттық терминологияның жетістіктері мен кемшіліктерін де, ұлттық сана мен білім деңгейіне тән ерекшеліктерді де байқауға болады.

Ғылыми ұғымдардың жүйесі қай тілде де жүйелі түрде берілуі керек. Бір-біріне туыстас, төркіндес құбылыстарды атауда да ұқсас тілдік құрылымдардың қолданылуы шарт. Тілдік жүйе құрамында ұғымдардың бір-біріне байланыстылығын, олардың арасындағы сатылы бағыныңқылықты дәл бейнелей алатын терминологиялық бірліктер болу керек. Бұл жерде белгілі бір ұлт тіліндегі білім мен ғылым, техника, мәдениет салаларының сол ұлтты құрайтын



халықтың дәстүрлі білім жүйесіне, ұлттық мәдениет ерекшелігіне бұрыннан тән болып, онымен сабақтаса өріліп, өрбіп жатуы аса маңызды. Бұл жағдайда ұлттық тілдің салалық терминологиядағы икемділігі, қолданым дәрежесі жоғары болмақ. Мысалы, қазақ халқына тән дәстүрлі шаруашылық түрлері бойынша жаңа терминдерді түзу ісі қиыншылық тудырмайды. Себебі бұл салада терминжасамның бұрыннан қалыптасқан жүйесі бар. Байырғы кездерден бері қалыптасқан дәстүрлі шаруашылық түрлеріне жатпаса да ұзақ жылдар бойы табиғи байлықтарды өндіруге, ғылыми пәндерді оқытуға, т.б. байланысты қалыптасқан ғылыми тілі, терминжасам үлгілері бар салалар да көп. Мұндай салаларда терминдерді ұлттық тілдің сөздік қоры негізінде түзудің жүйесі қалыптасып, орныққан. Кейінгі кездері ғана жаңадан пайда болып жатқан ғылым салаларының тілі қалыптасу үстінде. Жаңа ғылым салаларының терминологиясы тілдегі жасанды лексикалық қабатты құрайды. Себебі жаңа ұғымды атаушы бірліктің қолданым аясы өте шектеулі. Ол нақты ғылым саласындағы бір терминдік мағынаны ғана атауға қолданылады.

Ерте дамыған ғылым салаларындағы терминжасам ісінің латын, грек, араб тәрізді халықаралық қолданыста болған тілдер негізінде қалыптасқандығы мәлім. Бұл кезеңдегі терминжасамға жартылай жасандылық тән болды. Нақты ғылым салаларының терминдер жүйесі кейде стихиялы түрде дамып отырады. Білімнің ерекше бір саласы ретінде қалыптасқан терминология ғылымы бұл іспен арнайы айналысатын лингвистердің араласуы арқылы жақсы жолға қойылды. Леонардо да Винчи, М.В.Ломоносов тәрізді ғалымдар ғылымның тілін дамытудағы лингвистиканың маңызын жақсы түсініп, ана тілінің грамматикалық құрылысына жіті көңіл бөлген еді.

Терминжасам мәселесі әлемдегі алуан түрлі елдердің ғалымдары тарапынан ғасырлар бойы зерттеліп келеді. Дегенмен ұлттық терминология ғылым-білім, техниканың дамуына байланысты жаңа салалармен, күрделі ұғымдармен толығып отыратын болғандықтан, терминдердің тілдік табиғаты толық ашылып, анықталып болды, түпкілікті зерттелді деп кесіп айту қиын. Мысалы, қазақ тіл білімінде ұлттық терминология мәселелері бойынша ондаған диссертациялық еңбек қорғалып, қаншама салалық терминологиялық сөздіктер жарыққа шыққанымен, терминдердің ашылмаған қыр-сырлары әлі де көп-ақ. Қазақ терминологиясын ғылым ретінде дамытудың басты жолы – оның салалық ғылыми тілдерін зерттеп, олардағы терминдер жүйесін реттей отырып, сұрыпталған терминдерді дер кезінде ғылыми айналысқа түсіріп отыру.

*Металингвистика, метатіл* атаулары ғылыми айналымға ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап ене бастады. Тіл білімі бойынша үлкен энциклопедиялық сөздікте [7, 297б.] және «Тіл білімі сөздігінде» [8, 219б.] «металингвистика – метатілді объект-тілдің сипаттау құралы ретінде зерттейтін лингвистиканың саласы» деген түсінік беріледі. *Металингвистика* терминіне О.С.Ахманова сөздігінде: «1. психолінгвистика, экзолінгвистика; 2. «Екінші қатарлы» тілдер (метатілдер) туралы ғылым» деген анықтама келтіріледі [9, 230 б.]. *Металингвистика* және *метатіл* терминдері қазақ тіл білімінде соңғы кезде жарық көрген Ғ.Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі» атты еңбегінде де қамтылады [10]. Аталмыш еңбекте металингвистикаға «тілді қолданушы адамдардың санасымен, қоғамдық өмірімен байланысты тілдің ішкі мағыналық ерекшеліктерін зерттейтін тіл білімінің саласы» ретінде түсіндіріледі. Сөздікте терминнің екінші мағынасы да (*табиғи адамзат тілін нысан етіп зерттейтін «екінші қатардағы» тіл туралы ғылым*) келтірілген. Осы сөздік мақалада *метатіл* терминіне сілтеме жасалады. Метатілге байланысты сөздік мақалада оның адамзаттың табиғи тілін объект («объект-тіл») етіп зерттейтін «екінші қатардағы» тіл, методологиялық тіл екендігі көрсетіледі [10, 213 б.]. Бұл жердегі «*екінші қатардағы тіл*», «*методологиялық тіл*» деген түсініктемеде аса құнды тұжырым жасалып отырғандығын айту қажет. Бұл біздің зерттеуіміздің тұжырымдарымен үндеседі. Одан әрі автор: «Тіл біліміндегі метатіл көбінесе объект тілдегідей тіл бірліктері негізінде жасалады. Сөйтіп, ол табиғи тілді сипаттай отырып, әрі өзі де табиғи тілдің бір бөлігі ретінде көрінеді. Тіл біліміндегі метатіл күрделі құбылыс, оның негізінде, бір жағынан, терминаралық жүйелі қатынастар, екінші жағынан, тілді зерттеуде қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінен

тұратын жалпы ғылыми лексика жатыр» деген тұжырым жасайды. Ғалым, біріншіден, метатілдің *терминаралық жүйелі қатынастарға* қатысын өте дәл байқаса, екіншіден, метатіл негізінде ғылыми лексиканың жатқандығын да айқын көрсетеді. Автор «ғылыми қатынас құралы ретінде терминнің метасөйлеуде нақты байқалатынын, олардың қатынасының лексикографиялық құралдарды жасауда, белгілі бір терминдерді түсіндіруде көрінетінін» жазады. Осы жерде терминнің мазмұны метатіл жүйесіндегі тіл бірлігі ретінде ашылатындығы да сөз болады. Бұдан әрі автор: «Метатілде қабылданған тіл біліміндегі ұғымдар жүйесі методологиялық бағыттарға қатысты болып келеді. Белгілі бір бағыттың философиялық (методологиялық) негіздеріне байланысты бір термин әртүрлі түсіндірілуі мүмкін» деген түсініктеме жасап, *фонема* терминінің әртүрлі фонологиялық мектептердегі әрқилы түсіндірілуін мысалға келтіреді. Шынында да, метатілдік зерттеулер осындай әрқилылықты өзара салыстыра зерттей отырып, ғылым саласындағы ғылыми тілді бір ізге түсіреді.

Жоғарыда аталған тіл білімі бойынша «Үлкен энциклопедиялық сөздіктегі» метатілге арналған мақалада [7, 2976.]: «Метатіл (гр. meta – арқылы, кейін) – «екі»нші қатарлы» тіл, тілтанымдық зерттемелерде табиғи тіл оған қатысты нысан-тіл ретінде алынады. Термин алғашқы кезде *формалды тіл* мәнінде математика мен логикада пайда болған. Тіл білімінің метатілі көбіне табиғи тілдің бірліктері негізінде жасалады... Метатілдік жүйе жасау – терминдерге (ұғымдар мен номенклатураларға) инвентаризация жасау ісі – тілтанымдық зерттеулердің аяқтаушы, қорытушы кезеңі болып табылады. Тіл білімінің метатілі – күрделі құбылыс. Оның негізінде, бір жағынан, терминдер арасындағы жүйелі қатынастар, екінші жағынан, жалпығылыми лексика, яғни тілдік зерттемелердің түрлі аспектілеріне сипаттама жасауда қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері жатады. Метатіл, ғылыми пікір алысу құралы ретінде белгілі бір сала мамандары арасында болатын метасөйленімде жүзеге асады» – деген түсінік беріледі. Сөздікте, сондай – ақ, ғылымдағы түрлі бағыттар мен мектептер өкілдерінің метатілдерінде ерекшеліктердің болатыны айтылады. Автор мысал ретінде «фонема» терминінің мәніне қатысты москва, прага фонологиялық мектептері, ағылшын фонологиялық мектебі арасында елеулі айырмашылықтардың болып отырғандығын келтіреді. «Тіл білімі сөздігінде» [8, 2206.] «метатіл – тіл-құрал көмегімен объект-тілдің сипатталуы. Метатіл белгілі бір тілдің заңдары бойынша және оның бірліктерінен қалыптасады, сол тілдің бөлігі болып табылады. Метатіл терминология мен жалпы ғылыми лексиканы қамтиды. Әрбір нақты тілдегі метатіл лексикографияның жасалуымен, терминологияның интернационалдануымен және инновация-сымен, кодификация процестерімен, терминдерді жүйелеп, бір ізге түсірумен, т.б. байланысты ерекшеліктері бар» – деген ақпар беріледі.

Сөздіктердегі терминге қатысты ақпарды қорытар болсақ, біріншіден, грек тіліндегі «арқылы, кейін» ұғымында қолданылатын *meta* сөзі негізінде қалыптасқан *метатіл* терминінің (метаязык, metalanguage) жалпылама қолданыстағы кең мағынасы *нысан ретінде алынып отырған тілге (язык-объект) сипаттама жасайтын тіл, екінші қатарлы тіл* дегенге саяды [11, 66]. Екіншіден, ғылым саласындағы терминдер мен номенклатураға инвентаризация жасап, оларды түгендеу, ақырында келіп салалық метатілдік жүйе жасау ісі осы саладағы тілтанымдық зерттеулердің аяқтаушы кезеңі болып табылады екен. Үшіншіден, тіл білімінің метатілінің негізінде, бір жағынан, терминдер арасындағы жүйелі қатынастар жататын болса, екінші жағынан, жалпығылыми лексикаға кіретін сөздер мен сөз тіркестері жатады. Яғни, метатіл жалғыз терминдерден ғана құралмайды. О.С.Ахманова да осы орайда, металингвистика пәні туралы айта келіп, оның іс жүзінде үш негізгі аспектісі бар нақты метатіл болып табылатындығына тоқталады: 1) терминдер; 2) лингвистика метатілін толық түрде сипаттайтын атаулық сөз тіркестері мен олардың баламалары; 3) белгілі бір әлеуметтік – лингвистикалық аспект (метатілдің бұл түрі лингвистикалық бағыттың, дәуірдің және т.б. өзіндік ерекшеліктерін білдіреді). Ғалым лингвистикалық терминдердің қолданым ерекшеліктері жүйелі түрде зерттелмегендіктен, әртүрлі сөз – қолданыстардың орын алып отырғанын, бұл мәселедегі ала – құлалықтың шектен шыққандығын, лингвистиканың метатілі диалектілерге, тіпті идиолектілерге құлдырау үрдісі пайда болғанын және осылайша дүниеге

келген метадиалектілердің тез қарқынмен дамып, баршаға танымал болып, мұның өзі ғылым тілін түсінуде үлкен қиындықтарға ұшыратып отырғанын жазады.

Шынында да өткен ғасырдағы тіл білімі ғылымында болған алуан түрлі ағымдар, бағыттар мен мектептердің ерекшеліктері, өзара қайшылықтары, дәстүрлі сабақтастықтың бұзылуы терминологияда жергілікті «диалектілік» терминқолданымға алып келді. Бұл лингвистикалық терминологияны зерттеушілердің алдына терминдерді дәйектеп, оларды шектеудің, салыстырамалы, салғастырмалы зерттеулер жүргізудің күрделі міндетін қойды.

Ғалым терминнің көпшілікке танымал немесе бейтаныс мәселесіне тоқтала келіп, оның маңыздылығын анықтауда қолданылып жүрген әдіс-тәсілдерді атайды. Терминнің қолданым жиілігін анықтау үшін статистикалық деректердің маңыздылығын ескере отырып, терминнің көпшілікке танымалдығын осы тұрғыдан бағалаудың кейде қатерге ұрындыратынына тоқталады. Шындығында, онша танылмаған және мұндай танымалдыққа ие бола алмауы мүмкін терминдердің де сөздікке алынуына негіз бар екендігін жазады. Сондықтан терминдерді іріктеуде, сондай-ақ жалпы лексикографиялық жұмыста, көп жағдайда қол жеткен бүкіл ғылыми еңбектер мен анықтамалық басылымдарға, құрастырушының ғылыми тәжірибесіне сүйенуге тура келетіндігін ескертеді. О.С.Ахманова метатіл ұғымының терминология ұғымына қарағанда анағұрлым кең екенін, метатіл ретінде осы сөздің кең мағынадағы лингвистикалық сөзқолданысы алынатынын, алайда, өкінішке орай, лингвистикалық сөзқолданыстың біркелкі болмай отырғандығын жазады [11].

Метатілді философиялық, логикалық аспектіден қарастырушы ғалымдардың ой-тұжырымдары лексикографиядағы метатіл мәселесінің ғылыми-теориялық негіздерін айқындау үшін өте-мөте қажетті. Жалпы ғылыми тұрғыдан айтқанда, метатіл ретінде қандай да бір тілді сипаттау тілін атауға болады. Мәселен, жоғарыда сөз еткендей, лингвистикалық сипаттамаларда негізгі нысан – табиғи тіл болып табылады. Алайда күллі лингвистикаға қатысты жалпылама метатіл бар да тіл білімінің жекелеген бөлімдерінің, салаларының өз метатілдері бар. Және ол метатілдердің өздерінің зерттеу мақсатына сай түрлері болмақ. Ғылымның нақты бір саласының ғылыми тезаурусын құрайтын метатілдік аппараты болады. Мысалы, лексикографияда қолданылатын ұғымдар мен оларды атаушы терминдерді зерттейтін метатіл бар. Жоғарыда, С.Е.Никитинаның «метатіл» деп ат қойып, лингвистикалық терминдер сөздігіне қатысты жазып отырғаны да осы метатіл. Лексикографиялық терминдердің де лингвистикалық терминдер құрамына кіретіндігі дау тудырмайды. В.В.Морковкиннің «Сөздіктің құрылымы мен мазмұнын ашуға қызмет ететін ұғымдар мен оларды атаушы терминдердің, әртүрлі шартты белгілердің, таңбалардың, қаріптік өзгертулердің, т.с.с. жүйесі» деп отырғаны да осы метатіл.

Себебі, метатілдер вербалды және бейвербалды болып екі топқа бөлінеді. Сөздерден, сөйлемдерден, басқа да таза тілдік, фразалық бірліктерден тұратындары – вербалды болса, сөздіктердің ішінде кездесетін, жекелеген реалияларды бейнелейтін түрлі-түсті суреттер, ұғымдар мен құрылымдарды айқындайтын сызбалар, алуан-алуан логикалық символдар (шартты белгілер), сөздіктегі техникалық құралдар жүйесі – бейвербал метатілдік бірліктер.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1 Никитина С.Е. Семантический анализ языка науки. На материале лингвистики. – М.: Наука, 1987. – 138 с.

2 Абелян Н.Ю., Ким В.В. Стиль научного мышления и язык науки // Семиотические аспекты научного познания.– Свердловск: Урал. Гос. ун-тет, 1981. – С. 47 – 55. (158с.)

3 Қайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 42 б.

4 Даниленко В.П., Скворцов Л.И. Русская терминология: опыт лингв. описания. – М.: Наука, 1977. – 246 с.

5 Крыжановская А.В. Сопоставительное исследование терминологии современных русского и украинского языков: Проблемы унификации и интеграции. – Киев, 1985. – С. 60.

6 Wuster E. Grundsätze der fachsprachlichen Normung // Muttersprache. Mannheim-Zurich. – 1971. – J.81. September-Oktober.

7 Языкознание: Большой энциклопедический словарь / под. ред. В.Н. Ярцева. – 2-е изд. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2000. – 688 с.

8 Қазақ тілі: Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б.

9 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская энциклопедия, 1966. – 606 с.

10 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік – Словарь, 2005. – 440 б.

11 Словарь социолингвистических терминов / сост. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смагулова Ж.С., Аханова Д.Х., Каз. Нац. университет им. Аль-Фараби. – 2-е изд. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 330 с.

**УДК 327.(091)**

## **УСПЕХИ И ДОСТИЖЕНИЯ ВЗАИМНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА КАЗАХСТАНА И ТЮРКСКИХ ГОСУДАРСТВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СФЕРЕ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ**

**Р.Л. Абдрахманова**

**кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, ЗКИТУ, г. Уральск**

**Андатпа:** Мақалада Қазақстан мен түркі мемлекеттері, атап айтқанда Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Әзірбайжан және Түркия арасындағы өзара ынтымақтастықты дамытудың негізгі бағыттары ашылған. Қазақстан мен түркі мемлекеттері арасындағы, ең алдымен білім беру саласындағы ынтымақтастықтың жетістіктеріне баға берілген. Тәуелсіз және егеменді даму дәуірінде түркі мемлекеттерінің білім беру саласындағы ынтымақтастығының орны мен рөлі айқындалды.

**Кілт сөздер:** ынтымақтастық, келісім, түркі мемлекеттері, білім, студенттер, шәкіртақы, қор.

## **THE SUCCESSES AND ACHIEVEMENTS OF MUTUAL COOPERATION BETWEEN KAZAKHSTAN AND THE TURKIC STATES IN THE FIELD OF EDUCATION AT THE PRESENT STAGE**

**Abstract.** The article reveals the main directions of development of mutual cooperation between Kazakhstan and the Turkic states, in particular Uzbekistan, Kyrgyzstan, Turkmenistan, Azerbaijan and Turkey. The achievements of cooperation between Kazakhstan and the Turkic states, primarily in the educational sphere, are assessed. The place and role of cooperation of the Turkic states in the field of education in the era of independent and sovereign development is determined.

**Keywords.** Cooperation, agreement, Turkic states, education, students, scholarship, foundation.

С момента обретения суверенитета Казахстан уделяет особое внимание международным связям в сфере образования, в особенности со странами тюркского мира. Стратегически важным является формирование общего культурно-просветительского пространства считает Президент страны К.К.Токаев [1].

Турецкая Республика не только одна из первых признала независимость Казахстана. В начале 1990-х годов президенты Казахстана и Турции подписали договор о сотрудничестве в сферах образования и науки, реализовали проект, в рамках которого казахстанская молодежь

проходила обучение в высших учебных заведениях Турции. В апреле 1991 г. в рамках соглашения между правительствами Республики Казахстан и Турции в городе Туркестан был открыт первый в тюркоязычном мире Международный Казахско-Турецкий университет. В городах Алматы, Шымкент и Кентау появились отделения этого университета. В 1992-1995 гг. в городах Казахстана открылись 25 казахско-турецких лицеев и одна начальная школа. Это благородное дело осуществлялось при поддержке Казахско-Турецкого образовательного фонда (КАТЕУ). После установления дипломатических отношений между Турцией и государствами Центральной Азии Турция в 1992 году запустила большой студенческий проект и ежегодно предлагает стипендии тысячам студентам университетов, приезжающим из «атаюрта» (отечества). Турция была страной, которая предоставляла наибольшее количество стипендий для граждан Казахстана. Согласно статистике системы управления информацией о высшем образовании Турции, численность казахстанских студентов, обучающихся в Турции, в 2018/2019 учебном году составила 2191 человека [2, с.57].

Международный турецко-казахский университет имени Ходжи Ахмета Яссави был создан в соответствии с межправительственным соглашением между Казахстаном и Турцией 31 октября 1992 года. С момента своего создания он остается одним из новаторских и наиболее значимых элементов казахстанско-турецкого сотрудничества в образовательной и культурной сферах. Согласно официальным данным за 2018/2019 учебном году, в университете обучалось более 10 000 студентов по различным программам, а число студентов из тюркского мира и родственных сообществ составило 1372 человека. Основной кампус расположен в духовной столице тюркского мира – городе Туркестане, вместе с тем, университет также имеет подразделения в таких центрах, как Алматы, Шымкент и Кентау. В соответствии с рейтингом, Университет Ахмета Яссави входит в число лучших университетов Казахстана и Центральной Азии [3, л.2-6].

Турецкое агентство по сотрудничеству и координации (ТІКА) является еще одной важной площадкой, где развиваются казахстанско-турецкие отношения. У ТІКА имеется офис в столице Казахстане, специализирующийся в основном на подготовке экспертов, стажировках, обмене опытом, гуманитарной помощи, содействии в целях развития и обеспечении казахстанских университетов и медицинских клиник учебными пособиями и оборудованием. Анализ годовых отчетов ТІКА за годы независимости РК свидетельствуют о значительном увеличении масштабов и количества мероприятий и мер помощи за последние годы. Следует также остановиться на деятельности Института Юнуса Эмре, который играет активную роль в продвижении турецкого языка и культуры в Казахстане. Основная миссия Института Юнуса Эмре – способствовать развитию и укреплению отношений Турции с различными культурами мира. Институт начал свою деятельность в Казахстане с открытия офиса в столице Казахстана в 2010 году. К тому же, Казахстан сегодня - единственная страна в Центральной Азии, где находится филиал Института Юнуса Эмре. С момента своего открытия Институт организует множество мероприятий – преподавание турецкого языка, турецкие летние школы, курсы турецких народных танцев, курсы стрельбы из лука и т. д. В дополнение к этому действует программа обучения прикладной культурной дипломатии. И крайне важно также отметить, что деятельность как ТІКА, так и Института Юнуса Эмре не ограничивается столицей, где расположены их офисы, а охватывает весь Казахстан. Новый импульс дальнейшему культурно-образовательному сотрудничеству между тюркскими государствами стало подписание соглашения между Правительством Казахстана и Правительством Турции о сотрудничестве в сфере образования. Соглашение предусматривает:

- обмен опытом преподавателей, педагогов и руководителей организаций образования;
- обмен опытом по применению новых технологий в сфере образования; – поощрение участия обучающихся в научных и культурных проектах на взаимной основе;
- проведение научных исследований и конференций; – развитие сотрудничества между образовательными учреждениями на основе совместных программ;
- развитие сотрудничества в области молодежной политики.

Также Казахстан и Турция будут предоставлять стипендии для получения высшего и (или) послевузовского образования в своих вузах.

Что касается взаимосотрудничества Казахстана и Узбекистана, между научными и учебными заведениями двух стран существуют прямые взаимоотношения в области обмена учёными, преподавателями и студентами. В частности, представители обеих стран принимают участие в различных международных конференциях, проводимых в Узбекистане и в Казахстане. Казахские ученые выступают с докладами и лекциями в узбекских вузах; в свою очередь, узбекистанцы участвуют в образовательных и научных мероприятиях Казахстана. В частности, многие ученые выступают с докладами на конференциях и читают лекции в ведущих вузах Казахстана – таких, как Евразийский университет им. Л.Н. Гумилёва, Национальный университет им. Аль-Фараби и других. Вместе с тем нельзя сказать, что академическая мобильность между Казахстаном и Узбекистаном носит системный характер – мы находимся лишь в начале пути, однако есть понимание, что целесообразно дальнейшее расширение партнёрства между университетами и научными институтами двух стран.

В 2007 году между Министерством культуры и информации Республики Казахстан и Агентством «Узархив» при Кабинете Министров Республики Узбекистан заключено Соглашение о сотрудничестве в области архивного дела. При этом, в ходе научных командировок (2013-2015 гг.) Национальным центром археографии и источниковедения под руководством доктора исторических наук, профессора Тулибаевой Ж. М. был изучен Рукописный фонд Института востоковедения Академии наук Республики Узбекистан. В итоге был подготовлен сборник архивных материалов «История Казахстана в письменных памятниках XV-XIX веков» [4, л.18].

Активно развивается и сотрудничество между ведущими вузами Казахстана и Азербайджана. Сегодня для прохождения обучения и научной стажировки в образовательных учреждениях двух стран на регулярной основе проводится обмен студентами. В ряде таких вузов Азербайджана, как Государственная морская Академия, Бакинский государственный университет, Азербайджанский технологический университет (UTECA) и др., обучаются десятки казахстанцев на бесплатной основе [5, л.5].

Важным является, что эксперты обсудили создание единого образовательного пространства Большого Каспия. Её участники – эксперты в области образования, науки, политологии и международных отношений из Азербайджана, Казахстана, России и Узбекистана – обсудили создание общего образовательного пространства стран Прикаспия. Организатором встречи выступили Центр международных исследований «Каспий-Евразия», Астраханский государственный технический университет и Ассоциация государственных университетов и научно-исследовательских центров прикаспийских стран. Двойные дипломы открывают новые горизонты для студентов Прикаспия. Экспертная встреча, посвящённая модернизации высшего образования в странах Большого Каспия, стала своего рода подведением промежуточных итогов в области работы высшей школы в 2021 году.

Казахстан и Туркменистан также имеют большие планы по дальнейшему укреплению культурно-гуманитарного взаимодействия. В Казахстане проживает большая туркменская диаспора, действуют Туркменский общественно-культурный центр в Алматы, Мангистауский, Костанайский и Карагандинский национально-культурные центры туркмен, которые активно участвуют в деятельности Ассамблеи народа Казахстана.

В столице Казахстана одна из центральных улиц названа именем великого туркменского поэта Махтумкули. В ходе государственного визита Президента Касым-Жомарта Кемелевича Токаева в октябре 2021 года Президент Туркменистана Гурбангулы Мяликгулыевич Бердымухамедов предложил установить памятник великому казахскому поэту Абаю Кунанбаеву в Ашхабаде, который будет символизировать высоконравственные духовные ориентиры двух народов, а также развитие дружбы и сотрудничества между странами [6, с.71].

Ежегодно большое количество туркменских студентов проходит обучение в вузах Алматы, Астаны, Шымкента, Актау. В образовательной сфере плодотворное сотрудничество и

обмен опытом на основе подписанных двусторонних соглашений благополучно реализуют ведущие вузы наших стран: Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилёва, Назарбаев университет от казахстанской стороны и Туркменский государственный университет имени Махтумкули, Международный университет гуманитарных наук и развития Туркменистана, Институт международных отношений МИД Туркменистана от туркменской стороны [7].

Казахстанско-туркменские отношения отвечают всем условиям взаимовыгодного партнёрства на принципах равноправия и взаимного уважения. Имеются возможности для последовательного расширения и углубления сотрудничества по всему спектру двусторонней повестки дня, а также далее продвигать сложившиеся отношения на ещё более высокий уровень.

В образовательной сфере большие контакты установлены также и с Кыргызстаном. В ходе визита президента Касым-Жомарта Токаева в Кыргызстан стало открытие в Бишкеке представительство Национального университета Казахстана Аль-Фараби. Это является показателем безусловного доверия со стороны соседнего государства, выражающегося в готовности возвращать будущую кыргызстанскую элиту, которая будет глубже понимать Республику Казахстан и развивать совместные проекты. Этот проект схож с теми, которые реализуют Россия и Турция в Кыргызско-Российском Славянском и Кыргызско-Турецком университетах.

Бишкекский филиал КазНУ станет кузницей кадров, которая будет готовить высокопрофессиональных специалистов для наших стран. И в дальнейшем будут создаваться условия для сохранения и развития национальной культуры обычаев, традиций на территории наших государств.

Таким образом мы видим, что два братских народа тесно сотрудничают друг с другом в сфере образования. Между университетами двух государств существуют программы обмена. Кроме того, действуют квоты для кыргызстанцев на обучение в ведущих университетах Казахстана. Так, например, на 2022-2023 учебный год казахская сторона выделила квоту в 50 мест. Это было личной инициативой президента Касым-Жомарта Токаева .

Вместе с тем, ежегодно на эквивалентной основе осуществляется обмен обучающимися по программам бакалавриата и магистратуры. В настоящее время в различных университетах Кыргызстана обучаются более 2000 казахстанских студентов. Кыргызские школьники ежегодно принимают участие в Жаутиковской олимпиаде по математике, физике и информатике в Алматы. Итак, если в прошедших годах казахско-кыргызские отношения в сфере культурно-гуманитарного сотрудничества развивались в положительном ключе и в соответствии с ранее достигнутыми договоренностями, то визит президента Касым-Жомарта Токаева придал культурно-образовательным связям братских стран новый импульс, направленный на их качественное расширение и углубление.

Таким образом, итоговым результатом сотрудничества Казахстана с тюркоязычными государствами в сфере образования является создание общего культурно-просветительского пространства и президент Республики Казахстан К.Токаев считает, что эту идею можно реализовать через создание образовательного фонда «Великие тюрки» [7], который будет координировать взаимодействие между университетами по всем вопросам академической мобильности, стажировки и повышения квалификации.

### Список литературы:

1. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана. Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны. 1 сентября, 2021. <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048>

2. Сумер Вакур. Отношение Казахстаном и Турцией: тридцать лет дружбы и сотрудничества. Kazakhstan journal of foreign studies. Научный журнал. Казахский институт стратегических исследований при Президента РК. №1-2, 2021. – 54-64сс.
3. Центральный государственный архив Республики Казахстан. Ф 1890, Оп.3, Д. 3549. 2-6сс.
4. Центральный государственный архив Республики Казахстан. Ф 1890, Оп.3, Д. 3554. 18с.
5. Центральный государственный архив Республики Казахстан. Ф 1890, Оп.7, Д. 411. 5с.
6. Туркменистан-Казахстан: 30 лет добрососедства, доверия и взаимного уважения. 5 октября, 2022. <https://www.newscentralasia.net/2022/10/05/turkmenistan-kazakhstan-30-let-dobrososedstva-doveriya-i-vzaimnogo-uvazheniya/>
7. Абдрешев А. Казахстан и тюркский диалог: векторы сотрудничества. 23 ноября, 2021. Информационное агентство Strategy2050.kz. <https://strategy2050.kz/ru/project/>

**ӘОЖ 94 (574)**

## **ТАРИХҚА ТОЛЫ ӨЛКЕ**

**С.Б. Мулдашева,**

БҚИТУ қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.

### **Резюме**

Казахские ученые в своих исследованиях в разных степенях говорили о том, что фольклорные наследия Западного региона отличаются обилием героических эпос и преобладанием в них эпического характера. Тому, что, в этом регионе были созданы множества героических эпос и широкому распространению их среди народов во многом способствовала богатая среда акынов-сказителей.

### **Summary**

Kazakhs scientific in their investition of different degree says about folk-lore heritage of west region differ abundance of heroic eposh and predomination in them epic character. Because, in this region were created a great number of heroic eposh. The heroic eposh widely speared among people and in many things its contribute the rich conditions among poetic improvisation-akins.

Кілт сөздер: фольклорлық дәстүр, импровизатор, лирикалық жанр, эпикалық сипат, эпостық мұра,

Тек территориялық тұрғыдан я болмаса тарихи күрделі оқиғалардың орны ретінде ғана емес Батыс Қазақстан өңірі фольклорлық дәстүрдің арқауы үзілмеген арнасы ретінде де бағалы. Олай дейтініміз: болған оқиғаны эпикалық тұрғыдан жырлап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін жырау, жыршылар бір күнде туылмайды. Ол үзілмей келе жатқан игі дәстүрдің құнарлы топырағында ғана өсіп - өне алады. Күні кешеге дейін жалғасқан Мұрын жырау бойындағы қасиеттер - фольклорлық творчестволық тұлғаға тән синкреттіліктің белгісі. Бұл жөнінде белгілі фольклортанушы Ә. Қоңыратбаев: «Олар асқан импровизатор, тендесі жоқ күйші (домбыра, қобыз) яғни музыка өнерінің білгірі, ғажайып орындаушы, (сахна өнері) заман, ел жайын толғайтын, ойшыл, ұстаз» - деп анықтама береді (1).

Қазақ фольклорын төңкеріске дейін жинап бастырған орыс ғалымдарының еңбектерінде жергілікті ерекшеліктерге мән берілмеген. Тұтас тұрғыдан бағаланып, пікірлер айтылған. Мысалы: В. В. Радловтың (2) халық шығармашылығының ұзақ даму жолынан өткендігін, кейінгі кітаби ақындардың ауыз әдебиетіне әсерін байқаған тұжырымдары аса құнды. Бірақ ғалым қазақ фольклорының барлығын түгел қамти алмауы себепті батыс өңіріндегі эпикалық дәстүр жайлы пікір білдірмейді. Қайта” 19-ғасырда лирикалық жанр жетекшілік қызмет атқарған халық батырлығы туралы жырлар біртіндеп жоғалып, оның орнын исламның діни қаһарманын дәріптейтін қиссалар басып барады» - деп тұжырымдаған.



Батыс өңірінде туған фольклорлық мұралардың ерекшелігі - ерлік жырларының молдығы мен эпикалық сипатының басымдығы екендігін қазақ ғалымдары өз зерттеулерінде түрлі дәрежеде тілге тиек еткен. Бірақ кең ауқымда сөз етуге заман қысымының ықпалы кедергі келтірген. Олар: С. Сейфуллин (3), М. Ғабдуллин (4), Е. Ысмайылов (5)

Мәселен Ысмайылов бұл құбылысты ел емірі мен халық басынан өткерген ірі оқиғалардың себебімен байланыстырады. Бұл өлкеде ерлік жырлары көп пайда болып, оның халық арасына кең таралып, жетуіне қызмет еткен дәстүрі, ақын жыршылар ортасы болған.

Жалпы жыршылық, жыраулық сарынның бастау алған арнасы 10-ғасырлар шамасында өмір сүрген «күй атасы Қорқыттан басталады» дейтін пікірлер орныққан. Қазақтың бай эпостық мұрасын жадында сақтап, халыққа таратып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген жыршы - жыраулар қай өңірде де болған. Алайда Батыс Қазақстандық жыршылық дәстүр өз ерекшеліктерімен сипатталады. Сан алуан өнер түрлерінің тоғысқан үлгісі - жыршылық дәстүр әрбір кезеңдерде сапалық өзгерістерге түсіп, түрлі даму жолдарынан өткен.

Халықтың бейбітшілік, азаттық жайлы арман - мұраттарына қауіп төнген тұстардағы жыршылық дәстүрдің белең алып өзгеше даму жолына түсетіндігіне осы өңір жыршыларының шығармашылығы мысал. Әрине «ұзақ жырдың сөз бедерін бірден төгіп айту, әлбетте, екіншісінің бірінің қолынан келе бермейді». Бұл үшін кем дегенде бірнеше жағдайдың сәйкестігі болу керек. Біріншіден, жыршыда импровизаторлық талант, тәжірибе болуы, екіншіден айтушы жадында сюжет құраудың, тұрақты стилистикалық формулалардың теңеу, эпитеттің, көркемдеудің түрлі тәсілдерінің қаншама «қабаты» жатуы керек. Сонда ғана ол тыңдаушылардың, ортаның талабына орай жыр мәтінін қалауынша ұзартып, толықтырып немесе қысқартып, тиісті өзгерістер енгізіп ұсына алады.(6)

Батыс Қазақстанның эпик ақын-жыршыларының ішінде Марабай Құлбайұлының тұғыры биік (1841-1898). Ол - сегіз қырлы өнер иесі, әнші, ақын, домбырашы және айтыскер. Бірақ барлық өнерінің ішіндегі жыршылық өнері озық болып, өзі де негізінен осыған мән бергенге ұқсайды. «Марабай өте көп жыр білген, көп жырлаған. «Қобыланды батыр», «Ер тарғын» жырларының да ең толық ең көркем түрі осы Марабайдан қалған мұра. Және бұл жырларды ел ішіне ең көп тараған, ауыздан-ауызға ауысып, өзгермей айтылып келгені де осы Марабай нұсқалары» деп жазады.(7)

Марабай мұрасының ғана емес оның творчестволық тұлғасының даралығы халық мұрасын зерттеген ғалымдар тарапынан жоғары бағаларға ие болған. Ол жөнінде С. Сейфуллин «Қобыландының жырына қарағанда, Марабайдың зор екендігі айқын көрінеді. Қобыландының жыры - дағдылы жүйріктей төселген ақынның толғауынан шыққан жыр. Қобыландыны ақындық толғауынан өткізіп берген ақынның қиялы бай, суреті көп, сезімі күшті екендігі айқын білінеді» - деп тұжырымдаған.(3)

М Әуезов те оны 18 ғасырдың айтулы ақындарының қатарында атайды.(8)

Қазақ халқының эпикалық мұрасының ортасынан ойып орын алатын «Қырымның қырық батыры» жыры - тек қазақтың ғана емес, түбі бір түркі тектес халықтардың сан ғасырлық батырлық рухы мен күресінің елесі. Осы құнды мұраны Маңғыстау өңірінің перзенті Мұрын Сеңгірбайұлының теңдессіз таланты мен өлшеусіз еңбегінің арқасында қазақ халқы күні бүгінге дейін рухани азық етіп отыр.

1942-43 жылдары Мұрыннан қырық мың жол «Қырымның қырық батыры» мен Нұрпейіс Байғаниннен «Қобыланды», «Құбығұл», «Төрехан» сияқты дастандар жазылып алынған. Бірақ ол кезеңде жыршының талант қуаты толық ашылмаған. Оған мүмкіндік те болмаған. Қырымның қырық батыры кейінгі уақыттарда «Ноғайлы жырлары», «Батырлар жыры» дейтін жинақтарда жарық көрді. «Сонау Асан, Сыпыралар негізін салып, олардың мұрагерлері ұзақ жылдар дамытқан ата-баба аманатын Мұрын бүгінгі ұрпаққа табыс етті. Ол телегей теңіздей мол дүниені сан жылдар жадында сақтап, ерекше шеберлікпен жүйелі орындайтын біздің дәуірімізге жеткен бірден бір үздік жыршы болды». (9)

Батыс өңірінің фольклорында Н. Байғанин шығармашылығының да мәні зор. Ол - «Қобыланды эпосының көлемі он мың жолға жақын ең толық, күрделі нұсқасын жырлаған ақын. Ол сол өңірдің Ақыт, Шернияз, Махамбет, Нұрым, Қашаған, Ығылман, Ақтан, Қазақбай, Сабыр жыраулардың игі дәстүрінен үйреніп, батырлық жырлардың мол мұрасын меңгерген. Кейінгі кеңестік кезеңде де фольклорлық дәстүрдің жаңаша сипаттағы дамуына мол үлес қосқан.

«Нұрпейіс Байғанин шығармашылығы жан-жақты. Оның басқа ақын, жыршылардан бір ерекшелігі - әрі асқан шебер жырау- орындаушы, әрі талантты суырып салма эпик ақын екендігі. Ақынның төңкеріске дейінгі репертуары негізінен эпостық жырлардан тұрады», - деп жазды.(6)

Н. Байғанин халық жырларының «Құбығұл», «Қобыланды», «Алпамыс», «Төрехан» секілді жырларды көп жырласа халық аузындағы «Нарғыз», «Ақкенже» сияқты қызықты аңыз-әңгімелерді өз тарапынан, өз атынан жырлап, оқиғаларын да ұзарта толықтырып, меншікті поэмаларына айналдырған.

Эпикалық мектептің игі дәстүрін жалғастырушылардың бірегейі Шапай Қалмағанбетов (1890-1960) Ақтөбе облысы, Қобда ауданында туған, батыс өңірінің ғана емес, қазақтың ірі тұлғалы жыршысы. О. Нұрмағанбетованың пікірінше (7,250) Марабай мен Мергенбай жыраудың «Қобыланды батырдың» нұсқаларын өзі қайта жырлау арқылы, соңғы зерттеулерде талданып жүрген нұсқаны жасаған.

Ол жайында Е. Ысмайылов:" Ақтөбелік Шапай жыршы Мергенбайдың қасында жүріп көптеген жыр үйренген. Ол Қобыландының ең толық нұсқасын және басқа да көптеген батырлар жырын жатқа айтады" - деп пікір түйіндеген (5,236).

Батырлық жырды көп біліп, көп жырлаған Айса Байтабынов та (1875-1955) тура осы елдің түлегі. Оның репертуарына: «Қобыланды», «Кәкімтай мен жетімек», «Жаскелең», «Ерсайын», «Алпамыс», «Қыз Жібек», «Хан Әсіл», «Көрұғлы», «Әуез батыр» т. б. көптеген жырлар енген.

Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау өңірі мен Орынбор атырабы мен Башқұртстан жеріне дейін атағы кең жайылған кейінгі кеңес үкіметінің, Ұлы Отан соғысының кезін- де де өнерін тоқтатпаған Көшелек Еламанов көптеген фольклорлық мұраны жеткізуші: «Нәрік», «Қобыланды», «Алпамыс», «Қарасай-Қази», «Төрехан», «Елеусін», «Қыз Жібек», «Есет-Бөгенбай», «Жәнібек», «Бозжігіт», «Көрұғлы» т. б.

Оның өзінің дәстүрлі шәкірттері болған. Олар: Жанғазиев Жұмағұл, Жұбаниязов Ғалымжан, Арыстанов Мақыш т.б. сияқты өнерпаздар.

Әрине, заман өзгерісі, қоғамдық - әлеуметтік қажеттіліктердің жаңа сапа иеленуі жыршылық дәстүрдің біртіндеп әлсіреуіне, басқа өнер түрлерінің басымдық алуына әсер етті. Жазба әдебиетінің қарқындап дамуы мен түрлі ақпарат құралдарының пайда болуы тұсындағы жыршылық өнер өзгеше мәнде түсінілді. Халық мұрасының құндылығы ретін де жазып алу, дыбыс күйлеріне түсіру жұмыстары жүргенімен жыршылық өнердің толық табиғатын танытарлық дүниелерді сақтап қалу мүмкін болмады.

Белгілі фольклортанушы М. Тілеужанов (10) келтірген деректер көп нәрсені аңғартады. 20-ғасырдың орта шенінде, «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қыз жібек», жырларын жатқа айтатын Нұрсейіт Битілеуовтен жазып алу үстіндегі жағдайлар туралы былайша баяндайды: «Оның қызметтен қол үзгісі келмеді. Біз малмен бірге өріске де барып жаздық. Жаздырғанда тоқтап қалсаң ұмытқан жерін еске салатын. Біз жазуға екі кісі болып кірістік. Ол жылдам айтты, бізге диктовка етуге оның мүмкіндігі болмады, ұмыта берді». Мұнан көз жеткізетін жайт жыршы тағдыры мен жыршының дәстүрге деген көзқарастың тек белгілі бір мақсат мүдде жолында ғана болғаны аңғарылады. Дәстүрді берік ұстанған жыршылардың соңғы ізбасарларынан мол қайтып жазып алуды жағдай көтермеді. Бүгінгі күні олар жайлы өткен шақта ғана әңгіме айтып, қолда бар мұралармен ғана шектелеміз. Десек те, сол жиналып

жазылып алынған мұраларды сипаттап, саралаудың өзі батыс өңіріне тән эпикалық дәстүрдің ерекше болмысын ашуға жеткілікті дерек бола алады.

Демек, халқымыздың әр өңірінің сан қырлы өнерін толық қамтып ортақ ұқсастық пен дәстүрлі ерекшеліктерін танып білгенде ғана көркемдік мұрамыздың толыққанды сипатын саралай аламыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ә. Қоңыратбаев. Эпос және айтушылар.-А. 1979. 12-бет
2. Радлов В.В. «Образцы народной литературы тюркских племен» СПб. 1870
3. С. Сейфуллин. Шығармалары. 6 - том,-А,1964,319 - бет.,348-бет
4. М. Ғабдуллин. Қазақ халық ауыз әдебиеті. 1972,- А. 68 - 69 бет
5. Е. Ысмайлов. Ақындар,- А. 1956, 236 - бет
6. Р. Бердібаев . Эпос мұраты,-А. 1997. 140-бет
7. О. Нұрмағанбетова Қазақғың қаһармандық эпосы Қобыланды батыр.-А. 2003, 255 - бет,261-бет,250-бет.
8. М. Әуезов. Әр жылдар ойлары,- А. 1959, 470 - бет
9. Қ. Сыдықов.Ақын жыраулар.-А. 1974, 170-бет
10. М. Тілеужан. Ел әдебиеті. - А. 1992

### **ЭССЕНИҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ**

**Б. М. Сұлтанова**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, ф.ғ.к., проф. м.а.

**У. Мусаева**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, II курс магистранты Алматы.

#### **Аннотация**

Мақалада эсселердің жанрлық ерекшелігі қарастырылады. Қазақ әдебиетінің ең көп оқылатын өміршең бір түрі ретінде мемуар, эсселерді зерттеу қазіргі күні маңызды болып отыр. Эсселерді зерттеу қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында түбегейлі және дәйекті шешімді қажет ететін өзекті және маңызды мәселе ретінде қарастырылады. Пікірлер ДЕРЕККӨЗДЕРМЕН дәйектелген.

**Кілт сөздер:** Эссе, күнделіктер, қазақ әдебиеті, шиеленіс, тартыс деректілік, тарихы шындық, көркемдік, әдеби шолу.

#### **Кіріспе**

Қазіргі күні эссе әдебиетіміздегі ең оқырманы көп жанрлардың бірі. Әдебиеттану терминдер сөздігінде «Мемуар, естелік (фран. Memoires – еске алу) автордың өз көзімен көрген, қатысып, араласқан оқиғалар жайындағы жазбалары өмірбаян түрінде, күнделік түрінде, жолжазбалар түрінде кездеседі. Қандай үлгіде жазылса да, әдеби шығарма жай естелік болып қалмайды. Естелік немесе өмірбаян, күнделік түрлерін пайдалану көркемдік тәсіл ретінде қолданылады, шығарманың өмірдегі болған уақиғаларға, нақтылы деректерге сүйеніп жазылғанын көрсетеді. Сонымен бірге мемуарлық көркем шығармаларда белгілі бір тарихи кезеңнің айтарлықтай мәні бар уақиғалары іріктеліп алынып, жинақталып бейнеленеді. Жазушы өзі көрген, білген уақиғаларды әр түрлі адамдардың мінезін, іс-әрекетін, сол кездегі алған әсерін сақтай отырып, сондағы көңіл-күй әуенімен суреттейді. Бірақ жазушының сол өткен шындықты есепке алып, қорытып, өзінше бағалап бейнелеуіне шығарманы жазған кездегі уақыт тынысының да ықпалы болмай қалмайды. Мемуарлық шығармада автордың өзі

көріп білген жайлары, әр түрлі адамдардың әрекетін анықтап, айғақтап айтатыны – бұл жанрдың өзгешелігі және артықшылығы» [1, 226 б.] - деген анықтама берілген.

### **Теориялық негіздеме**

Ал роман-эссе туралы «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясында анықтама берілмеген. Тек «Шығарманың табиғатына тән бір ерекшелік өмір шындықтарын көркемдік жинақтаудағы ғылым мен өнердің сабақтастығы шегінде белгілі болады. Роман-эсседе өмірдің шындық құбылыстары а) образдар арқылы бейнеленеді, ә) тұжырым жасау, ой қорыту, пікір түйю арқылы пайымдалады. Бұлардың алғашқысы (а) – өнерге, көркем әдебиетке тән даралық болса, кейінгісі (ә) – ғылымға тән ерекшелік» деген анықтама берілген.

Белгілі ғалым, сыншы, жазушы ф.ғ.д., профессор Қ.Ергөбек «Сарасөз» атты әдебиеттану, сын мәселелеріне арналған зерттеу еңбегінде мемуарлар, деректі проза, эссе, күнделік, естелік жөнінде аса маңызды пікірлер айтқан. Мемуарлық романдарды зерттеуші ғалым Н. Ақыш қазақ әдебиетіндегі алғаш «роман-эссе», «мемуарлық роман», «ғұмырнамалық романдардың» жанрлық ерекшеліктері, мемуарға тән сипатты арнайы тереңдете зерттеді. Алғаш рет «Қазақ мемуарлық романы» (2010 жылы жарық көрген) монографиясының «Мемуарлық романдардың жанрлық табиғатын қалай сараптаған жөн?» деген алғашқы бөлімнің «Жанрға тән болып келетін жекелеген көркемдік ерекшеліктер», «Балалық шақтан бастау міндетті ме?», «Адамгершілік факторларын аттап өтуге болмас», «Туған ұлттың қарапайым өкілдерін суреттеу де – жанр қажеттілігі», «Қазақи кеңдіктің жақсылығы мен жамандығы», «Танымдық факторлар: тарихи және халықтық салт-дәстүрдің дереккөздері», «Назар аударылмай жүрген деректер», «Халқымыздың салт-дәстүрлері мен этнографиясы», «Мемуарлық романдардағы мазмұндық-пішіндік ізденістер мен стиль мәселелері», «Мемуарлық роман авторының жазушы ретіндегі шығармашылық лабораториясының ашылуы», «Шығармашылық иірімдері», «Автордың басқа шығармаларындағы автобиографиялық сарындар», «Естелік пен мемуарлық романның ара парқы» атты шағын тараушаларда жанр табиғаты, өзіндік ерекшелігі, жанрға қатысты мәселелер кең ауқымда қарастырылған. Ғалым осы орайда түрлі ыңғайдағы тұжырымдарын С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С. Мұқановтың «Өмір мектебі» мен Ғ. Мұстафиннің «Көз көрген», Х. Әдібаев «Өмір дария» романы, Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша», Ә. Нұршайықовтың екі кітаптан тұратын «Мен және менің замандастарым» ғұмырбаяндық шығармасы, М. Мағауиннің «Мен» өмірбаяндық хамсасы арқылы дәлелдеп, аталған шығармаларға кең ауқымда талдаулар жасап отырған.

Белгілі сыншы, ғалым Қ. Ергөбек мемуардың эпикалық тыныс алып, жанрлық түрлерге сараланғанын айтады. Атап айтқанда жазушының «шеберханалық сырын ашатын эссе секілді ішкі жанрлық бұтақтары өсіп-жетілді мемуардың» дейді ғалым.

«Табиғатында мемуар публицистикалық характердегі жанр» [2, 236 б.] Абайдың қарасөздерінің мемуарға қатысы бар деген пікір айтады. Тек қалыпты мемуар емес дейді сыншы, жазушы Қ.Ергөбек.

Жалпы атауы ғұмырнамалық проза деп аталуына қарамастан мұндай туындылар іштей ғұмырнамалық (автобиографиялық), мемуарлық, эпистолярлық болып сараланады. Олар бір-бірімен табиғаты жақын, кейбір элементтері араласып кете беретіндігін айтады [3, 14 б.].

Орыс әдебиетінде мемуарларды зерттеуші ғалым С. Моминскийдің «Мемуарлық автобиографиялық жанр туралы» еңбегінде мемуарлық автобиографиялық жанрдың негізгі белгілері, сипаттары, заңдылықтары туралы өз көзқарасын тереңнен айта отырып мемуар құрылымында «Мемуарларда, әдетте бірнеше жанр түрлері араласып келіп отырады: естеліктер, жазбалар, күнделіктер, өмірбаян» [4, 26 б.],– деген пікір айта отырып, аталған әдебиет түрінде ішкі жанр түрлерінің бірігіп, кірігіп жататынын айтады.

Естелік – әдебиеттің, оның ішінде мемуарлық әдебиеттің бір жанры. Естелік көзбен көргенді еш қоспасыз, боямасыз жазса оның әсері ерекше болады. Естелік еске алып отырған адамның шынайы табиғатын көрсетсе, оның салмағы артады, бағасе еселенеді. Филология ғылымының докторы, сыншы, жазушы Қ. Ергөбектің айтуынша, жазуынша орыс әдебиетінде естеліктің классикалық үлгісін жасаған М. Горький. Жасының ұлғайған, өмірдің көптеген өткелектерінен өткен кезінде естеліктер сериясын жасамақ болған М. Горький «людей

совершенно одинаковых - нет, в каждом имеется нечто свое и внешнее и внутреннее» - деп жазған болатын.

В.Вересаев та әр адам бойында ірілі,...ұсақты қызықты сипаттар болатынын айта келіп: «Мы замечаем и вспоминаем это больше тогда, когда человек умрет», – дейді.

Белгілі сыншы, жазушы Қ. Ергөбек адам баласының «көбіне-көп адам бойындағы қызықты сипат, бағалы қасиеттерді ол өлген соң ғана біліп, бағалап, еске алып отыратындығын» айтады да, естеліктердің негізінен «дүниеден өткен адамдар жайында жазылу сыры да осыдан болса керек. Расында да естелік тіршіліктің қызығын да, қиындығын да замандастары мен кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырып, фәни жалғаннан өткен жандар Жайында жазылады. Қолына қалам алғандардың дені өкінішке жол беріп сөйлейді» [2,126 б.], - дейді. Бұл орайда сыншы, ғалымның естеліктердің бәрі өкініш сипатында жазылады деуіне келісуге болмас.

Қазіргі уақытта әдебиеттің бір түрі – мемуарлар (орыс әдебиетінде мемуарлық-автобиографиялық проза деп те аталып жүр) - биографиялық роман (бұған А. Моруаның «Байрон», «Тургенев», «Три Дюма»), роман-эссе, эссе-хикаят, мемуарлық очерк, әдеби портреттер - түрлі жанрлық топтарда жаңаша түрленіп, жанрлық модификацияланып, эпикалық сипат алып дамып келе жатыр.

Деректі прозаның бір түрі – әдеби-тұрмыстық жанр – күнделік. Мұның да табиғаты екі жақты. Әдетте тұрмыстық күнделіктер автор қайтыс болғаннан кейін жарияланады. Қазақ әдебиетінде күнделік-әдебиет жөнінде зерттеулер жоқтың қасы екенін дұрыс айтып жүрген жазушы, сыншы, ғалым Қ. Ергөбек. Сыншы өз еңбектерінде күнделік туралы «Ал әлем әдебиетінде күнделік әдебиет туындысы ретінде еленеді, әңгіме болады. Арнайы қарастырылы. Жанры...белгіленеді»...[30, 154 б.]. Күнделік әдебиет үлгісі. Әдебиет үлгісі болғанда, айта беретін мемуардың ішкі бір жанрлық бұтағы» - дейді ғалым, сыншы Қ.Ергөбек [2, 154 б.].

Біз күнделік әдебиет үлгісі дегенде, күнделіктің бір ғана саласын айтып отырмыз. Әйтпесе, күнделікпен іштей туысатын шаңырақ жәдігерлігі. Тұрмыстық күнделік, күнделік формаларын пайдаланып жазылған көркем шығармалар бар. Әрине, олардың жайы бөлек. Тұрмыстық күнделік белгілі бір әулет шежіресін...түзіп ұрпақтан ұрпаққа өтіп кейінгі буынға желі тартыптармақталып кете бермек. Ал күнделік формасын пайдаланып жазылған көркем шығармалар Белең алады да, олар мемуарлық әдебиет үлгісіне саналмайды. Айталық, А.С. Пушкиннің белгілі «Марқұм Иван Петрович Белкиннің жазбалары» кейіпкердің күнделікті өмірнама жазбалары формасында туған шығарма. Қазақ жазушысы Сәбит Мұқановтың әуелде, алғашқыда «Адасқандар» деген атпен жазылып кейін «Мөлдір махаббат» болып өңделген романы да кейіпкері Бәтес пен Бүркіттің күнделігі райында жазғанын білеміз. Демек, олардың қай...қайсысы да мемуардан іргесін аулақ салған көркем әдебиет үлгісі. Біздің қарастырғалы отырғанымыз – мемуарлық әдебиет үлгісінен саналатын күнделік. Онда да бір адамның.....күнделігі. Әлемдік әдебиет пен философия тарихында күнделік қалпында туып, алғашқы кезеңде елеусіздеу дүниелер сипатында, содан кейін халық қажетіне айналған деректі мемуар үлгілері аз емес. Айталық француз Филлип де Каминнің «Мемуарлары» (XV ғ.), Бабырдың «Бабыр-намесі» (XV- XVI ғ.) декабристердің мемуарлық жазбалары бәрі де әуел баста, жазылып қағаз бетіне түскен кезде XVI ғ.), баста күнделік жазбалар ретінде өмірге елеусіз келген. Кейін тарихи сипат алды, әдебиет тарихына енді.

Әйтпесе әлем Философтарының «карманный оракул» аталатын қойын кітапшалары да әуел баста күнделікті жай жазбалар ретінде дүниеге келген. Испан философы Б. Грасианның (XVII ғ.) осылай аталатын кітаптарынан күнделік сипатын көреміз. Тіпті Марко Полоның (XIII ғ.) жазбаларын да күнделікке жатқызуға болар еді. Оны айтасыз неміс философ Г.К.Лихтенбергтің «Афоризмдері» (XVIII ғ.) де күнделік әдебиетпен еншілес туған десек қателеспеспіз. А.С.Пушкин, Н.В.Гоголь, Л.Н.Толстой, И.С.Тургенев, Ф.М.Достоевский күнделіктері орыс әдебиетінде күнделік жанрын орнықтырды. Кейінгі ұрпаққа ғажап бай әдеби күнделік мұраларын қалдырды. Әрине, олар көзі тірісінде күнделіктерін жариялауды

мұрат тұта қоймады. Есесіне біздің заманда күнделік жариялау ерсі болмай қалды дегендей пікір айтады белгілі ғалым, жазушы, сыншы Қ.Ергөбек.

Қазақ халқының XIX ғасырдағы ұлы ағартушысы Ш. Уәлихановтың «Ыстықкөл күнделіктері», «Қашқар күнделіктері» – күнделік әдебиеттің қайталанбас асыл үлгілері.

Эссе табиғаты да сан қырлы. Қазақ әдебиетіндегі сынның жанрларын зертеген ғалым Ф.ғ.д., профессор Д.Ысқақұлының «Сын жанрлары» еңбегінде әдеби сындағы эссе жанрына тән мынадай ерекшеліктерді атап көрсетеді: 1. Эссе жанрының көркем әдебиет пен ғылымның қасиеттерін өз бойына сіңіруі; 2. Эссенің сипатты қасиеті – лиризм; 3. Эссенің композициялық құрылымның еркіндік танытуы; 4. Эссе бір кітап, жазушы, нақтылы бір әдеби өмір не жалпы әдебиеттің кейбір мәселелері турасында, кейде естелік, не толғаныс түрінде жазылып, оған деген автордың субъективті пікірлерінің айтылуы; 5. Эсседе ғылыми талдаулардан гөрі автордың өзіндік әсерлері, шығармашылық тәжірибелеріне негізделген ойлары басым, шағын көлемді әдеби стильде жазылуы. 6. Эссе жанрының дамуында екі бағытының көрініс табуы: біріншісі – бағалаушытық, екіншісі – талдау [5,230 б.].

Ф.ғ.д., профессор Г.Ж.Пралиева: «Осы жылдары жаңа кітапқа жазылатын рецензия, пікір, шолу, портрет, эссе секілді сын жанрлары структуралық талдау, интерпретация, микроталдау сияқты түрлерімен т.б толығып, олардың рухани құндылықтары мен сапасы өсті» [6,65 б] - дейді. Әдебиеттанушы Г.Ж.Пралиева атап көрсеткендей, бұл тұста әдеби сында эссе жанры барынша өрістеді.

Роман-эссенің жанрлық ерекшелігі туралы Н.С. Балтабаева өз зерттеулерінде егжей-тегжейлі айтып өткен [35, 65 б].

Ф.ғ.д., профессор Қ. Ергөбек деректі проза үлгілерін мемуар, эссе, естелік, эпистолярлық әдебиет, деректі-ғұмырнамалық әдебиет ауқымында қарастырып, әрқайсысына нақтылы мысалдар келтіре отырып, өзіндік өзіндік ерекшелігін ашып шығуға біршама еңбек сіңірді. Ол С. Шаймерденов, Т. Кәкішев, М. Әлімбаев, Ә. Нұршайықовтың эсселерін адами әдеп және әдеби әдеп (этикалық мөлшер) тұрғысынан сөз ете отырып, формалық әртектілігіне назар аударады. С. Шаймерденовтің шығармашылық лабораториясы сұлу стилді, ұстамды жазылатындығына назар аударса, Т. Кәкішевтің стильдік жақтарына, М. Әлімбаевтың әлемдік ой алыптарының кейбір сөздерін өз атынан байқамай қайталап қоятыны, Ә. Нұршайықовтың елеулі ғана емес, елеусіз шығармаларының жазылу тарихын еzbелей айтып оқырманын ығыр қылатыны сыншы тарапынан мысалдар арқылы дәйектеліп, айтылып өтеді.

Жалпы, жазушылар үшін өзге жанның ғұмырынан жазылған шығармаларды жазудан гөрі өз өмірлерінен шығарма жазудың айтарлықтай қиындығы мен күрделелігі болатынын төл шағырмаларында айтқан сөздерінен көру қиын емес. Қазіргі Италия әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы Наталия Гинзбург өз өмірінің таза шындығын бейнелейтін «Семейные беседы» атты романы туралы, жалпы ғұмырнамалық шығарма жазудың өзіндік қиындықтары туралы:

«Мен осы көрген-білгендерін адал айтушылар қатарына қосылуды ғана армандаймын.

Ешкімнің ішкі өміріне араласпаймын, ешкімнің ой, сезімін қазбаламаймын. Жабық пәлсапалар мен құпия лирикаларда менің жұмысым қанша! Мен өзіммен кездескен, сырласқандар, менің алдымда азды-көпті оймен ашылғандар туралы ғана айтамын» [7. 50 б] – деп ағынан жарылады.

### **Қорытынды**

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңда эссе жанры әр салада кең таралып, өзінің қолданылу аясын ұлғайтып келеді. «Жанр – даму үстіндегі ұғым» (З.Қабдолов) деген сөз тегін айтылмаса керек. Қазіргі қазақ эссесі де әртүрлі аспектіде зерттелуге сұранып тұр.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1.Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005.
- 2.Ергөбек Қ. Сарасөз. - Алматы: ЖШС Қазақстан баспа үйі, 2013.
- 3.Омаров Н. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі ғұмырнамалық (автобиографиялық) романдардағы тарихи дерек пен көркемдік шешім (Ә.Нұршайықов, М.Мағауин, Қ.Жұмәділов романдары

бойынша) / Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010.

4.Моминский С. Мемуарлық автобиография. – Алматы: Жазушы, 1986.

5.Ысқақұлы Д. Сын жанрлары. Алматы; Ғылым. 1999.

6.Піралиева Г.Ж. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы (1920-2005 жж). Оқу құралы. Алматы: ҚазМемҚыз ПУ, 2010.

## ӘӨЖ 902

### ГОРОДСКАЯ КУЛЬТУРА ТЮРКСКОЙ ЭПОХИ ПО АРХЕОЛОГИЧЕСКИМ МАТЕРИАЛАМ ЗАПАДНОГО И ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА

**М.Д. Калменов,**  
БҚИТУ Т.Ғ.К.,  
**А.Е. Бижанова**  
БҚИТУ Т.Ғ.К

**Түйіндеме.** Ұсынылып отырған мақалада Батыс және Орталық Қазақстанда археологиялық жұмыстар кезінде табылып зерттелген Түркі кезеңіне жататын қала мәдениетінің ескерткіштеріне сипаттама беріледі. Ерте орта ғасырларда қалалардың айналасын мекендеген көшпелі тайпалармен тығыз байланыста болған. Оған дәлел ретінде археологиялық зерттеу жұмыстары кезінде табылған жәдігерлер. Сонымен қатар бұл кезеңде тайпалар арасында Ұлы Жібек жолы арқылы қарқынды экономикалық байланыс болып, жаңа қалалардың, керуен-сарайлардың және тағы басқа да архитектуралық құрылыстардың салынып, қала мәдениетінің қалыптасуына өз септігін тигізген.

**Тірек сөздер.** Түрк қағанаты, ортағасырлар археологиясы, қалалық мәдениет.

Середина I тысячелетия н. э. – важнейший этап в истории всех тюрков. В это время начинается изменение этнической среды – преобладание переходит к тюркоязычным племенам, центром которых стал Алтай. Во второй половине VI в. в письменных источниках фиксируется термин «тюрк» (в китайской передаче - туцзюе, в согдийской - турк). На территории Казахстана с VI в. до начала XIII в. существовали, последовательно сменяя друг друга вплоть до монгольского нашествия, Западно-Тюркский, Тюркешский, Карлукский каганаты, государства огузов, караханидов, кимеков, кыпчаков.

Археологическое изучение тюркских памятников позволяет, в известной мере, сопоставить их с некоторыми тюркскими племенными объединениями. На Саяно-Алтае выделены археологические культуры, сопоставимые с ранними кыргызами, ранними кыпчаками, ранними огузами. В ходе междоусобиц, племенных войн, борьбы за власть и пастбища жившая в степях, долинах Казахстана часть тюркских племен переселилась на юг — в Центральную Азию (тюркеши, карлуки, кыпчаки, узбеки, огузы, туркмены-сельджуки), Малую Азию, на Кавказ (туркмены и сельджуки), в Восточную Европу (кангары-печенеги, кыпчаки-половцы, торки-огузы, черные клобуки-каракалпаки).

Торговля, в том числе и международная, зачастую определяла жизнь раннесредневекового города. Здесь сходились торговля местная, региональная и международная. Во многом от торговли зависела жизнь города, его благополучие и процветание. Торговые связи, характеристика торговых путей и товаров, найденных при раскопках городов, охарактеризованы в ряде исследований [1, с. 68-69; с. 93-94; с. 66-70.]. Как известно, древние тюрки, вышедшие на мировую арену, были заинтересованы в максимальном расширении торговли. Важную роль в этих контактах в Западных регионах территории современного Казахстана выполняла территория полуострова Мангистау (Мангышлак). Здесь же соединялось сухопутные и морские торговые пути. Доставка товаров

из Азии производилась караванами до берега Каспийского моря, где товар перегружался на парусные суда, которые перевозили его на волжское побережье или западный берег Каспия. В морскую торговлю включилось мангистауское побережье с удобными бухтами и гаванями, где курсировали каботажные суда [2, с. 140.].

В низовья Жайыка (Урал) и Итиля (Волга) можно было попасть из Ургенча, следуя дорогой караван-сараев Устюрта. Проходя территориями Южного и Северного Приаралья, торговые артерии приводили к городам на реке Жайык (Урал). Далее они вели караваны в западном направлении – в Европу, Крым и на Кавказ, а также по «Жайыкскому пути» в Южное Приуралье, Урал, Поволжье. Можно определить время интенсивного функционирования перечисленных выше отрезков Великого Шелкового пути. В VI-VIII вв. основной была трасса Сирия – Персия – Средняя Азия – Южный Казахстан – Таласская долина – Чуйская долина – Иссык-кульская котловина – Восточный Туркестан.

Ответвление этого пути выходило на вышеназванную трассу из Византии через Дербент в Прикаспийские степи, в Мангистау, в Приаралье, в Южный Казахстан (в обход Сасанидского Ирана, после заключения торгово-дипломатического союза между Западно-тюркским каганатом и Византией), возможно, в IX-XII вв. этот маршрут использовался с меньшей интенсивностью.

Еще с середины VI в. на Арало-Каспийские степи распространилось влияние Западнотюркского каганата, о чем свидетельствуют маршруты посольства кагана во главе с согдийцем Маниахом и византийского посла Земарха [3, с. 19.]. Обратный путь последнего лежал через Северное Приаралье (а может быть и Юго-Запад, с выходом на Устюрт, как и впоследствии ибн Фадлан?) к Эмбе (Их), Жайыку (Даукс), Волге (Атилл, Итиль) и далее [4, с. 37-67; с. 220.]. В эту эпоху Северо-Восточный Прикаспий включился в сферу торгово-дипломатических отношений Средней Азии с Поволжьем, с одной стороны – через Мангистау и Каспий (морем), с другой – через Устюрт, Эмбу и Жайык. Торговля эта была стимулирована появлением в низовьях Итиля (Волги) Хазарского каганата, постепенно вовлекавшего в сферу своего политического влияния территории Западного Казахстана. По данным письма хазарского кагана Иосифа в середине X в. придворному Кордовского халифа Хасдаю ибн Шафруту, население Восточного Прикаспия на протяжении месяца пути до Гургана (т.е. до Юго-Восточного угла Каспий) платило дань кагану [5, с. 81-83.]. Как известно, сведения эти преувеличены и относятся к более раннему времени – IX в. [6, с. 11.]. Однако земли, непосредственно граничившие в ту эпоху с территорией хазарского домена (низовья Итиля-Волги), а именно: Северо-Восточное побережье Каспий и полуостров Мангистау (Мангышлак) – входили в сферу каганата. Это, видимо, нашло отражение в таком важном источнике: в труде аль Бируни «Масудов Свод», где в пятом климате указана «гора Ян\*х\*шлаг» т.е. Мангистау (Мангышлак) с горами Каратау и Актау, которая находится в стране хазар [7, с. 164-165.]. На основании сообщений письменных источников можно составить достаточно ясное представление об устюртско-мангистауских торговых путях, шедших из Хорезма в Восточную Европу и Поволжье, а также морской путь на Нижнюю Волгу. Устюрт в средние века пересекало два караванных пути, один из которых шел из Ургенча через Замджан, называемой в ту эпоху «Воротами тюрок» (Баб-ат-тюрок), и селение Хабаб [8, с. 158.]. Затем дорога поднималась на плато Устюрт, как полагал Я.Г.Гулямов [9, с. 139.], по одному из наиболее удобных подъемов Караумбетскому, далее шла на Эмбу, а оттуда к Волге, разветвляясь на два пути, к хазарам и к булгарам [10, с. 10.]. Другая дорога шла из Ургенча на запад, поднималась (подъем Каскажол) на плато Устюрт и, обходя сор Барсакелмес, направлялась на Мангистау (Мангышлак), отсюда по Каспийскому морю плыли до Нижней Волги [11, с. 56.].

Устюртский караванный путь из Хорезма в Поволжье известен нам благодаря подробному описанию этого пути Ибн Фадланом. Караван, с которым следовал Ибн Фадлан в 922 году прошел через Ургенч к Устюрту, затем на Эмбу, Жайык (Урал) к Самаре до Булгар. Гардизи, автор XI в. описывая путь, идущий из Хорезма (Ургенча) через Устюрт к печенегам, пишет: «Дорога к ним на гору Хорезм, от этой горы идет к печенегам, подходит к озеру



Хорезма, оставляя озеро по правую руку, далее через степи до печенегов». Караванные пути, судя по всему, в это время еще не были оборудованы караван-сараями (трудно предположить, чтобы Ибн Фадлан не заинтересовался ими и не описал их). Возросшее к XII-начало XIII вв. значение интересующего нас торгового пути подчеркивается стремлением Хорезма к захвату Мангистау (Мангышлак). В.В.Бартольд по поводу этой дороги пишет, что в XII в. единственным государством, которое могло думать о захвате этой дороги, был Хорезм [12, с. 582-588.].

В настоящее время на полуострове Мангистау (Мангышлак) известны остатки нескольких раннесредневековых поселений, возникших на караванных путях и превратившихся в городские центры. Одно из них располагается в местности Акмыш недалеко от горы Шеркала. Современное название городища Кызылкала [13, с. 15-16.; с. 5-7.]. Археологические раскопки позволили предположить, что это остатки крупного торгово--ремесленного города. Судя по обломкам керамической посуды, строительство Кызылбалы осуществлялось с X в. История строительства города Кызылбалы началась с закладки крепости из сырцового кирпича. В плане крепость имела почти правильную квадратную форму размером 110×115 м с угловыми и несколькими промежуточными башнями. Ворота были устроены в северо-восточной стене и укреплены двумя башнями. Вероятно, по внутреннему периметру к стенам крепости пристраивались жилые и хозяйственные помещения. Внутри находился просторный двор, со временем глиняные стены крепости были облицованы массивной каменной кладкой толщиной до 2 м из крупных природных каменных блоков, при этом общая высота стен могла достичь 6-7 м. Вокруг крепостных стен формируется поселение, в котором развивались кузнечное и медницкое ремесла, возможно, стеклоделие [14, с. 27].

В XI - начале XIII в. Прииртышье становится одним из крупных районов городской жизни. Именно здесь, согласно письменным сочинениям Ибн Хордадбега, Кудамы, Тамима ибн Бахра, анонимного автора «Худуд ал-Алам», находилась страна кимаков. Абу Усман ибн Бахр ал-Джахиз, уроженец Багдада, человек энциклопедических знаний, был одним из ярких летописцев древних тюрок, их обычаев, нравов, военной тактики, помещал страну кимаков к северо-западу от города Тараза, в 80 днях пути «для всадника, едущего быстро, который везет с собой провизию». «Весь путь к кимакам, - пишет Тамим ибн Бахр, проходит по степям, пескам, обширным долинам с многочисленными пастбищами и источниками воды ...» [15, с. 74-75, 77.]. Однако основной материал по изучению кимаков содержит труд знаменитого арабского географа ал-Идриси - автора одного из крупнейших и интереснейших географических сочинений арабского средневековья «Нузхат ал-муштак фи-ихтирак ал-афак» («Развлечение истомлённого в странствии по областям») или «Китаб ар-Руджар» («Книга Роджера»). Ценной частью труда ал-Идриси являются географические карты. Основная часть сведений ал-Идриси о стране кимаков связана общей нитью. Единая маршрутная схема и даже детали, которые не противоречат друг другу, позволяют отнести эти сведения к тексту одного источника, из которого черпал сведения ал-Идриси. Таким источником можно считать труд Джанаха ибн Хакана ал-Кимаки, который назван в предисловии к «Нузхат ал-муштак». Сведения об этом авторе отсутствуют, но, судя по его имени, он был кимаком по происхождению. Впервые в мусульманских источниках имя «кимаки» зарегистрировано в персидском сочинении «Границы мира». В нем упомянуто название столицы кимаков - *Намакия* (Немакия). Кимацкий племенной союз состоял из девяти племен, среди которых были и кыпчаки, которые расселились в XI - начале XIII вв. на обширных пространствах степной Евразии и стали известны на Руси и Европе под именем половцев и куманов. Кимаки занимались скотоводством и земледелием. Наличие оседлых поселений у кимаков отмечают многие средневековые арабо-персидские авторы. В том же сочинении «Худуд ал-алам» раздел о кимаках начинается со слов: «Рассуждение о стране кимаков и их городах», а затем упоминаются *Имакия - летняя резиденция царя (хакана)* и деревня *Жубин*. По сведениям ал-Идриси, кимаки имели 16 городов. Они располагались по берегам озер, рек, в неприступных горных районах, в пограничных областях, в местах разработок полезных ископаемых. Все они

находились на торговых трассах. Характерной чертой кимакских городов было то, что все они были хорошо укреплены, в каждом из них располагалось войско. Самым крупным городом, военно-административным, торговым и ремесленным центром была *столица хакана кимаков*. Город хакана был окружен стеной с железными воротами. Ал-Идриси сообщает: «Городов у кимакских царей шестнадцать... Карантия, первый кимакский город, большой, его длина 9 миль, в ширину 3 мили, расположен на берегу большого озера, которое называется Гаган. От Карантии до *города царя кимаков* 24 перехода, и вся эта дорога тянется с запада на восток. Озеро получило свое название от города *Гаган*». Город был расположен на берегу озера с западной стороны. От Гагана до Дамурии в западном направлении 4 дня пути. Город Дамурия назван «цветущим и многолюдным городом». *Сараус* являлся большим городом, окруженным крепостной стеной. Банджар - огромный многолюдный город, населенный различными родами тюрков-кимаков. В нем находилось многочисленное войско и необходимое количество припасов для нужд его населения. *Дахлан* был неприступным замком, в котором имелось войско. *Ханауш* и *Астур* были многолюдными городами. Рядом с Астуром имелись железные рудники. Из железа делали «изделия необычайной красоты». Видимо, сведения ал-Идриси преувеличены. Размеры описываемых городов явно говорят о желании человека, давшего информацию автору, не унижить культуру и богатство собственной страны в глазах жителей таких крупных городов, как Багдад или Дамаск. Согласно тексту ал-Идриси, 8 из 16 городов кимаков находились в долине р. Гамаш. Отождествление реки Гамаш с Иртышом позволяет поместить основную часть городов вместе со столицей хакана кимаков в Прииртышье. Сопоставляя данные письменных источников и археологические материалы, ученые приходят к выводу о наличии оседлоземледельческой и городской культуры в Восточном Казахстане и определяют ее как область городов кимаков, возникших на базе кочевых ставок в IX-X вв. К сожалению, пока остатки городов не найдены, но есть предположения о том, что некоторые из них можно отождествлять с уже известными памятниками. Так, по мнению Б.Е. Кумекова, город Гаган может быть отождествлен с городищем Коктума на юго-западном берегу Алаколя, а города Дамурия и Сараус искать на берегах реки Тентек, впадающей в Алаколь [16, с. 21-30, 98-107, 106-107.].

Один из первых исследователей памятников Центрального Казахстана, инженер-горняк И.П. Шангин, посетивший этот район в 1816 г., открыл на р. Ишим остатки нескольких поселений. Особенно интересны обнаруженные им крепостные стены в урочище Байкошкар, возле озера Жолдыбай, и вал у озера Жаксы-Жангызтау. Большое число остатков поселений И.П. Шангин нашел в районе слияния рек Аккайракты и Ишима [17, с. 74-75.]. Остатки укрепленного поселения были обнаружены Л.Ф. Семеновым в 1930 г. близ Акмолинска (ныне Астана) в урочище Бузук [18, с. 77-78.]. А.Х. Маргулан, основываясь на сведениях первых исследователей и своих изысканиях, открыл науке своеобразный мир городской культуры Сарыарки. Это многочисленные поселения и города: Хан-Ордасы в устье р. Аксу при впадении ее в Кара-Кенгир; средневековое поселение в устье р. Нуры; Караагач, Карасакал, Белен-Ана, Жуан-Ана на р. Сагрысу; Баскамыр, Аяккамыр на р. Жезды и многие другие [19, с. 88-106; 37.]. Крупнейшим центром добычи медной руды, выплавки меди и бронзы был район Жезказгана, где находилось крупное средневековое городище Милыкудук. Географ ал-Идриси, описывая страну огузов и кыпчаков, отмечает, что у них имеются медные и серебряные рудники. «Страна гузов плодородна, пишет он, жители ее богаты. Говорят, что их земля дает четверть неочищенного серебра. Из этих рудников добывают много металла. Шашские (ташкентские) купцы отправляются к ним с товаром для обмена, покупают там у них много верблюдов с большим количеством товара (меди и серебра) и вывозят его во все страны». По ал-Идриси, эти рудники находились в стране огузов и кыпчаков примерно на расстоянии 18-дневного перехода от Шаша (Ташкента) на север. Если ежедневный переход каравана принять за 30-40 км, то от Шаша до рудников будет чуть больше 700 км, что вполне соответствует месту расположения Жезказгана. В древнеиранском эпосе упоминается легендарный «*Медный замок*» (*Диз-и-Руин*), около которого был убит вождь туранцев Афрасиаб. Местонахождение «Медного замка», по мнению А.Х. Маргулана, совпадает с

современным рудником Милыкудук. Это мнение было подтверждено материалами археологических раскопок, проведенных на поселениях древних и средневековых рудокопов Милыкудук, Соркудук и Айнакуль, составляющих отдельные участки рудоносного региона Жезгазгана. Центром древнего и средневекового месторождения было городище Милыкудук. Участок, занятый поселением, занимал площадь не менее 10 га. Здесь обнаружены остатки жилых и хозяйственных строений, мастерских и складских помещений в виде бугров и ям. Археологический материал подтверждает, что средневековый Милыкудук был важным ремесленным центром Дешт-и Кыпчака. Здесь открыты крупные мастерские с большим числом плавильных печей. Кроме того, развивались гончарные, железоделательные, камнетесные ремесла. Количество вынутой, хорошо раздробленной и обогащенной руды, наличие большого числа плавильных печей и крупных мастерских позволяют сказать, что медь и железо в древнем Милыкудуке производились не только «для себя», но и на экспорт в соседние страны [20, с. 3-42.]. Важные исследования были проведены в 1997-2003 гг. на средневековом *городище Бозок* вблизи г. Астана экспедицией Евразийского государственного университета им. Л. Гумилева, возглавляемой К.А. Акишевым и М.К. Хабдулиной. Городище, названо Бузук (Бозок) по одноименному названию озера, на берегу которого оно стоит. Памятник относится к средневековой эпохе, ко времени, когда территория Центрального Казахстана входила в состав кыпчакского государства. Речь идет о предмонгольском времени X-XII вв. На современной поверхности видны развалы валов, окружающие их рвы. Они огораживают три квартала. Интересна планировка кварталов, расположенных в виде трехлепестковой розетки и сгруппированных вокруг центральной площади. По результатам раскопок исследователи пришли к выводу, что городище Бозок было военной ставкой, резиденцией кыпчакского владетеля в X-XIV вв. Из письменных источников известно, что в средние века в степи формирование города шло вокруг резиденций правителей или культовых мест. В данном случае оба этих процесса совместились. Древний город оказался и культово-мемориальным центром. Здесь раскопали развалины двух мавзолеев, минарета и погребальных оградок, сложенных из сырцового кирпича. Примечательно, что ставка находится в пяти километрах от крупного брода Караоткель через Ишим. Это очень удобное местоположение не только в географическом плане, но и в стратегическом. Ставка контролировала все караванные пути, которые пересекали Сарыарку [21, с. 203-255.].

В заключения мы можем констатировать что, в эпоху раннего средневековья VII – первая половина IX в. в политическом отношении это время древнетюркских государств: Тюркского, Западнотюркского, Тюргешского и Карлукского каганатов. Это время перемещения на территорию Жетысу и Южного Казахстана основных трасс Великого Шелкового пути. В VII в. в Жетысу возникают города Суяб и Навакет; продолжают развиваться Тараз; на юге Казахстана – Испиджаб, на Средней Сырдарье – Отрар и Шавгар. Сюань Цзянь, проехавший в 629 г. через Чуйскую долину и Южный Казахстан, называет также города Осуболай (Аспару), Цзюйлань (Кулан), а Ибн Хордадбех и Кудама в своих маршрутных сводках используют сведения VIII в. и перечисляют города Кулан, Аспару. Археологами локализованы городища этого времени, изучена их топография, застройка, фортификация, типы городских усадеб. Определен этнический состав населения городов – это тюрки, тюргеши, карлуки, чигили, согдийцы, сирийцы. Изучены городища, в том числе их структура. Получено представление о застройке цитаделей, о типах домов, о культовых сооружениях. Для этого периода развития урбанизации характерен тюрко-согдийский синтез в архитектуре, строительстве, искусстве, в развитии городской культуры. Яркие материалы об архитектуре VII-IX вв. дали раскопки городищ Ак-Бешим, Навакет, Кулан в Чуйской долине; Костобе и Тараз в Таласской долине; Джувантобе, Отрар, Куйрыктобе, Алтынтобе, Сидак в долине Сырдарьи. Открыты дворцовые постройки в цитаделях Куйрыктобе и Костобе; изучена архитектура и декор загородного дворца на городище Луговое; замков и усадеб городища Красная речка, Тараз; буддийских храмов Ак-Бешима; христианской церкви на городище Ак-Бешим. Получены уникальные материалы: резные доски парадного зала дворца в цитадели Куйрыктобе; резной штук дворцов Лугового и Костобе; изучены наусы – мавзолеи

Борижарского могильника. Интересные материалы получены при раскопках дворца Акыртас – незаконченной постройки из камня, датируемой серединой VIII в. Эти материалы свидетельствуют о высоком уровне городской культуры, архитектуры и искусства города VII – первой половины IX в. [22, с. 105-146.]. В городах Отраре-Фарабе, Таразе, Навакете, Суябе работают монетные дворы. Раскопки археологов «гробницы Аньця» вблизи Чанъани открыли саркофаг, украшенный гравировкой и росписями. Они дают представление о жизни согдийского вельможи – главы согдийской колонии в Китае. Он показан на пиру вместе с тюркскими аристократами, на охоте, в сцене официальных переговоров с тюркским каганом. Особый интерес представляет рисунок, изображающий торговый караван согдийцев в ставке тюрков. Это своеобразные иллюстрации взаимоотношений тюрков и согдийцев, связанных общими торговыми интересами международной торговли по великому Шелковому пути. В VII-IX в. происходит синтез согдийской и тюркской культур, что достаточно хорошо прослеживается в распространении двух культурных комплексов – согдийского и тюркского. Этот процесс наблюдается в Семиречье, на юге Казахстана и в Средней Азии. Необходимо акцентировать внимание и писать не только о городах согдийцев или городах тюрков, а о городах согдийцев и тюрков, тюрков и согдийцев в зависимости от этапов их развития. Однако, надо учитывать участие в формировании раннесредневековой культуры Семиречья этого времени Усуньского культурного комплекса в Илийской и Чуйской долинах: Усуньского и Кангюйского – в Таласской долине и Южном Казахстане. Кангюйский культурный комплекс прослеживается и в формировании культур Согда. Яркое тому свидетельство – продолжение традиций саков и усуней в средневековой городской среде. Прослеживается традиция «художественных бронз» Семиречья в культовой керамике средневековых городов и поселений. В формировании городской культуры, в развитии урбанизации этого этапа участвовали и кочевники, и земледельцы, и степь, и город. Причем, в этническом плане скотоводы и горожане были однородными или же объединенные в рамках этнополитических образований – в Западнотюркском, Тюргешском и Карлукском каганатах. Взаимодействие и взаимообогащение оседлой и кочевой культур стали по существу магистральной линией прогресса. В недрах такого синтеза лежат многие достижения цивилизации, созданные народами Казахстана и Средней Азии, а также истоки их этногенеза.

### Литература:

1. Ерзакович Л.Б., Ходжаев М. К вопросу о торговых связях Отрара в эпоху средневековья. // Взаимодействие кочевых и оседлых культур на Великом Шелковом пути, с. 68-69; Савельева Т.В. Международные культурные и торговые связи городов Южного Казахстана в XII-XV вв. Там же, с. 93-94; Ходжаев М. Гончарные изделия импортного происхождения из Отрара. // Известия НАН РК. Сер. общ. наук, 1994, № 5, с. 66-70.
2. Астафьев, А.Е. Пути торговых сообщений эпохи средневековья на территории Арало-Каспийского водораздела. Мангистау. Актау, 2010. – 140 с.
3. Ажигали С.Е. Очерк этнической истории аридной зоны Арало–Каспия // История и культура Арало-Каспия. Вып. 1. – Алматы, 2001. – С. 19.
4. Бартольд В.В. Очерк истории туркменского народа. Соч. Т. 2. Ч. 1. – М., 1965. – С. 37-67.; Гафуров Б.Г. Таджики. Древнейшая, древняя и средневековая история. – М., 1972. – С. 220.
5. Коковцов П.К. Еврейско-хазарская переписка в X в. – Л., 1932. – С. 81-83.
6. Плетнева С.А. Хазары. – М., 1976. – С. 11.
7. Мандельштам А.М. К данным аль-Бируни о Закаспии // Страны и народы Востока. Вып. 10. – М.: 1971 г. – С. 164-165.
8. Ковалевский А.П. Книга Ахмеда Ибн Фадлана о его путешествии на Волгу в 921-922 гг. Статьи, переводы, комментарии. – Харьков, 1956. – С. 158.
9. Гулямов Я.Г. История орошения Хорезма. – Ташкент, 1957. – С. 139.

10. Бижанов Е.Б. Археологические памятники Юго-Восточного Устюрта: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. – Нукус, 1967. – С. 10.
11. Бартольд В.В. Мангышлак. Соч. Т. 3. М., 1965. – С. 56.
12. Бартольд В.В. К истории орошения Туркестана. Соч. Т. 3. – М., 1965. – С. 582-588.
13. Калменов, М.Д. Средневековое городище Кызылкала / Мат-лы Междунар. симпозиума Приаралье на перекрестке культур. – Нукус–Беруни. 2007. – С. 15–16.; Калменов, М.Д. Археологические аспекты планировки и территориальных границ средневекового городища Кызылкала / Вестник Челябинского гос. унив-та. – №16. – Челябинск, 2012. – С 5–7.
14. Калменов М.Д. Автореферат дис. ... канд. ист. наук: 07.00.06. Казань. 2013. 27 с.
15. Волин С.Л. Сведения арабских источников IX–XVI вв. о долине реки Талас и смежных районов // ТИИАЭ. 1960. Т. 8. - С. 74, 75, 77.
16. Кумекоев Б.Е. Государство кимаков IX–XI вв. по арабским источникам. Алма-Ата: Наука, 1972. - С. 21-30, 98-107, 106-107.
17. Шангин. И.П. Извлечение из описания экспедиции, бывшей в киргиз-кайсацкой степи в 1816 г. // Сибирский вестник. - СПб., 1820. - Ч. IX. С. 74-75.
18. Семенов Л.Ф. Материалы к характеристике памятников материальной культуры Акмолинской области // Вестник Центрального музея Казахстана. - Алма-Ата, 1930. - № 1. - С. 77-78.
19. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительном исследовании Древнего Казахстана. - Алма-Ата, 1951. - С. 88-106; Маргулан А.Х. Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане // Археологические памятники Казахстана. - Алма-Ата, 1978. - С. 37.
20. Маргулан А.Х. Джекказган - древний металлургический центр (городище Милыкудук) // Археологические исследования в Казахстане. - Алма-Ата, 1978. - С. 3-42.
21. Акишев К.А., Хабдулина М.К. Древности Астаны: городище Бозок. - Астана, 2011. - С. 203-255.
22. Байпаков К.М. Западнотюркский и Тюркешский каганаты: тюрки и согдийцы, степь и город // Известия НАН РК / Серия общественных наук. 2009. №1. С.105-146; Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. Алма-Ата, 1986. - С.76.

## ӘОЖ 149/24

### «ӘЙЕЛ» ОБРАЗДАРЫНЫҢ ТҮРКІ МИФОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

А.К.Хусаинова, магистр., аға оқытушы

А.М. Кенжебулатова аға оқытушы

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы,

К.Кулажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті

**Түйін:** Мақала түркі мифологиясы, соның ішінде қазақ фольклорындағы «әйел» образына байланысты концептілік ұғымдарды анықтап, зерделеуге бағытталған. Бұл ретте көне түркі мифологиялық «әйел» образдарды анықтай отырып, олардың қазіргі «әйел» концептілерін қалыптастырудағы функцияларын ажыратуға тырыстық. Мақалада «әйел» образын сипаттайтын концептілік құрылымдарды саралай келе, зерттеу объектісіне алынған тақырып аясында өзіндік тұжырымдар мен нәтижелерге қол жеткіздік.

**Аннотация:** Целью статьи является выявление и изучение концептуальных концептов, связанных с образом «женщины» в турецкой мифологии, в том числе казахском фольклоре. В то же время, определяя древнетюркские мифологические «женские» образы, мы попытались выделить их функции в формировании современных «женских» концепций. Анализируя концептуальные конструкции, описывающие образ «женщины» в статье, мы пришли к собственным выводам и результатам в рамках темы объекта исследования.

**Annotation:** The purpose of the article is to identify and study conceptual concepts associated with the image of “woman” in Turkish mythology, including Kazakh folklore. At the same time, by defining ancient Turkic mythological “female” images, we tried to highlight their functions in the formation of modern “female” concepts. Analyzing the conceptual constructs that describe the image of a “woman” in the article, we came to our own conclusions and results within the framework of the topic of the research object.

**Тірек сөздер:** әйел концептісі, түркі мифологиясы, ауыз әдебиеті, образ, танымдық жүйе

Көркем әдебиеттегі «әйел» образын жан-жақты, әр қырынан талдау – әдебиеттану саласының көкейкесті мәселелерінің бірі. Аталған тақырып аясындағы зерттеулер өте ертеден басталса керек. Бұл ең алдымен «әйел» образына арқау болған әйелдердің қоғамдағы орынмен тікелей байланысты болып табылады. Әріге баратын болсақ, Орта Азияны мекен еткен ежелгі сақ, ғұн, көне түркі, көне ұйғыр мемлекеттерінің тарихында әйелдің алатын орны ерекше. Мәселен, тарихи жазба деректерде көрсетілгендей, ежелгі сақ дәуірінде қыз баланы еркек тәрізді жауынгер, сарбаз қылып тәрбиелеу дәстүрі болған. Сонымен қатар, әйел ел басқарған. Оның айқын дәлелі – Томирис патшайым. Грек жазбаларында, Томирисі «Леди Оригана» деп атайды. Түрік ғалымдарының пікірі бойынша Томирис Тұран бірлігін құрған Алып Ер Тоңғаның немересі болып табылады. Томирис патшайымның «Төрт құбыланың билеушісі атанған, жеңілуді білмейтін» парсы патшасы Кирді ойсырата жеңуі тарих беттерінде орын алған. Бұл тарихи оқиға көптеген аңыз-әңгімелерге, жыр-дастандар мен ертегілерге негіз болды. Томирис патшайымды бұл жеңіске жетелеген жалғыз ұлы Спарғапты парсы патшасы Кирдің тұтқынға алуы еді. Аңыз-әңгімелер желісі бойынша Томирисінің тек ат құлағында ойнайтын шабандоз, мерген, жаужүрек жауынгер, ел билеушісі ғана емес, ең алдымен бауыр еті баласын қорғаған «ана» деп білеміз [Әдеби жәдігерлер, 2007: 29].

Ғұн дәуірінде де ел билеу, жерді қорғау, шет елдермен қарым-қатынас мәселелерінде ер мен әйел бір-бірінен ажыратылмаған. Мәселен, Ұлы ғұн империясының Қытай елімен алғашқы бейбітшілік келісіміне Ғұн патшасы Мөденің әйелі «хатун (билеушінің жары деген титул)» қол қойған. Сондай-ақ, «хатун» патшаның істеріне соңғы нүкте қоюшы болып саналған. Ел ішіндегі барлық жарлықтар тек патша бұйрығымен ғана емес, «хатунның» қолдауымен бекітіліп отырған. Ғұн мемлекетінің тәртібі бойынша патша бөгде елдерден елші қабылдаған кезде де «хатун» патшаның сол жағында отырған. Кей жағдайда, «хатун» жалғыз өзі елші қабылдауды жүзеге асыра алған. Мәселен, мемлекеттегі елші қабылдау жұмысы мен сыртқы істерді атақты билеуші Атилланың жары Арыг хатун айналысқандығы туралы тарихи жазба деректер дәлел бола алады. Көне ұйғыр дәуірінде де әйелге деген ерекше құрмет жалғасын тапты. Бұған ұйғыр заманындағы жазба ескерткіштері дәлел бола алады. Әйел бейнесін ашатын ерекше образдарды Оғыз дастанынан, Қорқыт ата дастанынан, Манас эпосынан, Қырқ қыз дастанынан және т.б. әдебиет үлгілерінен де айқын көруге болады. Түркі әлеміндегі әйел бейнесі тақырыбы түрік ғалымдары тарапынан да «Түркі дүниесіндегі батыр әйелдер», «Көне түркідегі мифтік әйелдер образы», «Түрік дастандарындағы әйелдер бейнесі» [Сары, 2017] тақырыптары бойынша зерттеу нысанасына алынды. Сондай-ақ, түркі халықтарының ортақ әдебиеті мен түрік әдебиетіндегі әйел бейнесін ашатын конференциялар [Alp kadın çalışmaları, 2018] ұйымдастырылып, Наджие Атайылдыз, Серап Бұйырған, Зухаль Йюксел, Али Чакмақоғлы Куру және т.б. көптеген профессорлар мен зерттеушілер тарапынан ғылыми тұжырымдар жасалды. Түркі әйелінің «батыр» ретіндегі образы Ташкент университетінің зерттеуші-ғалымдары Мусине Галима мен Маматкул Чораевтың зерттеулеріне негіз болып, 2019 жылы «Тұранның алып қыздары» [Галима, Чораев, 2019] атты еңбегі жарық көрді. Якут (саха), тува тәрізді алтай түркілерінің ежелгі мифтері мен олонхо, эпостарындағы әйел бейнесі де әдеби-мәдени зерттеулерге бастама болған [Женщина в Сибири в XIX – XX вв, б]. Сондай-ақ, Қазақ хандығының 550 жылдығына орай ұйымдастырылған «Қазақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар» атты халықаралық

конференция материалдары да қазақ әйелі, түркі әйелі бейнесінен мол мағлұмат береді [Қазақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар, 2015].

Ортақ көне тарих, тіл мен әдебиетке ие, бүгінгі күні түркі халықтарының, соның ішінде қазақ және түрік әдебиетіндегі «әйел» концептісін салыстыра зерттеу – түркі танымындағы, ғылымындағы, тарихындағы, әдебиетіндегі және философиясындағы ортақ белгілерді ажыратып, баса көрсетуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда, түркі әлеміндегі әйел образының ғалымдар тарапынан сараланған, мифтен, фольклордан, әдеби жәдігерлерден, орта ғасыр, хандық дәуірдегі әдебиеттен, қазіргі әдебиеттен ойып орын алатындай ғылыми негізделген сипаттары қалыптасты. Мақаладағы мақсатымыз осы образдардың, яғни Ақ ана, Үкок, Ұмай ана, Сары қыз, Хума, Асена ханшайым, Айызыт ханшайым, Арғы хатун, Томирис, Зарина ханшайым, Елбілге хатун, Жаныл мырза, Дарика қыз, Суйумбике хатун, Құрманжан Датқа, Теркен ханшайым, Бурла хатун, Бөрте және т.б. әйел бейнелерінің ортақ концептілерін анықтап, ортақ белгілерін, өзіндік ерекшеліктерін ажыратып, әдеби айналымға енгізу болып табылады. Тарихтан белгілі жайттардың барлығы түркі әлемінде әйелдің орны ерекше болғандығын байқатады. Сол себепті көне түркіден бүгінге дейінгі түркі халықтары, соның ішінде қазіргі қазақ, түрік әдебиетіндегі әйелдер бейнесін айшықтап көрсету түркілік бірегейлігімізді анықтауға негіз болады. Бұл ретте мақаламызға зерттеу материалы ретінде ежелгі түркілік аңыз әпсаналар, көне түркілік әдеби жәдігерлер, қазақ және түрік әдебиетіндегі «әйел» образын сипаттай отырып, концептілік негіз қалыптастыратын көркем шығармаларды қолдандық. Мақалада салыстырмалы, тарихи әдістермен қоса, «әйел» концептісін когнитивтік тұрғыдан талдау барысында герменевтикалық, әдебиеттанушылық, тілтанымдық, мәдениеттанушылық, әлеуметтанушылық әдіс-тәсілдер де қоланылды.

Түркі әлемін терең зерттеген тарихшы-ғалым Лев Гумилев «Көне түріктер» деген іргелі еңбегінде «Түркілер әйелдерді сал-серілердей қатты құрметтейтін. Баласы үйге кіргесін әуелі шешесіне иіліп, тәжім еткен, содан кейін барып әкесіне сәлем берген. Орхон жазуында да апа-қарындастары қалып қойып, оларға ажал қауіпі төнгенде, Күлтегіннің оларды жанқиярлықпен қорғап қалғаны зор шабытпен жырланады. Түркілерде анасының шыққан тегіне айрықша мән берген» [Гумилев, 1994]- деп жазады. Тарихтан белгілі жайттардың барлығы түркі дүниесінде әйелдің орны ерекше болғандығын байқатады. Сол себепті көне түркіден бүгінге дейінгі түркі халықтары, соның ішінде қазақ, түрік әдебиетіндегі әйелдер бейнесін айшықтап көрсету мақаламызға негіз болды.

Түркілер өткен тарихында кейінгі ұрпаққа мол рухани мәдениет, әдебиет үлгілерін мәңгі өшпестей мұра етіп қалдырды. Қазіргі әдебиетіміз өз қайнар бастауын содан алып толығып, толастап келеді. Олай болса, әдебиеттегі «әйел» концептісі жайлы сөз еткенде ең алдымен көнеге, рухани мұрамызға үңілгеніміз жөн. Яғни ең адымен «ортақ түркілік мифке» назар аударуымыз керек. Қазақ ұлттық энциклопедиясында «Мифология, миф – ойдан шығарылған қиял емес, ол – өткен заманның адамының шындығын бойына сақтап қалған ата-баба сарқыты. Ол өткенді саналы бұрмалаудың, жалғандықтың есерткіші емес, бірнеше мәрте бүктетіліп, оралып, ақиқаты мен қасиеті қатар өрілген, еріксіз шатасудың тозаңының арасында байқалмай қалған ақиқаттың өрім қамшысы» [Қазақстан. Ұлттық энциклопедия, 2004: 12] деген анықтама беріледі. Әдебиеттану терминдер сөздігінде «Миф ( грек *mesthos-bayan*, аңыз, мысал) - халық творчествосының өте ертеден қалыптасқан ең көне жанрларының бірі. Миф алғашқы қауымдық қоғам адамдарының дүние туралы, әлемге әмір етер сыртқы күште, яғни құдайлар мен рухтар образдары туралы және табиғаттан тыс құбылыстар мен оқиғалар жөніндегі түсінігі, сонымен қатар осылар жайындағы қалыптасқан мифтер (аңыз-әңгімелер). Басқаша айтқанда, миф – алғашқы қауымдық қоғам адамдарының әлем, дүние жөніндегі танымының көрінісі» деп көсетіледі [Әдебиеттану терминдерінің сөздігі, 1998: 384]. Сондай-ақ, «Мифология – адамзаттың рухани әлемінің символдармен сипатталған айнасы» деген тұжырымдамалары да жоқ емес [Өгел, 2010: 84]. Мифте «... поэзия мен алғашқы білімнің, дін мен әдептің, өнер мен өмірлік тәжірибенің ерекше бірлігі орын алады» [Мифологический словарь, 1991: 32]. Бұл ретте қазақ мифологиялық образдарындағы «әйел»

концептісінің қалыптасуын әлем халықтары мифологиясымен салыстырмалы түрде қарастырып, қазақ мифологиясындағы әйел бейнесінің құрметті орынға ие екенін көре аламыз. Мәселен, ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі Аристотельден бастып, Я. Шпенгер, Г. Инститорис, Филон Александрийский, Г.Спенсер, Э.Роттердамский, А. Шопенгауэр және т.б. батыстық философтар әйел бейнесін «төменгі тіршілік иесі», «лас дене әлемінің бейнесі», «арнайы қызметі бар жартыкеш адам», «төменгі әлемнің, күнәның, опасыздық пен жамандықтың, ретсіздіктің символы» деп қарастырып келсе, түркілік ұғымда әйел образы ең алдымен әйел – ана, әйел – адал жар, отан, жер-Ана деп сипатталып жоғары бағаланған. Арабтық, исламдық көзқараста да әйел бейнесін тек «құлдық» концептіде бағалау орын алады. Сол себепті де «әйел» бейнесіне ортақ түркілік, қазақи көзқарас негізінде талдау жасай отырып, «әйел» концептісін саралау арқылы «әйел» затына берілген ерекше бағалауды кейінгі ұрпақ санасына сіңіре аламыз.

Мифтік кезеңдерден бері түркі мәдени өмірінде өте маңызды орын алған «әйел» тақырыбы халықтың ұлттық болмысы, менталитеті, дүниетанымы, өмір сүру салты, әдет-ғұрпынан мол мағұлмат береді. Жалпы түркі, соның ішіндегі қазақ мифологиясындағы «әйел» бейнелерін саралай келе, әйел – «Жаратушы», «Құдай-Ана», «Қорғаушы Рух», «Түркілердің жаратылысына негіз болған ұрғашы қасқыр», «Отан», «Жарық – сәуле» «Ел билеуші», «Жауынгер- сарбаз», «Адал жар», «Ақжаулықты ана», «бейкүнә қыз», «сұлулық символы», «ар-намыс» және т.б. концептілер арқылы сипатталады. «Әйел» бейнесінің концептілік ареалының кеңдігі халық санасындағы әйел затына деген құрметі, сенімі, сүйіспеншілігі негізінде қалыптасқан деген пікірдеміз.

Ал «концепт» ұғымына тоқталар болсақ, ең алғаш тұжырымдама жасаған ғалым С.А.Аскольдов, концептіге: «...мысленное образование, которое замещает нам в процессе мысли неопределенное множество предметов одного и того же рода» [Аскольдов-Алексеев, 1997: 271] деген сипаттама береді. Сондай-ақ, концепт мәселесін теориялық тұрғыдан негізден ғалымдар қатарына А. Вежбицкая, Ю.С. Степанов, В.З. Демьянковтады жатқызуға болады. Олардың тарапынан концепт адамның әлем туралы тиянақталған мәдени түсініктері бейнеленген және атаулары бар ғаламның тілдік бейнесі ретінде танылады.

Сонымен, «әйел» бейнесін сипаттайтын негізгі концептілердің бірі «әйел – Жаратушы, Құдай-Ана, Қорғаушы Рух» болып табылады. Яғни түркілік мифологияда түркілердің жаратылысында әйел заты ерекше рөл атқарады. Түркі халықтарының алғашқы дастаны болып саналатын Алтайдағы Якут (саха) түркілерінің «Жаратылыс» эпосында Тәңірге дүние мен адамдарды жаратуды ұсынған және муза болған «Ақ Ана» бейнесі түркі әлемінде әйел затына деген ерекше көзқарастан белгі береді. «Ақ Ана» - Алтайдан табылған «Үкөк ханшайым» екенін ғалымдар жоққа шығармайды. Уакут түркілерінің мифологиясында орын алатын «Айызыт» бейнесі де әйел, дүниеге бала әкелетін әйелдерді қорғайтын тәңір іспеттес бейне. Аңыз бойынша әйел адамның толғағы қысқанда аспаннан түсіп, бала дүниеге келгенше жүкті әйелдің қасында болады-мыс.

Көк түрік дәуірінің аңызға айналған әйел бейнесі «Ұмай Ана» болып табылады. Ұмай Ана жүкті әйелдің аман-есен сәбиді дүниеге әкелуін, дүниеге келген сәбилерді қорғайтын тәңір іспеттес болып келеді. Ұмай ана туралы мәліметтер Орхон жазба ескерткіштерінде орын алады. Мәселен, Құтты мемлекет – Түркі қағанатының билеушілері Күлтегін мен Білге қағанның басына орнатылған ескерткіштерде әйел затына деген ерекше ілтипат төмендегідей сипатталады: «Көкте Түркі Тәңірі Түркінің құтты мемлекетін осылай жаратты. Түркі халқы жоқ болмасын деп, халық болсын деп әкем Елтеріс қаған мен анам Елбілге хатунды (Тәңір) халық арасынан алып жоғары шығарыпты». Бұл істе түркілік мифологияға сәйкес, Тәңірге көмекші болған рух «Ұмай» болған.

Түркілердің наным-сенім жүйесінде бәріне күш-қуат беретін нәрсе тек жаратушы Тәңір болып табылады. Әрбір тіршілік иесінде оның энергиясы болады. Тәңір – түркілердің наным орталығы. Ал тәңірге көмектесетін ата-баба рухы, аруақтар бар. Оларды Кам деп атайды. Олар Тәңірдің бұйрығымен түркілерді апаттан, тіл-көзден, жауыздықтан, жамандықтан қорғайды. Солардың бірі – әйел негізді Тәңір көмекшісі Ұмай Ана болып табылады. Ұмай – санскрит



тілінен аударғанда көктен түсе алатын деген мағына береді. Ежелгі үнді мифологиясында Ума есімді құдай бар. Мағынасы жарық дегенді білдіреді. Үнді құдайы Шиваның әйелінің есімі де Ума болған деседі. Көптеген ғалымдар осы жерден байланыс көреді. Түріктерде оны Сары қыз, Ана табиғаты деп те атайды. Әзербайжандар Хумай дейді. Түркі нанымдарында қорғаушы рух Ұмай Ана оттан жаралған, от рухы деп сипатталауы да үнді мифологиясындағы Умамен «жарық» концептісі тұрғысынан сарындас келеді. Ұмай Ана бейнесі якуттар, түріктер, қырғыздар, қазақтар, әзірбайжандар және т.б. түркі халықтарының аңыз-эпсаналарында жиі орын алады. Ұмай ана көптеген жерлерде әйелдерді, балаларды және табиғатты қорғайтын, жерді құнарлы ететін құдай ретінде бейнеленген. Түркияның Анадолы аймағындағы түріктерде «Ал тақтасы – асы» деп аталатын жүкті әйелдердің балаларын ұрлап әкететін әйел жадысы туралы аңыз бар. Ұмай Ана соған қарсы қорған болған. Кейбір деректерде «Ұмай Ана Үлгенмен бірге әлемді құруға қатысады», «Хума құсы» деген ұғымдар да жоқ емес.

Көне түркі мифологиясында орын алған «Ақ Ана», «Үкөк ханшайым», «Ұмай Ана», «Хума құсы», «Сары қыз» бейнелері әйел затына ерекше леп беріп, әлемнің жаратылысына зор әсер ете алған әйелдер құдіретін сипаттау негізінде Жаратушы, Құдай-Ана, Қорғаушы Рух концептілері қалыптасуы ықтимал. Түрік ғалымы Ибрахим Сары «ежелгі қауымдар арасында әйел затына ерекше құрмет көрсеткен ежелгі түркі қауымы әйелді жаратылыстың бастауы, «Тәңір» іспеттес санаған» [Сары, 2017], деген тұжырымы түркі мифологиясында айқын көрініс табады. Әлбетте, бұл балама ең алымен әйел затының өмірге тірі жан, ұрпақ, әкелуімен байланысты болса керек. Қазақтың заңғар жазушысы М. Әуезов те «Әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемі тербетеді» деп тегін айтпаса керек. Дүниеде адам атаулы еркек және әйел деп бөлінгенімен, өмірге сәби әкелу міндеті әйел затына ғана жүктелген. Оның себебі, осы нәзік жанды жаратылыс иелерінің сабырлық, төзімділік қасиетінде болса керек. Яғни, сәбиді тоғыз күн, тоғыз ай құрсағында көтеріп, межеленген уақытында оны өмірге әкелудің ауыртпалығына әйел заты ғана төзе білген. Сәбидің дүниеге келуімен байланысты құбылыстар әйел затының құдіретін танытып, оны Жаратушы, Құдай-Ана бейнесінде көсетуге белгі болып, кейін концептілік ұғымның қалыптасуына негіз болған.

Құдай-Ананың басты міндеті – дүниеге тіршілік иесін әкелу, яғни, жаратушы Ата-құдайдың қосағы ретінде дүниені тудыру. Бұл жағынан көбінесе әйел Жер-Ана концептісімен де сәйкестіндіріледі. Кей жағдайда, әйел-құдайлар табиғаттың басқа бір қырымен байланысты: тағылық, қиратушылық, жерасты әлемі, зұлымдық сияқты міндеттерді де атқарады. Бұған нақты дәлел ретінде қазақ ауыз әдебиеті үлгілері, ертегі, аңыздардан Жалмауыз кемпір, Жезтырнақ, Албасты образдарын, ал түрік фольклорында Жады, Пері, Албасты бейнелерін алуға болады.

Әйел образындағы концептілік аясы аса кең ұғым «Ана» болып табылады. «Ана» концептісінің негізгі тетігі Түркілердің жаратылысы туралы баяндайтын Өтүкен, Ергенекон аңыздарында да әйелдік, соның ішінде ұрғашы қасқыр, арғы ене бейнелері бар. Бұл аталғандардың барлығы сайып келгенде, әйел бейнесін әр қырынан танытып, концептілік жүйе қалыптастыруда зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі болып табылады. Хайуан кейпінде болғанына қарамастан, бір тайпаның жойылып кетпей, қайта одан әрі күшейген, рухты, ештеңеден қорықпайтын, тамырларында бөрінің қаны тасыған Ашина тайпасының қалыптасуына негіз болған «ана-қасқыр» образы түркі мифологиясының негізгі тұғыры болып саналады. Бүгінгі таңда өзін көк бөрінің ұрпағы санайтын қазіргі түркі халықтарының ауыз әдебиеті мен фольклорына бұл мифтік концептінің әсері болғаны анық. Нәтижесінде түркі халықтарының тарихында орын алған Асена ханшайым, Айызыт ханшайым, Аргы хатун, Томирис, Зарина ханшайым, Елбілге хатун, Жаныл мырза, Дарика қыз, Суйумбике хатун, Құрманжан Датқа, Теркен ханшайым, Бурла хатун, Бөрте және т.б. әйел бейнелері көркем шығармаларға арқау болды және түркі халықтарының әдебиетінде әйел образының «жауынгер», «ел билеуші», «сарбаз», «батыр» тәрізді концептілерді қалыптастырды.

Сонымен қорыта келе, концепт – біздің этномәдени санамызда сақталған, ұрпақтан ұрпаққа берілетін қысқа, әрі терең мағыналы шындық болмыс, мәдени құндылықтар жөніндегі сан ғасырлық түсінікті бір ұғыммен беретін күрделі құрылым.

Концептілік ұғымға ие болу үшін халықтық қолданыстағы сөздер сол халықтың ғасырлар бойғы мәдениетімен, дәстүрімен, діні, ділімен тығыз байланыста болып, мәдени дәрежеге ие болуы қажет. Яғни, тілдегі кез-келген сөз концепт бола алмайды. Ал халықтың мәдениеті, діні, ділі, наным-сенімі мен тілі біте қайнасып, танымдық түсінік беру қабілетіне ие болған сөздер концептік белгіге ие бола алады. Солардың – бірі «әйел» концептісі түркілік мифология аясында зерделеніп, түркі халықтарына жеткен «әйел» концептісіне байналысты концептілік күрделі құрылымдар жан-жақты сараланып, зерделенді. Нәтижесінде жалпы түркі, соның ішіндегі қазақ мифологиясындағы «әйел» бейнелерін саралай келе, әйел – «Жаратушы», «Құдай-Ана», «Қорғаушы Рух», «Түркілердің жаратылысына негіз болған ұрғашы қасқыр», «Отан», «Жарық – сәуле» «Ел билеуші», «Жауынгер- сарбаз» концептілік ұғымдарға талдау жасалды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1.Әдеби жәдігерлер. 1-том. Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер. – Алматы. 2007. – 504 б. (қазақ)
- 2.Сары И. Түрік әйелі. – Анталья. 2017. – 260 б. (түрік)
- 3.Үшінші батыр әйелдер конференциясы. Гази университеті, Анкара, 2018. (түрік)
- 4.Галима М., Чораев М. Тұранның алып қыздары. Бишек. 2019. – 274 б. (түрік)
- 5.ХІХ – ХХ ғасырлардағы Сібірдегі әйел: аймақтық қоғамдағы аймақтық орын және гендерлік рөлдер: ғылыми мақалалар жинағы / ред. басқарған. Ю. М. Гончаров. – Барнаул. 2008. – 188 б. (орыс)

**ӘОЖ 821.512.122.**

## **ҚАЗАҚ ТІЛІН ТЕОРИЯЛЫҚ-ПРАКТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ**

**Г. Х.Түлекова, А.М. Елубай, Н. Р. Суранчиева**  
Азаматтық Авиация Академиясы, Алматы

### **Түсініктеме**

Мақалада білім беру әдістері қазақ тілінің теориялық материалдарын психикалық қызмет негізінде меңгертіп, оны оқушылар ойында қалыптастыруды және практикада шебер қолдана білуді үйрететін тәсілдер құрамы болып табыладығы жөнінде сөз қозғалған.Тілді теориялық-практикалық тұрғыдан оқытудың әдіс тәсілдері қарастырылған. Қазақ тілінен теориялық білім берудің тәсілдерін, соған байланысты практикалық дағды мен тәлім – тәрбие берудің амалдарын саралайды, соны іс – тәжірибе жүзінде іске асырудың тәсілі мен жолдарының дәл жүйесін көрсетеді. Білім алушылардың қазақ тілінен алған білімі мен білігін және іс – тәжірибелік дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыс жүйесі оқыту әдістерінің құрылымына тікелей байланыстылығын айта келе, оқытушы басшылығымен орындалатын білім алушы жұмысының тұрақты сатысы оқыту әдістерінің мазмұнына қатысты екендігіне тоқталған.

**Түйін сөздер:** теориялық оқыту,әдіс тәсілдер, практикалық оқыту,оқыту дағдысы.

### **Аннотация**

В статье рассмотрены методы обучения являются составами методов, позволяющих овладеть теоретическими материалами казахского языка на основе психической деятельности, формировать его в игре и умело применять на практике. Анализирует подходы к теоретическому обучению казахского языка, в связи с этим практические навыки и приемы

обучения, демонстрирует четкую систему способов и путей их практической реализации. Говоря о том, что система работы, которую проводит учитель на пути формирования знаний, умений и практических навыков, полученных учащимися по казахскому языку, напрямую связана с структурой методов обучения, подчеркнув, что устойчивая стадия работы обучающегося под руководством преподавателя относится к содержанию методов обучения.

**Ключевые слова:** теоретическое обучение, методы, практическое обучение, навыки обучения.

### Annotation

The article considers It was said that teaching methods are components of methods that allow you to master the theoretical materials of the Kazakh language on the basis of mental activity, form it in the game and skillfully apply it in practice. Analyzes approaches to theoretical teaching of the Kazakh language, in this regard, practical skills and teaching techniques, demonstrates a clear system of ways and ways of their practical implementation. Speaking about the fact that the system of work carried out by the teacher on the way of formation of knowledge, skills and practical skills obtained by students in the Kazakh language is directly related to the structure of teaching methods, emphasizing that the stable stage of the student's work under the guidance of the teacher refers to the content of teaching methods.

**Keywords:** theoretical training, methods, practical training, training skills.

**Кіріспе.** Білім беру әдістері теориялық әдістеменің негізгі мәселелері болып саналады. Тілден теориялық білім мен практикалық дағды беруде білім беру әдістері жиі қолданылады. Әдіс грек тілінен енген сөз. Оның бастапқы ұғымы “зерттеу” деген мағынаны аңғартқан. Бертін келе алғашқы мағынасын кеңейтіп, “белгілі бір пәнді оқытудың әдісі” дегенді білдіреді. Сөйтіп әдіс қазақ тілінен теориялық білім берудің тәсілдерін, соған байланысты практикалық дағды мен тәлім – тәрбие берудің амалдарын саралайды, соны іс – тәжірибе жүзінде іске асырудың тәсілі мен жолдарының дәл жүйесін көрсетеді. Оқушылардың қазақ тілінен алған білімі мен білігін және іс – тәжірибелік дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыс жүйесі оқыту әдістерінің құрылымына тікелей байланысты.[1.12] Сонымен қатар мұғалім басшылығымен орындалатын оқушы жұмысының тұрақты сатысы оқыту әдістерінің мазмұнына қатысты. Білім беру әдістері қазақ тілінің теориялық материалдарын психикалық қызмет негізінде меңгертіп, оны оқушылар ойында қалыптастыруды және практикада шебер қолдана білуді үйрететін тәсілдер құрамы болып табылады. Тілдерден білім беру әдістері сан алуан. Осы әдістерді әдістеде жіктеп көрсетудің мәні зор. Жіктеп көрсетуде, біріншіден, оқушыға берілетін білімнің сапасы артады, екіншіден, оқушымен жүргізілетін жұмыстың дәлдігі нығаяды, үшіншіден, мұғалімнің атқаратын жұмысы жеңілдейді. Әрине, білім беру әдістерін таңдап, қолдану, оны қай уақытта іске асыру және білім беру әдістерін қай материалға байланысты сұрыптап алу методиканың қиын әрі күрделі мәселелері. Сондықтан оқушыларға ұсынылатын тілілік материалдардың көлемін дұрыс таңдап, сұрыптау өте қажет іс болып табылары сөзсіз. Оқушыларға берілетін білім мазмұнының көлемі мен ғылыми сапасын зерделеу білім беру әдістерінің іске асырылуын жеңілдетеді. Білім беру әдістерін іске асыруда оларды топтастыру, жіктеу ең қажетті мәселе болып табылады. Оқушылар тілді практикалық – теориялық және теориялық – практикалық жақтан меңгереді. Тілден білім беру әдістерін топтастыру әдістеменің соңғы жетістіктеріне негізделеді.

Негізгі бөлім. Білім беру әдістеріне педагогика теориясында төмендегідей анықтама берілгін: “... білім беру әдістері оқушылардың білім мен білігін, олардың практикалық дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыстарының тәсілі және оқушылар жүргізетін жұмыстың мұғалімнің басшылығымен орындалатын бірден – бір тәсіл”. [1. 47]

Оқыту әдісі-жалпы дидактикалық ұғым ретінде бұл оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту мақсаттарына жетуге бағытталған мұғалім мен оқушылардың өзара байланысты іс-әрекетінің тәсілдерінің жиынтығы.

Оқыту әдістері өзара байланысты екі топқа біріктіріледі:

- оқыту әдістері-көрсету, түсіндіру, жаттығуды ұйымдастыру, практиканы ұйымдастыру, түзету, бағалау;

- оқыту әдістері-таныстыру, түсіну, жаттығуға қатысу, тәжірибе, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі бақылау.

-Тілдерін оқыту әдістемесі үшін келесі әдістер жетекші болып саналады: көрсету, түсіндіру, практика.

-Оқыту әдістері әртүрлі критерийлер бойынша жіктеледі:білім алу және дағдыларды қалыптастыру көзі бойынша-мұғалімнің сөзі, әңгіме, тілді талдау, жаттығулар, кітаппен жұмыс, экскурсия, көрнекілік құралдарын пайдалану;

-білім алушылардың оқу процесіне қатысу дәрежесі мен сипаты бойынша-оқытудың белсенді, пассивті әдістері;

-оқушылардың жұмыс сипаты бойынша – ауызша және жазбаша, сынып және үй, жеке және ұжымдық.

Қазіргі уақытта оқытудың белсенділік тәсіліне негізделген оқыту әдістерінің жіктелуі кеңінен қолданылды. Осыған байланысты:

-Оқу пәнін меңгеруді қамтамасыз ететін әдістер (ауызша, көрнекі, практикалық, репродуктивті, проблемалық-іздеу, индуктивті, дедуктивті);

-Оқу қызметін ынталандыратын және ынталандыратын әдістер (танымдық ойындар, оқу пікірталастары, проблемалық жағдайлар);

-Бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері (сауалнама, сынақ, емтихан және т.б.).

Қабылдау-әдістеменің негізгі категориясы, оқытушының қызметіндегі ең кіші оқу бірлігі, практикалық сабақтың белгілі бір кезеңінде мұғалімнің нақты міндетін шешуге бағытталған қарапайым әдістемелік әрекет. Қабылдау оқыту әдісінің мазмұнының ажырамас бөлігі болып табылады және оны әдістеменің негізгі категорияларының иерархиясындағы бастапқы кезең ретінде қарастырған жөн. Мысалы, жаңа материалды түсіндіруге байланысты әдістер болуы мүмкін: сипаттама, салыстыру, салыстыру, бақылау. Оқытудың нақты әдістерінің мақсаты: білім беру, дағдыларды қалыптастыру, оқу процесінің жеке мәселелерін шешу үшін оқушылардың оқу іс-әрекетін ынталандыру. Әдістің теориялық мақсаты білім берудің мақсатына негізделеді де, әр алуан жұмыс жүйесі арқылы жүзеге асады. Осы үрдісте мынадай ойлау дағдылары қалыптасады: тілдік материалдарды талдау, талданған объектілерді түсіндіру, объектілерді дәлелдеу, объектілердің өзіндік белгілерін санамалап көрсету, тақырыпты оқыту, оқыту үстінде қатесін түзету, тақырыптың анықтамасы мен ережесін айту, бірнеше мысалдарды оқушылардың өздеріне тапқызып талдату. Білім мен дағдының өзара кірігуі арқылы білім беру әдісінің құрлымын білуге жол ашады, мұғалім мен оқушының қарым – қатынасы күшейіп, мұғалімнің білім беру шеберліктері төселеді, теориялық және практикалық әдістерді саралап, қолдануға жаттығады. Осының нәтижесінде қазақ тілінің оқыту әдістері жүйеленіп, білім берудің сапасы артады.[ 2.25]

Тілдерден білім беру әдістерін жіктеуде төмендегі әдістемелік мәселелер өлшем етіп алынады. Олар мыналар: тілден білім беру әдістері білім алу көздеріне байланысты жіктеледі. Біз оқушылардың қазақ тілінен теориялық білім алуы мен практикалық дағды қалыптастыруының негізіне тоқтап кетуді жөн санадық. Оқушылар алған білімдері мен дағдысын ұжыммен қарым – қатынас жасау негізінде кеңейтеді. Көрген – білгенін әңгіме етеді, сөйтіп қарым – қатынас жасау негізінде белгілі бір білім негіздерін молайтады. Тілдік материалдарды іс жүзінде қолдануды оқушылар көркем әдебиетті оқу үстінде түсінеді. Оқушылар білім мен дағдыны қазақ тіліне байланысты жүргізілетін тәлім – тәрбие сабақтары мен сыныптан тыс орындалатын жұмыстар бойынша алады. Білім мен дағды мұғалімнің түсіндіруі бойынша жеткізіледі. Білім мен білік қазақ тілі оқулығы бойынша қалыптасады,

білім мен дағды арнайы тандалған дидактикалық материалдар – диктант, мазмұндама, үлестірмелі қима қағаздар және түрлі көрнекі құралдар негізінде шоғырланады. [2.65]

Тілден білім беру әдістері белгілі әдіскер ғалымдардың айтқан әдістемелік пікірлеріне байланысты жіктеледі. Профессор А. В. Текучев “Методика русского языка в средней школе” деген еңбегінде білім беру әдістерін білім алу көздеріне қарай жіктеуді мақұлдайды. Орыс тілін оқытудың заңдылықтарын көп зерттеген әдіскер ғалым профессор Л. П. Федоренко теориялық методиканы зерттеудің мәселелері жайында: “Важными вопросами теории методики автор считает следующие: принципы методики русского языка, вытекающие из закономерностей усвоения родного языка; теоретический анализ средств передачи знаний, в частности анализ методов обучения родному языку” деп орынды атап көрсеткен. Ана тілін оқыту әдістемесін негізгі мәселелерін зерттеу қазіргі заманғы әдістеменің басты міндеті болып отыр. Тілдерді оқыту әдістемесіне байланысты жазылған құнды зерттеулер де осы мақсатқа арналады. Мұнда білім беру әдістерінің біраз түрлері жан – жақты баяндалады.

Сөйтіп тілден білім беру әдістерін оқушылардың білім алу көздеріне негіздей отырып, оларды төмендегіше топтастыруға болады: практикалық жақтан үйрету әдістері. Бұл әдістердің құрамына мыналар кіреді: тілді әдебиет материалымен байланыстырып өту әдісі, түсініксіз сөздерді үйрету әдісі, диалогтық және монологтық сөйлеуді үйрету әдісі, ауызша түсіндіру әдісі, ауызша мазмұндау әдісі және мәнерлеп оқу әдісі, қазақ тілін теориялық жақтан үйрету әдістері. “Бұған мына топтағы әдістер жатқызылады: әңгіме әдісі, хабарлау әдісі, түсіндіру әдісі, тәжірибе әдісі және кітапты пайдалану әдісі, қазақ тілін теориялық – практикалық жақтан үйрету әдістері. Яғни дайын материалды талдау әдісі, фонетикалық талдау әдісі, морфологиялық талдау әдісі, синтаксистік талдау әдісі, тілдік материалдың түрін өзгерту әдісі, тілдік тапсырмалары бар мазмұндау әдісі, қазақ тілі бойынша сөйлем құрату әдісі, тілдік тапсырмалары бар шығарма жаздыру әдісі, орфографиялық талдау әдісі, көшіріп жазу әдісі, диктант жазу әдістері.”

Ф.Оразбаева орыс аудиториясында қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан оқытуда сүйенетін ұстанымдарға тұтастық (комплекстік); сөйлесімге қатысты басты ережелерді меңгеру; грамматикалық заңдылықтарды есте сақтауға, жазуға үйрету; сөйлесімнің түрлерін меңгеру; ынталандыру; тақырыпты игеру; сөйлеуге қатысты ішкі күшті пайдалану; орта мен жағдайды ескеруді жатқызады [1].

Тілден саналы әрі тиінақты алған білімдерін іс жүзіне асыруда жүйелі жұмыс тәртібі үлкен рөл атқарады. Сондықтан өнімді әдістерді әдістемелік қағидаларға сәйкес жүргізіп отыру мақсаты көзделеді. Жоғарыда айтылған әдістерді іске асыру арнайы тандалған материалдар негізінде жүргізілетін жұмыстың психологиясына байланысты. Әдістің қолдану жүйесі білім алу көздеріне негізделі отырып, мына сынды жұмыстың басты үрдістерін ескертеді: әдістің іске асырылу жүйесі объектіні меңгерудің психологиялық басқыштарына қатысты. Тақырыптың өзіндік белгілерін тірек ету. Тақырыптың әсерлігі мен мәнерлігін күшейту. Ауызша сөйлеу дағдысын арттыру. Жазу сауаттылығын арттыру. Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу белсенділігі мен саналығын күшейту тағы басқа қадағалаған жөн.

Тіл үйренушінің іскерлік, белсенділік, өзіндік шығармашылығының негізгі факторы – оның мықты оқу уәждемесі, өзіндік терең пайымдауы мен дәлелі. Оқытушы ұйымдастыратын сөйлеу әрекетінің түрлері тіл үйренушінің қатысымдық қажеттілігіне қарай уәждеме туғызуға бағытталуы тиіс. Қатысым уәждемесінің қалыптасу жолдары:

1. Үйренетін тілде телебеғдарламалар көру, радиобағдарламалар тыңдау, оларды талдау;
2. Көркем әдебиет оқу, оқығаны туралы әңгімелесу;
3. Сол тілдің атақты өкілдерімен кездесу, әңгімелесу;
4. Сол тілде ғана сөйлеуге арналған жазғы лагерлер ұйымдастыру;
5. Оқу үдерісін жеделдету;
6. Жүйелі бақылау және проблемалармен жұмыс жүргізу;
7. Интерактивті оқыту әдістерін қолдану;
8. Оқу үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу.

Е.И.Пассов қарым-қатынас жасауға қатысымдық жолмен оқытудың бес ұстанымын ұсынады: «1.Сөйлеу-ойлау белсенділігі ұстанымы; Жекешелендіру ұстанымы; 3.Функционалдық ұстанымы; 4.Жағдаят ұстанымы; 5.Жаңашылдық ұстанымы» [5].

Қорытынды. Сөйтіп әдістің іске асырылу жүйесі лингвистикалық фактілерді тірек етіп, психологиялық факторлар негізінде дидактикалық – методикалық принциптер бойынша жүзеге асады. Таза практикалық жұмысарды орындауда түсініксіз сөздерді түсіндіру, ауызекі тілді дамыту, мәнерлеп оқу, қосымша әдеби кітаптармен жұмыс істеу және оны іс – тәжірибеде пайдалана білуге және олармен жұмыс істеу тәсілдері жұмсалады.[3.32] Теориялық тілдік материалды оқытуда әңгіме, хабарлау, тәжірибие, түсіндіру, кітапты пайдалану әдістері қолданылады. Ал әрі теориялық, әрі практикалық масатта жүргізілетін әдістер жүйесіне жүргізілетін әдістер жүйесіне мыналар кіреді: қазақ тілі тақырыптарын талдау, тілдік материалдың түрін өзгерту, тілдік тапсырмаларды мазмұндау, шығарма жаздыру, орфографиялы талдау, көшіріп жазу, диктантты оқыту, орфографияны үйрету, дұрыс сөйлеу дағдысына еліктеу, дыбыстау мүшелерінің қызыметін түсіндіру, дұрыс айту ережелерін меңгеру, көрнекі құралды пайдалану, өлең ұйқастарының айтылуын үйрету.

Сауатты және дұрыс жазу шеберлігі төселіп, өзінің тілін стилистикалық тұрғыдан жетілдіреді, ғылыми, саяси және көркем шығармаларды талғап оқу қабілеті артаы. Оқушылар қоғамдық құбылыстарды тіл арқылы біліп, сезіну, түсіну және үйрену жолымен білімдері мен дағдыларын қалыптастырады.

Тілдерді практикалық жақтан үйрету әдістері сабақ жүргізу үстінде іске асырылады. Бұл арқылы оқушылар сөздің мағыналық қасиетін, табиғатын, сөздік қоры мен грамматикалық құрылысын сезінеді, ауызекі тілдің байлығы мен әдеби тілдің өзіндік белгілерін үйренеді. Мәдениетті сөйлеу үлгісін қалыптастырып, дұрыс оқып, оқығанын қайталап айтып беруге жаттығады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Оразбаева Ф. Ш. Тілдік қатынас теориясы және негіздері, Алматы, 2000.
2. Басымов Қ. А. Грамматиканы оқыту жөнінде, Ауыл мұғалімі, 1938.
3. Кәтембаева Б. Қазақ тілінен методикалық нұсқау. Алматы, 1993.
4. Исабаев А. Қазақ тілі фонетикасын оқытудың методикалық негіздері., Алматы, 1984.
5. Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению. – М., 1989.

**ӘОЖ 82 – 31: 821**

#### **«ТӨРТКҮЛ ТӨБЕ» АТАУЫ ЖАЙЛЫ**

**М.Қ. Тұяқбаев,**

т.ғ.к., тарихшы-археолог.

**А.Х. Тұрсынов,**

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының тарихи ескерткіштерді қорғау инспекторы

Қазақстан археологиясында шығу тегі әлі күнге толық шешілмей келе жатқан атаулар-топонимдер жетерлік. Солардың бірі «Төрткүл» немесе «Төрткөл» атауы, бұл атауға «төбе» сөзі де қосарланып жүреді. Орысша жазылған мақалаларда «Турткуль», «Тортколь» деп те кездесе береді. Бұл атау жайлы, оның шығу тегі, мағынасы жайлы көптеген ірі ғалымдар қалам тартқаны белгілі, мысалы Кеңес дәуірінде В.В.Бартольд, А.Н.Бернштам, Ә.Х.Марғұлан, Л.Р.Қызласов, С.П.Толстов сынды алыптардың өзі бұл тақырыпқа соқпай кете алмады [1:80-96].

Бұл мәселеге ерекше көңіл аударғандардың бірі Карл Молдахметұлы Байпақов болды. Ол өзінің «Городища типа «Торткуль» атты еңбегінде жоғарыда аталған ғалымдардың осы тақырыпты қозғаған барлық еңбектерін қарастырып, талдайды. Сонымен бірге «Төрткүл» атауымен анықталған қалалар мен қоныстарды типке бөліп шығады, бұл бағытта ол ескерткіштерді планына, өлшемдеріне, орналасу жеріне, қабырғаларының ұзындығына және мәдени қабаттарының қалыңдығына қарай түрлі типтерге бөліп топтайды. Бұл мақалада төрткүлдер жайлы барлық деректерді табуға болады. «Төрткүл» топонимінің шығу тегі жайлы В.В.Бартольдтің пікірін де келтіреді, ол кісінің айтуынша Жетісу жеріндегі «төрткүл» (торткуль) атауымен анықталатын барлық қалалардың аты түркі тілдерінен аударғанда бір мағына береді, ол «төрт көл» деген сөз. Бұл атау көктем айларында қар ерігенде осы қалаларды қоршаған орлар суға толып, төрт жағынан, немесе төрт бұрышынан да кішігірім көлшіктердің пайда болуынан шыққан дейді ұлы ғалым.

Шынында да осы көрініс жыл сайын қайталанады, әсіресе квадрат, тік төртбұрыш пішінді қалалардың көбіне бұрыштарында, сырт жағынан кішігірім көлшіктер пайда болады. Себебі, бұл қалалардың бұрыштарында алып, биік қорғаныс мұнаралары міндетті түрде салынады, яғни, оны салуға, кесек құюға, пахса соғуға қажетті балшық тап осы бұрыштардың сырт жағынан алынып, бұл жерлерде қабырға бойындағы орларға қарағанда терең де, көлемді шұңқырлар пайда болады. Көктемде еріген қар суы бүкіл қаланы қоршаған орларды да толтырғанымен, уақыт өте келе бұрыштардағы шұңқырлардағы су ғана терең болғандықтан ұзақ сақталады, осылайша төрт бұрышта төрт көл пайда болады.

Сонымен бірге, тағы бір анықтама келтіріледі, ол – «төрт бұрыш» деген сөз, міне осы жағдай біздің назарымызды аударды, бұл атау Іле даласында көп кездеседі.

«Ономастика Востока» ғылыми жинағының 1980 ж. санында Э.М.Мурзаевтің «Избранная тюркская географическая лексика» атты мақаласы жарияланған [2:72-88]. Бұл мақаланың авторы бұл атау жайлы (төрт бұрыш) өте қызықты деректер келтіреді, мағынасын дәл беру үшін қаз-қалпында келтірейік: «Турткуль-плоский столовый останец, сложенный коренными осадочными породами, высоко поднимающийся отдельным бугром или холмом и отчлененный от основного плато и других возвышенностей (Средняя Азия, Казахстан). По внешнему сходству так называют остатки и древних крепостей, и городища на равнинах Турана. Турткули образуют целые скопления, полосы эрозионного рельефа, известного в общей и региональной географической литературе под именем турткулевого. Эффектную картину представляют турткули по правобережью Амударьи, выше Хорезма, а также Тургайской столовой стране».

Көріп отырғанымыздай, географиялық терминдер ішінде де «төрткүл» деген атау бар, бұл жалпы негізгі платодан бөлек тұратын, үсті тегіс, стол сияқты, табиғи тау жынысы, олардың құрамы түпкілікті, негізгі шөгінділерден тұрады. Сыртқы ұқсастығына қарап көне бекіністер мен қалалардың қирандыларын да Тұран даласында «турткуль» деп атайды дейді автор. Сонымен қоса, атаудың «торткуль, дорткуль» деген нұсқалары да кездесетінін, ал қарақалпақ тіліндегі **төрткуль** сөзі «төртбұрышты формадағы көне бекініс қирандысы» дегенді білдіретінін, бұған қоса, ортағасырлық көне түркі тіліндегі **«törtkil»** сөзі «төрт бұрышты» деген мағына беретінін де келтіреді. Автор әріптесі А.С.Титованың мақаласына сілтеме жасай отырып Қазақстан оронимиясында (тау, тас, төбе, шатқал, аңғар атауларын зерттейтін ғылым) төрткүл атауымен байланысты Сұлутөрткүл, Сарытөрткүл, Қантөрткүл және т.б. терминдердің де кездесетінін айтады.

Сонымен бірге, Э.М.Мурзаев Қырғызстанда «Төрткүл су қоймасы» (гидроним), ал Қазақстанда Төрткүл ауылы, Қарақалпақстанда Торткүл атты аудан орталығы бар екенін (топоним) де келтіреді [2:72-88].

Осы жерде «Торткуль» атауының өзі нені білдіретініне толығырақ, кеңірек көз салуға тура келеді. Бұл сөз әртүрлі нұсқада: бірде «Төрткөл» (Тортколь), бірде «Төрткүл» (Торткуль), бірде «Түрткүл» (Турткуль), ал, енді бірде «Дорткуль» деп те кездеседі. Қазақ тілінде «Төрт» деген төрт санын, ал «көл» деген кәдімгі су айдынын білдіреді, ал, егер «күл» деген қосымша болса төрт жердегі күл (үйілген немесе ошақ күлі) дегенді бажамдайды. Сондықтан, біз бұл

атаудың түбірінде, яғни, түпнұсқалық негізінде көне түркінің «törtkil»-төрткіл сөзі жатыр деп жобалаймыз. Бұл сөз «төрт бұрыш» деген мағына береді, яғни, оның қалыптасуына заттың нобайы (формасы) әсер еткен дейміз. Бұл пікірге дәлелді Махмұт Қашқаридің «Түркі тілі лұғаты» атты еңбегінен табамыз. 1998 ж. қазақ тілінде Асқар Егеубайдың аударуымен шыққан бұл еңбек «Түрік сөздігі» деп аталады, оның 1 және 3 томдарында «Үшкіл» - үш бұрышты нәрсе [I:136], «Төрткіл» - төрт бұрышты [III:555] деген анықтамалар беріліп, «бұл төрт бұрышты нәрсенің бәріне қолданылады» деп нақтылай түседі. Мысалы, қазақ тілінде «Төрткіл дүние» деген сөз саптауы бар, бұл әлемнің төрт бұрышы, төрт жағы деген мағына беретін анықтама.

Сонымен бірге, М.Қашқаридің жоғарыдағы еңбегінен «төбе» - биіктік сөзін «төпү» деген нұсқада бергенін көреміз, яғни «төртбұрышты төбе» деген сөз көне түркі тілінде «**төрткіл төпү**» біздіңше төрткүл төбе болып қалыптасқан [III:295].

Ежелгі заманнан бері адамдар үй салғанда да, қоныс, жай тұрғызғанда да, тіпті кешік (замок) немесе қала құрылысында да алдарына тек шаруаға ыңғайлы, тұрмысқа жайлы болсын деген мақсаттар ғана емес, ең бастысы қауіп қатерден қорғану, яғни, фортификация тұрғысынан да мақсаттар қойған. Бұл үшін жазық даладан биік төбе, тым болмағанда су басып кетпейтін, айналадан биігірек жерлерді таңдаған. Жоғарыдағы Э.Мурзаев әңгіме еткен геологиялық шөгінділерден қалыптасқан, беті тегіс, стол сияқты көтеріліп тұрған табиғи құрылымдар (төбелер) бұл мақсатқа, бұл талапқа таптырмайтын жағдай еді. Мұндай «төрткүлдер» болмаған кездері басқа да төбелер, қыраттар, жон-жоталар пайдаланылды.

Бұл геологиялық шөгінділерді адамдар «Төрткүл төбелер» деп атап, болашақ әскери кешікке де, қонысқа да «стилобат»-іргетас есебінде пайдаланды. Бұл құрылыстарды салушылар өздері қаласа да, қаламаса да құрылыс астындағы төбенің нобайын қайталауына тура келді. Міне осылайша алғашқы «төрткүл» деп аталып кеткен қоныстар, бекіністер, тіпті ежелгі дәуірдегі қалашықтар пайда болды. Уақыт өте келе бұл атау өзінің алғашқы мағынасын жоғалта бастайды, осылайша қала құрылысына қатысты «төрткүлдер» саны да көбейіп кетті. Оған себеп, ертеректе салынған қалашықтар қирап, өмір сүруін тоқтатып, біртіндеп «төрткіл төпуге» айналды. Кейбір қираған қалардың планы да, нобайы да төрткүлге мүлде келмесе де солай аталатынына осы жағдай себеп болған сияқты. Біздегі көптеген Төрткүлдердің ішінде құрылым, планы жағынан сопақ, доғал, көпбұрышты, тіпті шеңбер формасындағылары да кездеседі. Мысалы Төрткүл-Құшата, Төрткүл-Бабайқорған және Төрткүл-Қаратөбе (Күйік асар) қалалары құрылымы жағынан төртбұрышқа мүлде келмейді.

Жоғарыда келтірген деректер негізінде «Төрткүл» атауы жайлы мынадай тұжырымдар жасауға болады:

- алғашқыда, «Төрткүл» атауы негізгі платодан бөлініп, жеке тұрған геологиялық шөгінділерден тұратын төбелер – төрткүлдерге қатысты шығуы мүмкін. Олардың «төрткүл» атауы соңырақта үстеріне салынған қоныстар мен бекіністерге де берілген болуы керек;

- екіншіден, қалалар мен қоныстардың өзі де төрт бұрышты, квадрат тектес планда салынғандықтан «Төрткіл кенд» деп аталған. «Кенд» сөзінің оғыз тілінде «қала, шәхар» мағынасын беретіндігін М.Қашқари де жазады [I:402]. К.М.Байпақов та өзінің жоғарыда аталған еңбегінде ондаған қалашықтар мен қоныстардың планын келтіреді, олардың ішінде төрт жағының өлшемдері бірдей квадрат түріндегілері де кездеседі [1:82,87,88,90];

- үшіншіден, «Төрткіл төпү» - Төрткүл төбе атауының шығуына ежелгі және ерте ортағасырларда-ақ қираған қалалардың төртбұрышты төбеге айналған түрлері бұрыннан белгілі, нобайы төртбұрыштанып келген геологиялық шөгінділерден қалыптасқан табиғи төбелерге – төрткүлдерге өте ұқсас болғандығы да әсер еткен болуы керек;

- төртіншіден, «Төрткөл» атауы, жоғарыда келтірілген К.М.Байпақовтың және т.б. ғалымдардың пікірінше «Таким названием памятники обязаны тому, что весной во время таяния снега в ложбинах, которые окружают городища и являются остатками древних ровов,




скапливаются талые воды, образуя озера или болотца» [1:80-96]. Мұндай көріністі қазіргі күні де байқауға болады, оларды «Төрт көл» деп атайды, көріп отырғанымыздай, олар уақытша ғана (көктемнен күзге дейін) пайда болатын «гидронимдер» болғанымен бұл қалалардың қазіргі күнгі қосалқы атауына айналған. Себебі, көбіне «Төрткөлмен» бірге қаланың өз атауы да қосарланып жүреді (Төрткөл-Қарашық, Төрткөл-Қаратөбе).

Соңғы екі тұжырымды өмір сүруін кейінгі замандарда (XVIII-XIX ғғ.) тоқтатқан қалаларға да қолдануға болады, бұларды қоршаған ор да, көлшіктер де, төбелердің биіктігі де анағұрлым жақсы сақталған.

«Төрткіл» атауына мағынасы жағынан жақын тағы бір көнетүркі сөзі «Ман», бұл сөз де «төрт» деген мағына береді. Махмұт Қашқариден бұл сөздің де анықтамасын табамыз, ол бойынша «Ман... Ман иашлығ қой – Төрт жасар қой» дей келе «Бұл сөз қойдан басқаға қолданылмайды» деп ескертеді [III:219]. Алайда, М.Қашқари бұл жерде «Ман» сөзінің үй жануарлары ішінде тек қойға ғана қолданылатынын айтып отырған шығар дейміз. Себебі, тап осы анықтаманың алдында ол «Ман қышлақ» және «Ман кенд» атауларын қарастырады да «Ман қышлақ (Маңқыстау). Оғыз өлкесіндегі бір жердің аты» деп, ал, «Ман кенд (Манкент) Қашқарға жақын қаланың аты» деген түсінік береді [III:219]. Біздің ойымызша «Ман қышлақ» - төрт қыстау, ал, «Ман кенд» - төрт қала немесе төртбұрышты қала дегенді білдіреді. Бұл біздің екінші тұжырымдамамыздың шындыққа жақын екендігін көрсетеді.

Қорыта айтсақ, біздің пікірімізше, «Төрткүл», «Төрткөл» атауларының ең алғашқы рет қалыптасуына көнетүркі тіліндегі «Törtkil – төрткіл» сөзі, яғни заттың құрылымы, планы, нобайы – «төрт бұрыш» деген сөз негіз болған дейміз, ал, табиғи уақытша көріністі білдіретін «Төрт көл» гидронимі ортағасырларда, қираған көне қалалардың бұрыштарына қар суы жинала бастаған тұста ғана қалыптасқан, себебі, ол кезде жергілікті тұрғындар көнетүркі тіліндегі «Төрткіл» сөзінің мағынасын мүлде ұмытып «Төрткөл» формасында атай бастаған және зерттеушілерге де осындай түсінік берген.



### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байпаков К.М. Городища типа «Торткуль» // Археологические памятники Казахстана. А-Ата, 1978. –С.80-96.
2. Мурзаев Э.М. Избранная тюркская географическая лексика // Ономастика Востока. М., 1980. – С.72-88.
3. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. Алматы, 1997. I-том, 136-бет; 1998. III-том, 555-бет; III-том, 295-бет; I-том, 402-бет; III-том, 219-бет.
4. Байпаков М.К. Городища типа «Торткуль». –С.82,87,88,90.

### ӘОЖ 82-313.1

#### Қазақ романтизмінің көркемдік мәні

Серіккалиева Гульзина,  
БҚИТУ, ҚТӘ магистранты;  
Ғылыми жетекші: Мамыров Азамат Ибраевич,  
БҚИТУ ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор,

Қазақ романтизмінің көркемдік мәні туралы тұжырымдар ХХ ғасырдың басынан бастау алып, күні бүгінге дейін қазақ әдебиеттану ғылымында кезеңдермен өсіп-даму үстінде. Романтизм құбылысын терең тану үшін оның тарихи-әлеуметтік негізіне жіті назар аударып, әдеби бағыт ретіндегі романтизмнің тууына себеп болатын тарихи жағдайларды саралап алған абзал. Осы тұста келесі еңбектерді қарап шығуға кеңес береміз: «Қазақ прозасында романтизмнің көркемдік элемі» [1], Қазіргі қазақ прозасындағы романтизм» [2].

Романтизм құбылысын нақты-тарихи және гносеологиялық аспект тұрғысынан зерттеп-тануға болады. Романтизмнің әдеби бағыт ретіндегі бейнелеу өзгешеліктері сол тарихи дәуірдің талап-тілектеріне сәйкес, нақтылы кезеңнің қоғамдық, мәдени жағдайларына байланысты қалыптасты. Қоғамдағы тәртіпке наразылық, бостандық идеясы, төңкерісшіл рух, төңкеріс жаншылғаннан кейінгі ахуалға көңілі толмау сезімі батыс әдебиетіне романтизмді алып келді. Қазақ топырағында буржуазиялық төңкерістер болмағанымен, романтизмнің өркендеуіне қазақ даласына буржуазиялық қарым-қатынастардың орнығуы, ұлттық сана мен жеке тұлға сана-сезімінің оянуы, халық рухының, қоғамдық сананың жаңа деңгейге көтерілуі әсер етті. Қазақ романтизмі, ең алдымен, қазақ әдебиетінің өткен дәуірлерінен бастау алады, яғни романтизмді көркемдік ойлаудың типі ретінде ұлттық ойлау жүйесінің ерекшеліктерімен түсіндіруге болады.

Романтизм әдеби бағыт ретінде белгілі дәуірмен, нақты тарихи жағдайлармен байланысты болса, көркемдік әдіс ретінде әлдеқайда кең мағына береді. Академик З.Қабдолов әдістің қайталанып отыратын тұрақты құбылыс скенін нақтылай отырып, романтизмді көркемдік әдістің біріне жатқызады [3, 350 б.]. Әдебиеттануда романтизмді зерттеудің гносеологиялық аспектісі өнердегі романтикалық бастаудың өміршеңдігін, мәңгілігін терең негіздеуге мүмкіндік берді. Романтикалық шығармашылық түрі белгілі бір деңгейде суреткер тұлғасына, оның психикалық ойлау жүйесінің ерекшеліктеріне байланысты. Романтизм басқа әдеби әдістер сияқты болмысты бейнелеудің спецификалық бір формасы.

3. Ахметов романтизмнің әдеби бағыт ретінде, әрі көркемдік әдіс мағынасында қолданылатынын атап өтеді. Ғалым романтизмге тән бейнелеу тәсілдерінің XX ғасырда жаңа сипат алып, дами түскенін және романтизмнің «негізгі принциптері көркем өнердің табиғатына сай болғандықтан алдағы уақытта да қолданыла беретінін» жазады [4, 289б.]. Романтикалық бейнелеу тәсіліне тән негізгі ұстанымдар (романтикалық кейіпкер, романтикалық көтеріңкі леп, қақтығыс сипаты, қиялшылдық, қоғамға сын көзімен қарау, болмысқа наразылық білдіру) нақтылы тарихи дәуірдің шеңберінен тыс уақытта да болады.

Романтизм туралы теориялық толғамдардың, пікірталастардың сан алуандығын ескере отырып, тұжырымдай айтсақ, романтизм өзінің мазмұны мен формасы жағынан полиморфты, философиялық тұрғыдан түпсіз, тарихи тұрғыдан ауқымды ұғым: ол мәдени сана типі, жазушының эстетикалық ойлау жүйесінің бір түрі, жазушының көркем шығармада көрінетін философиялық, әлеуметтік, көркемдік дүниетанымның жүйесі, сонымен қатар көркемдік әдіс, әрі көптеген суреткерлер шоғырын тұтастыратын әдеби бағыт. Бұл құрамдас бөліктердің әрқайсысы ғылыми қалыптасқан және сыннан өткен әдебиеттану мәселесі ретінде дұрыс, алайда қаншалықты маңызды, мәнді болғанымен, оның бірде біреуі дербес, жекелей алғанда романтизмге жан-жақты, толыққанды сипаттама бере алмайды. Тек олардың ажырамас бірлігі ғана романтикалық дүние қабылдаудың мәні туралы біршама жақын, толықтау түсінік бере алады.

Романтизм әр елдің әдебиетінде өзіндік ұлттық ерекшеліктерімен көрінгенімен, тарихи уақытқа бағынбайтын тұрақты қасиетімен, барлық әдебиетке ортақ жалпылама, типологиялық белгілерімен айқындалады. Екінші бөлімнің «Романтизмнің типологиялық белгілері» атты екінші бөлімшесі осы мәселеге арналады. Типологиялық зерттеу тек ұқсас құбылыстар мен олардың өзара байланыстарын ғана қарастырып, олардағы қайталану қасиетін анықтап қана қою емес, ол белгілі бір әдеби-эстетикалық тұтастық туралы айтуға мүмкіндік беретін принциптер мен бастамаларды ашу, сондай-ақ құбылыстың белгілі бір типке, текке қатысты екенін көрсету.

Романтизмнің күрделілігі, өзгермелі сипаты мен ұлттық модификацияларының сан алуандығы (жеке жазушылар шығармашылығында қайталанбайтын ерекшеліктерді айтпағанның өзінде) оны әлі де жұмбақ күйінде қалдырып, пікірталастарды молайтуда. Романтизмге тарихи өзгерістерге бағынбайтын тұрақты, яғни типологиялық белгілері бар өте күрделі, үнемі құбылып отыратын жүйе ретінде қарайтын зерттеушілердің пікірі орынды.

Бейнелеудің романтикалық тәсілі, негізінен, сол кезеңде қалыптасып отырған әлеуметтік-тарихи жағдаймен, әдеби дәстүрлермен айқындалады. Романтизмде қоғамды қамтитын алуан түрлі көңіл-күйлердің, сезімдердің барлық реңктері көрініс табады. Қоғамның өтпелі тұсында, болашаққа деген сенім бұлыңғыр тартқан сәттерде романтизм құбылысы түлеп, күшейеді де, келешекті болжаудың көркемдік құралына айналады. Заманының әлеуметтік жағдайына көңілі толмау, айналадағы өмірге сын көзімен қарау, әсем идеал мен нақты болмыс арасындағы ымырасыздық, субъективті әлемге көбірек ден қою романтизм эстетикасына тән белгілер. Осы орайда жеке тұлғаны, оның ішкі әлемін жеке ғарыш ретінде қарастыру, адам рухының еркіндігі және сол рух еркіндігін бар болмысқа қарсы қоя отырып, өмірдегі бар нәрсе туралы емес, болуы мүмкін дүниелер туралы ойлау романтикалық идеялардың тууына алғышарттар қалыптастырды.

Романтизм сан қырлы, оны реалистік өнерге қарсы қойып немесе сол реализм заңдылықтары бойынша бағамдау мүмкін емес. Күнделікті күйкі тіршіліктен жоғары тұрып, асқақ арман әлеміне ұмтылғанымен романтизмде қоғам шындығын өз тұрғысынан бейнеледі. Жазушының дүниелері, Каналасындағы құбылыстарға, өмір шындығына өз дүниетанымы тұрғысынан баға беруі, авторлық «меннің», авторлық дүниетанымның айқын көрінуі романтикалық бейнелеу тәсілінде айрықша орын алады. Шын болмыс пен арман, идеал арасындағы ымырасыздық, өмірдегі бар нәрсе мен болуы ықтимал, мүмкін дүниені бір-біріне қарсы қою романтизм эстетикасындағы айқын

белгілердің бірі. Романтиктердің күнделікті күйкілікке, өзгермейтін, қалыпты тоғышар тірлікке қарсы тұруы да тегін емес. Романтизм суреткердің дүниетанымымен, оның өмірге көзқарасы мен оны түсініп қабылдауымен тығыз байланысты. Романтизм адамның биікке, асқақтыққа деген ұмтылысы және осы беймәлімге ұмтылушының ішкі рухани дүниесі.

Замана, дүние қайшылығын түгелдей шешіп тастауды армандайтын романтиктер әлем әдебиетінде тұңғыш рет адам жанының аса күрделі ішкі әлемін, оның тұңғыық иірімдерін ашып көрсетті. Адамға, оның сезіміне, санасына әсер етіп, оны тұлға ретінде қалыптастыру романтизмнің көркемдік жетістігі болды [5, 196 б.].

Қазақ прозасындағы романтизм ерекшелігін айқындауда еуропалық өлшемдер үнемі сай келе бермеуі мүмкін. Дегенмен, жалпы романтизмде «дәуірдің рухы» деуге болатындай ортақ сипаттар бар. Мұндай ерекшелік қазақ романтизміне де тән. Ол жеке тұлғаға деген жіті назар, оның ішкі рухани әлеміне терең бойлау, адам рухының ұлылығы мен жеке тұлғаның үйлесімге, рухани кемелділікке ұмтылуы.

Қазақ әдебиетіндегі романтизм мен реализм, әдебиеттің көркемдік әдісі, даму бағыты қандай болуы керек деген мәселелер сонау ХХ ғасырдың басынан прозасын айтыс-тартыстың арқауы болып келеді. ХХ ғасырдың басында қазақ прозасында романтизмнің айқын көрінуімен қатар, романтизм құбылысы бастау қазақ әдебиеттануындағы ғылыми пікірлер де алғаш рет осы кезеңнен Бас балады. Жалпы көркемдік әдіс тура ғасыр басындағы қоғамда орын алған терең саяси-әлеуметтік қайшылықтармен, тарихи өзгерістермен байланысты еді. Романтизмнің қазақ әдебиетіндегі белгілерін іздеп, осы дәуір әдебиетінің романтизм әдісі тұрғысынан дамығаны туралы пікірге оң көзімен қарағандар қатарында М.Әуезовті, Ж.Аймауытовты атауға болады.

Әдебиетте үстемдік еткен идеология негізінде ХХ ғасырдың 30-жылдарына дейін созылған айтыстың қорытындысы романтизмді тек социалистік реализмді қанағаттандыратын, оған асқақтық, өршіл пафос беретін романтика ретінде ғана керек деген пікірге сайды.

Романтизмді зерттеу методологиясын тиянақтауда романтизмнің тууына себеп болған қоғамдық-саяси ахуалды зерделеген З.Қабдолов, С.Кирабаев, Т.Кәкішұлы, З.Ахметов, Ш.Елеукенов, Қ.Жүсіп, Б.Омарұлы сынды ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, романтизмнің тарихи астарын зар заман әдебиетінен іздеген жөн.

Романтизмнің пайда болуын тек төңкеріс алдындағы қоғамдық санамен ғана байланыстыру мәселеге тым үстірт карау болмақ. Көркемдік сана ұлттық ойдың оянуында, отарлық езгіге қарсы күресте айқынырақ көрінеді. Қазақ романтизмінің ұлттық ерекшеліктері халықтық дүниетаныммен, әдебиетте көркем бейнеленетін ұлттың болмыс-бітімінің даралығы мен психологиялық ерекшеліктермен, әдебиеттегі адам туралы таным-түсінікпен, жеке тұлға концепциясымен тығыз байланысты. Романтизмді қоғамдық даму тарихындағы белгілі бір кезең ауқымында қарасақ, ол тұтастай сол дәуірдің саяси-әлеуметтік, экономикалық, рухани қайшылықтарымен айқындалады. Қазақ қоғамындағы осы қайшылықтардың асқынуы романтикалық көңіл-күйдің кеңінен тарауына алғышарт қалыптастырды. Мұндай көңіл-күйдің өз кезегінде жалпы қауымның және жеке тұлғаның көзқарастарына, сол тұстағы ғұмыр кешкен суреткердің дүние қабылдау жүйесіне әсер етпеуі мүмкін емес еді.

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басы қазақ әдебиетіндегі күрделі ізденістердің, өткір идеялық-эстетикалық қайшылықтардың, адам мен әлем туралы жаңа концепцияның қалыптасу кезеңі болды. Қазақ романтизмі де өтпелі дәуірлердің түйісінде, ескі жүйенің қабырғасы сөгіліп, саяси өмірде, мемлекеттік құрылымда, экономикада, білім мен мәдениетте тың өзгерістердің, жаңа түсініктер мен дүниетанымның қалыптасуына байланысты болды.

Қазақ әдебиетіндегі романтикалық тенденциялар ең алдымен ұлттық әдеби дәстүрлермен айқындалады. Ауыз әдебиеті үлгілері, фольклорлық дәстүр оны тудырушы халықтың дүниетанымының маңызды дүниені қабылдау ерекшелігін, қырларын

танытады. Сондықтан қазақ прозасындағы романтизмнің даму арналарын қарастыруда ұлттық ерекшелік ескеріліп, романтизмнің осы типологиялық қасиеті үнемі назарда болуы тиіс. Қазақ жерінде романтизмнің орнығуы мен қарқынды дамуы ғасыр басындағы ұлттың және жеке тұлғаның ой-санасындағы дүмпулермен, ұлттық рухтың күшеюімен және қазақ әдебиетінің жалпы әлемдік әдеби үдеріске енуімен байланысты еді.

«Қазақ прозасындағы романтизмнің даму арналары» атты екінші бөлімде қазақ әдебиетіндегі романтизмнің генезисі, қазақ прозасындағы романтизмнің бастау көздері, қалыптасуы мен дамуы, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі романтизмнің көркемдік ерекшеліктері қарастырылады. «XX ғасырға дейінгі қазақ әдебиетіндегі романтикалық дәстүр» деп аталатын бірінші бөлімшеде қазақ прозасының қалыптасу дәуіріне дейінгі әдебиеттегі романтикалық бейнелеу тәсілі сөз болады.

XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ прозасына романтикалық таным өзіне дейінгі романтикалық дәстүрді бойына сіңірген ұлттық әдебиеттен келді. Қазақ әдебиетіндегі романтизм әлемдік романтизм парадигмасымен жаңғырып, жалғасып жатқанымен, суреттеу тәсілдерінде қазаққа ғана тән өзіндік бояуымен ерекшеленеді. Қазақ әдебиетіндегі романтикалық тенденциялардың бастау көздері ұлттың фольклорлық және әдеби дәстүрлерімен сабақтас қарағанда ғана айқындала түседі.

Қазақ романтизмі ұлттық әдебиеттің өзіне дейінгі дәуірлерінен бастау алады. Қазақ әдебиетінде де романтикалық леп елдің тәуелсіздігін аңсау идеясынан туындап жатты. Ақын-жыраулар поэзиясында ел бірлігі, атамекен, туған жер басты тақырыптар болды. Романтизм элементтері дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік мәселелерін қозғауда, қаһармандық пафоста, оқиға динамикасында, ат үстіндегі жауынгерлік өмір салтын дәріптеуде жоғары көркемдік деңгейде жүзеге асты. Жыраулардың өз «менін» паш етуі, шаршы топ алдында биік те асқақ жүрекжарды сөзі, дүниенің баянсыздығы мен өзінің жалғыздық болмысын сезіну сияқты романтикалық ойлау жүйесіне тән белгілер олардың жырларында көріне бастайды. Отаршылдыққа бойсұнбау мотиві зар заман ақындарының шығармашылығында жаңа қырынан көрініп, XIX ғасырда Дулат, Мұрат, Шортанбай ақындар бұл тақырыпты жеріне жеткізе жырлады. Зар заман ақындарының шығармашылығында дәстүрдің бұзылуы, жердің тарылуы, діннің әлсіреуі сияқты бүгінгі күнге тән өзгерістер өткен заманға қарама-қарсылықта көрсетілді.

XIX ғасырдың екінші жартысынан Қазақстанның саяси, билік құрылымындағы, рухани мәдениеттегі өзгерістер нәтижесінде адам дүниетанымында эстетикалық төңкеріс болды. Қазақ поэзиясында ертеден келе жатқан философиялық ойлар Абай өлеңдерінде жаңа бір сапалық деңгейге көтерілді. Адамның ақиқатпен, өмір құбылыстарымен қарым-қатынасын жаңа философиялық биіктен зерделеуі, жеке тұлға болмысындағы кемшіліктер мен қоғамдық қарым-қатынастардағы келеңсіздіктерге сын көзімен қарауы, жаңа идеал, ізгі, иманды қасиеттері бойында жинақталған «толық адам» туралы таным қалыптастыруы, рухани кемелденуге, өзін-өзі жетілдіруге бағыттауы - қазақ әдебиетінде Абай шығармашылығының өзегіне айналды.

Болмыс жұмбағын адамзаттың көркемдік-эстетикалық танымына тән романтикалық, символикалық сарында бейнелеу тәсілдері қазақтың дүниетанымына да жат емес-ті. Бұл тәсілдер, әсіресе, XX ғасырда күшейе түсті. XX ғасырдың басындағы романтикалық бағыт-бағдар біршама өзгере бастады. Романтикалық сананың эволюциясымен, жаңа көркемдік-бейнелеу тәсілдерінің ізденістерімен қатар әдебиетте адамның болмысы мен табиғатын зерттеуге құлшыныс артты. Абай дәстүрінен бастау алатын адамның өз ішіне, жан дүниесіне үңілу, әлемдегі әділетсіздіктің себептерін өзінен іздеу сарыны тереңдейді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1 Қазақ прозасында романтизмнің көркемдік элеі. Монография. –Алматы: ИП «Есенбекова, 2010. – 448 б.

- 2 Қазіргі қазақ прозасындағы романтизм. Оқу құралы.– Алматы: Полиграфресурсы, 2008. – 140 б.
- 3 Романтизм. Көмекші оқу құралы. Алматы: Арда, 2007. – 70 б.
- 4 Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы.– Алматы: Доминант принт, 2008. –161 б.
- 5 Әдебиеттегі романтизм: әдеби бағыт немесе көркемдік әдіс // Мәдениетаралық қатысым мен қазақ, орыс филологиясының өзекті мәселелері халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.– Алматы, 2004. – Т.2. – 85-90.

ӘОЖ:821. 512. 122.03

## ЖАНАСУДЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

**П.Н. Абдуганиева**

Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Еңбек ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Сөздің, сөз тіркесінің де «табиғи» жұмсалыуы «айналасы», өмір сүру жағдайы болатындай, сөз тіркесінің жанасу байланысу формасының да жасалу жолдары, құрамы, түрлері бар. Қай ғылым саласын алсаңыз да онда белгілі бір сараланған, сұрыпталған, дағдыланған жол болатыны ақиқат. Сол жолдармен ол ғылым дамып, өмір сүру жағдайын кеңейтіп, өзінің ғылым тарихында орын алып қалуына, мүмкіндігінше, теорияға сай ат салысады. Сондықтан да жанасу байланысу формасының жасалу жолдарына ғалымдардың ой тұжырымдарын, зеттеулерін қарастыра отырып жаңа бағыт жасасақ.

Жалпы жанасудың осы күнге дейінгі жасалу жолдары меңгеру, қабысу тәсілдерінің жасалу жолдарымен араласып жататынын анық көруге болады. Профессор М. Балақаевтың 1949 жылғы мектеп грамматикасы мен онан кейінгі ғылыми еңбектерінде, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда жанасу қабысудың бір түрі деп келгені айқын. Сондықтан біз де жанасу туралы әңгіме болғанда тілдегі қабыса алатын сөздер тобының төңірегінде сөз болуы тиіс деп білеміз.

“Жалпы жанасуды меңгерумен араластыра қарастыру ғылыми да практикалық жағынан да дұрыс емес”, - деп көрсетеді ғалым Т.Сайрамбаев. Ал ғылыми еңбектерде меңгеруге барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес жалғаулы сөздердің таза және ол сөздерге шылаулардың тіркесіп келуін жатқызып келеді. Ол тұлғалы сөздер әрі толықтауыштық, әрі пысықтауыштық қатынаста жұмсалады деп анық берілген. Бұл мектеп грамматикаларында жанасуға осы септік жалғаулы сөздердің таза түрін де (мейлі ол толықтауыш, мейлі пысықтауыштық қатынаста болсын) меңгеруге, ал шылау арқылы тіркестерін жанасуға жатқыза салады. Сонда теориялық білім мен мектеп грамматикалары арасында сәйкестік бола бермейді. Мектепте бір түрлі, ғылымда бір түрлі оқыту мәселенің шешіміне әсері тимесе керек.

Негізгі сөз бен шылаулы сөздердің тіркесін жанасуға жатқызуда ғалымдар олардың алшақ тұрып та тіркесетінін негізге алады. Мысалы, Мұқаш *сабақтан кейін* театрға барды. Шындап келгенде меңгеріле байланысқан сөздердің барлығы да өзі қатысты сөздермен орын таңдамайды емес пе? Бұлай болса бірін онда, бірін мұнда қалдырып ереже көбейтуден ұтатын не бар. Септік жалғаулы сөздерге шылаулардың тіркесіп, тек меңгеру деп беруден ұтылатынымыз жоқ. Бұған қоса меңгерудің аясында кеңею процесі басым болады. Негізгі сөздерге тек шылаулар ғана тіркесіп қоймайды, қазіргі кезде негізгі сөздермен бірлікте көмекші есім, көмекші етістік және модаль сөздер де жұмсала береді. Бұған қарағанда, жалпы барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес жалғаулы сөздер мен шылау, көмекші есім, көмекші етістік және модаль сөздердің де тіркесіп келуін(септеліп келгенде) тек меңгеру аясында қалдыру жанасудың жасалуындағы бір мәселені оңайлатады. Жанасудың жасалу жолдарын меңгерудің жасалу жолдарымен шатастырмау керек екенін ескеру қажет.

Жоғарыда ескерткеніміздей, жанасуды жоғары оқу орындарының оқулықтарында қабысудың ішінде қарастыратынын айтқан болатынбыз. Бірақ синтаксистік байланысу

формаларының қатарында жанасудың аталатынын және оның мектеп грамматикасында арнайы берілетіні жөнінде алдыңғы тарауда жазылған болатын.

Негізгі мәселе қабысу мен жанасудың өзіндік жасалу жолдарын, олардың әрқайсысына тән көрсеткіштерін айқындау. Осы күнге дейінгі әдебиеттерде *қабыса* байланысатын сөздердің орны тұрақты, яғни анықтауышпен анықталатын, пысықтауышпен пысықталатын сөздер арасына сөз салмай ғана тіркесуі керек деген пікір басым. Сонда қабысу формасына берілген анықтама тұрақты деп айтуға болады. Ал *жанасу* тек пысықтауышпен пысықталатын мүшелердің алшақ, іргелес тұрып та немесе «кейбір» пысықтауыштардың орын тәртібі арқылы да байланысады деген тұжырымдар, анықтамалар беріліп келеді.

Сөйлемде бір – бірімен қабыса байланысатын сөздер мол кездеседі. Олардың құрылымы жан – жақты. Қабысу есімді, етістікті деп бөлінеді де, есімді қабысудың бірінші сыңарлары, яғни бағыныңқы сыңары *зат есім, сын есім, сан есім, сілтеу есімдігі, есімше, үстеу*, ал етістікті қабыса байланысқан сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары *үстеу, еліктеуіш сөз, көсемше, сын есім, сан есім, есімдік және зат есім* деп беріледі. Бұлардың ішінде жанасу мен қабысудың арасындағы араласып жүрген сөз таптары біріншіден, үстеу мен көсемше, екіншіден, негізгі сөздерге түрлі көмекші сөздердің түйдектеліп жұмсалуды.

Үстеу мен көсемше өзі қатысты сөздермен алшақ және іргелес тұрып та байланыса береді. Бірақ ол сөз таптарының етістіктермен іргелес байланысуын қабысуға жатқызады да, ал олардың алшақ түрін жанасуға жатқызады. Мысалы, *жақсы оқушы жақсы оқиды* дегендегі «*жақсыны*» сын есім, өйткені етістікке қатысты жұмсалған деген пікірден ешбір айырмашылығы жоқ. Сондықтан алшақ немесе іргелес тұрғанымен, ол сөз таптарының да етістікпен тіркесін қабысуға жатқызу қолайлы деп білеміз. Бірақ үстеулердің септік жалғауларда келуін меңгеруге жатқызу керек. Мысалы:

Абай осы кеште болған өз халін бұл түнде де, *ертеңінде де* түсіне алмай кетті (М. Әуезов). Құлаш мойын қызыл нар *таңертеңнен кешке дейін* тыныстамады (Ғ.Мұстафин).

Екіншіден, етістікті қабыса байланысқан сөз тіркестеріне түрлі көмекші сөздердің түйдектелуі арқылы жасалған бағыныңқы сыңарларды жанасуға жатқызады да, жанасудың басыңқы сыңары тек етістік болады деп түсіндіреді.

Шынында ғылыми еңбектегі қабысуға жатқызылатын тілдік категориялар меңгеру, матасуға қарағанда көп. Қабысудың бағыныңқы сыңары ретінде қатыспайтын сөз табы жоқ деуге болады. Үшіншіден, қабыса байланысатын сөздерге көмекші сөздер, нумеративті сөздер, дербес мағынасы бірде бар, бірде жоқ сөздер, мезгіл зат есімдері, қосарлы сан есім көптеген сөздер де мол қатысады. Оның үстіне меңгеруге қатысты кейбір фактілер осы мәселемен де арақатынасы аралысып беріліп жүргені де мәлім. Осы сияқты аумағы мол фактілерді бір ғана қабыса байланысқан сөз тіркестерінің көлемінде ғана қарастыру практикалық та, теориялық та жағынан келмейді. Сондықтан да бұл жұмыстың алға қойған мақсаты да осы қабысу мен жанасу формаларының ара-жігін ажыратып, жанасудың жасалу жолдарын көрсету.

«Басқа түркі тілдерінде болмағанымен, қазақ тіл білімі үшін мектеп, жоғары оқу орындарының студенттеріне, тіпті оқытушылар үшін де түсінікті болу үшін мектепте де, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда да қабысудан жанасуды арнайы түрде бөліп, оның өзіндік жасалу жолдарын айқындап беруге тиістіміз», - дейді профессор Т.Сайрамбаев. Ғалым мектеп оқушылары, студенттер тағы басқалар үшін түсінікті, теориялық және практикалық жағынан шатаспау мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Ол үшін қабысу мен жанасудың жасалу жолдарындағы айырмашылықтарды негізгі сөз таптары және негізгі сөз таптары мен көмекші сөздер тобы төңірегінде айқындау керек.

Бір айта кететін жайт, қазақ тіл білімінде 1939 жылға дейін пысықтауышты арнайы сөйлем мүшесі ретінде қарастыру мәселесі төңірегінде түрлі талас пікір болғандығына қарамастан пысықтауыш дербес сөйлем мүшесі ретінде алынып, оның жасалу жолдарының аясы жан-жақты қарастырылып келеді.

Сонымен осы күнгі мектеп грамматикаларындағы *үйге дейін* сияқты негізгі сөз бен көмекші сөздердің түйдекті түрін меңгеруде қалдырып, ал қабысудағы бірде алшақ, бірде

іргелес тұратын сөз таптарының (үстеу мен көсемше) тұлғалық ерекшеліктерін негізге ала келіп қабысуға жатқызу орынды.

Негізгі сөз бен септік жалғаусыз көмекші сөздердің түйдекті түрлері және көнеленген септік жалғаулы сөздердің етістікпен тіркесін **жанасу** дейміз. Бұл анықтама жоғарыда жазылған болатын, түсінікті болу үшін тағы келтіріліп отыр. Артықшылығы болмайды деп еске түсірудеміз.

Сонда мектеп грамматикаларындағы жанасудың жасалу жолындағы мысалдардың қайсысы осы критерийге сәйкес келетінін саралап көрсек.

1939 жылғы грамматикада – адам баласы үшін күресті, оқу үшін келдім;

1940 жылғы еңбекте — адам сияқты сөйледі.

1987 жылғы грамматика — өмір бойы кеткен жоқ.

Міне, ғалымдарымыздың айтар ойы, білдіретін пікірі о баста белгілі болғанымен, бір арнаға түсіп топтаспаған. Дегенмен жанасу байланысу формасының бір сөзбен жанасып айтылатынын ескеріп отырған. Сонымен сөз тіркесі туралы жазып, зерттеп жүрген ғалымдарымыздың еңбектерін қарап, жанасудың жасалу жолдарын мына төмендегіше топтастырамыз:

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

- 1 Аманжолов С., және т.б. Қазақ тілі грамматикасы.—Алматы: Мектеп,1975
- 2 Аманжолов С. Әбілқазы А. Ұйықбаев И. Қазақ тілі грамматикасы.—Алматы: Мектеп,1965
- 3 Ағманов Е. Қазақ тілінің тарихи синтаксисі. – Алматы:Мектеп,1986
- 4 Аханов К. Тіл білімінің негіздері.—Алматы: Санат,1993
- 5 Әуелбаев Ш. Қазақ тілі.—Алматы:Мектеп,1978

**ӘОЖ 811. 512**

### **ОРТА ТҮРКІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ -ТАРИХИ МҰРА**

**Н. Ш. Кажимова**

Құрманғазы атындағы саз колледжі, Орал қаласы.

Көне түркі жазбалары немесе Орхон-Енисей жазбалары — б.з. V ғ. — X ғғ аралығындағы түркі тайпаларының тасқа қашап жазған жазбалары. Орхон-Енисей ескерткіштері алғаш Орхон өзені бойынан (Екінші түркі қағандығы кезі) табылды, кейін Енисей өзенінің жоғарғы ағысында (Қырғыз қағандығы). Кейде руник жазбасы дейді, алман руналарынынан жанасым тауып (кейбір нышандар кескіні дәл келіп тұр, дауысты мағынасы да жақын). Азиялық түркі руналары соғды жазуының негізінде VIII ғ. бұрын жасалған деп есептеледі. Оның әліпбиінде 40-қа жуық графема бар. Көне түркі руника жазуы ерекшелігі – онда негізгі веллярлық және палаталдық дауыссыздарға арналған бірнеше жұп дербес әріптер бар. Көне түркі руника жазуы жұмбағын 1893 жылы В. Томсен шешкен. Орхон ескерткіштерінің тұңғыш тәржімаларын 1894 жылы В.В. Радлов жасаған. Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі Тәңір сөзінің жазылуы «Алтын ғасыр» кезіндегі (VIII ғ. б.з.) әліппеге 38 таңба және сөзбөлу нышаны кіреді. Жазу бағыты дерелей, оңнан солға. Жіңішке мен жуан дыбыстылары жазуда айырылмайды, дыбыссыздардың бір бөлшегі артынан жіңішке не жуан дыбысты келгенін сыңар нышандармен белгіленген. Сөз бөлу нышаны сөз арасына қойылады, сөйлем соңы белгіленбейді. Бас-кіші әріпке айырылмайды. Көне Түркі жазуларының зерттелуіне Моңғолия далаларына таралған жұмбақ жазулардың бар екендігі туралы ғылыми орта ертеден-ақ білетін еді. Оларды «Руна жазулары», яғни скандинавия тілдерінен алғанда



«күпия, сыры ашылмаған» таңбалар деп атайтын. Ол кезде әлем ғалымдары сондықтан, бұл жазуларды көне Угор тайпаларының (Орал халықтарының ата-бабалары) мұрасы деп есептеді. Жазуларды зерттеуге арнайы ұйымдастырылған Ресей Ғылым Академиясының экспедициясы Минусинск ойпатында іздестіру жұмыстарын жүргізіп, Д.Г. Мессершмидт және Ф.И. фон Стралленберг 1721-1722 жылдар аралығында көптеген материалдар жинақтады. Жиналған деректер ғылыми тұрғыдан екшеліп, 1729 ж. З. Байердің «Санкт-Петербургтегі Императорлық ғылым Академиясының жазбаларында» жарық көріп, Еуропадағы барлық Шығыстанушылардың қатты қызығу нысанына айналды. 1730 жылы Ф.И. фон Стралленберттің өзі де зерттеулерінің қорытындысын және жазулардың көшірмелерін жариялады. Оқылудың әртүрлі жолдары ұсынылғанмен, қандай да бір ақырғы қорытынды шығаруға деректер әлі аздау болатын, себебі Минусинск аймағынан табылған бұл жазулар үзік-үзік және соған сәйкес жарияланған мәліметтердегі көшірмелердің көрінісі тым қысқа-қысқа және жазулардың өзі жартылай өшіп қалған болатын. 1889 жылы Н.М. Ядринцевтің Моңғолия далаларынан тапқан жазулары Көне жазулардың толық сақталған және көлемді үлгілерін ғылыми ортаға әкелді. Енді бұл жазуларға қарап, оның дыбыстық құрылысы мен грамматикалық табиғаты жөнінде айқын қорытындылар жасауға болатын еді. 1893 жылы дат филологі В. Томсен (Дания) бұл жазуларды оқудың кілтін тапты. Келесі жылы-ақ В.В. Радлов Орхон жазуларының оқылуын және аудармаларын жасады, 1895 ж. Енисей жазуларының да оқылуы мен аудармалары жарыққа шығарылды. Дала жазуларының тарихы Б.з.б. 8 ғасырларда көшпенділер даласына Брахми және Кхарошхи жазулары таралған. Бұлар Көне Үндістаннан келген. Ғұн заманынан қалған қысқа жазуларды оқу мысалы, Қытай жазбаларындағы «шаньюй» (Моде шаньюй) деген сөздің Ғұн тілінде «Сеңгір» деп дыбысталатынын анықтап берді. Бұл – «биік», «асқақ», «жоғары» деген мағына береді де қазіргі Түркі тілдерінде, мысалы Қазақ тілінде «Сеңгір таулар», «Заңғар көк» сияқты тіркестерде кездесіп отырады. Көне Қытайлықтардың б.з.б. дәуірлердегі «Хунну жазуы» деп отырғаны осы жазу. Кейін б.з.б. 3 ғасырлардан бастап далалыққа Соғды жазулары тарады. Ол ежелгі Қаңлы мемлекетінде б.з.б. 3 және б.з. 5 ғасырлары аралығында кеңінен қолданылған. Мысалы қазіргі Қазақстанның оңтүстігінен табылып отырған «Күлтөбе жазулары» б.з.б. 2-1 ғасырларға жатады. Көне Түркі жазулары негізінен 6-10 ғасырлар аралығында Ұлы Түркі қағандығы және Көк Түркі қағандығы, Хазар қағандығы кезінде қолданылған. Таралу аймағы Моңғолия-Сібір далаларынан Тибет жеріне дейін және Еуропадағы Венгрия, Чувашия аймақтарына дейін кездесіп отырады. Көне Түркі жазуларының орнына далалыққа көне Ұйғыр жазулары келді. Бұл жазуларды кейде манихей жазулары деп атайды. Оның таралуы Манихей дінінің таралуына байланысты болды. Кейін бұл жазуларды Ислам дінінің ықпалымен енген Араб жазулары ығыстырып шығарды. Кейін осы Араб жазуларының орнына қазіргі Түркі халықтары Латын және Кирилл әліпбилерін қолданады. Көне Түркі жазуларының жалпы сипаттамасы[өңдеу | қайнарын өңдеу] Көне Түркі жазулары немесе Көне түркі алфавиті — дыбыстық жазу түрі, яғни сөздегі дыбыстарды таңбалап жазады. Негізінен 6-10 ғасырларда үлкен аймаққа таралған Көне Түркі жазуларын ғалымдар үш топқа бөліп қарайды: 1.Енисей ескерткіштері. 2.Талас ескерткіштері. 3.Орхон ескерткіштері. Орналасу жері болмаса, бұлардың қолданылған жылдарының айырмасында және жалпы жазу таңбаларының қолданылуы арасында елеулі айырмалар жоқ. Алайда Түркі жазбаларының жазылу мерзімдеріне қарағанда алғашқы Енисей-Лена бойынан, Сібірден, Байкал аймағынан Моңғолия далаларына, Орхон жеріне, одан Қазақстан мен Қырғызстан, Шыңжаң жеріне қарай біртіндеп таралғанын көрсетеді. Ал жазылу үрдісі, таңбаларының қолданылуы ұқсас, оқылуы біркелкі.

1.Енисей ескерткіштеріне Енисей бойынан және Тува, Хакас, Алтай республикаларының (бәрі де Ресей құрамындағы Түркі республикалары) аймағынан және Ресейдің батыс сібірде орналасқан Жаңасібір (Новосибирск) облысы мен Ертіс бойынан табылған жазулар жатады. Оның қолданылған, жазылған жылдары 5-7 ғасырлардың аралығы. Бұл аймақтан табылып отырған көне Түркі жазба ескерткіштердің жалпы саны қазіргі кезде шамамен 150-дей. 2.Талас ескерткіштері. Бұл аймақтағы жазулар Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Сыр бойы мен Қырғызстан

аймақтарына таралған, соның ішінде көп шоғырланған жері қазіргі Жамбыл облысында. Қолданылған мезгілі бірыңғай 8 ғасыр. Ескерткіштердің жалпы саны шамамен 20 шақты. 3.Орхон ескерткіштері. Моңғолиядағы Орхон, Селенг, Тола өзендерінің бойынан және Ресейдегі Минусинск ойпатынан табылған ескерткіштер жатады. Қолданылған мезгілі 7-8 ғасырлар. Ескерткіштердің жалпы саны 30 шақты. Алайда ең көлемді, ұзақ мәтінді жазбалар осы топқа жатады. Бұның ішінде тарихи құндылығы жағынан «Құтлығ қаған», «Білге қаған», «Күлтегін», «Тоныкөк», «Күлі Чор» және «Мойын Чор» ескерткіштерінің орны ерекше. Яғни Көне Түркі жазулары 5-8 ғасырлар аралығында Сібір, Моңғолия, Шыңжаң, Қазақстан, Қырғызстан және Оңтүстік Ресей жерінде кеңінен қолданылғаны туралы қорытынды шығаруға болады. Бұл көрсетіліп отырған тарихи мезгіл (5-8 ғасырлар) мен оның таралған үлкен аймағы Ұлы Түркі қағандығы, одан бөлінген Батыс және Шығыс Түркі, Түргеш, Хазар қағандықтары мен Көк Түркілер (Екінші Түркі қағандығы) мемлекеттерінің аумағы мен өмір сүрген дәуіріне сәйкес келеді. Бұдан басқа қазіргі ғылымға Көне Түркі жазуларының Тибет аймағындағы және Еуропалық даладаларғы нұсқалары белгілі. Көне Түркі жазуларының мазмұны Көне Түркі жазуының құпиясын ашқан Даниялық ғалым Вильгельм Томсен болатын (1898 жылы бастап). Кейін орыс түркітанушылары аударып, көп зерттеді. Оған 20 ғасырда Түркі елдерінің ғалымдары – Татар, Өзбек, Түрік, Қазақ, Әзірбайжан зерттеушілері қосылды. Кейде «руна (руникалық) жазулары» деп аталады. Оның себебі жазудың құпиясы ашылмай тұрғанда, бұл жазулар бір қарағанда ежелгі скандинавия халықтарының жазбаларына ұқсайтын еді. Алайда ғылыми зерттеулер Түркі жазулары екенін анықтады. Томсен ең алғаш рет «Түрік» және «Теңрі» сөздерінен бастап оқыған екен. Бұл жазулардың жалпы көлемі ұзақ. Қазіргі өлшеммен алғанда орта көлемдегі кітапты құрайды. Көптеген тарихи, мәдени, жағырапиялық, саяси деректер бар, сол кездегі халықтың өмірінен, таным-түсінігінен, дүниетанымы мен салт-дәстүрінен хабар береді. Тарихи оқиғалар тізбегі Ұлы қағандардың жорықтары жыраулық-жорықтық үлгідегі әдемі, көркем тілмен баяндалған. Сондықтан көптеген зерттеушілер оларды көркем шығармаларға жатқызады. Жазбаларды Көне Түркілер мен Көк Түркілер дәуіріндегі болған оқиғалар сипатталып, жағырапиялық атаулар, сол кездегі тайпалардың атаулары мен орналасу, таралу аймағы көрінеді. Өкініштісі, Түркі жазба ескерткіштері манихейшіл Ұйғыр қағандығы кезінде аяусыз жойылған Жазбаларда ең алдымен 5-8 ғасыр аралығындағы Ұлы даладағы тарихи оқиғалар көркем тілмен баяндалған, айналып келетін оралымдары мен ішкі ұйкастары, композициялық тұтастығы бар. Сондықтан оның ең алдымен жанрын айқындасақ – жылнама не шежіреден гөрі, бұлар – тарихи дастандар. Жазудың сипаты түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктерін, соның ішінде үндестік заңдарын жақсы береді. Жазудың ерекшелігі оңнан солға қарай оқылады және негізінен дауыссыз дыбыстар таңбаланады. Олардың жуан және жіңішке түрлері бар, олар жеке-жеке бөлек таңбаланады. Көне Түркі жазуларының сыртқы түрі бізге тасқа қашалған түрде, «баспа әріптері» түрінде жетті. Оның жазбаша түрі қандай болғаны туралы мәлімет жоқ. Себебі маталарға, өңделген терілерге жазылуы мүмкін жазба әріптер бұл материалдардың төзімсіздігіне байланысты бізге жетпеді. Алғаш көрген адам бұл жазуларды бір қарағанда қазақ руларының таңбаларына ұқсатады. Яғни жазулар «жебе таңбалар», «ай таңбалар» және «тұмар таңбалар» мен «көз таңбалар», «аша таңбалар», «балық таңбалар» сосын «тарақ таңбалар» мен «сырға таңбалардан» құралады. Орхон-Енесай жазбасы — Орхон және Енесай өзен бойларында табылған көнетүркі жазуымен жазылған жазбалар. Оның ішінде әйгілі Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк құлпытастарындағы жазбалар. Орхон-Енисей жазбалары Орхон-Енисей жазбалары — көне түркі жазба тарихи-мәдени ескерткіші. Көп уақытқа дейін сыры беймәлім, қай тілде жазылғандығы белгісіз болып келген. Орхон-Енисей жазбаларын руналық жазбалар деп те атайды (Скандинавия халықтарының тілінде «рунь» сөзі «сыры ашылмаған», «құпия» деген мағынаны білдіреді). Тек 1893 ж. ғана даниялық ғалым Томсен құпия жазуды оқудың кілтін ашады. Біраз жылдардан кейін орыс ғалымы В.В.Радлов Орхон өзені бойынан табылған үлкен тастардағы жазуды толық оқып, аударды. Руна жазуындағы ең үлкен ескерткіштер Орхон мен Енисей өзендері алқабынан табылғандықтан, жазудың өзін де осылайша атап кетті. Орхон-Енисей жазбалары Шығыс Түркі қағанатының қағаны Білге мен

оның інісі Күлтегін қабірлеріне қойылған орасан зор құлпытастарға қашап жазылған жыр жолдары болып шықты. Жырға арқау болған негізгі мәселелер — елдің тәуелсіздігі, береке-бірлігі. Күлтегін жырында сегіз оқиға баяндалған. •Біріншісінде, қағанның өз халқына қарата айтқан үндеуі, •Екіншісінде Түрік Қағанаты жерінің кеңдігін суреттейді, Үшіншісінде түркілердің әскери жорықтары, •Төртіншісінде көршілес табғаштардың қастандық әрекеттері туралы әңгіме, •Бесіншісінде табғаш тайпасымен қатысу түркілерге қауіпті екендігі жөнінде, •Алтыншысы түркі халқының болашақты болжай алмауына өкіну, •Жетіншісі түркі халқының даңқын асырған қаған жөнінде, •Сегізіншісінде осы ескерткішті жыр қып жазуға түрткі болған жағдайларға тоқталады. Орхон-Енисей жазбаларының енді бір ескерткіші — Тоныкөк құлпытасындағы жырлар. Онда да сол кездегі түркілердің өмірінен мағлұмат беретін он төрт жол жазылған. Түркі халқының табғаштарға тәуелді болып қалу тарихы, азат қалған түркілердің бірігуі, қаған сайлауы, Тоныкөктің ықпалымен Елтерістің қаған болуы, Оғыз мемлекетінің тыңшылары түркілерге қауіп төндіргені, қарсыластармен болған шайқастар, анталаған жаудың бетін қайтаруда Тоныкөктің ерлігі, ұрыс-шайқастардың жүргізілуі, түркілердің түрлі тайпалармен жауласу жолдары баяндалып, Тоныкөкті мадақтау берілген. Енисей өзені аңғарынан құпия жазуы бар құлпытастар табылғаны туралы алғашқы хабарды Н.К.Видзен, С.У.Ремезов, сондай-ақ Сібірде айдауда жүрген швед офицері И.Т.Страленберг пен немістің белгілі ғалымы Д.Г.Мессершмид, т.б. бергенін XVIII ғасырдың бас кезінде жазған мақалалары мен хаттарынан білеміз. 1893 жылғы қарашаның 25-күні Дания корольдік ғылым академиясының мәжілісінде Вильгельм Томсен ғылыми әлемді дүр сілкіндірген мәлімдеме жасады. Ғалым Орхон мен Енисей өзендері бойынан табылған ескерткіштердегі құпия жазуды оқудың кілтін ашқандығын хабарлады. Ғалымның ең алдымен оқыған сөздері «тәңірі» және «түрік» деген сөздер екен Дәл осы кезде академик В.В.Радлов та өз бетінше ізденіп, руна жазуының он беске жуық әрпін анықтап алған еді. Арада көп уақыт өтпей, В.В.Радлов Орхон өзені бойынан табылған үлкен тастардағы мәтінді толық оқып, аударып шықты.

Орхон жазба жәдігерліктерін ұзақ жылдар бойы түбегейлі зерттеген білікті ғұламалар М.Жолдасбеков пен Қ.Сартқожаұлының бірлесіп жазған ірілі зерттеуі жарық көрді. Л.Н.Гумилев Орхон жазба ескерткіштерін «Көк түріктердің өздері туралы» жазған шежіресі деп біледі. Тасқа жазылған ескерткіштерде негізінен Түрік қағанаты, оны билеген қағандар, олардың ерлігі жайында сөз болады. «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырлары өткен дәуірден нақты мәлімет беруге арналған тарихи деректер. «Күлтегін» жырының басты идеясы — Күлтегін батырды Түрік қағанатының құдіретті тұлғасы етіп көрсету. «Күлтегін» жырының авторы — Йоллығтегін Түрік қағанатының күш қуаты артты, жері барынша кеңіді, ел тұрмысы түзелді. Түрік қағанаты тарихында Тоныкөк тұлғасы ерекше орын алады. Ол Елтеріс қаған, Бөгі қаған және Білге қағандарға кеңесші болған. Тоныкөк ел қамын ойлаған ақылгөй, дана қарт. Түрік қағанатына төрт жағынан жау қаптағанда, Тоныкөк ақыл кеңесімен де, тапқыр сөзімен де, батырлық істерімен де қағандарға көмектесіп отырды. Орхон жазба жәдігерліктері ішінде «Тоныкөк» жыры ерекше орын алады. Бұл жырдың авторы бөлек, оны Тоныкөктің өзі жазған деген болжам бар. Екіншісі — руна жазуындағы бұл жәдігерліктерді поэзиялық туындыға тән барлық белгілері бар, ежелгі түркілердің өзіндік әдеби дәстүріне негізделген көркем туынды деп таныды. Орхон жәдігерліктерінің ерекшеліктері туралы соңғы кезге дейін өзара қарама қайшы екі түрлі көзқарас орын ала келді. Бірі — Күлтегін және Тоныкөк жәдігерліктері көркем әдебиетке, соның ішінде поэзияға ешбір қатысы жоқ, Түрік қағанатының дәлме дәл жазылған тарихы деп қарады. Орхон жазба жәдігерліктерінің ішінде «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырлары өзінің идеялық мазмұны, композициялық құрылысы, көркемдік бейнелеуі жағынан қазақтың ерлік пен елдікті жырлаған қаһармандық жырларының алғашқы үлгілері болып табылады. Түрік руна жазбалары Түрік әлеміне рухани қажеттілік керек, біз оны сақтардың, ғұндардың материалдық мәдениетінен іздейміз. Ал, жазба деректері түріктердің тек тарихы ғана емес, сонымен қатар мәдениетін толықтай зерттеуге мүмкіншілік береді. Түрік елдерін ерте орта ғасырларда әлемге танытқан олардың ерлікке толы мәрт мінезі, батырлық әфсаналары мен жырлары, жазу мәдениеті, тәңіршілдік дүниетанымы, балбал

тастары болды. Қашанда ұлы дала тұрғындарына тән берік және жасампаз рух бұл дәуірде өзге елдерге үлгі шашты болды. Рухани мәдениет түрік тілінің, әдебиеттің, дүниетанымының, салт-ғұрпының Еуразиялық әлемге тарауына жол ашты. Екінші жағынан Еуразиялық құрылықтың негізгі бөлігін біріктірген алып түрік мемлекеттері, олардың берік шаруашылық-әлеуметтік негізі рухани мәдениеттің серпілісін туғызды. Оның ішінде көне түріктердің жазу мәдениетінің алатын орны ерекше. Түріктердің жазуы туралы ең алғашқы мәліметтерді қытай деректерінен кездестіре аламыз. Негізінен түрік жазуының пайда болған уақыты V ғасыр деп есептеледі. Ал нақтырақ айтқанда түріктер I V ғасырдың екінші жартысында өзі жазуларын кең ауқымды қолданған. Түріктер басқа мемлекеттермен қарым-қатынас жасағанда өзі жазуларын қолданғаны жайлы көптеген мәліметтер бар. Мысалға алғанда Византия императорына түрік елшісі қағанның жазған хатын алып барған. Мұны Менандр Протектор өз естелегінде көрсеткен. Жалпылама ерте орта ғасырда алғанда түріктердің төл жазуы және алфавиті болған. Әр рулардың таңбалары негізінен жасалған алфавиттік құрамында 35 әріп бар. Ал көне түрік жазуы – рунанемесе сына жазуы деп аталған. Көне түрік жазуының ескерткіштері Орталық Азия аумағында көп табылған. Олардың ішіндегі ең белгісі Солтүстік Моңғолия жеріндегі Орхон, Селенга, Толы өзендерінің табылған тастағы жазулар. Бұл тастарда түріктердің атақты билеушісі мен ақылгөйлері Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк құрметіне арналып жазылған руна жазулары сақталған. Ал Қазақстан аумағында Талас, Іле өзендерінің аңғарынан да көне түрік жазуының ескерткіштері табылған. Түріктің жазба ескерткіштерінің көп кездесетін жері — Сібір өлкесі Енисей өзені бойы. Жазулар құлпытастарға, қыш пен металдарға және басқа да заттарға қашалып жазылған. Осыдан шығатын қорытынды, VII – IX ғасырлар аралығында Қазақстан аумағында ортағасырлық ортағасырлық мемлекеттерде көне руналық түрік жазуы қолданылу аясы біршама зор болған. «Түрік руна жазбалары» – бұл ұғым түркологиямен айналысатын адамдардың бәріне таныс. Бірақ барлығы қазіргі ғылымда жиі естілетін «руна», «рунология» сөздерінің қандай мағына беретінін ағара қоймайды. «Руна» «әріп» және «белгі» дегенгі білдірмейді. Оны – «құпия» және «белгісіз» сөздерімен ұштастыруға болды. «Руна» сөзі – латынның «арканум» (мысалға «Таро арқаны») немесе грекше «мистерион» (мистерия) сөздерінің аналогы. Бұл мәліметтер руна сөзінің мағынасы туралы құнды дәлелдер береді. Руналар – ежелгі герман әліпбиінің белгілері (II в. кейінгі ортағасырға дейін), Скандинавия, Исландия, Гренландия, Англия, Солтүстік Еуропа, Солтүстік Причерноморье, Ескі Ладога және Новгород елді-мекендеріндегі тастардағы, металдардағы, ағаштардағы, сүйектердегі қаушаулар, белгілер. Руналардың нақты шығу тегі бүгінгі күнге дейін анықталмаған. Норвеж ғалымы К. Марстрандердың ойынша рунадар солтүстік италийлік әліпбидің модификациясы болып табылады. Руна жазбалары /футарк/ көбінесе бір немесе бірнеше сөздерден тұрады. Мысалы, зат есім, қабылдану немесе магиялық брактатта /алтыннан жасалған дөңгелек ілгіш/ сиқырлау. Бірнеше жолдардан тұратын жазулар сирек кездеседі. Ертедегі түрік жазуын тұңғыш рет ХҮІІІ ғасырдың 20-жылдарында I Петрде қызмет атқарған неміс ғалымы Д.Мессершмидт пен оған еріп жүрген шведтің тұтқын офицері И.Страленберг Енисей аңғарында ашты. Олар Скандинавияның руналық жазуымен ұқсастығына қарап, оны «руналық» жазу деп атады. Атау онша дәл болмағанымен, қолайлы болып шықты және ғылымда осы атау орнығып қалды. 1889 жылы Н.М.Ядринцев Солтүстік Моңғолияда, Орхон өзенінің аңғарынан руна жазулары бар орасан зор құлпытастарды тапты. Табылған тексті оқудың бірінші болып кілтін тапқан дат ғалымы В.Томсен және жазбаларды алғаш рет оқыған орыс түркологы В.В.Радлов болды. Негізгі ескерткіштердің табылған жері бойынша жазу «орхон-енисей» жазуы деп атала бастады, ал басқа белгілері /тілі және жазылу сипаты/ бойынша ол ертедегі түріктердің руналық жазуы деп аталып кеткен. Руналық жазулардың барлық табылған ескерткіштері ішінде Солтүстік моңғолияның негізінен алғанда Орхон, Тола және Селенга өзендерінің аңғарларында шоғырланған ескерткіштері ең ірілері болып отыр. Олардың бәрі екінші Түрік қағанаты /689-744 жж./ және Моңғолиядағы Ұйғыр қағанаты /745-840 жж./ дәуірінде орнатылған. Ең әйгілері – Бірге-қаған мен оның інісі, қолбасшы Күл-тегіннің құрметіне 732-735 жылдары тұрғызылған ескерткіштер және екінші Түрік қағанатының алғашқы

қағандарының кеңесшісі Төныкөктің /716 жыл/ құрметіне Төныкөктің тірі кезінде-ақ орнатылған ескерткіш. Орта Азия мен Қазақстан аумағында руналық ескерткіштердің екі тобын – ферғаналық тобы мен жетісулық тобын бөліп қараған жөн. Бұларға үлкен-үлкен қой тастардағы, қабір басына қойылған тастардағы тоғыз жазу және Талас өзенінің аңғарындағы Терексай қойнауындағы жартас бетіндегі жазулар, Жамбыл қаласының маңынан табылған керамикадағы жазулар, теңгелер мен тұрмыстық бұйымдардағы ұсақ жазулар мен жекелеген белгілер, ағаш таяқшадағы жазу /Талас өзені бойынан кен қазу жұмыстарында кездейсоқ табылған/, сондай-ақ Шығыс Қазақстаннан табылған екі қола айнадағы руналық жазулар, Талғар қала жұртынан табылған қыш ұршықбастағы ұсақ жазулар жатады. Көне түркі жазба ескерткіштері Көне түркі жазуы, түркі руникалық жазба ескерткіштері – 7–9 ғасырлардағы көне түркі ойма жазулары мен қолжазбалары, көне түркі әліпбиіндегі әр алуан мәтіндер. Көне түркі жазба ескерткіштері арқылы қазіргі түрік халықтарының көне тілін, тарихын, этногенезін, географиясын, рухани мәдениетін, жазба дәстүрін, әдет-ғұрыптары мен дүниетанымын білуге болады. Табылған аймақтары Көне түркі жазба ескерткіштері табылған аймақтарға Сібірдегі Енисей, Лена өзендерінің аңғарлары, Моңғолиядағы Орхон, Онгин, Селенга өзендерінің алқабы, Орта Азия мен Қазақстандағы Талас пен Сыр бойы, Ертіс пен Іле қойнауы жатады. Орыс этнограф-ғалымы Н.М.Ядринцев 1889 жылы Моңғолиядағы Орхон өзенінің құйылысынан қос тілдік жазуы бар ерекше үлкен екі тас тапты. Кейіннен біреуі Білге қағанға (735), екіншісі оның інісі Күлтегінге (732) қойылғаны белгілі болып, мазмұны толық анықталды. Бұл ескерткіштердің бір қырына Қытай иероглифтері ойылған, ал үш қырына ойылған жазу таңбалары «Сібір руналарына», Енисей бойынан табылған жұмбақ жазуларға (бұл жазулар сыртқы көрінісі жағынан Скандинавия руналарына біршама ұқсас болғандықтан «руникалық» немесе «руна тәріздес» деп те аталды) ұқсас. Финн және орыс ғалымдары жүргізген арнаулы зерттеулер нәтижесінде Орхон және Енисей ескерткіштерінің нұсқалары (фотосурет, эстамп) жинақталып жарияланған атластар жарық көрді. Сайып келгенде Дания лингвисті В. Томсен 1893 жылы түркі руникалық (Орхон-Енисей) таңбаларының дыбыстық мағыналарын негізінен дұрыс анықтап, академик В.В.Радлов 1894 жылдың қаңтарында көне түркі тілінде жазылған Күлтегін ескерткішіндегі руникалық жазудың тұңғыш аудармасын берді. Ғылымда ашылған бұл жаңалық – тіл білімінің тарихи салыстырмалы бағытын белгілеп, түркітану ғылымын жүйеге келтіру ісінде мықты қазық болды. Мұнан кейін көне түркі жазба ескерткіштері тек тастарға ғана қашалмағандығы, металл (алтын, күміс, қола) және саз балшықтан жасалған түрлі бұйымдарға ойып жазылғандығы да айқындала түсті. Моңғолиядағы, Сібір мен Азиядағы айқындалған түркі руникалық ойма жазуларының жалпы саны әзірше екі жүзге жуық. 20 ғасырдың бас кезінде Шығыс Түркістандағы түркі руникалық жазуының шамандық, манихейлік, буддалық дін және заң мазмұнында қағазға жазылған нұсқалары (8–10 ғасырлар) айқындалды. 1932 жылы Талас алқабынан ағаш таяқшаға ойылған руникалық жұмбақ жазу табылды. С.Е.Малов, Х.Н.Оркун, А.М.Щербак, т.б. таяқшалардағы жазудың түркі руникалық таңбаларымен ұқсастығын көрсетіп, оны көне түркі тілінде оқып көрді.

Иссык жазба ескерткіш— сақ дәуірінен қалған жазба ескерткіш (б. з. д. 5—4 г.). 1970 ж. Іле өңірінің тау бектеріндегі Есік қаласы іргесіндегі Сақ заманынан қалған үлкен қорымнан алтынға бөленген жауынгер мәйіті және оның түрлі заттары, сонын ішінде жұмбақ жазуы бар күміс тостағанша табылған. Оның сырт жағына руна тәріздес 26 таңба ойылып жазылған. Ескерткіштің құндылығы — біріншіден, ертедегі Қазақстан жерін мекендеген сақ тайпаларының тілі көне түркі тілі екендігін, екіншіден, бұдан 2500 жыл бұрын түркі тектес тайпалардың әліпбилік жазуы болғанын дәлелдейді: Моголиян жазба ескерткіш — Орхон өзені бойынан табылған көне түркі ескерткіші (7 ғасырдың соңы). Ескерткіш Құтлұғ(Қабаған) қағанның баласы Моголиянға арналған, мәтінін жазған Иоллығ Тегін, оны тапқан Н. М. Ядринцев, алғаш рет оқыған В. В. Радлов. Жазуда Моголиянның, Күлтегіннің, Төныкөктің жорықтары баяндалған. Орхон-Енисей көне түркі жазуымен 759 ж. жазылған ескерткіш. Оны Солтүстік Моңғолияда 1909 ж. тапқан Г. И. Рамстедт. Ол — ескерткіш мәтінін немісше аударып, 1913 ж. жариялаған. Бұл еңбекті Н. Оркун түрік тіліне, С. Е. Малов 1959 ж. орыс

тіліне аударып жариялаған. Ескерткіш «Селенге тасы» деп те аталады. Мойун-чур сол кездегі ұйғыр мемлекетінің ханы болған. Ескерткіш мәтінінде жер-су, адам, тайпа, халық (ұйғыр, оғыз, тоғыз, татар, қырғыз, түркеш, түрік, соғды, қыпшақ т.б.) атаулары кездеседі. Ескерткіште әңгіме оғыз тайпасының өкілі атынан баяндалады. Орхон ойма жазулары — Моңғолияның Орхон, Селенге өзендері бойынан табылған көлемді әдеби мұралар, хан әулетінің құлпытастары, 7—8 ғғ. жазылған көне түркі руникалық ескерткіштері болып табылады. Оған Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, Күлі-чур, Мойун-чур т.б. ескерткіштер жатады. Ескерткіштер мен ондағы жазбаша деректерді ашып жариялаған — Н. М. Ядринцев, В. Томсен, В. Радлов. Қазақстан жерінде Соңғы отыз жыл ішінде Қазақстан жерінде де Көне түркі жазба ескерткіштерінің бар екендігі анықталды. Талас бойынан (Жамбыл облысы) төртбұрышты тас мөр мен дөңгелек тастың жарты сынығына бедерленген руникалық ойма жазулар, Іле бойынан (Алматы облысы) жартастарға қашалған руникалық жазу үш жерден табылды. Осы өңірден жүзіктегі руникалық жазу да анықталды. Сыр бойында (Түркістан облысы) ескі кенттердің орнынан табылған саз балшықтан күйдірілген дөңгелек алқа, құмыра сияқты ойылған руникалық жазулар белгілі болды. Ертіс өңірінен екі қола айнадағы руникалық ойма жазудың (Шығыс Қазақстан облысы) бірін А.Н.Бернштам 1948 жылы жариялады. Сондай-ақ 1985 жылы Шығыс Қазақстаннан жартасқа қашалған руникалық жазу, ал 1987 жылы бауға тағылған мөрдің табанына ойылған руникалық жазу табылды Жайық өңірінен (Ақтөбе облысы) анықталған қола айнадағы руникалық жазу 1986 жылы жарияланды. К. т. ж. е-нің тілін зерттеп, зор үлес қосқан ғалымдар – В. Томсен, Радлов, П.М.Мелиоранский, В.Банг, Г.И.Рамстед, А.Габэн, С.Е.Малов, В.М.Насилов, И.А.Батманов, А.Н.Кононов, Дж.Клоусон, Т.Текин, т.б.[3] Қызыл (Тыва) қаласындағы тас жазба Жазу түп-тегі анықсыз. Көп нышаны таңбалармен сәйкестігін белгілейді, дыбыс мағынасы акронимнен шыққан деп. Кейбір нышандарға (қырлы келген, жазу бағысы, дыбыс мағынасы сәйкес) қарап ерте семит жазуына туысқандығы ұйғарылып тұр: Библос жазуы және Пүн (финикиялық) жазуы. Орхон-енесай жазбаларын бастапқы кезіндегі зерттеуінде кейбіреулер осы жазу сұғдақ доғал жазуынан шықты деп болжалаған, немесе тіпті қытай жазуының дыбыс белгілейтін нышаншадан шықты деп болжалаған. Соңғы кезде кейбір зерттеушілер кхароштни жазуынан, немесе бір тамырдан түп-тегін болжалаған. Моңғол басымы кезіне (XIII ғ) дейін әліппе араб, тағы басқа түркі жазуымен қысып шығарылған. Көне Түркі жазуынан басқа көп руника жазулар шыққан — бұлғар руналары, Сәркел қаласындағы (Хазар қағандығы) саз жанғышпақтардағы жазбалар, мажар жазуы, талас жазуы және т.б. Ғылыми зерттеуінің негізі XIX ғ. аяғында құрылған. 1893 жылы 25 қазан айында дания лингвисті Уильям Томсон жазу мұқамын шешкен. Бірінші таныған сөз — Теңрі (Тәңірі).

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Аманжолов А.С. Түркі халықтарының тарихы. I том. – 177 б.
2. Досымбаева А. Еуразиядағы түркі мұрасы VI-VIII ғғ. – Астана, 2012.
3. ҚР Тұңғыш президенті Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы. – 2018.
4. Омаров Ғ.Қ., Бесентаев Б.Б. Шығыс Қазақстанның ортағасырлық көшпенділері, Түйетас және Аян қорымы материалдары бойынша. Ұлы дала: тарих пен мәдениет, Көне түркі әлемі III том. – Нұр-Сұлтан, 2019 ж.
5. Қазақбаев Ә. Қарақабдан табылған қобыз. «Халықаралық түрік диалектілерін зерттеу» журналы. – 2019 ж.
6. Довдой Б. Еуразиядағы түркі мұрасы VI-VIII ғғ. – Астана, 2012. – 96

## БАЛАБАҚШАДА ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ЗАМАНАУИ ҮЛГІДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

А.Е. Жумасейтова

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы.

*Аннотация:* В данной статье рассмотрены пути, значение использования национальных игр в развитии детей дошкольного возраста и этнокультурного образования в детском саду.

*Ключевые слова:* дети дошкольного возраста, этнокультурное образование, дошкольные организации, национальные игры.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі, тәрбиеленуші сәбилерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілін, тарихы мен өнерін қастерлеуде халықтың салт-дәстүрлерін аялай білуде ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады. Мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшелігін еске де отырып елін, жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт-дәстүрін, ана тілін қастерлеу, үлкенге құрмет кішіге көрсетуін мұра етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу.

Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Этномәдениет ата-бабаларымыздың тәрбиеге байланысты ғасырлар қойнауынан саранып жеткен іс-тәжірибе жиынтығы, қанша уақыт өтсе де тот баспайтын адалдығы айнадай ұлттық қазына. Халқымыз өз ұрпағын тек инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуді басты мақсат санаған. Олай болса, бүгінгі ұрпағымызды халқымыздың баға жетпес бай салт-дәстүрі негізінде тәрбиелеу, оларға ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін терең сіңіру қажет. Халық батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай «Өткенін білмеген, одан тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы тұл, келешегі тұрлаусыз». Көп ұлт мекендеген Тәуелсіз Қазақстанның ерекшелігі де этникалық білім берудің қажеттігін туындатады. Кез-келген халық ғасырлар бойы жинаған қоғамдық және әлеуметтік тәжірибесін, ата-бабалардан алмасқан тәжірибеге өз үлестерін қосып келесі ұрпаққа мәдениетін, тарихын аманат етіп отырған. Ежелден келе жатқан тарих толқынында халық үлкен күш, ол мәдениетті, тарихты жасаушы жалғыз таусылмас қазына, құндылықтардың қайнар бұлағы. Сол таусылмас қазына мен қайнар бұлақтан өркен алатын жас ұрпақты халық дәстүрінде білім беріп, тәрбиелеу қазіргі білім саласының басты міндеті. Өйткені тек білімді адам ғана басқаның мәдениетін, өзінің төл тарихы мен мәдениетін бағалай алады, өз халқының ажырымас бөлігі екенін сезініп, сол халық мәдениетінің қажеттілігін өтей алады. Ал этномәдени білім жеке тұлғаның этномәдени ерекшеліктерінің қалыптасуына және оқу мен тәрбиенің ұлттық жүйесін дамытуға негіз алды. [2]

Этномәдени білім беру дегеніміз мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын дамытатын мүмкіндіктер, ұлтымыздың бай мәдениеті, ұлттық болмыс, тарихы, тілі, ұлттық құндылықтар туралы білім беріп, жан-жақты, Отанын сүйетін, адамгершілігі мол, рухы биік, жаһандық өркениеттің халықтарына төзімді неге тұлғаны тәрбиелеу.

Этномәдени білім беру арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды толыққанды дамытуда:

- мергендікке, шапшаңдыққа, ептілікке, денесінің дұрыс қалыптасуына ықпал ететін ұлттық ойындарды (ақ серек, асық ойыны, бес тас, атқа мінгізу, ат жарыс, көкпар және т.б.) ойнату;

- ерте жас тобынан бастап, бесік жырын, ертегілерді, аңыздарды, дәстүрлі әндер мен күйлерді тыңдату;
- қазақ халқының айнала қоршаған ортаға, табиғатқа қатысты «обал болады», «сауап болады» ұғымдары туралы кең насихаттау;
- қазақ халқының ұлттық құндылықтарын дәріптеу, салт-дәстүрлерімен таныстыру;
- жүннен, жіптен сурет салуға, ою-өрнектерді мүсіндеуге, жапсыруға баулу;
- ел аумағындағы шексіз далалар, жартасты таулар, әсем табиғат, өзендер мен көлдер, тарихи сәулет ескерткіштеріне қызығушылықтарын арттыруға баса назар аудару қажет.

Әр мектепке дейінгі білім беру мекемесінде ерте жас тобынан бастап ересектер тобына дейін этномәдени компонент элементтері кездеседі. Күн тәртібінің барлық сәттерінде қандай да болсын элемент болуы мүмкін халық ертегілері, халық педагогикасының бөлімдері, фольклор, мақал мәтелдер, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, халық ойындары және т.б. Балаларға әрдайым жомарт қазақ халқымыздың бойындағы бар жақсы қасиеттері мысалға келтіріліп, тәрбие және оқыту үдерісінің ажырамас бөлігіне айналды. Соның арқасында тәрбиеленушілердің қоршаған ортаны сезіну, қоғамдану, өзіндік бағалау, тұлға ретінде даму сияқты маңызды қасиеттері дамып қалыптасады.

Этномәдени білімді жолға қоюдың жолы оқу үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолданып ғана қоймай, қазіргі заманғы техникалық құралдардың көмегімен авторлық бағдарламалар жасап, тек ғана мектеп дейінгі ұйымдарда ғана пайдаланбай отбасында да пайдалану септігін тигізеді. Ата-аналары қолданылатын ұялы телефондарға, планшеттерге балаларға қызық болатын арнайы бағдарламалар жасау. Мысалға *«Қуыршақты ұлттық киіммен киіндір»*. Бұл бағдарламаларда ұлттық киімдердің үлгісі тұрады, балалар киімді таңдайды, таңдалған соң ол киімнің атауы қазақша және ағылшынша айтылады. Бала қуыршақты киіндіріп ғана қоймай, ұлттық киім түрлерін ғана емес, сонымен қатар тіл үйренеді. Сонымен қатар осындай мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды, ертегілерді, салт-дәстүрлерді қазақ халқының бай ауыз әдебиетін осылай үйретуге болады деп ойлаймын.

Мультимедиялық оқулықтар балабақша бүлдіршіндеріне арналған таптырмас құрал. Себебі, бұл кезеңдегі балалардың зейіні әдемі түстерге, әдемі ойыншықтарға, әдемі суреттерге, яғни, әдемілікке, әсемдікке әуес болады. Кез келген сабақта әр түрі әдемі, ұнамды, жағымды суреттер, сызбалар тәсілдер арқылы графикалық, иллюстрациялар негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. 21 ғасыр ғылым мен білімнің дамыған кезінде балаларды жан-жақты, ұлтын сүйетін мәдениетін білетін, өз этномәдениетімізді басқа тілде де еркін таныстыра алатын ұрпақ тәрбиелеуге, баланың одан әрі қызығушылығын арттыруға көп септігін тигізеді деп ойлаймын.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеттер маңызды әрі пайдалы аспект болып табылады. Бүгінгі заман талабына сай АКТ құралдары немесе кез-келген көрнелік құралдары арқылы бала бойына алғашқы этномәдени білім беру туралы түсінік қалыптастыра аламыз. Ол түсінікті одан әрі дамыту үшін бейнелі сөздер мен сөйлемдерді қолдана отырып, балалармен тығыз байланыста әңгімелесу әдісі арқылы дамытуға мүмкіндік жасаймыз. Бала тұлғасына этномәдени білім беру беруде ұйымдастырылған оқу қызметінің мәні неде?

1. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі адамның қалыптасуы, тұлғаның өз мәдениетінің субъектісі болуына көмектесу, шығармашылық өмірге үйрету.



2. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі сырттан келетін тәрбиелеу емес, адам бойынан адамдықты табу, оны қолдау және дамыту негізінде өзін-өзі реттеуге, тәрбиелеуге әкеледі. Сол арқылы өзіндік болмысы, санасы бар тұлғалық бейнесі қалыптасады.

3. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі адамның дене және рухани денсаулығы, адамгершілік бостандығы. Ол - тұлғаны түсіну, өзара ынтымақтастық қарым-қатынасты салауатты өмір мен парасаттылықтың, өзіндік келген күннен бастап үнемі қатынастың негізін қалау.

4. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады. Сондықтан оның мазмұны баланың өзін тұлға ретінде дамыту үшін, өз өмірінің субъектісі болу үшін жағдай туғызуға негізделеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде этномәдени білім беру мазмұнын төмендегідей төрт бағытта қарастыруға болады:

- қазақ балалар фольклоры;
- салт-дәстүрлер;
- ұлттық ойындар;
- ұлттық өнер;

Қазақ халқы ұлттық ойындар бала тәрбиесінде қолданылатын негізгі құрал деп бекерге айтпаған. Себебі, көнеден келе жатырған ұлттық ойындар ойнату арқылы балалардың дене қасиеттерін дамыту, ойлау, есте сақтау, ұсақ қол моторикаларын дамыту процесінде ерекше орын алады.

Халық педагогикасына тән мектепке дейінгі білім беретін мекемеде өнімді де өміршең сала - ойын. Дәстүрлік таным-түсініктен туындайтын қазақ халқының ұлттық ойындары баланы іс-әрекетке, адамгершілік қасиеттерді игеруге, ақыл-ойын жетілдіруге, отан сүйгіштікке баулуда, салауатты өмір сүруге тәрбиелеуде теңдесі жоқ құрал. Халқымыздың өмірге дені сау, шыныққан балалар әкелуі жөніндегі өз ұрпақтарына қалдырған үлкен де бай мұрасы - ұлттық ойындар. Ежелден «Адам ақылымен сымбатты» деп санаған халқымыз тұрмыс-тіршілігіне байланысты туған ұлттық ойындарды бала тәрбиесіне лайықтап, шебер пайдалана білген.

Қазақ халқымен бірге жасап келе жатқан ұлттық ойындар бала тәрбиесінде негізгі екі жауапты қызмет атқарады: біріншіден, балалардың ой-өрісін дамытса, екіншіден ұлттық ойындарының мазмұны ұлттық әдет-ғұрпымызбен байланысып жатады. Ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде біздің заманымыздан бұрын бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық әрекеттерінен бастау алады.

Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы ғылыми тұрғыдан ғалымдар көп ізденген.

Қазақтың белгілі ғалым-ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудің тәрбиелік мәнін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырым даған. Ұлтымызды ұлықтайтын тұрмыс-салтымыздың өзі бала тәрбиесіне негізделген. Ата-бабамыздан қаймағы бұзылмай жеткен ұлттық ойындарды бала тәрбиесіне енгізу баланың күш-жігерінің дамуына септігін тигізеді. Сондай-ақ дене құрылысы икемделеді, сымбатты, қырағы, алғыр, өмірдің барлық

қиыншылығына төзімді азамат болып қалыптасады.[3]

Қазіргі таңда күнделікті өмірде көріп жүргеніміздей, балалардың, соның ішінде мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық ойынға деген қызығушылығы күннен күнге азайып бара жатқандай. Оған бірден-бір себеп заманауи технологиялардың дамуын жатқызуымызға болады.

Сондықтанда алдымен отбасында, содан кейін мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық ойындардың маңызын балаларға ұғындыру отбасы мүшелерінің және педагогтардың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Ең басты міндет - ұлттық ойынның өзіндік құндылығын жоғалтпай, ойынды мазмұнды ұйымдастыруға жағдай жасау, тәрбиеге де, ой-санаға да лайықты етіп пайдалана білу.

Ойын мектеп жасына дейінгі баланың басты әрекеті. Оны тәрбиеші балабақшаның күн тәртібіне сай кез келген уақытта тиімді пайдалануға болады. Балабақшада ұлттық ойындарды табиғат аясына серуенге шыққанда, тәрбие жұмысына мүмкіншілікке қарай ұйымдастырса, балалар сол ойындар арқылы өмірге қажетті қимылдарды тез үйреніп, дамиды. Ойын барысында бала мінез-құлық ережелері мен нормаларын, өмірге көзқарасын, өзара қарым-қатынасын шығармашылықпен игереді.[4]

***Балабақшада ұлттық ойындарды қолдануы:***

- ✓ таңертеңгілік-гигиеналық жаттығуда
- ✓ сергіту сәттерінде
- ✓ ұйымдастырылған оқу қызметінде
- ✓ ойын -жарыстарда, сайыстарда
- ✓ таза ауаға серуенге шыққанда
- ✓ ертеңгіліктерде.

Ұлттық ойындарды дидактикалық, қимылдық, логикалық, үстел үсті, сюжеттік ойын түрлері арқылы өткізуге болады. Соның ішінде балабақшада баланың танымдық үрдісін, тілін дамытуда үстел үсті ойындарының маңызы зор. Үстел үсті ойындары – балалардың қимыл белсенділігін, ептіліктерін дамытады, өзара бірлесіп ойнау қабілеттерін жетілдіріп, ұйымшылдыққа тәрбиелейді.

Жалпы *үстел үсті ойындары* – мектеп жасына дейінгі балалар үшін өте қызықты. Бұл ойын кезінде балаларды жұптық, топтық, ұжымдық жұмыстарға тарту арқылы олардың қарым-қатынасын нығайта түсеміз. Себебі кішкентай балалар өмірінің алғашқы күндерінен бастап–ақ олар әрдайым біреумен немесе бір жерде өзара әрекеттестікте болғанды ұнатады. Үстел үсті ойындары түрі бойынша олар әр түрлі болып келеді. Оларды қолдануда шешілетін тапсырмалар да сан қилылығымен балаларды қызықтырады. Баланың қол моторикасын дамытып қана қоймай, ақыл-ой қабілетін, логикалық ойлау қабілетін ұшқырлауға септігін тигізеді. Сөздік қарым-қатынасы өрбиді. Достық, ұжымшылдыққа тәрбиеленеді.

Ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді насихаттау мақсатында, қазіргі ұрпақтың сындарлы ойлауға, креативтілікпен командада жұмыстануға қызығатынын ескере отырып қазақ халқының ұлттық ойындарын заманауи үлгіде үстел үсті ойындары ретінде пайдалануға болады. Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық нақыштағы үстел үсті ойындарын қолдануда балалардың жас ерекшелігі мен олардың қызығушылығы, мүмкіндіктерін ескере отырып дайындап, балаларға үйретеміз. Әр ойын кезінде балалардың қабілеттері мен қарқынын ескере отырып жұптастырып, 4-5 баладан топтарға бөліп немесе жеке балаларға дайындалған ойындар өткіземіз. Бұл ойын түрлері тәрбиешінің нұсқауымен түсіндіріліп, балаларға қолдау көрсетіле отырып ойналады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы эномәдени білім берудің өзектілігі тәрбиеленушілерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт-дәстүрлерін аялай білуге, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады. Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып елін, жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт-дәстүрін, ана тілін қастерлеу, үлкенге құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын

тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу – біздің қолымызда.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмабекова Ф,Н. Мектепке дейінгі педагогика. Астана, 2012.
2. Мұқанова Б, Ильясова Р. Этнопедагогика. Астана, 2008.
3. «Қазақ ұлттық ойындары – тәрбие көзі» әдістемелік нұсқаулық: Астана, 2011
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық. Астана, 2022

### ӘОЖ 902.03

## ЖЕТІСУ ЖӘНЕ ҚАРАТАУ ПЕТРОГЛИФТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

**У.Қ. Жанғалиев**

Alikhan Bokeikhan University. ББМ. Тарих және география кафедрасының аға оқытушысы, магистр. Абай обл, Семей қаласы.

*Түйіндеме:*

*Қазақстанның археологиялық ескерткіштерінің зерттелуі Сібір ескерткіштерін зерттелуінен өзгеше болды. Осы Отырар - Қаратау, Беғазы-Дәндібай, Андронов мәдениетінің қалдықтарынан, қазақтың дәстүрлі өнерінен, тасқа салынған суреттерден бізге дейінгі жеткен жазба деректерден халқымыздың жасампаздығымен шығармашылығын аңғаруға болады. Қаратау жартастарында тасқа салынған суреттерден бір мезгілде салынған композицияның бір бөлігіндегі суреттері қара түсті болса, ал екінші бөліктерінде суреттер қоңыр керек және ашық қоңыр түсті болып келеді.*

*Кілт сөздер: Петроглив, Ескерткіш, Тамғалы, Саймалыташ, зерттеу, тастағы суреттер.*

Қолына қалам алып, үмітпен жоқ қуған зерттеушілерге, әсіресе медениет, өнер тарихи мәселелерінің айдан анық, қалтарыс-бұлтарысы жоқ даңғыл, ұзын ырғағы жатық сілтемелерге толы бола бермейтіндігінен болар, соңғы кезге дейін қазақтар тек көшіп қонып жүріп күнелткен деп заттық және рухани мұрасына аса мән берілмеген.

Тіпті үш мың жылдан астам тарихы бар халықтың және оның өткендегі ата-бабалары бүкіл дүниежүзілік өркениетке қосқан үлесі жайында сөз қозғаудың өзі орынсыз болып көрінетін.

Осы Отырар - Қаратау, Беғазы-Дәндібай, Андронов мәдениетінің қалдықтарынан, қазақтың дәстүрлі өнерінен, тасқа салынған суреттерден бізге дейінгі жеткен жазба деректерден халқымыздың жасампаздығымен шығармашылығын аңғаруға болады.

Біз тоқталғалы отырған тасқа қашалған суреттер -(петроглифтер) көне дүние куәлары. Археологияда «көне дүние куәлары» деп ерте заманнан қалған заттық белгілерді айтса, жазба ескерткіштер рухани мәдениет мұралары болып табылады. Соның ішінде Қазақстан территориясында кең таралғаны тасқа салынған суреттер - петроглифтер, көркем орындалуымен, әдемі нақышымен және салынған суреттердің жан-жақтылығымен зерттеушілерді қызықтырады.

Петро - «петро» - латынша тас, «глиф» - грекше жазу деген ұғымды білдіреді. Толық мағынасы - тастағы жазу. Тастағы жазулар тарихи-археологиялық ескерткіштердің бірі. Өйткені жартас суреттері бір жағынан адамзат ұрпақтарының рухани өмірін көрсететін өзінше бір өнер туындысы, һәм ашық аспан астындағы галерея болса, ал екінші жағынан өткен

дәуірлер мен қоғамдар тарихы үшін бірден-бір дерек көзі болып табылады. Яғни бабаларымыздың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығы мен кәсібіне, діни наным-сенімдері мен әдет ғұрыптарына, дүниетанымына, қоршаған ортасына және тағы басқа әрекеттеріне байланысты хабарды осы тасқа салынған суреттер арқылы ала аламыз. Бұл суреттер жеке бейнелерден бастап күрделі композицияға дейінгі туындыларды қамтиды.

Қазақстандағы тасқа салынған суреттер туралы алғашқы ғылыми мәліметтерді ХҮІІІ ғасырда өмір кешкен ірі ғұламалар Д. Мессершмидт, Ф. Стралемберг, И. Гмелин, Г. Миллердің зерттеулерінен табамыз [1,55].

Тас бетіндегі суреттерді ыждағатпен зерттей бастағандардың бірі көне дүниелерді жинаушы, ориенталист Н. Н. Пантусов болатын, [2,65]. ол 1879 жылы Талдықорған облысының территориясынан табылған тас суреттері туралы мақала жазды. Біршама уақыттан соң Қызылағаш, Қапал ауылдарына жақын маңнан тасқа қашап салынған суреттердің жаңа тобын ашты [3,59].

Қазақстандағы петроглифтердің зерттелуінің басталуын ХІХ-ғ. алғашқы жартысында Г.И.Спасский жүргізген зерттеулермен байланыстырады. Ол бірнеше зерттеу бағыттарында жұмыс жүргізді. Оның Шығыс Қазақстандағы тастағы таңбалар туралы материалдары «Азиатский вестник» және «Сибирский вестник» журналдарында жарияланды. Ол ертістің жоғарғы жағында зерттеулерді жалғастыра отырып, Смолянка өзенінің Ертіске құяр жағына жақын сол жақ жағалауында, сонымен қатар Зырян руднигінен 7 шақырым және Гусиный пристанынан 4 шақырым батысқа қарай суреттерді тауып зерттеген. Ол «на берегу Бухтармы, подле самого крепостного вала находится вещь, достопамятная и любопытная для всякого путешественника. Это два следа человеческие, один длиною в 5, другой в 2,5 вершка, и несколько копыт обыкновенной величины, тиснутые на гранитном, имеющем в длину 4, а ширину 3 аршина» деп мәліметтер келтіреді.

Ходжакент жартастарының петроглифтері негізінен ешкі мен жылқы бейнелерінен тұрады. Х. А. Алпысбаев оларды сақтар тобына жатқызады, стилі жөнінен араван петроглифтері мен сақтардың қола қазандағы скульптуралық статуэткаларымен жақын [3,89].

Тасқа салынған суреттерде тарихи дамудың әр кезеңдегі адам баласының рухани өмірі жайлы бай мәлімет жинақталған және басқа деректерде айтыла бермейтін құнды мәліметтер бар.

Қазақстанның кең байтақ территориясы көне замандардан құнды мағлұматтар беретін жартас суреттерінің жиынтық орындарының көптігі жөнінен Еуразия кеңістігінде алдыңғы орындардың бірін алады. Осы уақытқа дейін Қазақстанда әр тарихи кезеңді қамтитын 200-ден астам жартас суреттерінің шоғырланған (Ақбауыр, Арпаөзен, Ешкіқлмес, Таңбалы, Жоғарға Ертіс бойы, Тарбығатай, Таскескен, Сағыр т.б.) орындары белгілі болып отыр [4,182].

Аталмыш өлке ескерткіштері жайлы деректер Орал, Еділ бойы, Қазақстан және Сібір халықтарының этнографиясын, географиясын және тарихын зерттеу үшін 1768-1774 жылдары ұйымдастырылған екінші Академиялық экспедиция мүшелері – П. С. Паллас, И. П. Фальк, И.Г. Георги, П. И. Рычков, Х. Барденастың жазбаларында, капитан И. Г. Андреев (1796) пен Н.И. Потаниннің (1830) сипаттауларында кездеседі. Алайда даладағы тұнып тұрған ескерткіштерді толық сипаттап жазу мен есепке алудың үзілді-кесілді және аз жүргізілуі олардың топографиясының толық көрінісін ашуға кедергі келтіруде.

Сібір археологиясының пайда бола бастауымен петроглифтерді зерттеу ісінің қолға алынуы орын алды. Сібір археологиясының тарихнамасында ХVІІІ-ғ. академиялық экспедициялар кезеңі деп қарастырады [5,89].

Қазақстанның археологиялық ескерткіштерінің зерттелуі Сібір ескерткіштерін зерттелуінен өзгеше болды. Бұл негізінен Қазақстанның Солтүстік және Шығыс бөліктерінің Ресейдің ықпалына кешірек түсуімен байланысты болды. Соған сәйкес Қазақстандағы археологиялық ескерткіштерді зерттеуге кейінірек қол жеткізді. Қазақстандағы археологиялық ескерткіштерді зерттеумен археолог-мамандар емес, негізінен басқа саладағы мамандар, мемлекеттік қызметкерлер айналысты.

Қазақстандағы петроглифтердің зерттелуінің басталуын ХІХ-ғ. алғашқы жартысында Г.И.Спасский жүргізген зерттеулермен байланыстырады. Ол бірнеше зерттеу бағыттарында жұмыс жүргізді. Оның Шығыс Қазақстандағы тастағы таңбалар туралы материалдары «Азиатский вестник» және «Сибирский вестник» журналдарында жарияланды. Ол ертістің жоғарғы жағында зерттеулерді жалғастыра отырып, Смолянка өзенінің Ертіске құяр жағына жақын сол жақ жағалауында, сонымен қатар Зырян руднигінен 7 шақырым және Гусиный пристанынан 4 шақырым батысқа қарай суреттерді тауып зерттеген. Ол «на берегу Бухтармы, подле самого крепостного вала находится вещь, достопамятная и любопытная для всякого путешественника. Это два следа человеческие, один длиною в 5, другой в 2,5 вершка, и несколько копыт обыкновенной величины, тиснутые на гранитном, имеющем в длину 4, а ширину 3 аршина» деп мәліметтер келтіреді [6,29].

Далалық өркениеттің негізін салушы тайпалардың рухани мәдениетіндегі кейбір мәселелерді және олардың мифологиясы мен діни түсініктерін танып-білуге құштарлық пен қызығушылық тудыратын жұмбақ бейнелер әлі де көптеп табылуға тиіс, ол болашақтың ісі.

Бірнеше жағдайда петроглифтері бар тастар оба үйіндісінен табылған. Осындай ешкі мен түйенің кескіндері бар үлкен домалақ тастың бірі Жетімшоқы обасының бірінші қорғанының үш метрлік үйіндісінен шыққан. Және бірге табылған көгілдір ақықпен каракүрең, көкшіл қызыл асыл тастан жасалған алқаға қарап суреттердің жасы б. з. б. І мың жылдықтың екінші жартысына жатқызған. Ешкінің суреті бар тағы да үш тас Қаракуыс обасының үшінші қорғанынан табылған, ол Қойбағар І комплексінің жанында орналасқан.

Қорғандардың біреуі б. э. басталар уақытына жатқызылса, қалған екеуі б. э. І мың жылдығына жатады. Жоғарыда аталған төрт жағдайда да суреттердің қағы жойылған немесе тастың шеттерінде кішкене ақ дақтар сақталған. Осы тастарға қашап салынған ешкі, түйе бейнелері қола мен ерте темір дәуіріне жататын арғы-бергі беті көрінетін (сквозной) суреттердің қатарына жатады [7,22].

Соған қарап тастың қағы қашан жойылатынын болжау да оңай емес. Бірақ та тастың бетіндегі қақтың толық немесе жартылай жойылуы аса көп уақытқа созылмайтын сияқты, себебі 1971 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институтының Археология Музейіне Қойбағар І комплексінен табылған арба мен ешкі бейнесі бар екі тас әкелінген. Төрт жыл қараңғы жерде тұрған тас бетінің қара жылтыр қағы қою қоңыр даққа айналған, индекс дәрежесі санақ бағаны бойынша ПТ-4-ке жеткен.

Үшінші шоқыда жатқан, жартылай бүлінген тастың бетінде антропоморфты бес кейіпкердің бейнелері салынған. Олардың Тамғалы және Саймалыташтағы бейнелерден айырмашылығы – күн тәрізді дискілерде күн сәулелері жоқ, дискілер ішінде жарты шеңберлер мен нүктелер бейнеленген жарты ай пішінінде салынған. Бұл кейіпкерлердің қолдары жоқ, бірақ аяқтары берілген. Тас біршама бүлінген, бетін ашық түсті су іздері басқанымен Құдайлардың фигуралары жақсы көрінеді. Басы диск тәрізді әрі қолдары қысқа келген мұндай фигуралар Құлжабасы шатқалында кездеседі [8,39].

Бұл сахна, әрине күнге табынушылықпен байланысты. Ол пұтқа табынушылық тарихынан мәлімет беретін дерек көзі ретінде қызықты. Тамғалыда, Саймалыташта, Қарақырда да тастың тегіс бетінде бастың орнында өзіндік нимбалары бар бір емес, бірнеше кейіпкерлер нақышталған, бұдан көне дүниетанымдағы полетеизм нышандарын көруге болады. осыған ұқсас сюжеттер Ферғана аңғары мен Жетісуда да белгілі, бірақ, күн басты кейіпкерлер Қаратауда алғаш рет табылып отыр. бұған дейін Қаратау петроглифтерінде культтік сюжеттер аз деп есептелінді. Бірақ, біртіндеп материал жинастырылып, жаңа сюжеттер пайда болуда және осы өңірдің жартастағы сурет өнері Қазақстан мен Орталық Азияның басқа да аудандарындағы бағытпен дамығандығы анықталып отыр.

Мұны Қошқаратаның басқа да сюжеттерінен көруге болады. осы шатқалдан табылған төрт доңғалақты күйма арба мен көзілдірік тәрізді таңба бейнеленген сахна да кем қызығушылық тудырмайды. Таңба күйме арбадан жоғары орналасқан. Бұл таңбаны мәні мен

мағынасы жайлы түрлі жорамалдар айтылды. Өлкетанушылар оны аң ұстайтын тұзақ десе, археологтар оны күн рәміздерімен байланыстырады. Е.Г. Дәулет бұларды Күн мен Айдың бейнелері деп есептейді. таңба екі сақинадан тұрады. келтіріліп отырған сюжетте көзілдірік тәрізді таңба да екі сақинадан тұратындығы көрініп тұр және де оның біреуі күйме арбаның доңғалағы ретінде бейнеленген. Доңғалақтың күн культімен байланысы бұл сюжеттен де байқалады. Әдебиет пен мифологиядан доңғалақтың күн нышаны екенін білеміз. Бұл сюжет осы байланыс туралы әлдеқайда сенімді айтуға мүмкіндік береді.

Қойбағар суреттері секілді бұл таңба Қошқарата тастарында да бірнеше мәрте кездеседі. Ескерткіштерде ат немесе түйе жегілген күйме арбаның суреттері табылды. Суреттердің барлығында мойынтұрық, жылқы анық көрінсе, кейбірде арбакеш бейнеі де көрініп тұрады. тастардың біреуінде арба ешкілер мен адам жанында бейнеленсе, екіншісінде екі доңғалақты күйме арбаға түйе жегіп жатқан екі адам бейнеленген. Мұндай қызық әрі әсерлі сахна петроглифтердің ішінде сирек кездеседі. Осыған ұқсас бейне 1972 жылы Қойбағар шатқалынан табылды. Соңғы жылдарға дейін бұл бейненің аналогтары жоқ деп есептелінген еді.

Жетісудың тостаған пішінді ойықтары алғашқыда үлкен тастар мен қойтастардың тегіс беттерінен табылды. Ежелгі адамдардың көңілін, сірә, тастардың табиғатынан ерекше жаратылуы тартқан. Мұндай тастар өзен аңғарларындағы биік жайлаулар, қыстаулар мен таудағы биік жайылымдар маңындағы ежелгі мореналарда жиірек орналасқан. Бұдан келе олардың уақыты көшпелі шалуашылық қалыптасқан дәуіріне телуге болады.

Қаратау жартастарында тасқа салынған суреттерден бір мезгілде салынған композицияның бір бөлігіндегі суреттері қара түсті болса, екінші бөлігіндегі суреттері қоңыр керек десең ашық қоңыр түсті (Қойбағар I, 69-тас) болып келеді. Жартастың беті тегіс болмаған жағдайда қақтың түсі дәрежесі де бірдей болмайды. Сондай-ақ Саймалы-таш, Ақсу-Жабағылы аудандарында таудың төбесін көп уақыт қар басып күн сәулесі аз түссе де қақтарының түсі қара болып келеді, қақ түсу дәрежесі жылдың мезгіліне емес күн сәулесінің түсуіне байланысты болады. Кейбір зерттеушілер тотығу дәрежесі бойынша даталауды ғылыми объективті тәсіл деп пікір айтады [9,52].

Бірақ келтірілген мысалдар қақ қабатына қарап даталаудың жеткіліксіздігін көрсетеді, әрі хронологияны күшті бұрмалауы да мүмкін. және бұл тәсілден бас тарту да дұрыс емес. Бұл тәсіл бір мезгілдік суреттерді даталағанда сенімді нәтиже береді. Әсіресе бір тақтада немесе бөлек тақта таста бірдей тегістікте орналасқан көріністерді даталағанда оң нәтиже береді.

Тас бетіне қашалған суреттердің хронологиясын жасағанда қызықты ғылыми тәсілдердің бірі - лихенометрия. Бұл деген суреттердің жасын қынаның өсу қарқынымен есептеу деген сөз. Көптеген петроглифтердің қабыршақ және қына қабатының жасы мындаған жылдармен саналады. Қынының кейбір түрлерінің өсуі өте баяу болса да хронологияны есептеуге болады. Бірақ та орташа тауларда бұл тәсіл мысалы, Қаратаудың тас суреттеріндегі қынаның жасын анықтауда нәтиже берген жоқ. Бұл тәсілді әлі де жетілдіре түсу күптарлық жай.

Петроглифтерді даталағанда суреттердің стилін және қашап түсіру тәсілдерін де есепке алған маңызды. Бұл жағдайда зерттеушілер А. Н. Бернштамның қорытындысын мақұлдаған. Шынында да әркездегі комплекстердің техникалық-стильдік ерекшеліктерін зерттегенде көне бейнелеу өнерінің бірте-бірте өше бастауы, реализмнен гөрі схемалық суреттерге көшкені байқалады.

Қазақстан мен Орта Азияның далалық бөлігіндегі петроглифтердің хронологиясын жасағанда осындай техникалық-стильдік ерекшеліктері басшылыққа алынады. Қола дәуірінің тасқа қашалған суреттеріне екі үшбұрышты және тікбұрыштап бейнелеу стилі, суреттердің силуетпен берілуі, кіші нүктемен ою тәсілі тән. Ерте темір дәуірінің тастағы суреттерінде контурлы, нәзік қашау тәсілі кең тараған. Ал келесі дәуірлерде түсірілген суреттерде скелет стилі алға шығады, басқаша айтқанда адамдар мен аңдардың бейнелері дөрекі сызықпен ойылған.

Схемалы суреттердің сенімсіздік тудыратын жақтары да бар. Хронологиялық есептеу кезінде қашау әдістері де талас тудырады. Скелет стилінің енуінен схемалы суреттер бұзылады. Қаратауда көне деп саналатын қола және ерте темір дәуіріне жататын суреттермен бірге схемалы суреттер қатар салынған.

Тас бетіне сурет қашау әдісі де дау туғызады. Қолда бар материалдар бойынша аңның кескінің кіші нүктемен ойып түсіру, бүге-шігесіне дейін шебер орындау тек қола дәуіріне ғана тән емес. Анық силуэтті нақышпен түсірілген бейнелер ерте темір дәуірі мен кейінгі кезеңде де аз кездеспейді. Өз кезегінде Қаратаудың төменгі бөлігіндегі тастағы кескіндерде арбаның, бұқатурдың бейнелері ірі нүктемен көп түсірілген. Осылардың бәрі бір мезгілдік композицияларда кездеседі.

Қаратаудың жартас суреттерін зерттеу барысында даталаудың тиімді тәсілі анықталады: сюжеттердің стилі мен анализі, салынған суреттердің жіктелуін зерттеу, археологиялық даталанған ескерткіштердің суреттерін пайдалану, тас бетіндегі ұқсас суреттерді сақтардың қолданбалы өнер үлгілерімен салыстыру. Тас суреттерінің жасын анықтауда мынадай көмекші факторларға көңіл бөлінеді, суреттердің тотығу дәрежесі мен тастың түсіне және қашалу әдісіне.

Қойбағар комплексінің үш тобында, Арпаөзеннің сегіз тобында жалпы 6180 көрініс пен жеке суреттер белгіленген және де Қошқар-ата мен Габаевканың тас суреттерін қосқанда 7110 сурет шығады. Петроглифтердің біразын немесе көпшілігін даталауға ұмтылу қайшылықты. Қандай да болмасын ірі комплексті суреттерде түрлі кезеңдегі адамдардың көзқарасын білдіретін екі беті де бірдей көрінетін сюжеттер саны өте көп. Оларға жабайы тауешкінің, таутекенің мыңдаған жылдар бойы бірдей әдіспен қашалған суреттері жатады. Сондай-ақ түрлі кезеңдегі суреттерде ешкі мен архар аулаған аңшылардың суреттері де баршылық. Б. э. ХҮІ ғ. бастап қана көне бақташылардың сүйікті сюжеттерінен шекара байқалады, ол дәстүрлі садақшы бейнелерінің мылтықты аңшыларға ауысуында. Түйе туралы да осыны айтуға болады, әр кезеңдегі суреттерде түйенің айбындылығы көрінеді. Сондықтан хронологияны көрсеткенде өзімізге таныс образдар мен сюжеттерге көңіл бөлу, солардан хабар алу, археологиялық ұқсас материалдармен салыстыру, еліміздің басқа аудандарының петроглифтерінің сенімді даталарынан бағдар алу.

Қаратау петроглифтерінде арбадан кейінгі канон тур-бұқаның бейнесі. Еңкейген бұқаның мүйізі алға қайқып, бүкір жауырыны анық көрінеді. Қойбағар шатқалында турдың 25 бейнесі, Арпаөзенде 24 бейнесі салынған. Бұқаның бейнесі Қазақстанның тас суреттерінде қашан пайда болғаны белгісіз. Бізге анығы турлар бизон, мамонттармен бірге жоғары палеолит кезеңінен өмір сүрген. Ал археологиялық қазба жұмыстарына келсек турдың сүйектері неолит, қола дәуірінде кездеседі. Тур сүйегі Қазақстаннан Қараүңгір, Зеленая балка, Шағалалы т. б. мекендерден белгілі. Орта Азияда турдың ізі Анаудың энеолит қабатынан табылса, Қауыншыда ол үй малының сүйегіне ауысады. Еуразияда турдың толық жойылуы қола дәуірінің соңғы кезеңінде болған, бірақ қорықтарда сақталған. Алғашқы бұқа-турдың бейнесі Қазақстан тас суреттерінде б. з. б. II мың жылдықтан бұрын пайда болған. Осы жерде арбалар мен бұқаның дәуірі сәйкес келмейді. А.Г.Медоевтің Балхаш бойынан тапқан жабайы бұқасының суреті ерте қола кезеңінен үлкен [10,89].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Агапов П., Кадырбаев М. К. Сокровища древнего Казахстана. А. Жалын, 1979. -289с.
2. Пантусов Н.Н. Заметки о древностях Семиреченской области // Известия ИАК. СПб., - 1904. Вып. 12, С. 65 - 75.
3. Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Наскальные изображения Семиречья -Алматы, 1998.- 264 с.
4. Алпысбаев Х.А. Новые наскальные изображения Бостандыкского района // Труды ИИАЭ АН КазССР. Т. 1. 1956. С. 182 - 188.

5. Марьяшев А.Н. Наскальные изображения хребта Каратау. Алма-Ата, 1974. 289 с.
6. Археологические памятники в Семиречье и Кульджинском крае. // Туркестанские ведомости. 1879. № 43. С-29-39.
7. Адрианов А. В. К археологии Западного Алтая // ИАК. 1916. Вып. 62. С - 22-35.
8. Максимова А.Г., Ермолаева А.С. Марьяшев А.Н. Наскальные изображения урочища Тамгалы. Альбом. Алма-Ата: «Онер», - 1985. - 144 с.
9. Кадырбаев М. К., Марьяшев А. Н. Наскальные изображения хребта Каратау, А., Наука, 1977.-165с.
10. Медоев А.Г. Гравюры на камне в горах Тюлькули (Северо-Восточное Прибалхашье) // Вестник АН КазССР. № 7. -1963. С. 89 -93.

## **ӘОЖ 82-91**

### **ЭПОСТАРДАҒЫ ТҮС КӨРУ МОТИВІНІҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ СИПАТЫ**

**Д.М. Какимова**

педагогика ғылымдарының магистрі

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

**Ә. Нуржанова**

Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның 2 курс магистранты

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

*Түйіндеме.* Түс көру ежелден адамзаттың эстетикалық түсінігіне енеді. Керек десеңіз, діни интерпретацияда (пайғамбарлар түстері), діни кітаптардағы сюжеттердің маңызы (буддистердің, мұсылмандардың, христиандардың киелі кітаптары) осы түс көру арқылы ашылады. Түс – көркем шығармада шартты нәрсе. Алайда ол шарттылық кейіпкердің характерлік және шығарманың жалпы мазмұн мәнінің логикасына, сюжеттік стерженіне қайшы келмейді.

*Тірек сөздер.* Эпос, древний эпос, фольклорист, персонаж

Қазақ фольклорындағы көне эпос – бағзы заманда пайда болып, күні бүгінге дейін көркемдік ерекшелігін жоғалтпаған эпикалық шығармашылықтың ежелгі түрі. Белгілі фольклортанушы Ә. Қоңыратбаев

«Эпос және оның айтушылары» деген зерттеуінде: «эпос басында ертегі, аңыз, шежіре түрінде айтылып бірте-бірте ертегілік сарыннан айығып, тарихи-реалдық жырларға айналған» [30,12], – деп топшылайды. Ойлап қарасақ, көне эпостарда ертегілік сарын (мифтік кейіпкерлер, циклоп, жалмауыз, мыстан, жеті қат пен жеті көктегі патшалықтар) бара-бара ада болып, эпостық ерекшелік пен шынайылық басымдылыққа ие болатын сияқты. Көне эпостарға – «Қисса Дотан Құбақанбайұлы», «Қисса Құламерген» және ежелгі дәуір әдебиетіне жататын «Қорқыт ата кітабы», «Көрұғлы», «Құбығұл», «Мұңлық- Зарлық» т.б. жатқызамыз.

Белгілі фольклортанушы ғалым Р.Бердібай «Эпос мұраты» еңбегінде көне эпостардың өзіне тән табиғаты мен болмысын ашатын белгілілерінатап өтеді:

1. «Мұндай шығармаларда қиял-ғажайыптық оқиға күрделі орын алады; адам баласына қаскөй күштер: жезтырнақ, дию, албасты, аждаһалармен күрес, оларды жеңіп барып, мұратқа жету көрсетіледі.

2. Көне эпоста дүниенің жаралуы туралы мифтік ұғымдар көрініс тапқан. Оқиғалардың, байланыстардың үш қат әлемде: аспан, жер, жер астында өтетіні осының айғағы. Өке мен баланың ұзақ уақытқа айрылысып, жат болып барып табысуы да қас күштер әрекетіне қатысты.

3. Анар екі (матриархат) дәуірінің ыдырап, атаеркі (патриархат) кезеңінің салты орныға



бастаған шақтың сипаттарын танытатын оқиғалар кездесуі эпостың көнелігіне дәлелдің бірі. Бұл мәселелер кейде төтелей көрінбегенмен, осы процестің салдары аңғарылып отырады.

4. Қазақтың көне эпосында ертедегі аңшылық өмірдің суреттері неғұрлым кеңірек сақталған. Өз еңбегімен күн көріп жүрген аңшы, мергендердің зұлым күштерге күтпеген жерде кездесіп, айқасқа түсуі, көп қиындықты бастан өткізіп барып, мұратына жетуі бұл шығармалардың қалыптасқан негізгі желісі.

5. Адамдардың сиқырлы күштерге сенуі (анимизм, тотемизм, т.б.) жан- жануарлар, өсімдік дүниесінің жан, иесі бар деп есептелінушілігі эпикалық шығармаларда із қалдырған. Адамнан «ақылды» жүйрік аттар, жас баланы асырайтын киіктер «қамқорығы» осыны көрсетеді.

6. Баласыздық тақсиреті, әулиелер аралап, мінәжат етіп жүріп перзентті болушылық, түс көру, аян беру, болашақ қаһарманның ғажайып тууы секілділер түбірі де адамның табиғат күштеріне тәуелді кездерінің айқын өрнектері.

7. Қаһармандардың жедел есеюі, жүйрік ат таңдап мініп, қауіпті алыс сапарға аттануы, жол-жөнекей алуан түрлі жартқыш,, сиқыр, қас күштермен кездесуі, батырлық үйленуі эпоста кең таралған құбылыс.

8. Бірін-бірі көрмеген әке мен баланың алғашқыда айқасып қалып, табысатыны да көне сарын» [31,38].

Бұл көрсетілген сипаттар қазақтың көне эпосында бірде көп, бірде аз кездескенімен, жеткілікті дәрежеде маңыздылыққа ие. Тіпті, оқырманына тартымды жеткізуде, көне эпостық шығарманың көркемдік қуатын арттыруда, сюжетті байланысын нығайтуда адам баласына қас жауыз кейіпкерлер, перзент тілеу ниетте көрінетін түс көру, бір-бірін көрмеген әкесі мен баласының алғашқыда айқасып, кейіннен табысатыны көне эпостың болмыс-бітімін ары қарай аша түстетін таптырмас дүниелер.

Сәйкесінше, ел қорғау, айдаудағы батырды аман сақтап қалу жолындаяки бір перзентке зар болу мақсаттарда кейіпкер көретін «түс көру» сарынын архаикалық туындылардың ішінен – «Қорқыт ата кітабы», «Көрұғлы», «Құбығұл» эпостарынан кездестіре аламыз. Әуелі «Қорқыт ата кітабына» тоқталсақ. «Қорқыт ата кітабы» - түркі тілдес халықтардың ежелгі тарихын, байырғы тұрмысын, әдеп-ғұрпын, салт-санасын, ақындық дәстүрін танытатын эпикалық, әрі тарихи мұра» [32,124] – деп түрколог-ғалым Н.Келімбетов атап көрсеткендей «Қорқыт ата кітабы» батырлық пен ерліктің, адамгершілік пен елсүйгіштіктің айқын айғағы.

Қорқыт туралы ұзақ жыл зерттеулер жүргізген Ә.Марғұлан төмендегідей пікір айтады: «Қорқыт тарихи дәуірлерде Сырдария өлкесіне қоныс еткен оғыз-қыпшақ тайпаларының арасынан шыққан (Қорқыттың анасы – қыпшақ қызы, әкесі Қарақожа– оғыз жұртынан [32,125]) данышпан қария, ақылшы батағөй, асқан ақын (ұзан), болашақты болжай білген сәуегей кісі болған. Ол кісі туралы айтылатын қария сөз Азиядағы түркі тілдес елдердіңкөбінде бар. Бірақ қазақ халқы ескі оғыз-қыпшақ тайпаларының тарихи қонысына мирас болған, олардың түбегейлі ұрпағы болғандықтан, Қорқыт туралы айтылатын тарихи жырлар, аңыз-легендалар, ән-күйлер қазақ пен түркімендерде көбірек жолығады» [33,135]. Тарихи деректерге сүйенсек, Қорқыт ҮІІІ ғасырда сыр бойында өмір сүрген қыл қобызынан күй шерткенкүйші, жауға қол бастаған батыр, атақты ақын болған деседі. Себебі, халық арасында «Қорқыт ата күйі», «Қорқыт сарыны» сынды тіркестер қалған.

Ал, жырдың өзіне келетін болсақ, аталмыш көркем туындыда – Оғыз елінің батырлыққа, құрметке, отансүйгіштікке негізделген оқиғалары, атап айтсақ, Оғыз жұртының ханы – Қам-Ғанұлы (Қамбар) Баяндүр ханның батырлары: Бұқашжан, Қазан-Салор, Бәмсі-Байрақ, Ораз бек, ержүрек Домрул, Қан-Төрелі, Иекенк, Бисат, Әмран, Секрек ерлігі және Қорқыт атаның жыр соңындағы ұлағат толы сөздерінен тұрады. Ежелгі дәуір әдебиетінде қарастырылатын «Қорқыт ата кітабында» Р.Бердібаев атап өткен көне эпостарға тән белгілерде табылады. Мәселен, «Төбекөз дәуді өлтірген Бисат туралы жыры». Бұл жердегі «төбекөз» дегеніміз – мифтік кейіпкер жалғыз көзді циклоп, сондай-ақ бір- бірін көрмеген әке мен перзентінің алғашқыда дұшпан болып шайқасуы, кейінірек бір-бірін танып, қауышуы

«Оғыз Қазылық баласы Иекенк туралы жырда» көрініс табады. Әлем жұртының басым

бөлігіне 12 дастандық жыр нұсқасы белгілі және ғалымдардың көпшілігі де осы қолжазба нұсқадағы дастандарға талдау жасаған. Менде өз зерттеуімде осы Алмания жерінде сақталған 12 дастаннан тұратын қолжазбаға негіздедім. Ендігі кезекте, әр кезеңде өз алдына жеке – жеке дастандар күйінде дүниеге келген 12 жырға бір көз жүгіртсек:

«Қорқыт ата кітабындағы» «түс көру» мотиві – шығарма кейіпкерлері қиын – қыстау жағдайға түскенде, ел басына күн туғанда жол нұсқаушы, жолтабушы, құтқарушы.

Мәселен, «Қорқыт ата кітабындағы» «Қазан-Салордың ауылын жау шапқаны туралы жырында» - Ұлашұлы Төрекұстың баласы, кем-кетіктің панасы, тайпалар мен рулардың арыстаны, қара халықтың жолбарысы, қоңыраттың иесі, Ораз ханның әкесі, Баяндүр ханның күйеубаласы, барлық оғыз елінің бақыты, оғыз батырларының ағасы Қазан-Салор аңшылыққа кеткенде, ауылын гәуірлер (кәпір) келіп, алтын жалатылған шатырларын қиратып, аққуқұстай сұлу қыздарын зарлатып, үйір-үйір жылқыларын олжа қылып, шауып кетеді. «Гәуірлер қамал ішіндегі оң мың жылқы айдап кетпек болғанда, түнде Қара Қойшы жаман түс көреді. Ұйқысынан шошып оянып, екі інісі Қабан Қойшы мен Темір Қойшыны (Темір Қойшыны) шақырып алып, қой қораның қақпасын жаптырды» [34,38]. Бұл шығарма жолдарынан нені байқауымызға болады? «Түс көру» мотивінің сюжетке тигізген динамикалық әсерін, өзгертуін, қамал қақпасының Қара Қойшы түсінің арқасында жабылуын, сондай-ақ кейіпкер ой-санасында жаңа қырлардың бүр жаруын. Нәтижесінде Қара Қойшының мыңғырған малды ғана аман алып қалуын ғана емес, жауды қырып, жоюын байқауымызға болады: «...қой қораның қақпасын жаптырды. Үш жерге тау қылып тас үйіп, қолдарына тас ататын алабажақ сапты нар сақпандарын алды. Сол кезде Қара Қойшы тұрған қамалды алты жүз гәуір қоршап алды. ...Гәуірлер аттарына қамшы басып, садақ тарта бастады. Жауды шөптей жапыратып Қара Қойшы сақпанға тас салып, қанды аузынан жауға атты. Атқан бір тасы екі немесе үш адамды бірдей өлтірді, екіншісін атқанда үш немесе төрт адамды өлтірді. Гәуірлердің зәресі ұшты. Сөйтіп ол тас атқышнар сақпанмен үш жүз адамды қырды. ...қамалды ала алмасын білген соң, гәуірлер қашты» [34,38].

Шығармаға назар салсақ, нар сақпанмен жауының тең жартысын, 300 гәуірді (кәпір) қырып салу – үлкен ерліктің белгісі екенін аңғаруымыз қиын емес. Оғыз елінің, өз жұртының мүддесін өзіндік мүддеден жоғары қою – нағыз жауынгердің ісі. Сондай-ақ ескеретін тағы бір жайт, түс көру сарынының кейіпкер психикасына, ой-санасына әсер ету арқылы оның адами қырларының ашуылуы. Бұл «түс көру» мотивінің психологиялық қызметі. Тек батырлықтың болмысы бөлектелінбей, түркі халықтарының бойынан табылатын тектілік пен жүректіліктің, адалдықтың байқалуы: «Сонда гәуірдердің бірі тұрып: «О, Қойшым, түн баласы ұйқы көрмейсің, қар жаусын, жаңбыр жаусын, сенде тыным жоқ. Сүт пен ірімшігің қанша, Қойшым? Сенің Қазан батырыңның алтын шатырларын біз қираттық. Оның үйірдегі жылқыларын, келедегі қызыл бұйра нарларын қуып алдық. Кәрі анасын, бай қазынасын олжаладық. Оның алтын-күмісін алдық, аққу құстай сыланған қыз-қырқын, қалыңдықтарын тұтқын еттік, оның үстіне Қазанның баласын қырық жігітмен, әйелін қырық нөкерімен басып алдық. Ендігі сөз өзінде қалып тұр, тыңда. Біздің қолымызға түскің келмесе алыста тұрмай, жақындап келіп қолыңды қусыр, басыңды біздерге иіп, гәуірлерге қызмет көрсет. Солай етең, біз сені өлтірмейміз, өзінді Шөкли патшамызға апарып, еліңе бек қоямыз», – дейді. Сонда Қойшы тұрып: «Ит гәуір, маған бос сөзді айтпа, сендер менің ит аяқтан жуынды ішкен итіммен бірдейсіңдер, ала атқа міндім деп күние берме. Шашыма ақ кірсе де, сендерден мен қорқа алмаймын, әлдерәі маған келмейді, темір қалпақ идім деп мақтана берме, дулығың менің бөркімнен төмен. Қолымда алпыс тұтам найзам бар деп мақтанба, нас гәуір, найзаң менің қызыл келтегімнен төмен. Қолымда қылышым бар деп мақтанба, гәуір, қылышың менің қайқы бас таяғымнан төмен. Қорамсамда тоқсан жебембар деп мақтанба, ол менің тас ататын сақпан құралымнан төмен. Алыс-жақын келіп соқысу өзіңнің еркінде, біздің жігіттермен соғысқың келсе, тиіп көр» [34,38], – деп жауап қайтаруы кезінде Жоңғар еліне атқосшы болып аттанып, Қалдан-Серенге екі иығынан төніп тұрған аю іспеттес көрінген, жауда кеткен күн мен құлды аман-есен елге оралтқан Қаз дауысты Қазыбек бидің:

«Біз – қазақ мал баққан елміз,

Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз...

Танымайтын жат елге – танысқалы келгенмін, Танысуға көңбесең – шабысқалы келгенмін.

Бітім берсең – жөніңді айт,

Бермесең тұрысатын жеріңді айт» деген аталы сөзіне ойлас, мағыналас келеді. Туған жер мен ел алдындағы «перзенттік борыш» түсінігін ары қарай аша бастайды.

Қазіргі таңда шығыс мәдениетінде, әсіресе, буддизм мен индуизмдегі өркениеттерде «ойды ғарышқа жіберу» («мысли в слух», «отправить мысли в космос») ұғымдарын көптеп кездестіреміз. Ең қызығы, дәл осы шығыстық мәдениеттің бір тармағын «Қорқыт ата кітабынан» да кездестіруге болады. Гәуірлердің мүрдесін тау қылып үйіп, өртегеннен кейін, Қара Қойшы таудан асатын биік жолдың үстіне келіп, қамығып жылап отырады. Ауызына түскені: «Салор-Қазан! Ауылыңның ойран болғаны сенің құлағыңа не қылып жетпей жатыр» [34,39], – деген сөздер болатын. Дәл осы сөздер қара түнек түн ортасында бүкіл оғыз елінің бақыты, Баяндүр ханның күйеубаласы Қазан- Салордың түс көріп, ұйқысынан шошып оянуына мистикалық тұрғыдан әсер берген секілді. Өйткені, сөз – ойдың жемісі, ал ой әлем ғалымдары тұжырымдағандай орасан күшке ие. Оның дәлелі ретінде, Қазан-Салордың түсі.

Ұлашұлы Қазан -Салор ұйықтап жатып жаман түс көреді. Ұйқысынан шошып оянып, көрген түсін айта жөнелді: «О, інешегім Қара Көне, хабарыңдаболсын, мен бүгін бір жаман түс көрдім. Қолыма ұстаған сұңқарымды біреу қолымнан алып кетті. Түсімде ала шатырларыма көкпен жай түсіп, өртеніп жатыр екен. Ордамның үстіне қар аралас жаңбыр жауып, тұман түсіпті. Менің ауылымды құтырған қасқырлар ойрандап жүр екен. Бір қара үлек келіп шабынып, менің өгізімді құлатты. Түсімде қарға түстес қара шашым тақатылыпты. Сол шаштарым көзімді басқан екен. Он саусағым білегіме дейін қанға батқан екен. Бұл түсті көргелі мен өз ойым мен сезімдерімді бір жерге жинай алмай отырмын. О, хан інім, менің осы түсімді жорып бер» – деді. Қара Көне оның түсін жорып: «Қара бұлт деген сенің әруағың, жаңбыр мен қар – әскерің. Тарқатылған шашың – уайымың. Қара қан – жамандықтың белгісі. Өзгесін Тәңірінің өзі білмесе мен жори алмадым» [34,38], – депті. Түс көру мотиві кездесетін кез-келген көркем туындыда «түс жору» ұғымы қатар жүреді. Әдебиет қазандығында біте қайнасып жатқандықтан, әдебиетімізде түс жоритын кейіпкерлер көптеп кездеседі. Қазақ прозасында, фолклорында «түс жорушы» кейіпкерлер – бақсы, балгер, әулие-әмбилер, әулет үлкендері болса, «Оғыз қаған» (ХҮ) жырында – Түсімел (Түсімел – түсінде көретін, түс жоритын), «Батырлар жырында» - кемпірлер, Қызыр әулие, Пірлер, әулие бабалар т.б. болып саналады. Бәрімізге мәлім, түс жорушы адамдар көбінесе көпті көрген қариялар болып келеді. Ал, «Қазан-Салордың ауылын жау шапқаны туралы жырында» жорушы-кейіпкер ролін Қазан-Салордың серігі Қара Көне атқарған.

Қазан Салордың көрген түсі мен гәуірлер шапқыншылығын және Қара Қойшыға тіл қатқан гәуір сөзін салыстыра қарастырсақ, көптеген ұқсастықты байқарымыз анық. Мысалы, «қолыма ұстаған сұңқарымды біреу қолымнан алып кетті» дегені «тұтқынға түскен кәрі анасы, қырық нөкерімен әйелі, қырық жігітімен баласы» болса, «менің ауылымды құтырған қасқырлар ойрандап жүр екен» дегені «ауылын құтырған қасқырдай шапқан гәуірлерді» меңзегені. Ал, «түсімде ала шатырларыма көкпен жай түсіп, өртеніп жатыр екен» – Қара Қойшыға айтқан гәуір сөзімен: «Сенің Қазан батырыңның алтыншатырарын біз қираттық» сәйкес келеді.

«Түс көру» мотивін кездестіруге болатын тағы бір жыр «Қорқыт ата кітабындағы» «Оғыз Қазылық Иекенк туралы жыры». Жырда жауда қалған әкесі Қазылық құтқару кезінде Иекенк бір түні түс көреді. Түсін жанындағы жолдастарына айтып, бұ дейді: «Түсімде бүкіл дүние көз алдыма келген екен. Елдің барлық батырлары ақбоз бұрыл аттарына мініп шабуылдап жүр екен, бастарына күндей жарқыраған дулығаларын киіпті, бәрі қаз-қатар тұрып, ақсақалды атамыз Қорқыттан бата алып тұр екен. Ол Қаратаудың басына шығып, қайық істеді. Үстіндегі көйлегін шешіп алып, оны қайығына желкен етті. Сол беттен біздің алдымыздағы теңізге түсіп, арғы жағына өтіп кетті. Теңіздің екіншісі жағасынан Қаратауда жүрген жүзі жарқын, басы биік бір батырды көрдім. Мен орнымнан тұрып, найзамды қолға алып, сол адамға жақындай беріп, оны найзамен шаншып құлаттым. Көзімнің қиығымен қарасам, ол Әмен екен деймін. Мен оны танып қалып, бұрылып сәлем бердім:

– «Оғыз тайпасының адамына ұқсайсың, кім боласың?» –деп сұрадым.  
Ол маған тігіле қарап:

– «Е, сен ұлым Иекенк екенсің ғой», –деді. Мені жасымда сол тәрбиелеген еді. Қайда бара жатқанымды сұрады. Мен оған:

– «Дизмерд қамалына барып, тұтқын болған әкемді алып қайтпақшымын»,–дедім.  
Сонда тәрбиешім:

–«Желдей ескен арғымағым мені қайда алып бармаған? Оған жету оңай ма? Менің батыр жігіттерім Жаңа Байырдың бөрісіне ұқсас еді. Садағымды жеті ұста істеп еді, оның оғы қайыңның шыбығынан істеліп, алтынмен күптелген еді. Алтын менің таңбаларым бар еді. Жел тұрып жаңбыр жауды, ыдыстар суға толды. Дизмерд қамалына мен жеті рет барып, ала алмай қайтқан едім, жігітім, менен артық батырды табу қиын, әуре болмай, қиын қайт» – деді. Иекенк өзін тәрбиелеген Әменге түсінде жауап беріп:

–«Сенің ертеме төсегіңнен тұрып, жау аттанғаның рас. Бірақ сені көзі қанды бек жігіттерден серік алмадың, сенің қасыңда даңқы жер жарған бектер болмады. Сенің серіктерің бес теңге күміске жалданып барған шал-шауқандар болған еді. Сол үшін сен жау қамалын ала алмадың», – дедім. Иекенк бұдан ары оған:

«Турап жеген ет жақсы, шөлдеп ішкен су жақсы, ашылмаған сыр жақсы. Адам басынан кешпей ақылды болмайды. Батыр адам өлімнен қорықпайды, жәутендеп қашпайды», –деп жауап берген. Иекенк осы түсін жолдастарына баяндап береді. Бұл кеде өзін тәрбиелеген Әмен де серіктерімен келіп жеткен еді. [34, 103-104].

Байқағанымыздай, шығарма кейіпкері алдағы болатын оқиғаны түс көру арқылы болжап, жеңіске жетеді. Сонымен қатар, кейіпкердің түс көрудегі басты себебі: ержеткеніне дейін естіп көрмеген әкесінің бар болуы, бар болмақ түгілі жау қолында 16 жыл тұтқында болуы. Бұның бәрі кейіпкер психикасы үлкен әсер берері хақ. Бұл туралы психолог-ғалымдар мынадай тұжырымдар жасайды: «ұйқы кезінде ми клеткалары түгелдей тежелуге ұшырамайды, оның кейбір бөліктері қозу жағдайында болып жатқан іс береді. Мидың бұндай бөліктерін «күзетші пункті» деген. Мұнда бұрын көрген, естіген, білген нәрселеріміздің бейнелері қайта тіріледі», – деп П.Павлов түскөруге қатысты көзқарасын ары қарай жалғап жатыр. Түс көрудің сюжеті – образды-символдық түрде көбіне түс көрушінің психологиялық мотивін, инстинкті тілегін, талабын, эмоциясын және сезінуін, бүкіл сана астарындағы алуан түрлі психологиялық комплексті құрайтын болса, Иекенктің түс көруі оның әкесін табуға деген ішкі қалауымен тығыз байланысты.

Иекенк түсінің көркем туынды желісіне әсері де баршылық. Иекенктің түсі оның әкесін құтқарып, жеңіске жетуіне өз ықпалын тигізді. Көмекке келген Әмен батырдың қолдау-қолпауыштауымен, күш-қайратының Оғыз Қазылық баласы Иекенкке үлкен жәрдем екені анық. Көркем шығармадағы «түс көру» сарынының толыққанды ашылуына диалог, ішкі монолог, ойлау, қиялдау, ой-түйсік, елестету сынды көркемдік құралдар өзіндік роль атқарады. «Оғыз Қазылық баласы Иекенк туралы жыр» да Иекенк түсінің оқырманға жарқын болмыста көрінуі үшін Иекенк пен Әмен арасындағы диалогтың атқаратын ролі зор. Екеуара диалог арқылы түс боямасы жарқырай түскендей. Диалог түркілік дәстүрге тән «амандасу» дәстүрінен бастау алады. Ары қарай Иекенктің бүгіні мен Әменнің өткені арасында көпір ретінде жалғасын табады. Ашып жазсақ,

–«Дизмерд қамалына барып, тұтқын болған әкемді алып қайтпақшымын»,–дедім. Сонда тәрбиешім:

–«Желдей ескен арғымағым мені қайда алып бармаған? Оған жету оңай ма? Менің батыр жігіттерім Жаңа Байырдың бөрісіне ұқсас еді. Садағымды жеті ұста істеп еді, оның оғы қайыңның шыбығынан істеліп, алтынмен күптелген еді. Алтын менің таңбаларым бар еді. Жел тұрып жаңбыр жауды, ыдыстар суға толды. Дизмерд қамалына мен жеті рет барып, ала алмай қайтқан едім, жігітім, менен артық батырды табу қиын, әуре болмай, қиын қайт» – деді.

Аңғарғанымыздай, өз дәуірінде гәуірлердің Дизмер қаласына қол бастап барған Әмен жеңіске жете алмағандықтан, Иекенкті ескертуге, сақтандыруға тырысады. Яғни, Әмен батырдың

өткен дәуірі мен Оғыз Қазылық баласы Иекенк батырдың бүгінгі ғұмыры өзара бір бұлақтың бастауынан шыққандайтоғысады.

Сонымен қатар, «көркем шығармадағы түс көру мотиві кейіпкер іс- әрекетінің психологиялық тұрғыдан нанымды әрі дәл берілуі үшін фантастикалық, лирикалық, гротестік акцент беретінін байқадық. «Көркем шығармадағы психологизмнің табиғатын танытар психологиялық талдаудың тәсілдері сан алуан», -деп атап Л.Гинзбург көрсеткендей, атап айтсақ, автордың өз толғаныстары немесе кейіпкердің өз-өзін талдауы, рухани әлемді бейнелеудің жанама тәсілдері – бейвербалды ишараттар, сыртқы қимыл көріністері т.б. бәрі автордың аналитикалық талдауы арқылы беріледі. Олардың ішінде кейіпкердің ішкі монологы, ішкі сөзі ерекше орын алады. Жоғарғы да аталған жырда ішкі монологтан қарағанда, диалог тәсілі әдемі берілген. Жалпы, диалог екуеуара адамдардың әңгімесі ғана емес, кейіпкер арасындағы қарама-қайшылық, шиеленісу. Бір-біріне айтатын сұрақ-жауап қана емес, бір кейіпкердің айтқан сөзі екінші кейіпкердің айтатын сөзі түрткі болу, жауап қайыру. Қара Қойшы мен гәуір арасындағы диалог осының куәсі.

Сондай-ақ, түсте ақыл-кеңес берген Әмен батырдың Иекенк өңінде келуі – шығарма көркін ары қарай аша жөнеледі. «Иекенк осы түсін жолдастарына баяндап береді. Бұл кеде өзін тәрбиелеген Әмен де серіктерімен келіп жеткен еді» [34, 104].

Иекенк түсінде баян еткендей, жас күнінен тәрбие мен дағды үйренкен тәрбиешісі Әмен батырды 1999 жылы жарық көрген «Қорқыт ата» атты энциклопедиялық жинақта «Әмен батырды» нақты атамай, «нағашысы» деп келтіреді. Осы нұсқаға назар аударсақ: «Жолшыбай Игенек түс көреді. Түсінде нағашысы Игенекке «үйіңе қайт, Дюзмюрд қаласына барма» деп кеңес береді». Тіпті Сырдария кітапханасының тапсырысымен басылып шығарылған «Қорқыт ата кітабында» Оғыз Қазылық баласы «Иекенк» деп аталса, жоғары келтірілген «Қорқыт ата» кітабында «Игенек» деген нұсқада беріліпті.

Сонымен қатар, жоғарыдағы нұсқада сюжеттегі «түс көру» қарасөзбен берілсе, аталмыш нұсқада өлең жолдарымен тізбектелінген.

«Жолшыбай Игенек түс көреді. Түсінде нағашысы Игенекке «үйіңе қайт, Дюзмюрд қаласына бар» деп кеңес береді. Сонда Игенек нағашысына қарата: Көтеріліп орныңнан тұрғаныңда, Жауыңа қарсы жасақ құрғаныңда, Мөлдір көз жігіттерді шақырмадың, Бектермен тізе қосып ақылдасып,

«Аттандап» арыстандай атылмадың. Бес теңгеге жолданған шал- шауқанмен Қалаға әрең-әрең жақындадың.

Бастан дәйім кетпесе, дәулет жақсы, Білгенін есте сақтаса, ауыл жақсы,

Қас жауынан қашпаса, батыр жақсы, – дейді [35, 169]. Екі нұсқадағы түс көру әр түрлі форматта жазылып, жазылу ерекшелігімен ерекшеленсе де, айтар ойы, берер мағынасы бір.

Айталық, «Көрұғлы» эпосы – 1885 жылдан бастап баспа беттеріне беріле бастаған, танымал фольклортанушы Ә. Қоңыратбаев өз ғылыми еңбектерінде көне эпостар қатарында қарастырған, түркі халықтарына ортақ, тәжіктер «Горгули» деп атаған архаикалық туындағы оқиғаның өзі осы түс көруден басталып, сол арқылы сюжет дамып, мазмұны арта түседі. Көп томдық батырлар жырындағы «Көрұғлы» дастанында Көрұғлының әкесі Раушанбекті қызылбастың шахы Шағдат түсінде көріп шошынады. Эпос «Шахтың түсі», «Түс жору» т.б. секілді кішігірім тараушалардан тұрады. Шах жұртты жиып, түсін былай баяндайды:

«Мен айтайын, тыңда, халқым, түсімді, Мені бүгін алтын тақтан түсірді.

Хүкімалар, баян айла, бұл қалай,

Алтын тәжді басымдағы ұшырды?» [36, 22], – деп жаман түс

көргендігін баяндаса, енді бір жерде сол түске орай көңіл-күйінің өзгергендігін, тынышының айырылғандығын, түсті жақсылыққа жорымай, жаны жәй таппайтынын халыққа жеткізеді:

«Бұл түсімнен сом жүрегім солады, Мен ойласам, маған махшар болады. Есім-түсім білмей жаттым далада, Айналамда қара топырақ борады.

Сөз сөйлеуге отыр келмей мәжәлім, Дәтім қайтып, пәс болып тұр назарым. Бұл түсімді байыппенен жорыңдар,

Таппасаңдар әкелемін ажалың!» [36, 22]

Міне, бұл үзіндіде Шахтың түс көргеннен кейінгі көңіл-күйі, ішкі жан дүниесіндегі арпалыс, қорқыныш-үрей, күдік пен күмән, соның салдарынан туған сыртқы іс-әрекеттеріндегі өзгерістер, бет-жүзіндегі мың құбылған қимыл-қозғалыстар, бейвербалды элементтер – бәрі-бәрі ой мен образдың даму логикасына сәйкес психологиялық дәлелдемелермен нақышталған. Шығарманың сюжеттік композициялық құрылымы да осы түс арқылы жүйеленеді. Алайда адамның осындай тосыннан тап болған психологиялық жағдайдағы алақұйын сезім арпалыстары бүгінгі прозадағыдай сезімдік-эмоционалдық үдерістер аналитикалық тұрғыдан талданып, зерттелуден гөрі, мұнда балаң әдебиетке тән сырттай суреттеу, құрғақ баяндау басым.

Түс көрумен бірге өмірге келіп, үнемі үзеңгі қағыстырып келе жатқан техникалық құралдың бірі – түс жору екендігін жоғары да атаған болатынбыз. Түстің өмірде орындалуы оның жорылуына тікелей байланысты деген ұғым-түсінік әлі күнге дейін бар. «Жамандыққа жорыған адамның ажалын әкелемін» деп Шахтың сес көрсетуі де соның дәлелі. Олай болса, түс көргеннен кейінгі көңіл-күйдің еріксіз бұзылуы – адамзатқа тән табиғи құбылыс. Түс еріксіз түрде жүзеге асатын психологиялық жағдай болса, одан кейінгі сезімдік, эмоционалдық, аналитикалық үдерістер саналы түр де жүзеге асады.

Шахтың өз түсінен шошып, алыстан көріпкелі бар мыстан кемпірді алдыруының себебі де сол. «Түс жору» деген тараушада мыстан кемпір Шахтың түсі тұспалдап тұрған қауіп қатерді қолмен қойғандай анықтап айтып береді:

«Құлақ қойып сөзім тыңда, хан-басым, Ханмен бірге қарт-қария һәм жасың. Қарап жатқан қаһарман ел түрікменге Барғандарың басыңа бәле болмасын?!

...Ол-баһадур, есімі оның Көрұғлы –

Пайда болар Раушанбектің белиден» [36, 23],

Бұл сөзсіз түс жорудың ауыз әдебиетіндегі озық үлгілерінің бірі. Қарапайым әңгімені, өмірдегі шындықты көркемдік шындыққа айналдыру дегеніміз – қиялдың жемісі. Бір бұл ғана емес, біздің бүкіл фольклорлық туындыларымыздағы түс көру әдеби мұралардың көркемдік, идеялық-мазмұндық құндылығын арттырып, бейнелеу құралы дәрежесіне дейін көтерілген бірден-бір тәсіл.

Көне эпостарда «түс көру» сарыны арқылы өрбитін сюжетте мифтік сарын басымдық көрсеткеніне қарамастан, қаһармандық эпостағыдай ел-жұрт намысы мен оны қорғаудағы ержүректілік, ғашықтық дастандардағы қос ғашықтың қосылуы, сондай-ақ діни дастандардағы телогиялық ұғымдардың ұшқыны таразы басын теңестіріп тұратын іспетті. Бұл оның басқа эпостар қатарында өзгешелендіріп тұратын басты қасиеті.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қоңыратбаев Ә. «Эпос және оның айтушылары». Алматы: 1975.–12 б.
2. Р.Бердібай «Эпос мұраты». Алматы: «Білім», 1997. –320 б.
3. Келімбетов Н. «Ежелгі әдеби жәдігерліктер». Астана: «Фолиант», 2004.– 480 б.
4. Марғұлан Ә. «Ежелгі жыр, аңыздар». Алматы: 1985.
5. «Қорқыт ата кітабы». Астана: «Фолиант», 2008. – 608 б.
6. «Қорқыт ата» (энциклопедиялық жинақ). Алматы: 1986.

**А.А. Тансикова,**

Ақтөбе қаласы, М.Ғабдуллин атындағы №70 ЖББОМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

#### **Аңдатпа**

Мақалада А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің алғашқы шешуін күткен мәселелерін, қазақ әліпбиі мен жазу емлесін түзеу, қазақ әліпбиі, қазақ терминологиясын қалыптастыру, қазақ тілінің алғашқы ғылыми оқулықтарын жазу сияқты т.б. ғылыми жұмыстарға белсене араласқаны сөз болады. Қазақ тілінің әртүрлі мәселелерін ғылыми аспектіде қарастырған.

#### **Аннотация**

В статье анализируется научный вклад А.Байтұрсынова в становление и развитие казахского языка: казахский алфавит и правил орфографии, казахский алфавит, формирование казахской терминологии, составление первых научных учебников на казахском языке и т.д. Различные аспекты казахского языка рассматриваются ученым с научной точки зрения.

Қазақ филологиясының ұлттық ғылыми негізін қалыптастырушы ғалымдардың бастауында тұрған біртуар тұлға, ұлтымыздың ұлы ұстазы, ұлы педагог- ғалым Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда және тәрбие жұмыстарында молынан қамтып, оқу-тәрбие үдерісінде ғалымның шығармашылығын насихаттап отырудың маңызы зор деп білеміз. Ахмет Байтұрсынұлы - қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, қазақтың ақыны, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері, қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби, жаңа емле, жасап, араб графикасын қазақ жазуына икемдеп ұсынған реформатор ғалым[1.]. Ол оқу ісін жолға қою үшін ғылыми жүйелі жасалған оқу бағдарламасы болуы керектігін, сол бағдарламаға негіздей жазылған оқулық болуы тиіс екенін айтып, оқулықтағы білімді оқушы бойына дарыта білетін әдіскер мұғалім де керек дегендерді көтереді. Сондай-ақ А.Байтұрсынұлы білім негізі бастауыш сыныпта салынады деп қарады. Бастауыш мектептерде қандай пәндер оқытылуы керек дегенге арнайы тоқталып, ол пәндерді: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, қолөнері, жағрафия, жаратылыс деп, саралап көрсетіп берді.

Жас ұрпақтың ата-баба дәстүрін құрметтеп, бабалар жолымен жүріп, туған тілі мен салт-дәстүрін берік ұстанып, ұлттық мәдениетіміз бен педагогикалық мұрамызды терең игеруі үшін А.Байтұрсынұлының шығармашылығын қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша өткізетін әр сабағымда ретіне қарай пайдаланып отырамын. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі, әліпбиі мен жазуы, қазақ тілінің грамматикасын, қазақ әдебиетін оқыту барысында қай тақырыпты өтсең де, А.Байтұрсынұлының шығармашылығына соқпай өте алмаймыз. Ұлтымыздың ұлы ағартушы-ғалымы А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің тұңғыш әліппесі ретінде жазылған «Оқу құралы», тұңғыш грамматикалық оқулық «Тіл-құрал», оқыту-үйрету, сауат аштыру әдістерінен хабар беретін «Тіл жұмсар» және сөз өнерін үйрететін «Әдебиет танытқыш», қазақ мұғалімдері үшін «Баяншы» сияқты т.б. еңбектерін үнемі оқып, оны сабақта пайдалану жолдарын қарастырып, осы еңбектерді қажетті әдебиеттер қатарында оқушыларыма да ұсынамын [2.]. Қазақ тілінің фонетикасы, тілдің дыбыс жүйесіне байланысты қазақ әліпбиі мен графикасына, қазақ жазуына қатысты тақырыптарды өткізген кезде А.Байтұрсынұлының араб әріптерін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қазақ тілінде жоқ дыбыстардың таңбаларын әліпбиден шығарып, араб әрпінен қазақ әліпбиіне 14 әріпті өзгертпестен дайын күйінде алып, ал арабша таңбасы жоқ қазақ дыбыстарына басқа таңба ойлап тауып, жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасап, 1911-1912 жылдары жаңа әліпби құрастырғанын айтамын. Бұл әліпби сол кезден ел арасында белсенді түрде қолданылып келсе, А.Байтұрсынұлы реформалаған қазақ графикасын 1924 жылы Орынборда өткен қырғыз-қазақ білімпаздарының тұңғыш құрылтайы оны ресми түрде қабылдаған екен [3.23].

А.Байтұрсынұлы қазақ жазуы тіліміздің дыбыс жүйесіндегі дыбыстармен таңбалануына ерекше мән беріп, тілімізде тоғыз дауысты, он тоғыз дауыссыз дыбыс бар екенін нақты атап көрсеткен еді[4.278]. А.Байтұрсынұлы әліпби жайында: «Әліпби деген тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстары мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарын орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліпби жақсы болмақ», - дейді[2.552].

А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің грамматикасының теориялық негізін жасап, әр категорияға анықтама беріп, олардың өз ара айырмашылықтарын көрсетіп, талдап жазған. Қазіргі қазақ тіліндегі «үстеу» терминінің авторы Ахмет Байтұрсынұлы: «Үстеу дейміз-сын есім, сан есім, есімдік, етістік сөздерді толықтыру, күшейту үшін айтылатын сөздерді» деп, оларды мағыналарына қарай нықтаулық үстеу, сынаулық үстеу, өлшеулік үстеу, мезгілдік үстеу, мекендік үстеу деп аталатын бес түрге бөлген. Ал грамматика бойынша сөз таптарын оқытуда, мысалға, «Есімдік» тақырыбын өткен кезде ғалым еңбегіндегі төмендегі деректерге оқушылардың назарын аудартып, талдау жасатамыз: «Есімдік дегеніміз есімдердің, яғни зат есімнің, сын есімнің, сан есімнің орнына жүретін сөздер, мәселен, мұғалім дегеннің орнына «мен» деймін, саған сөйлегенде атыңды атаудың орнына «сен» деймін, анау баланың атын атау орнына «ол» деймін. «Мен», «сен», «ол» деген сөздер зат есімнің орнына жүрген себептен есімдік болады. Есімдік қазақ тілінде бес тарау болады: 1) жіктеу есімдігі, 2) сілтеу есімдігі, 3) сұрау есімдігі, 4) жіктеу есімдігі, 5) танықтық есімдігі» [2].

Қай ғылым саласын алсақ та, оның өзіндік ғылыми тілі, ғылыми терминологиясы болады. «Ахмет Байтұрсынұлы - қазақша терминдерді жасаушы алғашқы адам. Ғұлама ғалым қазақ тіл білімінің қазіргі терминдерінің бәрін бір өзі жасады десек, артық айтқандық емес», - дейді белгілі ғалым Б.Қалиұлы [5.409]. Оқушыларға сабақ түсіндіріп болған соң, қосымша ғылыми деректерді зерделеуге бағыт беріп, А.Байтұрсынұлының грамматика саласындағы теориялық байламдарын түсінуге және соған қатысты тілдік терминдерді де зерделеуге үйретеміз. А.Байтұрсынұлы терминдерді жасау барысында қазақтың байырғы төл сөздерін шебер пайдалана білген.

Қазақ әдебиеті сабағында Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет, мәдениетке қатысты істеріне талдау жасап, көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы ретінде қазақ елін отырықшылыққа, мектеп ашып білім алуға шақырғанын нақты деректермен баяндаймыз. Ол орыс ақыны И.А.Крыловтың бірнеше мысал өлеңдерін аударып, «Қырық мысал» деген атпен бастырып шығарды. Қазақтың әдебиеттану ғылымында оның «Әдебиет танытқыш» атты кітабінің маңызы зор болды[2.235]. Қазақ әдебиетіндегі әдеби теориялық ұғымдарды түсіндіру кезінде А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты еңбегіне ерекше назар аударып, ондағы әдеби терминдердің қызметін нақты деректермен байланыстыра талдауға мүмкіндік болады. Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» деген еңбегінде Абай Құнанбаев туралы терең мәнді сөздер қалдырса, оның бұл еңбегін де осы аталған тақырып бойынша әдебиет сабағында қосымша оқытып, талдау жасатамыз.

А.Байтұрсынұлының грамматикалық оқулығы «Тіл-құрал» еңбегі тек теориялық мәселелерді ғана қамтып қоймайды, ондағы мысалға алынған деректер мақал-мәтел, қанатты сөздер болып, баланың сөйлеу шеберлігін арттырып, тәрбиесіне де оң ықпал ететінін байқауға болады. Осындай тіл теориясынан практикалық тапсырма орындау үшін берілген төмендегі жаттығуға назар аударамыз: «Той тондыныкі, ас аттынікі. Бәрің бірдей тойшы болсаң, күү боласың, бәрің бірдей қойшы болсаң, күл боласың. Ақсақ қой түстен кейін маңырайды. Май сасыса түз себер, түз сасыса не себер?». Осында берілген мысалдар баланың тәрбиесіне де оң әсер беретін, даналық сөздер болуы педагог ғалымның жас ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән бергенін көрсетеді. А.Байтұрсынұлы қазақ балаларының өз ана тілінде қазақша оқуына назар аударып, оқытудың қазақ тілінде жүргізілуіне, қазақ тілін сақтауға көңіл бөлді.

Қорыта айтқанда, қазіргі заманда ұлт көсемі А. Байтұрсынұлының ұлылығын, даналығын түсінуге, ғылыми пайымын бағалауға жол ашылды. А.Байтұрсынұлы мұрасын зерттеу, оны халық игілігіне жарату маңызды әрі игілікті іс болып отыр. Сондықтан мектептегі оқу-тәрбие



ісінде А.Байтұрсынұлы шығармаларын барынша насихаттап, күнделікті жұмысымызда қайта-қайта назар салып, сабақта барынша пайдаланып келеміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әліпби. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Арда+7», 2020. - 368 б.
2. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері.- Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. - 640 б.
3. Садуақас Н.А., Кушкимбаева А.С. Қазақ әліпбиінің тарихы (Оқу құралы). - Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. -260 б.
4. Уәли Н. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. - Алматы: Ғалым, 1999.- 268- 281 б.
5. Қалиұлы Б. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ терминдері // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. - Алматы: Ғалым, 1999.- 409-416 б.

УДК 81367

### АНАЛИТИЧЕСКИЕ СЛОЖНОПОДЧИНЕННЫЕ ПРЕДЛОЖЕНИЯ В БАШКИРСКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ

**И.Ж. Сагынбек,**

аспирант БГПУ им. М. Акмуллы, г. Уфа

**Ключевые слова:** тюркология, грамматика, синтаксис, сложноподчиненное предложение, аналитический тип, сравнительный анализ, башкирский язык, казахский язык.

**Резюме:** В статье рассматриваются основные структурно-семантические качества придаточных предложений аналитического типа в башкирском и казахском языках. Приводятся результаты сравнительного изучения особенностей видов придаточных предложений в башкирском и казахском языках.

**Key words:** Turkology, grammar, syntax, compound sentence, analytical type, comparative analysis, bashkir language, kazakh language.

**Abstract:** The article deals with the main structural-semantic qualities of analytical type adjectival sentences in bashkir and kazakh languages. The results of the comparative study of the peculiarities of the types of adjectival sentences in Bashkir and Kazakh languages are given.

Сложноподчиненные предложения представляют собой одну из сложных разделов синтаксиса, поэтому в лингвистике нет единства взглядов в толковании структуры данного типа предложения. В сфере языкознания на уровне теории уже достаточно изучены различные синтаксические категории, а также особенности построения и функции сложноподчиненных конструкций.

В последнее время исследователи активно занимаются контрастивными исследованиями, но вопросы, касающиеся изучения этих предложений в сравнительном аспекте, лишь начинают получать должное внимание. Важно отметить, что на сегодняшний день отсутствуют исследования, которые бы рассматривали синтаксис сложных предложений в башкирском и казахском языках, содержащие сравнительный аспект данных конструкций и их всестороннее описание в отношении семантики и структуры.

Впервые в тюркологии в книге А. Троянского «Краткая грамматика татарского языка» было дано общее понятие о сложном предложении. Автор в своих исследованиях не употреблял термин «сложное предложение», а пользовался выражением «сочетание предложений» и анализировал функции некоторых союзов, деепричастий и причастий, связующих предложения [Троянский 1814: 22]. М.А. Казембек работе «Общая грамматика турецко-татарского языка» не подразделял сложные предложения на сложносочинённые и сложноподчинённые. Он, рассматривая функции причастий, деепричастий и отглагольных

имён, называл последние «сокращёнными придаточными предложениями» [Казембек 1846:312].

В XX веке в научных трудах большое значение уделено синтаксису сложного предложения. Жан Дени, В.А. Гордлевский, А.Н. Кононов, Н.И. Ашмарин, А.К. Боровков, Н.К. Дмитриев и др. составили правильную классификацию сложных предложений в тюркологии. Проблемы сложного предложения также освещены в трудах А.З. Абдуллаева, Г.А. Абдурахманова, У.Б. Алиева, Г.Х. Алпарова, Л.К. Байрамовой, С.Г. Бархударова, Н.А. Баскакова, В.А. Белошапковой, В.В. Виноградова, Н.З. Гаджиевой, Н.П. Дыренковой, М.З. Закиева, С.Е. Крючкова, Л.Ю. Максимова, М.В. Насилова, Д.Н. Овсяннико-Куликовского, А.М. Пешковского, Н.С. Пospelова, А.А. Потебни, А.П. Рифтина, Г.Г. Сайтбатталова, К.К. Сартбаева, Н.Т. Сауранбаева, Ф.С. Сафиуллиной, Э.В. Севортяна, Б.А. Серебренникова, Е.И. Убрятовой, И.А. Федосова, В.Н. Хангилдина, М.И. Черемисиной, А.А. Шахматова, М.Ш. и др.

По мнению Г.Г. Сайтбатталова, в понимании и истолковании грамматической природы сложноподчиненных синтаксических конструкций, особенно придаточных предложений, существуют три направления [Сәйтбатталов 2002: 368].

Некоторые тюркологи, например, М.А. Казембек, В.А. Гордлевский, А.К. Боровков, Н.Т. Сауранбаев и другие считают, что обособленные (развернутые) второстепенные члены предложения являются придаточными предложениями, хотя в их составе отсутствует отдельно выраженный главный член – подлежащее.

По мнению Н.А. Баскакова, А.Н. Баскакова, И.А. Батманова, Н.П. Дыренковой, М.Ш.Ширалиева, С.А. Джафарова, С.А. Аманжолова, А.З. Абдуллаева, К.К. Сартбаева и других основным, определяющим критерием придаточного предложения в тюркских языках является не только отдельно выраженный субъект (подлежащее), но и предикат (сказуемое), выраженный только личной глагольной формой.

Следовательно, придаточные предложения, сказуемые которых выражаются причастиями или деепричастиями, относятся к развернутым (обособленным) членам предложения.

Третья группа лингвистов – А.Н. Кононов, Н.К. Дмитриев, М.А. Аскарлова, А.П.Поцелуевский, Дж.Г. Киекбаев, Е.И. Убрятова, М.З. Закиев, К.З. Ахмеров и другие к вопросу о синтаксических функциях причастий и деепричастий подходят дифференцированно: если глаголы неличной формы или причастия и деепричастия в синтаксической конструкции выступают в качестве сказуемых, то мы имеем дело с придаточными предложениями, а если они выполняют функцию второстепенных членов предложения и перед ними отсутствует отдельно выраженное подлежащее, то это – простое предложение с развернутыми членами или причастным или деепричастным оборотами. Мы разделяем точку зрения этой группы тюркологов [Там же: 369].

Башкирское языкознание имеет длительную историю изучения сложноподчиненных предложений. В первой половине прошлого века сложноподчиненные предложения начали изучаться в школьных учебниках С. Галиева (1939) и К. Ахмера (1948), а во второй половине встречается в первой грамматике башкирского языка Н.К. Дмитриева (1950), далее в монографических работах К. Ахмера (1960), Г.Г. Сайтбатталова (1961), А.А. Юлдашева (1977.).

Также большой вклад в разработку теории сложных предложений, в частности, сложноподчиненных предложений в башкирском языке внесли ученые как, А.М. Азнабаев, Д.С. Тикеев, Л.Х. Самситова, Л.Л. Самигуллина и др.

В казахском языкознании группирование сложноподчиненных предложений каз. *«сабақтас құрмалас сөйлем»* начинается с трудов выдающегося казахского ученого А. Байтұрсынова (1912), затем С. А. Аманжолова (1932, 1940), Т. Шонанова (1934), К.К.Жубанова (1936), С.А. Аманжолова и Н.Т. Сауранбаева (1939), С.С. Жиенбаева (1941), Г.Б. Бегалиева (1944) а во второй половине встречаются в научных трудах ученых как Т.Р. Кордабаев (1961), М.Б. Балакаев (1961), К. Есенов (1995), М. Сергалиев (1989), Б. Шабалай (1998), К.К. Садирова (2013) и др.

Аналитические придаточные предложения присоединяются к главному с помощью средств, не входящих в состав сказуемого, при этом сказуемое придаточного предложения будет иметь полную форму. К средствам связи относятся соотносительные и вопросительно-местоименные слова, подчинительные союзы и интонация. В том главное отличие между синтетическими и аналитическими предложениями, так как в синтетических придаточных средства связи входят в состав сказуемого придаточного предложения.

Аналитические предложения могут быть трех видов: относительные, образованные посредством соотносительных и вопросительно-местоименных слов, союзные, связанные подчинительными союзами и союзными словами и бессоюзные (интонационные). Конструкции, где в качестве средств связи выступают соотносительные слова и интонация, являются более ранними, чем союзные. Их уже можно встретить в рунических памятниках VIII в. В течение многих лет аналитический тип придаточных не признавался языковедами как сложноподчиненное предложение. [Гиниятуллина, Шакурова 2018: 3].

Аналитическая форма придаточных предложений в башкирском и казахском языках встречаются в сложноподчиненных предложениях времени и причины. Далее сравним предложения по формам.

В башкирском и казахском языках придаточные предложения времени (*вакыт һөйләм*) делятся на синтетические, аналитические и аналитико-синтетические. В качестве сказуемых придаточных предложений преимущественно выступают причастия, деепричастия, глаголы изъявительного наклонения с различными послелогом.

Аналитическая форма придаточного предложения времени (*вакыт һөйләм*) связываются словами в роли послелогов. Эти слова входят в состав сказуемого придаточного времени и придаточное предложение является связывающим средством главного предложения. Выделяют следующие виды *аналитической* формы придаточного времени:

1. В роли сказуемого выступает имя действия и послелог *менән/менен*. После главного предложения ставится запятая. Например: башк.: *Түземһезләнеп торған аргымактар, команда булыу менән, тере ташкын булып дошманга ябырылды* (Ф. Иҫәнғолов). каз.: «*Аманкелдіге*» *келісі менен, бұл арман шыңына жетті* (Ғ. Мұстафин).

2. В роли сказуемого выступает причастие прошедшего времени и послелог *һайын/сайын*. После главного предложения ставится запятая. Например: башк.: *Дошман артиллерияһы ут аскан һайын, мин боецтарзы артқарак күсереп торзом* (Ә. Бикчәнтәев). каз.: *Душпан артиллериясы атқан сайын, мен жауынгерлерді артқарақ шегіндіріп тұрдым*.

3. В роли сказуемого разные части речи и слова *арала/кезде, сакта/шақта, вакытта/уақытта*. Между предложениями ставится запятая. Например: башк.: *Әсәһе үлгән сакта, Айбулатка ун дүрт йәш ине* (Н. Дәүләтшина). каз.: *Біз тың жерді игере бастаған кезде, жаңадан құрылып жатқан совхоздар үшін егіннің гектарына 8 центнерден өнім алуды белгіледік* (Газеттен).

4. В роли сказуемого выступает слово *тигәндә генә* и изъявительное наклонение единственного числа I лица. Между предложениями ставится запятая. Например: башк.: *Ғафур инде йыуан имәнгә бер кулым менән тотондом тигәндә генә, коро сым тартылып куйзы* (Д. Бүләков). каз.: *Ғафур жуан еменге бір қолыммен ұсталдым дегенде, құрғақ сым тартылып кетті*.

5. В роли сказуемого выступают разные части речи и слова *борон/бұрын, элек/ілгері, алдынан/алдымен*. Между предложениями ставится запятая. Например: башк.: *Котһоз бысрактар башланмаҫ борон, көззәң дә матурлығын да күреп калыр кәрәк* (Р. Солтангәрәев). каз.: *Құнанбай ел жайлауға шықпас бұрын, былтыр өзі Қарашоқыдан көшірген Бөкенші, Борсаққа Жігітек жерінің жапсарынан жайлау берген болатын* (М. Әуезов).

Придаточные причины (*сәбәп һөйләм*) встречаются и в одностоставном и двусоставном формах. Придаточные причины бывают с аналитических, синтетических, аналитико-синтетических формах. Выделяют следующие виды *аналитической* формы придаточного причины:

1. В роли сказуемого имя действия и слова *аркаһында/арқасында, һөҙөмтәһендә, сәбәпле/себеһте, айһанлы*. Ставится запятая. Например: башк.: *Бер һисә көн буйы туктауһыҙ ямғыр яуыу аркаһында, комбайн ашлык ура алманы* (З. Бишева). каз.: *Физиологиялық әсері бірдей болмауы себеһте, жаңа жасанды дәрілер ауру қоздырушы микроорганизмдерді тез жойып жібереді* («Білім және еңбек»). *Үш-төрт күннен бері жаттығу жасамаған себеһте, денеміз ауырлап қалыпты* (Газеттен).

2. В роли сказуемого выступает причастие прошедшего времени и послелог *һайын/сайын*. Например: башк.: *Кеше ауырлықты күберәк күргән һайын уның ынтылышы көсәйә бара икән* (Н. Мусин). каз.: *Адам көп ауырлық көргән сайын оның талпынысы күшейе түседі*.

3. В роли сказуемого выступает причастие прошедшего времени и послелог *өсөн*. Например: башк.:

*Мин һине юлымда күрзем*

*Юлдар бер булған өсөн* (Н. Нәжми).

каз.: *Қол ұстату үшін, қол ұстардың алдында күйеу жақтан берілетін үлкен сыйлық болады* (М. Әуезов).

4. Придаточное причины связывается с главным предложением с помощью союза *сөнки/өйткені*. Перед союзом ставится запятая. Например: башк.: *Көрәш дауам итә, сөнки тыуып килеүсе дәүләткә төрлә катлам сәйәси көстәр төрләсә карашта* (Ә. Юлдашев). каз.: *Күрес жалғасады, өйткені жаңа мемлекетке түрлі саяси күштер түрліше көзқараста*.

Таким образом, структура и виды связи сложноподчиненных предложений в башкирском и казахском языках обусловлены аналитическими особенностями сравниваемых языков и характеризуются своеобразием строения и целостностью конструкции.

Так, в результате детального изучения структурно-семантических особенностей сложноподчиненных предложений башкирского и казахского языков, пришли к выводу, что синтаксис сложного предложения обоих языков изучен достаточно полно. В заключении подчеркнем, что сопоставительный анализ на структурном, семантическом и функциональном уровнях обеспечит всестороннее раскрытие специфики изучаемых языков.

#### Список использованной литературы:

1. Азнабаев Ә.М. Башкорт теленең кушма һөйләм синтаксисы / Ә.М. Азнабаев. – Өфө: Ғилем, 2007. – 144 бит.
2. Гиниятуллина Л.М., Шакурова М.М. Исследование сложноподчиненных предложений с аналитической связью частей в учебниках XX века / Л.М. Гиниятуллина, М.М.Шакурова. – Казань, 2018. – 148 с.
3. Казембек М.А. Общая грамматика турецко-татарского языка.– Казань, 1846. – С. 312.
4. Қордабаев Т.Р. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисы (оқу құралы) 2-ші басылым. – Алматы, «Санат» 1995. – 176 б.
5. Сәйетбатталов Ғ.Ғ. Башкорт теле. 2-се том. Кушма һөйләм синтаксисы. – Өфө: Китап, 2002. – 432 б.
6. Сәмситова Л.Х. Хәзерге башкорт теле. Кушма һөйләм синтаксисы: Курс программаһы. – Өфө: Вагант, 2005. – 32 б.
7. Сәмситова Л.Х., Таһирова С.А., Рәхимова Ә.Ф., Исламова Т.М. Башкорт теле. Кушма һөйләм синтаксисы: Укытыу туған (башкорт) телендә алып барылған дөйөм белем биреү ойшмаларының 8-се класы өсөн укыу кулланмаһы. – Өфө: Китап, 2017. – 208 б.
8. Тикеев Д.С. Башкорт теленең кушма һөйләм синтаксисын өйрәнеү. Укыу әсбаһы. – Стәрлетамак: Стәрлетамак дәүләт педагогия институты, 1991.— 80 бит
9. Троянский А. Краткая грамматика татарского языка.– Петербург, 1814. –С. 87.

## НҰРАЛЫ НЫСАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨМІРБАЯНЫ

Насирдинов Б.П., 2 курс PgD докторанты,  
ОҚУ «Абайтану» ғылыми орталығының қызметкері, Шымкент қ.  
Өмірзақов С.Д., ф.ғ.к., доцент, М.О.Әуезов ат. ОҚУ «Абайтану» ҒО, Шымкент.  
Омаров Н.К. ф.ғ.к., М.О.Әуезов атындағы ОҚУ  
«қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, Шымкент қ. Қазақстан.

**Аннотация:** В этой научной статье рассматривается подробная информация о жизни и литературном творческом наследии Нуралы Нысанбайұлы, создавшего собственную литературную школу в Южном регионе.

**Ключевые слова.** Казахская литература вторая половина XIX века, поэт, устное творчество, южный регион, литературная школа.

Кейінгі табылған қолжазба деректерден анықталғанындай: Нұралы ақын 1857 жылы қазіргі Түркістан облысы Бәйдібек ауданына қарасты Боралдай ауылында (кеңес дәуірі тұсындағы «Социалистік қоғам» колхозында) туылған. Руы – Дулаттың Шымыр аталығынан, оның ішінде – Жиен Шоқай. 1928 жылы өз ауылында қайтыс болған. (Бұл ең соңғы дәлелденген дерек) Ақынға тән үлкен бір ерекшелік – терме, өлеңдері мен дастандарында өзі туралы қысқаша мәлімет келтіріп отыратындығы. Мәселен, мына бір жаңадан табылған термесінде:

-Жиен Шоқай ішінде,  
Нұралы молда – дер еді.  
Бабасы Құдас болғанда,  
Ұлы атасы – ер Қиық,  
Нысанбайдың көдегі.  
Адамның болмас айтқаны,  
Алланың болар дегені.  
Не ерлер көшті тұяқсыз,

Жиылып жатпай көгені... – деп, ата-бабаларын атап-атап көрсететіні бар [1,8]. Бабасы Құдас сөз ұстаған зерделі жан болса, арғы атасы Қиық «ер» атанған батыр адам болған. Мұндай мәліметтер бірнеше дастандарында қайталанған.

Нұралының әкесі өте кедей, әр байға жалданып күн көрген қарпайым кісі болған. Еріндерін жегі жеген екен, сол үшін ол «Нысанбай жырық» деп аталып кеткен. Нысанбай ешқандай молданың алдын көрмеген, оқымаған адам болған. Оның аздап шайырлығы бар болса да, хат танымағандықтан әрі көпке мәлім болмағандықтан өлеңдерін жазып қалдырмаған сыңайлы. Кедейліктің зарпынан Нысанбай кештеу үйленеді. Отыз бес жас шамасында Дулаттың Темір аталығынан Кенбай деген кедейдің қызымен отау көтереді. Одан тұңғышы – Нұралы, он жылдан кейін Әбиден деген бала туылған. Бұл екеуінен кейінгі туғандары тұрмаған. 1870 жылы Нысанбайдың әйелі қайтыс болады да, бес жылдан кейін Биба деген кісінің менсінбей қоя берген әйеліне, екі қолы мен екі аяғының саусақтары жоқ, тұқылданған шолақ әйелге қосылады. Нысанбай Нұралыны он үш жасында, алғашқы әйелі қайтыс болған дау-дудың үстінде, ескіше оқуға береді.

Нұралының бірінші ұстазы болған Өмірзақ деген молда балаларға өте қатал, зәрі күшті адам болған екен. Әкесі Нұралыны Өмірзақ молдаға: «Баламның сүйегі менікі, еті Сіздікі, әйтеуір хат танытып берсеңіз болғаны», – деп тапсырады. Нұралының алғашында оқуға ықыласы болмаған, зейін қоймаған, өте кешше болыпты. Басқа балалар «әптиекті» жаттап, шулап жатса, Нұралы өзімен-өзі отыратын момын, босаң, аңғырт болады. Қадімшені қанша оқыса да, миына қонбайды. Оның үстіне, Өмірзақ молда да, өз атын өзі әрең жазатын, дүмшелеу болса керек. Соған қарамастан Нұралыны сабақ білмейсің деп, басқа балаларға арқалатып қойып, солқылдақ шыбықпен талай рет сабаған екен. Арқасы білеудей боп іскенше

таяқ жеген Нұралы жылап-еніреп үйіне келсе, «сен молда болмадың» деп бұл жақтан әкесі төмпештейді. Екі жақты таяқтың қыспағына ұшыраған Нұралы ертемен «оқуға кеттім» деп шығып, сабаққа бармай, Боралдай өзені бойындағы жарды жағалап, ойнап, шомылып, кештетіп үйіне қайтып жүріпті. Нұралының бұл қылығын білген молдаға қосылған әкесі баланы талай рет талға байлап та, суға тұншықтырып та, асау өгізбен сүйретіп те сабаған. Осындай қорлықпен Нұралы Өмірзақ молданың қолында бақандай төрт жыл оқиды. Алғашқы сауат ашып оқығаны – «Әптиек», «Құран», «Шар кітап», «Сопы Аллаяр» секілді кітаптар болады.

1874 жылы Арыс өзенінің жағасындағы Ишанбазарда Сикым руының Аққойлысынан шыққан Әбдікерім деген ахун жаңа мешіт соғып, медресе ашады. Дақпыртқа ерген әкесі енді Нұралыны сол Әбдікерім ахунның мешітіне апарып, үжірасында жатып оқитын етіп келіседі. Мұнда Әбдікерім, Әді деген молдалардың оқытқандары: «Мұқтасар», «Пікайдан» секілді кітаптар. Мұнымен де қанағат қылмаған Нұралы сол молдалардың көмегімен «Ақайд», «Мүшкілат» деген кітаптармен танысады. Шығыс халқының ертегілеріне қызыға елітіп, классик ақындар: Фирдауси, Низами, Науаи, Физули, Әбу Ғали ибн Сина, Ахмет Ясауилардың еңбектерін оқиды. Шығармалардан үзінділерді жаттауды осында үйренеді. Ахунның мешітін үш жылда бітіріп, еліне келеді. Осы 1877 жылы жазда жоңышқа орып жүргенде, кедейліктің салдары бар, тамағы нашар Нұралы өзегі талып, басы айналып құлап қалады. Осы аурудан Нұралы үш айдай ес-түсін білмей сандырақтап жатып, әрең дегенде жазылады. Әбдікерім ахунның медресесінен соң, ақын оқи алмай қалған Нұралыны әкесі аурушыл болып, алдынан шығармайды. 1879 жылы әкесі дүниеден қайтып, үйдің бар ауыртпалығы енді Нұралының мойнына түседі. Әкесінің өлімі, үй тұрмысының нашарлығы – Нұралының еңсесін көтертіп, бой жаздырмайды. Үстіне кигендері ескі шокпыт, қырық жамау құрақ көне киімдер болса, қыстыгүні тозығы жеткен кебісті жалаң аяғының басына іліп алып жүре береді екен. Мұны Нұралының құрдасы Байқұлақ деген кісі бір бозажорада Нұралымен айтысып, ақынның балалық шағын есіне алып айтқан қағытпа өлеңіндегі суреттеме дәйектеп береді:

«Әкең жырық болғанда, шешен шолақ,  
Жаздай істеп тапқаның бастан қопақ.  
Есігіңнің алдында итің де жоқ,  
Жылдығыңа болады тамақ сол-ақ.  
...Жүн шекпен, тері шалбар құрысқанмен,  
Бұл сөзімнің таппасың теріс жерін.  
Жазатайым сүрініп, құлай қалсаң,  
Алдыңды орап ұшады кебістерің» [2,5-6].

Ахунның медресесінен соң-ақ даңқы шығып, «молда Нұралы» атағына ие болғанымен, ақынның болыс-билермен, бай-манап, қожа-молдалармен жаранасы келіспейді. Елден қақпайланған Нұралы я көрерге сәулет жоқ, я істерге әрекет жоқ болған соң, ауру-сырқауларды емдейтін тәуіп, пал ашатын сәуегей болумен айналысып, бұл «кәсіппен» де біраз жылдар әуреленеді. Ел арасындағы жиын-тойларда қыздармен өлең айтысып, ауылдағы бәдік ауру «иесін» көшіретін өлеңге де қатысып жүреді.

Нұралының жақсы қасиеттерінің бірі – қанша азап көріп, тауқымет шексе де, өз бетінше оқуын, ізденуін тоқтатпағандығы. Ахунның мешітінен келгенде, ол бір қап кітабын арқалап ала келген екен. 1900 жылы Омарбек баласы Панса деген кісі Нұралыға екі қоржын бас тола кітап әкеп береді [3,9]. Бала кезінен басталған осы бір жақсы әдет ақынның есейген кезінде де жалғасып, кітап жинаумен, оны сарылып оқуға әуестенген адам болғандығы анық аңғарылады.

Ақын талантының эволюциялық өсу заңдылығы, дастаншылдық-эпикалық шыңға сатылып шығу жолдары, соқтықпалы кезеңдері бар. Соның негізгісі – XIX ғасырда дәстүрі қалыптасып үлгірген Қазығұрт-Қаратау аймақтық ақындар мектебінің белді өкілдерінің шығармашылығынан сусындап, тәлім алуы дейміз.

Біздің қолымыздағы қолжазба деректерден мәлім болғанындай, ақынның алғашқы кезде сүйіп тыңдаған адамы – Жалайыр Мұғалтай ақын [4,11]. Мұғалтай атақты Балта ақынға

(1758-1845) ілесіп жүріп, ақынның білер барлық дастандарын жаттап алған, соның өнегесін алған ақын, ол атақты Италмас ақын Түнқатарұлының да алғашқы өнерге баулыған ұстазы болған. «Нұралының Мұғалтай ақыннан есіткендері: «Көрұғлы сұлтан», «Рүстем дастан», «Мың бір түн» (мұның кейбір оқиғалары, эпизодтары) «Сейіт Баттал қазы», «Қорқыт» сияқты дастандар. Бұл дастандар Балта ақынның артына қалдырған мұралары» [5,12]. Балта ақындыкі бір нұсқасы болуы да мүмкін. Осы Мұғалтайдың туысқаны, шәкірті, ақындықты өте жас кезінде, тым ертерек кезінде бастаған Италмас ақын мен Нұралының танысуы бала кезінде-ақ басталады. Қолдағы бар деректерден Нұралыға жол көрсеткен аға буын өкілдерінің бірі деп Италмас ақынды айта аламыз. «Нұралы халыққа он үш жасынан-ақ ақындық лақабы жайылған Италмасың «Шора батыр», «Шеризат-Күлшат», «Шылым», «Мекер айым», «Қамбар батыр» дастандарын өз аузынан есіткен» [6,13]. Италмас Нұралының эпикалық қарымын дәл танып:

– Бетегелі барқыттай,  
Палдан қалған сарқыттай.  
Шоқайдан шықты Нұралы,  
Шәкірттерге сөз берген,  
Ақынның болды ұраны.  
Түпсіз терең көл болды,  
Жайқалған жасыл құрағы.  
Жүз шәкірті жұлдыздай,  
Ұстазы – айдай шырағы.  
Ікәят жазып әртүрлі,

Әсіл боп тұр мұраты, – деп жоғары көтере бағалағаны да оқырманға енді ғана мәлім болып отыр [6,19]. Италмас ақынның айтқан жобасы – шындыққа келеді. «Нұралы ақынның көзі тірі кезінде, оның термелерін, айтыстарын, дастандарын алып, батасын алған шәкірттерінің саны жүзге жеткен» деген дерек әлі де терең зерделеуді қажет етеді [6.19]. Италмас ақынның ауылы – Бөген өзені бойында. Ал Нұралының ауылы – Боралдай өзенін бойлай жатыр. Екі ақынның ауылын бір-ақ асу бөліп тұр. Италмас Нұралыны әрі ақын, әрі өз мектебін қалыптастырған ұстаз ретінде ашып көрсеткен. Бұл – өте дұрыс байлам. Егер Нұралының 84 дастан жазғанын (бұл - Қ.Амантаев келтірген дерек, әлі толық анықталмаған), жүздеген шәкірті болғанын есептесек, Италмас бағасының құнын түсінеміз.

Өзі қайтыс болған соң да, Нұралының өлеңдерін жаттап алып таратушылар өте көп болғандығын, ақынның өзі арнайы мақсат қоймаса да, өзіне тән жыршылық-дастаншылдық әдеби мектебінің қалыптасқандығын анық пайымдауға болады. Нұралының термелерін, дастандарын жаттап алып, оны жиын-тойларда айтып, халыққа насихаттап жүрген ақын-жыршылар қызметі әлі күнге жүйеленіп, бір ізге түспегендігін де ескерте кетеміз.

Нұралының термелерінің көлемі – қанша жол екені әлі анықталған жоқ. Енді ғана табылған біздің қолымыздағы ақынның көлемді термелерінің өзі (көпшілігі дін тақырыбында) отыз екі. Нұралының айтыс өлеңдерінің саны біздің анықтауымызда – бесеу. Нұралы дастандарының анық санын әзірше мөлшерлеу де мүмкін емес болып отыр.

Ақындыққа бет қойған алғашқы кезеңінде ақын өзіне жол көрсетер ұстаз іздей бастайды. Осы талаптың қабатында Нұралы ақындықты ерте бастаған, «молда» атанған Байшопанұлы Жылқыбай ақынға ұшырасады. Жылқыбай – ақындарға ұстаз болған, шәкірт баулыған, өзі жазып шығарған термелерін, дастандарын шәкірттеріне жаттатып жүретін дағдысы болған, әдебиет тарихында тиісті зерттеліп, бағасын ала алмай келе жатқан ақындарымыздың бірі. «Жылқыбайдың мұндай жақсы қасиеттерінен әсер алып үйренген Нұралы оның өз қолжазбаларынан «Орақ-Тағай», «Заман хан», «Арша хан», «Жәнібек-Мақпал», «Асқарбай-Сарыбек», «Ораз молда», «Салиқа қатын» сияқты дастандарын үйренген» [7,14]. Бұл мәліметтен Нұралы ақынның алғашқы ұстаздарының бірі – Жылқыбай ақын деп топшылауға негіз бар.

Нұралы 1890 жылы Жаныс руының Құлбәйімбет деген елінен Текебай дегеннің от жетідегі Зылиха деген қызын алып қашады. Бұған қалың мал табу үшін мұсылмандардың

қасиетті мерекесі болған Ораза айында, анығы 1891 жылы Ташкент, Піскент, Тойтөбе, Әлімкент, Шыназ, Шыршық өзенінің бойындағы елдерді аралап, жарамазан айтып, табыс тауып, бір айда еліне қайтады. Осы сапарында Өзбекстан мен Қазақстанның шекарасы іспетті Қышкөпір деген жерде Нұралы Майлықожаға кездеседі. Майлықожа Нұралының жарамазанын тыңдап алып, «Өленің шарифат сөздерінен алынған мәнді сөздер екен. Бірақ өленіңнің «жастығы» байқалмайды. Сонда да ақындығың ұшқындап тұр екен» деп, жоғары бағалайды [8,12]. Көреген Майлықожа Нұралыны жібермей, сол күні қонақ қылып күтеді. Нұралының өз аузынан «Құйыршық», «Нәзгүлім», «Ханым сыры» дастандарын есіткен Майлықожа Нұралыға ақындық өнер жолынан көптеген өсиет айтады. —”Бойыңдағы ақындық өнерді желге ұшырып, сарп етпе, өленді кітап сөздерінен алып шығар, бісмілласыз бастама. Бісмілла – өлеңнің «жастығы» болады”– деген кеңесін береді. Мұның анық көрінісі – Нұралының «Бісмілла» туралы терең ойлы, діни-танымдық, бірнеше салмақты термелері бар. Мәселен “Бісмілла! сөздің шырыны” деген термесі:

–Бісмілла! сөздің шырыны,

Һәмма сөздің бұрыны.

Бісмілламен басталса,

Үзілер шайтан жұлыны.

Неше түрлі діндерде,

Хауа ана, Адам ұрығы.

Менің дінім жақсы деп,

Күндейді бірі біріні – деп, жалғасып кете беретін, 211 тармақтан тұратын көлемді туынды. Майлы ақын өлең шығарудың, дастан жазудың жөн-жосығын түсіндіріп, үлгі көрсетеді. Өзі шығарып, халық арасында айтып жүрген «Зарқұм», «Саудагер Марқұм», «Пайғамбардың ғарға кіргені», «Әбілда бала» секілді дастандарын береді. Қазақтың халық поэзиясын дамытушы екі алып Қышкөпір аузында тұңғыш кездесіп, бір тәулік бойы сөйлесіп, пікірлесіп, тәжірибе алмасады. Жаяу-жалпы келе жатқан Нұралыға Майлықожа бір ат мінгізіп, көптеген кітаптар сыйлап, батасын беріп шығарып салады. Кейін Нұралы Зылиқаның қалыңмалы үшін осы атты Текебайға мінгізген екен. Бұдан Нұралының ақындық жолындағы ұстаздарының тағы бірі, дастаншылдық қарымын таныған, эпикалық өнерге баулып, тәлім-тәрбие берген, Нұралы талантының ашылуына сеп болған Майлықожа екендігін түйсінеміз.

Ал Нұралының Шәді ақынмен шығармашылық байланысы туралы қолжазбада мынадай дерек бар. Шәді Нұралымен жасы тетелес, шығыс тілдерін білуі, игеруі жағынан оған жетер ақын Оңтүстікте көп болмаған. Шығыс тіліндегі кітаптарды қазақ тіліне көп аударған, Оңтүстік аймақтық мектебіндегі шығыс шайырлық дәстүрінің білгірі, оның Нұралыға да шығармашылық әсері көп болған. Мәселен, бірде Нұралылар Шәдінің үйіне түсіп, қонақ болады. Шәдінің қыздары дастархан жайып, шай беріп отырып, өлең айтыпты. Бұл – әрі сол кездегі қадірлі қонаққа көрсетілер құрмет, ілтипат нышаны. Оның үстіне кез-келгенге өлеңмен сыйлық жасау бола бермеген. Қыздарға жауап, қонақ кәде ретінде Нұралы да біраз өлең айтыпты. Отырыс қыза келе, Шәдінің қыздары Нұралыға өлеңмен жұмбақ айтады.

Бір таулардан кей таулар биік тұрған,

Мазмұны төбесінде күйіп тұрған.

Құданың құдыретіне тамаша еттім,

Бірдеме етегінде сиіп тұрған.

Нұралы жұмбақтың шешуін табан астында тауып:

Ә, шіркін! Пәле, рахмет сөзіңізге,

Әттең жігіт болмадым кезіңізде.

Самауырдың шүмегін жұмбақ қылдың,

Шүмек керек болғандай өзіңізге, – деп, жауап қайырады. Бағанадан қыздары мен Нұралының аяқ алысын бақылап отырған Шәді сөзге араласып: – Тілің өткір екен, бірақ өленіңнің «жастығы» жоқ – деп, алдыңғы Майлының сөзін бұл да айтады. «Жастығы жоқ» дегені – өлең құрылысында арабша аят, Пайғамбар Хадисінен сөз қоспайсың, шарифат кітаптарының тілімен сөйлемейсің дегені. Шығыстық мектептің шайырлық үлгісіне



тән мұндай тәсілді XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы Оңтүстік мектебінің кез келген өкілінен табуға болады. Міне, осыдан бастап, Нұралы мен Шәдінің қарым-қатынасы, сыйластығы өмірден қайтқанша үзілмеген [9,17].

Нұралының ақындық шабытының, жазып шығару мәнерінің пердесі шығыс әдебиетінің қайнар үлгілерімен кеңінен танысқан соң тіпті ашыла түседі. Ешбір жыршы, ақыннан күрделі һәм оқиғалы, қызық та тартымды, қазақи салтқа жақын дастанға тұщымай жүрген Нұралы енді өзі жазып шығаруға бет ұстайды. Ел аралап, салт құруға бейімделеді. Осыдан бастап, жаттаумен шектелмей, өзі жазып шығарып, ол дастандарын, термелерін жас ақындарға немесе ақындыққа бейім жастарға беріп, үйретуді де бастайды. Бұл әдіс – өлке ақындардың ішіндегі Нұралының аса терең дамытқан үлгісі екендігін бөліп айтамыз. Нұралы осы жолға түскен 1875 жылдан бастап, алғашқы үш жылда көзге түсерліктей, даңқты шығарма бере алмайды. Ол кез үйренумен, төселумен өтеді. Және беташар, жарамазан, бәдік өлеңдер, біреудің атынан арнау, жоқтау өлеңдер шығарып бергені байқалады, айтыстары мен термелері дүниеге келе бастайды. Шығыс әдебиетіндегі прозалық шығармаларды поэзия тілімен сөйлете бастайды. Италмас, Майлықожадардың дастандарынан сюжеттер алып, өзінше жырламақ болады. Осының өзі де алғашында Нұралының өз ауылы мен айналасындағы жарлы-жақыбай, қарапайым өлеңге әуес жандардың өміріне біршама талшық болған.

Қолжазба деректен анықталып, Нұралыға ең алдымен шәкірт болып, дастан жаттаушылардан бізге кейіннен мәлім болғандары: Төлебай (Ысты), Ырысбай (Сіргелі), Мырзабек – Қызыл жыршы (қоңырат), Ыбырайым (Найман), Дүйсен (Қоңырат), Тәш (Темір), Оспан (Шанышқылы, Ташкенттік), Оспан (Шоқай), Ебелек (Қаңлы), Жапай (Сіргелі), Ержан (Алшын, Қызылордалық), жақын інілері: Өтебай, Шопак, Кендірбай кейінгі толқын шәкірттері: Ақпан, Нәби, Көпбай тағы басқалар [17, 21]. Мұны ақынның өзі де кейіннен:

– Ұстаз боп көп ақынға сөз үйреттім,

Сыртылдақ болған шақта буындары-деп, – атап көрсететіні бар [17,25].

Нұралының алғашқы он үш жылдық шығармашылық еңбегінің қалыптасу жолын түйіндей келгенде аңғаратынымыз: тарихи жаттау жады керемет мықты болғандығы аңғарылады.

Қ.Амантаев дерегінде ақынның жаттаған, шығарған дастандары: «Пайғамбардың әбу Жәһилмен күрескені» (Қырықбала), «Кесік бас», «Пайғамбардың ғарға кіргені», «Әбу Шаһма», «Саудагер Марқұм», «Әбу Шаһма», «Әмір Әмзе», «Ханым сыры», «Ұры мен Аяр», «Нәзгүлім», «Зейніләбиден», «Төрт ұста», «Мақсұтхан», «Күнім хан», «Байрам», «Әңгүр», «Түснама», «Шын патшасы», «Кейкауыс», «Мамыр патша», «Мәлік Раян патша», «Сағира й Мұшпұқ», «Ағалық», «Даһия шаһ», «Қоқан патша», «Шайқабір патша», «Қожа и Мәнсүр», «Сегіз патша», «Үш мұңлы», «Мұңлы Сейіл», «Сәдуақас сақы», «Әбдімәжит»-тағы осы сияқтылар [2,8].

1930 жылдары хатқа түскен біздегі қолжазбада Нұралы ақын осы аталған дастандарының алғашқы жетеуінің мазмұның Майлықожадан, ал бұдан соңғы үш дастанның мазмұның Италмас ақыннан алғандығы айтылған. Қалғандарын арап, парсы, иран, түркі тілді кітаптардан қазақ тіліне аударып, дастанға айналдырған. Майлықожа мен Италмас ақын нұсқаларын Нұралы ақын өзінше өзгертінкіреп, өңдеп, жазып шығарған.

Ел ішінде XIX ғасыр мен XX ғасырдың 30 жылдарына дейін «Пайғамбардың Әбу Жәһилмен күрескені», «Кесік бас», «Пайғамбардың ғарға кіргені», «Саудагер марқұм» секілді дастандардың нұсқалары көп болған секілді. Мұның себебі: біріншіден, бұл дастандардың Майлықожа, Нұралы нұсқалары сол күнге дейін жоғалмай жеткендігі; Әсіресе, кеңестік колхоздастыру кезеңінен басталған отарлау-орыстандыру саясатының 1937 жылғы репрессияға ұласқан аралығында «дін – апиын» деген айдарлы желеумен эпикалық мұраларымыздың тамырына балта шабылғаны мәлім. Тіпті, мағынасын білмесе де, араб һарпімен жазылған түрлі Хадистер мен аяттар, Құран кітабын үйінде сақтағаны үшін де жазықсыз талай жанның Итжеккенге айдалғанын білеміз. Екіншіден, аталған дастандарды қолына түсіре алмаған, тек оқиға желісін естіген кейбір ақындар сол дастанның ізімен жазып, өзінше жырлағандары да көптеп кездеседі. Қай дастан, қай ақындікі деген таластың көп болуын да заңдылық деп қабылдаймыз. Мұның көрінісі әлі де бар. Өйткені, қайсыбір ақынның

шығармасын қолға түсірген адам, сол дастанның жарық көрмегенін білсе-ақ, сол тапқан ақындікі деп шамалап пікір түюге негіз береді. Сондықтан дастанның түпкі авторларын табу үшін дастанның жазылу стиліне, жырлау мәнеріне, оқиға құру шеберлігіне, тіпті буын, бунақ, ұйқас түрлеріне де, қолжазбалардың хатқа түсу мерзімі мен жинаушылардың берген жанама деректеріне де айрықша назар салмақ керек. Бұл белгілер автордың басқа шығармаларымен салыстырып қарағанда-ақ тайға таңба басқандай анықталып шыға келмек. Міне, осы мәселелер айқындалмағандықтан Италмастың терме-толғауларын Майлықожаға, Сүйіндіктің мысалдарын Мұсабекке, Майлықожаға, Нұралының дастандарын Майлықожаға немесе Шәдіге т.б. теліп жіберу – осындай басы ашылмаған, түпкілікті салыстырыла жүргізілмеген зерттеулердің болмағандығынан деп санаймыз. Мәселен, «Кесік бас» дастанының әуелгі шығарушысы XIX ғасырда өмір сүрген, қаңлыдан шыққан Баймұрат ақындікі деген дерек береді Қ.Амантаев [2,18]. Ал «Шеризат» дастаны «Бектұрғанұлы Белгібай ақынның төл шығармасы. Бекеннің тірі кезінде мен ол кісімен көп сөйлестім... «Шеризатты» Бекен әуелінде «Мұңкінше жетім» деп шығарған екен» [2,19] деп жазады. Бірақ, Белгібайдың Италмас ақыннан көп кейін өмір сүргенін есептесек, Италмастың «Шеризат» дастанының оқиға желісін ала отырып, өзінше жырлап шыққандығы болар деп санаймыз. Фольклорист ғалым Қыдырәлі Саттаровтың анықтауынша: «Нұралы Нысанбайұлы... арап, парсы, тәжік, ауған тілдеріне жетік болған. Естігенін жаттап алатын дарын иесі. Шығыстың классикалық поэзиясын, ертегі-аңыздарын көп оқыған. Оның бірқатарын қисса, дастан етіп, нәзира түрінде жырлаған. Жыраудың өзі жазып, өңдеп, жырлаған шығармалары: «Жаһангер жетім», «Құбыл», «Қымын», «Шәкір-Шәкірат», «Мұңлы-Сейіл», «Үш мұңлы», «Манат-Жанат», «Зайтұлы», «Құлқаныс-Зеберше», «Орақ-Тағай», «Әзірет Әлінің Пұсайылды дінге салғаны», «Әзірет Омар баласын дүреге жатқызуы», «Дотан бала», «Кесік бас», «Шақ-шақ таз», «Қымыз», «Бала шер», «Жаһанша ұлы Жаһанша жетім», «Өмір Әмзе», «Сауда ишан», «Ханым сыры», «Қара құл» т.б. көптеген қисса түріндегі эпикалық шығармалардың көбін өзі шығарған, өңдеп, өңін келтіріп, жырға ұластырған. Нұралының «Ханым сыры», «Қара құл» дастандары Ташкент мұғалімдер семинариясының оқытушысы Я.Лютш 1883 жылы құрастырған «Қазақ хрестоматиясына» енген» - деп жазады [10,11]. Мұндағы фольклорист ғалымның атаған 21 қисса-дастандарының ішіндегі «Зайтұлы» деген дастан шындығында «*Зәйт ұры*», ал «Манат-Жанаты» кәдуілгі жұртқа етене таныс «*Полат-Жанат*», болуы керек деп санаймыз. Көпшілік оқырманға әлі белгісіздеу «Орақ-Тағай» дастаны Жылқыбай Байшопанұлының төл шығармасы, ал Нұралының шығарғаны «Әмір-Тағай» деп аталады. Себебі, бұл мәліметтер 1930 жылдарға дейін хатқа түскен біздің қолымыздағы қолжазба деректер мен мәтіндерді салыстырып қарағанда-ақ белгілі болады. Қ.Саттаров Нұралының шәкірттері деп: «Айнабек Нысанов, Көпбай Әлімбетов, Зұлпықар Балғабаев, Әбіш Байбосынұлы, Қылышбай Ержанұлы, Желеу Жақыповтарды» атайды [10,12].

Нұралы шығармашылығын тұтастай қарастырғанда оның үш түрлі бұлақтан сусындағанын, әдеби мұраларының жазылу тарихының да үш түрлі кезеңін анықтауға болады. Нұралы сусындаған үш бұлақ: халықтың бай ауыз әдеби мұралары; өзінен бұрынғы өткен, өзімен тұстас қазақ ақындарының дастандарын өңдеп, жырлап шығуы және терме, айтыстары; Шығыс кітаптарынан алынған сюжет желілерін өңдеп, дастанға айналдыруы десек, ақын мұраларын жазылу кезеңдерін: алғашқы кездегі шығармалары; 1904-1916 жылдар арасында туған дүниелері; 1917 жылдан кейінгі туған шығармалары деп топтастыруға негіз бар.

Бұл деректерді қорытып, түйіндей келгенде, Нұралының көл-көсір мұраларының жазылу тарихын анықтау, дастаншыл дарынның бүкіл мұраларын жинастыру, зерделеп-зерттеу, кітаптарын бастырып шығару, көпшілікке таныту бағытындағы жұмыстар – жаңа ізденістерге жетелері хақ. Қазығұрт-Қаратау аймақтық мектебі ақындары мұраларының қомақты бір бөлігін құрайтын Нұралы ақын шығармашылық қызметін жаңаша зерделеу де кезек күттірмес міндетке айналып отыр. Ақын мұраларын толықтай жинастыру, бір ізге түсіру, зерделеу бағытындағы жұмыстар жалғаса бермек.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Өмірзақов С. Арысбаев Ә. «Нұралы ақын». – Шымкент: «Әлем», 2019, 8 б;
2. Қ.Амантаев қолжазбалары. № 4 дәптер, 5-6, 8, 18, 19 бб, 1940 жыл.
3. Италмас Түнқатарұлы. Шығармалары. – Алматы: «Нұрлы әлем», 92 том, 2013, 9 б;
4. “Қазығұрт” ҒЗО қолжазбалар қоры. 1 бума, 1-дәптер, 11 б;
5. “Қазығұрт” ҒЗО қолжазбалар қоры. 1 бума, 2-дәптер, 12 б;
6. Италмас Түнқатарұлы. Шығармалары. – Алматы: «Нұрлы әлем», 93 том, 2013, 13, 19 бб;
7. Жылқыбай Байшопанұлы. Шығармалары. – Алматы: «Нұрлы әлем», 71 том, 2013, 14 б;
8. Майлықожа Сұлтанқожаұлы. Шығармалары. – Алматы: «Нұрлы әлем», 74 том, 2012, 12 б;
9. “Қазығұрт” ҒЗО қолжазбалар қоры. 3 бума, 1-дәптер, 17, 21, 25 бб;
10. Қ.Саттаров. Діни дастандар. – Алматы: «Ғылым», 2010, 11, 12 бб.

**ӘОЖ:821.512.122**

## **БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛІ СҮЙЛЕМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

**Ф.Б. Есенова**

Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Жүсіпбек Аймауытов атындағы орта мектебінің орыс сыныптарында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бұл тарауда ой білдіру жағынан болсын, құрылысы жағынан болсын кей уақытта құрмалас сөйлем моделімен астарласып жататын бірыңғай түрдегі синтаксистік конструкцияларды сөз етеміз.

Сөйлемде хабарлаған бірыңғай қимылдардың осылайша бір грамматикалық бастауыштардың төңірегіне жинақталуы, қазірде қазақ тіл білімінде танылып жүргендей, сабақтас құрмалас болып ұсынылмай, күрделенген сөйлемнің бірыңғай мүшелі түрін аңғартады. Осы тектес сөйлемдердің табиғатын ани білуде әр бір компоненттегі бастауыш-баяндауыштың негіз шешуші критерийге алынбай, көбінесе баяндауыш сөздерінің қолданысы есепке алынады. Осыдан келіп жоғарыдағы сөйлем қарсылықты бағыныңқыға жатқызылып жүр. Бірыңғай мүшелі сөйлемдер мен сабақтас құрмаластың ара жақындығының өзі де осыдан келіп шығады. Сондықтан да мұндай тұлғалас ұқсастықтарды бір-бірінен өзара саралай қарауымыз керек. Талдап отырған сөйлеміміздегі хабарланған оқиға желісі бір ғана субъектінің (шешім) төңірегіне жинақталып, оның алуан түрлік қимылдың сипатын өзара саралай көрсетілгендіктен де, мұндай конструкцияны бірыңғай мүшелі күрделенген сөйлемдердің қатарынан танитын боламыз.

Бірыңғай мүшелі сөйлемдердің күрделенген сөйлемнің қатарында қаралуының өзіндік тарихы бар. Бұл тарих жалпы тіл білімінде осы конструкцияға байланысты орын алған жайлармен тығыз астарласып жатыр. Солардың қайсы бірлеріне үңіліп қаралықшы.

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері орыс тіл білімінің тарихында ең алғаш көп жылдарға дейін біріккен сөйлемдер (слитное предложения) деп қаралып келінді. Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін екі не оданда көп сөздердің өзара бірге қосылуынан пайда болады деп түсінген – ді. Әрине, мұндай түсініктен бірыңғай мүшелі сөйлемдердің табиғатын дұрыс ашып бере алады деп айта алмаймыз. Қайта бірыңғай мүшелер «екі не оданда көп сөйлемдердің бірігуінің нәтижесі» деген ұғымнан оның құрмалас сөйлемге жатқызылатыны аңғарылып тұрады.

Бірыңғай мүшелерді құрмалас сөйлемге жатқызушылық А.Х.Востоктың еңбегінде ашық айтылған.

Профессор А.М.Пешковский өзінің «Русский синтаксис в научном освещении» атты белгілі еңбегінде бірыңғай мүшелі сөйлемді құрмаласқа жатқызбағанмен де, олардың арасындағы өзара жақындықты теріске шығармайды. Тіпті кейде автор бірыңғай мүшелерді жай сөйлем мен құрмаластың екі аралығындағы сөйлем деп те қарайды.

Профессор А.М.Пешковский аталған еңбегінде брыңғай мүшелі сөйлемдерді біріккен сөйлем деп қарайды да оған арнаулы тарау бөлген. Автордың осы жайлы баяндауларына мұқият назар аударып байқасақ, біріккен сөйлемнің өз екі жақты тексеріледі: бірі- біріккен сөйлемдер де , екіншісі – бірыңғай мүшелер. Алғашқысына сөйлем мүшелерінің жалғаулықсыз тек дауыс ырғағымен бірыңғай байланыса жұмсалған түрін жатқызады да, соңғысына бірыңғай мүшелердің жалғаулықтар арқылы ыңғайласқан жолын жатқызады. Бірыңғай мүшелі сөйлемдер профессор Екі жақты қарала тұрса да, сайып келгенде, автор екеуінің бсын түйістріп, біріккен сөйлем деп атайды. Зерттеушінің ұғымында біріккен сөйлем үлкен де, бірыңғай мүшелер соның қарамағына кіреді. Сондай-ақ бір сөйлемнің ішінде әрі дауыс ырғағы арқылы тең байланысқан бірыңғай мүшелер, әрі жалғаулықпен келген бірыңғай мүшелер болса, барлығын жалпы түрде «біріккен сөйлем» деуді ұсынады.

Бірыңғай мүшелік конструкцияларды біріккен сөйлем деп қараушылық не болмаса құрмалас сөйлем деп танушылық соңғы кездердегі еңбектерден де кездесіп қалады. Синтаксиске арналған бір еңбегінде бірыңғай мүшелі сөйлемдерді бірікке сөйлем қтарында талдайды.

Сөйтіп, жалпы тіл білімінде бірыңғай мүшелі сөйлемдердің табиғаты жайында әр түрлі түсініктемелердің болғандығы осы бір шағын ғана шолудан байалып тұрғандай. Тіпті қазіргі кездің өзінде орыс тілінде «поедшь не ты, а он» тәріздс сөйлемдерді біреулері бірыңғай мүшелі сөйлем деп таныса, енді біреулері (көпшілік) құрмаласқа жатқызатындығын Е.В.Крупнова дұрыс көрсеткен.

Бір мүшелі сөйлемдерді тани білудегі осындай қиыншылық қазақ тіл білімінде де әсерін тигізбей қойған жоқ.

Міне, бұл айтылған жағдайлар бірыңғай мүшелі сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдердің ара қатынасында кездесіп қалатын осындай қиыншылық, ұқсастықтардың барлығын аңғартса керек.

Сөйлемнің қай мүшелері болса да бірыңғай түрде жұмсала береді. Алайда осылардың ішінен құрмалас сөйлем категориясымен кейде жақындасып, астарласып кетуіне әсіресе бірыңғай баяндауышты түрі икем келіп тұрады. Өйткені осындай конструкцияда келген сөйлемдер бір бастауышқа ортақтасып, негізгі қимыл иесінің әр түрлі аалдық сипатын білдіре жұмсалады. Ал ортақ бастауышты осындай сөйлмдердің кейбіреулері қазақ тіл білімінде күні бүгінге дейін біреулерімен жай сөйлем, енді біреулерімен құрмаластың төңірегінде танылып жүргені белгілі. Сөйлемнің осы түрінде оның бірыңғай баяндауыштары тиянақты және тиянақсыз тұлғада келіп отырады. Алғашқысында салалас құрмаластың кейбір заңдылықтары байқалса, соңғысында сабақтас сөйлемнің модельдік ұқсастықтарының нышаы білінеді. Мына бір сөйлемің құрылысына назар аударарлық:

Инженер Рахмет үйіне келіп төсекте отырды. Ойланды, мойнын төмен түсірді, біруақытта басын көтеріп алды.

Екінші сөйлемді салалас құрмалас деп танушыларда жоқ емес. Шындығында бұл сөйлем - бірыңғай баяндауышты жай сөйлем. Әрбір синтаксистік бөлшектердің баяндауыштары бір грамматикалық бастауыштың (Рахмет) мазмұнын әр түрлі қырынан көрсетіп тұр. Осындай сөйлемдердің өзаралық қатынасыбаяндауыштардың бірыңғай тұлғада ыңғайласа айтылу немесе жалғаулықтар арқылы байланы жұмсалады.

Үйге келсе Мұратын ермек етеді, оның тілін қызық көреді, ертегі айтып береді, ойнатады.

Астымдағы жас тағы қайтса де мені лақтырып тастамақ боп істемеген айла шарғысы, көрсетпеген мінезі қалмады: біресе тік шаншылып алға шапшиды, біресе артқы екі аяғын аспанға көтеріп басынан аунап түспек болады, біресе оқыс былай жалтарады, біресе күрт олай бұрылады; біресе ерін бауырына алып тулаған асау байталдай бар пәрменімен оқырақтап аспанға атылады.

Міне, осындай тиянақты тұлғадағы бірыңғай баяндауышты сөйлемдер сыртқы құрылысы жағынан салалас сөйлемдерге ұқсап жатады. Бұл жйға ерте уақыттың өзінде –ақ тіл білімінде назар аударылған болатын. Мәселен , профессор Н.Ф.Яковлев чечен тілінің

салалас сөйлемдерін талдауға келгенде, олардың бірыңғай мүшелі сөйлемдермен жақындасып жататындығын айтады.

Бірыңғай мүшелі сөйлемдер мен салалас құрмаластарды өзара ажыратып отырудың қажеттігін М. Балақаев да көрсетеді.

Бірыңғай мүшелі сөйлемдегі бірыңғай баяндауыштар тиянақсыз формада жұмсалғанда, олар сабақтас құрмаластың құрылысымен жақындасып келеді. Тиянақсыз тұлғадағы бірыңғай баяндауышты сөйлемдер синтаксистік оралымлар арқылы жасалады.

Сонымен., жоғарыда талданған сөйлемдеріміз сыртқы құрылысы жағынан кейде құрмаластардың табиғатымен астарласып жатқандығымен, олар бас мүшелердің негізінде өзара ажыратылып отырады.

Бірыңғай мүшелі сөйлемдер бір грамматикалық бастауыштың негізінде құралады. Алайда осы бір заңдылық кейде ескеріле бермегендіктен, осындай сөйлемдер кейбір еңбектерде құрмалас сөйлемдердің қатарына танылып қалады. Бірыңғай мүшелі сөйлемдерге байланысты осындай түсінік әсіресе төңкеріске дейінгі еңбектерден орын алған болатын.

Профессор М.Балақаев бірыңғай мүшелі сөйлемдерді күрделенген сөйлем деп атайды да оның әсіресе бірыңғай баяндауышты түрін жай сөйлем мен құрмаластың екі аралығында тұрады деп түсіндіреді.

Ғалым профессор Р.Әмір сөйлемдегі бірыңғай мүшелер туралы ұғым мектеп грамматикасынан белгілі дейді. Бірыңғай деп грамматикалық қызыметі жағынан грамматикалық формасы жағынан, грамматикалық байланысы жағынан ыңғайлас келген мүшелерді атаймыз. Бірыңғай мүшелер өзара салаласып байланысады. *Әне, қалын мұнарға шомып туған ауылы, өскен елі жатыр* (О.Б.).

Бірыңғай мүшелі сөйлемдер – күрделі ойды, бірнеше сөйлемді сиыстырып білдірудің амалы. Олардың құрмалас сөйлемнің функциялас сыңары деп те атауға болады. Көп жағдайда сөйлемді бірыңғай мүшелі етіп құрау неесе оны құрмалас етіп тарату сөйлеушінің сөйлеу мақсатына бағнышты болады. Мысалы, *Рас айтасыз, бұл дүниеде бабадан не қалған, атадан не қалған* (М.Ә.). Бұл құрмалас сөйлемді «*Рас айтасыз бұл дүниеде бабадан, атадан не қалған*» деп те бірыңғай мүшелі жай сөйлем етіп құруға болар еді. Ойды құрмалас сөйлем арқылы айту сөзе риторикалық сипат беру үшін қызмет атқарып тұр. Мына сөйлемнің құрмалас болып, бірыңғай мүшелі болмай құрылуы да осы мақсатқа байланысты: *Сырым, естір сөзді сен де естідің, мен де естідім.* (М.Ә.). Бұны бірыңғай мүшелі жай сөйлем ретінде құрағанда ілгерідегі ритім жоғалады: *Сырым, естір сөзді сенде естідің мен де естідім.*

Бірыңғай мүшелі сөйлемдердің осы екі аралық сипатына сай тіл білімінің оны тануында түрлі пікір орын алып жүр. Бірқатар тілшілер бірыңғай бастауыш, тұрлаусыз мүшелері бар сөйлемдерді жай сөйлем қатарына жатқызады да, бірыңғай баяндауышы бар сөйлемдерді салаласқұрмалас сөйлем деп таниды. Дәлелдері – бұл баяндауыштың әр қайсысы дара-дара предикативтік қатынасты білдіреді дейді.

Құрмалас сөйлем мен бірыңғай мүшелі жай сөйлемнің айрмасы құрылысында. Құрмалас сөйлемге компонент ретінде жай сөйлемдер қатысады, әр компоненттің құрамында дара бастауыш, баяндауышы болады. Бірыңғай баяндауыштар бір баяндауышқа қатысты, сондықан бұл құрамдағы конструкция жай сөйлем қатарына жатбы.

Қай сөйлем болмасын, олардың ішінде бірыңғай мүшелердің күрделеніп келе беруі мүмкін. Бұл, әрине сөйлемнің аумағын да кеңейтеді, мазмұндық желісін де күрделендіре түседі, алайда мұндай құбылыс оны екінші бір синтаксистік категорияға (құрмалас сөйлемге) айналдырып кете алмайды. Әр қайсысының өзіндік грамматикалық заңдылықтары бар: бірыңғай мүшелер негізгі бір сөздің төңірегіне жинақталса, құрмаластың әрбір компоненті сөйлемдік ыңғайда жұмсалады. Осындай заңдылықтар сөйлем тани білу принципіне ескеріліп отырылғаны жөн. Мұның өзі кейбір синтаксистік категориялардың ара қатынасын дұрыс ажыратып отыруға мүмкіндік туғызады.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Қазақ тілінің грамматикасы. Алматы: - Ғылым, 1967, - 236 б. II бөлім. Синтаксис.

2. Қазақ тілі. Энциклопедия.
3. Балақаев. М. Қордабаев. Т. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 340 б.
4. Әмір. Р. Әмірова. Д. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Санат, 1998. – 192 б.

**ӘОЖ 82-31:821**

## **ҚАЗАҚ- ТҮРІК МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ӨЗІНДІК ЭТНОМӘДЕНИ САБАҚТАСТЫҒЫ**

**А.К. Хамбетова**

БҚО, Орал қаласы, Х.Доспанова атындағы №30 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

*Мақал-мәтелдер әдеби тілдің көркемдігін, байлығын, бейнелілігін көрсететін лексикологиялық категория. Олар ұлт тілінің гана емес, ұлт мәдениетінің көрсеткіші. Қазақ және түрік тіліндегі мақал-мәтелдер сан, сапа жағынан әр түрлі, сонымен қатар ұқсастықтары да көп. ММ ұлттық менталитеттің белгісі, қазақ, түрік этносына тән дүниетаным, эстетикалық тағылым мен мәдениеттің көрсеткіші.*

*Тірек сөздер: мақал-мәтелдер, ұлттық менталитет, дүниетаным, эстетикалық қабылдау және қазақ пен түрік этностарының мәдениеті.*

*Пословицы и поговорки являются лексикологической категорией, которая демонстрирует красоту, богатство и образность литературного языка. Они служат показателем не только национального языка, но и национальной культуры. Пословицы и поговорки на казахском и турецком языках различаются по количеству и качеству, но в то же время имеют много общего. Они являются символом национального менталитета и представляют собой особенности мировосприятия, эстетического восприятия и культуры казахского и турецкого этносов.*

*Ключевые слова: пословицы, национальный менталитет, мировосприятия, эстетического восприятия и культуры казахского и турецкого этносов.*

Қазақ және түрік ұлты тамыры бір, сонау көк түріктер заманынан бастау алған, тарихы тым тереңде жатқан ағайынды халықтар. Тіл тарихы - ұлт тарихы. Қазақ тілі ұзақ тарихи даму үдерістерін бастан кешірді. Түркітануда «орта түркі кезеңі» деп белгіленген X-XV ғасыр аралығын қамтитын кезең түркі тілдерінің қалыптасу, дамуында айрықша рөл атқарған маңызды дәуір. Көшпелі тайпалардың арасындағы талас-тартыс, қырғи-қабақ соғыстар олардың тығыз араласуы, қыпшақтардың күшею, оғыздардың Еуропаға қарай ығысуы этностардың тілінде өз ізін қалдырды. Орта ғасырлық қыпшақтар тарихын арнайы зерттеген С.М.Ақынжанов: “әр түрлі тарихи деректерге қарағанда, Қазақстан даласының солтүстік аймақтарында XI-XII ғасырларда түркі тайпаларының басында хан билігі бар қыпшақтар конфедерациясы қалыптасты” - деп тұжырымдады [11]. Қыпшақтар ұлан байтақ территорияны игеріп Балқаш көлінің жағалауларындағы жазық далалардан бастап Солтүстік Кавказ таулары мен Қырым қырқаларына дейінгі аралықты мекендеді. Мафазат әл-гузз (оғыздар даласы) атауының орнына Дешті-қыпшақ (қыпшақтар даласы) атауы пайда болды. Қыпшақ одағына кірген түркі тайпалары қыпшақтанып, олардың тілдері қыпшақ тілінің ығында қалып, қыпшақ тілі тұтас мемлекеттік, тіпті халықаралық тіл деңгейіне көтерілді. Қыпшақ тайпалары Қытай қорғанынан бастап Шығыс Түркістан, Алтай таулары, Орта Азия, Еділ аймағы, Алтын Орда, одан әрі Еуропаға дейін тарады.

Монғол шапқыншылығы жаңа мемлекеттердің пайда болуына алып келді. Еуразия кеңістігіндегі елеулі өгерістер, әсіресе Жошы Ұлысының пайда болуы Шығыс Еуропа, Орта Азия және Сібір территорияларын мекендеген көптеген халықтардың қалыптасуы мен дамуында үлкен рөл атқарды. Жошы ұлысы туралы тарихшы Әл-Омари «Ертеректе бұл мемлекет қыпшақтар елі болған, бірақ татарлар жаулап алуынан соң қыпшақтар оларға бағынышты күйге түсті. Кейіннен татарлар қыпшақтармен біте қайнаса араласып, табиғи және нәсілдік ерекшеліктерінен жер жағдайы басым түсті де олардың барлығы нағыз қыпшақтарға ұқсап, бір атадан тарағандай болып кетті», - дейді. Кейін монғол үстемдігі кезінде құрылған Алтын Орда қыпшақтардың негізгі отаны болды. Бұл жерде М. Аджидің “Дешт-и-кипчак при новом монгольском правителе получил и новое имя – Золотая Орда, ...которая, как это ни парадоксально, целиком и полностью держалась на кипчаках” деген сөзінің маңызы зор.

Алтын Орда мемлекеті дүниежүзілік тарихта, әлемдік мәдениетте өзіндік орны бар іргелі де қуатты мемлекет еді. Бұл солтүстік-шығыста Бұлғар облысы, Еділдің орта және төменгі жағалауын, оңтүстікте Қырым, Кавказдың Дербентке дейінгі, тіпті одан да арғы далаларды, шығыста батыс Сібір мен Сырдарияның төменгі жағалауын алып жатқан кең байтақ ел болатын. Әуелде Жошы ұлысы ретінде дүниеге келген Алтын Орда Бату хан (1227-1255), кейін Берке хан (1257-1266) тұсында дәуірлеп, Мөңке Темір хан (1266-1280), Өзбек хан (1312-1342) мен Жәнібек хан (1342-1357) тұсында Еуразияның кең жазира даласында билік құрған қаһарлы мемлекетке айналды. Алтын Орданың нағыз гүлденген кезеңі – Берке хан мен Өзбек ханның билік жүргізген дәуірі. Берке ханның ислам дінін қабылдауы мемлекеттің дамуына игі әсер етті. Беркенің сарайына мемлекеттің төрт бұрышынан ғалымдар, ақындар, суретшілер келе бастайды. Қала мәдениеті өркендейді. Бұл жайында Э.Н.Наджиб былай деп жазды: “Арабские и персидские историки, побывавшие в Золотой Орде сообщают о многих ученых, писателях, богословах и поэтах, которые жили на территории Золотой Орды, занимались научной и литературной деятельностью. Ныне обнаруженные памятники материальной и духовной культуры Золотой Орды подтверждают высокую культуру вес центрах” [12]. XIV ғасырдың бірінші жартысында бүкіл елге мұсылман діні кеңінен жайылды. Өзбек хан қалалар, мешіттер, медреселер салуға көңіл бөлді. Алтын Орда сауда жолында орналасқан ең мәдениетті мемлекетке айналды. Алтын Орда мемлекетінің территориясын мекендеген халықтардың этникалық құрамы туралы әр түрлі мәліметтер бар. Түркітанушы П.М.Мелиоранский “Араб филолог о турецком языке” деген еңбегінде: “Золотая Орда состояла из смеси различных турецких и монгольских племен” деп көрсеткен. Белгілі ғалым Ә.Құрышжанов тарихи деректерге сүйене отырып, Алтын Орда халқының дені қыпшақ рулары болған деген қорытындыға келеді. Сол қыпшақтар қазақ халқының жеке этникалық топ болып қалыптасып, дербес ұлт ретінде тарих дастарханынан өзіне лайық орын алуына, сондай-ақ қарақалпақ, башқұрт, татар, ноғай, қырым татарлары, қарашай, балқар, құмық, қарайым, алтай, қырғыз халықтарының ұлт болып қалыптасуына игі ықпалын тигізді.

Поляк ғалымы А.Зайончковский XIII ғасырда түркі тайпаларының бәріне ортақ біртұтас **орта түркі қалыптасты** дейді. Дегенмен осы тұтас тілдің ішінен қыпшақ, оғыз диалектілері сол дәуірде-ақ белгі бере бастаған. Саяси аренада үлес салмағы басым болған қыпшақтардың тілі Жібек жолының бойында халықаралық тіл дәрежесіне жеткен. «Кодекс Куманикус» сияқты сөздіктер қажеттіліктен туындаған. Бүгінгі қазақ тілінің арғы тамыры көне қыпшақ тілі туралы ең алғаш мәлімет берген автор – М.Қашқари болатын. «Диуан лұғат ит – түрік» атты еңбегінде қыпшақ тілінің кейбір грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерін талдап көрсетеді. М.Қашқари түркі тілдерін зерттей келе XI ғасырда жеке қолданылған “қыпшақ тілі” болғандығын атап көрсетеді. Сонымен қатар, ол “қырғыз, қыпшақ, гуз, тухси, яғма, чығыл, арғу, йаруқ тайпалары – бәрі бірдей түрікше бір тілде сөйледі” деп жазады. Белгілі ғалым Н.Т.Сауранбаев осы деректерге сүйене келіп “бұл аталған тайпалар тілдері өзара бірігіп кетіп, бірегей тілге айналған да, ортасынан бір топтан қыпшақ тілін шығарған” дейді. Шынында да XII ғасырларда қыпшақ тайпаларының салмағы саяси аренада арта түсті. Қыпшақтардың мемлекеттік одағына әр алуан тайпалар бірікті. Қыпшақ тілі

сондықтан аралас тіл болды. Бірақ басқа тайпалардың тілінен гөрі үстем тайпа қыпшақтардың тілі гегемондық роль атқарды.

«Ұлттың ұлт болуына бірінші шарт –тіл», -деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, қазақ хандығы құрылған тұста оған қызмет ететін қазақ тілі де өсіп жетілген болатын. Аз уақытта қыранның қанаты талатын кең даладағы жартылай көшпелі қауымды бір мүдде, бір мақсатқа жұмылдыра алатын құдірет ғасырлар бойы қалыптаса келіп, бір тұтас ұлт тілі ретінде тарих сахнасына шықты. XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясында әдеби тілдің дәрежесін білдіретін көркем, айшықты сөз орамдар көптеп кездеседі. Мұның өзі ауызша әдеби тілдің тамыры тым әріде жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар осы әдеби тілдің бір ұшы көне түркі дәуірінен үзілмей келе жатқан түркілік жазба әдеби дәстүрде болса керек. XIV ғасырда, Алтын Орда дәуірінде жазылған жазба ескерткіштер тіліндегі қыпшақтық белгілер, қазақы таным-түсінігі көрініп тұрған тұрақты тіркестер, сөз жоқ нақты дәлел бола алады. Тұтас ұлттың инсандық (адами) келбеті тілінде, мақал-мәтелдерінде, фразеологизмдерінде, ділінде жатыр.

Қазақ және түрік мақал-мәтелдерін салыстыра зерделегенде олардың жалпы ұқсастығы болғанымен, екі халықтың өзіндік тұрмыс-тіршілігіне сәйкес, ерекше, дара ойлау логикасы бойынша қалыптасқан, дүниетаным тұрғысынан өзгешеліктері бар мақал-мәтелдер көптеп ұшырайды.

Мәселен, түріктер аш адамның ашуланғыштығын ескеріп, *Aştın ıymanı bolmaz* (аштын ыйманы болмаз)–«Аштын иманы болмас» десе, қазақтар «Үш күн ашыққаннан ақыл сұрама» дейді. Аузына келгенін былапыттап сөйлей беретіндерді түріктер *Ağzı bozuk, dilinin perhizi yok* (ағзы бозук, дилинин пәрһизи йок)- «Аузы дінсіз, тілінің оразасы жоқ» десе, қазақ халқы «Жақсы адам байқап сөйлер, жаман адам шайқап сөйлер»; «суық сөзді сұмырай айтады»; «жақсы тауып айтады, жаман қауып айтады» деп тұжырымдайды. Бұл мақалдардан екі халықтың да сөзге, дұрыс сөйлеуге жете мән бергенін байқаймыз. Дегенмен ой жеткізуде түрік халқының діншілдігін, ислам дінінің терең тарағанын, ислам мәдениетіне қазақтардан гөрі ертерек бет бұрғанын байқаймыз. Орта ғасырлық Осман империясы ислам дінін таратуда айрықша еңбек еткені тарихтан белгілі. Сонымен қатар қазақ пен түрік халықтары Алланы құлы, Мұхаммед пайғамбардың үмбеті екені хақ. Дегенмен түрік ағайындарда діннің тамыры тым тереңде. Сондақтан олардың мақал-мәтелдерінде Алла сөзі көп қолданылады. Мәселен *Allah adama ya akıl verir ya devlet*(аллаһ адама йа ақыл вэрир йа дэвлэт)- «Алла адамға не ақыл,не дәулет берер»; *Alla sabırlı kulın sever* (алла сабырлы кулин сэвэр)- «алла сабырлы құлын сүйер»; *Alla bermediyse, peygamber ne yapsın* (алла бэрмэдийсэ, пэйгамбэр не йапсын) – «алла бермесе, пайғамбар не істесін» т.б. Ал қазақ тіліндегі мақалдарда көбінесе «құдай, тәңір» сөздері көп ұшырасады. Бұл қазақтардың исламға дейін тәңірлік дінге сенгендігін көрсетеді. Байырғы түркілердің діни сенімдері Көктәңірге табынумен байланысты болған. Араб географы Әл-Мақдиси (X ғ) Орта Азия түркілерінің наным-сенімі туралы: «Түркілер «бір тәңірі» дейді, бұл «бір құдай» дегендері», -деп жазды. Қазақтар көне түркілердің жалғасы, сондықтан да көне наным сенімдер ислам канондарымен сабақтасып, үйлесім тапқан. Мысалы, Таңғы нәсіп-Тәңірден, Бекерден-бекер жатқаннан Тәңір безер; иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар; Хан құдай емес, қара қурай емес; Ханды құдай ұрғаны-халқымен жау болғаны, Биді құдай ұрғаны-билігі дау болғаны т.б.

Басшының көптігі кейде зиянға айналарын түріктер *İki kaptan bir gemiyi batırır* (ики каптан бир гэмийи батырыр)-«Екі капитан бір кемені суға батырар» десе, қазақтар «қойшы көп болса қой арам өлер» немесе «екі қошқардың басы бір қазанға сыймас» деп қорытады.

Ер жігіттің басында күнде дәурен тұрмайды, түзде мырза, үйде құл дегендей әр түрлі жағдаяттар басынан өтеді, ел әр түрлі бағалайды, бірде көкке көтеріп құрметтесе, бірде елеусіз қалдырады. Мұның бәрі өмірдің заңдылығы. Түріктер *Ak tenizde – kapiytan, al Mısırda –sultan* (ак тэниздэ капыйтан, ал мисирда султан)- «Ақ теңізде капитан, ал Мысырда сұлтан», десе, қазақтар «ердің аты туырлықтай, өзі бұлдырықтай», «арғымақ бірде жалды, бірде жалсыз, ер жігіт бірде малды, бірді малсыз», деп бағалайды.



Осы мақалдардан байқағанымыз түрік бауырлардың ұлы теңіздерді жағалап өмір сүргені байқалады. Осман сұлтандары өздерін қара жер мен сулардың патшасы деп жариялағанын білеміз. Орта ғасырларда түрік флоты ең айбынды флот болатын. Сондықтан да түрік мақалдарында **теңіз, кеме, капитан** сөздерінің айтылуы табиғи заңдылық, ұлттың өмір сүру сипатын, өткен тарихын білдіреді. Ал жоғарыда айтылған қазақ мақал-мәтелдерінен мал шаруашылығын жақсы игеріп, ой тұжырымын **қой, жылқы** сөздерімен салыстырып анықтап, дәлелдеп тұрғанын байқаймыз.

Осман империясының саяси-экономикалық өрлеуі мен құлдырауын зерттеген М.С.Мейердің тұжырымынша, Осман империясы, негізінен, XV-XVI ғасырларда құрылып, ерте ортағасырда қалыптасқан әрі мұсылман жолындағы Шығыстың көшбасшысы болуға ұмтылған және христандық жолдағы Батысқа қарсы тұрған ірі мемлекеттердің біріне айналды. Османдықтар өз мемлекеттігін құрып, өздерінің адамгершіліктік қағидаларға негізделген жаһандық әлеуеті мен дәулетін қалыптастырған. Сөйтіп, бүкіл адамзат өркениетіне ғасырлар бойы қызмет еткен.

Ал енді Қазақ энциклопедиясының мәліметіне жүгінсек, Осман империясы XIV ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейінгі дәуірде салтанат құрған, әлемдегі ең ірі империялардың бірі. Осман мемлекеті сонымен қатар дүниежүзі тарихындағы мемлекеттік құрылымын ең ұзақ мерзімге сақтай алған санаулы империялардың бірі және бірегейі.

Жалпы алғанда Осман империясының пайда болуы Осман әулетінің есімімен тікелей байланысты. Қазіргі түрік тілінде Османлылар деп аталып жүрген әулет оғыздардың Бозоқ тайпасы, Қайы руынан тараған. Үлкен империяның тірегі болған, жер-жаһанды жаулаған жұрт Осман түріктері деп аталған. Сондықтан да қазіргі түрік тілінде *Osman türkü arabayla tavşan avlar* (осман түркү арабайа тавшан авлар)-«осман түркі арбамен қоян аулар»; *Osman türkü nün ayagi üzengide olsun* (осман түркүнүн аяғы үзенгиде олсун)-«Осман түркінің аяғы үзенгиде болсын». Бұл мақалдар осман түріктерінің ерлік жолын, даңқты тарихынан, саяси әлеуетінен хабар береді. Қазақ тілінде «ерінбеген арбамен қоян алады» дегенде табанды кісінің әйтеуір бір мақсатына жететін білдіреді.

Жыл мезгілдері туралы мақал-мәтелдерден байқағанымыз, түрік ағайындар қыс мезгілін онша ұната қоймайтын сияқты. Оған *Jaz –jannattın, kış- jahannamnın nişanı* (йаз йаннаттын, қыш йаһаннамның нишаны)-«жаз жаннаттың, қыс жаһаннамның нышаны»; *Zemheride kar yağmadan kan yağması iyi* (зәмһәридә кар йағмадан кан йағмаси ийи)-«Қыста қар жауғаннан қан жауғаны жақсы». Түрік елі жылы теңіздердің жағасында, жанға жайлы климатта орналасқан, сондықтан салқын қысты ұната қоймаса керек. Қатаң климатты өлкеде өмір сүрген, көшпенді тұрмыс-тіршілік құрған қазақ халқы табиғаттың әр кезеңімен үндесіп, үйлесім тауып, әр маусымның өз жақсылығын түсіне білген. Мысалы, Қыстағы суық-жаздағы ыстық, Үркерлі айдың бәрі қыс, Қылышын сүйретіп қыс келер, Қыстағы қар жер ырысы, Қардың басын қар алар, Үркер үйден көрінсе, Үш ай тоқсан қысың бар, Сақырлаған аязда сары қамысты панала, Қаңтар ауса қар тұрмас, Қыс та қысырайды, Наурыздан соң қыс болмас, Мизамнан соң жаз болмас, Қараша қауыс, кәрі-құртаңды тауыс, Жаз сайға қонба, Қыс қырға қонба т.б. Осы мақалдардан қазақтардың табиғат ыңғайымен өмір сүргенін көреміз.

Мақал-мәтелдер-түркі халықтарының ауыз әдебиетінде кең тараған жанр. Халық шығармашылығының нәтижесі. Олар адамдардың өмір тәжірибесінен туындап, бүкіл саналы ғұмырында жол көрсететін, бағыт-бағдар беретін рухани шамшырақ іспеттес. Келісімді, тиянақты ұйқасы, қысқалылығы, нақтылығы, мәнерлігі, әуезділігі мақал-мәтелдерді есте сақтауға ыңғайлы етеді. Мақал-мәтелдер – халық шығармашылығының көне жанры. Олар көне заманда пайда болды және пайда болу тарихымен ғасырлар тереңіне кетеді. Олардың көбі жазу шықпай тұрып қалыптасқан. Түркі халықтарының мақал-мәтелдерінің қайнар көзі сонау Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастау алады. XII-XIII ғасырлардан бізге жеткен жазба ескерткіштердің тілінде мақал мен мәтелдер баршылық. Мысалы: Орхон жазбаларында: «Бастыны еңкейтіп, тізеліні бүктірген» («Күлтегін» жырынан), «Өлімнен ұят күшті» («Тоныкөк» жырынан) деген мақал-мәтелдерді кездестіреміз. Ал Махмұт Қашқаридің «Дивани лұғат-ат түрік» сөздігінен «Ұлы болсаң, кішік бол, халық үшін бәлік бол», ал

«Құдатғу біліктен» «Біліп сөйлеген білекке саналар, білімсіз сөз өз басын жояр» дейтін мақал-мәтелдерді байқауға болады. Бұл деректерге сүйене отырсақ, мақал-мәтелдердің бастауы сонау көне ескерткіштерден бастау алып, шығармалардың тілінде қолданыста болғанына көз жеткіземіз.

Сонымен қатар елбасы Н.Ә.Назарбаев «ұлттық тілмен ұлттық сана» қалыптасады деп атап айтқандай мақал-мәтелдер мазмұнынан әр ұлттың өзіндік бойы да, сойы да, қоршаған ортаны танып, баға беру ерекшелігі де көрінеді. «Тіл мен ұлт біртұтастығы» қағидасын толықтыру үшін мақал-мәтелдерді этномәдени тұрғыдан зерттеудің маңызы зор.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1.Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. -Алматы, 1995.Қайдаров Ә, Оразов М.. Түркітануға кіріспе. -Алматы: Арыс, 2004. -360б.
- 2.Әуезов М. Әдебиет тарихы. -Алматы, 1927, -234б.
- 3.Байтұрсынұлы А. Ақ жол(өлеңдер, әдеби зерттеулер). -Алматы: Жалын, 1991. -464б.
- 4.Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. -Алматы,1974. -196б.
5. Қазақ және әлем халықтарының таңдамалы мақал-мәтелдері. -Алматы: Балауса, 2005 -432б.
- 6.Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы:Анатілі, 1988.
- 7.Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. –Алматы: Жібек жолы, 2008.-356б.
8. Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века “Гулистан” Сейфа Сарай и его язык. – Алматы: Наука, 1975. -Ч. 1.
- 9.Сабыр М.Б., Исина Ж.А. Орта ғасыр жазба ескерткіштері фразеологиялық және паремиологиялық қорының этномәдени сипаты. -Орал: Ағартушы, 2014.188б.
- 10.Сейфуллин С. Таңдамалы шығармалар. -Алматы,2014.
11. Сидорина Н.П. Турецко-русский словарь пословиц и поговорок. -Москва:Толмач, 2006 - 352 б.
- 12.Төрөқұлов Н. Қанатты сөздер. -Алматы, 1957. -221б.
- 13.Түрік халқының мақал-мәтелдері мен жұмбақтары. -Алматы: Арыс, 2008 б. -304б.
- 14.Уалиханов Ш. Таңдамалы, -Алматы: Жазушы, 1985,-560б.

### **ПРОФЕССОР М.Б.САБЫРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ**

**А.Б. Кайыров**

БҚИТУ қауымдастырылған профессор, филология.ғ.к.

Көрнекті тілші ғалым, түркітанушы Мұрат Бөкенбайұлы Сабырдың өмірі мен шығармашылық еңбегі - ғылымға қызмет етудің жарқын үлгісі.

Мұрат Бөкенбайұлы 1981 жылы Батыс Қазақстан облысы, Чапаев ауданы, Аңқаты орта мектебін бітірген соң, 1982-1984 жылдары Кеңес Армиясы қатарында жауынгерлік міндетін атқарады. 1985 жылы Алматыда С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл Фараби атындағы ҚазҰУ) филология факультетіне «қазақ тілі мен әдебиеті, араб тілі» мамандығы бойынша оқуға түседі. Студенттік жылдары университетте қазақ филологиясы ғылымының дамуы мен зерттелуінің ең бір кемеліне жеткен кезеңіне сәйкес келеді. Білім мен ғылымға іңкәр шәкірт университетте А.Аманжолов, А.Айғабылов, Б.Сағындықов, Т.Сайрамбаев, М.Серғалиев, Р.Әміров, А.Қыраубаева, Ә.Дербісалиев, т.б. білікті ұстаздарынан тиянақты білім алып, ғылым жолына түсуді армандайды. Сол арман жетегімен 1993 жылы ҚР ҰҒА Ұйғыртану институты шығыстану орталығының аспирантурасына оқуға түседі. Ғылым жолындағы алғашқы ұстазы ф.ғ.д. профессор А.Ибатовтың ықпалымен қазақ тілінің даму тарихын зерттеуге деген қызығушылығы оянады.

Сөйтіп, Мұрат Бөкенбайұлы алғашқы ғылыми қадамын орта ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің тілін зерттеуден бастайды. Өйткені орта ғасырларда қыпшақ-оғыз тілінде араб графикасы арқылы жазылған жазба жәдігерліктер қазақ тілінің тарихи қайнар көздерінің бірі болатын. Нәтижесінде, жас ғалым 1995 жылы аспирантураны ойдағыдай аяқтап, «Хұсрау мен Шырын поэмасының тіліндегі реликті тұлғалар (XIV ғасыр)» атты алғашқы ғылыми еңбегін өте сәтті қорғайды. Еңбекте М.Б. Сабыр поэмадағы әрбір реликт тұлғаға жеке-жеке тоқталып, олардың лингвистикалық табиғатын, лексика-семантикалық сипатын анықтайды, статистикалық талдау жасайды, дыбыстық құрамына қарай топтастырып, фонетикалық және морфемалық құрамын, мағыналық ерекшеліктерін ашады, қазіргі түркі тілдері мен көне түркі тілдерінің деректерін салыстыра талдайды, сөйтіп, ескерткіш тілі мен қазақ тіліне ортақ реликт тұлғалардың мағыналық ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Жалпы, жас зерттеушінің бұл кандидаттық ғылыми жұмысының маңыздылығы мен құндылығы кезінде Ә.Құрышжанов, А.Ибатов, Ж.Манкеева тәрізді белгілі түркітанушы, тілші ғалымдар тарапынан өте жоғары бағаға ие болды. Осы ғылыми еңбегі негізінде ғалым 2003 жылы «Құтыптың Хұсрау мен Шырын поэмасы және оның тілі» атты алғашқы монографиясын жариялайды. Кейін 2013 жылы оны «Құтыптың Хұсрау-Шырын поэмасының лексика-грамматикалық сипаты» деген атпен қайта толықтырып бастырады.

М.Б.Сабырдың ғылыми шығармашылық қызметінің бастауы қазақ елінің тәуелсіздік алғаннан кейінгі қиын да қайшылықты кезеңіне тап келді. Алайда Мұрат Бөкенбайұлы өзінің ғылыми зерттеулерге деген берік ұстанымдарынан, ғылымға адалдығынан ешқашан айныған емес. Ол қазақ тілінің қалыптасуының тарихын зерттеуді өзінің ғылыми кредосы деп білді. Сондықтан оны ең алдымен, тарихшы, тілдің тарихшысы деуге болады.

Тілдің тарихшысы ретінде М.Бөкенбайұлы мағынасы анық емес немесе талас тудыратын сөздердің этимологиясы туралы да өз ой-пікірін үнемі айтып отырады. Әрі ол сөздің қалыптасу тарихын оның морфологиялық құрамын, мағынасының кеңею және өзгеру ерекшеліктерін ескере отырып ғылыми негізде дәлелдеп береді.

Ғалымның орта ғасыр жазба ескерткіштерінің тілін зерделеуден басталған ғылыми ізденістері кейін Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Саиф Сарайидың «Гүлстан бит түрки», Махмуд бин Алидың «Нахидж әл Фарадис» шығармаларының, Жошы ұлысы жазба ескерткіштерінің, Алтын Орда әдеби мұраларының тарихын, тілін зерттеуге ұласты. Ғалым тілдің тарихын зерттеудің ерекше мәні мен маңызы бар деп санайды. Оның ойынша, қазақ тілінің тарихын толық әрі терең зерттеу арқылы оның қалыптасып дамуының өткен кезеңдерін ғана емес, сондай-ақ қазіргі жағдайын да тани аламыз.

М.Б.Сабыр тіл халықтың тарихи дамуының да көрінісі деп есептейді. Өйткені тілде сол халықтың ежелгі дәуірден бергі тарихының барлық кезеңдері, мәдениетінің дамуының деңгейі де көрініс табады. Тілдің шынайы тарихы халықтың тарихының, оның мәдениетінің тарихының ажырамас бөлігі болып табылады. Қазақ тілінің тарихы қандай да бір тілдік құбылыстар мен процестердің жай ғана жиынтығынан тұрмайды. Тілдік процестер, тілдегі өзгерістер халықтың тарихи даму процесімен өзара тығыз байланысты болады деп санайды.

Жалпы, сонау тоқсаныншы жылдардаң басынан күні бүгінге дейін Мұрат Бөкенбайұлының отыз жылдан астам өмірі осы түркі жазба ескерткіштерінің тілін зерттеуге, олардың қазақ тілінің тарихының бастау көзі екенін дәлелдеуге арналды. Нәтижесінде, М.Бөкенбайұлының қаламынан қазақ тілінің тарихы мен түркітануға арналған 10 монография, 6 оқу және оқу-әдістемелік құрал, 4 ірі көлемді ғылыми зерттеу еңбектер, үш жүзден астам ғылыми мақалалар жазылды. Мұның барлығы М.Бөкенбайұлының қазақ тілінің тарихын зерттеудегі еңбегінің дәлелі.

Аталған еңбектер зерттеу материалдарының көлемінің ауқымы жағынан, лингвистикалық талдау мен қорытындыларының анықтылығы мен негізділігі жағынан, нақты тұжырымдары жағынан қазіргі тіл білімі мен түркітанудағы аса маңызды зерттеулер болып табылады.

Біздің ойымызша, профессор М.Б.Сабырдың қазақ тілі мен түркітану ғылымын зерттеуге қосқан үлесінің маңыздылығы мынада. Ол қазіргі қазақ тілінің бастауы болып

табылатын көне түркі тілі, орта түркі тілі, көне қыпшақ тіліндегі лексикалық, морфологиялық құбылыстарды ғылыми талдау мен сипаттаудың түрлі әдіс-тәсілдерін енгізіп, кеңінен қолданды. Ғалым тілдік құбылыстарды талдап түсіндіру үшін араб тілінің, туыстас түркі тілдерінің деректерін салыстыра отырып пайдаланды. Ғалымның еңбектерінде тілдік бірліктер тілде болатын түрлі лексикалық, фонетикалық, семасиологиялық құбылыстардың өзара әсері ескеріле отырып жан-жақты талданады. Ғалым еңбектерінің зерттеу әдістеріне тән өзіндік ерекшеліктері ретінде арнайы, көлемді материалдарды зерттеу барысында жалпы қорытындыларын дәлелдеп отыруын, сөздер мен сөз тұлғаларын талдауда өзіндік ой-пікірін білдіріп отыруын айтуға болады. Барлық зерттеулерінде автор жалпы теориялық мәні бар қорытындылар жасайды.

Зерттеу еңбектерінің тақырыптық жағынан жан-жақтылығына қарамастан, М.Б.Сабырдың барлық ғылыми шығармашылық қызметі бір мәселеге – қазақ әдеби тілінің қалыптасуы мен даму тарихы мәселесіне арналған. Сол мақсатта ғалым орта ғасыр ескерткіштерінен бастап, алтай тілдерін, қыпшақ тілін, туыстас түркі тілдерін, байырғы қазақ жазба әдеби тілін, жаңа қазақ жазба әдеби тілін кеңінен зерттеді. Сонымен қатар қазіргі ономастика мен мемлекеттік тіл мәселелеріне, әдебиет, руханият, түркі өркениетіне арналған ғылыми еңбектері ғалымның өзіндік көзқарасын танытады. Қорыта айтқанда, көне тарихи жазба ескерткіштерінің білікті маманы М.Бөкенбайұлы – танымал түркітанушылар А.Ибатовтың, Б.Сағындықұлының ғылыми жолын одан әрі жалғастырушы көрнекті ғалым, зерделі зерттеуші.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Сабыр М. Қыпшақтану. Оқу құралы. -Алматы: «Қазақ университеті, 2019.-250 бет.
2. Сабыр М.Б. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). Филол. ғыл. док. дис. авторефераты.-Алматы, 2004.-58 бет.
3. Сабыр М.Б. Махамбет өлеңдері тілінің орта ғасыр жазбаларымен сабақтастығы // «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы Жайық алқабы ақындарының әдеби мұрасы» аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Ақтөбе: 2012. -264-268-б.б.
4. Сабыр М.Б. Қыпшақтану. – Алматы: «Liber» баспасы, 2021. – 256 б.
5. Қазақ тілінің шығу тарихы: фонетика. Т.І. (Ұжымдық монография). – Алматы: «Алдоңғар» мәдениетті дамыту қоры). – 2013. – 236 б.
6. Мурат Аджи. Кипчаки, огузы. Средневековая история тюрков и Великой Степи. – Москва, 2001. – 216 с.

#### **ӘОЖ 902.03**

### **МАҢҒЫСТАУ Өңірінің жер-су атаулары және олардың зерттелуі туралы**

**Қаңбақбаева Майра**

БҚИТУ 6М01701 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының  
2-курс магистранты. Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. доцент Қайыров А.Б.

Маңғыстау – еліміздің оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан, жер көлемі 165,6 мың шаршы км, бүкіл жер шары көлемінде алып қарағанда, Еуразия құрлығының ортасында – Еуропа мен Азияның түйіскен өңірінде жатыр. Ертеден халық аузында «киелі мекен» аталатын бұл жер – құт-берекесі еселей асып, қыдыр дарыған қасиетті өлке. Ол солтүстік-

батысы мен батысында – қарт Каспийдің толқынды жағалауына тірелсе, оңтүстігі мен шығысында көрші мемлекеттер – Түрікменстан мен Өзбекстан, ал солтүстік-шығысында еліміздің Ақтөбе және Атырау облыстарымен шектеседі. Маңғыстау облысы әкімшілік жағынан екі қалалық мәслихатқа (Ақтау, Жаңаөзен) және бес әкімшілік ауданға (Бейнеу, Қарақия, Маңғыстау, Түпқараған, Мұнайлы) бөлінген. Форт Шевченко өзінің мәртебесі жағынан облыстың үшінші қаласы саналады.

Түбек жер бедерінің алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Бұл ғажайып өлке – сағымданған шындар мен тік жарлы құрғақ арналарға, кеберсіген тақырлар мен ежелгі, әбден мүжілген тауларға, ұшы-қиырсыз жазықтар мен жайпақ сорларға өте бай.

Расында да, «егер сіз жер беті шөлдерінің барлық типі туралы, қарауытқан сеңгір де жалаң тау-төбелері туралы, аппақ және қызғылт түске боянған алып мұнаралары, биік баған мен қабырғалары бар «шөлдің тас қамалдары» туралы санаңызда түсінік қалыптастырғыңыз келсе, шың-құздардың классикалық үлгілерін көргіңіз келсе, мұхит деңгейінен 130 м төмен жатқан құрылықта, тұйық ойыстарда болғыңыз келсе, айран тақырлардың қатқылдығын байқағыңыз келсе, түнерген тастақтарға қарағыңыз келсе, желдің ғаламат жұмысының ауқымын және шөлдің басқа да кереметтерін танып білгіңіз келсе, Маңғыстаудан артық жерді таппайсыз. Бейне бір құпия сандықша ішіне толтырылғандай, бұл өлкеде, шағын кеңістікте шөл табиғатының сан алуан құбылыстары мен көріністері жинақталған» деп бұл өлкені көрген, зерттеген ғалымдар баға береді.

Өлкедегі Қарақұм, Құмтөбе, Шағырлы, Уаққұм, Жылымшық, Қоңырорпа, Қызылқұм, Шөлшағылқұм, Егізлақ, Сам, Матай құмды массивтері, Өліқолтық, Шөмішкөл, Ашығтайпақ, Қайдақ, Қаракешу, Қожақсор, Жарылған, Үлкенсор, Құмбелексор, Қызансор, Мәстек сорлары, Батыс және Шығыс Қаратау, Қаратаушық, Ақтау таулары, Төңірекшың, Өзен, Қарамандыбас, Қорғанбай, Асар, Қарақия, Қауынды, Басғұрлы, Жазғұрлы, Қарынжарық ойыстары, Көлбай, Жаңылған, Жаманайрақты, Жұбайұшқан, Күйкенұшқан төрткілдері, Жыңғылды, Ұрыкеуек, Босаға, Сұмса, Қорғансай, Булы Ойық, Өтебай үңгірлері – Маңғыстау түбегінің жер бедерінің айқын көрінісі.

Маңғыстау топонимдері осыған дейін мынадай бағытта қарастырылып зерттелді.

Біріншіден, тілші, географ, тарихшы т.б. ғалымдар (Ғ.Мұсабаев, Қ.Өміралиев, Е.Қойшыбаев, Ә.Қайдар, Т.Жанұзақ, С.Омарбеков, А.Әбдірахманов, Н.Нұрмағамбетов, М.Қожанұлы, К.Аманниязов, М.Тұрсынова, С.Әбдірахманов т.б.) өлкенің жекелеген топонимдеріне этимологиялық талдаулар жасады;

Екіншіден, Ә.Кекілбайұлы, С.Қондыбай, Е.Өмірбаев, Д.Әріп, Б.Әріп, С.Әбішов, Ә.Спан, О.Көшбай, Ж.Дүйсенбаева т.б. жазушылар, зерттеушілер топонимдердің пайда болуындағы тарихи және аңыздық деректерді, әңгімелерді екшеді.

2008 жылы Ж.Жайлаубаева, М.Қожанов, Г.Мамаевалар құрастырған «Маңғыстау облысының ономастикалық атауларының көрсеткіш-анықтамалығында» облыстық және аудандық бағыныстағы әкімшілік-аумақтық бірліктер, ауылдық округтер мен елді мекендердің қазақ, орыс тілдеріндегі атаулары, олардың жазылуы, өзгертілгені мен транскрипциясының түзетілгені жайындағы ресми мағлұматтар көрсетіліп, анықтамалар берілген. (1)

Дей тұрғанмен, күні бүгінге дейін Маңғыстау өңірінің жер-су атаулары толықтай жинақталып, топонимдік сөздіктер құрастырылмай келеді. Оның үстіне, Маңғыстау өңірі топонимдері жалпы қазақ тополингвистикасының зерттеу объектісі болып көрмеген. Тек жекелеген топонимдер туралы мәселен, Маңғыстау, Каспий теңізі, Шетпе, Бозашы, Ақтау, Айрақты топонимдерінің этимологиясына қатысты тұжырымдар кездеседі.

«Маңғыстау» атауы өзінің құпиялылығымен көптеген тарихшы, тілші, географ, геолог ғалымдардың назарын өзіне аударған. Сондықтан «Маңғыстау» топонимінің этимологиясына байланысты әртүрлі жорамалдар қалыптасқан. Мысалы, Ғ.Мұсабаев «маңғыстау» сөзін «түркі (түркмен) тілдеріндегі маң (қой) + қыстау-қышлақ деген сөздермен байланыстырса, зерттеуші К.Аманниязов «Манғышлақ» сөзін – «үлкен, кең, мол, ел қыстағы», яғни «ман түркі тілінен аударғанда «үлкен, қышлақ – қыстақ». Сонда «Манғышлақ» - қамалдары мен қалалары көп үлкен қыстақ, нақты кеңістік дегенді білдіреді» деп тұжырымдайды (2).

Ғалым С.Әбдірахмановтың да пікірі осыған саяды: «Маңғыстау» – үлкен немесе мәнді қыстау. Қазақ тілінде «маңқыс», «маңызды» деген ұғым бар. Бұл екі сөздегі ортақ «маң» сөзі – қазіргідей тек «төңірек», «іргелес», «жапсарлас» дегенді емес, ертеректе «үлкен, маңызды» деген мағына берген. Егер түбектің ерте кездегі шаруашылық пайдаланымын талдайтын болсақ, онда «маңызды және үлкен қыстау» топонимнің мәнін деп басып, көрсетіп тұр», - дейді.

К.Өмірәлиев екі түрлі болжам ұсынады: 1) Ертеде маңғыс деп аталатын кесіртке типтес етқоректі жыртқыш аң болған. Ал монғол ертегілерінде бұл сөз қазақтың жеті басты аждаһасының орнына жүрген. -Лақ, -тақ, -тау қосымшасы (қыстақ-қыстау, жайлақ-жайлау) мекендікті білдірген. Демек маңғыстақ, маңғышлақ – маңғыс болатын жер деген сөз.

2) Маңғыстау дегендегі маңғыс сөзін маңғлай – маңдай сөзімен бір төркіндес деп қарауға болады, яғни маң – ілгері, алға жүру, ал маңғлай – ілгері, шығыңқы деген мағынада. «Маң-маң басқан сары атан, Маңғыстап шығар өріске» дегендегі маңғыс+та+п сөзінің де жоғарғы екі сөзбен бірлігін ескерсек, онда маң, маңғы (лай), маңғыс+та сөздері «ілгері, шығыңқы» мағынасындағы сөздер. Сонда Маңғыстау сөзі ілгері, сұқпа, сұғыңқы, кіріңкі тау, яғни түбек тау дегенмен мағыналас болмақ» деп жазады (3).

Проф. Т.Жанұзақов «ман» сөзін иран, араб тілдеріне тән сөз деп қарайды. «Иран тілінің бір бұтағы тәжік тілінде «ман» сөзінің қосылуы арқылы жасалған: манзил – «место остановки, стоянка, привал, жилище», манора – «минарет», «башня», «вышка» сияқты сөздер бар. Осыған қарағанда, «ман» сөзі сол тілге тән тарихи лексика болуы мүмкін. Жерімізде иран тіліне тән топонимдердің жиі кездесуіне қарағанда, Манқышлағ атауының бірінші компонентіндегі «ман» сөзі иран тіліне тән деп қарасақ, Маңғышлақ, Маңқыстақ «тұрақ, тұрғын қыстақ, қыстау» мәнісіне ие екенін көреміз» дейді (4).

С.Қондыбай «ман» сөзі тарихи не мифтік адам аты немесе ішкі рудың, тайпаның аты болуы мүмкін деген болжам айтады (5).

Тілші-ғалым М.Қожанов «Маңғышлақ» атауын маңғыт этнонимімен байланысты қарастырады. Ол «Атырау облысы топонимдері» монографиясында Маңғыстау ауданының атауларына құрылымдық, семантикалық талдау жасап және оны арнайы «Маңғыстау ауданы топонимдерінің мағынасы мен құрылымдық жүйелері» атты ғылыми мақаласында жариялаған. Автор мақаласына арқау болған Маңғыстау ауданының Ақшымырау, Бозашы, Ильич, Комсомол, Куйбышев, Тұщықұдық, Октябрьдің 50 жылдығы ат. совхоздардың жер-су аттарын, яғни 263 топонимді көрсетеді. Ғалым-топонимист аудан топонимін құрылысы жағынан бір сөзден және екі сөзден құралған, ал үш сөзден жасалған топонимдер тіптен жоқ деуге болады, - дейді (6).

Мақалада ғалым Маңғыстау ауданы топонимдерін лексика-семантикалық жағынан «адам аттарына байланысты, жануар, жәндік және құс, өсімдік, шөп атауларына байланысты, айнала қоршаған ортаның әртүрлі белгілеріне және ландшафт пен рельефке, қазба байлықтарына байланысты, діни ұғымға байланысты қойылған атаулар» деп бірнеше түрге бөліп топтастырған. Автор «Маңғыстау ауданы топонимінің құрылысын бір құрамды және екі құрамды деп танып, олардың көпшілігі зат есім, сын есім мен сан есімнен жасалатынын, ал мағыналық жақтан топонимдер тек адамдарға ғана қатысты емес, сонымен қатар географиялық реалдықты да білдіреді», – деп қорытады.

Маңғыстау облысы топонимдерінің лексика-семантикалық ерекшеліктерін ашуға талпыныс жасалған келесі еңбек – Қ.Түйешиеваның «Маңғыстау облысы топонимдерінің мағыналық сипаты» атты мақаласы. (7). Автор мақаласында өлке топонимдерін екі семантикалық түрге бөліп қарастырады: 1) адамдардың іс-әрекетіне, тұрмысы мен қоғамдық өміріне қатысты атаулар. 2) жаратылысқа қатысты атаулар.

1. Өлкедегі адамдардың қоғамдық-әлеуметтік өмірі мен тұрмысына қатысты топонимдердің өзін іштей бірнеше топқа бөлген: а) туыстық, ағайын-жекжаттық тағы да басқа қарым-қатынасты білдіретін атаулар (Қоскеліншек, Балаәулие, Бескемпір т.б.);

ә) күнделікті тұрмыстық тұтыну зат атауларына байланысты атаулар (Шақпақата, Жүзікқуыс, Сарымай т.б.);

б) құрамында әлеуметтік топ атаулары бар топонимдер (Сұлтанепе, Құлбарак, Қайыршы ишан т.б.);

в) географиялық объектілердің түр-түсіне байланысты атаулар (Қызыләулие, Қара үйік, Ақ ұя т.б.);

г) салыстыру, теңестіру және оқиға негізінде қойылған бейнелі топонимдер (Ешкіқырған, Нарсойған, Құртұрмас, Бесөгіз т.б.);

ғ) адамның дене мүшелерінің, ішкі ағза атауларына байланысты соматикалық сипаттағы топонимдер: Шілгөз әулие, Тасмұрын, Табан ата, Бармақ, Қабақ т.б.);

д) географиялық объектілердің айрықша белілеріне ыңғайластырылып қойылған сандық топонимдер (Бесоба, Қос үйік, Үштөбе т.б.);

е) жаңа, ескі, жаман, үлкен, кіші, кең, тар т.б. сөздердің қатысымен туындаған топонимдер (Кеңқолтық, Ұзынтам, Жалпақтөрткіл т.б.);

ж) адамдардың жан –дүниесіне, мінез-құлқына қатысты атаулары бар киелі жерлер (Қайғылыбаба, Жылаған, Досалыбаба т.б.).

2. Аймақтағы жаратылысқа қатысты атаулар тобы: а) өсімдік дүниесіне, жеміс-жидек атауларына байланысты топонимдер (Жыңғылды, Изенді, Селеулі т.б.);

ә) төрт-түлік малмен байланысты таным-түсініктер себепші болған атаулар (Айғырұшқан, Қаранар, Шопан ата т.б.);

б) құс атауларына қатысты топонимдер (Құсшыата, Бүркіт, Жапалақ т.б.);

в) Жәндікке қатысты атаулар (Бөрібас, Көжекбай, Қасқыркеуек т.б.).

Сонымен қатар Маңғыстау өңірінің жер-су атауларының құрамындағы географиялық терминдерге, топонимдерге қатысты аңыздар т.б. туралы жазған өлкетанушылар Е.Өмірбаев, Ә.Спан, С.Қондыбай, Ж.Дүйсенбаева еңбектерін атап өтуге болады. Мысалы, зерттеуші Ә.Спан мен ф.ғ.к. Ж.Дүйсенбаева бірігіп жазған «Ұлы даланың ұланғайыр мұрасы» атты кітапта өлкенің су көздерінің зерттелуі, оған қатысты аңыз-әңгімелер қамтылып, суға қатысты терминдердің сөздігі құрастырылған (8).

Қорыта айтқанда, Маңғыстау өңірі топонимдерінің құрамында сол өңірді мекендеген халықтардың шаруашылығымен, тұрмыс-тіршілігімен, наным-түсінігімен байланысты, тарихи-әлеуметтік жағдайына байланысты, облыс территориясының фаунасы мен флорасына байланысты көне сөздер мен сөз тіркестері, бүгінгі тілдегі категорияларға ұқсамайтын тұлғалардың, дыбыстық ерекшеліктер мен грамматикалық көрсеткіштердің тарихи сілемдері кездеседі. Сондықтан да өлке топонимиясын этностың тарихымен, шаруашылығымен, мәдениетімен тығыз байланысты зерттеу - бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Маңғыстау – жер-су атауларын бізге ата-бабаларымыз қаз-қалпында сақтап жеткізген, қазақ топонимиясында қайталанбас өзіндік ерекшелігі бар өңірдің бірі.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жайлаубаева Ж., Қожанов М., Мамаева Г. «Маңғыстау облысының ономастикалық атауларының көрсеткіш-анықтамалығы». - Ақтау, 2008ж.
2. Аманниязов К.Н. Туркмены Мангышлака. - Алматы, 2004ж.
3. Өмірәлиев Қ. Сөздеріміздің тарихынан // Қазақстан мектебі, №3, 1963ж.
4. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. - Алматы, 2007ж.
5. Қондыбай С. Есен-қазақ. - Алматы, 2002ж.
6. Қожанов М. Маңғыстау ауданы топонимдерінің мағынасы мен құрылымдық жүйелері // Қазақ ономастикасының мәселелері. - Алматы, 1986ж.
7. Түйешиева Қ. Маңғыстау облысы топонимдерінің мағыналық сипаты // Ономастикалық хабаршы. №1, 2007ж.
8. Спан Ә., Дүйсенбаева Ж. Ұланғайыр даланың ұлы мұрасы. - Алматы, 2006ж.

М.Р. Балтымова

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,  
PhD докторант

«Бала – адамның бауыр еті», «Бала – біздің болашағымыз» дегендей, бүгінгі бала ертеңгі қолына ел тұтқасын ұстар азамат екендігін болжасақ, баланы жастайынан тәрбиелеп, отбасында саналы ұрпақ қалыптастыру жұмысына аса мән беру керектігі айқын. Әрбір ата-ана баласын жастайынан төл тарихымен, мәдениетімен, таныстырып, баласының бойында ержүректік, батылдық қасиеттерді қалыптастыруы қажет. Бұл жерде қазақ балалар фольклорының орны ерекше.

Қазақстан Республикасы білім беру мазмұны аясындағы ұрпағымызға ұлттық құндылықтарымызды игертіп, ұрпағымыздың ұлттық танымын кеңейту білім беру мазмұнында басымдық көрсетіп отыр. Оның нақты көрсеткіші туралы болжамдар Қазақстанның дамыған 30 елдің қатарына енуі, адамдық құндылықтарды арттыру, өз тілін жетік меңгерген, санасы рухани азықтанған ұрпақ тәрбиелеу екендігі белгілі. Ол үшін бала тәрбиесінде жастайынан ұлттық кодымызды дәріптейтін санасы қазақиланған, өз ұлтының патриоты бола білетін бәсекеге қабілетті, өз ата-тегін тани білген, қазақ деген ұлттың тарихымен жете таныс ұрпақ қажет. Оны қалай тәрбиелейміз? Ол үшін не істейміз? Оның жолдары қайсы? деген сансыз сұрақтар әрбір отбасының, білім беру ұйымдарының басты міндеті болуы тиіс. Ұрпақ тәрбиесінде ұлттық танымның нәрін жастайынан сеуіп, халық мұрасын игерту құралы – бұл фольклор туындыларын балабақшадан бастап насихаттау. Балалар фольклорының жанрлық түрлеріне енген мақал-мәтел, тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш, өтірік өлеңдер, санамақтар, аңыз-әңгімелер, ертегілерді ді ұрпақ санасына жастайынан сіңіру басты міндетіміз болуы тиіс. «Олар – еленіп-екшелген көркем ойдың мәйегі, әлденеше ұрпақтың тарихи зердесінен өткен даналық әліппесі» [1, б. 10-11].

Заманауи білім беру мазмұнында жаңа технологияларды, инновациялық әдіс-тәсілдерді халық мұраларымен толықтырушы ұлттық брендтің бір түрі – фольклор туындылары. Қазақ халқының тарихын, ұлттық мәдени құндылықтарын, этносын, әдет-ғұрпын, өнері мен мәдениетін болашақ ұрпағымыздың бойына сіңіруде отансүйгіштік, патриотизм, ұлтжандылық сезімдер міндетті түрде қажет. Ал, осы сезімдер бала бойына қалай енеді, бала оны қалай игереді, оны бойында қалай ұстап тұрады деген мәселе зерделенуі керек. Оның нәтижесін көруде қазақ балалар фольклорының классификациясына топтастырылған фольклорлық туындылар оқыту құралы ретінде таптырмас қазына.

Мектеп бағдарламасында берілген оқу материалдарының мазмұнында ұлттық мәдениет пен ұлттық сананы қалыптастыруда фольклор туындыларының мазмұны жан-жақты талданып, сұрыпталуы шарт. Туған жер, жер-су аттары, яғни фольклордағы топонимика, ұлттық рух, батырлық сезім, Отан қорғау тақырыбындағы ертегілер, мақал-мәтелдерге арналған өлең шумақтарын үйретуіміз қажет. Ұлттық сана мен ұлттық рух арқылы ұрпақ тәрбиелеу мәселесі туралы елімізде қолға алынып жатқан маңызды стратегиялық бағыттағы тың мәселелер де аз емес. Мысалы, «2009-2011 жылдарға арналған Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жоба тұжырымдамасы ұрпағымызға халық мұрасын ұғындырудың қажет екенін көрсетеді. Фольклордың дамуы мен қалыптасуы халықтың сана-сезімі дами бастаған күннен бастап-ақ сол халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, сөз, ән-күй өнерімен бірге қатар жүріп келе жатқан тәрбие процесі. Ол тек болашақ ұрпақ санасына ғана сіңіп, оны тәрбиелеп қоймай, ересектердің де санасын трансформациялайтыны белгілі. Олай дейтініміз, қай халықтың болмасын өткені мен болашағы арасындағы сабақтастық, үйлесімділік ұрпақ тәрбиесімен айналысушылардың өн бойына сіңбейінше болашақ ұрпағын тәрбиелей алады деу құр сөз ғана. Фольклор туындылары арқылы халықтың өмір сүрген кезеңі, сол замандағы



оқыту мен тәрбие процесінің ағыны, тарих мен салт-дәстүрдің сақталу деңгейі, орын алған тарихи оқиғалар халық аузында сақталып, кейіннен фольклор туындылары ретінде аңыздар, ертегілер, мақал-мәтелдер түрінде тәрбие құралына айналған. Тарихи мәнге ие фольклорлық шығармаларда халықтың ойы, санасы мен түсінігі орын алатын топонимдер – халық шығармашылығымен қатар пайда болып, бірге жасап келе жатқан мәдени-рухани құндылықтардың қатарындағы тағылымдық мәнге ие тәрбие құралы. Осы жерде балалар фольклорының тарихи мәнін беретін топонимдер қазақ балалар фольклорының деңгейін жоғарылатып, бүкіләлемдік фольклор қазынасының қатарына енетін асыл мұра ретінде қазақ ертегілерінде, аңыздар мен әңгімелерде, айтыс өрнерінде, батырлар дыры мен лиро-эпос жырларында көптеп кездесетіні ұлттық танымның бейнесін бере алады деп топшыладық.

Ғалым А.Т. Ақжолова өзінің «Қазақ балалар поэзиясындағы дәстүр жалғастығы» атты монографиясында «қазіргі балалар поэзиясы тықыр жерден өнген емес, фольклор қойнауында дүниеге келген, содан өсіп шыққан бесік жыры, жаңылтпаш, жұмбақ, мазақтама, өтірік өлең, ойын өлеңдері балалар әдебиетінің оның ішінде балалар поэзиясының басты жанрлық құрамын жаңаша мазмұнда түзді. Қазіргі балалар поэзиясы мазмұнымен, тақырып ауқымымен, поэтикалық құрылымымен ересектер мұрасынан ерекшеленетін балалар фольклорынан сусындай отырып, фольклор дәстүрін үлгі-өнеге ете отырып, жаңа мазмұнды, философиялық ойға жетелейтін туындыларды дүниеге келтірді» [2, б. 23] деп балалар фольклорының ұрпақ тәрбиесіндегі ролін ерекшелеп көрсетеді.

Мәдениет, өркениет, рухани құндылықтар туралы сөз қозғағанда ұлтымыздың мұра ретінде қалдырған абстракциялық ұғымдарды ғана есімізге аламыз. Ал ата-бабамыздың туып өскен жері мен ұлы даламыздың шежірелі жерлері мен тарихи мекендері туралы ойлана бермейміз. Халықтың шежіресі мен тарихынан сыр шертетін жер-су атауларының мәні мен мағынасына мән бере бермейміз. Жер-су атауларының ескі атаулары мен олардың не себепті сол атаумен аталып, қазіргі кезде өзгеріске ұшырау себептер туралы тереңірек ойлансақ, ол атаулардың рухани құндылықтарымыз туралы сыр шертеді. Болашақ ұрпағымыздың санасында отансүйгіштік, ұлттық рух, тілі мен дініне деген құрметті қалыптастыруда қазақ балалар фольклорының ұлттық таным ретіндегі ролі өте зор.

Қазіргі ел тынысының дамуы мен өткеніне шолу жасап, болашақ ұрпағының тәрбиесіне зер салған егеменді еліміздің бетке ұстар ардақтылары өз ұрпағының жер-су атауларымен таныс болуын, ұлттық құндылықтарын дәріптеуге үйрете бастауы ата-бабамыздың өткен өмірімен таныстырудың құралы болып отыр. Өз ата тегінің мал жайып, жылқысын жайған, жаугершілік заманда сол жерде паналаған, жауларынан аман алық қалған жер-су атауларын білем деген ұрпағымыз үшін топонимдердің ықпалы өте зор. Белгіленген жер аумағын, территорияны мекендеген халық өзіне қатысты меншік иеліктерін топонимдік атаулармен белгілейтіні белгілі. Жер-су атаулары тек қана тұрғылықты жер аумағын ғана біліп, мекен еткен жеріне тұрақтау үшін ғана емес, елінің табиғатын қорғап, экономикасының дамуына қатысты өмір сүру салтын құру үшін де қажет. Тау, орман-тоғайлар, өзендер мен көлдердің атаулары, сол жерді мекен еткен халық өзінің туған жерін дәріптеп, табиғаты туралы ән мен жыр арнап, киелі жерлерде орналасқан халық сол мекенге табыну, емдік аймаққа айналдыру, сол жерден шығатын кен-байлықты өмірде қолданып, оны қорғауда өздерінің тарапынан қандай да бір қамқорлық, табынушылық әрекеттерін жүзеге асыратыны тағы бар. Бұл жерде де сол мекеннің атаулары топонимдердің көмегімен анықталып, тарихта қалып, келесі ұрпаққа қалып отырады.

Осы ретте жерін қорғап, оны ластамай таза ұстауды балаларға үйретуден туған өлең жолында:

*«Жаса, жаса, Жер-ана,  
Жер анамыз, өр анамыз.  
Біздер сенен жараламыз  
Жараламыз, нәр аламыз  
Жер – анамыз,  
Өр анамыз»* [2, б. 41] –

баланы Жер-ананы құрметтеуге үйретіп, өзінің жерін таза ұстауға, лақтамауға шақырады.

Адамзат иесі өзі мекен еткен аумақтың табиғатын, климаттық белгілерін мен ауа-райындағы құбылыстарын уақыт өткен сайын өн бойына сіңіріп, сол жерге толық бейімделгеннен кейін шаруашылық түрлеріне байланысты еңбектену әрекетіне көшетіні тағы бар. Оны жалпы танып білген соң таным тұрғысында санасына сіңіріп, сол жердің табиғатын дәріптеп, қорғайтыны рас. Адамзат жаны мен тәні арқылы өз мекенінің тыныс-тіршілігін игеріп, танығаннан кейін психологиялық тұрғыда одан сайын сол мекеннің тылсым сырларын ашуға талаптанады, зерттейді.

«Мемлекетіміздің Рухани жаңғыру» бағдарламасында «Туған жер» бағытының енгізілуі де құр емес. Бұл бағдарламада адам санасында отансүйгіштік сезімінің кіндік қанының тамған жеріне деген, өскен жеріне, қала, ауылына деген сүйіспеншіліктен басталатыны айтылған. Ұрпағымызды отансүйгіштікке тәрбиелеудің жолдары өте көп. Соның бірі туған жер, туған өлке, туған табиғатымыз, қоршаған ортадағы таулар, жазықтар, тарихи өлкетану арқылы тәрбиелеу.

Ұлттық тәрбие берудің құралы ретінде ұсынылып отырған фольклорлық шығармалар қазақтың баласының бойында патриоттық рух пен бірлік, ынтымақты қалыптастыратыны белгілі. Тарихшылар, геологтар, архитекторлар, этнографтар, экологтар Отанға, елге, жерге, табиғатқа деген махаббатты ояту арқылы отансүйгіштік сезімін қалыптастырып, ұрпақ бойында гуманистік интеллектуалдық, эстетикалық, еңбексүйгіштік қасиеттерді сіңіруді міндеттейді.

Халқының ғасырлар бойы жинақтаған дәстүрлерін санасына игертуде ата-бабаның ұстанған салты, әдет-ғұрыптары отбасындағы тәрбиенің құндылықтарын арттырады. Ұрпағымызға білімнен бұрын алдымен тәрбие беруіміз қажет. Ата-аналардың көпшілігі баласының интеллектуалдық немесе физикалық дамуын жүзеге асыруға көп мән беріп кетті. Оның пайдасы бар, әрине. Бірақ одан бұрын ұрпақ санасына рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырмаса, оның интеллектуалдық немесе физикалық дамуы жағынан жақсы болуы маңызды емес. Сондықтан да ұрпағымызды ата-баба дәстүрі мен олардың жүріп өткен жолымен таныстыруда ұлттық тәрбиенің дәнін себу жастарымыздың танымдық қабілеттерін арттырып, ізгілікке, адамгершілікке, отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелейді. Бұл ретте М.Жұмабаевтың «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан сара жол. Ұлт тәрбиесінің жақсылығы мол. Әр бала тәрбиелеуші ата-ана, ұстаз, тәрбиеші болмасын сол ұлт тәрбиесімен ұрпағын тәрбиелеу керек» [3, б. 23] деген пікірі ойымызды дәлелдейді.

Ұрпақ тәрбиесі отбасында көріп, естіген, білгендерінің жинағынан басталады. Ол ата мен әженің әңгімесі, ертегісі, олардың ауыздарынан шыққан нақыл сөздер, мен шынайы өз өмірлерінен алынған ғибратты әңгімелер, әке мен ананың сол үлкен қарияларға көрсеткен құрметтері, қамқорлықтары мен мейірімдері ұрпаққа үлгі болатын шынайы тәрбие құралы. Ескілердің көзі болған ата мен әженің аузынан естіген әңгімелер, нақыл сөздер фольклор туындыларына айналып, кітапқа енген.

Фольклор – өмірден алынған, шынайылыққа толы, ұлттық құндылыққа негізделген тұнып тұрған тәрбие құралы. Қазақ балалар фольклоры балаға айналадағы тұрмыс-тіршілікке еніп, біте-қайнасып араласуына фольклор туындыларының әсері өте зор. Балаларға арналған фольклор туындыларының баланың таным көкжиегін кеңейтіп нұрландырып, тұрмыс-тіршілікке бейімделуіне, еңбекке араласуына, сөз өнерін игеруіне тікелей әсер ететінін ерекшелігін ұрпағымызды халық мұрасымен таныстыруда фольклордың таным құралы ретіндегі көрінісін анықтап тұр.

Ұлттық тәрбиенің негізгі тереңіне үңілген сайын өз болашағымызды көретініміз күмәнсіз. Кешегі өткен тарихымыз – бүгінгі күннің айнасы. Ұлттық тәрбие, отбасында баланы ұлттық құндылықтарға баулуда қолданылатын тәрбие құралдары тарих пен әдебиет арқылы жүзеге асырылса, екінші жағынан ұрпағымыздың жас ерекшелігі мен психологиясына үңілуімізді талап етеді. Олай дейтініміз, заманның жаһандануы мен технократиялануына

байланысты ұрпағымыздың дамуы жаңа сипат алғандығы белгілі. Бұл жерде қарама-қайшылық тууы мүмкін. Заманауи өмірдің қарқынды дамуы адамның рухани-материалдық құндылықтарын қатар дамытуды мақсат етіп отыр.

*«Әлди, әлди, қуатым,  
Ата жолын қуатын,  
Батпан-батпан шерімді  
Өзің ғана жуатын.  
Ертең өсіп, толарсың  
Садақ оғын жонарсың.  
Сауыт киіп, өқол бастап.  
Салқын төске қонарсың  
Жаудан кекті қайтарып,  
Елге қорған боларсың»* [2, б. 35] –

деген ана жырынан сәбиін уатып-алдарқатып отырып, баланың бойына ата жолын қуатын ер азамат болуды, елін, жерін жаудан қорғайтын батыр болуды фольклор мәтінімен санасына сіңірген, ұрпағының Отанын сүйер азамат болуын аңсаған сарынды көреміз.

Ұрпағымыздың өзінің тілін, дінін, тарихын өзге елдерге таныстырып, Отанға, туған жерге деген патриотизмді, отансүйгіштікті бойына сіңірген ұрпақ өзінің ішкі отансүйгіштік сезімдерін үлкен мақтанышпен өзгелерге үйрететіні түсінікті. Туған жерге, туған елге деген сағыныш, қамқорлықпен қатар өз елінің мақтанышы болу, өз елімен мақтана білу ұрпақ психологиясын жағымды жаққа бұрады. Заманауи тұрғыда дамып жатқан жаһандық өзгерістер мен қарқынды даму ұрпағымыздың психологиясын жастайынан бастап өзінің ырқына көндіріп жатқаны ұрпағымыздың өмір сүрген, өмір сүретін заманына сай болу көрсеткіші деп тануымызға болады. Қоғам, әлеуметтік орта сол заманның талаптарын орындап, ата-бабамыз өмір сүрген әдебиет пен тарихты бүгінгі күннің психологиясына, таным-түйсігіне сәйкестендіріп, ұрпағымыздың санасына отансүйгіштік, патриоттық, адамгершілік сезімдерді игерту арқылы қалыптастыруымыз керек. Осы бір маңызды да құндылығы жоғары рухани қажеттілікті ұрпақ санасына тереңінен түсіндіруде балалар фольклорын үйрету, оқыту, түсіндіру маңызды қызмет атқарады.

Бұл жерде балалар фольклорының негізгі механизмі – үйретушілік, дамытушылық, түзетушілік болып табылады. Фольклордың жіктелімі мен таралу сипатына қарай жеке түрде қарастырсақ, ауыз әдебиеті, шешендік сөздер, аңыздар мен әңгімелер, мақал-мәтелдер, шебер келтірілген ой-толғаулар түрлі жас кезеңдеріне қарай оқыту қағидаларын, яғни жүйелілік, бірізділік, қарапайымнан күрделіге көшу, т.б. орындайтыны анық байқалып отыр. Мысалы, шілдехана, тұсау кесу, тілашар тойларында ауыл ақсақалдарының батасында ұрпағының өмірлі болуын, ата-анасына мейірімді болуын, тұрмысының көңілді, шат-шадыман болуын, ағайын-туысына қайырымды, мейірлі ұрпақ болуын тілеген халықтың ой-пікірі фольклордың өміршендігін көрсетеді.

Мысалы, бата-тілектегі ұрпағының зейінді, он саусағынан өнер тамған шебер, елін, жерін қорғайтын батыр, шындықты айтатын, елдің қамын ойлап, мұңын шағатын ақын, ел-жұртының қамқоршысы болсын деген ниетін білдіріп:

*«Абыройы өрлесін  
Ел алдында ерлесін  
Бейнет істеп терлесін  
Жаманшылық көрмесін»* [4, б. 166-167], -

деп келтірілген өлең жолдары балаға берілетін батаның мазмұнында ұрпағының халық тұрмысынан хабары бар, азаматтық ұстанымдары биік, жанашыр, сөзіне берік, әділдікті жақтаған, шындықты бетке айтатын шыншыл адам болуын аңсаған халық арманын сеземіз.

Фольклордағы ұрпақ санасына әсер ету арқылы тәрбиелеу процесі қалай жүзеге асады десек, оның шешімін мынадан көреміз. Жұмбақтар, мақал-мәтелдер баланы тұспалдап сөйлеуге, ауыспалы, тура мағынада өз ойын айтып жеткізуге үйретіп, ой ұшқырлығын қалыптастырса, ертегілер, аңыздар мен әңгімелер баланың қиялын ұштап, ойын дәлелді

жеткізуге үйретеді. Жаңылтпаштар бала тілін дамытып, дұрыс сөйлеуге, сауаттылыққа баулиды, шешендік сөздер ұрпақтың кез-келген дау-дамайларды шешу кезінде түйінді шешім қабылдауға үйретеді.

Ұлттық тәрбиенің негізгі өзегі – отбасылық тәрбие, тарихи ескерткіштер болса, ең маңыздысы ата-бабамыз өмір сүрген кездегі отаншылдыққа, патриотизмге баулитын отанды сүюді бала отбасынан үйренетіні, тансыз адам болмайтыны, әр адам үшін қашанда өзінің Отаны, туған жері мен елі ыстық екенін білдіретін мақал-мәтелдер, шешендік сөздер әр отбасында ұрпағымыздың бойында отансүйгіштік қасиетін қалыптастыру, тіліне, дініне, ата-бабасына, ұлтына, туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілікке баулу құралы бола алады. Дүниеге келген бала анасының бесік жырын естіп, одан соң ес білген кезден бастап әкесінің жанында жүріп, ақылын тыңдап, санасына тоқып өссе, білім беру ордаларынан, қоғамдық ортадан өз халқына деген құрмет пен мақтаныштың сарынын сезіп өседі. Ауылын сағынып, ата-анасын көрмегеніне біраз уақыт өткенін айтып, сағынышын әнге қосып жырлаған ана нәрестесін бесікке тербетіп отырып, осы өлең жолдарын айтуының өзі ұрпағына ата-анасына, туған ауылына деген ықыласын қалыптастыратын тұсын көруге болады.

Мысалы,

*«Әй, әй бөпем,*

*Кейін қалған елімді,*

*көрер ме екем?» [4, б. 158] -*

деген шумақтағы «әй, әй, бөпем» тіркесі бесік жырындағы сарындарды көрсетеді. Сонымен бірге, туған жерін сағынғанда бөпесін аялап, мәпелеп айтылатын жолдарда бір жағынан елге деген сағыныш сарынын білдірсе, екіншіден сәбиін мәпелеу сарынын көрсетеді.

Мысалы,

*«Туған жердің сағынып топырағын,*

*Көз алдыма келеді сол тұрағым.*

*Ата-анамды аяулы аңсағанда,*

*Ақ бөпемді аялап отырамын» [4, б. 158],*

деп бесік жырын айтып, сәбиін тербетіп отырған ананың туған жерін, елін, ауылын, ата-анасын сағынғанын мәпелеу жырларына қосып айтуы адамның қашанда өзінің еліне, туған жеріне, ата-анасына деген сағынышының еш толастамайтынын, қайта күшейетінін көрсетіп отыр. Сонымен бірге ата-анасын, елін, жерін сағынған анасының ішкі күйін әнмен жеткізу сарыны бар.

Болашақ ұрпағымыздың бойына адамдық рухани қажеттіліктерді сіңіруде тәрбие әлсіз болмауы тиіс. Тәрбие өзінің қажетті деңгейінде жүзеге асуы үшін К.Д. Ушинскийдің «тәрбие әлсіз болмасын десеңіз, тәрбие халықтық болуы керек» деуі фольклор арқылы отбасында қазақ балалар фольклорының үлгілерін үйретудің ролі өте зор. Өйткені фольклор – халықтың жанын, санасын, өмір сүру образын, рухани құндылықтарын бағалап, оның адамның дамуында алатын орнын көрсететін тәрбие құралы. Өзінің елін сүю, жерін қорғау, туған жерінің табиғаты мен ерекшелігі туралы ақпарат білу бала бойында отансүйгіштік, патриоттық сезімдерді қалыптастырады. Отансүйгіштікке баулу турасында Б. Момышұлының айтқан ой-толғамдары, ол туралы мектеп бағдарламасында берілген шығармалар бала санасына батырлық, қайсарлық, өз Отанын сатпау, елі мен жеріне құрмет көрсету керектігін әбден сіңіреді.

Балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің теориялық аспектілерін және халық ауыз әдебиетін іс жүзінде пайдалануды зерттеу барысында балалар фольклоры туындыларын зерделеп, талдай отырып, балаларды патриоттыққа тәрбиелеу мәселесі соңғы жылдардағы ең танымал әдістемелік мәселелердің бірі екенін анықтадық. Патриоттық тәрбие беру процесінің қажетті құрамдас бөлігі балалардың патриоттық сезімін, жалпыадамзаттық құндылықтарын қалыптастыру үшін халық мәдениеті туралы білімдерді пайдалану қазіргі уақытта ерекше өзекті болып отыр. Өйткені, қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары балаларды адамгершілік және отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызды шарты ретінде танылады. Балалардың ата-аналарымен тығыз қарым-қатынасын құру арқылы өз отбасының тарихына

тоқтала отырып, бала бойына күшті эмоциялар туғызатын, оны жанашырлыққа баулитын, өткенді еске түсіріп, оның тарихи тамырын зейінмен байланыстыратын тұстарын көрсету керек. Осы мәселе бойынша ата-аналар балаларына салт-дәстүрді құрметтеуге, туыстық байланыстарды сақтауға ықпал етеді.

Қазіргі уақытта бұл тақырыптың өзектілігі сонда, үлкен әдептілік пен шыдамдылықты қажет ететіндігі мен жас отбасыларда патриотизм мен азаматтықты арттыруға қатысты мәселелер маңызды деп саналмайтындығында болып отыр. Өйткені қазіргі технократ заманындағы техникалық дамудың қарқынды даму беталысы жас отбасыларында бала тәрбиесімен айналысудағы кейбір адасушылықтарды көрсетіп отыр. Бұлай дегеніміз қазіргі өзгермелі, жаңарған заманда отбасы құндылықтарын игерту ісі басымдық танытып отыр. Әр адамның рухани жағынан толысып, қалыптасуы барысында қарама-қайшылықтар орын алуда. Мысалы, отбасындағы қос тілділік, отбасындағы ата мен әже тәрбиесінің ақсауы, қазақ баласының орыс тілді мектептерде білім алуы сынды ұрпағымызды рухани азықтандыру барысында кедергі келтіріп отырғаны жайындағы пікірді [5, б. 36] негіздесек болады.

Қай заманның болмасын маңызды мәселесі – ұрпағына патриоттық тәрбие беру болып отырғандығымен ерекшеленеді. Адам бала кезінен туған жерін сүюі, ұлтын мақтан тұтуы, ана тілін білуі, оның мәдениеті мен тарихын сүйетін болуы керек. Өйткені барлық жақсылық балаларды икемділігімен, белгілі ойшылдығымен, сенгіштігімен, еліктегіштігімен ерекшеленетін жоғары әлеуметтік-адамгершілік сезімдер мен қасиеттерге тәрбиелеудің ең нәзік кезеңі болып табылатын мектепке дейінгі және мектеп жасындағы, жас өспірімдік шақтағы жаста қойылса, бұл олардың өмірінің соңына дейін қалады.

Қорыта келе, балалар фольклорының туындылары балалардың туған табиғатына деген сүйіспеншілігін оятады, өсімдіктер мен жануарлар әлемін қорғап, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырады. Жоғарыда аталған шарттарды ескере отырып, ұлттық таным көкжиегін қалыптастыруда балалардың бойында патриоттық сезімдері оянып, адамгершілік құндылықтардың орнығатыны, ұрпақ санасының рухани азықтанатыны турады болжам айтуымызға болады деп есептейміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Аманаты алаштың. Балаларға арналған энциклопедия /Автор-құраст.: Т.Қ.Шаңбай. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2018. – 248 бет
2. Ақжолова А. Қазақ балалар поэзиясындағы дәстүр жалғастығы: Монография. – Алматы, «Нур-Принт», 2014. – 158 бет
3. Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклорын зерттеу мәселелері: XX ғасырдың бірінші жартысы: филология мамандықтарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Павлодар: Кереку, 2012. – 217 бет
4. Матыжанов К.І. Рухани уыз. Балалар фольклоры. – Алматы: «Атамұра», 2023. – 272 бет
5. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: «Алматы кітап» баспасы ЖШС, 2017. – 312 бет, суретті

#### **ӘОЖ 82-3**

#### **МАХАМБЕТТАНУДАҒЫ ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ ПАЙЫМДАРЫ**

**Шаттық Акесенова**  
БҚИТУ, ҚТӘ магистранты

Қажым Жұмалиев шығармашылығында махамбеттану 1937 жылдан бастау алғандығын байқауға болады. Әрине бұған қарап Қ.Жұмалиев махамбеттануды 1937 жылдан бастады деген пікір қалыптаспауы керек деп ойлаймыз. Біз бұл деректі ғалым М.Атымұттың «Қажым Жұмалиев» [1] деген кітабында көрсетілген жарияланымдар хронологиясын негізге ала айтып

отырмыз. Аталмыш еңбек белгілі бір дәрежеде қажымтануда библиографиялық көрсеткіш болып келе жатқаны рас. Дей тұрғанмен кейінгі зерттеулер Қ.Жұмалиевтің өмірі мен шығармашылығы туралы ашылмаған деректердің молдығын көрсетіп отыр.

Осы себепті Қ.Жұмалиев махамбеттануды 1937 жылдан бастады дегенге сәл күдігіміз бар. 1937 жылы Қ.Жұмалиев республикада екінші жоғары оқу орны болып ашылған Орал педагогикалық институтында бес жылдай жұмыс істеп қалған тәжірибелі ұстаз-ғалым болатын. Бұған дейін мерзімдік басылымдарда өзінің жеке шығармашылығы мен әдебиеттану ғылымы бағытындағы зерттеу жұмыстарының нәтижесі жарияланып, оқырманға танымал болып қалған кезі болатын. Сондықтан біздің болжамымыз бойынша 1937 жылға дейін де махамбеттану мәселесі бойынша Қ.Жұмалиевтің жарияланымдары бар деп ойлаймыз. Жоғарыдағы аталған еңбекке Қ.Жұмалиевтің 1932-1937 жылдар аралығында басылымдарда жарияланған зерттеушілік еңбектері, көркем шығармалары енбей қалған деген ойдамыз.

Қ.Жұмалиевтің махамбеттанудағы зерттеу мақалаларын қоспағанда алғашқы кітабы 1939 жылы латын жазуымен басылған «Махамбет өлеңдері» [2] деп аталады. Осы кітаптың «Махамбет» ақын деп аталатын бірінші бөлімінде ғалым «Махамбет, Исатайдың жан жолдасы. Исатай Бөкей ордасындағы шаруалар көтерілісінде басынан аяғына шейін болған, сол көтерілісті ұйымдастырушының бірі. Сондықтан да көтеріліс - «Исатай, Махамбет көтерілісі деп аталды» [2, 3 б] деп сол кездегі оқырманға өз дәуірінің талап-тілек тұрғысынан түсіндіреді.

Ғалымның таныстырылымында сол кездегі еліміздің орналасу аймағына қатысты да ерекше сөз саптау «Махамбет күн батыс Қазақстандікі» дей келіп, Махамбеттің «Өтемістен туған он едік, онымыз атқа мінгенде, жер қайысқан қол едік» [3, 168 б] деген өлең жолдарына тоқталып, Өтемістің он ұлынан әзірге білетініміз «Махамбет, Бекмағамбет, Ахымет» деп көрсетеді. Әрине кейінгі зерттеулерінде ғалым Өтемістің өлеңде айтылған он ұлын таратып айтып береді. Мұның барлығы махамбеттанудағы тынымсыз еңбектің арқасында келген табыстар болатын.

Қажымға дейінгі махамбеттанудың басында Халел Досмұхамедов тұрғаны белгілі. XX ғасыр басындағы алаш қайраткері, ағартушы, педагог, дәрігер Х. Досмұхамедов мамандығы әдебиетші болмаса да халық ауыз әдебиеті үлгілерін бастырды. Солардың ішінде Махамбет шығармашылығы туралы жазбалары өте құнды. Мұның қатарына «Мұрат ақын сөздері» (1924), «Исатай-Махамбет» (1925), «Аламан» (1926) кітаптарын жатқызуымызға болады. Бұлардың барлығында белгілі бір дәрежеде Махамбет өмірі мен шығармашылығы сөз болады. Халел зерттеулерінде де тағы да басқа аға буын жазбаларында Махамбет өмірі мен шығармашылығының кіріспесі жасалғанмен нақтылайтын мәселелер баршылық еді. Соның бірі Махамбет ақынның туған жылы мен өлеңдерінің жазылу тарихы, көтерілістің туу себептері туралы еді.

Міне осы мәселеде Қ.Жұмалиев аманат жүгін арқалады деп айта аламыз. Өйткені Халел Досмұхамедов жазықсыз құрбан болып, енді ғана қалыптаса бастаған махамбеттану тоқырап қалған болатын. Қ.Жұмалиевтің махамбеттануға келуіне Халел Досмұхамедовтың әсері болғаны сөзсіз. Бұл мәселе арнайы сөз етуді қажет етеді.

Қ.Жұмалиев 1939 жылы шыққан «Махамбет өлеңдері» деп аталатын кітапта: «Махамбетті күні бүгінге дейін 1803-жылы туды, 1845-жылы өлді деп жүр. Бірақ, олар Махамбеттің туған жылын, өлген жылын қайдан алды, о жағы бізге қараңғы. Архивтің айтуынша: 1804-жылы туған. Өйткені, 1841-жылы 37 жасында еді деген архивте материал бар көрінеді. Бірақ, өлген жылы туралы онда да ештеме айтылмайды. Махамбетті 1845-жылы өлді деп, өлген жылы туралы айтылып жүрген уақытын дұрыс десек, онда 42 емес, 41 жасында өлген боп шығады» [2, 3] дейді.

Қ.Жұмалиевтің осы пікірі махамбеттануда ақынның туған жылына байланысты көптен даулы мәселе болып келген талқыға нүкте қойды. Махамбеттануда бұл Қ.Жұмалиевтің жетістігі болып табылуымен қатар, кейінгі зерттеулеріне серпін берген бір жағдай болды.

Қ.Жұмалиев Махамбеттің өмірі мен шығармашылығын Махамбет өскен орта, Исатай-Махамбет бастаған көтеріліс аймағын көзбен көріп, үлкендердің естелігін тындап барып

қағазға түсірген. Бұл өз кезегінде ғалымға зерттеу нысанына айналып отырған мәселені кеңірек білуіне, ауызша тарихты сөйлетуіне мүмкіндік ашты. Исатай-Махамбет бастаған көтеріліс болмастан бұрынғы ел ахуалын, ақын өмірін білуге септігін тигізді. Мұны ғалымның аталмыш еңбегіндегі мына бір жолдардан көре аламыз: «Махамбет жастай кезінде хан ордасында болады. Оны өз қасына алып, Бөкейліктегі Жәңгірхан бауламақшы болады, өзін мақтап өлең айтып отыратын ақын етпекші болады. Бір кездерде хан өзінің Зұлқарнай дейтін баласын Орынборға оқуға жіберіп, Махамбетті сол баласын бағушы етеді. Бірақ хан оны өз жыршысы етпек боп тырыс а да, Махамбет шындықты айтудан бас тартпайды» [2, 3 б].

XIX ғасырда болған бұқара халық көтерілісінің ең күштісі де, ең маңыздысы да Исатай, Махамбет бастаған көтеріліс. Бұл көтерілістің тарихи мәні зор. Махамбетті, Махамбет поэзиясын сөз қылғанда, бұл көтеріліске тоқтамай, Махамбеттің творчествасына баға беруге мүмкін емес. Сондықтан, мәселенін бетін дұрыс ашу үшін, көтерілісті туғызған жағдайға, көтерілістің күшіне, көтеріліс кімдікі екеніне, оны басқарушы Исатай, Махамбеттің халық алдындағы беделі, міне осы мәселелерге Қ.Жұмалиев қандай баға бергендігіне тоқталу керек.

Бұл кез, Жәңгірдің хандық құрған кезі. Бұл кезде осы күнгі батыс Қазақстан Бөкейге, қараған елдердің басында төтенше ауыр жағдай болды. Бұл жағдай Қазақстанның басқа жерерінде де болды. Жалпы отарлау саясатын шұғыл қолға алған орыс патша үкіметі, Бөкей кезінде бір неше миллион десе қазақ жерін алса, Жәңгір кезінде отарлау мәселесі бұрынғыдан да күшейе түсті. Тарихи деректерге қарағанда Жәңгір патшаның әгенті болды. Жәңгір қазақ еңбекшілерінің жерін патшаға алып беріп ғана қойған жоқ, екінші жағынан өзі де ала бастады. Қазақтың құйқалы жерін, сулы көлін, жайлау, көктеуін өз меншігі етті.

Қ.Жұмалиевтің көрсетуінше жоғарғы айтылған жағдайлардың жыйынтығы көтерілісті, көтеріліс Исатай, Махамбетті туғызды. Бұл көтеріліс, екі түрлі қанаушылық арқасына батқан езілуші шаруалардың көтерілісі, ұлт бостандығы үшін күрес. Бұл бір жағынан ханға, екінші жағынан патшаға қарсы, патшаның отарлау саясатына қарсы көтеріліс және бұл көтеріліс патшаны әлсіретудегі сол кездегі жалпы күштің бір бөлшегі бола алады.

Ғалымның зерттеуінен түйетініміз. Исатай, Махамбет көтерілісі тек ғана патшаға қарсы емес, ханға, ханның жауыз билеріне, төре сұлтандардың барлығына қарсы. Махамбеттің мына өлеңінен, бұл көтерілістің мақсаты да, кімге қарсы екені де, нені көксегендіктері де, кім үшін күрескендіктері де ашық көрінеді. Махамбет Баймағамбет пен кездесіп, оған Баймағамбет не істемек едіңдер дегенде:

«Мен нарында жүргенде,  
Еңіреп жүрген ер едім,  
Исатайдың барында,  
Екі тарлан бөрі едім  
. . . . .  
Өздеріңдей хандардың,  
Басын кессем деп едім.  
Еділдің бойы ен тоғай  
Ел қондырсам деп едім.  
Жағалай жатқан сол елге,  
Мал толтырсам деп едім.  
Еңсесі биік ақ орда  
Еріксіз кірсем деп едім.  
Керегесін қиратып,  
Отын етсем деп едім.  
Туырлығын кескілеп,  
Тоқым етсем деп едім.  
Таққа отырған хандардың,  
Төрде отырған ханымын  
Қатын етсем деп едім.

Әлдилеген баласын  
Жетім етсем деп едім», дейді.

Махамбеттің бұл өлеңінде, көтерілісін алдына қойған мақсаты, көздеген нысанасы айқын. Ол: патша отарлап отырған жерді босатып еңбекші шаруаларға беру. Ханның, патшаның алым салығы мен тыйтығы құрыған жұртты малдандыру.

Махамбет халқын, отанын сүйген патриот ақын. Қазақ жерін отарламақ болған патшаға да, елді сатқан, жерді сатқан хан, сұлтан, билерге де қарсы болды. Еңбекші бұқараның отанын, елін қорғауға, патша, хан сұлтандарға қарсы күреске шақырды. Ол өз өмірін, поэзиясын халық мұңы үшін жұмсады.

Қ.Жұмалиев Махамбеттің халқын сүйген ақын екендігін, халық үшін күрескендігін дәлелдейтін басқа да сөздері бар дей келіп, Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзінің мына бір тұсына назар аудартады:

«Еділ үшін егестік,  
Тептер үшін тебістік.  
Жайық үшін жандастық,  
Қыйғаш үшін қырылдық.  
Теңдікті малды бермедік  
Теңдіксіз малға көнбедік».

.....  
«Ханның кірген хан орда,  
Бұзуын ойлап кеңестік.  
Аламанға жел бердік,  
Аса жұртты меңгердік,  
Қара қазақ баласын,  
Хан ұлына теңгердік» дейді.

Ақын бұл жерде хан, би, төре, сұлтандарға не істегендіктерін, кім үшін, не үшін, күрескендіктерін ашық айтады. Есте болуы керек, бұл арадағы «Қара қазақ баласы» ханға, патшаға қарсы көтерілген бұқара, сондықтан да ол «қарны жуан билер» деп қазақтың жуандарын бөле сөйледі. Ендеше «қара қазақ баласы» ұранына билердің ортақтығы жоқ.

Бұл неге күресіп жүргенін түсінген, халық мүдесін жеке басының мүдесінен артық санаған, халық үшін өз жанын пидә еткен ердің сөзі. Махамбетті халықтың қадірлейтіні де, оны ертегі етіп сөйлейтіні де, оның сөздерін артықша сыйлап оқитыны да сондықтан.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Атымөв М. Қажым Жұмалиев. – Алматы: Ғылым, 1987. – 160 б.
2. Жұмалиев Қ. Махамбет өлеңдері. – Алматы: ҚКӘБ, 1939. – 121 б.
3. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: ҚКӘБ, 1969. – 245 б.
4. Досмұхамедов Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.

**УДК 930.85**

#### **ФОРМАТ ТЮРКСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ (1992-2022гг)**

**Мысабай Айсара Қоныскерей,**  
магистрант, ЗКИТУ, г. Уральск

**Аңдатпа:** Мақалада Түркі кеңесінің, түркі мемлекеттері саммитінің және ТҮРКСОЙ түркі мәдениеті халықаралық ұйымының қызметін талдау арқылы түркі интеграциясының



форматын жүйелеуге талпыныс жасалған. Қазақстан мен түркі мемлекеттері ынтымақтастығын дамытудың негізгі бағыттары айқындалып, олардың қазіргі дәуірдегі жетістіктеріне баға берілді.

**Кілт сөздер.** Түркі кеңесі, саммит, ынтымақтастық, шарт, диалог, теңдік, диалог.

## THE FORMAT OF TURKIC INTEGRATION AT THE PRESENT STAGE (1992-2022)

**Abstract.** The article attempts to systematize the format of Turkic integration by analyzing the activities of the Turkic Council, the summit of Turkic states and the international organization of Turkic culture TURKSOY. The main directions of development of cooperation between Kazakhstan and the Turkic states are revealed and their achievements in the modern era are assessed.

**Keywords.** Turkic Council, summit, cooperation, treaty, dialogue, equality, dialogue.

Еще до обретения независимости в Казахстане были предприняты конкретные шаги по сближению с тюркскими народами. Среди доминирующих тюркоязычных государств в регионе стали Турецкая Республика, Казахстан, Узбекистан, Киргизия, Туркмения и Азербайджан.

Уже в июне 1990 года в Алматы начинает свою работу Международный Тюркологический Центр. Информация о деятельности Центра, проведенных мероприятиях (Советско-Турецкий коллоквиум в Алматы, Международный Круглый Стол в Туркестане в рамках проекта ЮНЕСКО по Великому Шелковому пути).

Начальный период межтюркского сотрудничества начинается с 1992 г. по 2001 г. В ходе первого саммита, организованного в Анкаре (в 1992 г.) было подписано Анкарское заявление, в котором был отмечен «дух братства и солидарности между странами» [1, с.413]. Думается, что, выдвигая положения об общности истории, языка и культуры, тюркские государства искали общие точки соприкосновения. На саммите обсуждался вопрос энергетических ресурсов и путей их транспортировки, а также проблема мира и безопасности.

С одобрения и при полной поддержке Первого Президента в июле 1993 года в г. Алматы шестью странами учредителями и постоянными членами Организации – Азербайджанской Республикой, Республикой Казахстан, Кыргызской Республикой, Туркменистаном, Турецкой Республикой и Республикой Узбекистан – был подписан «Договор о создании и принципах функционирования ТЮРКСОЙ». Эта организация стала первой структурой, которая идею тюркской интеграции оформила в законодательные и организационные рамки.

В ходе Стамбульской встречи (1994 г.) произошли изменения в формулировках: «дух братства», служивший для демонстрации тесных связей между странами, был заменен на более нейтральное выражение «особые узы» между народами [2, с.17]. В своем выступлении на Второй встрече Глав тюркоязычных государств в октябре 1994 года в Стамбуле президент Назарбаев делает несколько важных выводов относительно тюркской интеграции. Во-первых, он настаивал на том, что различные интеграционные объединения не противоречат друг другу, а могут и должны быть сопряжены для блага развития новых независимых государств. В частности, он вновь возвращается к идее «оформления Центральноазиатского Союза с участием Узбекистана, Кыргызстана и нашей страны». Возлагает большие надежды на инициативу по созданию СВМДА, аналога ОБСЕ на азиатском континенте. Призывает к более интенсивному использованию возможностей ОЭС, где мы (тюркские страны) «даже составляем большинство». Во-вторых, приходит к заключению о необходимости организационных структур для эффективной интеграции и приводит в пример деятельность «Тюркской».

Бишкекский саммит (1995 г.) собрал глав тюркских государств в полном составе [3, с.423]. В ходе встречи подчеркивалась необходимость сохранения великого культурного и исторического наследия тюркских народов.

Ташкентская декларация (21 октября 1996 г.), подписанная во время очередного саммита, фиксировала динамичное и поступательное развитие сотрудничества тюркоязычных государств в различных областях [4]. Президенты республик отметили необходимость развития как торгово-экономических контактов, так и духовно-культурных контактов. Важнейшим достижением саммита стало создание Секретариата встреч глав тюркоязычных государств (СВГТГ). На него возлагались функции, связанные с подготовкой материалов встреч глав государств; проведение конференций, симпозиумов, посвященных пропаганде языка, культуры и достижений тюркоязычных республик; деятельность по поиску, подбору и подготовке к изданию исторических литературных источников о жизни тюркских народов в прошлом и настоящем.

Таким образом, в ходе первого периода взаимоотношений тюркских государств можно говорить о том, что оно осуществлялось на взаимовыгодной основе, было много точек соприкосновения, что закладывало прочный фундамент для дальнейших контактов.

Однако, к 1998 г. заметна смена отношения лидеров тюркских республик к совместным саммитам. Впервые изменения в составе участников произошли на саммите в Астане, собравшем президентов почти всех тюркоязычных стран, за исключением Туркменистана. Хотя от имени Ашхабада выступал председатель парламента, была нарушена сама идея межтюркских саммитов, встреч президентов тюркоязычных республик, на которую делали ставку в Анкаре. Турецкий президент С. Демирель предпринимал попытку обосновать важность тюркского фактора, подчеркивал значимость сосуществования тюркских стран в рамках единого пространства: страны занимают территорию в 11 млн кв. км и объединяют 220 млн человек, данные цифры дают основания для быстрого экономического развития. Однако вышеуказанные заявления никак не повлияли на туркменское представительство на саммитах.

Изменение состава участников продолжилось на Бакинском саммите (2000г.), его посетили уже четыре президента: руководители Азербайджана, Казахстана, Киргизии и Турции. Как и на предыдущей встрече, Туркмению представлял председатель Меджлиса, Председателем Парламента ограничился в этот раз и Узбекистан. Главы государств в очередной раз подчеркнули важность культурно-духовного сотрудничества [5].

Стамбульская встреча (2001 г.) началась с глубокого осмысления роли общей культуры, истории и языка. Главы государств акцентировали внимание на необходимости сохранения дружбы, равноправия и уважения взаимных интересов. Возвращение к сотрудничеству президента Туркменистана было высоко оценено сторонами, и было принято решение провести VIII Саммит в 2002 году в г. Ашхабаде. Это решение было обусловлено стремлением поддержать интерес Туркмении к межтюркскому диалогу. Но намеченные планы не удалось осуществить, поскольку с 2001 г. в работе саммитов начался этап застоя-длительный перерыв, в ходе которого не организовывались саммиты, перестали проходить курултай.

Встреча высшего руководства тюркских государств, регулярно проводимая в последнем десятилетии XX в., была возобновлена осенью 2006 года. 17 ноября 2006 г. в турецком городе Анталья состоялся VIII саммит лидеров тюркских государств. Как и на предыдущих встречах, в мероприятии приняли участие президенты Азербайджана, Казахстана, Киргизии и Турции. Руководители Туркменистана и Узбекистана, ранее уже демонстрировавшие индифферентное отношение к совместным тюркским заседаниям, долгое время не давали ответа, будут ли они участвовать в саммите [6, с.148].

В то время как одни республики пытались показать свое индифферентное отношение к интеграционным процессам в рамках тюркского диалога, другие выдвигали все новые идеи, касавшиеся углубления взаимодействия. О необходимости нового импульса стали говорить еще на Бакинской встрече в апреле 2000 года. Речь шла о создании институциональных

структур. С инициативой ввести Межпарламентскую ассамблею тюркоязычных государств выступил казахстанский президент Н.А. Назарбаев. Ассамблея, по его мнению, должна была дополнить Совет аксакалов тюркоязычных народов в составе авторитетных в тюркском мире людей, видных политических и общественных деятелей, а также деятелей культуры.

Согласно документам, заседания Парламента планировалось проводить не реже 1 раза в год. Председательство должно было осуществляться по очередности и в алфавитном порядке. Было принято очень важное решение, согласно которому рабочими языками стали государственные языки стран-участниц.

На Анталийской встрече глав тюркских государств были достигнуты договоренности, касавшиеся укрепления связей в области энергетики и безопасности. Произошло заключение итоговой декларации о необходимости интенсификации и укрепления экономических и транспортных и культурно-духовных связей между тюркскими странами.

На саммите была затронута международная проблематика, обсуждалась ситуация в Ираке и Афганистане, Палестине, Ливии. Саммит в Анталии в лице Азербайджана, Казахстана, Киргизии и Турции показал, что в дальнейшем именно эти страны будут решать судьбу тюркоязычных государств.

Важным шагом в процессе проведения встреч заместителей председателей парламентов четырех тюркских государств (Турция, Казахстан, Азербайджан, Кыргызстан) стало подписание 21-22 февраля 2008 г. в Анталии протокола о намерении создать Парламентскую ассамблею тюркоязычных государств (ПАТГ). Соглашение об учреждении Парламентской ассамблеи тюркоязычных государств было принято на конференции председателей парламентов в Стамбуле 20 ноября 2008 года.

В Уставе Межпарламентского меджлиса тюркоязычных государств (ТЮРКПАМ) указывались следующие цели: развитие существующего сотрудничества, обеспечение поддержки в организации саммитов глав тюркоязычных государств, выработка общих политических взглядов, организация общих мероприятий, обмен опытом законодательной работы. По мнению исследователя А.А. Гурьева, в Анталии был сделан еще один практический шаг на пути создания политического союза тюркских стран, а при его выстраивании предпринята попытка взять за образец соответствующие структуры Евросоюза. Но отсутствие Туркменистана и Узбекистана усложняло реализацию этих планов.

На IX саммите глав тюркоязычных государств в городе Нахичевань в 2009 г. присутствовали: Президент Азербайджанской Республики И. Алиев, Президент Республики Казахстан Н. Назарбаев, Президент Кыргызской Республики К. Бакиев и Президент Турецкой Республики А. Гюль. На Нахичеванском саммите глав тюркоязычных государств участники отметили значимость существующих на высоком уровне контактов и сотрудничества во всех областях, основывающихся на близости истории, языка и культуры, дружбе, равенстве и взаимной выгоде.

Важным достижением встречи стало сообщение о создании новой институциональной структуры тюркского сотрудничества - Совета сотрудничества тюркских государств (Тюркского совета), а также подписание учредительного договора новой организации. Решено, что штаб-квартира Тюркского совета будет располагаться в Стамбуле. В структуру Тюркского совета входят пять органов: Совет глав государств, Совет министров иностранных дел, Совет старейшин, Совет заслуженных деятелей внешнеполитических ведомств, Постоянный секретариат. После церемонии подписания договора о создании Тюркского совета А. Гюль заявил, что это событие носит исторический характер, так как впервые появилась институциональная структура, объединившая тюркский мир. Особенно отмечалось, что Тюркский совет будет способствовать углублению сотрудничества стран-участниц в сфере экономики, туризма и культуры. Президент Турции выразил уверенность в том, что саммит в г. Нахичевань станет поворотным пунктом в процессе интеграции тюркских стран, который завершится созданием Содружества тюркских наций.

На Нахичеванском саммите было подчеркнуто, что состоялось первое пленарное заседание Парламентской ассамблеи тюркоязычных стран. На заседании был принят Устав ассамблеи из 26 статей, сформирован секретариат и определен бюджет организации. После долгих обсуждений постоянным местом организации была обозначена столица Азербайджана Баку. Представляется, что турецкая сторона была вынуждена уступить право разместить штаб-квартиру Ассамблеи в Баку, чтобы не потерять поддержку этой братской республики. Участие в ее работе по-прежнему приняли Турция, Казахстан, Киргизия и Азербайджан [6, с.149]. Следует отметить наличие важных результатов в межтюркских встречах, прежде всего это касалось практической реализации достигнутых ранее договоренностей. Нахичеванский саммит продемонстрировал, что сотрудничество тюркских стран развивается и обретает новые формы.

X саммит глав тюркоязычных государств договорились провести в Кыргызстане. Однако из-за киргизских внутривнутриполитических событий весны 2010 г., повлекших за собой смену руководства и внутренние трудности Республики Кыргызстан, место проведения встречи было перенесено в Турцию. 16 сентября 2010 г. в Стамбуле состоялась X встреча глав тюркоязычных государств. В ходе саммита лидеры государств обсудили различные аспекты многостороннего сотрудничества, прежде всего вопросы экономического характера. На встрече присутствовали: Глава Казахстана Н. Назарбаев, Президент Турции А. Гюль, Президент Азербайджана И. Алиев, Президент переходного периода Кыргызстана Р. Отунбаева, Президент Туркменистана Г. Бердымухамедов [7].

В ходе саммита обсуждались текущие вопросы о деятельности Секретариата Тюркского совета, Совета старейшин, а также Академии тюркского мира. Кроме того, состоялся обмен мнениями по вопросам сохранения регионального мира и безопасности, развития экономического сотрудничества, урегулирования обстановки в Кыргызстане.

Таким образом, реалии того времени показали, что строить взаимоотношение между тюркскими странами возможно на несколько иной основе, выступая независимыми международными акторами. Межтюркский диалог продолжается, правда в меньшем составе участников. Вокруг Анкары на данный момент находятся наиболее динамично развивающиеся государства, заинтересованные в работе саммитов. На последней встрече была закреплена организационная структура тюркского сотрудничества, которая может целенаправленно координировать деятельность этих стран.

Создание Парламентской ассамблеи, Межпарламентского меджлиса, Тюркского совета, Секретариата и Устава свидетельствует о серьезности турецких намерений с целью создания политического союза тюркских государств и его превращения в единую тюркскую силу на международной арене. А в рамках тюркских республик произошло выделение заинтересованного в объединении ядра - Турции, Казахстана, Азербайджана и Киргизии.

Представляется, что диалог этих стран может быть продолжен весьма продуктивно. Казахстан - наиболее динамично развивающееся государство Центральной Азии. Азербайджан также демонстрирует хорошие показатели экономического развития. Турция - республика, заинтересованная особым образом в энергетических проектах в качестве транзитного государства. Киргизия, хотя и находится на этапе внутривнутриполитической трансформации, почти 20 лет демонстрирует преданность межтюркским саммитам.

2022 году в Самарканде (Республика Узбекистан) состоялся саммит лидеров Организации тюркских государств. Организация тюркских государств (ОТГ) - международная организация, которая объединяет Азербайджан, Казахстан, Кыргызстан, Турцию и Узбекистан с целью всестороннего сотрудничества между тюркскими народами. Самаркандский саммит прошел под девизом «Новая эра тюркской цивилизации: на пути к общему развитию и процветанию».

В своем выступлении Глава государства Касым-Жомарт Токаев отметил, что Казахстан придает особое значение всестороннему взаимодействию с тюркскими странами. Президент Республики Казахстан выразил уверенность в том, что братский Узбекистан с честью выполнит возложенные на него обязанности председателя Организации тюркских

государств. Президент РК отметил растущую роль Организации тюркских государств. По его словам, Казахстан является землей отцов Тюркского мира, поэтому наша страна придает особое значение развитию всестороннего взаимодействия в рамках ОТГ.

- Мы заинтересованы в дальнейшем укреплении нашего сотрудничества и выведении его на новый уровень. История организаций, объединяющих тюркские страны, свидетельствует о том, что большинство из них, в том числе ТЮРКСОЙ, ТюркПА и Тюркская академия, были созданы по инициативе Казахстана. Эти организации стали настоящими проводниками культурного и духовного сближения наших братских народов. Особую роль в укреплении взаимного сотрудничества играет Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави в Туркестане, - сказал Глава государства Касым-Жомарт Токаев.

Президент РК напомнил о том, что по инициативе Казахстана был разработан программный документ «Перспективы тюркского мира – 2040». С целью его реализации на саммите будет принята Стратегия Организации тюркских государств. Безусловно, этот документ будет способствовать усилению взаимодействия и укреплению пояса стабильности, объединяющего наши государства. Поэтому есть все основания утверждать, что наше сотрудничество будет успешным. Активно участвуя в решении вопросов региональной и глобальной повестки, мы должны стать мощной и авторитетной силой. Нынешние геополитические и геоэкономические противоречия оказывают негативное влияние на экономику и транспортно-логистическую систему Евразийского континента. Мы должны проявить солидарность для совместного противостояния всем вызовам и угрозам, - заявил Президент [8].

Лидер Казахстана высказал ряд инициатив, направленных на дальнейшее укрепление взаимодействия тюркских стран. Наши государства связывают Запад и Восток, Север и Юг. Поэтому в нынешний переходный период очень важное значение приобретает повышение потенциала транспортно-транзитных коммуникаций и максимальное использование их возможностей.

Президент РК пригласил страны ОТГ к активному сотрудничеству в IT-сфере. По его мнению, в нынешних геополитических условиях страны все больше изолируются друг от друга в технологическом плане. Поэтому следует уделить самое пристальное внимание новейшим разработкам тюркских стран в IT-сфере, что будет способствовать нашему цифровому развитию. В Астане состоялся международный форум Digital Bridge, на площадке которого креативная молодежь, работающая в IT-сфере, представила свои передовые разработки. По итогам мероприятия был подписан меморандум о взаимодействии IT-хабов наших стран. В этой связи предлагаю создать Центр цифровизации Организации тюркских государств на базе международного технопарка Astana Hub. Эта структура позволит разрабатывать цифровые решения, столь необходимые для торговли, транспорта, использования водных ресурсов, информационной безопасности и других важных отраслей, - сказал Касым-Жомарт Токаев.

Главным приоритетом в выступлении было названо укрепление научно-образовательных связей тюркских государств. Он сообщил, что, в 2023 году Казахстан намерен принять II Тюркскую универсиаду.

- Необходимо развивать академическую мобильность и создавать условия для укрепления межкультурного диалога между студентами. Также следует формировать единое образовательное пространство высших учебных заведений. Предлагаю рассмотреть вопрос учреждения в 2023 году единой сети университетов тюркских стран, которая позволит нашим студентам изучать тюркские языки и знакомиться с историей и культурой братских народов, - сказал Глава государства.

По мнению Касым-Жомарта Токаева, особое внимание следует уделить проектам по изучению духовных источников тюркских стран. Он также сообщил, что в ходе археологической экспедиции, проведенной Тюркской академией в Монголии, было сделано важное историческое открытие – найден уникальный комплекс Кутлук кагана,

возродившего Тюркский каганат. Обнаружен древнейший письменный памятник, содержащий слово «тюрк». В этой связи предлагаю разработать дорожную карту по изучению общего письменного наследия тюркских народов. Для ее реализации необходимо обеспечить взаимный доступ к архивным документам наших стран. В будущем на их основе можно будет сформировать «Цифровую карту» Организации тюркских государств, – сказал Президент.

Глава государства также информировал участников саммита о позиции Казахстана по международной повестке.

– Казахстан решительно поддерживает территориальную целостность всех государств, а также считает необходимым неуклонное соблюдение Устава ООН. Это необходимый принцип, который полностью соответствует базовым интересам нашей страны. Поэтому мы будем уделять приоритетное внимание этому принципу, – заявил Касым-Жомарт Токаев [9].

Таким образом, идея тюркской интеграции из теоретической плоскости стали превращаться в значимый политический фактор в межгосударственных отношениях среди тюркских стран. И значительная роль в этом вопросе принадлежит Республике Казахстан.

### Список использованной литературы:

1. Анкарское заявление. Встречи глав тюркоязычных государств // Казахстан – Турция: 5 лет дружбы и сотрудничества. Анкара: TiYDEM, 1996. С. 413-416.
2. Стамбульская декларация // Бюллетень международных договоров Республики Казахстан. 1997. № 5. С. 6-40.
3. Бишкекская декларация // Казахстан – Турция: 5 лет дружбы и сотрудничества. Анкара: TiYDEM, 1996. С. 423-428.
4. Ташкентская декларация [Электронный ресурс]. URL: <http://www.constitutions.ru/archives/582>.
5. Саммит глав тюркоязычных государств // Панорама. 1998. 12 июня.
6. Парубачая Е.Ф. Интеграция тюркского мира на современном этапе. Грамота. Тамбов: 2016. №6(68), ч.1.
7. Түркі тілдес мемлекеттер басшыларының Х саммитінің декларациясы. Стамбул, 2010, 16 қыркүйек. <https://www.turk-pa.org/>
8. Президент Касым-Жомарт Токаев принял участие в саммите Организации тюркских государств. Официальный сайт Президента Республики Казахстан. <https://www.akorda.kz/>
9. Рахметов Н. Общая история, единые цели. Общественно-политическая газета «Время». 11 ноября, 2022г.

ӘОЖ 17.81.99

### МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ОЙ: ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ

**Мамыров Азамат Ибраевич,**  
БҚИТУ ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор,  
**Сундетқалиева Гүлайна,**  
БҚИТУ, ҚТӘ магистранты

*Аңдатпа. Мақалада ХІХ ғасыр қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, суырыпсалма ақын Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығы сөз болып, әдебиеттану ғылымы талаптары тұрғысынан қарастырылады. Бұған дейін Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығы аға буын әдебиет зерттеуші ғалымдар еңбектерінде көбіне көп «Зар заман» өкілі ретінде қарастырылып, оның азаттықты аңсаған үні жеткілікті дәрежеде насихатталмағандығы байқалатындықтан,*

*XIX ғасыр әдебиетіндегі азаттық ойды Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығы негізінде әдеби ортаға ғылыми аспектіде интерпретациялауға және таныстыруға бағытталған.*

*Мұрат Мөңкеұлы XIX ғасырдың көп өкілінің бірі емес, қазақтың тарих сахнасынан жоғалып кетпеуі үшін атқа қонған елді бастаушы, бағыт көрсетуші күрескер ақын.*

*Мақалада Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығын оқыту мен зерттеу және ақын толғаулары мен өлеңдерін хронологилық және салыстырмалы-тарихи, герменевтикалық әдістер тұрғысынан зерттеу мақсаты алға қойылған. Бұл әдістер арқылы автордың уақыт пен кеңістік, тарих, әлем мен адам болмысы туралы жеке ой-түсініктері мен реалды әлемді және кейіпкерлерінің ішкі әлемін модельдеу әдістері қарастырылады. Ақын шығармашылығы арқылы XIX ғасырдағы орыс басқыншылығының қазақ болмысына қаншалықты кері әсері болғандығына оқырман назарын аударуды көздейді. Сонымен қатар, автордың өлеңдері мен толғауларындағы қазақ халқының тарихы мен қоғамындағы күрделі мәселелердің әлеуметтік-қоғамдық, мәдени сипаты айқындалады. Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығындағы ұлттық болмыс пен азаттық ой астарланған шумақтар мәтінінің қабаттық деңгейлері көрсетіледі.*

*Зерттеудің ғылыми және практикалық құндылығы қазақ әдебиеттану ғылымында кеңестік кезеңнен қалыптасқан жекелеген пайымдардың бүгінгі тәуелсіз ел ұстанымы тұрғысынан қайта бағалануына, әрі отандық әдебиеттану саласының әдіснамалық-теориялық қырын жетілдіруге үлес қосатындығымен өлшенеді.*

**Түйін сөздер:** *Төл әдебиет, тарихи жад, отаршылдық, ызғарлы жылдар, қолжазба, «Ел ауа» көтерілісі, ата қоныс.*

## **МЫСЛЬ О СВОБОДЕ В ТВОРЧЕСТВЕ МУРАТА МОНКЕУЛЫ: НА ОСНОВЕ ИССЛЕДОВАНИЙ КАЖИМА ЖУМАЛИЕВА**

**Аннотация.** В статье рассматривается творчество выдающегося представителя казахской литературы XIX века, поэта импровизатора Мурата Монкеулы. Ранее творчество Мурата Монкеулы в трудах ученых-литературоведов старшего поколения рассматривалось в основном как представителя "Лихие годы". Его стихи, жаждущие свободы, не были должным образом популяризированы. В связи с этим исследовательская работа направлена на интерпретацию и знакомство творчества поэта для литературной среды в научном аспекте.

Мурат Монкеулы - представитель XIX века, родоначальник, поэт-путеводитель.

В статье рассматриваются вопросы изучения творчества Мурата Монкеулы, а также исследования поэтических размышлений и стихов с точки зрения хронологических и сравнительно-исторических, герменевтических методов. С помощью этих методов рассматриваются личные представления автора о времени и пространстве, истории, мире и человеческой природе, методы моделирования реального мира и внутреннего мира героев. Творчество поэта призвано привлечь внимание читателя к тому, насколько негативное влияние русской оккупации XIX века оказало на казахскую идентичность. Наряду с этим, в стихах и трудах автора раскрывается социально-общественный, культурный характер сложных проблем истории и общества казахского народа. В основе многоуровневого текста произведений Мурата Монкеулы лежит мысль о национальной идентичности.

Научная и практическая ценность исследования состоит в том, что в казахской литературоведении некоторые взгляды, сложившиеся в советский период, переоцениваются с позиций современной независимой страны, а также вносят вклад в совершенствование методологического и теоретического аспекта в области отечественного литературоведения.

**Ключевые слова:** национальная литература, историческая память, колониализм, суровые годы, рукопись, восстание «Ел ауа», земля отцов.

## **THE CONCEPT OF FREEDOM IN THE WORKS OF MURAT MONKEULY: BASED ON THE RESEARCH OF KAZHIM ZHUMALIEV"**

**Annotation:** This article examines the works of the eminent representative of Kazakh literature of the 19th century, the improvisational poet Murat Monkeuly. Previously, Murat Monkeuly's works were mainly viewed by older generation literary scholars as representative of the "Zarzaman" trend. His verses, yearning for freedom, were not adequately popularized. Therefore, this research aims to interpret and introduce the poet's works to the literary community from a scholarly perspective.

Murat Monkeuly is a representative of the 19th century, a pioneer, a poet-guide.

The article discusses issues related to the study of Murat Monkeuly's creativity, as well as research on poetic reflections and verses from chronological, comparative-historical, and hermeneutic perspectives. Through these methods, the author's personal views on time and space, history, the world, and human nature, as well as methods of modeling the real world and the inner world of characters, are examined.

The poet's work is intended to draw attention to the negative impact of Russian occupation in the 19th century on Kazakh identity. Alongside this, the poems and works of the author reveal the socio-political, cultural nature of the complex problems of the history and society of the Kazakh people. The underlying theme of Murat Monkeuly's multi-layered texts is the idea of national identity.

The scientific and practical value of the research lies in the fact that in Kazakh literary studies, some views that emerged during the Soviet period are being reassessed from the perspective of the modern independent country, as well as contributing to the improvement of the methodological and theoretical aspects in the field of domestic literary studies.

**Keywords:** national literature, historical memory, colonialism, harsh years, manuscript, the uprising "El aua", the land of the fathers.

**Кіріспе.** Қазақтың тарихы төл әдебиетінде жатыр. Таратып айту уақыт еншісінде. Тұран даласын тұғырына айналдырған Қазақ баласының жүз жылдықтарда тарихи жады көмескіленбеуі сөз өнерінің асқақтығында. Бұған көз жеткізу аса қиын да емес. Ұрпаққа аманат болып жеткен «Бабалар сөзі» көптомдығы қазақ өмірінің айнасы. Соның бір парасы, биыл туғанына 180 жыл толып отырған, аты алты алашқа мәлім Мұрат Мөңкеұлы жырлары.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы, нақтылай айтсақ 1869 жылы Батыс Қазақстанда болған (сол кездегі Батыс Қазақстанға қараған Гурьев, Ақтөбе облыстары, Орынбор қолтығындағы қазақтарды қамтыған – М.А.) тарихи оқиға «Ел ауа» орыс отаршылдығына қарсы халық көтерілісі жөнінде білгісі келген кісі Мұрат Мөңкеұлы жырларын қарағаны дұрыс.

Мұрат Мөңкеұлы мұрасының жинақталуы мен зерттелуіне, әдеби айналымға шығуына мол үлес қосқан аға ғалымдар көшін Халел Досмұхамедұлы бастап тұр. Халел Досмұхамедұлы 1924 жылы Ташкентте «Мұрат ақынның сөздері» [1] деп ақынның өлеңдерін кітап етіп жариялағанымен кеңінен зерттеуіне кеңес үкіметі өмірін келте етіп мүмкіндік бермеді. Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығын танудағы Халел аға бастаған игі іс ғылым жолындағы інісі, әдебиеттанушы ғалымдар арасында ХҮІІІ-ХІХ ғғ. қазақ әдебиетінің білгірі деп мойындалған Қажым Жұмалиевке аманатталды. Қажымның Халел ағасының ізімен Махамбетті зерттеуі, Махамбет мұрасын елге жеткізуші Мұрат ақынның шығармашылығында қайта тоғысты. Халел мен Қажымның таныстығы, рухани жақындығы өз алдына әңгіме...

Мұрат Мөңкеұлы жайында сөз қозғағанда қазақ руханиятындағы шығармашылық тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын елге таныту, насихаттау, арнайы кәсіби тұрғыда білім ордаларында оқыту қалай жүзеге асты дегенді де қысқаша қамтып өткен дұрыс болар.

Мектептерде қазақ әдебиетінің жеке пән ретінде оқытылуы өткен ғасырдың отызыншы жылдарынан кейінгі - уақыт. 1932 жылға дейін қазақ әдебиеті қоғамтану пәнінің құрамында ғана оқытылып, толық курстық қызметін атқара алмады. 1932 жылы орыс мектептерінің тәжірибесін басшылыққа алып жасалған қазақ әдебиетінің алғашқы программасы мен 1934 жылғы қазақ әдебиетінің жеті жылдық мектепке арналған жаңа программасы да жарамсыз деп танылды. Осылайша 1936 жылға дейін қазақ әдебиетінен программа жасау әрекеті нәтижесіз болып, 1936 жылдан бастап 5-10 кластарда өтілуге тиісті ақын-жазушылардың шығармаларының тізімі жасалып, мектептерге таратылып отырды. Мектептердегі қазақ



әдебиеті пәні осы тізімдер бойынша ғана оқытылды. 1937 жылы Алматы қаласында тіл және әдебиет мұғалімдерінің кеңесі шақырылып, мектепте ана тілі мен әдебиетін оқыту сапасының жайы, программа мен оқулық, хрестоматиялар жасау кеңінен сөз болды. Қазақ ССР Оқу комиссариатының нұсқауы бойынша 1937-1938 оқу жылына арналып ана тілі мен әдебиет программасының уақытша схемасы жасалды. Осы схема негізінде авторлар коллективі бекітіліп, Қажым Жұмалиев сол қатардан табылды.

Бұл мақаланың мақсаты көрнекті ғалым Қ.Жұмалиевтің табанды еңбегінің арқасында әдеби айналымға енген күрескер Мұрат ақынның әдеби мұрасын әртүрлі әдістер арқылы талдап, оқырман мен ғылыми көпшілікке таныту және әдебиеттану саласының әдіснамалық-теориялық қырын жетілдіруге үлес қосу.

Ғалым Қ.Жұмалиев орта мектеп пен жоғары оқу орындарына арнап жазған аталмыш оқулықтарында Мұрат ақынның әдеби мұрасын жоғары бағалап, жан-жақты ашып көрсеткен болатын. Мұны «Нәтижелер және оларды талқылау» бөлімінде түсіндіруге тырысамыз.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері.**

Мұрат Мөңкеұлының өлеңдері мен дастандарын, айтыстарын қарастыруда бірқатар әдебиеттанушылардың зерттеулері мен әртүрлі ғылым салаларындағы еңбектер жұмысымыздың әдіснамалық-теориялық негізі ретінде алынды. Сондай-ақ, «Мұрат ақынның сөздері» деген қолжазба мұрағат материал мен ақынның кітап болып жарық көрген жекелеген туындылары зерттеу нысанының дүниетанымдық ерекшелігі мен шығармаларындағы басты әдеби тенденцияларды, бағыт-бағдарларды айқындауға септігін тигізді.

Мәдени-тарихи әдіс Мұрат Мөңкеұлы жырларындағы көркемдік-элегиялық сарынды әр дәуірдегі мәдени-тарихи құбылыстармен, әсіресе, батырлық жырлардағы ел қорғаны рухымен қалыптасқан поэтикалық түсініктермен байланыстыра қарастыруға септесті.

Салыстырмалы-тарихи әдіс Мұрат Мөңкеұлы толғауларындағы азатшылдық ой XIX ғасыр қазақ әдебиетіндегі дауылпаз ақын Махамбет өлеңдерімен қолданыс табу деңгейі мен мәтіндік қабаттарды салыстырып зерттеуде қолданылды.

Психологиялық әдіс туындыгер ретіндегі автор мен кейіпкерлерінің ішкі әлеміндегі психологиялық-менталды үдерістерді, толғаулардағы Жеті жұрт бастан кешетін өмір мен өлім арасындағы аралыс, рухани дағдарыс көріністерін интерпретациялау мен поэтикалық-құрылымдық кодтардың психологиялық табиғатын ашу үшін қолданыс тапты.

Герменевтикалық әдіс арқылы автордың жеткізуге ұмтылған интеллектуалды-философиялық тұжырымдамалары мен мәтін қабаттарына жасырынған авторлық интенция айқындалды.

**Нәтижелер және оларды талқылау.** Қажым Жұмалиевтің орта мектептің 9-классына арналған «Әдебиет теориясы» [2] (1938), орта мектептің 8-классына арналған «Қазақ әдебиеті» [3] (1942), жоғары оқу орнына арналған «XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» [4] (1967) оқулықтарында Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығы кеңінен сөз болды. Бұл бүгінгі күні Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығын танудағы сілтеме, ғалымның ғылым жолындағы жетістігі сиқты көрінгенімен мұның авторға кешегі кеңестік ызғарлы жылдары кесірінің көп болғанын ел біле бермейді.

КПСС Орталық Комитетінің идеологиялық мәселелер жөніндегі тарихи қаулылары мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателер туралы қаулысынан» (Социалистік Қазақстан, 1947) кейін арнаулы комиссия «...Мұрат, Шортанбай сияқты ақындардың өмірі мен творчествосы түгел талданып, жеке тақырып етіп беріліп, елеулі кемшіліктер кетті» [5] деп Қажым Жұмалиевке қатаң ескерту жасайды.

Осы мәселе асқынып, 1950 жылдың 26 желтоқсанында «Правда» газетінде «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген мақалада көрніс тапты. Мұрат Мөңкеұлы тағы да басқа шығармалар талданған оқулықтары Қажекеннің басына бәле болып жабысып, жұмысы мен партия қатарынан шығарылып, Алматыдан алғашында Семей, кейін Қарағандыға жер аударылды.

1953 жылы шырқау шегіне жеткен кесапат дауылы қазақ зиялыларының бірлігінде Қажым Жұмалиевті де есеңгіретіп кетті. Ғалымның мал-мүлкі тәркіленіп, жиырма бес жылға сотталды. Жазығы мектеп және жоғары оқу орындарына арнап жазылған оқулықтарында қазақ руханиятын түгендеп, ғылыми негізде талдап, анық пен қанықты алғаусыз жеткізуі.

Мінезділік, бірсөзділік түрмеде жазықсыз жазасын өтеп жатқан Қажекеннің жазған хаттары мен арыздарынан анық көрінеді. СССР-дің Бас Прокурорына жазған арызында ғалым: «Считая себя невиновным в антисоветском преступлении прошу Вас разрешить мне обратиться к вам со следующим заявлением: ... Должен указать ещё на то, что творчество включенных в учебниках поэтов XIX века (Мурат, Нысанбай) были более положительно оценены во всех изданиях...» [6, 370, 378] деп табандылық танытады.

## ЗАМАН КӨРНІСІ

Мұрат Мөңкеұлы дерекнамасы жазылған қолдан түптелген сұр кітапты Қажым Жұмалиев реттік санмен «№ 7. Мұрат» деп белгілепті. Қажым ағаның үйіндегі жеке архивінен табылған тозығы жеткен қолжазба кітап отызыншы беттен басталады. Жиырма тоғыз бет кеңестік «қырағы көздер» қолымен жыртылып алынған. Оған отызыншы беттегі автордың өз қолымен жазылған «Изъято у меня 16.03.1953 г.» деп қолың қойған жазба куә.

Біздің Мұрат Мөңкеұлы өмір сүрген уақыт тынысын, оның ақын шығармашылығына әсерін тануымызда бірден-бір көмекші құрал да осы Қажым архивінен табылған 88 беттік материал болмақ. Аталмыш материалда Мұрат ақынның шығармашылық тұлға болып қалыптасуына әсер еткен ортасы, тарихи жағдаяттар жан-жақты баяндалған.

Мұрат ес біліп, ақын атанғанша ел ішінен алған сабағы ел қорғаны Исатайдың ерлік істері және оның серіктес інісі Махамбеттің көптің көкейінде хатталған көк дауыл жырлары болатын. Бірі басшы, бірі қосшы болған қос тарихи тұлға өмірден өтіп кетсе де елім деген ерлерін ел ұмыта қоймаған, керсінше солар болса қайтер еді деп қамыққан көңілмен қайта есіне түсіріп, кетілген тірлікті екі тарланның арманымен қайта жетілдіріп жүрген уақыт еді.

Заманының заңғары болған сыңар тағдыр – Исатай мен Махамбет кейінгі елдің аузында, тарихтың жадында мәңгілік екендігін Мұрат ақын былайша жеткізеді:

«...Кешегі өткен Исатай,  
Жауды көрсе састы ма?  
Онан қорқып қашты ма?  
Ертеде өткен бұрынғы,  
Шора мен Тарғын болмаса,  
Бір қазақтың ерлігі,  
Махамбеттен асты ма?» [7, 59 ].

Ел үшін атқа қонған, сол жолда жандарын құрбан еткен ерлерді сағына, рухын асқақтата жырлаған Мұрат Мөңкеұлы өзі де 1868 жылғы тарихи оқиға «Жаңа Низам» кезінде жұртының сөзін сөйлеп, елінің ертеңі не боларын ойлап қамықты, қайғыдан қатпа күйге түсті. Орыс отаршылдығынан құтылар жол іздеді. Оның бірден-бір амалы қонысты тастап, дұшпанның аяғы жетпейтін жер «Жиделі Байсын», «Тескен тауға» елді аударып көшіру деп білді. 1868 жылы қамданып, 1869 жылы көтеріліп көшпек болған тарихи оқиға осылайша «Ел ауа» көтерілісі атанды.

Бұл жөнінде ғалым Қажым Жұмалиевтің мына бір пікірі тарихи жағдаятты, қилы заман көрнісін, халықтың пұшайман халін түсінуге керек-ақ аңдатпа.

«1869 жылғы көтеріліс – отарлау саясатына қарсы ұлт бостандығы үшін болған күрес еді. ...«Ел ауада» патша үкіметінің отарлаған жерін қайтып аламын деген мақсатты алдарына қойған жоқ...

Патша әскерімен болған соғыс сол көшкен елді тоқтатпай өткізіп жіберудің айналасында ғана болды. Бұрынғы ақындар (Махамбет т.б.) отарлау саясатын айта келіп, сол қонысты соғыспен, күшпен қайтарып алуды жыр етсе, 1869 жылдардағы ақындар – бұл жер қоныс болмайды, мұны тастап, басқа бір қоныс іздеу керек дейді. Елді көшуге үндеді. Бұл,

әрине, ақындардың құрғақ қиялы емес, сол кездегі халық тілегі, ел мүддесі болатын. Мұны Мұраттың «Үш қиян», «Қазтуған» поэмаларынан анық көруге болады» [8, 132].

«Ел ауа» көтерілісінің соңы немен аяқталғаны тарихтан белгілі болғанымен, бүтін бір елді бүлікке түсіріп білгенін істеген басқыншылық бүгінгі күнге дейін «ұлы достықпен» бүркемеленіп, Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығы деңгейінде қалып келе жатқаны ойланатын мәселе.

Мұрат ақынның ата қонысты тастап, көшелік деуінің негізгі себебі, қазақ елінің болашағын, әсіресе, жастардың қамын ойлағандық. Сондықтанда ақын:

«Мен қауып еткеннен айтамын,  
Ақ борықтай иілген,  
Кейінгі туған баланың  
Ұстай ма деп білегін,  
Шая ма деп жүрегін,  
Ащы суға тойдырып,  
Бұза ма деп реңін.  
Адыра қалғыр заманның,  
Мен жаратпаймын сүреңін» [7, 18] – дейді.

Осы мәселе төңірегінде ақынның шығармашылығын терең зерттеген ғалым Бауыржан Омарұлы: «...Мұрат Мөңкеұлы отарлаушылардың ойранын көрген соң, ұрпақтың келешегіне күдікпен қарайды. Ақынның бұл турасындағы толғаныстары болашаққа болжам түрінде айтылады. Бүгінгінің көзімен қарасаң, жыр жампозының өлеңмен өрнектеген тұжырымдарының қалт кетпегеніне куә боласың» [9, 245] – деп бүлінген болмыстың бастауын аңғартады.

Орысқа қосылғалы бір жарым ғасыр бой бермеген қазақ XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап біржола бас билігінен айырылды. Қазақ елін қамалай салынған бекіністер, батырларымызға бұрынғыдай беркініп қайрат қылуға мүмкіндік бермеді. Ұрыс сала, шегіне күнелткен қазақ көтерілісі Мұрат тұсында тұралап шегіне жетті. Осының бәрін естіп, біліп өскен ақын «Сарыарқа» толғауында теперіштің кімнен болып жатқандығын күлбілтелемей ашығын ашына айтып береді.

«Әуелі жеңіп орыс Еділді алды,  
Сарытау, Аштарханның жерін де алды.  
Артынан Еділден соң Нарынды алды,  
Тоғайдың ағаш, қамыс, талын да алды.  
...Тәмамы, су мен нуды орыс ұстап,  
Қазақтың мұнан жұтап шалынғаны.  
Қуалап Исатайды өлтірген соң,  
Заманның содан бері тарылғаны» [7, 31].

Алдыртқан қазақ, алған орыс. Еділ, Сарытау, Аштархан қолдан кетті. Нарын қазақтың нар ұлдарының арқасында сақталды. Су мен нудан ығысып қалың қазақ күні кешеге дейін шөлейтте отырды. Осының барлығы Мұраттың жырларында түп тұқияннан өзіне шейін төгіліп тұр. Сөз басында айтқан халықтың тарихы, тағдыр-талайы, заман көрнісі сөз өнерінде жатыр дегенге бірден-бір жауап, міне, осы.

## ҚАРЫ ӘНГІМЕ ЖӘНЕ ҚАЗАҚЫ ҚАЛЫП

Бала кезімнен жадымда ерекше сақталған сөз – қары әңгіме. Қары әңгімені айтушы әкемнің туысы Молдабай жырау. Қары әңгімесі Мұрат ақынның жырлары, ерекше есімде қалғаны «Қарасай-Қази». Жырдың басында, әлқисасында бұрынғылардан бізге жеткен сөз, қасиетті қары әңгіме, осы деп отыратын. Қазақтың сойын, тұрмысын, өзіндік әлемін танытатын қары әңгіменің бірі Мұрат Мөңкеұлының шығармашылығы.

Сөз болып отырған шығармашылық тұлға Мұрат Мөңкеұлы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қарабау деген жерде туған. Руы Беріш, оның ішінде «Қаратоқай».

Ақынның өзі жыраулық дәстүр бойынша шығу тегін айтқанда «Ел едік Байұлында Беріш деген», немесе «Ар жағымыз белгілі, Он екі ата Байұлы» деп таныстыруы сол қары әңгімеден келе жатқан қазақы қалпымыз.

Қары әңгімелердің қасиеті қазақы қалпымыздың кең панорамасын түрлі қырынан келіп ашып көрсетуінде. Он екі ата Байұлының Берішінен екенін таныстырған ақынның келесі бір жыр жолдарынан сол елдің географиялық қоныстану аймағын, тұрмысын көреміз.

«Тайсойған, Ойыл, Қиыл, Дендеріміз,  
Қарабау мекен еткен жерлеріміз.  
Жайық пен Қарабаудың тең ортасы  
Тепсеңге мал жайылар кең жеріміз.  
Нарға артып толы саба, кілем жауып,  
Жиын-той, қызық еді көргеніміз» [7, 44].

Өлең жолдарында ата қоныс елді мекендер тізбектеліп атала келіп, «кең жеріміз» болып түйінделеді. Кеңдікті көрсетуде түйдектетіп теріп айту, даралықты көрсетуде дамытып айту өлең құраудағы өзегімізде бар. Қары әңгімеден көрінетіні қазақы тұрмысымыздың жайы кілем жабылған нарға толы саба артып, жиын-тойды қызықтау. Бұл тұрмысы түзу халықтың өмір сүру көрнісі, бұл көңілі шат ақынның сөзі.

Ақын өз басынан өткерген өмірді баяндаушы ғана емес, өз ортасы, бүкіл бір халықтың тұрмысын, салтын, болмысын сөзбен кестелеп жеткізуші өнер иесі. Бір жол, не бір шумақтың өзі қазақтың қалпынан хабар беретін болса ол ақынның, оқырманның олжасы. Сөзді Мұрат ақынға берелік:

«Аяндап тойға келдім дөненменен,  
Жаз жайылып, күз семірген көбеңменен,  
Қызығын осы тойдың көре келдік,  
Той бастау – ата дәстүр өлеңменен» [7, 87].

Бірінші жақтан баяндалып тұрған өлеңнің соңғы жолындағы бірінші бунақ «той бастау» тіркесі біз сөз етіп отырған қазақы қалпымыздан біраз ақпарат беріп тұр. Біріншіден, қазақ халқының сөз өнеріне деген құрметі тойды өлеңмен бастауынан көрінсе, екіншіден, сол тойды бастау құрметі ақынға берілуінде жатыр. Сөздің қадір-қасиетін, жанды қуатын, бар өнердің басы екендігін білген халық қана осылай іс істей алады.

Халқымыздың хал-ахуалын, жан қалауын, бекзаттығын тану үшін қары әңгімелердің қойнауына сүңгіген дұрыс. Тастамайтын бар асыл сонда. Ескінің сөзі деп қарамай, естінің аманаты, арманы деп түсінсек, бәрекелді, сөз сол. Осы асқақтықты Мұраттың мына бір өлең жолдарынан таба аламыз:

«Табаны жерге тимеген,  
Маңдайы күнге күймеген,  
Тұлпардан өзге мінбеген,  
Салқындыққа ал қара көк тон киіп,  
Салтанатқа жорғадан өзге мінбеген» [7, 22].

Бабалардан қалған сөзді оқи отырып, мазмұнынан өрлікті, болмысы бөлек кескін-келбетті көреміз. Уызынан жарымаған ел бұлай салтанат құра алмайды, ақындық мектебі қалыптаспаған жұрт бұлай сөйлей алмайды. Мың өліп, мың тірілген қазақтың небір зұлмат замандарда тарих сахнасынан жойылып кетпей кең аумақты алып жатқан байтақ ел болып өмір сүруінің өзі бастау арналарымыздың қуатында, жығасы жығылмаған рухында жатыр.

Жоғарыда атап өткен орыс патшасының отарлау саясатынан туындаған 1868 жылғы «Жаңа Низам» зәкөні қазақты теңселтіп өтті. Ел басына түскен ауыртпалық, мұнар күн Мұрат ақынның шығармашылығында елеулі орын алды. Мұның бәрін айту мақаланың көлеміне симайды, ұстанымына жатайды. Біз бұл жайтқа өзіміз қарастырып отырған қары әңгіме және қазақы қалып төңірегінде тоқталамыз.

Мұрат Мөңкеұлы қазақтың тарихынан сыр шертетін қары әңгімелерді көп білетіндігі 1868-1869 жж. халық көтерілісі кезінде шығарған өлең-жырларынан көрінді. Ақын «Үш қиян» поэмасында өзі көтеріп отырған мәселе аясында қазақтың өткен тарихын шегініс әдісімен

баяндай келіп, авторлық идеяға көгендейді. Мұны «Үш қиянның» бастауындағы мына жолдардан аңғаруымызға болады:

«Заманнан заман оралған,  
Дүние шіркін соны алған.  
Адыра қалғыр бұ қоныс,  
Қайырсыз екен азалдан.

Қайырсыз неге десеңіз,  
Асан Қайғы, Қазтуған,  
Орақ, Мамай, Телағыс  
Қалған екен солардан» [7, 8].

Авторлық идея орысқа отар болмау үшін қазаққа жайлы қоныс тауып, елді сонда көшіру. Ал тарихи тұлғалар тобы, олардың кешегі тарихы негізгі ойға тамызық керек деталдар ғана. Поэmanın өн бойында көптің атынан айтылатын «қайырсыз қоныс», «құтсыз жер» қайталамалары әлеуметтік психологиялық көңіл-күй табын сездіруші сөз саптаулар.

Мұрат ақынның дүниетанымын, шығармашылық ұстанымын, сол кездегі қазақ қоғамында болған саяси-әлеуметтік құбылыстардың сырын түсініп, дұрыс қорытынды шығару үшін көрнекті ғалым Қажым Жұмалиевтің мына бір пікірін ескерген дұрыс: «...Отарлау саясатымен байланысты және қазақтың өз ішінде бола бастаған әртүрлі өзгешелік, оған ақынның көзқарасына келейік.

Мұрат бір жағынан, патша үкіметінің өзі белгілеп қойған адамдарының ел билеп, халықтың тынышын кетіре бастағанын көрсетсе, екінші жағынан, осы кездің өзінде-ақ, бір тиынға ар-иманың сатқан жаңа адамдардың көп шыққандығын көрсетіп және олардың елді екі жарып, штат, талас ұйымдастырып, содан өз пайдасын табушыларды шенейді» [8, 161].

Осы сілтемедегі «**жаңа адамдар**» тіркесі көңіл аударуды қажет етеді. Бұрын қазақы қалпымызда бас пайдасы үшін ардан безген адамдар болмаған. Мұны Сұлтанмахмұт Торайғыров ақынның: «Абай тұсы қазақтың бұзылғаны, Қаралыққа айналып қызыл қаны...» жолдарынан оқи аламыз. Яғни, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, орыс отаршылдығының салқыны елде «бір тиынға ар-иманың сатқан жаңа адамдарды» көптеп тарих сахнасына алып келді.

Мұрат ақынның:  
«Бәйіт еттім бұл сөзді  
Қайғы шегіп заманнан.  
Заман азып не қылсын:  
Ай орнынан туады,  
Күн орнынан шығады,  
Мұның бәрі адамнан.

Адамның азған белгісі,  
Екі кісі дауласса,  
Тату бол деп айтпайды.  
Екі айырып арасын.

Арасынан пара алған» [7, 16] – дейтіні де сол себеп.

Бұл тарихи шындық. Орыс отаршылдығымен бірге келген қасірет. Елді іштей жікке бөлу, бөлшектеп билеу қазақы қалпымызға нұқсан келтірген көрекөзге жасалған кесірлі саяси астары бар іс болды. «Әлеумет өмірін кеңнен шолып, терең түсіне білген талантты ақынның мұны көрмей кетуі мүмкін емес еді. Ол көрді де, оны өз шығармасында көрсете де алды».

**Қорытынды.** XIX ғасыр әдебиетінің өкілдері соның ішінде зерттеу нысанына айналып отырған Мұрат Мөңкеұлы мұрасы осы күнге дейін көбіне күңіренген көңіл-күй, элегиялық сарын сипатында «Зар заман» концепциясы аясында қарастырылып, ақындарымыздың орыс отаршылдығына қарсы азаттық ойы көршінің қабағына қарап, елеусіздеу айтылғаны айқындалды.

Зерттеу жұмысында Мұрат Мөңкеұлы өмір сүрген уақыт және шығармаларындағы басты бағыттар мен поэтикалық тенденциялар психологиялық және мәдени-тарихи, салыстырмалы-тарихи және герменевтикалық әдістер тұрғысынан қарастырылды.

Мұрат ақын «Үш қиян» поэмасының 26-бөлімін «Бәйіт еттім бұл сөзді» деп бастайды. Ақынның аманаты сынды осы жол ойлануды қажет ететін сияқты. Біз аға ғалымдардың ізімен әдебиетте елінің ертеңіне қам жеп, қайғырып өлең шығарған шайырларымызды «Зар заман ақындары» деп атап кеттік. Мұның бұлай аталу себебі де түсінікті.

Ақын бәйіт сөзінде: «Заман азып не қылсын» - дейді. Демек, азған заман емес, адам. Аздырған орыстың азғын саясаты. Ақын елдің көкейіндегі сөзді айтушы. Отаршылдыққа қарғыс айту, қарсы тұру, ата қонысты қимай қайғырып күңірену сол кездегі жалпыхалықтық көңіл күй еді. Міне, осы күй Мұратқа дейінгі ақындарда және Мұрат шығармашылығында көрніс тапты. Ақындар қиындықтан шығар жол іздеді, күйінді-сүйінді, қарекет қылды. Зар илеп отыра берген жоқ. Алаң жұртының амандығын ойлады. Алаң көңілі жырларының шүйдесінен көрінді. Алаң көңілі ғасырларға созылған мақамдары мен мазмұндарынан көрінді.

Ел жаңғырып, сөз түзеліп жатқан кезде Жаңа Қазақстанның рухани мұраларды бағалаудағы ұстанымы да өзгеруі керек деп ойлаймыз. Отаршылдық – ой түбінде жатқан сөз, ойлан, Қазақ!

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Досмұхамедұлы Х. Аламан. Алматы: Ана тілі, 1991. – 177 б.
2. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы: ҚМББ. 1938.
3. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті. Алматы: ҚМББ. 1942.
4. Жұмалиев Қ. ХҮІІІ – ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1967. – 409 б.
5. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 21.01.1947 ж. «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателер туралы» қаулысы. //Социалистік Қазақстан, 1947, 1 ақпан.
6. Жұмалиев Қ. 100 жыл белестерден биікке өрлеу. Алматы: 2007. – 460 б.
7. Мөңкеұлы М. Мұрат Мөңкеұлы шығармалары. Алматы: Ана тілі, 2013. – 288 б.
8. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті. Алматы: ҚМББ. 1943.
9. Омарұлы Б. Зар заман әдебиеті. Астана: Елорда, 2005. – 372 б.

## **ӘОЖ 82-3**

### **ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РОМАНТИЗМ ӘДІСІ**

**Г.К. Мурзағалиева**  
БҚО, №20 ЖОББМ, ҚТӨ мұғалімі

Әлемдік әдебиетпен сабақтасып жатқан төл әдебиетімізде романтизмнің қалыптасуы заңды құбылыс. Әлімсаққа қарар болсақ төл әдебиетіміздегі романтизм әдісі ХХ ғасыр басындағы ағартушылық идеяларды жеткізіп, кемелдену, қоғамдық жетілу мәселелері қарастырылды. Қазақ көркемдік әлеміне романтизмнің орнығуы ұлттық және жеке тұлға санасының оянуымен, қазақ әдебиеті әлем әдебиетінің үрдісіне қосылуымен қалыптасты.

Қазақ әдебиетіне өткен ғасырдың жетпісінші жылдары келіп қосылған Оралхан Бөкей романтизм әдісін жаңа арнада қолданған қаламгердің бірі. Жазушылар ортасында қазақ әдебиетінің кербұғысы атануының бір себебі шығармаларындағы романтизм деп білеміз. Мұның себебі, жазушы өмір сүрген заман кеңестік дәуірдің дәуірлеп тұрған кезең еді. Автор

уақыт идеологиясына қарамастан, романтикалық сарындағы, жаңаша көзқарастағы туындыларды жазды.

Андатпада романтизм жайлы айтпас бұрын, алдымен қаламгер дүниетанымын қарастырып өтейік. Шығармашылық иесінің әлемге, қоғамға, адамға деген қарым-қатынасы, өмір мен табиғатқа деген көзқарастарының қалыптасуының нәтижесінде дүниетаным анықталады. Жазушының дүниетанымынан, қоршаған орта жайындағы ойларын, табиғат, өмір турасындағы пайымдаулары мен идеалдарынан қарастыру керек. Сонда, қаламгердің романтикалық дүниетанымына қандай факторлар әсер етуі мүмкін? Біріншіден, аталған кезеңде қалыптасқан тарихи-әлеуметтік жағдай мен әдеби дәстүр негізінде анықталады. Өзі өмір сүріп отырған кезеңнің әлеуметтік-саяси жағдайына көңіл толмау, қоршаған ортаға сын көзбен қарау, субъективті әлемге көбірек ден қою жалпылай алғанда романтизмге тән. Романтик-жазушылардың тұтастай болмысқа наразы болуы жеке көңіл-күй мен сезімнің әсері емес. Оның себебі қоғамның әлеуметтік жағдайларында жатыр. Осы себепті Оралхан Бөкей кеңестік заманның көлеңкелі тұстарын тереңнен танып білді. Кеңестік идеологияның үстемділігін жүргізген әдебиеттің соңында кетпей, шындықты жеткізуде түрлі амал-тәсілдерді пайдалануды жөн көреді. Өз кезеңінің тынысын тап басып, романтикалық сөз қуатымен кеңестік жүйенің тар темір қоршауынан шығуға мүмкіндік барын аңғарады. Жазушының артында қалған әдеби мұраларында халқымыздың басынан өткізген небір құқайларын, трагедияларын, қасіретті де келеңсіз тұстарын тоталитарлық жүйеде ретін таба, орайын келтіре айтып жеткізе алды. Ішкі наразылық, қарсылық кейде ашық, кейде астыртын ой негізінде символикалар негізінде жазушының шығармалары арқылы көрінді. Өлшемді шаблондардың рухы мықты адамды ұстап тұра алмайтынын сезіп, туындыларында еркін әрі тәуелсіз тақырыптарға қалам тартты. Романтикалық сарынның шығармалар мен ой толғамдарда орын алуы да осыдан. Шығармашылық адамының еңбегі яғни оның адами позициясын, азаматтық кейпін анықтап береді. Өмірді, қоғамды біртұтас құбылыс деп танып, ал адамды сол ұлы табиғаттың, жаратылыстың бөлшегі деп білген жазушы прозасынан дүниетанымының тереңдігін байқаймыз. Байқағанымыздай, адам мен табиғат байланысында табиғаттың идеалды дүние екенін, мәңгіліктің үйлесімділігі екенін жеткізеді. Жазушының пайымынша, табиғатсыз адамның күні қараң болатынын, тұл екенін айтады. Өскен ортадағы мұзтаудың айбынды асқар шыңы немесе Алтайдың ақ арайлы таңы жазушының жанының бір бүтін бөлшегіндей. Осыдан автордың ешкімге ұқсамайтын қиял байлығынан көре аламыз. Пантеистік сенім деңгейінде, адам мен табиғаттың берік байланысын, бұзылмайтын бірлігін адам болмысының мәңгілік мәселелерін философиялық, романтикалық тұрғыдан зерделейді. «Катарсис» жазушы үшін табиғаттың көзі, рухани жаңару мен тазарудың таразысы ретінде анықталады. Шығармашылығында кейіпкер мен табиғаттың тіршілігін сабақтастыра суреттейтін жазушы табиғатқа тебіренетінін, ол болмаса романтик болмайтынын жеткізеді. Тырнақ алды туындыларында әлеуметтік мәселелерге қарағанда, жеке сипат басым. Жазушының алғашында нәзік сезімге бой алдырғанын, мұңға бейімділігін көрсетсе керек. Кейін келе, қоғамдық мәселелерден алыс кетпей, өз көзқарастарын қалыптастырып, өзіндік жазушылық қолтаңбасын қояды. Әрі алғашқы кездегі әңгіме, повестері қиын сюжеттен, сапырылысқан оқиғалардан тұрмайды. Оның орнына кейіпкерлерінің ішкі күйі, сезімі, жан сарайына мән беру басым екенін көреміз. Мысалы, жазушының «Мұзтау» шығармасын романтикалық реңк басым. Повестегі романтикалық контраст, автор мен кейіпкер образының бірігуі, бейнелеудегі шарттылық, автор баяндауындағы эмоционалдық күй – романтикалық шығармаға тән сипат. Ақтанның «ертек адамның ең соңғысы болуы», Асан шалдан кейін туғалы сөйлегенін көрмеген шешесінің кенеттен сөйлеп кетуі – шығарманы шарттылық кемеріне әкеліп, кейіпкер сомдаудағы әсірелеу тәсілін аңғартады. Сондай-ақ, «Жасын» әңгімесі де қаламгердің романтикалық сипаттағы дүниетаным сәулесіндей белгі береді. Мұнда материалдық дүниеден гөрі рухани байлақты жоғары қоятын гуманистік идея талданады. Қара басы үшін пайда табушылық ниеттен ада, адамгершілік мұрат, рухани өсу сынды мәселелерге бола аласұрады. Адам баласының тыныштығы арманы болуының өзі романтикалық қасиет деп анықталады. Сонымен бірге романтикалық пафостың кейіпкерлердің бойындағы

ерекшеліктерін емес, баяндаудың стильдік өзгешелігінен байқалады. Романтикалық бояу, эмоционалдық леп бірден көрінеді. Бейбіт өміді аңсаған Қиялханның гуманистік мақсаты жазушының субъективті көзқарастарынан бастау алады. Мәселен, қаламгердің «Мен сені көп іздедім» деген 1970 жылы жарыққа шыққан мақаласында: «Мен көк аспанда, жайлы, жұмсақ орында ұшып келе жатып, сонау алыстағы вьетнамдық достардың халі не күйде екенін ойлаймын. Үнді-қытай мәселесін осы жерде отырып, шешіп тастайтындай, анау Таяу Шығыстағы Израиль армиясын тұншықтыруға аттанып бара жатқандай жұлқынып, тісімді қайраймын. Дәуірімнің дүмпүсіз, оқ-дәрінің қоңырсық иісізсіз өтуін тілеймін. Аға буын көрген күйді, әкелер тартқан азапты басқа бермеуін тілеймін» [1], - деген екен. Шығармадағы Қиялханға маза бермей, уайымға салғанда осы тектес ойлар. Ол былай көрінеді: «Ангола-Хиросимадағы мәңгі мүгедекке айналған кемтар адамдардың Америка Құрама Штаттары мен атом бомбасын қарғай зарлаған дауыстары кетпейді» [1, 34], - деп жазушының соғысты ұнатпайтынын, оны болдырмауды ойлайды. Басты кейіпкердің бүгінгі күні Прометейді іздеуі арқылы туындының романтикалық сарыны көрінеді. Романтикалық дүниетанымды сөз еткенде міндетті түрде эстетикалық идеал тақырыбы көтеріледі. Қаламгердің дүниетанымында идеал маңызды саналады. Себебі, шығарманың көркемдік шешіміне тауып беруге көмектесіп, болмысқа берген бағасы негізінде анықталады. Қиял мен арман немесе идеалдан тұрады деп романтизмді анықтауға болмайды. Жазушының көркемдік әдісте болмаса бағытта туындысына арманын өзек еткенімен, туынды идеалсыз болмайды. Жазушы туындыларын барлап қарағанда идеяға құштарлық негізгісі екенін, сюжет пен оқиғасының тек қана қаптама екенін көреміз. Адамзат жайындағы концепциядан байқалатын идеал ұғымы кейіпкерлердің болмысынан көрінеді. Мәселен, Оралхан Бөкей кейіпкерлері рухани дүниесі биік, еңбекқор, еркін, арманшыл. Сондай-ақ, жазушы кейіпкерлеріне тән қасиет ретінде рухани максимализм анықталатынын байқаймыз. Барлығына да ортақ ой – рухани құндылық, рух, адам өмірінің мағынасы, мәні, адам жанының сан жұмбағы мен құпиясы. Сырттай қарағанда жұмбақ, біртоға көрінетін жандардың бірнәрсені шарқ ұрып іздеуі оқырманға түсініксіз. Бұндай беймаза сезім әлемдік әдебиеттегі танымал тұлғалар Байроннан да, Шекспирде де, Пушкин де, Лермонтовта да кездеседі. Сонда, кейіпкерлердің беймазалығының сыры – олардың өмір сүрген замандарында. Тыныштық таппай, торығуы, трагедияға тап болуына кінәлі – дәуірі, өзі өмір сүріп отырған қоғам. Сондай-ақ, жазушы кейіпкерлеріндегі ең басты айырым жаңа нәрсеге, дүниеге, тазалыққа ұмытылып, армандар мен сезімдерге беріліп, табиғат сұлулығын өте жоғары деңгейде сезіну екенін аңғарамыз. Автордың «Өліара» шығармасындағы жер шарын сондай қорғағысы келетін Қойшы, «Қайдасың, қасқа, құлыным» туындысындағы Орал, «Жасындағы» Қиялхан, «Қар қызында» Нұржан, «Мұзтаудағы» Ақтан образдары екенін байқаймыз. Өз кейіпкерлерін танытуда, суреттеуде идеал деңгейіне көтеріп, Ақбота – табиғат құпиясы мен адам күшінің бірігуі негізінде қанды шайқасқа жібермей ұстап тұрған, сақшы, жұмбақ қыз. Қоңқай – «әлемдегі мықты және қатыгез шал», Гүлия – «соңғы Жібек, ақырғы Баян, Ақжүніс», Асан шал және Ақтан – «ертек адамының соңы», Кербұғы – «он сегіз саладан оқыстан жаралар хайуанның соңы», Бура – «халықтың ең ақырғы түйесі» деген мінездемені жазушы бүркемелеп жасырып қойғандай көрінеді. Бұдан шығатын қорытынды, жазушының әр қаһарманы – өзінше бір әлем. О.Бөкей шығармаларындағы басты конфликт сюжеттің тілінде емес, адам болмысындағы шешуін таппаған жайлары мен проблемаларын шешуге ұмтылған ішкі коллизиясында көрініс табады. Өз танымы бойынша ортасына қарсы тұрып, күресіп жүрген бір кейіпкер бар. Бәлкім, ол елден екі баласын алып безінген Шал, бүтін бір ауылға жарты ес танылған Қиялхан, тау мен тасты мекен еткен «тағы» атанған Ақтан сынды кейіпкер өз ортасына мүлде жат екенін көреміз. Романтизм эстетикасына адамгершілік бастаудың адамзаттың өмірдегі даму деңгейінің күшеюімен тығыз байланысты. Автор техниканың, табиғаттың дамуымен қатар, табиғатты бағындыруды көздейтін, тек қана байлық жиюмен өмір сүретін қоғамды қабылдай алмайды. Адамның рухани негізден өсуіне жағдай жасай алмайтын, өркениеттің жылтырақ сырт белгілерінің апарары рухани қайыршылық екенін жеткізеді. Оралхан Бөкей танымында дүние адамгершіліктен, рухани тұрғыдан дамығанда ғана өз өрісін табатынын айтады. Әлемдік



қоғам дамуы техникалық не ғылыми жетістіктерден емес, барлық адамның рухани дамуы негізінде анықталатынын пайымдайды. Мұны автордың «Жетім бота» повесінен анық көреміз. Оралхан Бөкейдің жазушы ретінде шығармаларының жылдармен өскенін, стилдік ерекшелігі танылғаны аңғарылады. Бастапқы туындыларында табиғаттың жанашыры ретінде көрінсе, кейіннен уақыттың қазысы ретінде бағалайтынын көреміз. Солай жазушының реализм бағытында да жаза бастағанын көруге болады. Осы орайда белгілі ғалым З. Қабдолов пікіріне назар салсақ, яки зерттеуші пікірінше, екі әдістің тек біреуі ғана қаламгер шығармасында көрініс табатынын, екеуі бірдей қолданылмайтынын, не таза романтик, не таза реалист болу керек деген пікірдің шала екенін, қазақ жазушыларында екі әдіс араласа бірін-бірі толықтыра қолданылатындығын көрсетеді [2].

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдағандағы түйін: Қазақ әдебиетінде романтизм әдісінің дамуы Оралхан Бөкейдің шығармашылығы негізінде даму арнасына түсіп, өз заманындағы оқиғаларды суреттеуде ұтымды қолдана білді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Оралхан Бөкей. Шығармалары. Роман, повесттер.–Алматы: «Ел шежіре», 2013. – 384 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Санат, 2003. – 528 б.
3. Жанұзақова Қ. Оралхан Бөкеев прозасындағы романтизм. Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 1999. – 31 бет.

**ӘОЖ 82-32**

## **ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨРКЕМДІК ПРИНЦИПТЕР**

**А.Т. Жармухамбетова**

БҚО, №20 ЖОББМ, ҚТӘ мұғалімі

Тәуелсіз қазақ әдебиетінде автор түсінігі «қаламгер шеберлігімен» қатар анықталып, бірін-бірі толықтырып жүр. Мұндағы толықтыру дүниетаным мен оны бейнелі беруде жатыр. Соңғы жылдарда жазылған шығармаларды шолып қарағанда қазақ әдебиетіндегі постмодернистік бағыттың ұлттық дүниетаным тұрғысынан дамығанын, ондағы интермәтінділік құбылыстарының қазақ прозасында молынан ұшырасатынын байқаймыз. Жаңа ғасырдағы еркін ойлаумен сабақтасып жатқан бұл ағым өз кезегінде автор түсінігіне кеңінен қарауға мүмкіндік берді.

Күн тәртібіне шығып отырған зерттеу нысанымызда жазу машығы әр басқа үш автордың шығармашылығын қарастырып, автор бейнесінің парадигмасын анықтаймыз. Қазақ әдебиетіне өзіндік қолтаңба алып келген Әбіш Кекілбаев, Төлен Әбдік, Дидар Амантай шығармашылығын қарастырып, автор бейнесінің сан түрлі көрінетінін айқындаймыз. Бірінші кезекте Ә. Кекілбаевты қарастырсақ.

Жазушының шығармашылығын қарастыруда Г. Пірәлиеваның «Көркем шығармадағы психологизм» [1, 117] еңбегін қарастырамыз Әбіш Кекілбаевтың шығармаларында «түс көру» әдісі өз шыңына жетіп, көркемдік, характерлік, символдық, мифологиялық, психоаналитикалық қызмет атқарар әдіс қана емес, тіпті түгелдей бір туындының тұтқасын құрайтын көркемдік тұтастыққа, концепцияға да ие бола бастайды. Жазушының «Ханша Дария хикаясы» мен «Аңыздың ақыры» шығармаларында бастан аяғына дейін түстерден тұрады. Ішкі монологтың басты элементі кейіпкердің күйін, санасында болып жатқан түрлі психологиялық процесті бейнелейтін тәсіл екенін көреміз. Түс элементіне мұншалықты мән беру қазақ прозасындағы үлкен философиялық ойды, әлеуметтік-қоғамдық проблемасын көтеріп, осы негізден көркемдік әлемі де ашыла түседі. «Үркердегі» Әбілқайыр ханның түс

көріп, оны сонша жерге ат арылтып досы Тайланға жорытуы, «Аңыздың ақырындағы» Кіші ханым мен Әміршінің түстері, «Күй» повесіндегі Жөнейттің, «Ханша-дария хикаясындағы» Гүрбелжін ханымның қыз күніндегі мен ерге шыққан кейінгі үнемі кіретін бір мазмұндағы түсері т.б. Адам жанының тереңдігін түстер арқылы пенденің шын бет бейнесін, кейіпкер табиғатын, ішкі иірімдерін, сана түкпіріндегі құпия сырды анық көрсетеді.

Қазақ әдебиетінде Т. Әбдіқұлының шеберлігі «Оң қол» және «Парасат майданы» шығармалары арқылы танылады. А. Кеңшілікұлы Т. Әбдіқұлы шығармашылығы жайында былай дейді: «Өнерге үлкен дайындықпен келген Төлен Әбдіқұлы «Оң қол» әңгімесін жиырмадан асқан шағында жазып, әдебиет әлемін дүр сілкіндірді. Ал «Парасат майданы» секілді кемел туынды қаламгердің қаламынан алпысқа жақындап қалған шағында туды. Уақыт таразысымен өлшесек, көңіліне алуан-алуан ой тағалайтын екі шығарманың өмірге келуінің арасын отыз жылдан астам уақыт бөліп тұр. Әрине, осы жылдардың ішінде Төкеннің шығармашылық шабыты талай мәрте жемісін беріп, әдебиетімізден баға жетпес байлығы болып қалатын талай-талай туындылар өмірге келді. Бірақ сол дүниелердің барлығы да, осы екі аралықты жалғап тұрған жазушы шығармашылығының алтын көпірі, «Парасат майданы» повесін туғызуға себепкер болған тізбекті туындылардай» [2, 7], - деп бағалайды. Сыншының пікірінің жөні бар. Сонда, сыншы «Оң қол» мен «Парасат майданы» арасындағы байланысты анық көрсеткен. Жазушының екі шығармасының негізі бір екенін, қаламгердің дайындығын анық көрсетеді. Ж. Елшібек жазушының парасат биігі шығармаларында негізделгенін, қаламгер туындыларында «Парасат майданы» шығармасымен қатар, «Райхан», «Тозақ оттары жымындайды» сынды шығармаларын атайды [3, 11].

Қаламгердің «Парасат майданы» туындысы жайында Ә. Кекілбаев «Адамстанға саяхат» мақаласында былай дейді: «Парасат майданы – қайталап айтып беруге, тіпті жіліктеп талдап беруге келмейтін зұлмат хикая! Оны оқып отырып ойың он саққа, санаң сан саққа жүгіріп, ойланасың, тебіренесің. Ойланған сайын ойсырай құлазып, тебіренген сайын теңселе күйзелесің. Нағыз өнердегі «шок терапиясы». Өзінен-өзі адасқан адам. Өзінен-өзі алжасқан қоғам. Өзінен-өзі күйреп бара жатқан әлем. Дәрігер кім? Пациент кім? Диагнозы қайсы? Дауасы бар ма, жоқ па? Әлде бейдауаға тап болған өңкей бейбақтармыз ба?... Күдіктене бастап, күнірене оқып, күйзеле аяқтаймыз» [4, 12], - деп бағалайтынын көреміз. Адам өмірінде жақсылық пен жамандықтың, адалдық пен арамдықтың, ізгілік пен зұлымдық шайқасы тоқтаған емес, бұл – парасат майданы деп аталып, әр адамның өз майданында тартысқа түсетінін көреміз. Әлемнің өзі жаралғанда жақсылық пен жамандықтың тартысынан туындаған болатын. Осынау шайқасты тұлғаның екіге бөлінуі арқылы сипаттау әлем әдебиетінде Ф. Достоевский шығармаларында көрініс тапқан болатын. Р. Стивенсонның «Дәрігер Джекил мен Хайд мырзаның қызықты оқиғалары», М. Булгаков «Шебер және Маргарита», Е. Водоглазкин «Авиатор» сынды шығармалардан көрінеді.

Келесі кезекте Д. Амантайдың шығармашылығына тоқталсақ. Дидар Амантай – шығармалары постмодерндік эстетикаға жақын қаламгер. Оның «Гүлдер мен кітаптар», «Тотықұс көбелек», «Шайтан мен шайыр» романдары мен «Сағындым сені», «Мен сенің көзіңнен» т.б. Оның әңгімелерінен постмодерндік дүниетанымы басқа жазушыларымыздан ерекшелеп тұрады. Автор шығармаларының ерекшелігі постмодернистік әдебиетте кеңінен қолданылатын «автор өлімі» түсінігімен байланысты.

Мәселен, кейіпкер Әлішердің роман жазу барысында григориан күнтізбесімен салыстыра отырып құрастырған «Түркі күнтізбесі», бейне бір сандардан құралған басқатырғыш секілді. Автор оны өзі құрастырып, жауабын да өзі шешкенімен, сөзбен берілген жұмбақ шартын сәл аялдап, зейінмен зер сала оқымайыншы түсінбейді. Шығармасындағы көп жұмбақтың шешуін оқырманның өзіне қалдырып, «қүдіретті автор» болудан бас тартады. Бұл арқылы «автор өлімі» деген Р. Барт ұсынған идея жандана түседі. Шығармада автор негізгі рөлде емес, кейіпкерлер әлемі негізгі орында. Өз кезегінде автор шығармада мүлде көрінбейді. Оқиғаның басталуы да, аяқталуы да кейіпкерлердің әрекетімен жүзеге асады. Жалпы роман қазақ прозасындағы постмодернистік бағытта жазылған алғашқы туындылардың бірі болғандықтан, әрі эксперимент ретінде жазылғандықтан автордың романынан әлемдік

әдебиеттегі осы бағыт өкілдерінің ықпалын байқауға болады. Автор «Гүлдер мен кітаптар» еңбегінде постмодернистік әдебиеттің негізгі белгісі саналатын интермәтінділік құбылысын қолданған.

1) әдеби мәтіндер мен теориялық еңбектерден алынған интертекст. Абай Құнанбайұлының өлеңдері, Х.Л. Борхестің «Вавилон кітапханасы» әңгімесі сынды т.б.

2) мифтер мен түркі тарихын зерттеуге арналған еңбектерге жасалған интертекст, түркі халықтарының қасқырдан пайда болуы туралы мифтер, қазақ әдебиеті тарихында «Жерұйықты іздеуші» ретінде орын алған ақын Асан Қайғы толғаулары.

3) діни мәтіндер мен оларды зерттеуге арналған теологиялық еңбектерге жасалған интертекст.

Көркем шығармадағы автор бейнесі жазушының өз тұлғасының бейнеленуі деп анықталып жүр. Бұл жөнінде З. Ахметов автор түсінігінің негізінде қаламгердің көзқарасы, құндылықтары, көркемдік принциптері анықталатынын айтады [5, 21]. Сонымен бірге шығармашылық тұлғасы көрініс тауып, суреткерлік шеберлігі анықталады. Дегенмен қазіргі таңда автор түсінігінің мағынасы кеңейе түсті. Автор көркем шығармадағы оқиғалар желісін баяндаудан бөлек, туындының негізгі идеясын жеткізуде, кейіпкердің ішкі күйін суреттеуде көрінеді. Кейінгі кезеңде жарыққа шыққан постмодернистік туындыларда автор мен кейіпкер бірігіп, көбіне кейіпкер алдыға шығады. Осы негізден автор бейнесінің когнитивті парадигмасын талдауда Ә. Кекілбаев, Т. Әбдік, Д. Амантай шығармашылығы қарастырылды.

Осылайша қазақ әдебиетінде автор парадигмасының көрінісін Ә. Кекілбаев шығармашылығындағы «түс көру», Т. Әбдік туындыларындағы «тұлғаның екіге жарылуы», Д.Амантай шығармасындағы «автор өлімі» ұғымдарынан көреміз. Бүгінгі қазақ әдебиеті қарқынды дамып, әлем әдебиетінен қалыс қалмай, озық туындыларды үлгі еткенін көреміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1 Пирәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). Монография. Алматы: Алаш, 2003. – 328 бет

2 Кеңшілікұлы А. Парасат майданының суреткері. Жас Алаш, 2022. №61. 6-7 бет

3 Елшібек Ж. Суреткердің парасат биігі. Егемен Қазақстан. – 2014. – 11 маусым. – 11 бет

4 Кекілбаев Ә. Адамстанға саяхат. Егемен Қазақстан, 2002. 4-қыркүйек. 10-15 беттер

5 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. /Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев/ Алматы: «Ана тілі», 1996. – 240 б.

#### **ӘОЖ 82.91**

#### **ӘДЕБИЕТТЕГІ ҰЛТТЫҚ НЕГІЗДЕР**

**Н.Ж. Абагова**

БҚО, №20 ЖОББМ, ҚТӘ мұғалімі

Фольклор мен көркем әдебиеттің арақатынасы мәселесі бүгінгі әдебиеттану ғылымында жаңалық емес, ол қай кезеңде де өзекті мәселе болып қала береді. Әсіресе, бүгінгі жаһандану заманында әр ұлттың өзіндік келбетін, рухын сақтап қалу үшін рухани мәдениетіміздің қай саласында да бастапқы өзекке оралу, өткенге үнемі қайта оралу қажеттілік боп отыр. Соның бірі – әдебиеттегі ұлттық негіздерді анықтау. Ал ол көркем шығармалардағы фольклорлық мотивтердің қолданылу дәрежесімен айқындалады. Фольклорлық негіз, фольклорлық дәстүр, фольклорлық мотивтер деп жекелеген қаламгерлердің шығармашылығының поэтикалық құндылығын анықтаған зерттеу еңбектер бүгінгі әдебиеттану ғылымында өз алдына жеке арна, ғылым саласы болып қалыптасты. Әдебиеттің көп қызметінің ішінде оның ұлттық идеологияның көзі ретіндегі маңызын баса айтамыз. Киелі сөз өнерінің қайнар бұлағы – халықтың сонау ертеден келе жатқан ауыз

әдебиеті. Сөздің құндылығы ғана емес, ұлттық құндылықтардың өзегі сонда жатыр. Ұлттық фольклордың құнарынан қанып ішкен әр суреткердің шығармашылығында фольклорлық мотивтердің еркінен тыс генетикалық тұрғыда өзек алып жататыны—заңдылық.

Ұлттық әдебиеттің қай-қайсысы да фольклордың сарқылмас қайнар бұлағына үнемі жүгінеді. Шығармаларының сюжетінде, жалпы көркемдік тiнiнде шығармашылықпен өңделiп, пайдаланылған фольклорлық дәстүрлер көптеген жазушылардың таңдаулы шығармаларының құрамдас бөлігі болып табылады. Ауызша халық шығармашылығының сан алуан түрлерін терең де органикалық меңгеру қашанда нағыз дарынға тән қасиет. Бірақ ол соңғы онжылдықтарда халықтың рухани және мәдени құндылықтарын қайта бағалауға байланысты ерекше өзекті болды. Жазушылардың ауызша рухани мұраларды меңгеру тәжірибесін зерттеу әдеби процестің кейбір типологиялық белгілерін: оның динамикасын, прозаиктердің көркемдік шеберлігінің тереңдеуін, әдеби жанрлар дамуының кейбір заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Қазақ жазба әдебиетінің жиырмасыншы ғасырдың басынан бері қарайғы көп жылдық тәжірибесіне көз жүгірткенде байқайтынымыз - шығармашылықпен игерілген фольклордың өмір шындығын, халықтың ең жақсы рухани қасиеттерін, эстетикалық өзіндік ерекшелігін бейнелеудің құралы екендігі.

Халық ауыз әдебиеті жазба әдебиеттің дамуы үшін үлкен алғышарт болды, оның ықпалымен жазба әдебиеттің алғашқы түрлері мен формалары қалыптасты. Фольклор жазба әдебиет дамуының барлық кезеңдерінде, яғни одан бөлініп, кәсіби сөз өнерінің дербес, ерекше саласы боп қалыптасқан кезеңінде де маңызды фактор болды және бола бермек. Жазба әдебиеттің дамуымен фольклордың маңызы бәсеңдеген жоқ, керісінше фольклор жаңашылдықпен жалғасын тауып, оның қолданбалы қызметі барған сайын артып келеді.

Әдебиет фольклордан тек сюжеттер мен мотивтерді ғана емес, әңгімелеу стилін де үйренді. Фольклор ерте заманнан бүгінге дейін әдебиетті үнемі сүйемелдеп келеді, екеуін екі бөлек қарай алмаймыз. Әрбір ұлы суреткердің шығармашылығынан халықтың рухани мұрасының ықпалы айқын көрінеді. Бұл байланыс кейде айқын, кейде жанама болуы мүмкін, бірақ ол әрдайым дерлік орын алды. Сонымен қатар өз кезегінде әдебиет те фольклорға өзіндік ықпалын тигізді. Жазба әдебиетте фольклорлық жанрлар жаңаша өріс тапты. Ертегілер, аңыздар, тарихи жырлар, тұрмыс-салт жырларының түрлері т.с.с. фольклорлық жанрлар арқылы фольклор баяндаудың ерекше тәсілі ретінде бүгінгі әдебиетте жаңаша өріспен жалғасын тауып келеді. Яғни уақыт өте келе фольклорда да жаңа тақырыптар, жаңа образдар мен стильдік ерекшеліктер пайда болды, олардың шығу тегі көркем әдебиетке байланысты. Осылайша, «әдебиет пен фольклор» мәселесі дегеніміз, алдымен олардың өзара тең дәрежедегі бір-біріне ықпалы деп түсінгеніміз жөн. Бұл жалпы көркем шығармашылықтың халықтық сипаты туралы ауқымды тарихи мәселенің бір бөлігі ретінде қарастырылғанда ғана дұрыс шешіледі. Мұны білу жазушының фольклорды қабылдауы мен әдеби шығармашылықтың фольклорға ену фактілерінің мәнін дұрыс түсіндіруге көмектеседі.

Әдебиеттің фольклордан айырмашылығы, алдымен, стилінен, бейнелеу тәсілдері мен көркемдік идеяларды жүзеге асырудағы өзіндік тәсілдерінен айқындалады. Жазба әдебиеттің өзіне ғана тән қайталанбас көркемдік тәсілдері бар. Ал фольклор халық шығармашылығының жемісі ретінде ауызша таралған шығармаларды әр түрлі нұсқалары пайда болған жағдайда сақтап қалатын өзіндік жанрлық-стильдік әдістерін қалыптастырды. Осылайша, фольклор әдебиетке немесе әдебиет фольклорға ауыса салысымен оларда ішінара образдар мен стильдердің терең модификациясы, яғни өзгерістері қоса жүреді. Жазба әдебиет пайда болғаннан кейін де фольклорлық шығармашылық өзінің тіршілігін тоқтатқан жоқ. Халық ауыз әдебиеті мұраларына әр дәуірдің жазушысы әр қырынан, өзіндік таным тұрғысынан барады. Ал бірақ олардың бәрінің басын біріктіретін мақсат – өз оқырманын халық тілінің қайнарымен сусындатып, халықтың дүниетанымын, рухани негізін, ұлттық мәдениетін сіңіру. Себебі фольклор – бірнеше ғасыр бойы жинақталған халықтың ақыл-ойының жемісі, көркемдік дамуының шежіресі. Халық әдебиетінің бойында тұтас ұлттың бейнесі сақталған, бірнеше ғасырлық тарихы, әдет-ғұрпы, салт-санасы көрініс табады. Осы ерекшелігі, осы қасиеті фольклорға жазба әдебиеттің бет бұрып, оның көркемдік дәстүрін пайдалануына негіз болды.

Өз кезегінде жазба әдебиет саласында да жаңа көркемдік заңдылықтардың ашылуына, дәстүр жалғастығының орын алуына, көркемдік-эстетикалық мақсаттардың тереңдеуіне ықпал етті.

Екі көркемдік арнаның өзара байланысының тарихнамасы олардың өзара ықпалдастығының тең дәрежеде жүзеге асатынын дәлелдейді. Қаламгерлер фольклордың қандай да бір дәстүрлерін, жанрларын көркем шығармаларында тікелей пайдаланбаса да, жалпы баяндау стилінде, шындыққа көзқарасын білдіруде халық шығармашылығының жалпы қағидаларын жиі ұстанады, ал бұл өз кезегінде фольклорға тән стильдік формалардың дамуына ықпал ету арқылы өз бастауына қайта әкеледі, сөйтіп өзара ықпалдастық орын алады. Сондықтан да қазақ әдебиетінің жиырмасыншы ғасыр басындағы дамуында үлкен рөл атқарған алаш зиялыларының қай-қайсысының да зерттеулерінде халық ауыз әдебиеті терең зерттеліп, жазуға бет бұрған әр суреткердің халық жырларымен терең сусындауы қажеттігі, қазақ тілінің өзге тілмен шұбарланбай, саф таза күйінде сақталып ұрпаққа жетуі үшін халық әдебиетінің құнарын пайдалануы насихатталды.

Фольклордың әдебиетке әсері әр суреткерде әр түрлі формада кездеседі, бірде ол әсер айқын көрінбей, шығарманың тінінде жасырын жатып, тек суреткердің идеялық-эстетикалық толғаныстары мен концепцияларының негіздерін, оның шындықты бейнелеу принциптерін зерттегенде ғана көрінуі ғажап емес. Ал енді бірінде фольклордың әсері айқын көрініс табады. Соның бірегейі М.Әуезов фольклорды жинап, бастырып, зерттеп қана қойған жоқ, оның әрбір көркем шығармасында қазақ фольклорының сюжеттік, жанрлық, көркемдік құндылықтары үлкен шеберлікпен пайдаланылды. Оның әр шығармасы фольклордың бай қазынасымен терең суарылған. Әуезов бұл істі мақсатты түрде жүзеге асырды. Оған дәлел – жазушының 1922 жылы «Шолпан» журналында жариялаған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласы [1]. Жас қаламгер осы мақаласында алғаш рет фольклор ғасыр басындағы енді қалыптасып келе жатқан жаңа әдебиеттің негізі деген тұжырымды батыл айтады. Себебі оған дейін фольклор және фольклортану ғылымы буржуазиялық сынның қармағына ілініп, іске алғысыз қылудың талай әрекеттері жасалған болатын. «Ескі әдебиеттің түрін білу, бетін ұғу, ағымына түсіну біздің өзіміз үшін керек. Бүгінгі әдебиетке белгілі жол салып, дұрыс бағыт береміз десек жалпы қазақ әдебиетінің өткен күнін, бүгінгі қалпын, хәм келешегін де түгел түсіну керек. Сонда ғана әрбір жазушы хақиқатқа жақын сөйлеуі мүмкін» дей келіп, қазақ фольклорының көркемдік құндылығына жоғары баға беріп, одан «әлі жас, әлі бойы өсіп жетілмеген» жазба жаңа әдебиеттің үйренері көп екенін айтады [1]. Фольклорда жасалған Қодар, Шығайбай, Асан қайғы сияқты типтік бейнелердің әлі жазба әдебиетте жасалмағанын, типтік характерлер жасау ұрпақ үшін қажет екенін атайды. Әуезовтің пікірінше, «жазушының болашақтағы міндеті - қазақ әдебиетінің ішіне қазақ өмірін тұтас суретімен алып кіру». Жазушының өзі бұл ұлы міндетті артығымен орындады. Бір ғана «Абай жолы» эпопеясының өзі-ақ бұған дәлел. Сәбит Мұқановтың да фольклорлық дәстүрлерді пайдалану шеберлігі стильдік даралығымен айқындалады. Халықтың бай көркем тілінің құнарын өз шығармаларында шығармашылықпен игере білген жазушы. Оның да фольклорға иек артуы ауыз әдебиеті мұраларын жинап, зерттеуден бастау алды. Халқымыздың жыр үлгісін алғашқы өлеңдерінде пайдаланудан бастаған жазушы эпостық жыр, қара өлең дәстүрін сыналап енгізе отырып, фольклордағы дәстүрлі тілдік орамдарды, тіркестер мен ұғымдарды, бейнелеу тәсілдерін шебер үйлестірді. Бұлар оның шығармаларының оқырман жүрегінен терең орын алып, кең таралуына ықпал етті. «С.Мұқанов жаңа қоғамға бет бұрған дәуір әдебиетіне сыналап, дәстүрлі иірімдерді, нақышты өрнектерді енгізді. Бұл ақынның өзіндік болмыс-бітімін, поэтикалық әлемін танытады. ...Халықтың ұлттық дүниетанымы, эстетикалық талғам-талабы, әдет-ғұрпы мен дәстүрі – оның бүкіл болмыс-бітімін, тіршілігін бейнелейтін мол қазынасы – фольклорында көріністабады. Сол себептен де болар, суреткерлердің барлығына дерлік тән қасиет – шығармашылығының бастауы етіп үнемі халық мұрасын нысана еткен» дейді ғалым Қ.Байтанасова [2]. Алыптар тобының бірегейі Ғабит Мүсірепов те өз творчествосында халықтық тақырыпты басты орынға қойды. Халықты ең ұқыпты оқырман санай отырып, ол өз шығармаларының алдымен сол қарапайым халыққа жетімділігіне баса назар аударды. Дәл осы мақсатта жазушы халықтың күшті рухын, сарабал ақылын, орасан

шығармашылық энергиясын, тума таланты мен бостандыққа деген ерекше ұмтылысын көрсетуге тырысты. Қай уақытта да жазушы алдымен халық ауыз әдебиетінің асыл мұраларынан сусындап, одан үйренетіні белгілі. Фольклорға деген қызығушылық халық өмірінің, халық тілінің құнарлы қайнарын, терең сырын игеруге деген қызу тілектен де туындап жатады. Ғабит Мүсіреповпен қатар жаңа әдебиет үшін күресті қоғамдық-революциялық күрестерімен ұштастыра білген Сәкеннің өзі халық мұрасының жақсы үлгілерін пайдалануды әдебиеттің басты міндеті деп көрсетеді. Халық ауыз әдебиеті мұраларын жинап оған ғылыми тұрғыда баға берген Сәкен: «Жаңа әдебиет ескі әдебиет мүсіндерін іс жүзінде меңгеріп алып, жаңа ережелермен мүсіннің үлгілерін, типтерін қарастырып, бажайлау, екшеу, сөйтіп оған еңбекші тап мазмұнын кіргізу негізінде жасалады» [3,431] деп, таптық тұрғыда қарауға баса назар аударса да, ең бастысы, фольклордың жазба әдебиетке негіз болатынын айтады.

Жиырмамыншы ғасырдың 60-90 жылдарындағы Ә.Кекілбаев, Қ.Жұмаділов, С.Сматаев, Ш.Мұртаза, С.Сматаев, Ә.Есенберлин т.б. ақын-жазушылардың шығармашылықтарында да халық әдебиеті үлгілері тақырыптық-сюжеттік үндестік тауып, жалғасты. Халық ауыз әдебиетінің жанрлары (тарихи жырлар, аңыздар, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер т.б.), түрлі мотивтер шеберлікпен игеріліп, әдеби шығарманың поэтикалық жүйесіне тән заңдылықтарға бағынып, өз алдына дербес көркемдік-эстетикалық қызмет атқарды.

Халық ауыз әдебиеті мұралары көркем әдебиет шеберлері шығармашылығының поэтикасының негізі ретінде ұлттық ерекшеліктің, халықтық дүниетанымның таусылмайтын көзі. Бүгінгі ғылыми ой әдебиет пен фольклордың өзара байланысын зерттеудің, әдеби дәстүрдің фольклор дәстүрін игеру барысындағы кезеңдері мен формаларын анықтаудың белгілі бір ғылыми бағыттар үшін жүйелік-типологиялық жағынан өзектілігі зор екенін мойындайды. Сондықтан да әдебиеттану ғылымының бұл бағыты бүгінгі күні өз алдына үлкен арна боп қалыптасты. Көркем шығармашылықта фольклорды пайдалану фактісі суреткер шығармашылығын біржақты етпейді, өйткені олар өмір шындығын көркемдік шындыққа айналдыруда неғұрлым еркін. Жазушы фольклордан идеялық-бейнелік, композициялық және жанрлық-стильдік формалардың мол таңдауын табады және әр суреткер олардың арасынан өзінің шығармашылық мүддесі мен талғамына сәйкес келетінін ғана алады. Фольклорлық мотивтер, фольклорлық-этнографиялық дәстүрлер, жанрлар, сөз-образдар т.б. бәрі де бүгінгі қазақ әдебиетінің көркемдік тініндегі айрықша ұлттық рухани діңгек.

Суреткер үшін фольклор әрдайым халықтың рухани өмірін танудың сарқылмас қайнар көзі боп келеді, сондай-ақ өз шығармашылығын халық мәдениетінің элементтерімен, халықтық поэтикалық мотивтермен, образдармен, сюжеттермен, жанрлық және стильдік формалармен байытудың маңызды құралдарының бірі болды. Қазіргі заман әдебиетінде фольклорлық элементтер рөлі шығарманың көркемдік идеялық концепциясының мазмұнын байытып қана қоймайды, халықты адамгершілік рухта тәрбиелеуде де үлкен маңызға ие. Көркем әдебиеттің фольклормен байланысын тек этно-генетикалық жағынан ғана емес, сонымен қатар тарихи-әлеуметтік тұрғыдан да біртұтас қарастырған дұрыс. Сонда ғана оның көркем әдебиетпен біте араласып кеткен қасиеттерін, оның көркемдік ерекшеліктерін тереңірек ұғамыз. Сондай-ақ, фольклор мен қазіргі әдебиеттің бірінен-бірі туындап, дамып жататын жанрлық принциптерін де ескерген дұрыс.

Қорыта айтқанда, қазіргі кезде кез келген адамзат қоғамының рухани қуаты мен оның болашақтағы рухани әл-ауқаты этникалық мәдени мұраны меңгеруіне байланысты екенін терең түсінетін уақыт келді. Соңғы уақыттарда көлемінде қоғамда болып жатқан сан қырлы өзгерістер жоғалған ұлттық мәдени құндылықтарды түгендеуге, өз халқының тарихи өткеніне, әдеби және мәдени мұраларына құрметпен қарауды тәрбиелеудің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерін қалпына келтіруге болатынына үміт сыйлайды. Қоғам әлеуметтік-экономикалық және саяси аспектілермен қатар халықты бай рухани мәдениет пен дәстүр негізінде белсенді түрде тәрбиелеу міндетін алға қойып отыр.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. –А: 1991.
2. Байтанасова Қ. Сәбит Мұқанов және фольклорлық дәстүр мәселелері. — Астана, 2005.
3. Қирабаев.С. Екі томдық шығармалар жинағы.– Алматы: Жазушы, 1991. Т.1.:Сәкен Сейфуллин: Монография. – 448 бет.

## ӘОЖ 801.55

### ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЫДЫС-АЯҚ АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Амангалиева Жемис Галимжановна

Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның 2 курс магистранты  
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

**Аннотация.** Этнолингвистическая специфика названия посуды в казахском языке до сих пор не была предметом специального лингвистического исследования в лингвистике. В предлагаемой научной статье приводятся мнения ученых относительно названий блюд на казахском языке. Предложены языковые примеры с разделением названий блюд на тематические группы.

**Ключевые слова.** Названия посуды, названия кухонной утвари, бытовая лексика.

Әр тілдің лексикасы – этникалық өмірдің күрделі және ерекше көрінісі. Тілдің кез-келген басқа категориясы сияқты, ол ұзақ уақыт бойы сақталады, бірақ сонымен бірге ол ең белсенді және халықтың өміріндегі тұрмыстық өзгерістерге бейім болып келеді.

Қазақ тілінің лексикалық негізі түркі тілінен шыққан сөздерден тұрады, бірақ сонымен бірге кірме сөздер де кездесіп отырады.

Ежелгі заманнан бері қоғамның өмірі мен дамуында киім, тамақ, баспана, тұрмыстық заттар, оларды өндіруге байланысты әр түрлі қолөнер түрлері маңызды орын алып келеді. Бұл шындықты атайтын тұрмыстық лексика өте кең және тілдің лексикасының маңызды бөлігін құрайды. Бұл жұмыс тамақ дайындауға және оны сақтауға қажетті ыдыс-аяқ пен ас үй ыдыстарының атауымен байланысты қазақ тілінің тұрмыстық лексикасын зерттеуге арналған.

Зерттеудің өзектілігі – адамның күнделікті өмірін бейнелейтін тұрмыстық лексиканың көптеген элементтері пассив сөздікке ауысады немесе мүлдем қолданыстан шығып қалады. Қазіргі өркениет пен ақпараттық процестердің жаһандануы қазақ тілінің тұрмыстық лексикасын едәуір біріздендіруге және теңестіруге әкеледі. Сонымен, бүгінгі таңда қазақ материалдық мәдениетінің көптеген объектілері қолданыстан шығып қалады немесе басқалармен ауыстырылады, нәтижесінде олардың номинациялары архаизмдер мен историзмдер санатына енеді. Бұл лексиканы анықтау және зерттеу қазақ тілінің семантикасын және басқа да бірқатар түркі тілдерін қайта құру үшін құнды материал болып табылады. Сондай-ақ, тілдердің лексикалық құрамын зерттеу дәрежесі бүгінгі күнге дейін фонетика мен морфология сияқты зерттеу дәрежесінен айтарлықтай аз екенін атап өткен жөн, өйткені лексика фонетикалық немесе грамматикалық жүйеге қарағанда әлдеқайда аз құрылымдалған әлсіз және анық емес, ықтималдығы жоғары жүйе болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсатын іске асыру үшін келесі міндеттер қойылды:

- қазақ тіліндегі ыдыс-аяқ пен ас үй ыдыстарын білдіретін лексиканы анықтау;
- зерттелетін лексиканы сипатталған пәндердің функционалдық мақсатына сәйкес топтарға жіктеу;
- семантика тұрғысынан зерттелетін атаулардың сипаттамасы, лексика топтарының осы мәндерінің толық көлемін анықтау;
- оның басқа тілдердегі параллельдерін анықтау.

Зерттеудің теориялық негізі ретінде лексикология мен этнография, этнолингвистика мәселелеріне арналған ғалымдардың еңбектері қолданылды. Зерттеу барысында біз Э.В.Севортян, К.М. Мұсаев, Е.И. Убрятова, А.Г. Шайхулов, Ж.Манкеева және т.б. еңбектеріне сүйендік. Зерттеу материалы лексикографиялық, тарихи, фольклорлық және этнографиялық дереккөздерден алынған мәліметтер болды. Лексикографиялық база 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» болып табылады.

Басқа түркі тілдері сияқты қазақ тілінің лексикасын үйрену проблемаларының бірі – ыдыс-аяқ атауларын білдіретін сөздердің лексикалық-тақырыптық және лексикалық-семантикалық жіктелуі. К.М. Мұсаев атап өткендей, бұл маңызды әдіснамалық мәнге ие, өйткені лексикалық топтарды, тақырыптық топтарды, «лексикалық-семантикалық топтарды» немесе «лексикалық-семантикалық өрістерді» жалпы түркі тілінде және нақты түркі тілдерінде одан әрі жоспарлы сипаттау, жіктеу және зерттеу көбінесе әдістемелік тәсілмен және теориялық алғышарттармен анықталады [1].

Сөздік материалдардың лексикалық-тақырыптық дамуы маңызды және пайдалы, өйткені В.И. Цинциус атап өткендей, бұл тілдің жалпы көлемі қандай екенін және оның белгілі бір саласындағы лексикалық қорының егжей-тегжейлі дәрежесін, сондай-ақ, осы семантикалық категорияларға тән сөзжасамдық модельдерді анықтауға мүмкіндік береді. А.Г. Шайхулов лексикалық-тақырыптық жіктеу лексиканы зерттеудің бастапқы кезеңін, ал лексикалық-семантикалық жіктеу лексиканы талдаудың соңғы кезеңі екенін атап өтті [1].

А.М. Щербак зерттеуді түркі, моңғол және тунгус-маньчжур тілдерінің лексикалық қатынастарының көлемі мен сипатын анықтаудан бастауды ұсынады. Ол үшін ол әртүрлі тақырыптық топтарды салыстыруды, параллельдерді талдауды, бөліп көрсетуді және зерттеуді және ұқсас және әртүрлі сөздердің арақатынасын жан-жақты бағалауды ұсынады [1].

Тақырыптық топтар бойынша дамудың маңыздылығы мен пайдалылығын көрсете отырып, А.Г. Шайхулов лексикалық-тақырыптық жіктеу түркі тілдерінің этногенетикалық жағынан байланысты лексикалық құрылымдарының семантикалық ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік беретінін атап өтті. А.А. Уфимцеваның пікірінше, дәл номинативті жағы бойынша қол қойылмаған сөздер тақырыптық топтарға біріктіріледі, яғни. олар белгілейтін заттар мен процестердің функцияларының ұқсастығына немесе жалпылығына байланысты [1].

Біздің ойымызша, көбінесе ас үй ыдыстары мен ыдыс-аяқтардың атауларын жіктеу сипатталған заттардың функционалды мақсатына байланысты белгісіне негізделген. Қазақ тіліндегі тұрмыстық лексиканың осы түрін осы тұрғыдан талдау келесі топтарды бөлуге мүмкіндік береді: тағамдарға арналған ыдыс-аяқтардың атаулары және ас құралдарының атаулары, тамақ дайындауға арналған ыдыс-аяқтар мен ас үй ыдыстарының атаулары, тамақ пен сусындарды жинауға, сақтауға арналған ыдыс-аяқтардың атаулары. Аталған топтар бойынша саралаудың негізінде шаруашылық-тұрмыстық қызмет жатыр, этностың дәстүрлі мәдениетіндегі тамақтану процесі, оған тамақ дайындау, оны қабылдау процестері, сондай-ақ тағамды сақтау әдістері кіреді.

Бірінші топ «тамақ дайындауға арналған ыдыс-аяқ пен ас үй ыдыстарының атаулары», өз кезегінде, өнімдерді кесу, ұнтақтау және ұсақтау, елеу және сүзу, қайнату және қуыру, араластыру, жинау процестеріне, сондай-ақ пышақтар мен басқа да ас үй ыдыстарының атауына байланысты кіші топтарға бөлінеді. Екінші топқа азық-түлік сақтауға арналған ыдыс-аяқ пен ас үй ыдыстарының атаулары кіреді.

Құрылым тұрғысынан ыдыс-аяқ пен ас үй ыдыстарын білдіретін лексикалық бірлік туынды және туынды емес болуы мүмкін. Зерттеушілердің пікірінше, туынды сөз – бұл кез-келген қайталама, яғни басқа белгімен немесе белгілер жиынтығымен шартталған, құрылымдық қарапайымдылығына немесе соңғысының күрделілігіне қарамастан сөз мәртебесі бар номинация бірлігі. Бұл объективті әлемге бағытталған туынды сөз. Сөздің әр қолданылуы оның мағынасын сол бөлік ретінде анықтау, жүзеге асыру қажеттілігінен туындайды, адам өзінің танымдық және әлеуметтік қызметі процесінде алған және тілде осы ауызша белгімен байланысты әлем немесе ол туралы ақпарат. Туынды сөз өзінің мағынасын



тілде бұрыннан бар басқа атауды көрсету арқылы береді және оның мағынасын оған қатысты сөзден алады.

Тіліміздегі ыдыс-аяқ атауларын төмендегіше тақырыптық топтарға жіктедік:

1. Ас ұсынуға арналған ыдыс-аяқ пен ас құралдарының атаулары: *қасық, астау, шанышқы, кесе, табақ, саптыаяқ, шара, керсен, зағыма, зерен, бақыр, бақыраиш, аяқ, топатай, тегеш, тостаған, шанақ, самар, метей, кепсер, т.б.* Аталған сөздер қазіргі тілімізде белсенді түрде қолданылады.

2. Тамақ дайындауға арналған ыдыс-аяқ пен ас үй ыдыстарының атаулары: *қазан, таба, піспек, күбі, саба, шөген, жуаз, ожау, шөміш, пышақ, бәкі, диірмен, көнек, т.б.*

3. Тамақ жинауға және сақтауға арналған ыдыс-аяқ пен ас үй ыдыстарының атаулары: *асадал, аяққап, қап, дағара, қоржын, дорба, жағылан, сүйретпе, қанар, қапшық, борман, абаж, әбдіре, кесеқап, т.б.*

3.1 Тамақты жинауға және сақтауға арналған ыдыс-аяқтың атауы өнімдердің сұйық және қатты күйіне байланысты саралануы мүмкін екі кіші топпен ұсынылған. Сұйық өнімдерді жинауға және сақтауға арналған ыдыс-аяқтың атауы, өз кезегінде, біз сүт және басқа сусындарға сараланғанбыз.

3.1.1 Сүт өнімдерін жинауға және сақтауға арналған ыдыс-аяқ атаулары: *саба, торсық, бөрдек, күп, мес, күбі, құмыра, кебеже, шаң, бүйен, қарын, бұлқыншақ, жанторсық, күп, кеспек, көзе, меске, сарқым, көнек, қалбыр, түйемойнақ, талыс, сүйретпе, т.б.*

3.1.2 Сұйық сусындарды жинақтауға және сақтауға арналған ыдыс-аяқ атаулары: *шиша, бөтелке, құмыра, т.б.*

3.1.3 Сусымалы өнімдерді жинауға және сақтауға арналған ыдыс-аяқ атаулары: *қауақ, шанаш, тегеш, тегене, қап, қапшық, боқжама, боқша, т.б.*

Қазақ халқының арасында кеңінен тараған өндірістің бір түрі ыдыс-аяқтар, мұндай іспен ұста кәсіпкерлер айналысқан. Қазақтар ыдыс пен керек-жарақтарды көбінесе сынбайтын материалдардан: ағаштан, теріден, жүннен, киізден және шұғадан жасаған. Көшкен кездерінде ыдыс-аяқты сыртқы беті түрлі-түсті құрақтармен өрнектелген арнаулы киіз қаптарда (аяққаптарда) сақтаған. Сусымалы өнімдер үшін тоқыма қаптар дайындаған. Сүр ет пен сарымайды ағаштан жасалған кебежелерде сақтаған. Сондай-ақ астау, тостаған, ожаулардың алуан түрлерін жасаған. Ыдыс жасауға материал ретінде қайың ағаштың томарға жақын түбірі мен көздерін іске асырған. Ыдыстарды қызыл, қоңыр және сары бояулармен бояйды. Әшекейлеуге кейде күмістің қарайтылған түрі қолданылады. Сонымен де пышақтың сабын, қасықты, шөміш сияқты заттарды әрі жеңіл, әрі қызыл, көк, ақ түсті аралас иісі жақсы болғандықтан арша ағашынан жасалады.

Қайыңнан жасалған терең ағаш ыдысты қадірлеп, ата-бабамыз сол уақыттағы ең жоғары баға жылқы малына сатып алған, «Ас адамның арқауы» деп айтсақ, сол асты жоғары сапалы ағаш ыдыс-аяқтармен ішу, бұл да біліктілік пен зерделіліктің белгісі.

Ә.Х. Марғұлан өз еңбегінде қолөнер шеберлерінің ұлттық бұйымдарына, қазақтың дәстүрлі ыдыс-аяқтарына тоқталған. Ғалым ыдыс-аяқтардың жасалу тәсілдерін, оларға салынған ою-өрнектер, қандай материалдардан жасалғаны, олардың функциялық міндеттерін, терминдерге тоқталған [2].

Х.А. Арғынбаев қазақтардың ыдыстарды кең қолданғаны жөнінде қарастырып кетеді. Үлкен, әрі ауқымды ағаш тегене қымыз құюға арнап жасалынған. Ұзынша немесе сопақтау астауды ет, немесе қыс айларында құрт жібітуге арнаған. Сондай-ақ көлемді ағаш тостағанды, шара аяқты пайдаланған, сабы бар тостағанды сапты аяқ» деп атайды [3].

Қарлығаш Ерғазықызы қазақтардың дәстүрлі ыдыс-аяқ түрлерін зерттей келе, қазақтардың дәстүрлі ыдыс-аяқтарын қолөнер шеберлері жасаған материалына байланысты бес топқа бөледі:

1. Ас-тағам сақтайтын ыдыс-аяқтар
2. тағам сақтайтын дәстүрлі тері ыдыс-аяқтар
3. дәстүрлі металл ыдыс-аяқтар
4. саз балшық, қыш, фарфор тас бұйымдар

5. жүннен жасалған дәстүрлі ыдыс-аяқтар» [4].

Ағаш ұсталары ыдыс-аяқ жасауға да ерекше ден қойған. Соның ішінде қымызға арналған түрлеріне аса назар аударған. Негізінен бұл ыдыстарды қайыңнан, табылып жатқан жағдайда оның безінен жасауға тырысқан. Өйткені, қайың мықты, төзімді келген. Мұқият өндеген қайың, әсіресе оның безі қара шұбарланып, қосымша әшекейсіз-ақ әдемі болып көрінеді. Шеберлердің айтуынша, әбден кепкен қайың ағашында бөтен иіс те, шайыр да болмайды, сондықтан оған құйылған қымыздың дәмі бұзылмайтын болған [5].

Қазақтар тұрмысында ыдыстардың ағаштан жасалған түрлері де кеңінен пайдаланылды. Мәселен, олар қайыңнан жасалған үлкен тегенелер, қатты ағаштан немесе қайыңның безінен жасалған шаралар, аяқтар, тостағандар, қымыз құятын ожаулар, үлкен ағаш астаулар, ет тартуға арналған көлемді ағаш табақтар және тағы басқалары.

Сонымен қазақтар ыдыс-аяққа да аса мән берген. Кімге қандай ыдыспен ас тартылады, бұның өзі сынға алынған. Ешқашан үйде сынық ыдыс-аяқ ұстамаған. Оны осы үйдегі ұрыскеріс, реніш осымен кетсін деп бастарынан айналдырып лақтырып тастап отырған. Бүгінгі күні бұл ыдыстардың кейбірі қолданыста бар, кейбірі мүлде ұмытылған. Заман ағымына байланысты жетілдірілген жаңаша жасалынған техника дайындаған ыдыс-аяқтар күнделікті өмірімізге етене араласа бастады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Оожак А.Ч. Лексика посуды и домашней утвари в тувинском языке и его диалектах. Автореф.дисс. ... к.ф.н. – Москва, 2022. – 26 с.
2. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. – А., 1987. – 120 с.
3. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқының қолөнері. – А., 1987. – 420 б.
4. Ерғазықызы Е.Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақтың дәстүрлі ыдыс-аяқтары (тарихи-этнологиялық зерттеу). Тарих. ғыл.канд. дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – А., 1994. – 14 б.
5. Солтиева Б.Ш. Қазақ халқының үй-тұрмысындағы дәстүрлі ыдыс-аяқтары // [https://www.rusnauka.com/13\\_EISN\\_2013/Istoria/4\\_133710.doc.htm](https://www.rusnauka.com/13_EISN_2013/Istoria/4_133710.doc.htm)

ӘОЖ 801(574)

### **ЖӘНДІК АТАУЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ**

**Жақаева Асемгул Ескабыловна**

Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның 2 курс магистранты  
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

***Аннотация.** В статье говорится об изучении названий насекомых в казахском, тюркском и русском языкознании. Основное внимание уделяется исследовательским работам и научным статьям, написанным в этом направлении. Характерные особенности энтомологической лексики определяются путем анализа мнений и работ ученых.*

***Ключевые слова.** Названия насекомых, энтомология, энтомологическая лексика.*

Қазақ тіліндегі жәндік атаулары, халық дүниетанымындағы олардың мән-мағынасы, сипаты, номинативтік, терминологиялық жүйесі, ол атаулардың шығу негізі, уәждемесі, көркем мәтіндер мен мақал-мәтелдерде, нақыл сөздерде қолданысы, олардың

этнолингвистикалық, лингвомәдени, дүниетанымдық сипаты мүлде зерттеуден тыс қалып келеді деп айта аламыз.

Жануартану ғылымына сүйенсек, Қазақстанда мекендейтін жәндіктердің 20 мыңнан аса түрі кездеседі екен. Демек, табиғат аясында өскен, әрі байқағыш, әрі сөз тапқыш қазақ халқы олардың бәріне атау беріп, айдар таққаны анық.

Қазақ тілінде жәндік атауларын арнайы зерттеген ғылыми еңбек жоқтың қасы. Дегенмен, қазақ тіліндегі жәндік атауына қатысты тың зерттеулер этнографиялық, мифологиялық, танымдық, философиялық тұрғыда талданып, мақала күйінде жарық көргендері де бар. Мысалы, Ғ.Ақпанбектің *қарақұрт* туралы халықтың таным-түсінігін, яғни «қарақұрт жеген қой семіз» деген наным-сенімін ғылыми тұрғыдан талдап көрсетеді [1, 13].

Осы қатарға «*жылан*» атауына қатысты жер-су аттары мен тайпа атауларының этимологиясын көне түркілік аңыздар негізінде зерттеуді көздейтін Ғ.А.Меңлібаевтың «Жылан тайпасы» және «Көшпелі ру-тайпалар арасындағы тарихи байланыстылық», «Жыланды атауы нені білдіреді» деген, «Бүгінгі жер атауы – бұрынғы ел атауы» атты мақалаларын, С.Жеңісқызының «Жылан символының мифтік семантикасы» атты мақаласын жатқызуға болады. Жыланның мифологиялық, діни тұрғыдан бейнеленіп, көнетүркілік таным-түсініктің сарқыншағы ретіндегі халық ауыз әдебиетінде терең сақталған бейнесі туралы мәліметтер С.Құрманұлының «Жылан жебеген тәуіп қыз» мақаласында, Қ.Мұқтайдың «Жыланның ойран ордасы» өлеңінде, С.Қондыбайдың «Алпамыс» жырындағы жылан культінің сарқыншақтары» мақаласында, Т.Әсемқұловтың «Жылан-қайыс» ырымының сипаттамасы», «Сарыжылан», «Жылан – Бапы ханның әлемі» атты мақалаларында, сондай-ақ З.Наурызбаеваның «Воинский инициатический ритуал кочевников «Жылан-қайыс» атты мақаласында кеңінен баяндалған [2].

Жануартану ғылымында арнайы жәндік түрлері мен олардың табиғатын зерттеуге арналған еңбектерден бірқатар жәндік атауларымен танысуға және олардың адамға тигізер пайдасы мен іс-әрекеттері, тіршілік ерекшеліктері туралы мәлімет алуға мүмкіндік туды. Мысалы, Қ.Әмірғазиевтің «Насекомдар класы» (1978 ж.) еңбегінде жәндіктердің 16 класының жіктемесі, оның ішіндегі отряд топтамалары берілген. Қ.Әмірғазиевтің «Биологиялық жұмбақтар» атты еңбегінде жәндіктерге байланысты жұмбақтар келтіріліп, соңында әр жәндікке түсініктеме берілген [3]. Еңбек мектеп оқушыларына бағытталып жазылған. Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру бағытында құндылығы жоғары еңбек деп білеміз. Еңбекте бұрын-соңды көп кездестірмеген жұмбақтар келтіріледі. Мәселен, *қарақұрт, шыртылдақ қоңыз, жабайы ара, жайылым кенесі* туралы жұмбақтарды жасырады. Сонымен қатар «Қай көбелектің жұлдызқұрттары?» деген суретті жұмбақты жасырады. Бұл жерде *сүттіген көбелегі, сирень көбелегі, көзшелі көбелегі, капуста көбелегі, сақиналы шүйке жасаушы көбелегі, сыңар жібек көбелегі, долана көбелегінің жұлдызқұрттары* жасырылған. Автор түсініктемесінде көбелектерді екі үлкен топқа бөледі: күндізгі және түнгі немесе іңір көбелектері [3, 56].

О.Токхожаеваның «Лексика фауны в казахском языке» атты (1991 ж.) диссертациялық зерттеуінің авторефератында Қазақстанда жәндіктердің 28 отряды, 550-ден астам тұқымдастары, 10 мыңнан астам түрі кездесетіндігін айтады [4, 7]. Ғалым зерттеуінде кейбір жәндік атауларының жасалу жолдарына да тоқталып кетеді.

Г.В.Николаев пен Г.Ж.Орманованың «Құрлық буынаяқтылары» (2008 ж.) еңбегінде *шыбын-шіркей, масалардан* бастап, *шегіртке, сараншаға* дейінгі қатты қанатты, жарғақ қанатты, қос қанатты жәндіктер туралы сипаттама ұсынылған [5].

С.Ордабековтың «Жануарлар мен жәндіктер тарататын аурулар» (1995 ж.) еңбегінде құрттардан жұғатын «жылауық», «қышыма», «аскаридоз», «острица», «оба», «іш сүзегі», «сары ауру», «тырысқақ», «кене энцефалиті» ауруларының түрлеріне медициналық сипаттама берілген.

Қ.Қ.Уәлиеваның «Малға ауру тарататын омыртқасыз жәндіктер» (1971 ж.) еңбегінде *сарғыш құрт, таспа құрт, жұмыр құрт, тікенек басты құрттардың* малға тарататын ауру түрлері (фасциоллоз, дикроцеллоз, т.б.) сипатталған.

Ә.Т.Тілменбаевтың «Энтомология» (1994 ж.) еңбегінде [6], К.Тулешковтың «Насекомдар тіршілігі» (1982 ж.) деген [7] еңбектерінде жәндіктердің түрлері мен олардың топтары, отрядтары, класстары жік-жікке бөлініп, құрылысы мен тіршілік ету ортасы, адамға пайдасы мен зияны, көрсетілетін алғашқы көмектер мен жалпы сақтану шаралары туралы толық мәлімет берілген.

2010 жылы Х.Қ. Торыбаевтың «Ауылшаруашылық зиянкес насекомдар атаулары» атты еңбегі жарық көрген [8]. Еңбекте зиянкес насекомдар туралы түсініктеме беріледі.

Б.К.Аккожинаның «Жәндік атауларының лингвомәдениеттанымдық мәні» атты мақаласында қазақ тіліндегі жәндік атаулары жинақталып, олардың лингвомәдениеттанымдық мән-мағынасын ашып, уәжін анықтап, атаудың берілу себептерін талдаған. Жәндікке берілген халықтық атаулардың уәждемелері, біріншіден, сыртқы дене бітіміне, түр-түсіне байланысты болса, екіншіден, жәндіктің баяу немесе шалт жасайтын қимыл әрекетіне: жорғалау, секіру, өрмелеу, ирелеңдеу, бұралаңдау, бүкшиген, балпаңдаған, бүріскен, т.б. қозғалыстарына байланысты болады. Үшіншіден, оның өзіне тән қызметі мен өмір сүру тіршілігіне, қоршаған ортаға тигізер пайдасы мен зиянына байланысты да атау беріледі. Төртіншіден, мекендейтін орнына, ұрықтанатын, тіршілік ететін ұясына сәйкес ат қойылғандығы жайлы жазылған [9, 12].

Орыс тіл білімінде көптеген анықтамалықтар, әртүрлі сөздіктер, энциклопедиялар, этимологияға қатысты көптеген еңбектер жарық көрді, сонымен қатар орыс энтомологиялық лексикасын да жан-жақты зерттелген деп айта аламыз. Талдау осы тұрғыдан алғанда орыс тіл білімінде ең көп зерттелетін сала – омарта шаруашылығы лексикасы деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

М.И.Литвиновтың (1955), В.В. Анохинаның, Н.В. Никончуктің (1968), Т.Г. Иванованың (1973), В.А. Кокойлоның (1975) еңбектерінде ара шаруашылығына қатысты ескі орыс терминдері, әдеби орыс тілінің ара шаруашылығына қатысты лексикасы, ара шаруашылығына қатысты диалектілік атаулар зерттелген. Басқа жәндіктердің атауларына қатысты тақырыптық топтардың ішінде В.И.Максимов, Р.И. Тихонова, Л.А.Хачатуровалардың еңбектерінің ерекше атап көрсетуге болады [10, 7].

Жәндіктердің диалект атауларының үлкен және маңызды корпусы В.И.Максимовтың (1966) қазіргі Псков диалектілерінің лексикасындағы арнайы тақырыптық топ ретінде жануарлар атауларының жұрнақ түзілуін зерттеуге арналған жұмысында сипатталған [11].

Р.И.Тихонованың еңбегінде жәндіктердің атауларына үлкен мән берілді, оның мақсаты орыс тіліндегі жануарлар атауларының тақырыптық тобының ішіндегі сөзжасамдық модельдер мен құрылымдық типтерді зерттеу болды [12].

Л.А.Хачатурованың «Сөз таптарын кешенді талдаудың принциптері мен мәселелері: семасиологиялық, ономасиологиялық, деривациялық және лексикографиялық аспектілері» монографияларында сүтқоректілердің, құстардың және балықтардың атауларымен қатар жәндік атауларына елеулі орын берілген (1992) [13].

Орыс тілінің энтомологиялық лексикасын талдайтын маңызды жұмыстардың бірі – Ю.А. Кривошапованың «Этнолингвистикалық қамтудағы орыс энтомологиялық лексикасы» (2007) кандидаттық диссертациясы [14]. Бұл жұмыста аталымдық белгілері тұрғысынан жәндіктердің атаулары талданған, тұрақты мотивациялық модельдер анықталған, жеке жәндіктердің этнолингвистикалық «портреттері» қайта құрылған.

А.Г.Татаринов пен О.И.Кулакованың авторлығымен шыққан «Ресейдің еуропалық солтүстік-шығысындағы жәндіктердің орыс номенклатурасы: күндізгі лепидоптера, айдаһар, ортоптера» атты монографиясында орыс энтомологиялық номенклатурасының негізгі принциптері келтірілген, жәндіктер түрлерінің, тұқымдарының, отбасыларының және отрядтарының ұлттық атауларын құрастыру, жазу және қолдану ережелері тұжырымдалған. Ресейдің еуропалық солтүстік-шығысында кең таралған күндізгі лепидоптера, инелік және ортоптераның орыс номенклатурасы келтірілген [15].

Орыс тіл білімінде энтомологиялық лексика құрамындағы түркі атауларын зерттеуге де көңіл бөлінді: И.И.Огиенко (1925); И.Г. Добродомов (1970); Н.А. Баскаков (1979) және т.б.).

Д.С. Сетаровтың жұмысының аталған тақырыпты зерттеуге айтарлықтай үлес қосады. Ол өзінің диссертациялық жұмысының «Жануарлар әлемінің орысша атауларындағы түркізмдер» атты негізгі тарауының (1971) бір бөлімін кеміргіштер мен жәндіктердің орысша атауларындағы түркізмдерге арнады, онда *тарақан, шегіртке, тыртыр, алақурт* атауларының этимологиясын береді [16]. 1980 жылы жазылған дәл осындай мақаласында ғалым жәндіктердің жоғарыда аталған атауларына *атбасарка, некелек* сөздерін қосады.

Жәндіктердің атауларын зерттеу бойынша құнды зерттеулер дағыстан тілінде де зерттелген. К.А. Новикованың (1969, 1971) бір-бірін толықтыратын мақалалары тұңғыс-маньчжурлық жануарлар атауларындағы шет тілдік элементтерді зерттеуге арналған. Дағыстан тілдерінде жануарлар дүниесінің (оның ішінде жәндіктердің) атауларын зерттеуге көп көңіл бөлінеді (З.Г. Муркелинская, 1988; П.А. Саидова, 1988). «Дағыстан тілдерінің салыстырмалы тарихи лексикасы» (1971) атты монографиясында жәндіктердің кейбір жалпы атауларын салыстырмалы тарихи аспектіде қарастырады [10, 8].

Ғалымдар зерттеулеріне сүйенсек, қазіргі түркологияда жәндіктердің атауларын зерттеу үшін анықталған және жинақталған материал жеткіліксіз екенін көреміз. Шындығына келсек, бұл тақырыптық лексика жекелеген мақалаларда, жеке жұмыстарда көрініс тапты, энтмологиялық лексиканың белгілі бір қабаттары монографиялық зерттеулердің жеке бөлімдеріне қарастырылды. К.Ибрагимов (1975) түркі тілдерінің энтмологиялық лексикасына түбегейлі салыстырмалы талдау жүргізді, ол қазіргі түркі тілдерінің лексикасындағы ежелгі түркі атауларын зерттеуіне негіз етіп алды. Жәндіктердің көптеген түркі атауларын Д.С.Сетаров (1992) талдады, ол славян және түркі тілдеріндегі жануарлардың атауларын типологиялық зерттеуге нысан етіп алды.

Энтмологиялық лексиканы зерттеу мәселелеріне көп көңіл бөлінген түркі тілдерінің бірі – башқұрт тілі (Н.Х.Ишбулатов, 1970; А.Л. Фатыхов, 1983; Л. М. Зайнуллина, 1987; Э.Ф.Ишбердин, 1990; З.А. Хабибуллинна, 2004; Т.Р. Тузбекова, 2005). Энтмологиялық лексиканың бірқатар терминдері белгілі бір дәрежеде құмық (К.С. Қадыраджиева, 1981, 1984, 1988) және қазақ тілдерінде (О. Токқожаева, 1991) зерттелген. Г.Е. Корниловтың (1973, 1985), С.А. Старостиннің (1991), В. А. Терентьевтің (1990) және т.б. шығармаларында жәндіктердің түркі атауларын зерттеуде кейбір бақылаулар бар. Энтмологиялық лексиканы зерттеуге «Түркі тілдерінің салыстырмалы тарихи фамматикасы. Лексика» (1997) еңбегінің авторлары үлкен үлес қосты. Бұл еңбекте жәндіктердің жалпы атауларының едәуір санына салыстырмалы тарихи талдау жасалады.

Татар тілінің энтмологиялық лексикасының дамуы ежелгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі дереккөздерде өзінің нақты көрінісін тапқан бай тарихи дәстүрлерге ие. Бірақ татар тіл білімінде жәндіктердің атаулары жеке монография деңгейінде зерттелмеген. Негізінен, авторлар жәндіктердің атауларын жай ғана тізімдеумен шектелетін мақалалар мен жұмыстар бар, олар фонетика, сөзжасам, белгілі бір лексемалардың этимологиясын зерттеу барысында және татар тілінің жеке диалектілері мен терминологиясын зерттеу кезінде ғана талдауға ұшырайды. Инсектонимдерді зерттеуде Р.Г.Ахметьяновтың жұмысы назар аударуға тұрарлық (1969, 1978, 1989, 1994), жәндіктердің кейбір танымал атаулары этимологиялық талдауға ұшыраған. Энтмологиялық лексикаға З.Р. Садықованың (1994) жұмысында жеткілікті көңіл бөлінеді, мұнда автор негізінен татар тілінің диалектілеріндегі инсектонимдерді зерттеуге баса назар аударады, олардың білімі мен шығу тегіне тоқталып, оларды басқа түркі тілдерінің атауларымен салыстырады. Г.Д.Зиязетдинованың (2003) ара шаруашылығы лексикасын, сондай-ақ Ч.И.Фирғалиеваның (2007) мәдени өсімдіктер зиянкестерінің атауларының лексикалық-семантикалық сипаттамаларын жан-жақты зерттеуге арналған жұмысын татар тілінің энтмологиялық лексикасындағы ғылыми әдебиеттердің шағын бөлігі ретінде қарастыруға болады. Жәндіктердің жеке диалектілік атаулары Д.Г.Тумашеваның (1961, 1992), Л. Т. Махмутованың (1979), Д.Б.Рамазанованың (1982), А.Р.Рахимованың (2001) зерттеулерінде қарастырылады.

Бұл қабаттың тілдік материалын зерттеудің құнды көзі – бізді қызықтыратын энтмологиялық лексиканың қалыптасуы мен дамуын бақылауға мүмкіндік беретін сөздіктер

болып табылады. Белгілі бір мәліметтер әртүрлі жазбаша ескерткіштерді, саяхатшылардың жазбаларын, сондай-ақ ғалымдардың, географтардың және миссионерлердің жазбаларын береді.

Татарстан Республикасында жәндіктерді арнайы ғылыми зерттеудің басталуы ХІХ ғасырдың ортасына дейін болса да, татар тілінің энтомологиялық лексикасын жинақтау әлдеқайда ертерек басталды. Мысал ретінде Махмұд Қашғаридің (ХІ ғ.) «Лұғат-ат түрік диуанында», «Түркі-араб сөздігінде» (ХІІІ ғ.) және т.б. жазылған сөздер қазіргі татар тілінде белсенді қолданылады. Алғашқы баспа аударма сөздіктері пайда бола бастайды (И. Гиганов, 1804; А.Троянский, 1860; Н.Остроумов, 1876, 1892; К.Насыри, 1878, 1892; А.Воскресенский, 1894), құрамында аз мөлшерде инсектонимдер бар, олар негізінен жалпы түркі сөздері. Қызықты және мазмұнды «Татар тілінің диалектологиялық сөздіктері» (1969, 1993), онда атаулар тірі тілдің мысалдарымен немесе фольклорлық материалдармен бірге жүреді. ХХ ғасырдың баспа, аударма, түсіндірме және тақырыптық сөздіктері энтомологиялық лексиканың дамуын зерттеу үшін өте маңызды, өйткені олар салыстырмалы түрде толық және бай лексикалық материалмен ерекшеленеді. Олардың ішінде жәндіктер мен басқа омыртқасыздарға арналған «Табиғат әліпбиі» сериясынан «Орыс-татар, татар-орыс биологиялық терминдер сөздігі» (1997) ерекше орын алады. Ол бұрын жарияланған сөздіктерде кездеспейтін көптеген түсініксіз жәндіктердің атауларын қамтиды. Татар тілінің энтомологиялық лексикасы лексикографиялық тұрғыдан өте кең қамтылды, дегенмен татар тіліндегі кейбір инсектонимдердің берілуі мінсіз емес, әсіресе орыс тіліндегі жәндіктердің күрделі атауларының жазылуында да айырмашылықтар бар.

Энтомологиялық лексиканы зерттеуде ғылыми және публицистикалық әдебиеттер маңызды рөл атқарады. Инсектонимдерді зерттеудің ерекше құнды көзі – А. Б. Халидов пен Г. Хасановтың қызықты және танымдық әңгімелері. А.Б. Халидовтың (1980, 1988) еңбектері танымал татар атауларынан басқа, қазіргі заманғы татар-орыс және орыс-татар терминологиялық сөздіктерінде жазылмаған атауларды ұсынатындығымен құнды. Мысалы, *периплус*, *дүрбелең*, *макронема*, *прествичия*, *церафрактус*, *хиония* және т. б. Сонымен қатар, А.Б.Халидовтың еңбектерінде жәндіктердің әр түрлі орыс және ғылыми латын атауларын көрсетеді. Г.Хасановтың (1981) жұмысы да жәндіктердің атауларына толы. Автор 60-қа жуық түрді сипаттайды, олардың кейбіреулері бұрын жарияланған сөздіктерде айтылмаған, мысалы, *тешлак* «масаның түрі», *гаюблеашар* «жер қоңызының түрі», *соли гаюблес* «сұлы тли», *урмалавек* «жер қоңызының түрі», *саса урмалавек* «жер қоңызының түрі» және т. б.

Жәндіктермен байланысты үлкен материалды дәстүрлі халықтық мәдениеттің барлық негізгі жанларында - энтомологиялық лексиканы зерттеуде маңызды орын алатын ауызша мәтіндерде (мақал-мәтелдерде, мақал-мәтелдерде, фразеологиялық бірліктерде, қастандықтарда, жұмбақтарда, әндерде), ойындарда, тыйымдарда және т.б. табуға болады. Лексиканың осы қабатын жан-жақты зерттеу қажет, өйткені тарихи-генетикалық қабаттар зерттелмеген, номинацияның негізгі принциптері мен әдістері белгіленбеген және инсектонимдердің пайда болуының құрылымдық түрлері мен модельдері анықталмаған.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

6. Ақпанбек Ғ. Қарақұрт жеген қой семіз немесе мүшел есептерінің астрономиялық астары // «Зерде» журналы, 2004. – №1(6). – 14-15-бб.
7. Наурызбаева З. Воинский инициатический ритуал кочевников «Жылан-кайыс» // «Рух-Мирас» журналы, 2004. – №3(3). – 17-19-бб.
8. Әмірғазиев Қ. Биологиялық жұмбақтар. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1972. – 89 б.
9. Токхожаева О. Лексика фауны в казахском языке. Афтореферат дисс. ... канд.филол.наук. – Алма-Ата, 1991. – 20 с.
10. Николаев Г.В., Орманова Г.Ж. Құрлық буынақтылары. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 168 б.
11. Тілменбаев Ә.Т., Энтомология. – Алматы: Қайнар, 1994. – 336 б.
12. Тулешков К. Насекомдар тіршілігі. – Алматы: Қайнар, 1982. – 124 б.

13. Торыбаев Х.Қ. Ауылшаруашылық зиянкес насекомдар атаулары. – Алматы: Қазақ ұлттық аграрлық университеті, 2010. – 247 б.
14. Аккожина Б.К. Жәндік атауларының лингвомәдениеттанымдық мәні // ҚазХҚЖӘТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – №1(40), 2016. – 11-25-бб.
15. Мухтарова Г.М. Этимологическая лексика в татарском языке. Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Казань, 2009. – 27 с.
16. Максимов В.И. Лексика Псковской I летописи. Автореферат дис. на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Ленингр. гос. пед. ин-т им. А. И. Герцена. – Ленинград, 1958. – 19 с.
17. Тихонова Р.И. Словообразовательный и структурный анализ имен существительных - названий животных в современном русском языке. Автореферат дис. на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Куйбышевский гос. пед. ин-т им. В. В. Куйбышева. – Куйбышев, 1970. – 22 с.
18. Хачатурова Л.А. Принципы и проблемы комплексного анализа класса слов: (Семасиол., ономасиол., derivaц. и лексикограф, аспекты описания зоонимов в рус. яз.). Диссертация ... доктора филологических наук. – Самарканд, 1992. – 339 с.
19. Кривошапова Ю.А. Русская этимологическая лексика в этнолингвистическом освещении. Диссертация ... кандидата филологических наук. – Екатеринбург, 2007. – 252 с.
20. Татаринев А.Г., Кулакова О.И. Русская номенклатура насекомых европейского северо-востока России: дневные чешуекрылые, стрекозы, прямокрылые. – Сыктывкар: ИБ Коми НЦ УрО РАН, 2019. – 136 с.
21. Сетаров Д.С. Тюркизмы в русских названиях животного мира. Автореферат степени канд филологических наук. Каз. гос. ун-т им. С. М. Кирова. – Алма-Ата, 1971. – 27 с.

**ӘОЖ 81'426**

## **САН ЕСІМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ**

**Рамазанова Гүлден Саматовна**

БҚИТУ, Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның 2 курс магистранты, Орал қаласы

**Аннотация.** В статье рассказывается об изучении числительных. Понятие чисел зародилось в очень ранние времена. В значениях числительных заложено много информации, связанная с народными убеждениями, национальной самобытностью, бытовой жизнью. Поэтому количественная лексика изучается учеными под разными углами.

**Ключевые слова.** числительные, числовая лексическая единица

Сандардың құпия қасиеттері жайында алғаш пікір айтқан ғалымдар Платон, Аристотель болды. Кейіннен неміс дәрігері, философ Генрих Корнелий Агриппа Неттесгеймский, Н.Л.Гильбрант, австралиялық нумеролог Дэвида Филлипс, А.Ф.Александров, т.б зерттеулерінде сан атауларының тек сандық қасиеті ғана емес, басқа да мағыналарды білдіретіні туралы еңбектерін жазған.

Сандар ұғымы өте ерте заманда туған. Бұл ұғым ғасырлар бойы кеңейтіліп әрі жалпылана түскен. Сандар адам баласының ертедегі өмірінде уақыт өлшемі жағынан ерекше қызмет атқарған. Мысалы, о баста бес күндік апта, бертін келе 7 күндік апта болған.

«Әлемнің әміршісі – сандар» деп тұжырымдаған Пифагор: «Әрбір нәрсенің артында белгілі бір сан тұрады деп ойлады. Сандар өздерімен бірге қайырымдылық пен зұлымдылық, бақыт пен бақытсыздық ала келеді деп сенді. Бізге тек бұл сандардың не әкелетінін білу керек деп ойлады». Пифагоршылар барлық сандардан 1 санын, бірлікті жоғары қойды. Себебі бүкіл әлем 1 санынан басталады. Бірлік – бүкіл әлемнің бастауы. Екілік өзімен бірге махаббат ала келеді, сонымен бірге тұрақсыздық әкеледі. Үштік қарапайым емес сан, себебі ол жоғарыдағы екі санның қосындысынан шықты. Ал, алты саны таңғажайып сан болып есептеледі. Себебі ол

бұған дейінгі сандардың қосындысы мен көбейтіндісінен тұрады. Алтылық 1, 2, 3 сандарына бөлінеді. Жеті саны киелі де, қасиетті де сан болып есептеледі.

Сондықтан да сөздік қордың көне қоймаларынан орын алатын есім сөздердің бір тобы – сан есімдер.

Түркі тектес халықтардың сан атаулары туралы В.А. Гордлевский, Н. Поппе, И.Зенга, Ф.Розенберг, Г. Рамстед, В. Бартольдт, В. Радлов сияқты ғалымдар тарихи-салыстырмалы зерттеулер жасаса, қазақ тіл білімінде сан атаулары І. Кеңесбаевтың, Ә. Хасеновтің, Т.Жанұзақовтың, Е. Қойшыбаевтың, Ж. Байзақовтың, Н. Уәлиұлының, А. Елешеваның, Қ.Ғабитханұлының, Қ. Дүсіпбаеваның зерттеулерінде түрлі қырынан қарастырылған.

Сан есімдер түркі тілдерінің туыстығын айқындай түсетін тілдік құбылыстың бірі болып саналатынын М.Қашқари, М.Томанов, Н.Гаджиева, Б. Серебренников, Ф.Исхаков еңбектерінен көруге болады. Өйткені түркі тілдеріне ортақ, сан атауларын білдіретін 20 сөз бар. Олар: бірден онға дейінгі бірліктер атауы; оннан жүзге дейінгі ондық атауы және жүз бен мың сан атаулары.

Сан есімге тікелей болмаса да, қатысы бар екі еңбекті атауға болады. Бірі – Н.Сауранбаевтың «Қазақ тіліндегі көсемшелердің семантикасы мен функциялары» [1], екіншісі – А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тіліндегі үстеулер» деген еңбектері [2]. Бұл екі еңбекте көсемшелер деп аталып келген үстеулер жөніндегі пікірлері бірін-бірі толықтыратыны байқалады. Н.Сауранбаевтың өз сөзімен айтқанда: «Сан есім және басқа да есім сөздер көсемше тұлғалы етістік болған жағдайда ғана үстеудің функциясын атқара алады» [1].

Ал А.Ысқақов аталған еңбегінде бір сан есімінен жасалған *бірге, бірден, бірақ, бірер, бірте-бірте, біртін-біртін, бір-бірлеп, біртіндеп-біртіндеп, бір-бірден; сол сияқты екі-екіден, жүздеп, мыңдап, екеулеп, үшеулеп, екеуара, үшеуара* т.б. тұлғаларының бәрін де үстеу қатарына жатқызады.

Енді 50 жылдардан бері қарай зерттелген еңбектерге келетін болсақ, С.Кеңесбаев пен К.Ахановтың «Қазақ тілі грамматикасында» сан есімге анықтама берілген және мағынасына қарай есептік, реттік, жинақтық, бөлшектік, топтық, болжалдық деп алты топқа бөлінген. Олардың қандай сұраққа жауап беретіні айтылады. Оқулықта қазақ тіліндегі болжалды деп аталатын сандардың жасалу жолдары толық қарастырылады [3].

А.Ысқақов пен К.Ахановтың «Қазақ тілі грамматикасында» алдыңғы оқулыққа түзетулер енгізіледі. Атап айтқанда, алдыңғы С.Кеңесбаев пен К.Ахановтың оқулығында топтық сан есімдер екі түрлі жолмен: есептік сан есімге шығыс септікті жалғау арқылы екі-екіден түрінде және шығыс септік жалғауын дара есептік сан есімге жалғап та бірден, оннан түрінде жасалатыны айтылса, соңғы, А.Ысқақов пен К.Ахановтың оқулығында – топтық санға бірінші жолмен жасалатын сандар ғана жатқызылады (екі-үштен, бес-бестен). Сонымен қатар соңғы еңбекте сан есімнің сөйлемде қай мүшенің қызметін атқаратынына көңіл бөлінеді.

Ал, Х.Әбішев «Халық астрономиясы» атты еңбегінде сандардың Аспан күмбезіне [4], Жер мен Айдың қозғалысына, Күн жүйесіне қатысты уақытты өлшеудің жолдары, Жұлдыздар дүниесі жайлы туралы сөз етсе, ғалымның «Аспан сыры» атты еңбегінде үш, жеті, тоғыз, он екі, қырық сияқты сандардың жұлдызнамалық қызметі ел аузындағы аңыз-әңгімелер негізінде сарапталды [5].

М.Балақаев «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығында сан есімге: «Сан есім – мағыналық, грамматикалық ерекшелігі бар, негізгі сөз табының бірі. Заттың санын, ретін, есебін білдіретін сөз табын сан есім дейміз», - дейді [6]. Бұл оқулықта сан есімдер морфологиялық құрылысына қарай дара, күрделі, қосарлы болып үш түрге бөлінеді. Сан есімдерге басқа сөз таптарына тән мынадай жұрнақтар жалғанатыны айтылған: сан есімдерді үстеуге айналдырып, үлестік мағына білдіретін *-лап, -леп, -тап, -теп* жұрнағы; сан есімді есімшеге айналдырып, үдетпелі сан мағынасында жұмсалатыны *-лаған, -леген* жұрнағы, сан есімді зат есімге айналдыратын *-лық, -лік* жұрнағы аталады.

Сан есімді арнайы зерттеп, оның жалпы түркологияда маңызды орын алатындығын көрсете білген ғалым Ә.Хасеновтың «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер» атты зерттеу жұмысы [7]. Бұл еңбекте сан есімдер жан-жақты зерттеліп, нақты мысалдармен дәлелденеді.



Сан есімдердің мағыналық ерекшеліктері де ғылыми тұрғыдан жүйелі түрде топтастырылады. Автор жалпы зерттеу барысында басқа түркі тілдерінің деректерімен салыстырмалы түрде қарап отырады. Сан есімдердің морфологиялық, синтаксистік қызметіне тоқталады. Ә.Хасеновтың осы ғылыми еңбегінің негізінде жазылған тағы екі ғылыми мақаласын айтқан да орынды. Олар: біріншісі – «Сан есімнің семантикалық ерекшеліктері», екіншісі – «Жиырма сөз». Екінші мақалада сан есімдердің математика ғылымы үшін де маңызының бар екенін айтып, оны балалардың ойлау деңгейіне орай мысалдар келтіріп, өздерінің журналы арқылы ой салады. «Түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінде де негізгі сан атауы көп емес, олар - жиырма-ақ сөз. Сандар шексіз болғанымен, осы атаулар арқылы, олардың тіркесуі арқылы беріліп, айтылады және түсіндіріледі», - деп өз ойын тұжырымдайды.

Сан есімге тікелей қатысты тағы бір ауқымды еңбектің бірі - профессор Н.О.Оралбаеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі» атты монографиясы [8]. Бұл еңбекте жалпы сөзжасам туралы айтылып, сан есімнің сөзжасам жүйесі бойынша толық мағлұмат беріледі. Сан есім сөзжасамының негізгі тәсілдері көрсетіліп, олардың алатын орны басқа сөз таптарының сөзжасамынан ерекшеліктері көрсетіледі. Күрделі сандардың жасалу үлгілері беріледі.

«Сан есімнің сөзжасам жүйесінде оның сөзжасамдық элементтерінің қолданылу заңдылықтары қалыптасады. Сан есімде сандық атаулар қалай болса солай жасала бермейді. Сандық атаулар сан есімнің сөзжасам элементтерінің белгілі тәсілдері бойынша тілде қалыптасқан үлгілер мен сөзжасамдық типтері арқылы жасалады. Бұл сан есімнің сөзжасам жүйесінің қалыптасқан өзіндік сөзжасамдық заңдылықтары, тәсілдері барын көрсетеді», - дейді проф. Н.Оралбаева [8, 20].

Зерттеу нәтижесі миллионға дейінгі күрделі сандардың тілімізде 58 үлгі арқылы жасалғанын көрсеткен және осы еңбекте үлгілердің түрлері түгел беріледі. Н.Оралбаева сан есімнің сөзжасам жүйесінің қалыптасуына байланысты жалпы түркі тілдерінің кейбір тарихи фактілерін де негізге алады. Осы уақытқа дейін талас тудырып келген алпыс, жетпіс дегендердегі -пыс, -піс компоненттері жөнінде бірнеше ғалымдардың пікірлерін айта келіп, автор сөзжасам жүйесінің заңдылығы бойынша бұл сыңар он ұғымын бергені дұрыс болуы керек деп қорытындылайды. Сондай-ақ үшон, төртон, бесон сияқты атауларға да тоқталып, бұлардың аналитикалық тәсіл арқылы жасалғанын дәлелдейді [8, 24].

Сан есімнің сөзжасам жүйесі бұған дейінгі еңбектерде көтерілмеген мәселе болғандықтан, аталған монографиялық еңбектің қазақ тіліндегі жалпы түркология саласындағы орны ерекше және кейінгі сан есімге қатысты ғылыми зерттеулерге негіз болды.

Қазақ тіліндегі сан есімдерге байланысты ғылыми еңбектердің бірі – Т.Сайрамбаевтың кандидаттық диссертациясы. Мұнда сан есімдер синтаксистік жағынан қарастырылады. Көбінесе, етістікті сөз тіркесінің құрамында келуі де сөз болады. Сөйлем мүшесі тұрғысынан атқаратын қызметі айтылған және көп, аз сөздері туралы біраз мәлімет беріледі [9].

Сан есімнің зерттелуіне орай қарастырылған тағы бір еңбек – Ж.Ахметованың «Қазақтың өлшем атаулары жөніндегі ұғымдар» атты кандидаттық диссертациясы [10]. Бұл еңбекте жалпы өлшем атаулары түркі тілдес халықтардағы фактілермен салыстырыла зерттеледі. Кеңістік пен ұзындық өлшемдерінің мағыналық қатары, қазақ тіліндегі уақытты, мезгілді анықтау тәсілдерінің түрлеріне мән беріледі. Аталған еңбекте өлшем атауларының құрамындағы кейбір сандардың ерекшеліктеріне жалпылай тоқталғаны болмаса, сан есімдердің нақты қолданыстағы ерекшеліктері туралы толық пікір айтылмайды.

Сан есімге тікелей қатысты еңбектің бірі – А.Елешеваның «Қазақ тіліндегі сан есімді фразеологиялық бірліктер» атты еңбегі [11]. Бұл еңбекте сан есімді фразеологизмдердің грамматикалық құрылымы қарастырылып, синтаксистік үлгілері (модельдері) көрсетіледі. Сондай-ақ құрамында сан есім сөздер бар фразеологизмдерге семантикалық жағынан сипаттама беріп, талдау жасалады.

Көне танымдық – ұғым бойынша сандар – тіршіліктің алдын ала болжайтын хабаршысы. Көне жазбаларда әріптерді құрастыру арқылы оларға иелік етуші сандардың жұмбағына үңіліп, келешекті болжап отыру секілді деректер ұшырайды. Осылайша санмен сәуегейлік

жасаудың бірі – қырық бір құмалақтың тарихы біздің заманымызға дейінгі ғасырлардан басталатындығын ескерсек, сандарды сөйлете білу, белгілі бір сандарға Киелілік, Қасиеттілік ұғым қалыптастыру ежелден орнағандығын аңғарамыз. Соңғы жылдары сандардың магиялық билігі жайлы жиі жазыла бастады. Бұл еңбектерде сан туралы, оның жасырын, құпия сыры, адамдар арасындағы байланыс, сандық ұғыммен түсіндіру құпиялары, сандардың киелілік сипатқа ие болуы, сандардың тарихи дамуы жайлы пікірлер қамтылады. Осы арада әдебиет дүниесіне енген кейбір сандардың этимологиясы мен қызметі жайлы қалам тартып, оған ғылыми тұрғыдан баға берген Р.Сыздықованың батырлық жырларда жиі ұшырайтын «сан» ұғымы туралы, Е.Жанпейісовтың тұрмыста жиі ұшырайтын «тоғыз» туралы, Н.Уәлиевтің үш, төрт, бес, тоғыз, он екі сияқты сандардың әдебиет әлеміндегі қызметі жайлы пікірлерінің ұлттық құндылықтарды таразылау мәселесіндегі маңызы зор.

Сонымен қатар Қ.Тәжиевтің «Киелі сандардың генезисі және эпикалық жырлар мен жыраулар поэзиясындағы әсер ықпалы» атты кандидаттық диссертациясында атап өтуге болады. Бұл зерттеуде эпикалық жырлар мен ақын-жыраулар поэзиясындағы киелі және дәстүрлі сандардың жалпы және даралық ерекшеліктері анықталды, олардың орны мен қызметі айқындалды.

Г.Шаһарман «Қазақ тіліндегі сан есім сөздерден жасалған туындылардың мағыналық ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациясында, сан есім сөздерден жасалған туынды тілдік бірліктердің мағыналық ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жасайды [12].

Қ.С.Дүсіпбаеваның «Қазақ ескіліктерінің сандар жүйесіндегі тілдік көріністері» атты кандидаттық диссертациясында сандардың тақырыптық топтарын, әдет-ғұрыпқа байланысты санның қатысуымен сөз тіркестері, сандар жүйесіндегі ұлағатты ұлттық ұғымдар, санның қатысуымен жасалған жалқы есімдер сөз болады [13].

Сонымен тіл білімінің маңызды зерттеу нысанына айналған сан атаулары ұлттың, халықтың мәдени құндылығын тіл арқылы танытуға негіз болатын басты факторға айналды. Санның бойында сақталған көне мәдени құндылықтар, наным-сенімдер, ырым-тыйымдар, символдық мағына тілдегі паремиологиялық қор арқылы, заттық және рухани мәдени лексика мәні арқылы, тілдік жүйеде сақталған концептуалдық аялық білім арқылы, лингвомәдени бірліктер тасасында жасырынған семалар арқылы айқындалып келеді. Осы тұрғыдан алғанда сан атау ретінде емес, ұғым ретінде қарастырылады да, сан ұғымының мәдени-семантикалық мағыналары, концептілік құрылым жасау әлеуеті зерттеледі. Ал сан мағынасын білдіретін метрикалық (өлшем) лексика, квантитативтік (сан-мөлшер) лексика, нумеративті (сандардың символдық, магиялық сәйкестігі) лексика ретінде сан атауларының лексика-семантикалық мәнін айқындауға негіз болады. Сондықтан сандық лексикалық бірліктердің лексика-семантикалық мағынасы да, ең бастысы мәдени және концептілік құрылымы кеңінен қарастырылады. Демек, тіл білімінің зерттеу нысанына айналған сан атаулары – жалпы генотипті, концептуалды ұғым.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

22. Сауранбаев Н. Семантика и функции деепричастия в казахском языке. – Алматы, 1950. – 142 с.
23. Искаков А. Наречие в современном казахском языке. – Алматы, 1950.
24. Кеңесбаев С., Аханов К. Қазақ тілі грамматикасы, I-бөлім, Фонетика мен морфология. – Алматы, 1951. – 246 б.
25. Әбішұлы Х. Халық астрономиясы. – Алматы, 1959. – 320 б.
26. Әбішұлы Х. Аспан сыры. – Алматы, 1966. – 260 б.
27. Балақаев М. Қазақ тілінің грамматикасы, 2-бөлім. – Алматы, 1949.
28. Хасенов Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер. Фил.ғыл.канд.дис. ... авторефераты. – Алматы, 1954. – 212 б.
29. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. Алматы: Ғылым, 1988. – 140 б.

30. Сайрамбаев Т. Сан есім, сан есімнің етістікпен тіркесі. Фил.ғыл.канд. ... дис.автореф. – Алматы, 1966. – 218 б.
31. Ахметова Ж. Казахские народные наименования понятий об измерениях: Автореф. ... к.фил.н. – Алматы, 1975. – 21 с.
32. Елешова А. Фразеологические единицы с компонентами числительными в казахском языке. Автореф. ... к.фил.н. – Алматы, 1989. – 125 с.
33. Шаһарман Г.П. Қазақ тіліндегі сан есім сөздерден жасалған туындылардың мағыналық ерекшеліктері. Фил.ғыл.канд. ... дис. автореф. – Алматы, 1998. – 25 б.
34. Дүсіпбаева Қ.С. Қазақ ескіліктерінің сандар жүйесіндегі тілдік көріністері. Фил.ғыл.канд. ... дис. – Алматы, 2002. – 130 б.

**ӘОЖ 81.572**

## **ЛИНГВОЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ**

**Базарбаева Балжан Абдрашитовна**

**Ғылыми жетекшісі: Сәдуақас Нұрбол Абдуллаұлы**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, ҚТӘ ББ 2-курс магистранты

***Аңдатпа.** Мақалада қазақ жазуындағы қиыншылықтар, қазақ жазуының тарихи даму кезеңдері сараланып, қазақ жазуының қай кезеңнен басталғанын, қазақ жазуы тарихында қандай жазу түрлері пайдаланылғаны сөз болады. Қазіргі қазақ жазуының әліпбиі мен орфографиясының фонологиялық негіздерін іздеген алғашқы грамматологиялық зерттеу Н.Уәлиұлының зерттеулеріне шолу көп жасалады. Қазақ жазуының қалыптасу, даму жолдарының көшбасында тілдің жаңа жүйесінің бағыт-бағдарын айқындайтын екі мектеп туралы айтылады. Тілдің ілгері басып өсуі үшін оның емлесі мен термин мәселесі дұрыс шешілмей болмайды. Сондықтан осы мәселені жіті қарастырған ғалым Қ.Жұбанов еңбегіне де тоқталып өттік.*

***Түйін сөздер:** лингвоэкология, қазақ тілі, тарих, жазба тіл, емле, жазу*

***Аннотация.** В статье будут проанализированы трудности казахского писания, этапы исторического развития казахской письменности, рассказано, с какого периода началась казахская письменность, какие виды письменности использовались в истории казахской письменности. Первым грамматологическим исследованием, искавшим фонологические основы алфавита и орфографии современного казахского письма, является обзор исследований Н.Уалиевича. На фоне путей становления, развития казахской письменности говорят о двух школах, определяющих направление новой системы языка. Чтобы язык развивался, проблема его правописания и термина не может быть решена должным образом. Поэтому мы остановились и на работе ученого К. Жубанова, который внимательно рассматривал этот вопрос.*

***Ключевые слова:** лингвоэкология, казахский язык, история, письменный язык, орфография, письмо*

Лингвоэкология тілдегі қате қолданыстарды, соның ішінде жазудағы кемшіліктерді қарастырады. Тілде экология болуының басты себептерінің бірі – әліпбиіміздің дұрыс болмауы, яғни әріптің көп болуы. Қазақ тілінде 9 дауысты, 19 дауыссыз, барлығы 28 дыбыс болуы керек. Жалпы дұрыс әліпбиде барлығы 28 әріп болуы керек, ал қазіргі қазақ әліпбиінде 42 әріп бар. Әліпбиімізде орыс тілінің әріптері көп, 42 әріптің тек 28-і ғана қазақ тіліне қатысты. Біздің латынға көшеміз деуіміздің де бір себебі осы, экологияның алдын алу, өзге тіл дыбыстарын әліпбиден шығару. Осындай мәселелер тілді экологиялық жағдайға жеткізді. Сондықтан сауатты жазу әрқашан да маңызды.

Жазу – адамзаттың ұлы мәдени құндылықтарының қатарына жататын, өркениет дамуының құрамдас бөлігі. Адамзат мәдениетінің өркениетке аяқ басуы дыбыстық жазу типінің пайда болуынан басталса, өркениеттің әлеміетке ұласуы жазба коммуникацияның, жазба тілдің

жоғары даму сатысына жеткенінен хабар береді. Жазу кеңістігі ұлғайғаны соншалық оны жазу және мәдениет, жазу - өркениет, жазу - қоғам, жазу мен ойлау, жазу мен тіл, жазу және коммуникация сияқты іргелі ұғымдар оппозициясында қарауға болады. Жазба мәдениеті дамыған ареалдардың жазу тарихында үш кезең болды: 1) әркім өз қалауынша жазған шығармашылық кезең; 2) жазба коммуникацияның ұлғаюымен байланысты жазу узусы болған кезең; 3) жазу нормасы, орфографиясы пайда болған кезең [1,7]. Сонда ХХ ғ. жазу нормаларын қалыптастыру, негіздеу дәуірі болса, ХХІ ғ. жазудың таңбалық, код болу сипаты күшейетін, әлеуметтік коммуникацияны өзгертіп, қайта құратын, ауызша тілді игеретін кезеңі болады.

Әр жазу кезеңінде оқу мен жазуда бәрі жақсы бола бермеген, тілдік экология сол тұстардан бастау алып келе жатыр. Мысалы, арабша жазғанда тілді араб сөзімен араластырып сөйлеу басталған, тіпті сол мәселені Абай да текке айтып кетпеген: «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол ақынның білімсіз бейшарасы». Латынмен жазғанымызда да барлық әріп таза латын болмай, мысалы, «ы» дыбысына орыстың жіңішкелік белгісін қолданып, әліпбиді дұрыс құрастырмағанымыз рас. Ал кириллица кезіндегі орыс сөздері қазақ тіліне тасқын судай ағылды. Тіл мәдениеті талаптары бұзылды.

«Қазіргі кезде латын әліпбиіне көшу мәселесіне қатысты ел арасындағы айтылып жатқан пікірлерді негізінен үш топқа біріктіріп қарауға болады: оның біріншісі, неше түрлі қиындықтар мен кедергілерді көлденең тартады, бұл «қиындықтарды» мемлекетіміз шеше алатынына сеніміміз мол, екінші біреулері, латын жазуының түрлі ақпарат кеңістігіндегі артықшылықтарын алға тартады, «латын жазуының артықшылықтарын» айтпай-ақ ел біліп, көріп отыр, ал үшінші бір топ, латын әріптерін қазақ әліпбиіне үйлестіру және кирилл әріптеріне иек артқан бұрынғы емле-ережелерімізге реформа жасауды ұсынып отыр» [10, 32].

Жалпы тіл білімінде жазуды зерттейтін грамматология, графемика (графема мен дыбыс, әріп қатынасы), графикалық лингвистика салалары айқындалғанмен, бұл бағыттағы зерттеулер тапшы болып отыр.

Ал қазақ тіл білімінде жазу нормативті сипатта орфография ережелері, анықтағыштар, емле сөздіктері, оларға берілген түсіндірмелер негізінде сөз болып келді. Жазу ұғымы орфография ұғымына парапарланып, жазудың нормалылығы, оның кодификациялануы туралы жиі айтылды. Мысалы, Г.Жеркешова, Ғ.Ермековтердің біріккен сөз тақырыбындағы еңбектері лексикология, семасиология тұрғысынан жазылды [2, 23].

Қазіргі қазақ жазуының әліпбиі мен орфографиясының фонологиялық негіздерін іздеген алғашқы грамматологиялық зерттеу Н.Уәлиұлының еңбегінен басталады [1, 18]. Н.Уәлиұлының бұл бастамасы бірге, бөлек жазылатын сөздердің орфограммасын кодификациялаудың негіздерін және араб жазулы қазақ жазбаларының графикалық-орфографиялық ерекшеліктерін анықтаған шәкірттерінің диссертациялық зерттеулерінде жалғасын тапты.

Ал қазақ жазуы теориясын оның даму кезеңдері мен тарихы негізінде тұжырымдау қажеттілігі алғаш Н.Уәлиұлының мақаласында сөз болды [3, 38]. Осыған байланысты қазақ жазуының көне түркі руникасынан бері қарайғы онтогенездік дамуын көрсету, жазу теориясына қатысты ұғымдарды саралау, жүйелеу қажеттілігі, қазақ жазба мәдениетінде қолданылған әліпби түрлерінің сипатын айқындау тақырыптың өзектілігін танытады.

Қазақ жазуының қалыптасу, даму жолдарының көшбасында тілдің жаңа жүйесінің бағдарын айқындайтын екі мектеп тұрды. Бірі А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Т.Шонанұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхамбетұлы ұстанымдары үйлескен сингармониялық жазу мектебі болса, екіншісі Қ.Жұбанов бастаған қазақ жазуы дамуының жаңа кезеңі өкілдерінің (С.Аманжолов, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев) қалыптандыру мектебі болды [4, 58].

Дүниеге келген әрбір жаңалық сол күйінде қатып қалмайтынын ескерсек, ертедегі сурет жазуы да сол пайда болған күйінде қалып қойған жоқ, ол өмірге икемделіп, өзгеріп өрістей түсті. Осы жазудың негізінде ұғымды білдіретін жазу, символикалық немесе идеографиялық жазудағы ой мен ұғымның жұмбағын шешу дәл бүгінгі таңда оңай болмағанымен, оның сол

кездегі қауымдық құрылыспен баяғы замандағы адамдардың өмір тіршілігінің дамуына лайық екенін көреміз.

Бұл жазу түрінің Қазақстан жерінде ұзақ сақталып, оның символдық көрініс нұсқалары келе-келе қазақтың рулық ен-таңбаларына да айналып, тіпті кейіннен меншікті көрсетерлік белгі болып кеткенін де байқай аламыз.

Алтай мен Тарбағатай жоталары, Сарыарқаның дарқан өңірі мен Алатау шатқалдарында қазірде бізге мәлім болған осындай жазу үлгілері бар. Түптеп келгенде түркі тайпалары арасында соншама кең тараған идеографиялық жазулар түркі тайпаларының «руникалық» тұңғыш әріптік жазуының шығуына да белгілі мөлшерде ықпал етіп, әсерін тигізді.

Жазу түрлерінің ғұмыры өркениетінің ғұмырымен өлшенеді. Тіл-тілдің барлығында бір буынды түбірлердің көптігі сөз жазудан дыбыс жазуға өту сатысын растайды. Ойжазу, суретжазу, буынжазу, сөзжазу, дыбысжазу терминдері пиктографиялық, семасиографиялық, силлабографиялық, фонемографиялық жазу түрлеріне сәйкес келеді [5, 49].

Біз қазақ халқының қолданған жазу типтерін семасиографиялық және фонемографиялық деп бөле отырып, зерттеуге фонемографиялық жазу түрлерін нысан етеміз. Өйткені, пиктографиялық жазу мен дыбыстық жазу жазудың екі басқа типіне жатады. Екіншіден, ғалымдар арасында сурет жазуды жазу түріне санамайтын көзқарастар басым, үшіншіден, пиктографиялық жазу өз алдына кең масштабтағы зерттеуге нысан бола алады. Және қазіргі қазақ жазуының бейнесін, болашақ “кескінін” тану үшін қазақ жазуы тарихындағы дыбыстық жазу түрлерінің сипатын, әліпбиі мен емлесін анықтау қажеттігі бар.

Қазақ халқының пайдаланған дыбыстық жазу түріне көне түркі жазуы, ұйғыр, араб жазуы және А.Байтұрсынұлының төте жазу (ТЖ) үлгісі, латын графикасына негізделген қазақ жазуы (ЛГнҚЖ), орыс графикасына негізделген қазақ жазуы (ОГнҚЖ) жатады.

Алғашқы әріп жазуының бір тармағы – руникалық көне түркі алфавиті болып табылады. Бұл алфавитпен жазылған ескерткіштер – көне түркі тайпаларының жоғары тіл мәдениеті мен білім өресінің көрсеткіші.

Талас, Енисей, Орхон жазуларының табылуы, оқылуы, этногенезі, түркі халықтарының тарихына, әдебиетіне, мәдениетіне қатысы, графикасы мен грамматикасы, лексикасы, қазіргі түркі тілдерімен сабақтастығы туралы еңбектер аз емес. Көне замандағы ауызша сөйлеу жүйесі беймәлім жазу таңбаларын қазіргі тіл дамуының тұтынушысы бола отырып, аршу, дүдәмал дыбыстық тілге кодтау, код таңбаларының мәнін көрсету, кодтың (әліпбидің) кілтін түзу қаншалықты қиын екенін ескерсек, көне түркі жазуына “барған” ғалымдардың еңбегі өлшеусіз екенін көреміз. Сондықтан көне түркі жазуы туралы қазақ тіл білімінде бірыңғай пікір қалыптастырған Ғ.Айдаров, А.Аманжолов, Ә.Қайдар, Ғ.Мұсабаев, Ә.Құрышжанов сынды ғалымдардың зерттеулерін жоғары бағалай келе, зерттеушілердің көне түркі жазуының әліпбиін құрастырып, ондағы әріп таңбаларының мәнін, берілу тәсілдерін, дыбыстық заңдылықтары туралы жазған еңбектерін пайдалана отырып, көне түркі жазуындағы дауысты дыбыстардың таңбалану жүйесі мен ішінара дауыссыз дыбыстардың емлесі туралы сөз қозғағымыз келеді [5, 112].

Араб жазуының түркі тілдерінде қолданылуы, негізінен, IX-XI ғасырлардан басталады. Мұндай түркі тілдес ескерткіштердің қазірде мәлім болған тұңғыш нұсқасының бірі – «Құдатғу біліг» (1069 жыл) дастаны. Бұл дастанның араб әрпімен жазылған Наманган және Каир қолжазба нұсқалары шамамен XII-XIII ғасырларда көшірілген. Сонымен қатар XI ғасырдың мұрасы «Диуани луғат ат-түрік» еңбегі де, XII-XIV ғасырларға жататын «Ақиқат сыйы», «Әулие-әмбиелер қиссасы т.б. еңбектер де араб әліппесімен жазылған.

Араб графикасындағы <e> фонемасының ашық-қысандығы айырылмағандықтан екі әріппен де берілді. Сонда <a>, <ə>, <e> фонемалары бір графемаға ұйымдасқанмен төрт түрлі позициялық әріп-вариантта қолданылды. Оларды графема-әріп қатынасында көрсетсек, мысалы, фонема: 1 графема; 1 графема: 4 әріп болады [20, 88 б.]. Г.Мамырбекованың зерттеуі бойынша, дауыстылардың өзіндік таңбаланатын жүйесі болған. Сөз басында <e> фонемасы міндетті түрде иа-мен берілген, ал сөз ортасы мен аяғында <a>, <0>-лермен бірге һа арқылы таңбаланған. Біздің ойымызша, мұндағы сөз басындағы <e>-нің дифтонг реңкі жазуда

ескерілген. Ал сөз ортасы мен аяғында ашық езуліктердің позициялық реңкі нейтрализацияланып берілген дейміз. Дауысты дыбыстардың бір инвариант таңбасының (харакат) қойылмай кету ерекшелігі жазудың кодтық қасиетін білдірді.

Араб жазуының емлесіндегі бір ерекшелік ерін үндестігінің басым берілуі, тіпті қосымшаларда да таңбалануы болды. Мысалы, болұс, мүйүз, тұрғұн, ұзұнлқ, үстүнен [6, 466.]. Яғни, ерін үндесімі позициялық өзгерісті бейнелеген фонетикалық принциптен де шықты, сонымен бірге оғыз-қарлұқ архаикалық элементінің де дәстүрін сақтады, мысалы: оқұт, бірақ барұб, келұб.

Проф. Р.Сыздық К. Жалайырдың еңбегінде лабиалды үндесім тұрақты таңбаланбайтынын, ал қосымшалардың еріндік варианты мүлде кездеспейтінін айтады.

Бұл тенденцияны орта түркі шағатай тілінің орфографиялық нормасынан қазақ тілінің өз емле нормасы бөлініп шыға бастағаны деп түсіндіруге болады [7, 23].

Қосымшалардың түбірге үйлесімсіз бірыңғай вариантпен жазылуын Г.Мамырбекова инвариант-вариант принципі бойынша ұяң нұсқасы инвариант болып табылған да, ауызша тілде үйлесім варианттарымен дыбысталғаны деп көрсетеді.

Жалпы, мұнда қосымшалардың мазмұн межесі (мысалы, көптік жалғауының қазақ ауызша тілінде 9 варианты бар) бір тұрпат межесіне сай келген қосымшаның таңбалық сипатын көруге болады: <лар, лер, дар, дер> / <лар>.

Сөз болып отырған жазу емлесі морфологиялық ұстанымға негізделді. Дегенмен, ерін үндестігінің позициялық түрленімінің таңбалануы, орнына, халқыңыз, көңлүме сияқты сөздерде қысаң езуліктердің айтылуы бойынша түсіріліп жазылуы, интервокал позициядағы <қ> фонемасының <х> әрпімен (йахшы, йарылханыб, ахыры, ахшар) берілуі, /к/, /ғ/ әріптерінің жуан дауыстылармен іргелес жазылуы араб жазу дәстүрінен қазақ тілінің өзіне тән жазу жүйесі түзіліп келе жатқанынан хабар берді.

Араб графикасының қазақ тілінің дыбыстық жүйесін берудегі қолайсыздығы, омографтардың көбейіп кетуінен мәтін мағынасын түсіну қиындығы жазудың демократиялануына кедергі келтірді. Бірақ генетикалық жағынан туыс емес тілдің жазу жүйесін жазу дәстүріне енгізу қиындығынан ол дәстүрден бас тарту қиындығы басым болды. Сондықтан А.Байтұрсынұлы қазақ халқы үшін жазуды жөндеудің бір ғана жолын көрді, ол графиканы өзгертпей, әліпбиді жетілдіру жағы болғаны белгілі. Бұл қазақ жұртының өзге елдің саясатына мойынсынбай, өз тілінің төл жазуын ойлап тапқанмен бірдей болды. А.Байтұрсынұлы әліпбиінің түзіліп, ұсынылғанынан бастап, қолданыста қолдау тапқанына дейін үлкен күш, табанды бәсекелестік қажет болды. әліпбидің ішкі құрылымы бәсекелестікке төтеп бере алатындай жағдайда болса да, біріншіден, жалпы араб графикасынан бас тартуды ұсынғандар қатары көп болды, екіншіден, “сол кезеңдегі Ресей үкіметі саясатының есебінен орыс жазуына көшу бағыты шығып қалып еді. 1876 жылы қазақ жазуын орыс графикасына көшіру туралы мәселе үкіметтің ресми саясаты дәрежесінде мықтап қолға алынады” [8, 25].

Орыс графикасына негізделген ең алғашқы қазақ әліпбиі жобасын Н.И.Ильминский жасады. Н.И. Ильминский әліпбиіндегі қазақ тілінің өзіне тән дыбыс дауыстылардың таңбалары мынадай болды: ә – <э>, ө – <ө>, у – <ү>, і – і, – ы – <ы>, н – <ң>, к – <қ>, г – <ғ>. Сөйтіп, зерттеуші он шақты қосымша белгі алғанымен, орыс әліпбиіндегі е, в, и, ф, ц, х, ч, щ, ь, ь, э, ю, я таңбаларын (қазақ тілі дыбыстық құрамына тән емес дыбыс таңбаларын) қолданбады.

Өз бастауын ІХ-ХІ ғасырлардан-ақ алып келе жатқан араб графикасы кейінгі ғасырларда қазақ тіліне қанша икемделгенмен, кемшіліктен арыла алмады. Тіліміздегі дауысты дыбыстарды таңбалауда араб алфавитінің олақтығынан қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық беру мүмкін болмады. Дауысты дыбыстардың сөз мағынасын ажыратуда айырықша маңызды қызмет атқаратынын айтып жатудың да қажеті шамалы. Ал араб әліппесіндегі небәрі үш қана дауысты дыбыс қазақ тілінің вокалдық ерекшеліктерін бере алмады.

Мұндай кемшіліктер сол кезеңдегі баспасөз беттерінде жарияланып, араб әліппесінен басқа бір алфавит ойлап табуды мәселе етіп көтерді.

Бұл мәселені шешуге қазақ халқының ағартушысы, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, қазақ халқының «рухани көсемі» А. Байтұрсынұлының қосқан үлесі айырықша. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен оны таңбалайтын әріптер туралы пікірлерін ғалым 1912 жылдан бастап «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттерінде білдіре бастайды. «Айқаптың» 1912 жылғы 9-10 нөмірлерінде «Шаһзаман мырзаға» атты көлемді мақала жазып, онда қазақ дыбыстарын білдірмейтін араб таңбаларын қазақ алфавитіне енгізбеу керектігін, сөздің тұтас жіңішкелігін білдіру үшін оның алдына дәйікші дейтін таңба қою қажеттілігін дәлелдейді. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 34-інші және әрі қарайғы сандарында «Жазу мәселесі» деген үлкен мақала жарияланып, онда кейбір дауысты дыбыстарды таңбалау жайындағы өзінің пікірлерін айтады.

А.Байтұрсынұлының әліпбиін 1913ж. Стамбулда өткен кеңесте түрік, араб, иран жазуы үлгі етуге уағдаласып, қазақ жазуы ресми түрде 1924ж. бекіткенімен, әліпбиге берілген жоғары бағаға қарамастан түркі халықтарынан эзербайжан жазуы 1922ж. көшкеннен бастап басқа түркі жазулары да әр-сәрі күйде қалды. Сөйтіп, 1926 жылы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Бакуде өткен түркітанушылардың съезінен кейін 6 наурызда қазақ жазуын латын графикасына көшіруді қолға алу тапсырылады.

А.Байтұрсынұлының әліпбиі ресми түрде тек 1924 жылы қабылданғанымен, бұл графиканы 1913 ж. Стамбулда өткен кеңесте түрік, араб, иран жазуының бәрі үлгі етуге пәтуаласқанмен, Қ.Жұбанов: бас тартып латын алфавитін қабылдауымызға ұйтқы болған Қазақстан емес, Бүкілодақтық орталық жаңа Алфавит комитеті Ғылыми кеңесінің қысымы... Бұл жүйе қазақ тілінің ерекшелігіне әбден лайықты (тегінде жалғыз қазаққа ғана тән деп қарауға болмайды), қазіргі алған жаңа әліпбиімізге де өте қолайлы, өйткені араб жазуын таңбалау табиғатына мұның еш қатысы жоқ және дәл сондай-ақ алфавит біткенге бірдей үйлесімді” дегенмен, бәрінен бұрын профессор Е.Д.Поливановтың Байтұрсын әліпбиіне берген: “Эту последнюю форму, которую приняла казах-киргизская графика в 1924 году, я во всяком случае считаю уже не нуждающейся в исправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, котором с полным правом могут гордиться киргизские деятели просвещения — создатели реформы, как крупным культурным завоеванием” деген бағасына қарамастан, 1926 жылы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Бакуде өткен түркітанушылардың съезінен кейін 6 наурызда қазақ жазуын латын графикасына көшіруді қоса алу тапсырылады [9, 54 ].

Жалпы, латын жазуына көшу Орта Азия түркі халықтарында, әсіресе татар халқы мен қазақ даласында бірауыздан қолдау тапқан жоқ. Процесс өте баяу, жай өрбіді. Сондықтан 1928 жылы 18-23 желтоқсан аралығында Қазанда жаңа түркі әліпбиінің бүкілодақтық орталық комитетінің III пленумы шақырылады. Қазақстаннан Асфендияров, О.Жандосов, Нұрмақов, Т.Шонанұлы, Тоғжанов, Т.Рысқұлов сынды білімпаздар қатынасады. Пленумда көтерілген мәселелер негізінен латын әліпбиіне көшу баяулығы, эзербайжан жазуы қабылданған әліпби негізінде өзге түркі халықтарының әліпбиін бірдейлестіру, жазу тарихындағы сол дәуірді мұрағат ретінде сақтау, бас әріп мәселесі, емле принципі, фонетикалық пен морфологиялық принципті қатар ұстау деген мәселелер төңірегінде болды. Н.Ф.Яковлев унификацияның графикалық, фонетикалық, орфографиялық түрлері болады. Негізгі бірлестіру фонетикалық болып табылады, ол әр таңбаның ортақ дыбыстық мағынасы бар болу деген сөз деді. О.Жандосов Қазақстан латын жазуына көшуді кешеуілдетіп отырса да, бірлестіру жағынан Эзирбайжаннан алда тұр, бірлестіру негізіне бір жазуды алу деген дұрыс емес, өйткенде әр халық өз жазуының дұрыстығын дәлелдейді. Сөйтіп, 1929 жылы қазақ жазуының араб әліпбиінен латын графикасына түпкілікті көшкенін хабарлайтын “Жаңа алфавит туралы қаулы” шықты. Мұндағы әліпбиде 29 әріп болады. Әліпбиде қазақ тілінің өзіне тән 9 дауыстысы мен 20 дауыссыз фонемасына әріп арналды. <қ>, <ғ>, <к>, <г> дыбыстарының жеке таңбасы болды. ь <ы> таңбасы орыс алфавитінен алынды, ҟ <ғ>, Ҡ <ж>, Ң <н> таңбалары болды және одағайларда ғана қолданылатын шығыс кірме сөздерінде жазы-латын h <h> дыбысының әрпі бар. Алфавитте бұдан басқа кірме сөздерде кездесетін әріп қатары болған жоқ [1, 86].

Тілдің ілгері басып өсуі үшін оның емлесі мен термин мәселесі дұрыс шешілмей болмайды. Болмайтын себебі сол: өркендеп алға барған тілдің түрлі тарауының бәрі де сол емле, терминологиямен сабақтасады да отырады. Тілдің әліппіінен бастап, жоғары сатысына жеткенше ілім-техниканың не бар игілігін сөзбен айтып, ашып бере аларлық дәрежеге жетудің өзі де емле мен терминологиядан аулақ болмақ емес. Емле мен терминологияның қызметі сол қалың еңбекшінің қолын мәдениетке жеткізу болады да, ондай кезде емле мен терминологияның мәні әсіресе зор болады.

Осы орайда терминдерді қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына бағындырып жазғаннан гөрі, түбірін цитаталық, қосымшасын фонетикалық принциппен жазғанды ұсыну Қ.Жұбанов тарапынан шыққанын айта кеткеніміз жөн. Бұл кірме сөздер қазақ тіліне сай орфограммалаудың қиындығынан, жазудағы ала-құлалыққа тосқауыл қоюды ойластырған ниетінен шықты дейміз.

Қазақтың өз сөздерінің жазуында да ол емленің кемшілігі аз емес екенін жаңа көрсетіп өттік. Міне, сондықтан, осы күнгі емленің ережесінің аз болуы – тілдің шын қалпын аз ережеге сыйғызып, түгел қорытып шығарғаннан емес, тек есіне түскен қалыптарын ғана ереже қылып шығарып, ең керектерін ұмытып кеткендігінен, елеусіз қалдырғанынан болған соң, емлеге кірген ережелердің бәрі жиылғанда да тілдің емлеге керек мәселелерінің бәрін түгелімен ішіне ала алмайтын болған соң, қазірде емле бір көрмеге оп-оңай сияқтанғанмен, өзі шын емле бола алмай, жазуды мүлде шатастырып, анархия шығарып отыр. Шынында, емле жеңіл болу үшін ереженің саны да, ережеге көнбейтін одағай қалыптардың саны да құр аз болып шығу ғана шарт емес, тілде бар емлеге керек қалыптардың бәрінің түгел тексеріліп, ереже боп, қорып шығуы шарт. Міне, солай қорып шыққан ереже – өзі барынша аз болып, емлеге керек мәселелердің бәрін де ішіне алатын болса, емле сонда ғана шын емле болады. Жазудағы басты мақсат - ойды дәл жеткізу ғана емес, тілдің тазалығы да басты міндет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Күдерінова Қ.Б. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Оқу құралы. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2013. 242 б.
2. А.Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. Алматы: Арыс, 1992.
3. Күдерінова Қ. Қазақ жазуының териялық негіздері. А., 2010.- 377 б.
4. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, Мектеп,1986.-180 б.
5. Уәлиұлы Н. А.Байтұрсынұлы жене қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Алматы: Ғылым, 1999. -566 б.
6. Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері: фил. ғыл. канд. ... автореф. Алматы, 1993.—162 б.
7. Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. Алматы: Ғылым, 1988. – 113 б.
8. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. А., 2001.
9. Уәлиев Н. Қазақ әліпбиі мен орфографиясының фонологиялық негіздері Алматы, 1993. дисс. Қолжазба
10. Сәдуақас Н.А. Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің болашағы. 32 б. // «Қазақстан-2050» стратегиясы: мемлекеттік тіл және көптілді білім беруді дамыту мәселелері, 2013



**КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ЕЛ БІРЛІГІ, МЕМЛЕКЕТ  
ТҮТАСТЫҒЫ ИДЕЯСЫ**

**Кайрлиева Айнагүл Жаксыгуловна**

*Көне түркі жазба ескерткіштері – түркі халықтарының рухани, мәдени және саяси тарихының баға жетпес мұрасы. Бұл ескерткіштерде түркі халықтарының ерлігі, мемлекетті құру жолындағы күрестері, саяси-әлеуметтік өмірі кеңінен суреттелген.*

*Тірек сөздер: Көне түркі жазба ескерткіштері, «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жырлары, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны, түркі халқы.*

*Древнетюркские письменные памятники – бесценное наследие духовной, культурной и политической истории тюркских народов. В этих памятниках широко изображены героизм тюрков, их борьба за создание государства, политическая и социальная жизнь. Ключевые слова: Древнетюркские письменные памятники, поэмы «Кюльтегин», «Бильге-каган», «Тоньюкок», поэма «Кутадгу билик» Юсуфа Баласагуни, тюркский народ.*

Көне түркі жазба ескерткіштері – түркі халықтарының рухани, мәдени және саяси тарихының баға жетпес мұрасы. Бұл ескерткіштерде түркі халықтарының ерлігі, мемлекетті құру жолындағы күрестері, саяси-әлеуметтік өмірі кеңінен суреттелген. Ел бірлігі мен мемлекет тұтастығы – көне түркі жазбаларының негізгі тақырыптарының бірі.

«Тарихы бар халық тарихын таспен жазады, тарихы жоқ халық жаспен жазады» дегендей, біздің түркілік ата-бабаларымыз бай тарихын, мәдениетін, ерлік дәстүрлері мен қаһармандық жорықтарын «Тастағы жазудан тағлым алғайсың!» деп, – кейінгі ұрпақтарына мәңгілік тасқа қашап жазып қалдырып отырған. Көне түркі ескерткіштері – сайын даланы мекендеп, тұлпар мініп, ту алған ата-бабаларымыздың өмірін жыр еткен, түркілердің асыл мұралары. Міне, осындай ескерткіштер қатарында «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жырлары және де ортатүркілік дәуірде жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты ғажайып дастандары бар. Түркілер дәуірінен жеткен шығармалардың қайсысынан да халықшылдық сезім лебі еседі. Адамзаттың көркемдік талғамының ерте кезден-ақ дамығанын дәлелдейтін көркем сөз ескерткіштері- көне түркілер ру-тайпаларының рухани өмірін бейнелеген әдебиет туындылары. Ежелгі түркілердің қоғамдық, әдеби, мәдени өмірін бейнелеген бұл ескерткіштер жазба мәдениеттің ғана емес, сол замандағы саяси ойдың да асыл мұралары болды. Жалпы қай ғасырда өмір сүрген түркі ғұламасы болмасын, түркі елінің, түркі жұртының «Тұғырлы мемлекетін» құру жолында аянбай еңбек етті.

Көне дәуірлерден жеткен рухани мұралардың негізгі түйіні – «Тәңірінің өзі дәулет ұясын түріктер жұлдызына жаратқан» [1] қасиетті ұлыс – түркілер, ел бірлігі, түркілік бабаларымыз аңсаған тәуелсіздік, бірлік жолында жасалған еңбек, оны ұстап тұру үшін ұрпақтарына аманаттап кеткен ұлағат, түркі мемлекеттерінің ыдыраудан сақтандырып, алауыздық пен шиеленістерден сақ болуға шақырған, ғасырлар қойнауындағы даналық ойлар мен көрегендік тұжырымдар. Тәңірден жаралған көк түркілер ел деп туады, ел деп өмір сүреді, ел деп соғысып, ел деп өледі. Руна жазуларында елді сақтау, мемлекетті түзу, кеңейту, ұлтты сақтап қалу сияқты қаһармандық ерліктер нақты ой түйіндерімен жеткізілсе, XI ғасыр жазбасы Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастаны сол рухты ұстанып, елдік дәстүр, халықтық рух, бірлік мұраттарын айқындай түседі. Дастанда мемлекет, ел басқарудың міндеттері мен шарттары шежіреленеді. Шығарма XI ғасырда ұлан-байтақ атырапты алып жатқан Қарахандар әулетінің мемлекеттігін нығайту, оның сыртқы және ішкі жағдайларына қатысты алуан проблемаларға жауап айту мақсатынан туған. Дастанда көтерілген тақырыптардың ішіндегі ең негізгісі – мемлекет, ел басқару, ел басқарушының міндеттері мен құқығы туралы, жалпы адамзаттық, халықтық мәселелер қозғалады. Дастанның ең өзекті тақырыбы, басты мақсаты – халыққа ізгі өмір сыйлау, бақытты, әділетті қоғам құру

Ата-мекеннің азаттығын, ата-тегінің тазалығын, түрік ұлтының рухани дәстүрлік, тілдік тәуелсіздігін басты қасиет ретінде ұстап, «Ел болып бірігуден асқан бақыттың жоқ» екенінің бағасын білген бабаларымыз: «Түркі халқы жойылмасын, ел болсын!», «Пәк ұлдарың құл болмасын, пәк қыздарың күң болмасын!»-, деп күресті. Ел билеудегі жалғастықтың үзілмеуін, дәстүрлердің жойылмауын ескертеді. Яғни, «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай» жеткен тәуелсіздікті ұстап тұрар татулық, бірлік мәселесі, түркілерді бірлестіру мәселесі тарих сахнасынан қай кезде де түскен жоқ. Енисей өзені аңғарынан табылған әдеби жәдігерліктер де сол замандарда ғұмыр кешкен түркі әулеттерінің бізге қалдырып кеткен өлмес мұралары. Ежелгі дәуір ескерткіштерін зерттеуші М. Жолдасбеков: «Орхон» ескерткіштерін жалаң тарихи фактілер тізбегі деп қарамай, түркі халықтарының ізгі арманын, кескілескен соғысын, айбынды батырларын өзгеше әуезбен жыр еткен ерлік эпосының ең әдепкі үлгісіне жатқызу орынды» [2, 72-б.] деген болатын. Дүниенің төрт бұрышын түгел мекен еткенін түркілер жырда зор мақтанмен баян етеді. Төрткүл дүниені дүр сілкіндірген түркілердің күштілігі олардың бірлігінде болатын. «Биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, Екеуінің арасында Адам баласы жаралған». «Бастыны еңкейткен, Тізеліні бүктірген» [3.10-б.] түркі елінің тұтастығы, бірлігі ынтымақта болатын. Дегенмен осындай бірлік бір кездері осалдап, түркілер батыс және шығыс қағанаттарға бөлінген. Түркі мемлекетінің басқа елге тәуелді болу себебі шығармада былайша баяндалады: Соңындағы інісі ағасындай болмады, Ұлдары әкесіндей болмады. Біліксіз қағандар отырған екен, Жалтақ қағандар отырған екен, Әміршілері де біліксіз екен Жалтақ болған екен. Бектерінің ымырасыздығынан, Табғаш халқының тепкісіне көнгендігінен, Түркі халқы елдігін жойды. [4, 11-б.]. «Орхон» жырларында түркі мемлекетінің ыдырауы, жойылуы айқын көрсетіліп, болашақ ұрпақты содан сақтандырады. Мемлекеттің күйреу себептерін қадап-қадап айтып береді. Біріншіден, ел билеудегі жалғастықтың үзілуі, жақсы дәстүрлердің жойылуы, інінің ағадай, ұлдың әкедей тізгін ұстай алмауынан біліксіздік, жалтақтық, алауыздық жайлап, жат жұрт – айлалы табғаш мемлекетінің сұрқия саясатына сеніп, алтын, күміс қазынасына, жібек байлығы мол, тәтті сөзіне алданып арбауына түскендіктен, бектер мен ел басыларының алдамшы байлыққа қызығуы, құнсыз, еңбексіз байлықтың түркі бектерін мастандырып, мемлекет шаңырағын шайқалтқаны, екіншіден, ағалы-інілі дауласқандықтан, бегі мен халқы жауласқандықтан түркі халқы жұдырықтай тұтастығынан, елдігінен айырылып қалғандығы, түркі халқының жойылғанын, тоз-тоз болып шашырап кеткендігі, бек ұлдарының құл болғаны, пәк қыздарының күң болғаны, түркі бектерінің түркі аты жойылып, табғаш атына көшкендігі, жат елге ісін-күшін беріп, табаны күректей елу жыл езгіге түскені зор өкінішпен айтылады. Сондықтан да мемлекет ішіндегі ішкі алауыздықты болдырмау, ру, тайпаларды бір ту астына жинау мәселесін басты назарда болды. Бірлік бар жерде береке, татулық орнайды. Үшіншіден, мемлекет басқаруға ақылды тұлғалардың тартылмай, дарынсыз, тек қара басының қамын ғана ойлаған, ұсақ адамдардың келуі.

Көне түркілік қай жырды алсақ та, күшті мемлекеттің кепілі ақылды, көреген басшы, мықты заң екендігі, сол заңды тура ұстай білу керектігі баса айтылады. Яғни, ақылды басшы өз халқына бостандық пен тәуелсіздік бағын орната алады, мемлекетті нығайтуды өмірлерінің басты мақсаты деп таниды. Ақылды қағандар басқарған қоғамда халықтың әдет-ғұрпы мен заңдары мүлтіксіз орындалады, ниеті бұзық жандар болмайды, мемлекет күшті болады. Билеуші нашар болса, ауызбірлік болмаса, мемлекеттің шаңырағы шайқалады, билік кетіп, халқы құлдық қамытын киеді. Сондықтан да «Халыққа алып ұлдар керек саспайтын, Ұлы істерде ұлы жорық бастайтын» [5, 1961-бәйіт]. Немесе «Шыншыл, сара басшы керек халыққа, Халық үшін түсіп шығар тамұққа» [5, 1964-бәйіт]. Түркілік жырларда мемлекетті нығайтудағы ірі тұлғалардың ерекше рөл атқаратыны айтылады. «Күлтегін» жырында түркі мемлекетін орнықтырған алғашқы қағандар елдің бірлігін сақтау үшін көп күш жұмсаған ақылды да, күшті болып суреттеледі. Әсіресе, түркі мемлекетінің бірлігін сақтауда зор табыстарға жеткен Білге қаған мен әскери қолбасшы Күлтегін батыр болды. Күлтегін тақтың мүддесінен гөрі елдің мүддесін жоғары қойды. Ағасы Білгемен Күлтегін қосылып, Тоныкөк секілді ақылгөйдің жәрдемімен өмір бойы жанын жалдап, барлық күш-жігерін Түріктерді бірлестіру,

басын қосу мәселесіне жұмса, кейін «Құдағыту білік» жырында қарахандар мемлекетінің бегі Күнтуды уәзірі Айтолдымен бірігіп, өз кезеңінде елінің гүлденуіне барынша үлес қосты. «Құдағыту білік» жырында 2016 бәйітте «Қай жерде бек заңды тұзу ұстаса, Елдің де онда күні жарқын қысқасы» деп жырланса, «Күлтегін» жырында «Елін сонша шексіз билеген екен, Ел ұстап, заң жасаған» деп, шексіз биліксіз елді бейбіт өмірге, молшылыққа жеткізе алмайтындығы» дәлелденеді, «Күлтегін» жырында да, «Құдағыту білік» дастанында да мемлекет басшысына биліктің берілуі тек тәңір арқылы келетіні баяндалады. «Құтты білік» 5469 бәйітінде «Ұлықтықты алған жоқсың сен тілеп, Берді құдай рахымымен белгілеп» дейді. «Күлтегін» жырындағы «Өміршілері де білгіш болған екен» дегені Жүсіп Баласағұнның дастанындағы бекке қойылатын талаптармен, яғни ел басқаруға ақылды, данышпан адамадардың тартылуы керек екенімен үндесіп жатыр. «Орхон» жырларында оқиғалар, ел амандығы, мемлекет тұтастығы үшін жасалған ерліктер нақты іс-әрекет арқылы көрініп отырса, XI ғасыр дастанында сол өз дәуірдің қоғамдық-саяси, моральдық мәселелері жан-жақты, мемлекет басқару туралы құнды пікірлер кең көркемдік тыныспен жырланады. «Құтты білік» – түрік елінің ел болу жолындағы қоғамтану, елтану дастаны десе де болады. Орта Азия, түрік тарихының аласапыранға килігіп, түркі дарабоздарының шашасына да, санасына да шаң тимеген тұста туған туынды. [5, 21-б.]. Дастан XI ғасырда ұлан-байтақ атырапты алып жатқан Қарахандар әулетінің мемлекеттігін нығайту, «мемлекеттің ішкі-сыртқы тәртібі қалай болу керек, ел басқарған бек пен қоғам мүшелері арасында қарым-қатынас нормалары қандай болу керек? Мемлекетті сақтап отыру үшін қандай заң-ережелер керек?» деген сияқты өмірдің өзі туындатқан сауалдарға, алуан проблемаларға жауап айту мақсатында жазылған. Надандық жайлаған қоғамда адам қайткенде бақытты заман кешпек? Құтты ел құру үшін не істемек? Жүсіп өзегін өртеген заман шындығын ашына жырлайды. «Қайтсек ел боламыз? Тұғырлы мемлекет боламыз?» деп, ұлы мұратқа бет бұрған тұста мемлекет құрушылар қандай болу керек? деген сұраққа жауап ретінде бектеріне моральдық-әдептілік тұрғысынан бірқатар ойлар айтылады. Халық бақыты ең бірінші ел басқарған бекке тікелей қатысты дей келе, басшысы қарамағындағы әкімдер мен халықты қайырымдылық, рухани құндылық мұраттарына өзінің өнегелі ісімен ұйыта білу керек екенін ескертеді. Халықтың бақыты – билеушінің басты мұраты болу керек. Билеушінің сыйлы болуы – орнықтырған билік жүйесіне, ал елдегі тыныштық пен бейбіт өмір тәртіпке байланысты. Ол әділ, адамгершіл болса ғана құрметке ие болады. Жақсы бек, ізгі басшы жаманды да, жақсыны да ізгілікке, берекеге бастайды. Ізгі бектің жұрты да тұзу, құлқы да тұзу. Бектері ізгі елде халқы байып, құт-берекеге оранады. Ізгі бекке тән қасиеттер: сабыр, ізгілік, мейірімділік пен қаталдық. Елдің ел болуы үшін ең әуелі бектері білімді, парасатты болу керек. Яғни, елдің құты - білімді, мейірімді бек. Кім дана бек болса, жақын білімге, Біліктіні жақын тартар түбінде. Ел үшін еңбек етер бек – ең абзал бек. Бек жақсы боп, істесе көп қайырды, Ел-дүние жайнап, халық байыр-ды. (880-бәйіт).

Мемлекеттің мемлекет болуы үшін керек басты белгілер: тілі, шекарасы, астанасы болуы міндетті болса, көне түркілер де бұл ұғымдарға ерекше құрметпен қараған. «Орхон» жырларында туған жер – Өтүкен жайлауы аса бір құрмет сезіммен ауызға алынып отырады. «Ол жерге барсаң, түркі халқы өлмейсің, Өтүкен қойнауында отырсаң, мәңгі ел ұстап отырарсың сен. Сонда түркі халқы тоқ» делінеді. Білге таққа отырған кейінгі түркілердің астанасы Өтүкен жайлауы болды. Бұл жерде қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастарға жол ашылды. Ел билеудегі табыстар мен кемшіліктер қатар айтылған, одан сабақ алуды өсиеттеген көне түркілік жырлардың негізгі арқауы қағанның халыққа, мемлекет ісіне адалдығы, халықтың қағанына бағынуы. «Орхон» жырлары: «Егер, сен, түркі халқы, өз қағандығыңнан, өзіңнің бектеріңнен, өз Отаныңнан бөлініп кетпесең, онда өзің бақытты өмір сүріп, өз үйлеріңде боласың, қайғы-қасіретсіз өмір сүресің» десе, қағанының басты мақсаты – «Ел-жұртының қамын ойлау, күші мен ісін мемлекет мүддесіне жұмсау» дейді. Қаған басына қойылған таста да: «Ол өзінің халқын армансыз асырады» делінген. XI ғасыр дастанында да патшаның халық алдындағы міндеттері айтылса, қарапайым халықтың да қағанда қақы бар екені ашып айтылады. Осы үш талап, міндет орындалаған жағдайда ғана мемлекет гүлденіп, ел ырысы артады деп сенеді. Жалпы, мақаламды қорытындылай келгенде, әлемдік

мәдениеттегі ұлы ескерткіштердің қатарынан орын алған көнетүркілік мәдени жазбаларда саясат, ел билігі, ел ынтымағы, көсемдердің мақсат-мүдделері көркем баяндалады. Түркі халқы Білге қағанның «кедейді байытып, азды көбейткен» түркі халқын біріктіруші, қуатты қасиетті, ерлік істерін мадақтап, «түркі халқы неден қауіптеніп, нені білуі үшін», болашақ үшін, ата сөз, шежіре сөз ұрпақ жадында сақталуы үшін қара тасқа мәңгілік қашап жазды. Адамзат ұрпақтары үшін мәңгілікке ұласатын құндылықтар елжанды елінің есінде мәңгі сақталады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. Алматы, «Хант» 1997 ж.
2. М. Жолдасбеков. Асыл арналар. Алматы, 1990 ж.
3. Н. Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, «Ана тілі» 1991 ж.
4. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. (Құрастырған Алма Қыраубаева) Алматы, «Ана тілі» 1991 ж.
5. А. Егеубаев. Құтты білік. Алматы, «Жазушы» 1986 ж.

**ӘОЖ 808.5:35**

### **ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ**

**Н.С.Қуанаева, Р.С.Қуанаева**

БҚО, Қаратөбе ауданы, Соналы ЖОББМ.

БҚО, Орал қ., «Өрлеу» БАҰО» АҚ

«Батыс Қазақстан облысы бойынша Кәсіби даму институты» филиалы

Қазіргі жаһандану және көптілділік дәуірінде этномәдени білім беру қоғамның маңызды саласы ретінде қалыптасуда. Бұл білім беру жүйесі мәдени мұраны сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуді, мәдени сан алуандықты құрметтеуді және ұлттық бірегейлікті қалыптастыруды мақсат етеді. Тілдерді оқытуда жаңа технологияларды пайдалану оқытудың тиімділігі мен қызықтылығын арттырып, білім беру бағдарламаларын білім алушылардың қажеттілігіне сай бейімдеуге мүмкіндік береді.

Көптілді білім – этномәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Бүгінде көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілеттерін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Көптілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Қазақстан Республикасында этномәдени білім беру жүйесін реттеу мен дамытудың басты принциптері еліміздің негізгі заңнамалық құжаттарында көрініс тапқан. Олар: Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңы (1997), Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы (2007) және т.б. Оларда барлық құндылықтарды сақтай отырып, білім беру жүйесін Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық-мәдени және мәдени-тарихи дәстүрлерін ескере отырып қайта қарау қажеттілігі айтылған. Этномәдени білім беру идеяларының, теориясы мен әдіснамасы дамуының негізгі мазмұны мен мәні мынада:

- этномәдени білім берудің эволюциясы жалпыадамзаттық, ұлтаралық және ұлттық қатынастың диалектикасы арқылы анықталады;

- этномәдени білім беру қоғамның сол кездегі әлеуметтік дамуына тәуелді болғандықтан, әр тарихи кезеңде этномәдени білім беру өзегін сол қоғамда басым болған этностық мәдениет анықтайды;

- этномәдени білім беру базалық, ең алдымен, ұлттық-мәдени және тілдік құндылықтар жүйесіне негізделеді;

- халық педагогикасы мен ұлттық тәлім-тәрбие – этномәдени білім берудің тарихи-мәдени және педагогикалық негіздері болып табылады. Болашақ маманға этномәдени білім беру логикасы оның әлемінің үнемі кеңейтіліп отыратын көптеген бейнелері ретінде мәдениет кеңістігіне ендіруді қарастырады.

Этномәдени білім берудің негізгі мақсаты – мәдени мұраны сақтап, келесі ұрпаққа жеткізу, сондай-ақ, оқушылардың мәдениаралық қарым-қатынас қабілеттерін қалыптастыру. Сонымен қатар, этномәдени білім беру ұлттық бірегейлікті қолдау мен мәдени саналуандықты насихаттауға бағытталған. Мысалы: Этномәдени білім беру ұлттық құндылықтарды сақтау және тарату арқылы жастардың рухани дамуына ықпал етеді. Бұл білім беру жүйесі оқушылардың түрлі мәдениеттерге құрметпен қарауын, мәдениаралық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға негізделген. Қазіргі кезде этномәдени білім беру ұлттық бірегейлікті нығайтуда және мәдени саналуандықты қолдауда ерекше орын алады.

Заманауи технологиялар тілдерді оқыту процесін түбегейлі өзгертіп, оны оқушылар үшін қолжетімді әрі қызықты етеді. Онлайн-курстар, мобильді қосымшалар, виртуалды технологиялар тілдерді үйренуде кеңінен қолданылуда. Мысалы: цифрлық технологиялардың дамуы тілдерді оқытуға жаңа серпін берді. Онлайн-курстар мен мобильді қосымшалар, мысалы, Duolingo және Memrise, оқушыларға өздерінің білім деңгейіне сай бейімделген оқыту бағдарламаларын ұсынады. Виртуалды технологиялар оқушыларды тілдік ортаға толықтай енгізіп, оларды тілді ана тілі ретінде сөйлейтін адамдармен қарым-қатынас жасауға ынталандырады.

Этномәдени компонентті тілдерді оқытуға интеграциялау жаңа технологиялар арқылы жүзеге асырылуда. Мультимедиялық ресурстарды, виртуалды экскурсияларды және мәдени элементтерді қолдану тіл үйрену процесін қызықты әрі тиімді етеді.

Мысалы: мультимедиялық ресурстардың көмегімен этномәдени элементтерді тілдерді оқытуға енгізу арқылы оқыту процесін айтарлықтай жақсартуға болады. Мәселен, виртуалды экскурсиялар арқылы оқушылар зерттелетін тілдің мәдениетімен жақынырақ танысып, оның дәстүрлері мен тарихын тереңірек меңгереді. Бұл әдіс тек тіл үйренуді жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың мәдени санасын да арттырады.

Этномәдени білім беру – бұл ұлттық мәдениеттің құндылықтарын сақтау, дамыту және келесі ұрпаққа жеткізу мақсатындағы педагогикалық процесс. Ол халықтың тарихи тәжірибесі, дәстүрлері, тілдері мен мәдениетіне негізделеді. Этномәдени білім беру тек қана ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына ғана емес, сонымен қатар басқа халықтардың мәдениетіне құрметпен қарауды тәрбиелеуге де бағытталған.

Этномәдени білім берудің басты міндеті – оқушыларда мәдени саналы көзқарас қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды түсіну және қадірлеу, сондай-ақ, мәдениетаралық қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту. Мұндай білім беру түрі қоғамдағы мәдени саналуандықты сақтау мен дамытуда маңызды рөл атқарады, өйткені ол мәдениеттердің ерекшеліктерін құрметтеуге және олардың теңдігі мен маңыздылығын түсінуге ықпал етеді.

Заманауи әлемде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар тілдерді оқытудың тиімді құралына айналды. Олардың көмегімен тілдерді үйрену процесі дәстүрлі әдістерге қарағанда тиімдірек әрі қызықтырақ болып отыр. Жаңа технологиялар оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға, мәдениетаралық байланыстарды нығайтуға, сондай-ақ, шетел тілдерін үйренуге ынтасын арттыруға ықпал етеді.

Онлайн-оқыту және мобильді қосымшалар. Онлайн-оқыту платформалары мен мобильді қосымшалар тілдерді оқытуда кеңінен қолданылуда. Мұндай платформалар мен қосымшалар оқушыларға өздерінің оқу бағдарламаларын таңдауға, өз бетінше білім алуға және өзіне ыңғайлы уақытта оқуға мүмкіндік береді. Онлайн-оқыту сонымен қатар, әлемнің кез келген нүктесінен білім алуға мүмкіндік береді, бұл әсіресе тілдік ортаға енуге мүмкіндік бермейтін жағдайларда өте маңызды.

Мобильді қосымшалар тілдерді үйренуге арналған көптеген интерактивті тапсырмалар, ойындар, викториналар мен тесттерді ұсынады. Олар оқушыларға тілдік материалды

меңгеруге және оны тәжірибеде қолдануға көмектеседі. Мысалы, Duolingo, Memrise, Busuu сияқты танымал қосымшалар тілдерді оқытудың тиімді құралдары ретінде танымал болды.

Тілдерді оқытудағы этномәдени компонентті интеграциялау оқушыларға зерттелетін тілдің мәдениетімен жақынырақ танысуға және оның ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл процесс мультимедиялық ресурстарды, виртуалды экскурсияларды, мәдениетаралық жобаларды және басқа да әдістерді қолдануды қамтиды.

Мультимедиялық ресурстар этномәдени компонентті тілдерді оқыту процесіне енгізуге мүмкіндік береді. Мысалы, этникалық әндер, бейнематериалдар, әдеби шығармалар және басқа да мәдениетке байланысты материалдар оқушыларға тілдік дағдыларды дамытуға ғана емес, сонымен қатар, мәдениетті түсінуге және қабылдауға көмектеседі.

Виртуалды экскурсиялар оқушыларға зерттелетін тілдің мәдениетімен танысуға мүмкіндік береді. Мұндай экскурсиялар оқушыларды тарихи және мәдени орындарға апарып, олардың сол жердің мәдениеті мен тарихы туралы білімдерін арттырады. Бұл әдіс тілдерді оқытуда этномәдени компонентті тиімді енгізуге ықпал етеді.

Мектептегі тәжірибе барысында этномәдени білім беру және тілдерді оқытудағы жаңа технологияларды қолдану бойынша бірнеше нақты мысалдарды қарастыруға болады. Осындай бірнеше мысалдар келтірейік:

#### 1. Мультимедиялық ресурстарды қолдану

Сабақ тақырыбы: "Наурыз" мерекесі.

Мақсаты: Оқушылардың қазақ халқының ұлттық мерекесі Наурыз туралы білімдерін арттыру, мерекенің мәні мен маңызын түсіндіру. Сабақ барысында интербелсенді тақтаны пайдаланып, Наурыз мерекесі туралы бейнеролик көрсетіледі. <https://youtu.be/CebvGbXeet0?si=8LxLxD6VwbvCcJd3>. Бейнероликтен кейін оқушыларға мерекенің тарихы, дәстүрлері, тағамдары туралы мәтіндік ақпарат беріледі. Мультимедиялық ресурстар оқушылардың тақырыпты түсінуді жеңілдетеді және сабаққа қызығушылығын арттырады.

#### 2. Виртуалды экскурсия

Сабақ тақырыбы: Түркістан қаласының тарихи-мәдени орындары.

Мақсаты: оқушыларды Түркістан қаласындағы тарихи орындармен таныстыру, олардың мәдени және тарихи маңызын түсіндіру. Оқушылар Google Arts & Culture платформасы арқылы Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне виртуалды экскурсия жасайды. Экскурсия барысында олар кесененің тарихы, сәулет өнері және мұражайдағы экспонаттар туралы мәлімет алады. Бұл әдіс оқушылардың қызығушылығын оятып, тарихи деректерді көрнекі түрде ұсынуға мүмкіндік береді.

#### 3. Этномәдени жобалар арқылы тіл үйрену

Сабақ тақырыбы: Ұлттық тағамдар арқылы қазақ тілін меңгеру.

Мақсаты: Қазақ тілінде сөйлесу дағдыларын дамыту және ұлттық мәдениетті түсіну. Оқушылар топтарға бөлініп, әр топ қазақтың ұлттық тағамы туралы жоба дайындайды. Жобаны әзірлеу барысында олар қазақша рецепттерді оқып, ұлттық тағамдардың тарихы мен дайындалу жолдары туралы мәліметтер жинайды. Бұл жұмыс нәтижесінде оқушылар тіл үйренумен қатар, ұлттық мәдениетті меңгереді. Бұл мысалдар этномәдени білім беру және тілдерді оқытуда жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыруға арналған.

#### 4. Мәдениетаралық байланыстарды орнату

Сабақ тақырыбы: Әлем халықтарының мәдениеті.

Мақсаты: Оқушылардың басқа халықтардың мәдениеті туралы білімдерін кеңейту, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Сабақ барысында оқушыларға әртүрлі халықтардың мәдениеті туралы ақпараттар беріледі, содан кейін олар интернет арқылы басқа мектептердегі құрдастарымен байланысқа шығып, өздерінің ұлттық мәдениеті туралы әңгімелейді. Бұл оқушыларға басқа мәдениеттермен танысуға және өз мәдениетін таныстыруға мүмкіндік береді.

#### 5. Дәстүрлі ойындар арқылы мәдениетті таныстыру

Сабақ тақырыбы: Қазақтың ұлттық ойындары.

Мақсаты: Оқушыларды қазақтың ұлттық ойындарымен таныстыру және мәдениетке қызығушылықтарын арттыру. Тәрбие сағаттары мен іс-шараларда қазақтың ұлттық ойындары көрсетіліп, олардың ережелері түсіндіріледі. «Ұлттық құндылықтар» үстел үсті ойыны арқылы оқушыларға виртуалды түрде модельдеу арқылы көрсете отырып, ұлттық ойындардың маңыздылығын танытуға болады. Бұл оқушыларға қазақ халқының мәдениетіне қызығушылықтарын оятуға және олардың ұжымдық жұмыс дағдыларын дамытуға көмектеседі.

6. Цифрлық жобалар арқылы мәдениетті зерттеу

6.1.4.1 мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау – осы оқу мақсатынан:

- мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аударады;

- жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды деген сабақ мақсатын шығарамыз. Осы мақсатта «Қазақтың киіз үйі: құрылымы мен маңызы» тақырыбында тыңдалым материалын беріп, оған сәйкес жетекші сұрақтар құрастыртып, негізгі ойды анықтатуға болады. Бұл тапсырма оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытып, мәдениетке тереңірек үңілуге мүмкіндік береді.

Тілдерді оқыту – бұл тек грамматикалық ережелер мен лексиканы меңгеру ғана емес, сонымен қатар мәдениет, дәстүрлер мен ұлттық құндылықтарды түсіну. Этномәдени білім беру тілдерді оқыту процесінде маңызды рөл атқарады, себебі ол оқушылардың мәдениетаралық коммуникация дағдыларын дамытуға көмектеседі. Жаңа технологияларды пайдалану арқылы этномәдени білім беруді тиімді жүзеге асыруға болады.

Жаңа технологиялардың рөлі:

1. Интербелсенді әдістер:

- Оқушыларды белсенді қатысуға ынталандыратын интербелсенді әдістер (топтық жұмыстар, рөлдік ойындар) этномәдени білімді меңгеруге көмектеседі. Мысалы, рөлдік ойындар арқылы оқушылар әртүрлі мәдениеттердің ерекшеліктерін тәжірибе жүзінде сезінеді.

2. Цифрлық ресурстар:

- Интернет пен мультимедиалық құралдарды пайдалану арқылы оқушылар әлемнің әртүрлі мәдениеттерімен танысу мүмкіндігіне ие болады. Видеолар, онлайн-курстар және виртуалды экскурсиялар этномәдени білім беруді байытады.

3. Жобалық әдіс:

- Оқушыларға жобалар жасау арқылы өздерінің этномәдени зерттеулерін жүргізуге мүмкіндік беру. Мысалы, белгілі бір халықтың мәдениеті мен дәстүрлері туралы зерттеу жобасын жасау.

4. Геймификация:

- Ойын элементтерін оқу процесіне енгізу арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру. Геймификация оқыту процесін қызықты әрі тартымды етеді.

5. Онлайн форумдар: Әртүрлі мәдениеттер туралы пікір алмасу үшін онлайн форумдар ұйымдастыру. Мысалы, «Әлем халықтарының мәдениеті» атты форумда оқушылар өз тәжірибелерімен бөліседі. Ол үшін мынадай сценарий құрастыруға болады.

Форумның мақсаты:

Әлем халықтарының мәдениетін таныстыру, этномәдени білімді дамыту, мәдениетаралық диалогті нығайту.

Форумның құрылымы:

1. Кіріспе(15 минут)

- Форумның ашылуы, қатысушылармен танысу.

- Форумның мақсатын және бағдарламасын таныстыру.

2. Мәдениет туралы қысқаша ақпарат (20 минут)

- Мәдениеттің анықтамасы және оның қоғамдағы рөлі.

- Әлем халықтарының мәдениетінің алуан түрлілігі туралы презентация.

3. Секциялар бойынша жұмыс (60 минут)

1-секция: Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар

- Әр қатысушы өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын таныстырады.
- Талқылау: «Сіздің мәдениетіңіздегі ең қызықты дәстүр қандай?»

2-секция: Мәдениетаралық коммуникация

- Мәдениетаралық қарым-қатынас мәселелері.
- Талқылау: «Мәдениетаралық диалогтің маңызы неде?»

3-секция: Музыка және өнер

- Әр халықтың музыкалық дәстүрлері мен өнері.
- Талқылау: «Сіздің мәдениетіңіздегі музыканың рөлі қандай?»

4. Топтық жұмыс (30 минут)

- Қатысушылар топтарға бөлінеді.
- Әр топ өздерінің мәдениеттерін салыстыра отырып, ортақ тақырып бойынша презентация дайындайды.

5. Таныстырылым (30 минут)

- Әр топ өз презентациясын ұсынады.
- Сұрақ-жауап сессиясы.

6. Мәдени ойындар мен викториналар (30 минут)

- Мәдени тақырыптағы ойындар мен викториналар ұйымдастыру.
- Қатысушылардың белсенділігін арттыру.

7. Қорытынды (15 минут)

- Форумның негізгі нәтижелерін қорытындылау.
- Қатысушыларға алғыс айту және сертификаттар тапсыру.

8. Тамақтану және еркін қарым-қатынас (30 минут)

- Қатысушылардың бір-бірімен танысуы, пікір алмасуы үшін еркін уақыт беру.

Қажетті құралдар:

- Таныстырылымдық құралдар (ноутбук, проектор).
- Видеоматериалдар мен слайдтар.
- Ойындар мен викториналар үшін материалдар.
- Сертификаттар мен сыйлықтар.

Форум әлем халықтарының мәдениетін таныстыру, этномәдени білімді дамыту және мәдениетаралық диалогті нығайтуға бағытталған маңызды шара болып табылады. Бұл іс-шара қатысушыларға өз мәдениеттерін көрсетуге, басқа халықтардың дәстүрлерін түсінуге және құрметтеуге мүмкіндік береді.

«Әлем халықтарының мәдениеті» атты викторина сұрақтары

1. Сұрақтар:

1. Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар:

- Наурыз мерекесі қай халықтың дәстүрлі мейрамы болып табылады?
- Жапон мәдениетінде «Кимоно» дегеніміз не?

2. Тіл және әдебиет:

- Шекспирдің ең танымал шығармаларының бірі қандай?
- Қазақ әдебиетінің классиктерінен кімдерді атай аласың?

3. Музыка мен өнер:

- Батыс Африкада танымал «Джамбе» аспабы қандай?
- «Сальса» биі қай елдің ұлттық биі болып табылады?

4. Тарих және мәдениет:

- Египет пирамидаларының құрылыс кезеңі қай заманда болды?
- Ренессанс дәуірі қай елде басталды?

5. Тамақтану мәдениеті:

- Италияндық «Пицца» қандай ингредиенттерден дайындалады?
- Жапондық «Суши» неден жасалады?

6. Дін және философия:

- Буддизмнің негізін қалаушы кім?



- Ислам дінінің қасиетті кітабы не деп аталады?
7. Киім және сән:
- «Сари» киімі қай елдің дәстүрлі киімі?
  - Шотландиялық «Килт» дегеніміз не?
8. Мәдениетаралық қарым-қатынас:
- Мәдениетаралық коммуникацияның маңызы неде?
  - Әртүрлі мәдениеттер арасында түсініспеушілікті қалай жоюға болады?
2. Викторина форматы:
- Сұрақтар топтарға бөлініп, әр топқа берілетін болады.
  - Әр сұраққа жауап бергеннен кейін, дұрыс жауапты тексеру үшін талқылау жүргізіледі.
  - Дұрыс жауап үшін ұпай беріледі, викторина соңында ең көп ұпай жинаған топ жеңімпаз атанады.

Викторина барысында оқушылар әлем халықтарының мәдениеті туралы білімдерін кеңейтіп, мәдениетаралық диалогті дамытуға мүмкіндік алады.

Этномәдени білім беру және тілдерді оқытудағы жаңа технологияларды пайдалану қазіргі заманғы педагогикадағы маңызды бағыттар болып табылады. Бұл екі компоненттің үйлесімі тілдерді тиімді үйренуге және оқушылардың мәдени санасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жаһандану дәуірінде мұндай тәсілдер ерекше өзектілікке ие болып, білім беру процесін жаңа деңгейге көтереді.

Этномәдени білім беруді жаңа технологиялармен біріктіру үшін келесі ұсыныстарды орындау қажет:

- Этномәдени мазмұнды қамтитын мультимедиялық оқу материалдарын әзірлеу және енгізу.
- Виртуалды және қосымша шындық технологияларының мүмкіндіктерін пайдаланып, оқушыларды мәдени ортаға енгізу.
- Этномәдени аспектілерді ескере отырып, онлайн-оқыту платформаларын дамыту және қолдау көрсету.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі N151 Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151>
2. Қазақстан Республикасындағы «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
3. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламалары <lgilik-ou-badarlamalaryn-bekitu-turaly-azastan-respublikasy-ou-aartu-ministrini-2022-zhyly-16-yrkyektegi-399-byryyna-zgerister-engizu-turaly.pdf>

#### **Дереккөздер:**

1. <http://library.atu.kz/files/5495.pdf>
2. <http://povyshenie09.ru/9-uncategorised/406-funktsionalnaya-gramotnost>

**ӘОЖ:821.512.122+94(574)**

#### **ТАРИХИ МОРФОЛОГИЯ ЖӘНЕ СӨЗ ТҰЛҒАСЫ**

**Үмбетова Айжан Кенжеболатқызы**

Жамбыл облысы, Қордай ауданы, №14 Ә. Нүсіпбаев атындағы орта мектебінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі

Ескі ұйғыр ескерткіштері тілінің де ерте кездерде қалыптасқан, жүйелі морфологиялық құрылысы болған. Будды, манихей, ұйғыр халқының әкімшілік, шаруашылық өміріне байланысты кездесетін ескерткіштер тілінде қазіргі заманғы түркі тілдерінде кездесетін грамматикалық формалардың бәрі де түгел кездеседі.

Ескі ұйғыр жазу ескерткіштері тіліндегі сөздер өзінің құрамына қарай төмендегідей үш топқа бөлінеді [1, 139 б.]:

**1. Түбір сөздер.** Ескерткіштерде бөліп, жаруға келмейтін жалаң түбірлерден құралған түбір сөздер де кездеседі. Олардың түрлері төмендегідей:

а) Тек жалғыз дауыстыдан құралған түбір. Мұндай сөздер мәтіндерде онша көп емес.

*ы* — бұта, өсімдік

б) С—У\* (Дауыссыз және дауыстыдан құралған түбір):

*бу* — бұ, бұл

*кү* — даңк

*лу* — ұлу

*тү* — түк(шаш)

*не* — не

*со* — шынжыр

в) У—С (Дауысты және дауыссыздан құралған түбір):

*ад* — ат) — ат, даңк

*ит* — ит

*аз* — аз

*от* — от

*ай* — ай

*ол* — ол

*ал* — ал

*өг* — шеше

*еб* — үй

*өд* — уақыт

*ер* — ер

*уд* — бұқа

*ем* — ем

*уз* — шебер

*ід* — есеп

*үч* — үш

*іг* — ауру

*үн* — үн т. б.

*іч* — іш

г) С—У—С (дауыссыз, дауысты және дауыссыздан құралған)

*бағ* — байлам, байлау    *муң* — мұн, қайғы

*баш* — бас

*қой* — кой

*бай* — бай

*қуш* — құс

*бар* — бар

*саб* — сөз

*бег* — бек

*сан* — сан

*біл* — біл

*сув* — су

*бір* — бір

*тағ* — тау

*бош* — бос

*таң* — таң

*бөз* — бөз

*тіл* — тіл

*кім* — кім

*йағ* — май

*күч* — күч

*йаз* — жаз

*мен* — мен

*йүк* — жүк

г) С—У—С—С (дауыссыз, дауысты, дауыссыз және дауыссыз):

*барс* — барыс

*йурт* — жүрт

*барқ* — үй

*йонт* — жылқы

*берк* — берік

Екі буынды түбірлер ашық, тұйық және бітеу буындардан құралады.

1) У—С—У (дауысты, дауыссыз және дауыстыдан құралған):

*агы* — қазына    *ікі* — екі

*апа* — апа    *іні* — іні

*ата* — ата

2) У—С—У—С (Дауысты, дауыссыз, дауысты және дауыссыз):

*адаг* — аяқ *ешід* — есіт

*ачыг* — ащы *ынан* — сен

*азыр* — ауыр *өкүн* — өкін

3) У—С—С—У (Дауысты, дауыссыз, дауыссыз және дауысты):

*алқу* — бөрі *орду* — сарай

*алты* — алты *орта* — орта

*арта* — арта *утлы* — сыйлық

Текстерде У—С—С—У—С; У—С—У—С; С—У—С—С—С—У; С—У—С—У—С; У—С—С—С—У және тағы басқа түрлері кездеседі:

*бага* — бақа *ішле* — істе

*балық* — кала *сілк* — сілік

*чечек* — шешек *бедіз* — ою

*бічін* — мешін *қатун* — катын

*йаруқ* — жарық *арслан* — арыстан

*сыгта* — жыла, сықтау *ердем* — батырлық

**2. Туынды сөздер.** Ескі ұйғыр ескерткіштеріндегі сөздер тек жалаң түбірден ғана құралмайды. Олар қазіргі тілдердегідей жұрнақтар жалғану арқылы да жасалады.

*етікчі* — қарыздар *білігсіз* — біліксіз

*йолчы* — жолшы *бөлүг* — бөлік

*күчлүг* — күшті *батсық* — батыс

*қорқыныш* — қорқыныш

3. Күрделі сөздер. Күрделі сөздер қатарына, көбінесе, кісі аттары мен жер-су және кейбір сөз тіркестері жатады:

*Бег Буқа* — Бекбуқа (кісі аты)

*Иал Тұрған* — Иалтурған (кісі аты)

*Іл Темір* — Елтемір (кісі аты)

*Орқун йір* — Орхон жер

*бү күн* — бүгін

### **З а т е с і м**

Зат есімдер заттың, нәрсенің, құбылыстардың аттарын білдіреді. Зат есімдер семантика-мағыналық жағынан екіге (нақтылы және абстракті) бөлінеді. Көзге көрініп, денеге сезілетін зат атаулары нақтылы есімдерге жатады [4, 139 б.]:

*оғул* — ұл *уд* — сиыр

*кіші* — кісі *лашын* — лашын

*йонт* — жылқы *қуш* — құс

Абстракті зат есімдер негізінде адамның ойлау қабілеті арқылы танылады. Олар көзге көрінбейді, тек заттық ұғымды білдіреді.

*тапыг* — қызмет, жұмыс *тынлық* — тіршілік

*біліг* — білік *берім* — берім, қарыз

Зат есімдер өзінің морфологиялық жағынан септеледі, тәуелденеді, көптеледі, кейде жіктеледі. Құрамы жағынан негізгі, туынды түбір болып бөлінеді. Буын құрамына қарай бір, екі, және үш буынды болып келеді. Бірақ төрт және одан да көп буынды болып келуі ескерткіштерде сирек.

### **Көптік жалғау**

Көптік жалғау — түркі тілдерінің бәріне де тән категория. Ескерткіштерде қазіргі ұйғыр және өзбек, татар тілдеріндегідей етістік түбіріне көптік жалғауы жалғана береді.

*бартылар* — барды *тұтдылар* — тұтты, ұстады

*оқутдылар* — оқытты *бітіділер* — жазды

Ескерткіш тілінде де көптік жалғауы жалғанбай-ақ көптік мағынаны білдіретін сөздер кездеседі. Олардың қатарына кейбір жинақты ұғымды сөздер, лексикалық мағынасының өзінде көптік мәні бар сөздер жатады, зат есімнің алдында оның қанша екендігін білдіретін *үкүш*, *көп* сияқты сөздер айтылғанда оларға көптік жалғауы жалғанбайды [2, 142 б.].

Текстерде кездесетін қос сөздерге де көптік жалғауы жалғанбайды.  
Ескерткіштерде көптік форма *-лар, -лер* аффикстері арқылы беріледі.  
Жуан буынды сөздерде *-лар* түрінде келеді.

*тынлығылар* — тіршіліктер    *орынлар* — орындар  
*йоллар* — жолдар                      *дінтарлар* — діндарлар  
Жіңішке буынды сөздерде *-лер* түрінде келеді:  
*теңрілер* — тәңрілер              *йеклер* — жындар

### Тәуелдік жалғау

Көне ұйғыр жазба нұсқалары тілінде де тәуелдік жалғаулар үш жаққа, жекеше және көпше болып бөлінеді.

Ескерткіштерде кездесетін тәуелдік жалғаулар төмендегідей:

жақ	жекеше	көпше
I жақ	<i>-м, -ым, -ім, -ум- -үм</i>	<i>-мыз, -міз, -ымымыз, -іміз</i>
II жақ	<i>-ң, -ың, -ің, -уң, -үң</i>	<i>-ңыз, -ңіз, -ыңыз, -іңіз</i>
III жақ	<i>-ы, -і</i>	<i>-лары, -лері</i>
жақ	жекеше	көпше
I жақ	<i>теңрім</i> — тәңрім <i>ақам</i> — ағам <i>інім</i> — інім <i>урығым</i> — ұрығым <i>тоғушым</i> — туысым	<i>теңріміз</i> — тәңріміз <i>ақамыз</i> — ағамыз <i>ініміз</i> — ініміз <i>білігіміз</i> — білігіміз <i>күчүмүз</i> — күшіміз
II жақ	<i>евің</i> — үйің <i>йерің</i> — жерің <i>сабың</i> — сөзің	<i>улусыңыз</i> — облысыңыз <i>йарлығыңыз</i> — жарлығыңыз <sup>^</sup>
III жақ	<i>басы</i> — басы <i>сачы</i> — шашы <i>улугы</i> — ұлысы <i>кішісі</i> — кішісі	<i>атлары</i> — аттары <i>адақлары</i> — аяқтары <i>бойунлары</i> — мойындары <i>едгүлері</i> — жақсылары

Тәуелді жалғаулы сөз әруақыт ілік жалғаулы сөзбен байланысты айтылады.

### Септік жалғаулар

Зат есімдер сөйлем ішінде басқа сөздермен байланысты айтылады. Олар әдетте септік жалғаулары арқылы келеді. Көне ұйғыр жазба ескерткіштері тілінде төмендегідей септіктер кездеседі.

1. Атау      5. Жатыс
2. Ілік      6. Шығыс
3. Барыс    7. Көмектес
4. Табыс

**Атау** Атау тұлғада тұрған сөздің ешбір жалғауы болмайды. Ол басқа септік жалғауларының жалғануына негіз болып есептеледі. Атау тұлғадағы сөздер түбір, туынды, біріккен, қос сөздер түрінде және тәуелдік жалғау түрінде келеді.

*Ол бег тіріліп келті* — Ол бек жиналып келді.

*Тоғмақ болмасар, қарымақ, өлмек болмаз* — Туу болмаса, қартаймақ, өлмек те болмас.

**Ілік септік.** Ілік септікте тұрған сөз заттың, қимылдың, не белгінің белгілі біреуге тән екендігін көрсетіп, *-ың, -ің, -ның, -нің* (нұң, нүң) аффикстерінің жалғануы арқылы жасалады.

*Темүрнүң* — темірдің    *бегнің* — бектің.

*бөрінің* — берінің                      *йернің* — жердің

*Оғлының* — ұлының    *сабның* — сөздің

Ілік септікте тұрған сөздер ешуақытта жеке айтылмайды. Олар үнемі тәуелдік жалғаулы сөздермен тіркесте келеді.

*Үчүн-чи ең кішігі* — *оғлының аты* — *Мағастава ерті* — Екінші, ең кіші ұлының аты — Мағастава еді.

Текстерде ілік жалғаулы сөз ашық түрде де, жасырын түрде де келеді. Ілікте тұрған сөз сөйлем ішінде, негізінде, анықтауыш мүше қызметін атқарады.

**Барыс септік.** Барыс септік белгілі істің, қимылдың алған бағытын көрсетіп, төмендегідей аффикстер арқылы жасалады:

а) *-қа, -ке:*

*йылқықа* — жылқыға      *іске* — іске  
*тынлығықа* — тіршілікке      *күчке* — күшке  
*қанқа* — қанға      *улуғқа* — ұлыққа

б) *-ғару, -геру, -ғары, -гері:*

*біргеру* — бері қарай  
*йергеру* — жерге қарай  
*теңіргеру* — тәңірге қарай

*-ғары, -гері* аффикстері — құранды аффикстер. Олар *-ға* және *-ру* қосымшалары арқылы жасалған. Текстерде *-ру, -ру* аффикстері жалғанған сөздер де кездеседі:

*оңару* — оңға  
*іңеру* — далаға  
*ыңару* — ол жерге т. б.

в) *-ра, -ре:*

*Өңре* — алға      *ташра* — сыртқа, далаға

г) *-а, -е;* Жіктік есімдіктері мен тәуелдік жалғаулы сөздерден соң жалғанады:

*құтыңа* — құтыңа      *күчүңе* — күшіңе  
*башыңа* — басыңа      *йеріңе* — жеріңе

Ескерткіштердегі барыс септікте келетін сөздердің мағыналары әр түрлі. Олар бет алысты, бағытты, мекенді және мезгілді көрсетеді. Сөйлем ішінде не толықтауыш, не пысықтауыш қызметін атқарады.

**Табыс септік.** Табыс септіктегі сөз амал мен іспен тікелей байланысты болып, төмендегідей аффикстер арқылы жасалады.

а) *-ны, -ні.*

*бітігні* — жазуды      *кісіні* — кісіні  
*оглыны* — ұлды      *бізні* — бізді  
*оларны* — оларды

б) *-ығ, -іг, -уғ, -іг.*

*кісіг* — кісіні      *төрүг* — терені  
*ісіг* — істі      *қудуығ* — құдықты  
*номуғ* — ережені, занды

*-ығ, -іг* аффикстері қазіргі кездегі түркі тілдерінде кездеспейді, бірақ Орхон-Енисей және көне ұйғыр жазба нұсқаларында жиі қолданылған. Ол — монғол тілінен енген форма.

в) *-ын, ін, -н;* Тәуелдік жалғаулы сөздерден соң жалғанады.

*ағзын* — аузын      *көркүн* — көркін  
*йерін* — жерін  
*ойнун* — ойнын      *сөзін* — сөзін т. б.

Табыс септіктегі сөздер толықтауыш қызметін атқарады, ашық түрде де, жасырын түрде де кездеседі.

**Жатыс септік.** Текстерде жатыс септік заттың мекен, мезгілін білдіріп, *-та, -те, -да, -де* аффикстерінің жалғануы арқылы жасалады.

*Көңүлте* — көңілде      *бітігте* — жазуда  
*йазуқта* — жазыққа, далада      *тегдүкте* — жеткенде т. б.  
*балықта* — қалада

Тәуелдіктің үшінші жағында *-ынта, -інте, -нта, -нте* аффикстері арқылы келеді.

*ташында* — сыртында      *күшінте* — күшінде  
*ішінте* — ішінде      *қатунында* — қатынында  
*елігінде* — қолында

Жатыс септікте тұрған сөздер сөйлем ішінде, көбінесе, жанама толықтауыш, не пысықтауыш мүше болады.

**Шығыс септік.** Шығыс септікте тұрған сөздер қимылдың орнын, себебін, мезгілін білдіріп, *-дың, -дін, -тын, -тін, (-дан, -ден, -тан, -тен)* аффикстерінің жалғануы арқылы жасалады.

*теңіріден* — тәңіріден      *улустын* — облыстан  
*төпедін* — төбеден              *өзнідін* — өзінен  
*балықтың* — қаладан

**Көмектес (құралды) септік.**

Көмектес септік текстерде төмендегідей қосымшалар арқылы жасалады.

а). *-н, -ын, -ін.*

*көзін* — көзімен                      *тілін* — тілімен

*құлғақын* — құлағымен      *елігін* — қолымен

*адақын* — аяғымен

б) *бірле:*

**оғланы бірле** — ұлымен бірге

*отын бірле* — отынмен бірге

*өдін бірле* — уақытпен бірге

*кіші бірле* — кісімен бірге

**С ы н е с і м**

Көне ұйғыр жазба нұсқаларында кездесетін сын есімдер мағынасына қарай екі түрлі.

1. Сапалық сын есімдер.

2. Қатыстық сын есімдер.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание. Казань, 1953, стр. 16.
- Сб. Академику Гордлевскому В.А. к его семидесятипятилетию. М., 1953, стр. 57—58.
2. Айдаров Ф. Көне түркі жазба ескерткіштер тілі. Алматы, 1986.—180 б.
3. Щербак А. М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из Восточного Туркестана. М.—Л., 1961, стр. 96.
4. Кононов А.Н. Показатели собирательности – множественности в тюркских языках. Л., 1969.

#### **ӘОЖ 9.433**

### **ТАРИХ САБАҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ ЖӘНЕ САНА МӘСЕЛЕСІ**

**Макажанова Сымбат Ермаханбетовна**

Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,  
ММТ Ікурс магистранты, Павлодар қ.

**Андатпа.** Бұл мақалада қазіргі таңда мектеп оқушылардың бойына ұлттық тәрбие құндылықтарын тарих сабағында Ә.Марғұланның шығармаларын талдай отырып, білім беруді ұйымдастыру туралы кеңінен қарастырылды. Қазіргі заманғы білім беру баланы жоғары әлеуметтік мәртебеге және материалдық құндылықтарға қол жеткізуге бағыттайды, алайда мұндай табыс пен жетістікке қалай қол жеткізуге болады, бұл оған шынайы бақыт әкелетіні жөнінде немесе адамның шынайы бақыты туралы ойланып, толғануға үйретпейді. Білім беру жүйесінде орын алып отырған нақты жағдаят адамгершілік құндылықтар бағасының төмендеуін, басымдықтардың материалдық игіліктер жағына ауысып бара жатқанын дәлелдейді.

**Кілт сөздер:** құндылықтар, рухани адамгершілік, жаһандану үрдісі, ұлттық сана, фольклорлық этнография.

**Кіріспе.** Қазіргі заманауи білім беру жүйесінде ең алдымен қазақ қоғамына рухани құндылықтарды жоғары бағалау, өскелең ұрпақты соған баулуды дәстүрге айналдыру қажет. Рухани-адамгершілік тәрбие мәселесінің өзектілігі қазіргі әлемде адам өмір сүріп, дамып келе жатқандығымен байланысты, оған жағымды да, жағымсыз да (бұл, ең алдымен, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер, қоршаған ортаның ұйымдастырылмаған оқиғалары) әсер етуде, атап айтқанда, олар күн сайын жанды тақырыпқа және адамның сезіміне, оның қалыптасқан санасына әсер етеді. Қазіргі білім берудегі өткір проблема-жаңа ұрпақтарды адамзаттың рухани мәдениетінің ең жақсы жетістіктері мен құндылықтарымен таныстыру мәселесі.

**Мақсаты:** Ә.Марғұланның мәдени-тарихи мұрасын мысалға ала отырып жас жеткіншектердің интеллектуалды, шығармашылық ойлауын дамыту, қазіргі заман талабына сай экономикалық көзқарастары мен белсенділігін қалыптастыра отырып, өзбетінше білім алу және еңбек ету дағдыларына негіз салу болып табылады.

Дегенмен, осы құндылықтарды баланың бойынан табу үшін бала кезінен бастап ең маңызды адамдық қасиеттерді, жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру қажет. Осы тақырыпты кеңінен зерделеу баяндаманың өзектілігі болып отыр.

**Материалдар мен әдістер.** Тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін сапалы білім берудің тиімді жолдарын таңдау, тарихи және мәдени мұралармен таныстыру, қосымша элементтерді пайдалану мен тарихи деректерді оқып үйренуге дағдыландыру, өз бетінше оқып білім алып шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау сияқты жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық бағыттарды, әдістер мен тәсілдерді енгізу қажет.

**Нәтижесі.** Рухани құндылық, биік адамгершілік жоқ жерде үлкен өркениет орнату мүмкін емес.[1] Ендеше, жеке тұлғаның адамды адам ете түсетін қасиетін ашып көрсету, яғни руханилығын дамыту - заман талабы. Бүгінгі заманның білім ордаларында жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған тәрбие шараларының маңызы зор. Оқушылардың өзіндік санасын қалыптастыруда тарих пәнін оқытуда рухани - адамгершілік құндылықтарды қосып отыру, адами құндылықтарды сыныптан тыс сабақтарда дамыту, оқу бағдарламасына арнайы сабақтар енгізу, рольдік ойындар, сырттай экскурсиялар, пікірталастар, сұхбаттар жүргізу жатады. Рухани-адамгершілік тәрбие бойынша жұмыс білім беру және тәрбиелеу процесі барысында да жүзеге асырылады. Оқушыларға рухани - адамгершілік құндылықтарды сыныптан тыс өткізілетін сабақтарда, әртүрлі тақырыптағы кештерде беруге болады.

Ұрпақ тәрбиесі - келешек қоғам тәрбиесі. Себебі, жаһандану үрдісінде ақпараттық технология, білім мен ғылым ғарыштаған сайын адамның ішкі сана сезімі, адамгершілік қасиеттері төмендеп бара жатқанын байқаймыз. Сол себепті, қазіргі қоғамдық жағдайда адамның рухани-адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру басты міндет етіп қойылуда. Бұл міндетті шешудегі маңызды істің бірі – рухани-адамгершілік тәрбиелілікті, адамгершілік сана, адамгершілік сезім, адамгершілік мінез-құлық, адамгершілік дамуды қалыптастыруды мектептегі сыныптан тыс жұмыстардан бастау. Осыған байланысты, біздерге жасөспірім жасындағы оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие берудің мазмұнын құру қажет. Шығармашылық қызмет-Өзін-өзі тану сабақтарының қажетті құрамдас бөлігі. Тарихи аңыз-әңгімелерден түйін жасау, фольклорлық этнографиямен тығыз байланыста болу арқылы жүзеге асады. Қабылдау шығармашылық әлеуетті ашуға, қызмет арқылы өзіндік сананы қалыптастыруға көмектеседі[2].

Ә.Х. Марғұлан – қазақ фольклорын, оның ішінде, қазақтың тарихи жыр-аңыздарына сүйене отырып, тарих пен этнографияны байланыстырып, тарихи фольклорды алғаш рет кешенді түрде зерттеген ғалым.

Ә. Марғұлан өзінің «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Ежелгі жыр- аңыздар» атты еңбегінде: «Ғасырлар бойы сахарада айтылып келген ертегі-жырларды, аңыз әңгімелерді ең алғаш шығарып таратқан, сахараны қоныстанған әртүрлі көшпелі түркі тілдес елдер еді. Олардың ішінде жұртшылық майданынан белгілі орын алып, тарихта көрнекті ат қалдырған жұрттар, ескі дәуірден шолып қарағанда, ғұн мен сақтар, үйсін мен қаңлылар, қырғыз бен ұйғырлар жұрты болмаса, өзгенің барлығы тарихи дәуірлерде бүгінгі қазақ даласында тіршілік жасап, олардан тараған рулардың көпшілігі бері келе қазақ елінің іргесін құруға негіз болды. Сондықтан бұл айтқан ескі рулар жасаған мәдениет бұйымның іздері де, оның ішінде қазақ жыры, эпос, ою-өрнек, сәулет өнері туындылары, бүгінге дейін Қазақстан жерінде жақсы сақталып, олардың жұртшылық салты, елдік заңы, барлық рухани тіршілігі де көбінесе қазақ елінің тұрмысында ашығырақ сақталғанын» анықтады [3]. Жалпыадазаттық құндылықтарды оқушыларға дәріптей отырып, олардың бойына салт-дәстүрімізді, ұлттық тәрбиені, тілді, дінді насихаттай отырып, танымдық көзқарастарын дамыта отырып, өзіндік сананы қалыптастыруға болады.

Қазіргі таңда ұлттық тәрбиені қалыптастыруда әдіс-тәсілдерді мейлінше түрлендіріп отырған дұрыс. Ағартушы қайраткер А. Байтұрсынұлы «Қай әдіс жақсы?» деген мақаласында: «Жалғыз әліп-би үйренудің өзінде толып жатқан әдіс бар. Әр әдіс-өз орнында жақсы. Әдіс көрнекіліктен шығады. Әдістің жаман-жақсы болмағы жұмсалатын орнына қарай» дейді. Ал Л.Н.Толстой «Үйрету әдістері туралы» еңбегінде «Олақтықтың белгісі-бір ғана әдісті білу, шеберліктің белгісі-түрлі әдісті білу, керек кезінде жоқ әдісті де таба білу. Мұғалім көп әдісті білу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс есебінде қолдану керек» деген.

Оқу үдерісінде рухани адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында әңгіме, аңыз әңгімелердің рөлі зор. Әрбір таныстыратын мәтіннің тәрбиелік мәні зор, оны әңгімелеуде оқушы жүрегіне жеткізе отырып, бойларынан жалпыадамзаттық құндылықтарды оятуға үлкен септігін тигізеді. «Мұғалім мен оқушы арасындағы байланыс», «Мұғалім мен оқушы арасындағы әңгіме» - оқушылардың тәрбиелік маңызы бар әңгімелер жинағын, қазақи өсиеттері, өлеңдерді ұжым болып тыңдауына жағымды жағдай туғызатын сөйлеу және ойлау іс –әрекеттерінің маңызды түрі. Балалар осы әдіс арқылы әңгімені тыңдай және ести білуді, сезіне алу және сезіммен қабылдауды, ой елегін өткізу мен пайымдай алуды үйренеді. Жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамытуда, оның бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруда сабақта мәтінмен жұмыс бөлімінің маңызы ерекше.

Ауыз әдебиетінің бай қазынасы Әлкей Хақанұлына әрбір еңбегін зерттей келе оқушыларымыздың ұлттық санасын, рухани құндылығын байытатынына кәміл сенеміз. Сондықтан да ғалым халық ауыз әдебиеті үлгілерін үздіксіз және ерекше қадірлеп, көңіл қоя зерттеген. 1931 жылы Ә.Х. Марғұлан қазақ эпосы мен жыр аңыздарын орыс тіліне аударып, жария етеді. Ғалымның алғашқы аударған еңбегі "Ер Тарғын" жыры [4, 145 б.].

Тарих сабағында ғалымның еңбектерін жаңа әдіс-тәсілмен қолданудың мақсаты – ғылыми танымның нәтижелерін ғана емес, сол нәтижелерді алу үрдісін меңгеру, оған оқушының интеллектуалдық, уәждік, эмоционалды және т. б. басқа орталарын қалыптастыру мен дамыту, оның жеке қабілеттерінің дамуы, яғни проблемалық - дамытушы оқытуда оқушыларға ғылымның дайын қорытындыларын беру емес, баланың жалпы дамуына көңіл бөлінеді. Тарихи оқиғалар мен құбылыстарды өз бетінше талдайды, салыстырады, қорытынды жасайды, баға береді. 11 сыныпта сұрақ-жауап айдары өте пайдалы, себебі, АКТ пайдалану арқылы заманауи тәсілдермен сабақ өткізу олардың алдағы ҰБТ-де жақсы нәтижемен өтуіне де ықпал береді. Әр сыныпта жаңа тақырыпты пысықтау барысында топтық жұмыстар оң нәтиже береді.

Ә. Марғұланның пайымдауынша, ел аузында айтылатын эпос жырларының жыр түрі бірте-бірте ұмытылып, қара сөзбен айтылатын ертегіге айналған. Оның мысалы ретінде «Ер Көкше», «Шора», «Қобыланды» жырларының қара сөз түріндегі нұсқаларын келтіруге болады. «Ер Төстік», «Арғы мерген», «Қара мерген», «Ақ Көбек» сияқты бүгінде ертегіге айналған эпикалық әңгімелер бір кезде эпос жыры болғанына Ә.Х. Марғұлан шүбә



келтірмейді. Бұлар бергі феодалдық дәуірде жаңа мазмұн алып, алғашқы қауымдық құрылыс дәуірі кезіндегі сюжеті біраз өзгерген.

Ә. Марғұлан ғұндардың Европа елімен қарым-қатынаста болғаны тек тарихта жазылып қоймай, Европа елдерінің ұлы эпос жырларында, қария аңыздарында да сақталып келгендігі туралы жазды. Ә. Марғұлан «Ғұндар туралы әдемі хикаялар әсіресе Скандинавия жырларында, мадьярдың қария сөздерінде жиі кездеседі. Ғұндардың бейнесі Скандинавияның «Ұлы Эдда», «Кіші Эдда» сияқты жырында дүниежүзілік әдебиеттің сюжеті болып табылған. «Ұлы Эдда» жырының басты кейіпкері– Шығыстан Европаға келген алып ер. Ол өзі төзімді, өзі кемеңгер, өзі ел басқарушы, жылқы өсіріп, қымыз ішеді, көрмеде мүсін аттары байлаулы тұрады, ерлікті 12 жасынан бастаған атақты алып тұлға, алып ер Еділді әдемі сомдаған. Жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеу міне осындай еңбектерінен басталады[3, 60 б.]. Бүгінгі таңдағы түркі халықтарының тілін ғана зерттеп қоймай, тарихын, әдебиетін, фольклорын, этнографиясын, философиясын, өнерін тұтастай да, саралап та зерттейтін кешенді ғылымға айналып отырғаны мақтаныш сезім ұялатады

**Қорытынды.** Қорыта келе, тарихты оқыту барысында ұлттық сананы қалыптастыру ең маңызды шарттардың бірі десек қателеспейміз. Тарих пәнін оқытуды ұлттық сана-сезімі жоғары болашақтың иесі жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде де қарауға болады. Ол үшін ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеуді қазірден бастау қажет. Бұл орайдағы тарих ғылымының тағылымы шексіз екенін, Ә.Х. Марғұлан өз зерттеулерімен тарих сабағын байланыстырып, оқушылардың ұлттық санасын дамыту негізгі мақсат етіп алуымыз керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Сағынаева, Г. Р. Национальные ценности – это основа системы непрерывного образования / Г. Р. Сағынаева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2017. — № 10.1 (144.1). — С. 82-84.
2. Өтебаева Ә.Т. Рухани-адамгершілік тәрбие берудің қазіргі кездегі маңызы // Білім. 2007, 44-47 беттер.
3. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр аңыздар. Алматы: Жазушы, 1985. - 368 б.
4. Билял А.Б. Академик Ә.Х.Марғұлан еңбегіндегі қазақ халқының жыр – аңызының этнотарихи мұрасы // Көшпенділер өркениеті мен рухани мәдениетінің тарихы атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Павлодар: ЭКО, 2004. – 269 б.
5. Марғұлан Ә.Х. Қазақ халқының эпикалық әңгімелері туралы тарихи-әдебиеттік зерттеулер: Ф.ғ.д. дисс. – Алма-Ата–Москва, 1946. // Ә.Х. Марғұлан шығармалары. Алматы: Алатау. - 2007. – III том. – 488 б.

## МАЗМҰНЫ

А.С. ҚЫДЫРШАЕВ, Н.А. СӘДУАҚАС	ҒАЛЫМ САБЫР МҰРАТ БӨКЕНБАЙҰЛЫ ЖӘНЕ ОРТА ТҮРКІ ТІЛІ	3
Л.Х.СӘМСИТОВА	ТУҒАН ТЕЛДӘРЗЕ ҺАКЛАУЗА ҺӘМ ҮСТЕРЕҮЗӘ ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИК КОНЦЕПЦИЯНЫҢ РОЛЕ (ПОЛИЭТНИК МӨХИТЛЕ БАШКОРТОСТАН РЕСПУБЛИКАҢЫ МИҶАЛЫНДА)	7
Ғ.Қ. ХАСАНОВ	ПРОФЕССОР МҰРАТ САБЫР ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚЫПШАҚТАНУ МӘСЕЛЕСІ	11
А.И. МАМЫРОВ	ТҮРКІТАНУШЫ	15
А.Т.ТАЙЖАНОВ	ФИЛОСОФИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ТҮРКІТІК БАСТАУЛАРЫ	18
БЕКЕЖАН ӨМІРБЕК ҚАДЫРХАНҰЛЫ	ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКІ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ	22
Д.С. ИКАПОВА	МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІН ДАМУ	26
Ш.Ш. ЖАЛМАХАНОВ	МАҚМУТ ҚАШҚАРИДЫҢ «ТҮРКІ ТІЛІ СӨЗДІГІНІҢ» (ХІ Ғ.) ЗЕРТЕЛУ ТАРИХЫ	29
М.Б.САБЫР	ОРТА ТҮРКІ ДӘУІРІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІН АНТРОПОӨЗЕКТІК БАҒЫТТА ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	39
Б.Н. БИЯРОВ	ТІЛІМІЗДЕГІ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР ҚҰРАМЫНДАҒЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР	43
А.М. МҰСАЕВ	ТЕҢІЗ ТАУҚЫМЕТІНІҢ ЖЫРШЫСЫ	47
А.Ш. ПАНГЕРЕЕВ, О.Н. НҰРЛЫБАЕВА	ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР ЖЫРЫНЫҢ ТОПОНИМДІК КЕҢІСТІГІ	49
Б.Ө. ЖЕКСЕНҒАЛИЕВ	ТІЛ ҚИСЫНЫ ЖӘНЕ ТІЛ БОЛМЫСЫН ТАҢУ, САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	54
Г.Т. ШОҚЫМ, Э.Т.БУРАНКУЛОВА	ТҮРКІ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІНІҢ ГЕНДЕРЛІК ТАПТАУРЫНДАНУЫ	57
С.Е. НҰРМҰРАТОВ	ТҮРКІ РУХАНИЯТЫ ЖӘДІГЕРЛЕРІ ӘДІЛЕТТІЛІКТІҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ	63
С.Н. АБДУЛЛАЕВ, С.А. АТТОКУРОВА, Г.С. АБДУЛЛАЕВА	МОДЕЛИ ДВУХАКТАННЫХ СИНТАКСЕМ С ИМЕННЫМ ПРЕДИКАТОМ В ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ	69
Ғ.Е. ИМАМБАЕВА, А.Б. АХМЕТОВА, Б.Б. АХМЕТОВ	ТҮРКОЛОГИЯ САЛАСЫНА АЙРЫҚША ҮЛЕС ҚОСҚАН ҒАЛЫМ БЕРІКБАЙ САҒЫНДЫҚҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ	74
Б.Қ. МҰРАТБЕК, Ж.О. ӘМІРҒАЛИ	ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ТІЛІ МЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ОРТАҚ СӨЗДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ	81
Л.Б.АБДУЛЛИНА, Ф.М.СУЛЕЙМАНОВА	ДИАЛОГ КУЛЬТУР В ПРЕПОДАВАНИИ ЯЗЫКОВ	85
Д.Д.СҮЛЕЙМЕНОВА	ТҮРКІСТАН - ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ АСТАНАСЫ	89
Г.С.СИМУХАНОВА	СЕЙДІМБЕК ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЭТНИКАСЫ МЕН ЭТНОЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ	95

	АСПЕКТИЛЕРІ	
А.М.АБАСИЛОВ	БАЛОН ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ЖОО-ДАҒЫ В016-ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ	101
С.Д.ӨМІРЗАҚОВ, Б.НАСИРДИНОВ, Н. ОМАРОВ	ЖЫЛҚЫБАЙ БАЙШОПАНҰЛЫ АҚЫННЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨМІРБАЯНЫ (1833-1901)	108
А.М. БАЛЫКОВА	МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ ЕҢБЕГІНІҢ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ	114
С.С. БЕКПЕНБЕТОВА, С.Б. ЕРЖАНОВА	ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАЛАРЫНДАҒЫ ИНТЕРМӘТІНДІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ	118
Н.Б. ЕСЕНОВА	ЕТІСТІКТІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	118
А.Ш ПАНГЕРЕЕВ, Ж.Т ДАУЫЛОВА	ШЕРНИЯЗ АҚЫН ЖӘНЕ ОНЫҢ ДӘУІРІ	126
К.М.ГАКРАМА	РЕВЕРСИВНЫЙ МОТИВ ПРОТАГОНИСТА ПОВЕСТИ Т.АБДИКОВА "ОРАЛУ".	130
Қ.Т. АЛТАЙБЕКОВА	ҒЫЛЫМ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАР	134
Р.Л. АБДРАХМАНОВА	УСПЕХИ И ДОСТИЖЕНИЯ ВЗАИМНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА КАЗАХСТАНА И ТЮРКСКИХ ГОСУДАРСТВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СФЕРЕ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ	139
С.Б. МУЛДАШЕВА	ТАРИХҚА ТОЛЫ ӨЛКЕ	143
Б. М. СҰЛТАНОВА, У. МУСАЕВА	ЭССЕНІҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ	146
М.Д. КАЛМЕНОВ, А.Е. БИЖАНОВА	ГОРОДСКАЯ КУЛЬТУРА ТЮРКСКОЙ ЭПОХИ ПО БОЛОГИЧЕСКИМ МАТЕРИАЛАМ ЗАПАДНОГО И ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА	150
А.К.ХУСАИНОВА, А.М.КЕНЖЕБУЛАТОВ	«ӘЙЕЛ» ОБРАЗДАРЫНЫҢ ТҮРКІ МИФОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ	156
Г. Х.ТУЛЕКОВА, А.М. ЕЛУБАЙ, Н. Р. СУРАНЧИЕВА	ҚАЗАҚ ТІЛІН ТЕОРИЯЛЫҚ-ПРАКТИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ	161
М.Қ. ТҮЯҚБАЕВ, А.Х. ТҮРСЫНОВ	«ТӨРТКҮЛ ТӨБЕ» АТАУЫ ЖАЙЛЫ	165
Г.СЕРІККАЛИЕВА, А.И. МАМЫРОВ	ҚАЗАҚ РОМАНТИЗМІНІҢ КӨРКЕМДІК МӘНІ	169
П.Н. АБДУГАНИЕВА	ЖАНАСУДЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ	173
Н. Ш. КАЖИМОВА	ОРТА ТҮРКІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ -ТАРИХИ МҰРА	175
А.Е. ЖУМАСЕЙТОВА	БАЛАБАҚШАДА ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ЗАМАНАУИ ҮЛГІДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ	182
У.Қ. ЖАНҒАЛИЕВ	ЖЕТІСУ ЖӘНЕ ҚАРАТАУ ПЕТРОГЛИФТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ	186
Д.М. КАКИМОВА, Ә.НУРЖАНОВА	ЭПОСТАРДАҒЫ ТҮС КӨРУ МОТИВІНІҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ СИПАТЫ	191

А.А. ТАНСИКОВА	АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ	198
И.Ж. САГЫНБЕК	АНАЛИТИЧЕСКИЕ СЛОЖНОПОДЧИНЕННЫЕ ПРЕДЛОЖЕНИЯ В БАШКИРСКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ	200
Б.П.НАСИРДИНОВ, С.Д.ӨМІРЗАҚОВ, Н.К.ОМАРОВ	НҰРАЛЫ НЫСАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨМІРБАЯНЫ	204
Ф.Б. ЕСЕНОВА	БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛІ СҮЛЕМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ	210
А.К. ХАМБЕТОВА	ҚАЗАҚ- ТҮРІК МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ӨЗІНДІК ЭТНОМӘДЕНИ САБАҚТАСТЫҒЫ	213
А.Б. КАЙЫРОВ	ПРОФЕССОР М.Б.САБЫРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ	217
М. ҚАҢБАҚБАЕВА	МАҢҒЫСТАУ Өңірінің Жер-су атаулары және олардың зерттелуі туралы	219
М.Р. БАЛТЫМОВА	ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ	223
Ш. АКЕСЕНОВА	МАХАМБЕТТАНУДАҒЫ ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ ПАЙЫМДАРЫ	228
А.Қ. МЫСАБАЙ	ФОРМАТ ТЮРКСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ (1992-2022ГГ)	231
А.И. МАМЫРОВ, Г. СУНДЕТҚАЛИЕВА	МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ОЙ: ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ	237
Г.К. МУРЗАГАЛИЕВА	ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РОМАНТИЗМ ӘДІСІ	245
А.Т. ЖАРМУХАМБЕТОВА	ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨРКЕМДІК ПРИНЦИПТЕР	248
Н.Ж. АБАТОВА	ӘДЕБИЕТТЕГІ ҰЛТТЫҚ НЕГІЗДЕР	250
Ж.Г. АМАНГАЛИЕВА	ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЫДЫС-АЯҚ АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ	254
А.Е. ЖАҚАЕВА	ЖӘНДІК АТАУЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ	257
Г.С. РАМАЗАНОВА	САН ЕСІМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ	262
Б.А. БАЗАРБАЕВА, Н.А. СӘДУАҚАС	ЛИНГВОЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ	266
А.Ж.КАЙРЛИЕВА	КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ЕЛ БІРЛІГІ, МЕМЛЕКЕТ ТҰТАСТЫҒЫ ИДЕЯСЫ	272
Н.С.КУАНАЕВА, Р.С.КУАНАЕВА	ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ	275
А.К. ҮМБЕТОВА	ТАРИХИ МОРФОЛОГИЯ ЖӘНЕ СӨЗ ТҰЛҒАСЫ	280
С.Е. МАКАЖАНОВА	ТАРИХ САБАҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ ЖӘНЕ САНА МӘСЕЛЕСІ	289



**ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ОРТА ТҮРКІ ДӘУІРІ (X-XVІ.) ЖАЗБА МҰРАЛАРЫНЫҢ РУХАНИ-  
МӘДЕНИ КЕҢІСТІГІ**  
**атты халықаралық ғылыми конференция**  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

<b>Жауапты редакторы</b>	Мамыров А.И.
<b>Компьютерде беттеген және дизайн</b>	Мырзагали М.Ж.
<b>Техникалық редакторлар</b>	Имангалиев Е.С.

**АВТОРЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫНАН БАСЫЛЫП ШЫҚҚАН**

*Мекен жайы: Қазақстан Республикасы, Орал қ. Н. Назарбаев даңғылы 194.*